



Кемеңгер ғалым Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының 140-жылдығына арналған «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы – кемеңгер ғалым-геолог, ағартушы және қоғам қайраткері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**Кемеңгер ғалым Оразмағанбет Тұрамағанбетұлының 140-  
жылдығына арналған «Оразмағанбет Тұрамағанбетұлы –  
кемеңгер ғалым-геолог, ағартушы және қоғам қайраткері»  
атты ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**11 мамыр 2023 жыл**

**Ақтау қ.**

**ӘОЖ 550  
КБЖ 26.3  
К29**

**Жалпы редакциясын басқарған – Есенов университетінің  
президент-ректоры Б.Б.Ахметов**

**Редакциялық алқа:**

Б.Б.Ахметов, А.Н.Отарова, С.Сырлыбекқызы, Хайруллаев Н.Н.,  
Бекмағанбетов М.Ж., Қайырмағамбет Ш.Ә., Қармысов Б.Б., С.Е.Койбакова,  
А.М. Джанисенова

**Кемеңгер ғалым Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының 140-жылдығына арналған «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы – кемеңгер ғалым-геолог, ағартушы және қоғам қайраткері» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2023, - 302 б.**

**ISBN 978-601-308-883-9**

Жинақта кемеңгер ғалым Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының еліміздің ғылымын дамытуға қосқан үлесінің ерекшеліктері мен өзекті мәселелері, ғылыми идеяларымен мұрасы, ғалымның өмірі мен қызметі, ғылыми білімдері мен жетістіктерін қарастырады. Сондай-ақ өркениеттің әлеуметтік-гуманитарлық аспектілерінің үйлесімділігі негізінде геология және жер қойнауын игеру мәселелері, техника және технологияны дамытудың инновациялық аспектілері, Маңғыстау облысының экологиялық проблемаларын, жасыл технологияларды, инновацияларды және қолжетімді энергия көздері мәселелері қарастырылады.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білімалушыларға арналған.

**ӘОЖ 550  
КБЖ 26.3  
К29**

© Ш.Есенов атындағы Каспий  
технологиялар және  
инжиниринг университеті, 2023

**ISBN 978-601-308-883-9**

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

### Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ АХМЕТОВ БЕРІК БАҚЫТЖАНҰЛЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

**Ардақты ағайын!**

**Құрметті конференцияға қатысушылар!**

Кемеңгер ғалым-геолог, ағартушы, қоғам қайраткері, алаш қозғалысының мүшесі, қуғын-сүргін құрбаны Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының туғанына 140 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы - туған жері Маңғыстаудан бастау алып, күллі қазақ даласына танымал атанып, Батыс пен Шығыс оқымыстыларымен достық байланыста болған, әлемдік ғылымда орны бар ұлы тұлға.

Қазақ халқынан шыққан алғашқы геолог, белгілі діни қайраткер ретінде де ғылыми ортаға ерте танылған ғұлама кезінде Хиуа, Бұхара қалаларындағы оқу орындарын, 1897-1900 жылдар аралығында Үндістанның Бомбей қаласында университетті инженер-геолог мамандығы бойынша үздік бітіреді.

1930-34 жылы Ресейден келген М.В. Баярунас, И.Н. Лупповпен бірге Маңғыстауда Қарабұғаз аймағында басталған геологиялық-зерттеу жұмыстарына қатысады. Сонымен қатар Уфа мұнай базасында, Нефтвад мұнай кәсіпшілігінде, Красноводск портында шетелдік мамандармен (негізінен ағылшындармен) бірігіп жұмыс жасайды. Аса дарынды тұлға жер құрылысы, қазба байлығы, ауа райы, өсімдігі, шығыс медицинасы, халық емшілігі сияқты ғылымдарға ерекше назар аударады. Ол қазақ зиялылары Б.Қаратаев, А.Байтұрсыновтармен тікелей байланыста болған, Алашорда партиясының белді мүшесі.

Орыс, түрік, ағылшын, парсы, араб, үнді тілдерін жетік меңгерген ғалым халқына бойындағының барын беріп, осы елдің байлығын гүлденуі үшін пайдалануды армандаған еді. Бірақ аумалы-төкпелі заманда қудалауға түсіп, туған жерден амалсыз айрылып, Иранды паналап, соңында сол жерден ұсталып келіп Түркменстанда 1939 жылы оны ату жазасына кесіледі.

Жоғары білімді геолог Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы Маңғыстау, Түрікменстан жерлерінің жерасты байлығын, өлкеміздің геологиясын, минералдық ресурстарын зерттеуге және барлау істеріне көп еңбек сіңіреді.

Қазақстанның негізгі байлығы – Жер қойнауындағы кен байлығымыз. Осы киелі өлкеден шығып жатырған байлығымыз жайлы Оразмағамбет бабамыз өткен ғасырдың басында көрегендікпен: «Қойыныңа құт-қазынаны бөктеріп жатырсың-ау, кайран далам! Заман тынышталған соң, біздің ұрпақтарымызды асырайтын сен боларсың» деп зор шабытпен айтқан сөзінің бүгінде ақиқатқа айналғанына көзіміз жетіп отыр.

Көрнекті ғалымның 140 жылдық мерейтойын өзінің туған жерінде атап өтіп отырғанымыз – біз үшін зор мәртебе. Еліміздің әр түкпірінде, оның ішінде облысымыздың білім мекемелері мен мәдени ұйымдарында бұл мерейтойға арналған көптеген шаралар өтуде.

Ш.Есенов университетінде бүгін еліміздің, шетелдердің белгілі ғалымдарының қатысуымен халықаралық конференция ұйымдастырылып отыр.

Ұлттық тұлға ретінде танылуға жерлес ғалым ағамыздың білім мен ғылым жолындағы ізденістері, азаматтық тұлғасы жастарымыз үшін қашан да үлгі болмақ. Келешек жастарымыз ғұлама дарын иесі Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының ғибратқа толы өмір жолын өнеге тұтып, оқу-білім, ғылымға бой ұратын иманды, парасатты, білікті, ұшқыр ойлы, таным көкжиегі мол болсын!

Құрметті қауым! Тағы да қош келдіңіздер дейміз.

Бүгінгі конференцияның жұмысына сәттілік тілеймін!

## **ОТЫНШЫ КӨШБАЙҰЛЫ ӨЛКЕТАНУШЫ, ЖАЗУШЫ,- Ақтау қ., Қазақстан**

### **Ұлан даланың ұлы перзенті**

Қазақ халқының өзінің сан ғасырлық тарихында талай рет «мың өліп, мың тірілуді» бастан кешіргені біздерге өткен тарихтан белгілі. Аумалы-төкпелі замандарда қарақан басының қамын кейінге ысырып тастап, ел тағдыры мен жер тағдыры үшін арпалысып өткен ерлер бар өмірін ат жалында өткізіпті. Олар өз халқының салты мен дәстүрін, тілі мен дінінің сақталуы үшін қолынан келген қажыр қайратын аямай жұмсапты. Мың жылдық тарихымыздың әрісін қозғамағанда күні кешегі Кеңес өкіметінің тұсында қаншама арыстарымыз тар қапастарда азап шекті, айдалды, атылды. Сонау XVII ғасырда өмір сүрген Ақтамберді жыраудың:

Ел жазылып жайлауда,  
Жақсылар кеңес құрғанда,  
Мұртымыз өрге шаншылып,  
Бұрын да сөйлер ме екенбіз,-деген арманына оңайлықпен қол

жеткен жоқ.

Бірақ алып империяның да керегесі қаусап, құлайтын кезі бар екен. Бәлкім, ғасырлар бойы қазақ дейтін елдің дербес шаңырақ көтеруіне бір кездері ел үшін арпалысып өткен бабалардың рухы демеген шығар, еліміз тәуелсіздігін алды.

Жеті қат тоңды жібіткен,  
Жеті тоғыс болып деміккен  
Аңсатып жеттің Бостандық!

Шаршатып жеттің Бостандық!,-деп айтулы ақынымыз Светқали Нұржанов айтқандай тәуелсіздік жолы оңайға түскен жоқ. Өйткені аталарымыздың жүріп өткен жолында көлкілдеген қанды соқпақтар қалды, орны толмас өкініштер орын алды.

Сол ардақтыларымыздың бірі Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы еді. Арамыздан кеткеніне сексен жылдай уақыт өтсе де Маңғыстау халқы оның атын әлі аялап айтумен келе жатыр. Ауыздан ауызға жеткен әңгімелер арқылы біреу оны кен іздеген кемеңгер десе, біреу ағартушы, үшіншілері басы ауырып, балтыры сыздағанға қол ұшын беретін емші, төртіншілері үлкен діни ғұлама есебінде біледі. Әрине бұлардың бәрі де тек айтыла салған әңгіме емес еді. Өйткені ол көзінің тірісінде осы айтылған салалардың қай-қайсысында жете меңгерген болатын. Қалың елге шапағаты тиген терең білімді адамдардың халық жадында мәңгілік сақталатындығы да сондықтан. Ең бастысы Оразмағамбет елінің тәуелсіздігі жолында аянбай күрескен қайраткер, Маңғыстау өлкесіндегі Алашорда ұйымының белсенді мүшесі болды.

Ол осы топырақта Қызылсу жерінде 1882 жылы өмірге келді. Болашақ ғұламаның балалық шағы да, білімге деген алғашқы қадамы да сол Қызылсуда өтті. Оның жан-жақты білімдар болуына бәлкім атадан балаға жалғасып келе жатқан асыл тіннің беріктігі де әсер еткен болар. Атақты Қашаған Күржіманұлы өзінің «Оразмағамбет ахунға» деген арнауында Оразмағамбеттің ұлы атасы Тоқмырзаның туған топырақтың тулақтай жерінің де жат қолында кетпеуі үшін арпалысып өтіп, соның жолында шәйіт кеткенін, оның баласы Сарыбектің қырық жасқа келгенде басына пайғамбардың тәжін орап дін үшін қызмет еткен, алдын болжай білетін көреген екендігін айтады. Ал Сарыбектен туған Тұрмағамбет заманында тек Маңғыстау ғана емес, Орта Азия діни орталарына белгілі тұлға болды. Көне Үргеніште қарақалпақ Омар ахуннан дәріс алып елге оралады. Мешіт ашып бала оқытады. Оразмағамбет Иранға барғаннан кейін Реза шах Пехлевиге жазған хатында «Біздер Қазақстан, Адай тайпасы, Маңғыстау ауданы Қызылсу ауылынан «Даролұлым» медресе-мешітінен келгенбіз. Діни басқарманың №132 бұйрығы бойынша әкем Тұрмағамбет осы медресенің негізін қалағаннан бері имам әрі кәміл мүршіт-ұстаз

еді. Ол 1918 жылы бақилық болды. Әкем өмірден өткесін шама шарқым келгенше ұстаз болып елді сауаттандыру жұмысына кірістім», - деп жазады. Осындай үлкен білімдар әкесінің алдынан дін дейтін асыл діңгектің негізін бойына дарытқан Оразмағамбет сол уақыттағы үлкен діни орталықтар шоғырланған Орта Азияға бет алады. Иран шахына жазған әлгі хатында «Мен жасымнан ғылым кудым. Өз аймағымда, сосын Бұхара мен Хиуада оқыдым. Сұпылық зікір салуды, әрі үйретуді Үргеніш қаласында хазірет Мұхаммед Зия ибн Зәкіржаннан үйрендім. Сондай-ақ тәфсир ғылымын, жағрафия, илаһи хикмет, биология, астрономия, геометрия оқыдым», - дейді.

Бізге жеткен әңгімелерде оның әкесі Тұрмағамбет заман ағымын терең түсінетін жан-жақты адам болса керек. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Маңғыстау жерінің байлығын зерттеу бағытында өлкемізге саяхатшы, ғалымдардың келе бастағаны белгілі. Әсіресе орыс ғалымы Николай Иванович Андрусов бұл аймаққа 1887 жылы аяқ басты. 1907-1908 жылдары арнайы зерттеу жұмыстарында жүргізді. Тұрмағамбет хазірет пен Андрусов арасындағы достық қарым-қатынас оның баласы Оразмағамбеттің Үндістанның Бомбей қаласына оқуға кетуіне ықпал жасайды. Ресейдің, болмаса Европаның басқа бір елдеріне кетпей Үндістанға кетуінің де бір мәні болса керек. Ол-Үндістанда мұсылмандық діни орталықтардың болуы. Тұрмағамбет хазіретті көп толғандырғаны баласының ислам әлемінен алшақ кетпеуі болатын.

Біздің қолымызға Оразмағамбеттің Бомбей қаласында оқыған құжаттары әзір түсе қойған жоқ. Өлкемізде кеңес өкіметі орнап, қуғын-сүргін басталғанда оның көптеген кітаптарды, өзіне байланысты құжаттарды осы жерден онша қашық емес Сахардың, Байсарының тауына жасырғаны белгілі. «Қайтып келермін, пайдаға асырармын» деген үміт болса керек, осынау алтынға бергісіз қазынаны ешкімге білдірмей жасырған.

Ашхабат қаласындағы түрмеге түскенен кейін қауіпсіздік комитетіне берген жауабында: «Мен діни ортаның өкілімін, дін мұсылман жолының қызметкерімін. Сонымен қатар 16 жасымнан 19 жасыма дейін Индияда Бомбей қаласындағы университетте оқып, оның инженерлік-геологиялық факультетін аяқтадым. Кезінде Маңғыстауды зерттеуші ғалым М.В.Баярунаспен Түрікменстанға, Қарабұғазға өткенмін. Айтулы геолог және менің анттасқан досым Баярунас екеуміз Маңғыстау жеріндегі жұмысты жалғастырмақшы едік. Сол кезеңнің жағдайлары біздің жұмыс жасауымызға мүмкіндік бермеді», - дейді.

Түрікменстан Қауіпсіздік Комитетінің Сұлтан Балхаев ағамызға 1991 жылғы 17 шілдеде берген анықтамалығында «Тур Мұхамметов Ораз Мұхамбет Батыс Қазақстанның Маңғыстау ауданының Түйесу, Қызылсу жерінде 1882 жылы туған. Ұлты қазақ. КСРО азаматы. Бомбей университетін инженер-геолог мамандығы бойынша бітірген жоғары білімді. Ұсталғанға дейін арнаулы жұмысы болмаған. Түрікменстанның НКВД органдары 1937 жылғы 1 қыркүйекте бүлікшіл қызметі үшін деген жаламен қамауға алған. 1938 жылы 29 қазанда ең жоғарғы жаза-ату жазасына кесіліп, 30 қазанда орындалды», - деп анық көрсеткен.

1926 жылы Уфа қаласына барып Адай уезіне және Түпқараған болысына бас имам болып бекиді. Әрине Уфадағы діни орталықтың оны бірден бекіте салмағаны, декларацияны алу үшін жан-жақты білімі, өмірбаяны тексерілгендігі белгілі.

Маңғыстау өлкесінің кен байлығын зерттеуші, академик Н.И.Андрусовтың шәкірті

М.В.Баярунас 1907 жылдан 1938 жылға дейін Маңғыстау түбегінің геологиялық құрылысын, тектоникасын, кен байлығын жете зерттеген ғалым. Қарасаз-Тасбас, Түбіжік, Қарамая-Көгесем зоналарының мұнай-газ перспективасының болашағын анықтаған. Қаратау тау жоталарының мыс, темір, марганец, түсті металдар қорын алғашқы зерттеуші.

М.В.Баярунастың Маңғыстау жеріне келгенде Оразмағамбетпен бірлесе жұмыс жасағандығы оның тергеу орындарына берген жауаптарында анықталып отыр.

Оразмағамбет пен Баярунастың достығы жөнінде кезінде олардың кен барлау сапарларында жұмысшы көмекші болған Садық ақсақал өз естелігінде: «1931 жылы Баярунас Түркменстанның Қызылкүп, Тараба, Арқарлы, Шағала, Кеңсай сияқты

аландарына геологиялық зерттеу жүргізіп болып Қарабұғазға бет түзейді. Осы кезде олардың көшіне басмашылар шабуыл жасап қоршауға алады. Дауыс жетер жерге жақындағанда М. В. Баярунас:

-Атыспақты атамыздың басына бермесін. Мен Оразмағамбеттей ғалымның досымын. Ол Маңғыстаудың ғалымы, имамы. Қазір Бекдашыда. Оның көзі жоқ деп біздерді жәбірлейсіңдер ме?

Басмашылар жауап қайтармайды. Бірақ сәлден кейін бір де оқ шығармай жөніне кетіпті. Осы оқиғаны Бекдашыға келгесін Баярунас өз аузымен әңгімелеп беріпті.

Екі ғалымның бірлесе жұмыс жасағандығы, бір-біріне деген адал достығы жөнінде оның балалары да парсы журналисі Муса Жоржаниге берген сұхбатында жан-жақты айтып беріпті.

Міне, осы айтылғандар, жазылғандар Оразмағамбеттің белгілі орыс ғалымымен өлке байлығын зерттеуге ат салысқаны туралы нақты дерек болып табылады. Ал, 2007 жылы Иранға барған екінші сапарымызда оның балаларының қолында сақталған мұрағаттарды алып келген едік. Олардың ішінде біздер үшін өте құнды болып есептелетіні ғалымның қолжазбалары еді. Сөз басында айтылған Реза шах Пехлевиге жазған хатында өзінің қуғын-сүргінге түсуіне себепші болған мыналар деп атап көрсетеді. Олар: Бай болғаным үшін, екінші молда ахундығым үшін, үшінші әкемнің қажы ишан болуы, төртінші ислам шариятын үгіттегенім үшін, бесінші ойы бұзық, яғни Маңғыстау тауларындағы кен шығатын жерлерді біле тұра большевиктер пайдаланады деп айтпады деген жала, алтыншы, тас көмір мен сульфатты жалақы орнына алғаным үшін.

Екінші хаты Иран үкіметінің өнеркәсіп бас басқармасына жазған хаты. Онда Оразмағамбет «Бендер шах қаласындағы зауыттың солтүстігінде бес жүз метр жерде мұнай қоры бар, тереңдігі төрт жүз елу метр. Бұл жердегі мұнайды шығынынан қашпай игерсе мол байлыққа жетуге болады. Әрине оған жұмсалатын қаражат мөлшері көп. Бірақ бір жыл мұнай өндіргеннен кейін жұмсалған қаражаттың ақталатынына сенімдімін. Бұл жердегі мұнай қоры шыға бастағанда минутына алты мың фунт шамасында болады. Мұнай құрамында бензин, керосин, күкірт бар» деп жазған. Бұл хаттар Оразмағамбеттің өзі тергеуде жауап берген «Қазақстанда, Түрікменстанда, Иранда мені геолог ретінде де таниды» дегенін нақтылай түседі.

Иранда тұратын ақсақалдардың, балаларының айтуы бойынша Иран үкіметі Оразмағамбеттің хатынан кейін сол жерді игеру мақсатында келген. Өкінішке орай, ол уақытта Оразмағамбет алдау арқылы қолға түсіріліп Ашхабат түрмесіндегі адам төзбес азапты күндерді бастан кешіріп жатқанды.

М.В.Баярунас та өзінің досы Оразмағамбеттен бір жыл кейін қамауға алынып Қолымада азап шегіп өлді. 2012 жылы Москва қаласына іссапармен барған марқұм академик Құрбан Аманниязов ағай маған телефон арқылы мынадай бір қуанышты хабарды жеткізіп еді. М.В.Баярунастың Маңғыстау аймағында ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмысының нәтижелері, жергілікті үкімет орындарына дайындаған ұсыныстары, қымбат бағалы күнделіктері Ресей ҒА-ның қорынан табылыпты. Отыз шамалы қалың дәптер екен. Әрбір күнін, қайда барғанын, кіммен жолыққанын тізіп отырыпты. Өкінішке орай, Құрбан ағаның уақытының тығыздығына байланысты, оның үстіне үлкендігі тағы бар ол қолжазбаларды түгел оқуға мүмкіндігі болмаған. «Барып асықпай қарасаң аталарың туралы тың деректер табатының анық. Баярунастың Оразмағамбет туралы жазбауы мүмкін емес» деп еді.

Оқу білімнің қадірін білген Оразмағамбет жергілікті жастарды оқуға үгіттеп, білім алуына көмектесіп отырған. 1928 жылдары Қызылсуда жергілікті құрылыс материалдарын пайдаланып мектеп салып, Форт-Шевченкодан Өтес Қарабалаев деген оқытушыны алдыртып екеуі жиырмадан асқан балаларды оқытқан. Олардың ішінен белгілі азаматтар шыққаны жөнінде Сұлтан Балхаев пен Өмірзақ Озғанбаев ағаларымыз жазған еді.

Халық арасында Оразмағамбеттің тағы бір қыры, емшілігі жөнінде көп айтылады. Оның зерттеу жұмыстары кезінде ауырып қалған Баярунасты емдегені, болмаса күйіп қалып, ия үсті басын жара қаптап кеткен адамдарды құлан таза айықтырғаны туралы кезінде жазылды да. Ал оның нақты емші-дәрігер болғанына Иран сапарында көзіміз жете түсті. Біздің қолымызға Ебжан ағамыз ғұламаның аты-жөні жазылған мөрді ұсынды.

-Мөрді қайда басатын еді,-деп сұрағанымызда Ебжан: –Біреуге жазған хаттарында басатын. Көбінде осы қалада өзімен қарайлас бір парсы дәрігері болды. Әкем алдына келген адамдарға әртүрлі шөптерден қалай дәрі жасау керектігі жөнінде қағаз жазып беретін де, әлгі парсыға жұмсайтын. Парсы дәрігері әкемнің берген рецептсі бойынша жасалған дәріні ауруға қолданатын,-деп еді. Осыған қарап отырып Оразмағамбеттің халық медицинасын жете меңгерген адам екенін, әртүрлі шөптерді пайдалана білуіне қарап өзі айтқандай биологиядан да көп хабарлы болғанын білеміз.

Сол барған сапарымызда Ебжан ағамыз қашан, қай жерде басылғаны белгісіз бір кітапты ұсынды. Ескірген, түтіліп, сарғайып кеткен. Бір қуаныштысы беттері түгелге жуық. **Мәтләғолғұлым мәжмәғұлфонун** (Ғылымдардың бастауы, техниканың жиынтығы) деп аталатын көне парсы тіліндегі үлкен энциклопедиялық кітап болып шықты. Онда не жазылған дейсіз ғой. Өсімдіктен дәрі жасау жолдары, денеге түскен жарақатты жазу, тігу, әртүрлі емдік, тамақтық шөптер, олардың жасалу жолдары, қымбат бағалы тастар жайында, бояу жасау жолдары, шахмат ойыны әдістері, соғыс тактикасы, қылыштасу өнері, құстарды тәрбиелеу, зергерлік өнер, архитектура, жылқы сипаты, белсіздікті жазу болып кете барады.

Бізге артынан белгілі болғанындай бұл кітап сол кездегі Индиядағы жоғарғы оқу орындарында қосымша оқулық ретінде қолданған энциклопедиялық кітап екен. Ескі парсы тілінде жазылып Үндістанда 1880 жылдары басылып шыққан. Авторы Вәжид Алимхан. Арғы тегі Шыңғыс ұрпақтарынан тарайды. 1823 жылдар шамасында өмірге келген. Сол кезеңдері Үндістанда парсы тілі басты рөл атқарса керек. Көптеген оқу орындары парсы тілінде оқытылған.

Содан беріде бірнеше жылдардың жүзі өтті. Бұл кітап әлі облыстық музейдің қорында тұр. Сонымен қатар Оразмағамбеттің мөрі, тасбиғы, кейбір қолжазбалары сақтаулы. Нияз Тобыш ініміз осы кітаптың кейбір тарауларын аударып кітапқа енгізіп отыр.

Оразмағамбеттің үлкен білім иесі болғандығы оның өзінің Сахардың тауына жасырған кітаптарынан да белгілі. Кезінде ол кітаптардың сирек кездесетін өте құнды дүниелер екендігі «Үңгірден табылған кітаптар» деген атпен 1958 жылы (8.06) «Социалистік Қазақстан» газетінде, сондай-ақ ТАСС-тан арнайы хабар болып таратылды. Бір әттеген-айы марқұм Қабиболла Сыдиықов ағамыздың айтуы бойынша бұл кітаптар 1960-1977 жылдары М.Әуезов институтының дәлізінде шкафта тұрған. Балтабай Адамбаев мезгіл-мезгіл арабша оқи алады-ау дейтін молдаларды әкеліп оқытып көреді екен. Бірақ олардың мазмұн мәнін ашып беретіндей сауатты адамдар кездеспеген. Араб, парсы тілінің жас мамандары ол жылдары әлі келе қойған жоқ еді,-дейді.

Артынан барып 1977 жылы тамыздың 12-де Балтабай Адамбаев оны Ғылым Академиясының кітапханасына тапсырған. Біреуге кінә артудан аулақпыз, дегенмен де кім біледі институт дәлізінде 17 жыл есіз тұрған кітаптардың небір құндылары қолды болып кеткен жоқ па екен деп ойлайтынымыз да рас.

Ғылым Академиясының кітапханасына өткізілгеннен кейін 51 кітапқа қысқаша анықтамалық берілген. Қараңызшы, Оразмағамбеттің тек діни қайраткер ғана емес екенін, оның жан-жақты білімдер болғандығын өзінің жыл сайын көшіп қонғанда бірнеше түйеге артып жүретін дүниелерінен байқауға болады. Стамбулда, Бұқарада, Тегеранда, Египетте, Петербуртта, Қазанда, Уфада, Дамаскіде 17-19 ғасырларда басылып шыққан ол кітаптардың ішінде не жоқ дейсіз. Парсы әдебиетінің классигі Жәмидің толық жинағы, Аспахамидің төрт томдық философиялық трактаты, араб әдебиеті мен тарихының теориясы, парсының энциклопедиялық сөздігі, араб тілінің грамматикасы, терминдік қосалқы сөздер түсінігі, өлең өлшемдері, логика, психология, астрономия, алгебра,



геология болып жалғасып кете барады. «Өттеген-ай»,- деп өкініштен өзегіміз өртенетіні осыншама еңбектерді оқып, бойына дарыта білген ұлы адамның бір ғылыми еңбегінің қолымызға түспеуі. Ол қайда, қолды болып кетті ме, әлде ғылым құнын түсіне білмейтін бір сауасыздың қолына түсіп жоқ болды ма, белгісіз.

Ел басына келген қасіретті жылдар кезінде біздің мыңдаған қандастарымызға туған жерден жырақ кетуге, дәстүрі мен салты бөлек жат жерге барып паналауға тура келді. Сағымға араласып бірте-бірте бұлдырап артта қалып бара жатқан туған топыраққа оралуды тағдыр маңдайға жаза ма, жоқ па олар үшін белгісіз еді. Елге деген, қарасаң көз жеткісіз ұлан далаға деген сағыныштың, ата-бабаңның мүрдесі жатқан қасиетті мекенге деген сағыныштың орны бөлек болады екен. Иранға барған қазақтар алғашында ол жерге үйрене алмаған. Маған Ираннан келген Демеген ақсақал мынадай бір жайды күйзеле отырып айтқан еді. Барғаннан кейін екі-үш жыл бойы жас келіншектер бала табуды да тоқтатыпты. Артта қалған елге, кір жуып кіндік кескен туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік керек десе жас адамдардың да тамырын байлап тастайды екен. Жас нәрестенің даусы өмір сүріп жатқаныңды, жалғасып келе жатқан тірлігіңді білдіреді екен. Жас баланың інгәлаған даусына зар болып «Осы біздің өміріміз тоқтап қалды-ау» деп қайғыдан қан жұтқанбыз. Осы бір қиын кезде Оразмағамбет қандастарының ортасынан табылды. Қалың парсы, ызғындай түрікмен арасында жоқ болып кетпеудің жалғыз жолы әр жерде бытырап жүрген қазақтардың басын біріктіру болатын. Сонда ғана дәстүрін, тілін, ділі мен дінін сақтап қалатынын білген ғұлама Иран патшасына хат жазады. Тарыдай шашылған азғана ұлтты екі-үш қалаға шоғырландырып орналастыруды сұрайды. Бұрын жер тырнап, егін екпеген, құрал-сайманы жоқ оларға өгізбен, соқамен, тағы да басқа керек-жарақпен көмектесуді өтінеді. Сөйтіп осы күнгі үш қалада орналасуымыздың негізін қалаған сол Оразмағамбет деп еді.

Осы сөзіміздің дәлелі ретінде біздің қолымызға Оразмағамбеттің 1936 жылы мамыр айының 25-де Горган қаласының әкімі Сейт Жоржан мырзаға жазған хаты түскен еді. Бастапқы әзірде қорғанышы жоқ азып-тозып барған қазақтарға жергілікті тұрғындар қысым жасайды. Оразмағамбет өзіме қауіп келеді-ау деп ойламастан осы бүлікті ұйымдастырушылардың аты жөндерін толық атап, қала әкімінен оларды жөнге салуды, жаза қолдануды талап етеді. Оның бұл өтініші де жерде қалмапты.

Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы өзінің елден қудалану себебін Иран патшасына жазған хатында анық көрсеткенін айтып өттік. Оны өзіне таныс адамдары арқылы алдап 1937 жылдың 1 қыркүйегі күні қолға түсіріп түрмеге қамайды. Адам айтса нанғысыз Иранда жүріп жапон барлаушыларына сатылған, олардың тапсырмасымен сегіз бүлікшіл адамды дайындап, шекарадан өткізген, Түрікменстандағы Уфра мұнай базасында, Небитдаг мұнай кәсіпшіліктерінде, Красноводск портында диверсиялық топтар дайындаған және 1937 жылы Небитдаг станциясында екі рет поезд аударуды дайындап, іске асырған деген жаламен 1938 жылдың 29 қазанында ең ауыр жаза-ату жазасына кесіледі. Үкім 30 қазанда орындалған.

Алайда сол 1938 жылдың 28 ақпанында түрме дәрігерінің «Денсаулығы жақсы, қол еңбегіне жарамды» деп берген қағазы және Красноводск қалалық ЗАГС бөлімі берген №191977-ші өлімі туралы куәлікте Оразмағамбет 1942 жылдың 30 қазанында 61 жасында қайтыс болды деген анықтамасы ол туралы әлі де іздене түсуді керек етеді. Бұл үкімет органдары Оразмағамбетті атпай өз жұмыстарына пайдаланды деген әңгімелердің шындық екенін білдіреді. Ташкенттің, Ашхабаттың қауіпсіздік комитеттеріндегі архивтердегі ол туралы істі құзырлы органдар арқылы алдыртса біраз нәрсеге қол жетері анық.

Сөзіміздің басында Оразмағамбеттің «Алашорда» ұйымының мүшесі болғандығы туралы айтып өткен едік. Ол тергеуге берген жауаптарында: -

-Мен діни ортаның өкілімін, дін мұсылман жолының қызметшісімін. Түрлі діни мұсылмандық білім беретін мектептерде оқыдым. 16 жасымнан 19 жасыма дейін Индияның Бомбей қаласында оқыдым. Қазақстан мен Түрікменстанда, Иранда геолог

және діни қайраткер ретінде танылды. Сондықтан бала кезімнен санама орныққан діни ұлттық идеология Кеңес өкіметі орнауымен мені оған қарсы жақтан легіне шығарды. Себебі діни қайраткер ретінде Кеңес өкіметін өзім уағыздап жүрген идеяма қарсы деп қараудан басқа лажым қалмады. Қазақ ұлттық «Алашорда» ұйымы 1919-20 жылдан белсене жұмыс жасай бастады. Мен «Алашорда» ұйымына 1926 жылы кірдім, өйткені бұл ұйымның мақсаты мен міндеттері дін жолын және мұсылмандарды қорғауға бағытталған екен. Мен соған түсіністікпен қарадым. Ұсталғанға дейін осы ұйымның белсенді мүшесі болдым. Ұйым орталығы Ақтөбеде болса да 1926 жылдан ел арасындағы ықпалын ұлғайту мақсатында өз өкілдері Бақытжан Қаратаев, Тобанияз Әлниязов арқылы Маңғыстау жарты аралын мекендеген Адай тайпасы қазақтары арасында көптеген жұмыстар атқарылды. Бұрынғы Адай округінде «Алашорда» ұйымының сегіз бөлімі болды. Олар-Маңғыстау, Ойыл, Табын, Жылой, Қарасу, Үстірт, Қарабұғаз, Қрасноводск. Бұларға басшылық жасау Меңдалиев Алшынға, Қилыбаев Байбозға, Әлниязов Тобаниязға, Дауылов Орынбасарға жүктелді. Кеңес Одағында қуғын-сүргін 1930 жылдан бұрын басталды. Көптеген басшыларды түрмеге жапты. Тобанияз Әлниязовты сөйтті. Жалау Мыңбаевтың артына шырақ алып түсті. Тағы басқаларға да қауіп төнді. Ал, бұлардың ешқандай кінәсі жоқ жандар ғой. Қуғын-сүргін Маңғыстау, Гурьев, Ақтөбе губерниялары аумақтарында өрістетілді. Мен келесі қуғын-сүргін 1937-1938 жылдары болады деп күткен едім. Сондықтан қауіптеніп шекарадан әрмен өтуге мәжбүр болдым. Менің жобам дәлме-дәл келді. Жаппай қуғын-сүргін басталды. Құдайға жазығы болса білмедім, адамға жазығы жоқ пенделер сіздердің алдарында байлаулы отыр,-деп жауап беріпті.

Соңғы екі жылдан бері Президент Қ. Тоқаевтың тапсырмасымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде ұланғайыр жұмыстар атқарылып жатқаны белгілі. Бұрын есігі жабық болған орындардан көпке белгісіз деректерді ақтаруға қол жетті. Сол құжаттардың арасында Ирандағы Оразмағанбеттің Германияда жүрген Мұстафа Шоқаймен байланыста болғандығы туралы айтылады. Мұстафа Шоқай сол жақта жүріп 1929 жылы «Яш Түркестан» журналын шығаруды қолға алады. Осы журналда Түркістан халқының мәдениеті, кеңестік биліктің бұл өлкедегі саясаты және 2-ші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастар, т.с.с өзекті мәселелерді қозғап еңбектер жазады. Сол журналды Ирандағы Оразмағанбетке жеткізіп, оны Оразмағанбеттің байланысшылар арқылы жан-жаққа таратқаны жөнінде 1937 жылы Ираннан Қазақстанға келгеннен кейін ұсталып тергелген Сұлтанов Қади, тағы сол сияқты бірнеше адамның жауаптарынан көруге болады. Өзінің «Мен «Алашорда» ұйымына 1926 жылы кіріп, ұсталғанға дейін осы ұйымның белсенді мүшесі болдым» деген тергеудегі сөзі еліміздің тәуелсіздігі жолындағы күрескер болғандығын растай түседі.

Оразмағанбет туралы деректерді қалың жұртшылыққа таныстыруда марқұм Сұлтан Балхаев ағамыз бен жазушы Әбілқайыр Спанның, кезінде Өзен қаласындағы Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы мұнай коллежінің директоры болған марқұм Құрман Игібайлардың еңбегі ерекше. Сонымен қатар көптеген өлке зерттеушілерінің, журналистердің еңбектеріне арқау болды. Әсіресе осы бір істі қолына ерте алған Сұлтекең болатын. «Мен оның ұмытыла бастаған мұраларын зерттеп, тірнектеп жинап, ақтап арашалауды өзіме парыз санадым. Қызыл империяның қаһарлы жылдары бола тұрса да күш жігерімді қайран әмбебап әкеміздің рухы үшін сарп еттім. Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің тілін табу үшін олардың штаттан тыс қызметкері де болдым. Соның көмегі тиіп Оразмағанбеттің Ирандағы балаларымен, туыстарымен хат алысып, байланыс жасап тұрдым» дейді өз естелігінде.

Белгілі тұлғаның 120, 130 жылдығының кезінде кең көлемде аталып өтуіне «Өзенмұнайгаздың» басшылары, «Оразмағанбет» атындағы қордың азаматтары, жалпы Өзендіктердің ерекше еңбектерінің сіңіп, жұмылған жұдырықтай ауызбірлікте болғанын атап өткеніміз абзал. Аталып өтетін 140 жылдық мерейтойында негізгі салмақты тағы да осы Өзендік азаматтардың көтеріп жүргендері шындық. Қолға алған үлкен істің осы шаралармен тоқтап қалмайтыны, жалғасын таба беретіні даусыз. Өйткені заманнан

жасқанып, жаңадан жалтармайтын, өзгелерден қалмауға ұмтылатын артымыздан еріп келе жатқан сауатты жас толқын бар. Біздің қолымыз жетпеген биікке солар шығып, асудан асатын да солар. Қазақтың белгілі ақыны Сабыр Адай Оразмағанбетке арнаған «Түбектен түрен салған ғұлама» атты толғауында:

...Заман тұр мың құбылып, алды қайғы,  
Ел біліп, түсінуден қалды жайды.  
Мекені көк аспан мен шың болған соң,  
Баласы қыран құстың қалғымайды.

Ол – Ораз – асу бермес ала шыңым,  
Тілеуін тілейді ел баласының.  
Біреуге «Ораз – ахун, Ораз – абыз»,  
Маңғыстау, не десең де, – қарашығың.

Бәлшебек езуінде шылым тұрған,  
Тоқтады мешіт-мектеп ылым тұрған.  
Орыстың ақ патшасы құлап қалған,  
Ақ кетіп, Кеңес келіп, «Қызыл» тұрған.

Көп сүйек аумай қалды шөмеледен,  
«Банды»-деп, басын кесіп, өрелеген.  
Орап ап айбалтасын қызыл Туға,  
Желкелеп, жетпіс жылдай төбелеген.

Жолы жоқ, қанды тісеу тастақ қалды,  
Әр жерде құлпытасты жастап қалды.  
Астында әр төбенің жоқтау айтып,  
Маңғыстау қапияда қақсап қалды.

Ат жалын әлі күнге тарай берем,  
Таң атса алтын сәуле арайменен.  
Боз мая боздай қалса айлы түнде,  
Босқан ел келді ме деп қарай берем,-деп айтқанындай жетпей жатып болдым деуге,  
толмай жатып толдым деуге әлі ерте. Әлі де тынымсыз еңбек пен өз топырағымыздан  
жаралған тұлғаларымыз туралы ізденістердің берері көп. Ғұлама жазушы Әбіш  
ағамыздың кейінгі ұрпаққа: «Жарық дүниеде өзіңді өгей сезінгің келмесе білім мұхитына  
сапарыңды әуелі анаң айтқан тақпақтан баста, жалпақ адамзат ортасында бұралқы  
көріңгің келмесе шартарапқа сапарыңды әуелі атаң көрсеткен соқпақтан баста» дегені бар  
еді. Ендеше сол аталарымыз салып кеткен соқпақтың, айтып кеткен өнегелі сөздің, сілтеп  
кеткен бағытының ұрпақтарын адастырмай тура жолға салары сөзсіз.

## **Ислам Жеменей**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор, филология ғылымдарының докторы

### **Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы (1881-1942)**

#### **Таным –тәлім, пайым**

Мен Иран елінде, Горган қаласында тудым. Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы Маңғыстау өлкесінің тумасы. Әрі Оразмағамбет дүниеге келіп, өмір сүріп, талай белестерді бағындырып дүниеден озғанда мен бұл дүниенің есігін ашқан жоқ едім. Мен жастық балғын шағымда оның атын естіген күнімді еске түсірдім. Ол күнге дейін мен талай жылдар бойы қиялдағы «қазақ» атауына іңкәрлікпен ұлы сезіммен ұлы армандар құрып күн кешіппін. Сөйтіп мен Оразмағамбеттің атын геолог данышпаны деп естіген күннен бұрын көптеген жылды артта қалдырып, тамшылап бойыма сіңе бастаған сезімдер мен түсініктер жинағам. Соның бәрі маған оның тұлғасын қалайша тану керектігінің кеңістігін айқындап берген болды. Оны тануға оның өмір сүрген кезеңін тану керек екенін ұқтым. Өйткені оның тұлғалық құны сол заманмен ұштасып тұрғаны анық. Сондай-ақ Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының өмір кезеңі менің атам және иран қазақтарының тарихи кезеңінен бөлек қаралмайды. Сондықтан иран қазақтарының тарихымен тоғысқан кезеңдерін тани алсақ Оразмағамбет Тұрмағамбетұлын тану сипаты, тарихи орны айқындау көрініс таба алады деп ойлаймын. Сол үшін өзімнің өткен таным жолдарым айтылғанда менің қалайша Оразмағамбетті танығанымға куәлік ете тұра, оның тұлғалық бейнесін айқындай бере алады.

Ата-бабаларымыз қазақ тарихының ең зобалаң кезеңінің қараңғы түнегінің зұлматынан өтіп, бізді бұл өмірдің шуақты күндеріне жеткізді. Сол үшін Иранда туып, ер жетіп ес жия бастап 1929-1933 жылдардың жасанды аштық пен қорлықтарын аталарымыз бізге айтқанда қаншалықты сезе алдық екен, білмеймін. Бірақ аталардың туған өлкесі құлашын кеңге жайған жазира екенін сезгендей болатынбыз. Өйткені менің туған Горган қаламның солтүстігінде Каспий теңізінің батысынан Иранның солтүстік шығысына дейін созылған Түрікмен сахараның кең байтақ ең даласын сәбилік шақтан көріп өскен өңір болғаны үшін Маңғыстаудың да ұшан-теңіз ұлы даласын елестету қиынға соқпайтын еді. Әсіресе атаның айтуына қарап таң қалатын жайт - «түйелердің келесін таңғы сәресінде кең далаға жайылуға жіберіп, бірнеше аптадан кейін олардың басын қосуға таңнан кешке күн батқанша жол жүріп, олардың соңғысын тауып, сол маңдағы малшы ауылына қонып, ертеңгісін мал басын қайырып, өз қонысымызға бет алатын едік», - деп әңгімелеп отырған кездері қайран қалып, Маңғыстаудың кең байтақ даласына, түйе малының мол байлығына кенелген өлке екеніне қызығып тыңдайтын едік. Сол 1968 жылдардың басталысымен біздер үлкендерден «қазақ болған бақыт» екен сөзін асқақ рухпен жан дүниемізді баулап алған ұранын өмірге серік еттік.

Сол екен иран қазақтары қыз ұзату тойы күні кешкісін ең жақын ағайыны жағынан «ойын» өткізеді. Ол «ойын» кешінің шығынына «қыз қашар» күйеубала жағынан қаржы бөлінеді. Балалар мен жас өспірімдер үшін «ойын» кеші ең қызықты әрқашан күтілетін думан болып келді. Ойын кеші жақсы қызған жағдайда кейде таңға дейін созылады. Өйткені ол кеш үлкендердің бойына жиналған ата жұртына сағыныш жырының кеші

іспеттес еді. Сол түні елге аты шыққан Зайыр, Қожаназар, Назар, Темірбай Назарұлы, Емберген, Атан, Жаңбыр, Қайырбай, Есқали сияқты жыршылармыз домбырасымен Маңғыстаудың Қашаған, Сүгір, Әбіл, Сәттіғұл, Нұрым, Мұрын жырау, Түменнен сарқыттап күй мен әндерін шашулатып беретін. Жастар жағы үлкендер қалай елігіп тындап отырғанына, кейде көз жастарына ерік беріп, кең тыныстап, сағыныш зарын іштерінен бір үһлеп сыртқа шығарғандай сергіп қалғандарын көріп, олардың сағыныш сөзі, зарыққан сәттері мен ұзын сонар ел жайлы айтып отыратын әңгімелерін естіп өстік. Бұл жылдардағы үлкендердің ата жұртына деген сағыныш түйсігі тамшыдай жаңа буынның мөлдір көңіл бұлағына тамып жатты. Өйткені «қазақ болған бақыт» екенін сондай өтетін ойын түндерінде сағыныш жүректердің тоғысынан сезіп отыратын едік. Үлкендер жастарына сүйсіне қарап, құшағын ашып, маңдайларын сипап «айналайындар сендер бақытты болындар, біздер көрген қорлықты құдай сендерге көрсетпей-ақ қойсыншы», - деп терең бір тыныс алатын, шексіз құдірет иесінен шын пейілімен тілейтін. Сонда жүректерінің бар мейір-шапағат тамшысы жастардың жан дүниесінің терең тұңғыйығына еніп, бойларына үрлеп жібергендей сездіретін. Сөйтіп үлкендердің сағынышы жаңа буынның бойына сіңе беретінін кейінгі жылдары түсіндік. Түсіне берген сайын беймәлім жұрттың киесіне ғашықтық сезім біздерді баурай берді. Өмірдің мағынасы қиялда құрылған «қазақ әлемін» ту етті. Адам адамға, бауыр бауырға, ағайын ағайынға, қазақ қазаққа өмірдің бауырлар шаңырағында тіршілік етіп келе жатқандай еді. Иранда бар қазаққа ортақ мейір қазынасы «ата мекен», және «қазақ» атаулысы көкте желбіреп тұрғандай еді. Ес білгелі өмірдің мәні қазақты сүю, ата жұртты аңсап, оған жетуді армандау аты қазақтың бойындағы басты арман, басты қасиет болып келе жатты.

Жылдар өтті, заман алға жылжыды, біреуі - бай атанды, бірі - маман иесі болды, бірі - оқу озаты болды, біреуі - спорт саласының майталманы болды, бірі - техник, бірі - шопыр, бірі - дүкенші, бірі - жұмысшы, бірі - саудагер, бірі - оқушы, бірі - оқытушы бола бастаған жылдары да бәрінің ортақ тілегі қазақ асқақ ел болсын деп тілеп келді. Бәрін бір-біріне жақын бауыр етіп келе жатқан тағы «қазақ» болды. Бәрі де оқу керек десті, әйтпесе бақтың керуенінен қалыс қаласың, оқуың тек қазақтың бағы үшін керек. Қазақтың бағы сенің де бағың деген қағидаға жүрекпен сенген қариялар осылай өмір тәжірибесін құлақ қағыс етіп келетін еді. Айналайындар бір болындар деген насихатын күнделікті ескерту дәстүрлі ұраны болған еді. «Бөлінгенді бөрі жейді», «ырыс қайда барасың? Ауызы бірге барамын», - деп шегелеп айта беретін. Бәріңіз өз руыңызды білгеніңіз жөн десек те, бәріңіздің бірлік ұраныңыз «қазақ» екенін ұмытпаңыз. Осы көрші елдерде Ауғанстан, Түркия және араб елдерінің бәрінде қандас бауырларымыз бар. Бәріңізді бауыр ететұғын «қазақ» дегеніңіз болады. Әйтпесе, бәріңіз басыңыз ауған жерде тоз-тоз болып жоғалып кетесіз», - дейтұғын қариялар. Оқыған болдық шығыстың «мәңгі өмір бұлақ» - аңыз әңгімесін де ести бастағанда ұлғая түскен санамыз осы біз үшін әлгі мәңгі өмір сыйлайтын бұлақ бәлкім аталар аңсап жүрген ата мекен шығар деп ой түйіп қоятын болдық. Бұл түйін ойдың баламасы біздегі арманның мөлдір бұлағы болып келген «Ел» біздің өмірлік мәңгі махаббатымызға айналып кетті. Біздің балалық шақ алдыңғы буынның туған өлкесіне деген сағыныш сезімін өзіне аманат етіп алды. Жат-жұртқа амалсыздан қоныс аударған алғашқы буын өзінен кейінгі буынға барлық сәттерде дастарқанда, той-думан жиындарда, мереке-мерамдарда, ғибадат мекендерде, ауызашар басқосуларда, қатым құран отырыстарында әңгіменің басы туған даласы, Маңғыстау, Маңғыстаудың киелі жерлері, үш жүз алпыс әулиесі, Пір Бекеті, майталман ақылгөй, сөзшең қариялары, дүлдүл

шайырлар мен жыраулары әңгіменің өзегі болып, тілге тиек етіліп отыратын негізгі тақырыптардың бірі – сағыныш сарыны сайрап тұратын. Содан болар жаңа буын ата буынның барлық әңгімелерін қиял дүниесінде өшпес ғажайып елес етіп аңсап, сағынып өсті.

Елден безіп, шетке келгенімізге көк көз кәпір коммунисттердің кесірі тиді, олардың жасаған жауыздық іс-әрекеттерінен тағдырдың тәлкегіне түскендерін айтып отыратын. Үлкендердің әңгімесі дінсіз большевиктердің көрсеткен қорлықтарын айтып бітіре алмайтын еді. Олар қызыл әскерімен ел-жұрттың діні мен малына тиісіп жатса, оларға қарсы тағынан таған орыс патшасының жақтастары ақ әскер атанып қарсы күреске шыққан. Олардың белсенділері дінсіз коммунисттерге бірігіп олардың билігіне тойтарыс берейік деп ел ішіне ылаң салып, кең даланың тыныш байтақ жерінде, мөлдір бұлағының суының жанында киіз үйін тігіп, суынан нәрленіп жүрген маңданған Маңғыстаудың тұрғыны еді. Бірақ екі ұшты жаулар жер асты су ағысының құдығынан мал суарып, салт-дәстүрін ұстанып бейбіт келе жатқан тыныш елдің тіршілікке жолға шығарған өмір керуенін талапайға салып, елді топ-топқа бөліп басын дауға тіреп, әуреге салып, әдемі тіршілігінің тозанын шығарып қойған еді. Не бір әулиесі көп аруақты елдің, жырға кенелген жыр қазыналы елдің есін жидыртпай абат елді ойрандап кете берді. Бүгінгі бар байлық пен қасиетімізбен ертеңгі жарқын болашағымызға ой жүргірітіп, жоспар құруға мұрша бермеген жауыз коммунисттердің соққан соққысының зардабы біздің бойымыздан өтіп, талай ұрпақтармызға кесапатын тигізері анық. Тек бар құдайдан тілеріміз олардың бәлесінен тездетіп мұсылман елдерін де, дүние жұрттын да құтқарғай деп дұғада болайық дейтұғын қарияларымыз. Олар әлденген сайын адамзатқа тыныштық болмас. Қайда барсаң да ізіңе түсіп жүреді. Сонымен қатар ел ішінен шыққан жау жаман. Іштегі арызқойлар бір-бірінің үстінен арыз айтып, жамандап жатады. Олардың жасаған жауыздығы қазақ халқы үшін қасірет болды, оның жарасы оңайлықпен жазыла қоймас деп кіжіне айтылған сөздерге ол кезде біздің ақылымыз бен тәжірибеміздің буыны білім мен ғылымның нұрымен нұрланып беки қоймаған еді. Сол үшін аталардың бұндай әңгімелерін құлшына тыңдап отырсақта, оны әбден бойымызға сіңіріп, көңілімізге ұялата қоймадық. Өйткені ол жылдары біз жастық шақтың қақпасына енді келіп, қадам басқан кезде құлағымызға тиген еді әлгі әңгімелер!

Мен балалық шағымда да, жастықтың бастапқы баспалдағы болған жасөспірім жылдарымда да қариялар мен үлкендердің қақ ортасында өсіп –өнген болғандықтан ба, тез ой өрісінің тұрақты тұрғыны болдым. Сондықтан күлейін десем туу тереңнен бұрқылдап шығатын айғай күлкі жоқ. Өмірімнің бар шаттығы айналамдағы жақсылығы мол ағайын-туыстар, жек-жат, дос-жарандар болғандықтан беймаза күндерім болған жоқ. Бірақ бірнәрсе ойымның бір түкпірінде мазасыз күй кешіп жатқан бір барлықтың қалдығы бартұғын. «Барша мұсылмандардың соры болған коммунисттердің кесапаты бір сәт тоқтамай жайыла береді, олар ешкімді еш жерде тыныш қоймасы анық!». Бұл қандай қырсық адамдардың сенімінің ізіне түсіп алған? Бұл қандай ішкі жау ешкімге еш жерде тыныштық бермейтін!? Бұның бәрі үлкендердің өмірде көрген, білгендерінің қортындысы шығар?

Иран терең тарих пен мәдениеттің елі. Онда саясаттың ұлттық бағыты мен әлемдік бағыты бір-бірімен тоғысқан ел. Сондықтан Иран мемлекеті әлемдік саясат аясында ұлттық мүдденің бағытынан ауысуға жол бермейді. Онда әлем философиясының тарихы, әдебиеті мен мәдениеті туралы мол кітаптар жарияланып тұрады. Сондай-ақ

басылымдарда күнделікті мақалалар әлем саясат, мәдениеті, өнері туралы аналитикалық мақалалар оқырмандарымен қауышып тұрады. Ол оқырман санасының шындала беруіне мол мүмкіндік береді. Бірақ бәрі өз елінің дамуы мен өркендеуіне қызмет жасауға тиіс. Алайда иран мәдениеті мен әдебиетімен сусындаған оқырман өз бойындағы азаматтық өрісін, патриоттық санасын, гуманитарлық сезімін, имандылық сенімін одан әрі жетілдіре алуға айқара ашық һәм шексіз қазынасына қол жеткізе алады.

Иран елінің тек қана мәдениеті мен әдебиеті байлыққа кенеліп тұрған ел деп шектеуге болмайды. Онда жиырмасыншы ғасырдың бастапқы жылдары әлемді жаңа қуатымен қозғалта алатын мұнай орындары анықталды. Иран елін өз ықпалына алуға сол заманның алпауыттары саналған Британия мен Ресей патшалығы арасында бәсеке басталды. Сол жылдары Иран экономикасы жаңа қайнарды қажетсінді. Мұнай бұл сұраныстың басында тұрды. Сол үшін бұл тақырып мейлінше қоғамның және саясаттың ұзынсонар әңгімесіне арқау болған еді.

Иранның мұнай қорына барлау жасауға алғаш рет Британиялық кәсіпкер Уильям Нокс Дарси (1849-1917) кірісті. Соның нәтижесінде 1901 жылы Дарси мен Иран үкіметі келісім шартқа қол қойды. Сондықтан иран мұнайының айналымға енуіне Британияның жеке кәсіпкерінің келісімі тарихта «Дарси келісімі» атаумен кейінгі Иран - Британия үкіметінің келісімімен жалғасын тапты. Бұл тұста менің айтайын деп отырған мәселем Иран-Британия арасындағы мұнай келісімдеріне ұдайы иран халқының ұлттық саяси санасының биік тұғыры ықпал жасап отырды. Сондықтан Британия ешқашан қалаған іс-әрекетін бір жақты шешіммен жүзеге асыра алмады. Ол жылдары Иран мұнай саласы бойынша мамандардан да жұрдай болған. Бірақ иранның саяси санасының ояу болғаны түптің түбінде Британия қолын иран мұнайынан қысқартты. Онда: 1. Иранның мұнай қорларын толықтай мемлекет еншісіне өткізді. 2. Британия тарапынан салынған мұнай тазарту заводтарын үкіметке қайтарып, әлемдік озық өндіріс орнына айналдырды. 3. Мұнай саласының техника мен инженерлік кадрлерін түгелдей ұлттық мамандармен толықтырды. Менің білгенім саяси көсемнің қуаты халқының саяси сауаттылығында жатыр. Оны оқыған-оқымаған деп бөлуге болмайды. Егер екі топқа дүниетанымында ұлтын сүю басты мақсат болса, ұлттық рух кемел қуатына енеді.

Уақыт өтеді, тірі адам тірлігін жасайды. Бірақ бұл өмірде адам баласының көргені, білгені, естігені естелік болып жадында қала береді, жойылмай, миының терең қабатындағы қазынасында сақталып қалады. Ал күндердің күнінде керектігі сезілгенде бірінші қабатқа қайта оралып, сананың талқысына түсіп айналымға кіреді екен. Бұны мен өмір бойы тәжірибемнен өткізіп келемін.

Иран мектептерінде он екі жылдық салаландырылған оқу жылдардың шуақты да, қызыққа толы күндерін қашанда қиял сарайымдағы қазаққа махаббатымның шұғласымен мәнденген күндерді артқа тастап он сегіз жасқа толып, оқуымды Ибн Сина мектебінде парсы әдебиеті бойынша салалық үш жылында бітіріп, жоғары оқу орнына түсуге армандап барынша дайындық жасадым. Сол жылдары әр оқушының бағы мұғалім рухани әкесі іспеттес ұстаз болатын. Мен жоғары оқу орынға дайындықты тамамдасам да, айтары жоқ, бір сәтсіздік ол арманды кейінге қалдыруға итермеледі. Уақытымды бекер жұмсамай алдымдағы әскери міндетімді атқарып, оның парызынан құтылайын деп ойландым. Уақытты өткізбестен әскери қызметке баруға бел будым. 1970-1973 жылдар аралығында екі жылдан аса әскери міндетті «білім әскері» шенінде өткізуге әуелі алты ай дайындықты туған қалам Горганның әскери гарнизонында өткіздім, одан кейін қалған мерзімін

Машһад қаласына қарасты Табаткан ауданының Баһар ауылына барып, оқытушылық қызметке кірістім, әрі мектеп директоры, ауылдың апиын егістігінің бақылаушысы болып қызметімді атқардым. Иранның әскери орындарының киесі мен сыйластық өрісі, адами қатынастары тура оқу орындары сияқты аса құт болды. Ондағы өткізген әскери жаттығу, алған білімнің сапасы, офицерлердің ағалық, әкелік қамқорлығы жастарды нағыз патриот тұлға етіп жетілдіреді. Біздің жүрегімізге оқу жылдары мен әскери қызмет жылдары туған жеріміз Иранға сүйіспеншілік сезімін әр қашан сәулелендіріп тұрды. Бұл бұлжымас шындық. Иранның мәдениеті, әдебиеті менің бойымдағы атаның сепкен елдік рухының жетіліп, бой тұмарыма айналуына жол ашты. Бір күн қиялдағы қазақ махаббаты шындыққа айналатынына сендірді. Оқу орындардағы бақылау және әскери гарнизондардағы патриоттық – адами тәрбиенің жөні бөлек болды. Ондағы жүйелі заң, тәртіп, елдік мүдде, адамдық рухқа негізделген атмосфера бәрі бірдей отанды сүюге жетелеп отырады. Сондықтан оқу жылдары да, әскери жылдары да тәтті-сәтті күндермен өле-өлгенше ғажайып сағындыратын тамаша күндер болып есімде сақталып қалды.

Осылайша Баһар ауылында қызметтік күндер өтіп, екі күн демалыс күндерді яғни бейсенбі мен жұма күндерін қызметтес достармен он төрт шақырым қашықтықта орыналасқан Иранның ірі қалаларының бірі Машһадқа барып, қыдырып серуен құрып қайтатын едік. Алайда Горганның бір шетінде оқшауланып тұрған қазақ ауылынды, отбасынды сағынбау мүмкін еместі. Айлар өтіп, туған қалаға, отбасылық ұяға, ауылға, сағындырған ағайын-туыс, дос-жарандарға барып-қайтуға рұқсат берілген күнде келіп жетті.

1970 жылғы әскери демалыс күндерді Машһад қаласынан Горган шаһарына 600 шақырым тас жолды автобуспен бетке алдық. Жүрегімдегі сағыныш құстың да шыдамы сарқылғандай шыр-пыр етіп, шыдамсыздық көрсетіп көңіл қапасында тыпыршып мазасызданып келеді. Қозғалыс уақыт аралығындағы жолды өтіп шықты. Шопырдың көмекшісі: «Құрметті жолаушылар оянып, дайындалыңдар, Горган терминалына жақындап қалдық. Бір нәрсеңізді, жүгіңізді жақсы тексеріп алуды ұмытпаңыз!», - деп ескертуді жасады. Мен болсам тез көліктен түсіп, құс болып үй жаққа ұшқым келіп тұр. Автобус қалай тоқтады, бір сәт аялдамай орынымнан атып тұрып, арсыл-гүрсіл сыртқа атып шықтым. Бірінші ұсынған такси шопырымен келісіп, көлігіне міне салдым, такси ауыл аумағына кіріп, біздің көшеге бұрылғанда бұрын көрмеген бір жиын, бас қосу көз алдыма шыға келді. Таксиден түсіп жиынға қарай бет алдым. Иманды болсын Дәуіт Кедей ағаның екі қабат меншік үйі көше жағынан басталатын баспалдағының ауызынан адамдар тығыз бір-біріне сарылып, жоғары қабаттан әндетіп шығып тұрған бір үнге бар ынтамен құлақ салып тыңдап тұрған көпшілік екен әлгі мен көрген жиын. Көрген бойы құдай сақтасын бір өлім болды ма? Бұл не жиын деп ойлағам. Бірақ әзірде ұға алар емеспін. Жақындай бердім, бұл ғажап, домбыраның күйі мен әуезді үн керемет бір дүниені әндетіп жатыр. Толық байыбына бармасамда мен тыныш өзгелер сияқты беріле тыңдай бастадым. Қобыланды есімі көп естілді. Біраздан соң аяқтады. Көпшілік тым-тырыс болды. Біреулерінің көздерінен жас сорғалап ағылып жатыр. Ешкім сөйлегісі келмейді, өйткені бойына бір ұлы сезімді түгендеп сіңіріп алғысы келетіндей қиял дүниесіне еніп кеткендей күйлері бар. Білмеймін қанша уақыт өткенін жиылған адамдар есін жиып, амандаса бастады. Бәріне сәлем беріп, қолдарынан алдым. Адамдардың басым көпшілігі үлкен кісілер, аға буын. Төменгі қабаттан екінші қабатқа көтерілетін баспалдақ босай бастады, адамдар қимастан біртіндеп тарады. Сосын мен де екінші қабатқа көтерілдім. Кіреберіс



бөлмеде әйелдер отырған мені көзі шалған Аппақ апам бірден: «Айналайын Ислам жан келіп қалыпты», - деп орнынан атып тұрды да мені құшақтап алды. Артынша барлығы жақын-жуық аналар мен апаларым болғандықтан бәрі де сәлемімді алып, тұрып құшақтасып жатты. Анам Зылиқа да ерекше қуаныш сезіммен мені құшақтап біраз аймалады. Аппақ апам Дәуіт ағамыздың зайыбы. Қазақтар арасында бесенді, жанашыр, ағайынға, жек-жатқа, көрші қолаңға көмектесіп жүретін үлкен жүректі алтын жан еді. Ана-апалармен амандасу рәсімі біте сала Аппақ апа мені жетелеп келесі үлкен бөлмеге кіруімді нұсқады. «Онда әкең де, ақсақалдар да отыр, оларға қосылып әңгіме тындап, шәй іш Ислам жаным», - деді. Мен қонақ бөлмеге кіре сала дастарқан төңірегінде жиналып отырған көпшілікке сәлем беріп, оң жағынан бастап қол алысып шықтым. Көбісі біз үшін қариялар боп көрінетін ол кезде. Бәрі амандасып, айналайын аман-есен келдің бе? Өте жақсы болыпты деп кең пейілін, игі тілектерін қошеметтеп айтып жатты. Әңгіме қазақтың дастандар мен салт-дәстүрі туралы жүріп жатқанын байқауға болады. Топ арасына әкем Ақмұрат онымен сырлас достары Шарғи Көрпе, Өтеміс Құнанорыс, Әлихан Олжашы Жеменей, Зайыр Кедей төрде тізіліп отыр. Оларды төңіректеп Ыдырейіс Кедей, Қайырбай Кедей және шаңырақ иесі Дәуіт Кедей тағы біраз адамдар бөлмені лық толтырып шетірек үлкендердің екі жағында орналасыпты. Бір бұрышта қазақтар арасында оқу-жазу білетін интеллекті жоғары Есқали аға отыр. Ағалар менімен хал-жағдай сұрастырған соң әңгімелерін жалғастырды. Әңгіме барсында жиналғандардың сұрауы бойынша Есқали өзінің Кеңестік Қазақстаннан Иранға қонаққа келген қазақтармен қалай кездескен жайын түгел айтып берді. Есқали ағаның сол жылдары түрікмен кілемін Аққала (Пәһләвидеж), Күмбезкавуыс, Бәндәр Түрікмен (Бәндәр Шаһ) қаларындағы түрікмендерден сатып алып Тегранға алып барып сататын саудагер еді. Күннің бір күнінде Тегранның Лалазар базарында көше бойында кілемдерін жайып қойып сатып отырғанда бір топ кеңес адамдарына көзі түсіп, ішінен бір қазақты байқап қалыпты. Сонда Есқали орнынан атып тұрып, оған қарай ұмтыла: «Сіз қазақсыз ба?», - деп сұрақ қойған. Ол кісі болса қашқақтап, Есқалиға қолын сілтеп, аулақ кет дегендей ыңғай танытқан. Оның ізінен қала қоймаған Есқалиға көше бұрышына келгенде ол кісі: «Ертең осы сағатта осында мені күт», - депті де зулап алыстай беріпті. Есқали ертеңгісін берген уәдеге орай түнгі ұйқысынан да қалып кездесу сәтін асыға күтіпті. Ертең уәделескен уақыттан бұрын көше бұрышында әлгі қазақты күтіп тұрған. Ол кісі айтқан сағатта уәделескен мекенге келіп, жан-жағына жауаңдап қарап келе қолында бір дорбаны Есқалиға ұзатып: «Елден сізге сарқыт», - деп келген жылдамдықпен бір сәт артық аялдамай тағы да зулап алыстап кете беріпті. Есқали Шираз қаласында жыл сайын өтетін халықаралық театр өнері мен музыка фестивалына кеңес өнерпаздары қатысатынын сезіп, араларында бір қазақ болып қала ма деген үмітпен екі-үш жыл бойы олардың Теграндағы Кеңес Одағының елшілік ғимараты орналасқан маңайды торауылдап жүреді екен. Оның іздегені осы 1970 жылы іске асыпты. Шираз фестивалы 1967 жылы басталып, 1977 жылы он жылдан кейін жұмысын тоқтатты.

Есқали іштей мәз, қалай болғанда да олжалы шығып, аңсаған ата жұртынан бір сарқытқа қол жеткізді. Баяу қуанышын бойына сіңіре келе көше бойындағы жаюлы кілемдерінің жиегіндегі шағын орындығына отырды. Есқали ағаның бір артықшылығы араб жазуымен бірге орыстың кирилл жазуында оқи алады. Ол отырған соң байыппен әлгі дорбаны ашып ішіндегі тартуға қараса қазақтың ән-күй табақтары екен. Ерекше қобалжумен үстіндегі жазуларды оқи бастады. Олар Қобыланды батыр мен Қызжібек жыр дастандары екен. Горганға қайтып келген соң әлгі олжасын елмен бөлісіп Дәуіт ағаның

үйінде жиналып күй табақтарды тыңдауға тура келген. Өйткені Аппақ апай бірде қызығып граммофон апаратын алғанын білеміз. Үйінде қызыл түсті граммофон тұратын еді. Апа барлық жаңалықтарға сергек қарап, оны алуға әуес жан еді. Біраз уақтан соң ақсақалдардың бірі: «Енді Ақаңның үйіне барып, Зылықаның шәйін ішіп, әңгімемізді жалғастырайық», - деді. Сонда жиналғандар дүрілдеп орындарынан тұрып, біздің үй жаққа бет алды. Біздің үй Дәуіт ағаның көшесінде үшінші қатарда орналасқан көршіміз. Осы тұста мына жайытты айтқанды жөн көрдім. Шарғи Көрпе мен Өтеміс Құнанорыс әкем дүние салған 2004 жылы қырқына дейін тапжылмай азаханасында отырыпты. Және оның қайтыс болғанына көз жас төгіп жылаған екеуі болыпты. Екеуінің де жасы әкемнен үлкендеу еді. Әкем болса 80 жаста. Мен бірде сіздер: «неге жыладыңыз аға», - деп сұрақ қойғанымда: «Әй сіздер баласыз ғой! Бұны түсіне алмайсыз. Оның беделі енді кімде бар дейсіз. Бұдан кейін қазақтарда ақсақалдық дәстүр өлді дей беріндер», - деп жауап берді.

Әкемнің достары емін-еркін жастанып әңгімеге кірісті. Әңгіменің жай-жапсары күй табактан тыңдап келген «Қобыланды батыр» мен «Қызжібек-Төлеген» жыр дастандары және қазақтың керемет ән-күй дәстүрі. Маңғыстаудың кең даласындағы өмірінің қызығы мен шыжығы жайында айта келе кәпір коммунистердің жауыздық істерінен әңгіме қозғағанда Шарғи аға: «Оңбаған кәпірлер тіпті сыртта жүргендерге де тыныштық бермей ізінен қуып келіп әкемізді де керек қылып тұтқындап алып кеткендерін айтпайсыз ба!», - дегенде бәрі үнсіз қалды. Шарғи: «Оразмұғамбет әкеміздің білімі керек болды оларға, елдің айтуынша әкеміз жердің құмына қарап немесе жер жастанып құлағын жерге қойып жер астында мұнайдың бар-жоғын болжайды екен, сол үшінде біреулерге андытып қойған ғой этең ләнеттер. Ақыры ұстап, алып кетті байқұс әкемізді», - деп күрсінді. Мен сол күнгі отырыстағы үлкендердің әңгімелерінен естіп, жадыма өшпестей сақтап келген тарихи дәріс болды. Өйткені ешқашан ұмыта қоймадым. Оның басты себебі сол бір гәптің тамыры терең тарихымызбен байланып тұрған шығар деймін. Себебі менің жасымдағы замандастар бұл сирек әңгімеге арқау болатын тақырыптарға көңіл бөліп, қызу талқыға салып жүрген адамдар тіпті Көрпе ағайындар арасынанда кем кездесетін еді. Тек қана Қазақстан тәуелсіз ел болғанын жариялаған соң Оразмағамбет туралы әңгімелердің арқаны шешіле бастады.

Оразмағамбеттің өмірінің ең маңызды тұсы біз үшін Ирандағы мұнай тарихының бастапқы жылдарында «Дарси келісімі» тұсында елде мұнай саласы бойынша геолог маманның болмауынан Иран ұзақ жылдар шетелдік отаршы алпауыттарға жем болып келгендігі айтылып келді. Сондай-ақ сол жылдары мұнай барлау жұмысына тапқыр маман, нағыз керек адам екенін ойлағанымызда Оразмағамбет геолог маман ретінде елімізге алаш қайраткерлері қатарында мұнай өндірудегі орны тарихи мәнге ие болғанын уақыт өткен сайын тереңдеу ұға бастадық. Әрине жастық шақтағы ондай ірі тұлғаның қадір-қасиетін түсіне алардай саяси санаға ие еместігім де айқын бола тұра, келешекте оның тарихи орны менің зейінімде жылдардың тәжірибесінен, оқыған, білген, естіген дүниелерімен қайнасып, тұтасып, үйлесіп келгенде ұққаным Алаш Орда мемлекеті дербес Елдің үкіметі болып билігін жалғастыра бергенде Оразмағамбеттің ұлттық және мемлекеттік мүддеге қызметі елімізді жаңа даму жолына жетелей алатын қуатына ие болғанын болжау қиын еместі. Тек қана ондай қарқынды қуат, отаршыл саясаттың тосқауылына ұшырап өзге де алаш қайраткерлері қатарында зұлмат қапасында өзінің білім мен ғылымының шамшырағын елінің өркендеу жолына ұстай алмай тарих қойнауына ұлы рухын болашақ ұрпаққа аманат етіп ене бергендей болды. Дербес Алаш

Орда үкіметінің мұнай қорына бай Маңғыстау өлкесінің ұшан-теңіз материалдық қуатын ел игілігіне жұмсай бастағанда Оразмағамбеттей ұлы ғалым, иманды жан Маңғыстау мұнайшылары қатарында өзіндік тарихи орнын анықтап берер еді. Бірақ тарихтың қасіретіне ұшыраған оның бейнесі көмескілеу қалып қалғандай ыңғай танытады. Дегенмен тарих ешқашан елдің тағдырына қам жеген, ойшыл ғалымдарын, иманды перзенттерін ұмыт қалдырмайды. Оған сенемін.

Түмен Балтабасұлы жыр еткен:

Маңғыстау машайықтың басқан жері,

Қасиет-кереметі тасқан жері.

Жер жүзін жел маямен жеті айналып,

Ауғанға Асан бидің асқан жері.

Дегендей Оразмағамбет Маңғыстау тарихының бір машайық ғалымы болып ел жадында қала бермек. Ол қазақтың жоғалған ұрпағының көгінде жарқыраған жұлдыздар қатарында орыны бар тұлға.

Оразмағамбет ғалым ретінде басты ерекшелігі кітапқұмарлығы болғандықтан өзіне тән жеке кітапханасы болған. Оған Маңғыстаудың Сахар тауынан 1957 жылы көмүлі жерінен табылған араб және парсы тіліндегі 51 том кітаптар тізімі айғақ. Аталған кітаптар 1977 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасына тапсырылды. Кітаптардың тақырыбы жалпы діни және діни талдаулар жайында жазылған. Тек қана бір томы «рух баянына талдау» атты кітап парсы тілінде жазылған. Сондықтан Оразмағамбет геолог һәм араб-парсы тілінің білгірі және дін саласының зерттеушісі екенін байқатады.

Оразмағамбет 1882 жылы Маңғыстау өлкесінің Қызылсу мекенінде туған. Оның әкесі Тұрмағамбет өзінің мектебі бар ахун болған. Осыған орай Оразмағамбет бастапқы діни сауатын әкесінің жанында оқып ашып, кейін Бұхара, Хива қалаларына барып оқып жетілдірді. Үндістанның Бомбей университетінде жер құрылысы, қазба байлығы салалары бойынша білім алғанын зерттеушілер айтып жүр. Оған дәлел: 1. Оразмағамбет 1930-1934 жылдары Маңғыстауда Қарабұғаз аймағында геологиялық зерттеу жұмысына қатысқан 2. Сол жылдары Уфа мұнай базасында, Небитдағ мұнай кәсіп орнында және Красновоск (Түрікменбашы) портында ағылшын компаниясымен жұмыс істеген. Бірақ ұдайы Кеңес үкіметінің қысымында болғаны үшін 1935 жылы Иран еліне көшуге мәжбүр болған. 3. Оразмағамбет аса білгір геолог болғандықтан Кеңес билігі мұнай өндірісі жұмысына пайдалану үшін Иранға жансыздарын жіберіп оны 1937 жылдың тамыз айында қапыда ұрлап Ашғабадқа алып келіп түрмеге қамайды. 1938 жылдың 29 қыркүйегінде соттап, оның мал-мүлкін тәркілеп, өзін ату жазасына үкім шығарады. Бірақ ату жазасы оның инженерлік білімін пайдалану мақсатында орындалмайды. Кейін 1942 жылдың 30 қазан айында 61 жасында қайтыс болады.

Оның Ебжан мен Шарғи деген екі ұлы және Панар, Жазила, Қазина атты үш қызы болған. Мен Горган тұрғыны болған Шарғи ағаны әкемнің жақын, сырлас досы болғаны үшін және бір қалада тұрған ауылдас болғандықтан жақын білетін едім. Ал Ебжан аға мен Панар апай Бәндәр Түрікмен қаласында тұрған. Үлкен шаңырақ, көп бала-шағалы отбасы. Иран қазақтары үш қалада тұрып бір-бірімен күнделікті қарым-қатынаста бола алмаса да наурыз, құрбан айт, ораза айтта міндетті түрде бір-біріне айттап, құттықтап дидарласу және бір-бірінің үйіне барып сәлемдесу дәстүріне берік болған. Сол үшін бәріміз бір-бірімізді біліп, танып жүретін едік. Сондай-ақ иран қазақтары өзге ұлт өкілдерінен қыз да

алмайды, қыз да бермейтін болған соң бір-бірімен құда-жек-жаттық есебінен бәрі жақын болып кеткен жайы бар. Мәселен Ебжанның (Мұхаммед) үлкен ұлы Әйюб менің әкемнің бажасы еді. Әкем мен Әйюб иран қазақтары арасында тұңғыш мешіт салдырған, өзінің мектеп-медресесі болған Самарқанд Бәли ахунның күйеу балдары еді. Мен иран қазақтарының қоғамдық қарым-қатынасы, тіршілігі туралы «Аңсау» және «Самғау» атты ғұмырнамалық кітабымда иран қазақтары жайлы кеңінен жазып жатырмын. Тек Алла еңбектің сәтті аяқталуын нәсіп етпей деп тілеймін.

Қазақстанның ғалымдары және Маңғыстау өлкетану зерттеушілері геолог ғалым, дін білгірі Оразмағамбет Тұрмағабеттің өмірі мен еңбектері жайында мақалалар, кітаптар жазып, оның кеңінен елге танылуына еңбек етіп, сүбелі үлес қосты. Атап айтқанда: Қабіболла Сыдиықұлы (1934-2001), Аманқос Мектептегі, Өмірзақ Озғанбай, Тәжіназар Шадықұл, Отыншы Көшбайұлы тағы басқа зерттеушілерді айтуға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ислам Жеменей, Иран қазақтары (тыныс-тіршілігі, салт-дәстүр). Алматы: «Зерде» баспасы, 2007, 152+16 бет.
2. Қабіболла Сыдиықұлы, Атамекен. Таңдамалы өлең-дастандары мен толғаныс-эсселері. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.-424 бет.
3. Маңғыстау энциклопедиясы – Алматы: Атамұра, 1997.- 384 бет+32 түрлі-түсті жапсырма.
4. Отыншы Көшбайұлы, Дала данасы, Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007,-256 бет.
5. Құрастырғандар: Ө. Озғанбай, Т. Шадықұл, Оразмағамбет: Оразмағамбет туралы мұрағат деректер, ел есіндегі әңгімелер, мақалалар мен очерктер, естеліктер мен хат-хабарлар. – Алматы, 1997 ж, 177 бет.
6. Ізтұрған Сарытегі, Мұқаш Омартегі: Ойрандалған адай даласы немесе Мемлекеттік біріккен саяси басқарма құжаттары негізінде халық қасіреті хақында хикая. Алматы: Атамұра, 1995,- 160 бет+ 8 бет жапсырма.
7. Жобаның авторы: Жауғашты Нәби, Қырдағы қырғын: Адай көтерілісі. 1929-1931 жж. Алматы «Арыс» баспасы, 2010,- 432 бет.
8. Автор проекта: Жауғашты Нәби, Перевод с казахского языка; Жумалиевой Бақытжан. С. 20 Степная трагедия: Адайское восстание 1929-1931 гг. –Алматы: Издательство «Арыс», 2010,-448 с.
9. Аманқос Құлтанұлы Мектептегі, Жеті көсем, зерттеу/ Алматы, Қазақ университеті, 2108,- 503 бет.

**Муса Жоржани**  
**Иран журналисі.**

**Эқтесад-е Голстан (Гүлстан экономикасы) газетінің тілшісі**

## **Баршамызға ортақ тұлға**

Ардақты қонақтар, халықаралық конференцияға қатысып отырған көпшілік! Менің ыстық сәлемімді ислам діні жайлаған Иран елінен қабыл алыңыздар.

Алдын ала айтайын дегенім, бүгінгі таңда Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы - тек қазақ пен Қазақстанға ғана емес, барлық адамзатқа ортақ тұлға.

Оразмағамбет әулие-әнбиелер ұрпағынан. Алла Тағала оған игіліктерін төгіп беріп, өзінің мархабатына алып, өзіне жақын тұтқан пенделерінің бірі. Ол Аллаға тәуекел етіп, атасының берген білімі әрі жол сілтеуімен шарапатты Бұхардың діни орталықтарымен

қатар, әлемнің сол кездегі алдыңғы қатарлы, әйгілі университеттерінде білім алған, кейін алған білімін ел игілігіне жаратқан, осы ауыр жолда пайғамбарлар бастан кешкен қиыншылықтарды көрген.

Ұлттық тұлға ретінде танылуға тиіс Оразмағамбет халқына бойындағының барын беріп, осы елдің байлығын гүлденуі үшін пайдалануды армандаған еді. Бірақ аумалы-төкпелі заманда қудалауға түсіп, туған жерден амалсыз айрылып, Иранды паналап, соңында сол жерден ұсталып келіп, Түрікменстанда атылған жан.

Әлемдегі кез келген елдің ұлттық тұлғасы бар. Олар - Алла нұрын төккен, ерекше жаратылған, жүрегінде еліне деген адал да кіршіксіз сүйіспеншілігі мол, адамзатқа әділеттілікті қалаған, сол әділеттілікті орнату үшін жанкештілік жасаған, өзгелердің қайғы-қасіретін өзінің қайғы-қасіретіндей көрген ізгі жандар. Атақты парсы ақыны, гуманист Сағдидың бір шумақ өлеңі Нью Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымы ғимаратының маңдайшасында жазылған:

Адамзаттың бәрі бір дененің мүшесі ғой,  
Жаратылысында о баста бір асылдан.  
Замана мүшенің бірін қинай қалса,  
Өзге мүшелерде тыныштық қалмайды ғой.

Оразмағамбет сияқты адал, еркіндікті сүйгіш, ұлт мүддесін ойлаған тұлғалар әлемнің түкпір-түкпірінде бар, олар - аттары мәңгі өз елдеріне береке-бірлік ұйтқысы бола білген, ардақты адамдар. Сағди айтады:

Жақсы атақ қалса, артында мұра адамнан,  
Артық болмақ алтыннан жасалған сарайдан.

Ұлттық тұлғалар: Оңтүстік Африкадағы Нельсон Манделла, Америкадағы теңдік пен азаттықты аңсаған Мартин Лютеркинг, Конгодағы Патрис Лумумба, Индияның Ганди мен Неруы, Пакистандағы Жамаледдин Асадабади, Ирандағы Амир Кабир, сосын Қазақстандағы Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы.

Оразмағамбеттің бірнеше жыл Иранда тұрғанын әрине білесіздер. Иран топырағына қадам басқанда, Күмістөбеден ұсталып, Қорасанға (Мешхед қаласына) жер аударылады. Бала-шағадан айрылып, ол жерде біршама қиындықтар көреді. Сол кезде Иран Мәжілісінде Мұхаммед Ахун Жоржани сияқты Түрікмен Сахарадан сайланған депутаттың барын біліп, оған арнап хат жазады. Қол ұшын беруін сұрайды, патшаға арызын жеткізуді өтінеді. Сол хаттың көшірмесі менің қолымда, түпнұсқасы Орекеңнің бел баласы Шарғи ақсақалдың қолында.

Сіздерге қызықты болуы мүмкін. Мен сондай қиын-қыстау жағдайда жәрдемдесіп, босануына себеп болған Мұхаммед Ахунның Жоржанидің ұрпағымын. Әкем Рүстем Ахун атамыз Мұхаммед Ахуннан естіген Орекең туралы әңгімелерін айтып отырушы еді. Мен естігендерімді кейін Орекеңнің ұлдары Ебжан мен Шарғиға барып толықтырдым. Алла қаласа, осы естеліктер болашақта парсы тілінде кітап болып шығатынына кәміл сенемін. Мен кезінде бұл жайттардың біршамасын Иран баспасөздеріне, соның ішінде Эқтесад-е Голстан (Гүлстан экономикасы) газетіне басып шығардым.

Мен шама-шарқым келгенше балаларының айтқандарын қағаз бетіне түсірдім. Олар ғалымның басынан өткен ауыр күндерімен қатар, алған білімі туралы да айтып еді. Бәлкім уақыт өте келе оларда көп нәрсені жадынан шығарып алған шығар. Енді соған назар аударсаңыздар.

**Сұрақ:** Мен Муса Жоржани Иран телерадио компаниясының тілшісімін. Өзіңізді таныстырсаңыз.

**Жауап:** Мен, Маңғыстаудағы Қызылсу ауылында 1926 жылы дүниеге келген, Ебжан Оразмағамбетұлымын. Қазір Бендер түркмен қаласында балаларыммен машина жасау цехында жұмыс жасап жатырмын.

**Сұрақ:** Қазақстаннан Иранға қалай келдіңіз?

**Жауап:** Мен 6-7 жасымда коммунистер билікке келді, олардың жауы байлар мен молдалар болды. Олар жұмысшы табын қолдады, байлар мен оқымыстыларды жек көрді, оларды жау санады. Мұсылмандарды қудалап малдарын тартып алды. Ол кезде 40 түйеден көбірек малы бар адам бай саналды, малдары тәркіленді өздері қуғындалды. Сондықтан елдің көбі жан-жаққа кетіп бас сауғалаумен болды. Біздер де елдің бір шамасымен Иранға кеттік. Көп қиындық көріп Иран елінің солтүстігіндегі Каспий теңізінің жағасында орналасқан Күмістөбе ауылына келдік. Кейін Бендер түркмен (сол кездегі Бендірше) қаласына көштік.

**Сұрақ:** Әкеңіз қандай адам еді?

**Жауап:** Әкем қазақ ішіндегі сауатты, әйгілі ғалым еді. Индияның Бомбей қаласында білім алған, геология саласында оқыған диплом алған. Бұхара діни орталығында діни білім алған. Ол Маңғыстауда жерасты байлығы зерттеген. Орыс досымен, Енайронмен (Баярунас болуы керек), бірге жұмыс жасаған. Бұл орыс ғалымы әкеммен бірге оқыған адам әрі досы екен. Әкем көп тексеру мен зерттеу арқасында алтын кен орнын тауып, оны шығарып пайдалану үшін Маңғыстаудағы лауазымды адамдарға хабар берген. Әкем бірнеше ай ішінде біршама алтын шығарады, ал бұл алтын Мәскеуге жіберілген. Бір күні әкем ойланып отырып, өзіне өзі: «Бұл алтын қазақ елінікі, неге оның ақшасы орыстың қалтасына құйылуы керек? Бұл алтын қазақтың болашақ ұрпағына тиесілі, ол Мәскеуге жіберілмеуі керек» деген. Осыдан кейін әкем алтын құмның орнына жүк машинасына жәй топырақ жүктеп Мәскеуге жіберген.

**Сұрақ:** Кейін не болған?

**Жауап:** Әкем осыдан кейін тыныштық болмайтынын сезіп, орыс жендеттері келіп оны ұстап түрмеге жабатынын біледі. Амалсыз қашып бірнеше ай тығылып жүреді, кейін орталығы Истанбулда болған Кеңес үкіметіне қарсы (көсемі Мұстапа Шоқай) топпен хабарласып Истанбулға кетеді де топқа қосылады. Ол кезде Сталиннің диктатурасына, озбырлығына Мұстапа Шоқай қарсы шығып, елден кетіп Истанбулға барған. Мұстапа Шоқай қазақ мүддесі үшін Николай кезінен бастап орысқа қарсы шыққан. Әкем Мұстапа Шоқайды хандарды жақтағаны әрі қазақ мұсылмандарын қолдағаны үшін қуғынға ұшырап Иран қашып кетеді. Әкем сонда (Истанбулда) шамасы медицина саласында да біршама білім алған, бірақ көп ұзамай елге оралып біздерді Иранға жібереді. Ол анам мен әжеме: «Енді мұнда қалуға болмайды, тездетіп Иранға қашуымыз керек. Орыстың жендеттері ізіме түсті, олар Истанбулда да мені іздеді. Мені ұстаса өлтіреді» деген.

**Сұрақ:** Қай жерден қалай Иранға кірдіңіз?

**Жауап:** Әкем бізбен келген жоқ, кейін келермін деген оймен біздерді Иранға бара жатқан елге қосып жіберді. Әкемнің төрт әйелі болған. Олар Манаш, Сәнім (менің шешем), Мақпал (Шарғидың шешесі) ал төртіншісі Қазақстанда қайтыс болған. Иранға келгенімізде үш қыз бала, үш ер бала және үш ана жалпы он адам едік. Біздер: әкеміз Оразмағамбет ахун, Манаш бірінші әйелі, Сәнім екінші әйелі, Мақпал үшінші әйелі, мен, Шарғи, Иранға келгесін қайтқан екі-үш жасында болған үшінші ер бала Ануар, Панар, Жәзилә мен Қазина. Иранға келгенімізде мен 7-8 жастамын, Шарғи менен екі жас кіші еді, әкеміздің істерінен көп нәрсе біле алмайтын шақтамыз. Есімде қалғаны күздің жабырқаңғы бір күні кешкісін шаршап, шалдығып Түркменстан жерінен жаяу Иранға кірдік, Күмістөбе ауылына бардық. Өздеріміздей қашып келген қазақтардың қасында

болдык, әкені күттік, қатты қиналдык. Бірнеше күннен кейін әкеміз келіп өзін Күмістөбе ауылының ІІБ-не барып тіркелді. ІІБ қызметкерлері әкемді тұтқындап Хорасан облысындағы Шаһруд қаласына жер аударды.

**Сұрақ:** Әкеңіз қанша уақыт жырақта жүріп, қашан босап оралды?

**Жауап:** Әкемнің айтуына қарағанда жаяу, арып-ашып Шаһруд қаласына жетеді. Сонда Иран патшасы Реза шаһға хат жазады. Хатында Бұхара діни орталығында білім алғанын, өз жағдайын толықтай жазған. Сонымен қатар сол кездегі аймақ түркмендерінің депутаты Мұхаммед ахун Жоржаниге де хат салып араша түсуіп, босатуын өтінеді.

**Сұрақ:** Әкеңізге Мұхаммед ахун Жоржани көмектесті ме?

**Жауап:** Ия, ол өте жақсы адам болған, әкем сияқты Бұхарада оқыған. Ол кісінің жәрдемімен әкем босап Мешхет қаласына барып сосын Күмістөбе ауылына келеді. Кейін Қожанепес ауылына келіп медресе ашып балаларға дін сабағы мен құран үйретеді.

**Сұрақ:** Әкеңіз тек қана сабақ берді ме әлде басқа да жұмыс жасады ма?

**Жауап:** Ахун геолог болған, ол Қожанепес ауылы мен Бендер түркмен айналасын зерттеп, бұл аймақтың астында үлкен мұнай қорының бар екендігін біліп Реза шаһға екінші рет хат жазады. Хатында мүмкіндік туғызса, құрал-жабдықпен қамтыса, көп мөлшерде мұнай алуға болатынын айтады. Шамасы бұл хат мәжіліста талқыланады. Кеңес үкіметіне бүйрегі бұратын бір мәжіліс депутаты, жансыз Мәскеуге хат салып жағдайды жеткізген. Осыдан кейін Кеңес үкіметі жөндеттері әкем тұтқындау үшін бірнеше рет Иранға келген.

**Сұрақ:** Сіздер сол жерде қалдыңыз ба әлде басқа жерге көштіңіз бе?

**Жауап:** Ия, біздер бірнеше айдан кейін Бендер түркменге көштік. Қожанепес ауылында тұрған кезімізде әкем көшіп келген қазақтарға Горган мен Бендер түркменге қоныс аударуды ұсынады, себебі бұл қалаларда жұмыс табылады, жұмыс істеп, табыс тауып ел қатарына қосыламыз дегенді айтатын. Кейін қазақтардың біршамасы әкемнің ұсынысын қабыл алып екі қалаға көшіп келді. Әкем қашанда жағдайды бақылауда ұстап келді. Ол Кеңес үкіметінің жансыздары жұмыстанып, дайындалып жатыр, олар оны күндердің күнінде ұстап алып кетеді деп ойлайтын, өйткені коммунистік жүйеге қарсы діни қайраткердің де, ғалымдардың да соңына түскені белгілі.

**Сұрақ:** Кеңес үкіметінің жансыздары келді ме?

**Жауап:** Өз қазақтарымыздың арасынан шыққан Кеңес үкіметінің жансыздары әкеммен әбден дос болып жүрген жерін білген екен. Горган қаласында ағайынның бірі той жасап әкем де шақырылады. Әкем қасында бірнеше қазақпен той өтіп жатқан Горганнан Бендер Түркменге келе жатқанда, әлгі қазақтар оны тұтқындап, соқпақ жолмен, өздерімен Түркменстан шекарасына алып кетеді. Төртеуінің бірі достарына: «Оразмағамбетті босатайық, ол атақты адам. Үкімет оны өлтірсе біздер қарғысқа қаламыз, аттарымыз қазақ тарихында сатқын болып мәңгі қалады» деген. Олар бір сәт ойланып келіседі әкемді босатады да кетеді. Кейін бұл төрт адам ұсталып түрмеге жабылған деп естідік. Енді Кеңес үкіметі жағынан әкемді ұстап, алып кету үшін төрт орыс сарбазы Иранға келіп қазақ жансыздарының көмегімен әкемді аңдып жүріп бір күн түнде қолға түсіріп алып кетіп, Түркменстанның Ашхабат қаласының түрмесінде ұстайды. Қолдағы құжаттар бойынша түрмеде бір жыл қиналып 1937 - жылы атылған. Бұл жайтты түрме қызметкерлері Мәскеуге хабарлаған.

**Сұрақ:** Қазақстан егемендігін алғаннан кейін әкеңіздің жағдайы қалай болды?

**Жауап:** Кеңес Одағы ыдырап Қазақстан егемендігінен кейін, Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы ұлтжанды күрескер ретінде ел арасына аты кеңінен таныла бастады. Жыл сайын қазақ елі оны ұлттық ғалым ретінде ұлықтайды. Мен өзім еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанға бардым, әкемді құрметпен ауызға алып, газеттер мен радио теледидарларда оны ұлт мақтанышы деп жатыр. Лауазымды адамдарға әкем туралы мәлімет сұрап хат жаздым. Олар Түркменстанның қауіпсіздік комитетіне хат жолдап осы мәселе жайлы өтінеді. Түркменстанның қауіпсіздік комитеті хаттың көшірмесімен тиісті мәліметтерді маған берді. Хатта Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы төңкеріске қарсы істеріне қатысты 1938 - жылы Түркменстан сотында сотталып ату жазасына кесілген үкімі шығып,

келесі жылы үкім орындалғаны туралы жазылған. Ол 1963 - жылы Кеңес Одағының Жоғары Соты арқылы ақталған.

**Сұрақ:** Әкеңізден қандай құжаттар қалған?

**Жауап:** Қазақстан егемендігінен алғаннан кейін Алматыға бардым. Лауазымды адамдарға жолығып әкем туралы мәлімет сұрадым. Олар маған көптеген құжаттар берді. Мен, болашақта ол ұлы тұлға жайлы кітап жазу үшін пайдалануға, бұл құжаттарды саған, балам Жүсіптің досы ретінде, беремін. Мен сенен басқа ешкімге сенбеймін, құжаттар сенде болсын. Алланың амандығында болайық.

Ебжан Көрпе осы сұхбаттан кейін Муса Жоржаниге әкесі туралы біршама құжаттарды беріп «болашақта кезі келгенде осы құжаттарды кітапқа енгізіп, жариялауын, әсіресе Қазақстан Республикасына жеткізуін» өтінеді. Мен осы аманатты мойныма алып, 20 жылдан кейін Горган қаласындағы Қазақстан Республикасының Бас консулы Айтжан Айдашев мырзаның қолдауымен кітапты басып шығардым. Еңбек көзі қарақты оқырманға әсіресе зерттеушілерге, пайдасы тиіп қалар деген үмітпен ұсынамын.

### **Шарғи Көрпемен әкесі Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы турлы сұхбат**

**Сұрақ:** Өзіңізді таныстырып әкеңіз туралы айтыңыз.

**Жауап:** Мен Шарғи Оразмағамбетұлымын. Осыдан 75 жыл бұрын Қазақстаннан Иранға келдік. Әкемнің аты - Оразмағамбет ахун, ол Бұхарада дін сабағын оқыған, Индияның Бомбей қаласында геологияны оқып инженер болған. Естуімізше Истанбулда да оқыған, ал ол жерде не оқығанын қай университетте оқығанын білмеймін.

**Сұрақ:** Қазақстаннан Иранға қалай келдіңіз?

**Жауап:** Орыс жерінде патша құлап Кеңес Одағы орнап, коммунистер билікті қолға алғаннан кейін көп ұзамай көктен түскен бәледей екінші дүниежүзі соғысы басталып елдің барлығын қара жерге отырғызды. Орыс коммунистері дін-диянатқа қарсы шығып ахунмен жауласты, оларды қорлап тұтқындап өлтірді. Сондай-ақ байларды қорлады малдарын тәркілеп, жер аударды өлтірді. Осылайша ахундар мен байлар амалсыздан коммунистерден қашып бас сауғалап кетті, біздер де мәжбүр болып Иранға қашып келдік. Көшу мәселесі қозғалғасын әуелі әкем Иранға келіп жағдайды тексеріп, елге оралады да біздерді Иранға жіберді. Әкемнің төрт әйелі болған, үшеуі Иранға келген, ал төртіншісі Қазақстанда шамасы ауырып өлген. Олар: бірінші әйелі Манаш, екінші әйелі Сәнім (Ебжанның шешесі), үшінші әйелі Мақпал (менің шешем). Иранға келгенімізде үш ұл, үш қыз үш ана жалпы он жан едік. Он жан: әкем Оразмағамбет, аналарым Манаш, Сәнім мен Мақпал, ұлдар мен, Ебжан және Иранға келгесін қайтқан екі-үш жасында болған үшінші ер бала інім Ануар, қыздар Панар, Жәзілә және Қазина. Қыздардың үшеуі де тұрмыста, үйлі, бала-шағалы. Біздер 75 жыл бұрын Кеңес Одағынан Иранға келдік. Жолда көп қиналды, аштық көрдік ауырдық. Иранға келгесін де түрлі ауру, жоқшылық, дәрі-дәрмектің жоқтығы, дәрігерлік көмектің болмауы жан-жақтан қинады.

**Сұрақ:** Қазақстанның қай жерінде тұрдыңыз?

**Жауап:** Біздер Маңғыстауда, Қызылсу ауылында тұрдық. Теңіз жағасында едік, Қызылсу өзені ағып жататын, суы ащылау бірақ ішуге жарайтын. Сол жерде әкемнің жатқан жері мен мешіті бар, жергілікті адамдар зияраттап басына барады. Ел жыл сайын жиналып садақа береді. Осыдан бірнеше уақыт бұрын әкемді еске алу шарасы өткен, өкінішке орай бара алмадым. Ағайындар жиналып қой сойып, садақа жасап ахун рухына арнап құран оқыған.

**Сұрақ:** Әкеңіз қалай неге Иранға келген?

**Жауап:** Ол коммунистерден қашып, бас сауғалап, қашып Иранға келген. Өйткені құдайдан хабары жоқ коммунистер үшін молдалар жауы болған, көрген жерде оларды қорлап тіпті өлтіретін болған. Қызылсу мен Ақтауда әкемнің Енайрус (Баярунас?) деген орыс досы болған. Олар бірге жұмыс жасаған, екеуі де геолог. Олар Ақтау маңының



топырағын зерттеп жүреді екен, қандай метал әлде мұнай табылу мүмкіндігін іздеп жүретін болған. Бір күні әкем Ақтау маңының топырағын зерттеп жүрсе, Енайрус (Баярунас?) келіп: «Не істеп жүрсің?» деп сұрайды. Әкем: «Осы жердің топырағын зерттеп жүрмін» деген. Досы: «Сіздің ойыңызша бұл топырақтан не табылады?» деп сұрайды. Сонда әкем: «мыс» дейді. Ол: «Жоқ, қалайы бар.» деген. Екеуі бәсекелеседі: егер мыс болса орыс ғалымы мұсылман болады, ал егерде қалайы болса онда әкем кәпір болуы керек. Сөйтіп олар топырақты жергілікті зертханаға алып барып зерттейді. Топырақта мыс бар екендігі белгілі болады, осылайша орыс ғалымы мұсылман болған. Күндердің күнінде екі дос біздің үйде шай ішіп отырғанда, мен шамамен 5-6 жастамын, арттан келіп қателесіп қонақты әкем деп құшақтап сүйіппін. Орыс қонағымыздың баласы жоқ екен, мені ұнатып әкемнен мені өзіне бала қылып алуды өтінген. Әкем «ол әлі кішкентай ғой, аздап өссін, кейін саған бала қылып беремін» деген. Алайда жағдай күрт өзгеріп, әкенің ол жерден Иранға кетуге мәжбүр болады.

**Сұрақ:** Иранға келгесін қайда орналастыңыз?

**Жауап:** Біздер әуелі Күмістөбе ауылына келдік, жергілікті түркмендер арасында алты айдай тұрдық. Сосын Күмістөбе ауылының оңтүстігінде шамамен он шақырымдай жерде орналасқан Қожанепес ауылына көшіп барып жергілікті халықпен алты ай тату өмір сүрдік. Қожанепес ауылында тұрғанымызда жанұя мүшелері болып біріктік, Аллаға шүкір еттік, бірге қуандық. Әкемнің қайда жүргенін ешкім білмеді. Ол бір жылдан кейін келді, Мешхет қаласына жер аударылған екен. Өзбек сарайы деген жерде болған екен. Енді міне барлығымыз бір жердеміз деп қуанып қалдық. Әкем Қожанепес ауылындағы молдалармен шарифат мәселелері жөнінде пікір таласта болып жүрді, осылайша түркмен молдалары оның терең білімін көріп оны белгілі ахун деп мойындады. Бір күні әкем түркмен молдаларымен шарифат жайлы сөйлесіп отырып мына мәселені талқылайды: бір қазақ әйелімен Қазақстаннан Иранға келе жатса, Иранға жетпес бұрын әйелі ауырып жүре алмай қалады. Әйелін тастап күйеуі Қожанепес ауылына келеді. Үш күннен кейін әйел бір топ қазақпен Иранға келеді. Енді мынадай сұрақ туады: әйел бұрынғы күйеуіне тиесілі ме, әлде жоқ па? Әкем түркмен молдаларымен сөйлеседі. Түркмен молдалары бұрынғы күйеуіне тиесілі дейді, алайда ахун әйел бұрынғы күйеуіне тиесілі емес себебі ол әйелін сондай қиын жағдайда, мидай далада тастап кеткен дейді. Соңында екі жақ жауаптарын бөлек қағазға жазып конвертке салып, мәселені шешу үшін Қом (Кум) қаласындағы ахундарға жібереді. Бірнеше айдан кейін әкемнің сөзін растаған жауап келеді. Сонан кейін әкемнің беделі түркмен молдалары арасында өседі, Қожанепес ауылында медресе ашып балаларға діни білім беруге оған рұқсат етеді. Біршамадан кейін ел арасында неге бір қазақ молда түркмендерге имам болып медресе ашуы керек деген сұрақ туады. Адамдардың кейбірі мәселені жақтаса, енді біршамасы қарсы шығады. Соңында әкем ол жерден Бендер түркменге кейін Горган қаласына көшеді. Бендер түркменде әкем балалы болмайды, оның ойынша Бендер түркменнің ауа райы біздерге жақпайды, амалсыздан Горган қаласына көшіп барғасын балалы болып атын Ауғанбибі қояды. Бендер түркменде тұрғанымызда, әкем, қоныс аударып барған қазақтарға үйлеріңізді жермен бірдей қылмай бір метр көтеріп салыңыз, ылғал тартпау үшін астарына ағаш тіреулер орнатыңыз, ылғал ауруға себеп болады, жерге жатпаңыз дейтін. Ол тек қана геолог емес, дәрігер де болған, Түркиеде дәрігерлік оқыған. Әкем Горган қаласына көшіп барған кезде, қаланың екі қақпасы болған: бірі Сәрхаже екіншісі қаланың шығыс жағында. Қазақтар қаланың шығыс жағында орналасқан. Қожанепес ауылында тұрғанда әкем қазақтарға бұл кішкентай жер сондықтан Горган қаласына көшіп барыңыз, өйткені ол үлкен қала жұмыс табылады, жағдайларың жақсарады, ел қатарына қосыласыңыз деп отыратын. Қазақтар парсы халқының қасында тату-тәтті өмір сүрді. Осылайша уақыт өтіп ел жағдайы көтерілді. Қазақтанда төрт баласы бар Қоришан (Құришан?) атты бір кісі Кеңес Одағының жансызы еді. Олар Иран қазақтарының бірнешеуіне ақша беріп хабар тасытып жансыз қылып қойған. Бұл жансыздар әкемді үнемі бақылап, барлап жүретін. Бір күні әкемді алдап оны қала сыртына шығарады. Алдын ала бірнеше орыс сарбазы төбе аржағында жасырынып

жатқан. Әкем сол маңға жеткенде олар оны тұтқындап Түркменстанға алып кетеді де түрмеге жабады, бір жылдан кейін атады. Ахунның ұсталып кейін атылуына себеп болған адамдар өмірден қайыр көрмей өтті, өйткені әкем ишан, әулиелер қатарындағы жан еді. Оны ел Оразмағамбет ишан деп кеткен сайт әулеті дегені. Әкем Бендер түркменде тұрған кезінде Реза шахға хат жазып Бендер түркмен астында мұнай қоры бар, егер оған құрал-жабдықтар берсе мұнай шығаратынын айтқан. Алайда Кеңес Одағының Иран мәжілісіндегі жансыздары арқылы бұл хабар Мәскеуге жетіп, ахунның ұсталып өлтірілуіне бұйрық шығады.

### **Горган қаласындағы Қазақстан Республикасының Бас консулы Айдашов Айтжанмен Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы туралы сұхбат**

**Сұрақ:** Қазақстанның ұлттық тұлғасы Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы жайлы білгенізді айтып берсеңіз.

**Жауап:** Алла атымен бастаймын, аты-жөнім Айтжан Айдашов Горган қаласындағы Қазақстан Республикасының Бас консулымын. Бұрын Қазақстаннан Иранға келген ғалымдар мен ұлылар жайлы естігенмін. Менің Горган қаласындағы қызметіме екі-үш жыл болды. Бүгін жақыннан көру үшін Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының Горган қаласында тұратын немересінің үйіне келдім, қуаныштымын. Гүлстан облысында қазақтар мен түркмендерге тиесілі көптеген тарихи ескерткіштер бар, олар жылдар бойы бір-бірімен тату-тәтті өмір сүріп келген. Голлидағ аймағында 12-13-інші ғасырлардан қалған Сүлеймен Бақырғанның үшінші ұлы Сұлтан Хобби (Сұлтан Үпі) қабірі бар, сондай-ақ түркменнің ұлы ақыны Мақтымқұлы сабақ алған мектеп ұстазы Шағұрбаттың да жатқан жері осында. Кеңестік билік кезінде Түркменстан арқылы біздің қазақ қандастарымыз Иранға қоныс аударған. Барлығы сауатсыз болды деуге болмас. Олардың арасында Бұхарада оқыған Шағұрбат пен Бұхара және Индияның Бомбей қалаларында білім алған Оразмағамбет Тұрмағамбетұлын атауға болады. Оразмағамбеттің геология саласында терең білімі болған. Мен бүгін оның ұрпақтарының шаңырағында отырғаныма қатты қуаныштымын. Осындай тұлғаларды Қазақстанға жалпы әлемге танытуға тырысамын.

### **ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕР**

#### **Отарова Ақмарал Нұрғожақызы**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, ф.ғ.к.,  
қауымдастырылған профессор, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі,  
Ақтау, Қазақстан

Қазақтың қасиетті топырағы XX ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында киелі Маңғыстаудан шыққан алғашқы ғалым Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының да тұлғасы құзар шыңға ұқсайды. Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы аса көрнекті ғалым-геолог қана емес, өз заманының ірі білімпазы, ахундық дәрежеге ие болған аса діни сауатты, ойшыл ғұлама, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде кеменгер ғалым атанды.

Ол туралы Бүкіодақтық мұнай геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институтының аға геологы Г.Я. Гаас: «Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы сол кездегі ағартушы, білімді, өз өлкесінің патриоты болған адам, туған өлкесінің байлығын ашуға атсалысқан белгілі тұлға...» деп таңғалған. Ал өлкеміздің белгілі ақыны Өмірзақ Қалбаев: «Ертеде Оразмағамбет айтқан екен, Байлық деп Маңғыстаудың сай-саласы. Ғалымның айтқан сөзі рас болып, Бұл күнде кенге толды иен даласы. ...Надандар нені білсін оқымаған, Көңілге

оқу-өрнек тоқымаған?! Ғалымдар Оразекем, Шәкерімдей, Өмірге сирек келер мұндай адам...?!» деп жырға қосқан.

Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы өмір сүрген дәуір Кеңес үкіметінің өсіп-өркендеу уақытына тұспа-тұс келген. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда ешқандай жоғары оқу орны болмаса да, қазақ жастары аш-жалаңаш жүріп-ақ оқып, білім алуға ұмтылған. Солардың бірі – қазақ халқынан шыққан алғашқы ғалым-геолог, өз заманында Бомбей университетін тәмамдап, қала берді, Бұқара, Хиуа, Стамбул, Үргеніште білім алып, ислам негіздері мен қағидаларын жетік меңгерген дінтанушы ғұлама, Алашорда партиясының белді мүшесі Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы болатын.

Өз заманында жасындай жарқырап, халық-ағарту, ғылым саласында, қоғамдық-саяси өмірде жауапты қызметтерді атқарған Оразмағамбет 1881 жылы Қызылсу жерінде дүниеге келген.

«Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дегендей, өз әкесі Тұрмағамбет хазірет те кезінде Орта Азияға белгілі, діни мектебі бар, ахун болған болған. Оразмағамбеттің әділеттен таймайтын табанды азамат болып қалыптасуына тағдырлы ғұмырының да, текті әулеттен тарағандығының да айтарлықтай ықпал еткені даусыз.

Алғашқы сауатын әкесінің мектебінен ашып, 10-11 жасында Көне Үргеніште, 1895 – 97 жылдары Хиуа, Бұхарадағы медреселерде оқып, 1897 – 1900 жылдары Бомбей қаласында арнайы инженер-геолог мамандығы бойынша білім алған. 1900 – 1903 жылдары қысқа мерзімдік оқулармен Түркия, Иран, Германия елдерінде білімін жетілдірген.

Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы 1903 жылдарға таяу туған жеріне табан тіреп, 1930 жылға дейін ағартушы-ахундық, геолог-ғалымдық, шипагерлік, халық дәрігерлігі, тағы басқа да саладағы қызметтерін абыроймен атқарды. 1926 жылы Адай уезінің бас имамы Нұрғияз ахун қайтыс болғаннан кейін Түпқараған болысындағы ауылдарға имамдыққа тағайындалғандығы туралы 1926 жылы 9 қарашада Уфа мұсылмандар мүфтиятының декларациясы берген құжат сақталыпты.

Жергілікті жастарға білім беру мақсатында 1919 жылы ағайындарға асар айтып, Қызылсу ауылында мектеп-медресе салдырады. Онда балалар 1930 жылға дейін оқыған. Мектеп-медреседе діни пәндермен қатар жаратылыстану пәндерін, орыс тілі, арифметика сабақтарын арнайы шақырылған мамандар оқытады. Жер құрылысы, қазба байлығы, ауа райы, өсімдігі, шығыс медицинасы, халық емшілігі сияқты ғылымдарға ерекше назар аударады. Мал, адам ауруларын емдейді.

Ол "Алашорда" қозғалысының батыс аймақтағы беделді де белді мүшесі болып, "Алаш" қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Қаратаевтармен байланысын үзбей, елі үшін еңіреген талай азаматқа қол ұшын созып, мүмкіндігінше көмегін аямайды.

Орыс, түрік, ағылшын, парсы, араб, үнді тілдерін жетік меңгерген 1935 жылы ғалым Кеңес үкіметінің қыспағынан қашып, Иранға қоныс аударады. 1929 – 1938 жылдарда дін өкілдерін қудалау кең өріс алғандығы белгілі. Сол бір ел басына күн туған зобалаң кезде өзі ахун, әкесі хазірет, жастарға шарифат білімін беруші, Алашшыл, Маңғыстаудағы кен шығаратын орындарды қасақана айтпаушы деген жалған айыптар тағылып, қудалауға түседі.

1937 жылдың тамыз айында Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті тыңшылары тұтқындап, Ашхабад қаласының түрмесіне қамайды. Қолға түсіп, жауапқа тартылғанда "Мен "Алашорда" ұйымына 1926 жылы кірдім. Ұйымның мақсаты дін жолын, мұсылмандарды қорғау екен" деп тайсалмай жауап береді.

1938 жылы 29 қыркүйекте КСРО Жоғары Әскери коллегиясы «халық жауы» деп ұйғарып, мал-мүлкін тәркілеп, өзін ату жазасына бұйырды. Бірақ сол кезде инженерлердің жетіспеуіне байланысты, оны «жабық мекемелерде» ұстап, қазба байлықтарды зерттеу жұмыстарына пайдаланады. 1963 жылғы 28 қазанда Красноводск қаласындағы неке бөлімі берген өлім туралы куәлікте «Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы 1942 жылы 61 жасында 30

қазанда қайтыс болды» деп көрсетілген. Міне, осы жолдардан-ақ оның тағдырдың теперішін аз көрмегенін байқауға болады.

Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы КСРО Жоғары соты Әскери коллегиясының шешімімен 1963 жылы 27 қыркүйекте толық ақталғанымен, мұрағат құжаттарында оның сүйегі қайда жатқаны анық айтылмаған, фотосуреттері де сақталмапты.

Оразмағамбеттің кітаптары өзі ақталардан 6 жыл бұрын, яғни 1957 жылы Сахар тауынан табылған. 120 кітап әуелі Атырауға, одан кейін Алматыға жіберіледі. Содан қалған 51 кітап 1977 жылы қазіргі Алматыдағы Ғылым Академиясының орталық кітапханасында сирек кездесетін қолжазбалар мен кітаптар қорына тапсырылған. Көбі былғары тыспен тысталған кітаптар 18-19 ғасырларда Египетте, Ыстамбұлда, Қазанда, Ташкентте басылған, араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған, біразы өте сирек кездесетін кітаптар болып шығады.

Кітаптардың арасында Мұхаммед Захидің «Араб әдебиеті мен тарихының теориясы», Абдул Фаттың Эфейдің «Арабшадан парсы тіліне аударма жасау тәсілдері мен араб әдебиетінің нұсқаулары», Жамалиддин Аспахамидің төрт томдық пәлсапалық трактаты, парсы әдебиетінің классигі Жәмидің толық жинағы секілді кітаптармен бірге, өлең өлшемдері, парсы тілінің энциклопедиялық сөздігі, араб тілінің грамматикасы мен дұрыс жазылу емлесі, терминдік қосалқы сөздердің түсінігі, психология, астрономия, жағрафия, алгебра, логика, этика жайында ғылыми кітаптар болған.

Тәуелсіздік дәуірінде, тіпті одан алдын да ғалым мұрасына қызығып, оның ғибратты ғұмыры мен дінтанушылық қызметі жайында қалам тербегендер аз емес. Олардың қатарында Б. Дәулетұлы, Б. Халелов, М.Әбдіхалықов, Ө. Қалыбаев, О. Көшбаев, Ө.Озғанбаев, С. Балқаев, Қ. Игібай, М. Жоржани, Ә.Спан, Б. Адамбаевты т.б. атап көрсетуге болады.

Өзінің талайлы тағдырында білімпаздығымен де, діни қайраткерлігімен де ұлт болашағы, ұрпақ ертеңі үшін өлшеусіз еңбек сіңірген Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының ғылыми идеялары мен мұрасын дәріптеу жолдарын талдап, өскелең ұрпақты ғұлама ғалымның озық ой, білім, парасаты үлгісінде құндылықтарға баулу, білім-ғылым биігіне жетелеу, халқын сүйуге баулу – қай-қайсымызға да парыз болмақ.

Өйткені, Оразмағамбет тағылымы халқымыздың келешегіне, рухани өркендеуіне әрдайым серпіліс беріп, ықпалы зор өшпес мұралар санатынан орын алары ақиқат.

## ҰЛЫ ТҰЛҒА ЕҢБЕГІ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

**Дыбысова Роза Текебаевна,**

О.Тұрмағамбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі  
басшысының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Құрметті қонақтар, қадірменді әріптестер! Маңғыстау өңірінің төл перзенті, ғұлама ғалым, дінтанушы, ақын, халық емшісі, ағартушы Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының құрметіне ұйымдастырылған бүгінгі шараға қош келдіңіздер!

Мен колледж тарихына қысқаша тоқталуды жөн көріп тұрмын.

Қазіргі **Маңғыстау индустриалды-техникалық колледжі** кезінде Жаңаөзен мұнай және газ колледжі болып аталғаны баршамызға белгілі.

Жаңаөзен мұнай және газ колледжінің тарихы **1985 жылдан** басталады. 1985 жылы Кеңестер Одағының мұнай өндірісі министрлігінің бұйрығымен Гурьев политехникалық техникумының филиалы негізінде құрылды.

**1991 жылы 31 тамыздан бастап**, оқу орны Жаңаөзен мұнай техникумы деп аталды. Ал **1995 жылы 11 қарашадағы ҚР білім министрлігінің №312 бұйрығымен** Жаңаөзен мұнай және газ колледжі аты берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің **21.04. 1999 жылғы № 441 қаулысы** негізінде Жаңаөзен мұнай және газ колледжіне **Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының** есімі берілді.

Кезінде колледждің ашылуына ат салысып, көп күш-жігерін жұмсаған, үлкен парасаттылықпен аймақтың болашағын сол кезден бастап ойлап, болжаған, Жаңаөзен қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Бекбосынов Нұрлыхан Өтеуұлын ерекше құрметпен атап өтеміз. Бекбосынов Нұрлыхан Өтеуұлы жобамен 2012 жылы колледжге арнайы келіп, колледждің мұражайымен танысып, әңгімелесіп, өзінің ойымен бөліскен болатын. Мұнай - газ колледжінің ашылуына, еңбек нарығына енуіне, оқу орны ретінде пайда болуына ат салысқан бірден-бір басшы, ол Нұрлыхан Өтеуұлы.

**1985 жылы** ағаның Жаңаөзен қаласының партия комитетінің бірінші хатшысы болып еңбек етіп жүрген кезі мұнай өндірісіне орта буын мамандар өте қажет болған, техник - технологтар, операторлар, бұрғышылар, техник-механик жетіспеген, көрші мемлекеттерден мамандар шақырып әкеліп жүрдік дейді. Содан жоғары партия комитетіне бірнеше рет барып, (ол кезде Москваға бару керек екен) қалаға мұнай-газ саласының мамандарын дайындайтын оқу орны керек деп мәселе көтере берген. Ақыры 1985 жылдың басында келісімді ауызша алады, бірақ қаражат әліде бөлінбей тұрып, құрылысты бастап кетеді. Сонымен, бір сөгіс алып, құрылысты аяқтап іске қосады. Өз аузынан алынған мәлімет. Осындай адамдардың еңбегін атап өтпесек, еске алмасақ ұят болар. «Колледжге О.Тұрмағанбетұлының есімі берілгеніннен хабарым, менің де үлесім бар, ғалым-геологтың есіміне сай еңбек етуге жұмыстаныңыздар» - деген екен.

**1989 – 2000 жылдар** аралығында демократиялық негізде мұнай техникумына директор болып Медиханов Қаржаубай Медиханұлы сайланды. Қаржаубай Медиханұлы іскерлігінің, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында техникумның оқу-материалдық базасы бұрынғыдан да нығайды. Қаржаубай Медиханұлы басшылық жасаған жылдары көрпе ауылының бетке ұстар азаматтары келіп, О. Тұрмағанбетұлы туралы айтып, түсіндіріп, насихат жұмыстарын жүргізіп, колледж ұжымымен кездесулер, жиналыстар өткізіп, ақпарат беріп, колледжге ғалым-геологтың есімін беруді ұсынады, құжаттармен дәлелдейді. Қаржаубай Медиханұлы басталған істі әрі қарай жалғастырып, жұмыстанып, ақыры ғалымның есімі оқу орнына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21.04. 1999 жылғы № 441 қаулысымен беріледі.

**1996 жылдан** бастап колледждің инженер-педагогикалық ұжымы ғылыми-шығармашылық жұмыспен кеңінен айналысып бастайды, мұнайхимиялық өндіріс технологиясы мамандықтары оқу бағдарламаларын, білім беру стандарттарын құрастыру, жасақтау, жазу жұмыстары, оны ҚР Білім және ғылым министрлігінде қорғау, талдау жұмыстары жүрген.

Осы жылы Қаржаубай Медиханұлы, негізгі мамандығы «инженер-механик», «Мұнай-газ кәсіпшілігінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандығының білім беру стандартын жасақтап, Білім министрлігінің Ғылыми кеңесінде «жақсы» деген бағаға қорғап шығады.

Қаржаубай ағайдың айтуы бойынша сол іс-сапардан кейін мұнайхимиялық өндіріс технологиясы мамандықтарының білім беру стандарттарын жасақтауды Жаңаөзен мұнай және газ колледжіне тапсырады.

**2000 жылдың сәуір** айынан бастап колледж республика көлемінде мұнайхимиялық өндіріс технологиясы және мұнай-газ ісі мамандықтары бойынша Республикалық Оқу-әдістемелік бірлестік болып тағайындалады.

Осы еңбектің барлығы оқу процесінің жан-жақты жетілуіне, оқу орны ретінде кеңінен танылуына, ғалым-геолог О. Тұрмағанбетұлының есіміне лайық болудың іс-әрекеттері деп білемін. Қаржаубай Медиханұлының қажырлы, сауатты еңбегінің нәтижесі деп түсінуіміз керек.

**2000-2006 жылдар** аралығында колледждің директоры ретінде Игібай Құрман Жылқышыұлы еңбек етті. Колледждің ілгері басуына, республикалық көлемінде танылуына, оқытушылардың шығармашылық қабілеттерінің жетілуіне, өз бетімен оқулық, электрондық оқулық, оқу әдістемелік кешендер жазуына, олардың байқаулардан өтуіне үлкен еңбек сіңірді.

Шығыс Маңғыстау өңіріне бірнеше рет экспедиция ұйымдастырып, белгілі ғалым, геолог,

өлкеміздің төл перзенті Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының еңбегін, өмір сүрген жерлерін зерттеп, облыстық ғылыми - практикалық конференция ұйымдастырып, керемет мұражай жасақтады.

Маңғыстау түбегінің Шығыс өңірін зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды, атап айтсақ:

**2000 жылдың көктемінде** бірінші бір күндік оқытушылар мен студенттерден құралған экспедиция ұйымдастырылды. Сахар тауының етегін, үстін барлап, оның ұшпадағы үңгірлері тексерілді.

О. Тұрмағанбетұлының артында қалған мұраны зерттеу келесі жылы жалғасын тапты. **2001 жылы мамыр айының 21-26 аралығында** шығыс өңірді зерттеп, елді мекендерде сонымен қатар О.Тұрмағанбетұлы болған Қызылсу маңындағы бұлақтарды аралап, Оразмағанбеттің кітаптарын тапқан азаматтармен кездесулер жүргізілді. Сахар тауындағы **19** үңгірді зерттеп, Оразмағанбет жайлаған жерден пайдаланған құралдарын тапты.

Экспедиция жүрісі «**Жаңаөзен**» газетінде жарық көрді.

Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының өмір тарихы туралы мұражай ашылды. Колледжде ғалымның бюсті орнатылды. **2002 жылдың 25 мамырында** О.Тұрмағанбетұлының туғанына 120 жыл толуына орай облыстық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылып өтті.

Оразмағанбеттің 120 жылдық мерейтойы өте салысымен экспедиция ұйымдастырылып жолға шықты. Экспедиция **Қарымжарық құмын** кесіп өтіп **Сәксорқа** құмын жағалап **Аққұдыққа** бет алды. Оразмағанбет жайлы мәліметтер жиналды.

Сапар бойы экспедиция мүшелері таңбалы тастарды, әулиелерді, керуен жолдарды, талай-талай қанды оқиғаларды басынан өткерген жерлерді көріп өтті. **Көкесем** әулиесінен Маңғыстауға ғана тән айшықты архитектуралық құрылыстар, нұсқаулар көріністері ерекше әсер қалдырды. Барлық тарихи көріністер суретке түсіріліп, бейне таспаға түсірілді.

Экспедиция Оразмағанбет жүріп өткен жолдармен өлкеміздің көптеген тарихи орындарын көріп, ел аузынан әр түрлі деректер жинап әкелді.

«**Сахар**» тауының үңгірлерінен араб тілінде жазылған, қаптардағы кітаптар жинағын тапқан, бірақ кітаптардан тек қиындылар қалған екен. Кітаптар қиындылары Алматы қаласының зерттеу институтына тапсырылған болатын, бірақ қағаздың сапасының өте төмен болуына байланысты тұжырымды нәтиже шығара алмаған, тек сол қиындылардың діни кітап екенін айтқан.

Осы экспедициялардың қорытындысы бойынша колледждің бұрыннан бар мұражайы толықтырылып, күрделі жөндеуден өтіп, жаңартылып, жаңғыртылды. Экспедициядан табылған дүниелер, жазылған мақалалар, аудио, видеотаспалар орнатылды.

Толыққанды мұражай ретінде жұмыс жасап, жауапты қызметкер тағайындалып, мектеп оқушыларына, студенттерге, келген қонақтарға экскурсиялар жасалып тұрды. О. Тұрмағанбетұлы туралы барынша материал сол жерге жинақталып, насихатталды.

**2009 жылдың мамырында** – кезекті ғылыми-практикалық экспедиция ұйымдастырылды. Экспедицияның бұл жолғы сапары - Шығыс Маңғыстаудағы **Жабай** ұшқан тауы болды. Экспедиция **үш-төрт** күн ішінде өз сапарын аяқтап, елге оралды.

**2012 жылы** ахун бабаның **130** жылдығына арналған облыс көлемінде ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.

О. Тұрмағанбетұлының 125 жылдығына арналған конференцияға Ираннан келіп ахун-бабамыздың екі ұлы, немерелері, ағайын-тумаластары, жақындары кеңінен қатысты. Олардың сонша алыс жерден келіп, бас қосуна мұрындық болған, ат салысқан, Иранға

іс-сапарға барып, кездесіп, жүздесіп, шақырып келген азамат, Қазақстанның үздік өлкетанушысы, жазушы-журналист **Отыншы Көшбайұлы**.

О.Тұрмағанбетұлына арналған барлық конференцияларға, экспедицияларға арналған ұйымдастыру, өткізу жұмыстарына әр уақытта қатысып, ақыл-кеңесін беріп, бағыт-бағдар беруден бас тартқан емес.

Құрметті Отыншы мырза, сіздің есімізді колледж ұжымы құрметпен айтып жүреді, үлкен алғысын білдіреді.

2023 жылдың 20 қаңтары күні Маңғыстаудың біртуар перзенті, ағартушы геолог-ғалым Оразмағанбет есімін ұлықтау, ғылыми идеяларын өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының туғанына 140 жыл толуына орай «Заманының заңғар биігі» тақырыбында аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырды.

Конференцияның пленарлық отырысы Жаңаөзен қаласындағы «Мұнайшы» мәдениет сарайында өтті. Конференцияға Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Ж.Ұ.Аймағамбетов, Маңғыстау облысы білім басқармасының басшысы Д.Н.Жұмашова, әлеуметтік серіктес мекеме басшылары, ғалымның ағайын-туыстары қатысты.

Конференцияда Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Ж.Ұ.Аймағамбетов, Маңғыстау облысының білім басқармасының басшысы Д.Н.Жұмашова, Оразмағанбеттің өмір жолын, ғылыми еңбектерін зерттеп жүрген белгілі өлкетанушы Отыншы Көшбай, аудармашы Тобыш Нияз, журналист Мұратбай Жетекбай, ардагер-ұстаз Б.С.Алипбаева баяндама жасады. Ардагер-ұстаз Балқаев Тұрмамбет, ақын Қаржаубай Рейімбайұлы жырдан шашу шашты.

Конференция барысында Оразмағанбетті зерттеп жүрген ел ағаларына, Қызылсудағы мешіт үйін қалпына келтіруге үлес қосып жүрген мекеме басшыларына, Рахат аулындағы мешіт үйін ашқан азаматтарға «Оразмағанбет» қоры атынан «Оразмағанбетке 140 жыл» мерекелік төсбелгісін табыстады.

Ғалымның шығармашылығына арналған тағылымы мол конференциядан өскелең ұрпақ бабамыздың артында қалған ғибратты мұрасымен қайта қауышып, ұлағатты тұлғаның өмір жолынан парасатты ой түйе білер маңызды шара болды.

Конференция қорытындысымен ұсыныстар берілді.

1. Жергілікті басқарушы органдарға көрнекті ғалым, тұңғыш геолог, діни ғұлама, ағартушы, қоғам қайраткері Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының есімін ұлықтау мақсатында қаламызда ескерткіш орнату, көшеге есімін беру;

2. Ғалымның геология саласындағы мұраларын өскелең ұрпаққа таныту, насихаттау мақсатында жыл сайын республикалық «Оразмағанбеттану» оқуын ұйымдастыру. Осы ұсыныс негізінде жоспар жасақталып, жұмыстар жүруде.

Сонымен, Оразмағанбет туралы едәуір ойлар қозғалды, оның өмірі хақында, ұлылығы жайлы біраз пікірлер айтылды. Атамыздың үміті ақталды, арманы орындалды, тарихы тұғырын түзеп, төріне түрлі тарландарды әкелді. Ұрпақ жадында олардың ұлағаты ұмытылмасы хақ.

# ТЕХНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

## ИННОВАЦИОННЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ТЕХНИКИ И ТЕХНОЛОГИИ

ӘОЖ 378.046.4

### МЕКТЕПТЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Сынабаева Н.У.

Ғылыми жетекші: Урбисина Г.У.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Мақалада мектептерде сапалы білім алуға бағытталатын бағалау критерийлерін қолданудың мәні ұсынылған.

**Түйінді сөздер:** критериалды бағалау, оқу жетістігі, бағалау критерийлері.

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Ұстаз кәсіби білімін үнемі жетілдіріп отыруы керек. Қазіргі таңда еліміз дарынды балалар тәрбиелеуде зор көңіл бөлініп отыр. Сондықтан оқыту мен дамытудың жаңа мазмұнын құруға, оның әдістемелік жүйесін іздестіру мәселелеріне мән берілуде. Балалардың интеллектуалды қабілеттерін анықтау және дамыту үрдісі орталықтың құрылымдық бөлімшелерінде әрбіреуінде бірегей білім беру ортасын құру арқылы жүзеге асады. Оқушылардың интеллектуалды қабілеттерін анықтап, оны одан әрі дамытуда дамыта отырып оқыту технологиясының маңызы зор.

Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды.

Қазіргі кезде оған жететін жаңа педагогикалық технологияларда баршылық. Соның бірі - критериалды бағалау жолдары.

*Критерийлік бағалау жүйесі*- қандай да бір оқу материалы қаншалықты мөлшерде меңгерілгендігін анықтайтын, іс жүзіндегі дағдылар қалыптасатын, оқу курсына бекітілген белгілі бір талаптардың ең аз көлемін меңгеру деңгейін салыстыру мүмкіндігі анықтайтын жүйе.

Критериалды бағалауды енгізудің *мақсаты* — мектепте білім беру сапасын көтеру, мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

#### **Критерийлік бағалау**

- Оқушының жеке басы емес, оның жұмысы ғана бағаланады;
- Оқушының жұмысы басқа оқушылардың жұмысымен емес, эталонмен салыстырылады, (үздік орындалған жұмыс үлгісімен), эталон оқушыларға алдын ала белгілі;
- Оқушы өз жетістіктері мен өзінің бағасын анықтайтындай бағалаудың нақты алгоритмі жасалған;



• Оқушыға берілген білім ғана бағалана алады, сондықтан бағалау критерийі - оқу мақсаттарының нақты көрінісі.

### **Оқушының жетестігін бағалау принциптері.**

Мұғалімге өз қызметінде мынандай принциптерді басшылыққа алуға тура келеді:

• *Маңыздылық.* Оқушының білім алудағы және іс – әрекетіндегі неғұрлым маңызды жетістіктерді бағалауға көңіл аудару.

• *Теңбе-теңдік.* Оқушының білімінің, іскерлігінің, дағдысының, құндылықтарының, мақсаттағы құзіреттілігінің және оқудағы жетістіктерінің бағаларының сәйкес болуын қадағалау.

• *Шындық және әділдік.* Нақты бағалау критерийін жасап жүзеге асыру. Критерий бағалауды және белгі қоюды оқушыға қысым жасау қаупінен арашалайды.

• *Интеграциаланған.* Бағалауды жүзеге асыру жоспарлы және жан-жақты ойластырылған оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады.

• *Ашықтық.* Бағалаудың критерийі мен әдістерін тапсырманы орындамас бұрын хабарлау. Оқушылар бағалау критерийін жасауға да қатыса алады.

• *Қолжетімділік.* Барлық білім алу процесіне қатысушылар үшін бағалау процесінің қарапайым және оның түрлері мен әдістерінің айқын болуына ұмтылу.

• *Жүйелілік.* Бағалау процедурасын тізбектей және жүйелі орындау.

• *Мейірімділік.* Оқушы мен мұғалімнің арасында жетістіктерді арттыруда серіктестік қатынаста болуға жағдай жасау.

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды. Бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Біріншіден, оқушының қызығушылығы артады, екіншіден, мұғалімнің жұмысы да жеңілдеуі мүмкін (оқушылар бірін бірі бағалау, топпен бағалау, топты бағалау әдістерін қолданғанда).

**Бағалау** - оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Бағалау, көбінесе, баға қоюдың синтездік түрі (1-ден 5-ке дейінгі ранг) арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

1960-жылдардан бастап формативтік (қалыптастырушы) және суммативті (жиынтық) бағалау терминдерінің арасындағы айырмашылық енгізіле бастады. Нақтырақ айтқанда, жіктеу үшін өткізілетін оқуды бағалау және оқытудың бөлігі ретінде бағалауды қолдану болатын оқыту үшін бағалау арасында. Оқытуды, әдістерді жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған оқыту үшін бағалау (ОҮБ) дербес тұжырымдама ретінде 1999 жылдан кейін қолданысқа енді. Бағалау оқытудың алға жылжуын белгілейді және өзінің функциясы бойынша бағалау жиынтық (оқуды бағалау) болып саналады (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 56 бет).

Оқушыны қандай мақсатта, не үшін, қалай бағалаймыз? Бағалау кезінде мынадай мақсаттар болуы мүмкін: оқытудың қиындықтарын анықтау, жетістікке жеткендегі кері байланыс, уәж, болжау, стандарттарды бақылау, бағдарламаның мазмұны мен стилін

бақылау. Бұл келтірілген барлық бағалаудың түрлерінде бақылау, интерпретациялау, қорытындылауды қамтиды.

«Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі білім беру, оқыту үдерісіндегі әдіс-тәсілдердің барлық түрлерімен байланыста болады. Бұны меңгеру үшін қалған модульдердің мазмұнын игеру қажет, болжау, сұрыптау, бақылау, жоспарлау әдістерін меңгеру керек. Оқушылардың алға қарай даму мақсатында жұмыс нәтижелерін, өз-өздерін бағалай білуі керек. Оқуды бағалаудың мақсаты — оқушылардың оқып білгенін жинақтау. Бірақ, маңызды мәні бар тест жүйесі арқылы оқушылардың білімін бағалау оқыту үдерісіне кері әсерін тигізуі мүмкін (Assesstment Reform Group, 2002 б.).

Мұғалімнің оқушыларды бағалауы — ол оның білімін топтау, белгілі бір шаблонмен салыстыру. Мұғалімнің іс-әрекеттеріне қарай, шеберлігіне қарай оқушыларды бағалауда бірнеше әдістерін қолдана алады: жеке, жұптық, топтық, жиынтық, қателер талдауын, салыстырмалы түрде, өздерін-өздері, кері байланыс, т.б. Оқушының мұғалімге деген сенімі артады, көзқарасы өзгереді.

Оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау модулі бағдарламаның басқа модульдерімен тығыз байланысқан. Бұл модульді пайдаланғанда барлық жаңа тәсілдердің мазмұнын дұрыс игеру керек, орынды пайдалану керек. Оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау модулі оқушылардың білім деңгейін анықтауға, алдағы жұмыстарды қалай жоспарлау керектігі, алға қойған мақсатқа жету алгоритмін құру керек. Барлық модульдер бір-бірімен өте тығыз байланысқан. Сабақ беру кезінде бір модульді пайдаланға басқа модульдің міндетті түрде кірістірілетінін сеземіз. Екінші жағынан, кез келген модульді пайдаланғанда оның нәтижесін біліуіміз керек, яғни қаншалықты сабақ беру кезінде таңдап алынған модульді пайдаланғанымызды бағалауымыз тиіс.

Қазіргі кезде оқытудың көптеген жаңа технологиялары жайлы айтылып, бұқаралық ақпараттар құралдар арқылы да жарияланып келеді. Бұған көптеген материалдар бар. Оқуды бағалау тақырыбы өте күрделі және мұғалімнің оқушыға қоятын бағасы өте тиянақты, әділ, маңыздылық пен дәлелділік, жариялылық пен қарапайымдылықпен сипатталатын болса, оқушылардың да оқуға деген ынтасы артуына, қандай да бір мақсатқа жетуіне ықпал етеді деп есептейміз. Оқушылар тапсырманы шығармашылықпен, ізденіспен орындаса, тақырып мазмұнын суреттеп берсе, ол жұмыс жоғары бағаланатынын біледі. Кез келген іс-әрекетте өзінің қиындықтары болады. Жаңа бағдарламамен жұмыс істеген мұғалімдердің де өздеріне лайықты жетістіктері мен кедергілерге кездесетіні болады. Мұғалімдер мектеп іс-тәжірибесінде оқушыларды формативті бағалаудың бір ғана түрін қолданады. Оқушыларды білім алуға ынталандыруда формативті бағалаудың 12 түрін толық қолдануы оң нәтижелерін берері сөзсіз.

*Формативті (қалыптастырушы) бағалау*— оқушының білім алуын үнемі бақылап отыратын мақсатқа бағытталған үзіліссіз процесс. Формативті бағалау «формальды емес» (көбінесе белгі қоймай) бағалау болады. Ол бағалау критерилеріне сәйкестікке негізделіп, кері бойланысты ұстанады. Егер нәтиженің бағасы анықталған қажеттіліктерді ескеріп, оқу процесін жақсартуға қолданылса, онда бағалау формативті болады.

*Формативті (қалыптастырушы) бағалаудың мақсаты* - оқу процесі арысында оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетіне түзетулер енгізу болып табылады. Түзетулер енгізу білім алу нәтижесін жақсарту үшін мұғалімнің немесе оның оқушылармен бірігіп жаңа мәселелерді ұсынуы.

Формативті бағалау мұғалімге оқушылардың оқуда мақсатқа жету процесін қадағалап отыруға мүмкіндік береді және оқу процесіне дер кезінде өзгертулер мен түзетулер енгізуге, ал оқушыға өзінің білім алуында жоғары дәрежедегі жауапкершілікті сезінуге көмектеседі.

Формативті бағалау:

- ✓ күнделікті тәжірибеде қолданылады (сабақ сайын, күнделікті)
- ✓ оқушыға да, мұғалімге де қолайлы түрде пайдаланылады.

*Формативті бағалау* – білім берудің ерте кезеңінде оқыту процесіне өзгерістер енгізу мақсатында оқушының прогрестік дамуын бағалау.

Әрбір оқушының жеке жетістіктерін басқа оқушылармен салыстырмай және оқудың нәтижесінің әкімшілік қорытындысы ретінде қарастырмай, мектепке *формативті (қалыптастырушы) бағалау* тәсілдерін енгізу міндеті көкейкесті мәселе болып тұр.

Бағалаудың бұл түрінің қалыптастырушы болып аталатындығы бағаның нақты бір оқушыға, оның білім мазмұнын меңгерудегі кемшіліктерін анықтауға, оның орнын барынша тиімді толықтыруға бағытталған. Педагог осындай бағалау әрекеті арқылы пәнді меңгерудің мақсатын нақты анықтап, оқушының өткен тақырыптарды біртұтас, үйлесімді картина түрінде елестетуіне, нәтижені бақылаудың барабар (адекватты) тәсілдерін өзі анықтай білуіне, жоғары деңгейге жетуге ынталануына көмектеседі. Оқушылар өзін-өзі бағалау ұстанымдарын, өзінің жұмыс нәтижелерін жетілдіру тәсілдерін меңгереді, өзінің оқуына деген жауапкершілікті мұғаліммен бөліседі.

*Формативті (қалыптастырушы) бағалау* технологиясын қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс сыртқы кері байланыстан ішкі кері байланысқа ауысады, ал бұл оқушыны білім берудің субъектісі деңгейіне көтерілуіне ықпал етеді. Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Солайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бақылау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады.

Қалыптастырушы баға технологиясы мұғалім қызметінің алгоритмі мен ол алгоритмді жүзеге асыру ресурстарының бірлігінен тұрады.

Мақсатты белгілеудің мәрелік (стартовый) нүктесін анықтай отырып, әрі қарай былайша жылжу қажет болады:

- мақсатты өлшенетін оқу нәтижелеріне аудару;
- нәтижеге жету деңгейін анықтау;
- бағалаудың мазмұнын және техникасын іріктеу;
- оқудың сәйкес әдістерін таңдау және жүзеге асыру;
- бағалауды жүргізу және оқу нәтижелерінің өлшенетін деңгейіне жеткенін анықтау.

*Суммативті (қорытынды) бағалау* белгілі бір уақыт аралығында тақырыпты, тарауды оқып болғаннан кейін оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысының, құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған. Суммативті бағалау көптеген тексеру жұмыстарының нәтижелері бойынша жүргізіледі. Тексеру жұмыстарына қойылған бағалар қорытынды бағаны анықтауға негіз болады.

*Суммативті (қорытынды) бағалаудың мақсаты* - белгілі бір уақыт аралығында оқушының меңгерген білімінің, іс-әрекетінің, дағдысының, құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау және алынған нәтижелердің стандарт талабына сай болуын анықтау.

Суммативті бағалауды практикада жүзеге асыру әр түрлі бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Бақылау – тексеру тапсырмаларын құрғанда оның сұрақтары мемлекеттік білім беру стандартының мазмұнына және пәндік оқу бағдарламасына сай құрылуы қажет. Оқушының жетістігінің деңгейін тексеру үшін мұғалімдер әдетте дайындалған сұрақтар нұсқасын, тесттерді немесе оқулықтағы әр параграфтың, тараудың соңындағы сұрақтарды пайдаланады. Сонымен қатар мұғалімдер өз тәжірибелерін, қосымша әдебиеттерді пайдаланып, өздіктерінен тапсырма сұрақтарын құруға болады.

Осылайша, мұғалімнің оқушылардың белгілі бір оқу нәтижелеріне жетуін қамтамасыз ететін дәстүрлі құралдарынан (әдістемелік нұсқау т.б.) бөлек бұл технология мынадай дәстүрлі емес ресурстарды ұсынады:

Оқу нәтижелерін жоспарлау ресурстары:

- оқушының оқу нәтижелерін ой операцияларының күрделілігіне қарай тізбектеп қоюға (ранжирование) мүмкіндік беретін талаптар;

- оқушының түйінді күзiреттiлiктердi қалыптастыруға берiлетiн еркiн мазмұнды жүзеге асыруға қойылатын талаптар.

Пән бойынша жалпы оқу мақсаттары оқушылардың сол пән бойынша жетiстiктерiн және олардың жекелей жұмыстарының нәтижесiн жалпылау – бағалау критерийлерi болып табылады;

*Рубриктор* – оқушының өткен тақырып бойынша алған бiлiмiн бағалау критерийлерiнiң тiзбесi. Ол қандай да бiр тақырыпты меңгеру мақсатымен анықталады және берiлген рубриканы ашатын критерийлермен толықтырылады.

*Критерий* – оқыту мiндеттерiмен анықталады, оқушының жұмыс барысында орындайтын және нәтижесiнде меңгеруге тиiстi әртүрлi iс-әрекетiнiң тiзбегi.

*Дескрипторлар* – әрбiр критерий бойынша оқушының жетiстiк деңгейiн сипаттайды және белгiлi ұпайлармен бағаланады: жетiстiк жоғары болған сайын ұпай да жоғары болады.

Өткен тақырып бойынша барлық жұмыстар, бақылау жұмыстары да сәйкес рубрикамен бағаланады. Рубрикаларды оқушы әр тақырыпты бастар алдында алады. Бұл берiлген тақырып бойынша қорытынды жұмысы қалай бағаланатындығын түсiнуiне мүмкiндiк бередi. Дәлiрек айтсақ, рубрика оқушыға берiлген тақырыпты меңгеру нәтижесiнде ненi үйренетiндiгiн және осы тақырыпты меңгеру үрдiсiнде неге көбiрек көңiл аудару керек екендiгiн көрсетедi. Яғни, оқушы өз оқуының белсендi бiр жағы – субъект болады.

Рубрика – оқушы *не үшiн* оқып жүргендiгiн, критерий – ол *ненi* үйренуi керек екендiгiн, ал дескриптор – оқушы оны *қалай* орындау қажеттiгiн көрсетедi. Егер рубриканы қандай да бiр төбе деп есептесек, критерий – баспалдақ, ал дескриптор – жоғары көтеріле отырып, сенiмдi түрде мақсатқа қарай жылжуға болатын жеке басқыштар.

Критерийлер және дескрипторларды қолдана отырып, оқушы жақсы нәтижеге жету үшiн қандай қадамдар жасауы керектiгiн анық көре алады. Ол жұмысын өздiгiнен бағалай алады және уақытында аяқтай алады.

Критерий оқушыларға жұмыстың басында таныстырылады. Сондай-ақ, критерийдi мұғалiммен бiрге талқылайды, тұжырымдалуына және критерий құнына өзгерiс енгiзе алады. Сонымен қатар оны *оқытуды жақсарту үшiн бағалау* деп те атауға болады.

Балдық бағалауда оқушылар жасаған еңбегiне сәйкес бал жинайды. Балдық жүйеде белгiлi критерийлермен өлшенетiн жазбаша жұмыс болу керек. Бағалаудың әр параметрi сабақтың және деңгейдiң тармағында көрiнiс табады. Барлық көрсетiлген параметрлер белгiленген критерийлер бойынша өлшенедi және есептеледi және оқушылар онымен таныстырылады. Бағалау критерийлерiмен және дескрипторлар оқушыларға ұсынылады. Сол дескрипторлар арқылы оқушылар өзiнiң деңгейiн анықтай бiледi.

Ишкi жиынтық бағалау – тоқсан iшiндегi оқыту ақпараты блогын зерделеудi аяқтаған кезде бiлiмдi, икемдiлiктi және дағдыларды қолдану деңгейiн айқындау және тоқсандағы, оқу жылындағы жиынтық бағаны айқындау үшiн қолданылады.

Ишкi жиынтық бағалауды ұйымдастыру үшiн «НЗМ» ДББҰ-ның Педагогикалық өлшемдер орталығының мамандары бағалау құралдарын, олар тапсырмалардың тестiлiк ерекшелiктерi мен жиынтығын әзiрлейдi. Тестiлiк ерекшелiктер мұғалiмдердiң кәсiби қоғамдастығына қызмет көрсету және оқушыларды дайындау үшiн мектептерге алдын ала берiлетiн пәндер мен сыныптар бөлiнiсiнде жұмыстың құрылымымен тапсырмалар үлгiлерiнiң сипаттамасын қамтиды. Ишкi жиынтық бағалау тапсырмалары оны өткiзер алдында мектептерге жiберiледi.

Оқушылардың нормативтiк және iшкi жиынтық бағалау үдерiсiнде оқыту мақсаттарына қол жеткiзу нәтижелерi 30:70 пайыздық арақатынаста тоқсандағы және оқу жылындағы қорытынды бағаларды айқындау үшiн пайдаланылады.

Сыртқы жиынтық бағалау оқыту сатысындағы оқу ақпараты блогын зерделеуді аяқтау кезінде білімді, икемділікті және дағдыларды қолдану деңгейін айқындайды және оны бастауыш, негізгі және жоғарғы мектептерден кейін Тәуелсіз бағалау органы жүргізеді. Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері 30% (қалыптастырушы), 40% (ішкі жиынтық) және 30% (сыртқы жиынтық бағалау) пайыздық арақатынаста бір жылдағы қорытынды бағаны айқындау үшін қолданылады. Бағалау үшін нені болмасын ұсынылатын талаптарға сәйкес бағалау бойынша шешімдер қабылдау негіздері, қағидалар секілді критерийлер қолданылады. Критерийлер дескрипторлармен сипатталады, оларда (әрбір нақты жұмыс үшін) оқу тапсырмаларын орындау нәтижелері іс жүзінде қалай болуы керектігі туралы нақты түсінік беріледі, ал дескрипторға сәйкес бағалау – бұл оқушының осы мақсатқа жақындау деңгейін айқындайды.

Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін мұғалімдер модерация процесін өткізеді.

Модерацияны бағалауды стандарттау мақсатында бір пән және параллель сыныптар бойынша білім алушылардың жиынтық жұмысының нәтижелерін талқылау үшін мұғалімдер жүргізеді.

Модерация процесін пән мұғалімдері бір пәннің және бір сыныптың ішінде бағаны стандарттау мақсатында жартыжылдықтың соңында және жылдық қорытынды баға қоюдың алдында өткізеді. Жиынтық бағалауды өткізу мен модерацияны өткізудің арасындағы уақыт 3 жұмыс күнінен артық болмауы тиіс.

Модерация нәтиже мен білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Модерация бойынша өткізілетін отырыста мұғалімдер балл қою кестесіне сәйкес жиынтық жұмыстарды талқылайды, қажет болған жағдайда балл қою кестесіне ұжымдық түрде өзгерістер және толықтырулар енгізеді. Модерация аяқталған соң хаттама толтырылады.

Модерация қорытындысы бойынша балдарын өзгертуге жататын білім алушылардың жиынтық жұмыстары қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша жиынтық жұмысқа қойылған балл жоғары балға, сондай-ақ, төмен балға да өзгертілуі мүмкін.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жиынтық бағалауды өткізу күні белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қайтыс болуына, конференцияға, олимпиадаға және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты) келмеген білім алушы мектепке келген соң екі апта ішінде жиынтық бағалаудан өтуі тиіс.

Білім алушы екі аптадан артық белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қайтыс болуына, конференцияға, олимпиадаға және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты) болмаған жағдайда, мектеп құрған жеке кестеге сәйкес жиынтық бағалаудан өтуі тиіс.

Бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелері болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестатталмаған болып есептеледі.

Үлгерім бойынша есеп беру кезінде уақытша аттестатталмаған білім алушылар ескерілмейді, олардың үлгерімі бойынша есеп қосымша тапсырылады.

*Тоқсандық баға 50% де 50% пайыздық қатынасында бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінің негізінде қойылады. Бұл білім алушы тоқсандық бағаның 50%-ын бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері, 50%-ын – тоқсандық жиынтық жұмыстың нәтижелері бойынша жинайтынын білдіреді. Осы екі бөліктің қосындысы тоқсанға қойылатын қорытынды бағаны көрсетеді.*

Жылдық бағаны есептеу үшін білім алушының бөлімдер/ортақ тақырыптар үшін алған жиынтық бағалауының және тоқсандық жиынтық бағалауының жалпы балдары

қосылады. Бұдан әрі оқу жылының балдық пайыздық мазмұны пайыздық қатынаста (50%:50%) анықталады. Бағаларды санау электрондық журналға енгізілген формула бойынша автоматты түрде жүзеге асырылады.

Тоқсандық және жылдық бағаларды қайта қарауға рұқсат етілмейді.

Білім алушыларды денсаулығына байланысты дене шынықтыру сабағынан босату олардың келесі сыныпқа көшірілуіне әсер етпейді.

Бір пәннен беретін педагогтар бір тақырыпты оқыту кезінде саны мен сапасы әртүрлі дескрипторларды қолданды, бұл сыныптар мен мектептер арасында қатарлас салыстыру жасауға мүмкіндік бермеді.

Сондықтан да, Кембридж университетінің Халықаралық емтихан Кеңесінің сарапшыларымен бірлесіп қалыптастырушы бағалау кезінде оқыту мақсатына қол жеткізетін «табыс критерийлері» деп аталатын критерийлерді әзірлеу мен стандарттауды жүзеге асырылды.

**Табыс критерийі** – бұл мұғалімдер мен оқушылардың оқыту мақсатына қол жеткізу дәлелдерін иеленулеріне мүмкіндік беретін нұсқаулар.

Сыртқы жиынтық бағалау үшін емтихан жұмыстары да бағалау критерийлерін – бағалау саласын қамтиды, соған сәйкес оқушының емтихан жұмысын қаншалықты жақсы орындағаны талқыланады.

Емтихан жұмыстарындағы бағалау критерийлері балл шығару дескрипторлары мен сұлбасын қамтиды. Дескрипторларда - оқушыдан белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін күтілетін қызмет түрін қысқаша сипаттау, балл қою схемасы - нұсқаулық, әрбір сұрақ үшін балл саны мен балл беруді сипаттау нақты көрсетілген. Бағалау критерийлерін пайдалану емтихан жұмысының қандай мектепте орындалғанына қарамастан барлық оқушылардың жетістіктерін бағалаудың тәсілдерін стандарттауға мүмкіндік береді, бұл объективті және ашық бағалауға қол жеткізеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Блэк П., Уильям Д. Педагогические исследования: формативное оценивание.//Британ ғылыми-зерттеу журналы №29, 2009.

2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының деңгейлік бағдарламасы глоссарийі: оқу-әдістемелік құрал. - Астана: «Назарбаев Зиякерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012.

3. Оценивание учебных достижений учащихся. Әдістемелік нұсқаулық/ Құраст. Р.Х.Шакиров, А.А.Буркитова, О.И.Дудкина. – Б.: «Билим», 2012. –80 б.

4. ОЭСР. Среднее образование в Казахстане: Обзор национальной образовательной политики. – Астана: ИАЦ, 2014.

5. Уильям Д., Томсон М. 5 основных стратегий для формативного оценивания. – 2007.

6. Шамова Т.И. Современные средства оценивания результатов обучения в школе. – М.: Педагогическое общество Ресей, 2007.

7. О.И.Можаева. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал. (2016)

## МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ АШЫҚТЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДА

**Кизимбаева А.Б., Несибекөв Қ.Ж.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Мақалада мемлекеттік аппарат қызметін жетілдіру, тиімділігін арттыру бағыттарының бірі болып табылатын мемлекеттік органдардың тұрғындар алдындағы ашықтығы қарастырылды. Бұл бағыт ел азаматтарына мемлекеттік және стратегиялық бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу, біріге атсалысуға мүмкіндік береді. Зерттеуде әр мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен мөлдірлігі деңгейіне сараптамалық баға берілді.

**Түйінді сөздер:** Қызмет ашықтығы стратегиялық, мемлекеттік органдар, бағдарламалар, қолданушыларды құжаттар.

Мемлекеттің мөлдірлігі, есептілігі мен ашықтығы мемлекеттік органдағы құпия болып табылмайтын кез келген ақпарат елдің әр азаматына қолжетімді болуын көздейді. Қызмет ашықтығы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, ақпаратты, жаңалықтарды, бірінші басшының баяндамалары мен мақалаларын, белгілі бір мерзімде атқарылған жұмыстар туралы есеп және тағы басқа БАҚ мен мемлекеттік органның интернет-ресурсында (веб- сайттар) жариялау арқылы жүзеге асырылады. Аталған талаптар Қазақстан Республикасы Инвестициялар мен даму министрінің бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың интернет- ресурстарының ақпараттық толықтырылуы мен олардың мазмұнына қойылатын талаптар ережелерінде нақты көрсетілген. Сол Ережелерге сәйкес, мақалада мемлекеттік органдар сайттарына талдау жасалды. Бұл жұмыстағы орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар сайттарын зерттеу елдің мемлекеттік органдарының ақпараттық ашықтығын қалыптастыруында белгілі бір тенденциялар мен заңдылықтарын анықтады.

Атқарушы билік органдарының еңбек тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, сонымен қатар олардың тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасы мен сала ауқымы соңғы 10 жыл ішінде ел ішінде жүргізіліп жатқан реформалардың басты тақырыбына айналды. Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігінің мемлекеттік аппараттың лайықты деңгейде қызмет етуіндегі ролі маңызды екені сөзсіз. Мемлекеттік органдардың тиімсіз қызметі жағдайы елдің барлық салаларындағы төмен нәтижелілікке әкеліп, экономикалық жаңғырулар, стратегиялық бағдарламалар орындалмай қалу қауіпі туындайды [1].

Мемлекеттік органдар жұмыс нәтижелігін тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметтің кадрлық әлеуетін қалыптастыру, қолдану мен дамытудың маңызы арта түсті [2].

Дүниежүзілік тәжірибе мемлекетті басқарудың мінсіз құрылымы ешбір елде қалыптаспағанын көрсетеді. Дегенмен, мемлекеттік билік органдарының қызметін жетілдіру әрбір елдің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік органдар қызметін нақты бағалайтын жүйе қажеттігі туындап, оның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі» бекітілді [3].

Қазақстанда аталған жүйенің қалыптасуына келесі факторлар әсер етті:

- мемлекеттік органдар тарапынан бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мен олардың мемлекеттік қызмет көрсету тиімділігін бағалау арасындағы өзара байланыстың жоқтығы;

- көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын бағалау мен бақылау жүйесінің жоқтығы;

- мемлекеттік қызметшілерді қолданыстағы жалақы төлеу жүйесімен ынталандырудың төмен деңгейлігі.

Осы орайда, бағалау жүйесіне сәйкес, азаматтық қоғамды дамытуды көздей отырып, мемлекеттік қызметті реформалаудың басты мақсаты мемлекеттілікті біріктіру таңдалды.

Мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалаудың аталған жүйесі орталық (министрліктер, комитеттер, агенттіктер және т.б.) және жергілікті мемлекеттік органдардың қызметінің нәтижелілігін арттыруда маңызды құжат болып табылады.

Қызмет тиімділігін бағалау жүйесінің басты мақсаты — міндеттер мен қызметтерді іске асырудың тиімділігінің көрсеткіштер анықтау мен барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар қызметін бағалау. Барлық деңгейлі мемлекеттік органдардың қызметін бағалаудың жылсайынғы жүйесін бекіткелі бері Қазақстан мемлекеттік басқару саласында дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты.

Бүгінгі таңда мемлекеттік органдарды жетілдірудің жаңа стратегиялық міндеттері бар. Бұл:

- нарықтық бастама мемлекет тарапынан белсенді әрі жылдам қатысуды талап етеді;

- экономикалық және әлеуметтік салалардағы белсенді саясат мемлекет ролін көтеруді көздейді. Нәтижесінде

- қоғам мүддесіне сәйкестелген заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен жүзеге асыру;

- мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру — Қазақстанның болашағын анықтайтын басты фактор. Сондықтан бүгінгі күні мемлекеттік қызметшілер мен органдардың жалпы тиімділігін арттыра отырып, мемлекеттік ресурстарды ақылмен пайдалану маңызды;

- жалпы мемлекеттік аппарат пен оның жекелеген бөлімдерінің тиімділігін арттыру алдыңғы қатарлы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізуге жағдай жасауы тиіс [4].

Халықаралық сарапшылар мемлекеттік қызмет жаңғыруының басты шарты ретінде ел Президентінің мемлекеттілікті дамыту мен бекітудегі саяси бағытын атайды.

«Кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру» тарауында меритократия қағидасы мен мемлекеттік қызметке кірудегі үміткерлер арасындағы ашық бәсекелестік мемлекеттік қызмет дамуының негізгі басымдықтары ретінде көрсетіледі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің 2017 жылдағы хал-ахуалы туралы Ұлттық баяндамасына сәйкес, реформаның іске асырылуынан бастап, мансаптық жолын бастапқы сатыдан бастағандардың саны үш есеге артқан (2569-ден 7862-ге дейін). Бір лауазымға үміткерлер саны екі есе артты [5].

Сонымен қатар бақылаушылар мен сарапшылар институтын енгізу арқылы іріктеу процедураларының ашықтығы қамтамасыз етілді. Олар үміткерлерге сұхбаттасуларға қатысып, конкурстық комиссия жұмысымен таныса отырып, мемлекеттік орган басшылығына оның қызметі жайлы өз пікірін білдіреді.

Бақылаушылар ретінде БАҚ, қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар өкілдері қатысуға құқылы. Лауазымға тағайындау кезінде конкурстық бастаманы күшейту, ауысу шарттарын азайту, біліктілік талаптарын күшейту, қызметшілер үшін мансаптық мүмкіндіктерді арттыру — мұның бәрі командалық ауыс-түйістерге тиімді тосқауылға айналды [6].



Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің экономикалық белсенді тұрғындарға қатысты үлестік салмағы шамамен 1,1 %-ды құрайды. 1 мемлекеттік қызметшіні азаматтарға шаққанда шамамен 197,7-ден келеді. Мәселен, ЭЫДҰ елдерінде аталған көрсеткіштер сәйкесінше 2,43 % және 116 адамды құрайды [9].

Бүгінгі таңда елімізде әлемдік тәжірибе жетістіктері мен мемлекеттік басқару жүйесінің отандық ерекшелігінен тұратын мемлекеттік қызметтің өзіндік үлгісі қалыптасты.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бірінші бағыты аясында кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру бойынша жүргізілген реформа мемлекеттік қызметке ашық бәсекелестік пен іріктеу ашықтығы орналасу мүмкіндігін арттырды.

Әлемнің көптеген елдерінде үкіметтік ақпаратқа қолжеткізу тәртібін реттейтін заңдар бекітілген. Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы қағидатын енгізген алғашқы ел болып Швеция саналады. Бұл ел 1776 ж. жариялау еркіндігі туралы заң қабылдап, ол 1949 ж. баспасөз бостандығы заңы болып өзгертілді.

Қазіргі таңда Швеция Конституциясының құрылымды бөлігінің бірі болып табылады әрі әрбір азаматына мемлекеттік органдардан тегін түрде кез келген ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді.

АҚШ 1966 ж. ақпарат еркіндігі туралы заң қабылдап, оған сәйкес, мемлекеттік құрылымдарда жинақталатын және сақталатын барлық мәліметтер қоғамдық игілік болып саналады және барлық азаматтарға тегін қолжетімділік берілген. Қорғаныс министрлігі, ОББ (ЦРУ), ФТБ (ФБР) жартылай заң талаптарын орындаудан босатылған. Алайда азаматтар құпия ақпаратты сот арқылы талап ете алады.

Жапонияда әкімшілік органдардың құзырындағы ақпаратқа қолжетімділік туралы заң күшіне енді. Мемлекеттік басқарушылық ақпаратқа қолжеткізе алатын адамдар қатары жапондық заңнама тарапынан шектелмеген: кез келген адам әкімшілік органдар басшылығынан құжаттарды тегін негізде беруді талап ете алады. Қызмет мөлдірлігі қағидаты заң шығарушылық және сот биліктеріне мемлекеттік басқару құрылымдары бөліміндерінде таралмайды.

Биліктің ақпараттық ашықтықты реттеудің шетелдік тәжірибесін Эстонияның «Бұқаралық ақпарат туралы» Заңы (2000 жылдың 15 қарашасында қабылданып, 2001 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді) мысалында қарастыру қисынды болып табылады. Бұл оның салыстырмалы түрде жаңа және бұрынғы кеңестік кеңістікте неғұрлым толық эзірленген заңдардың бірі болып табылады. Заңның мақсаты — барлық тұлғалар мен қоғамға ақпаратқа қолжетімділікті демократиялық және әлеуметтік құқықтық мемлекет пен ашық қоғам қағидалары негізінде және бұқаралық міндеттердің орындалуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі жайлы ақпаратқа қолжетімділік екі түрде (ұсыну және тарату) және алты тәсілмен қамтамасыз етілуі мүмкін:

1. ақпаратты жариялау;
2. ақпаратты телекоммуникациялық кешендерде, сонымен қатар интернет ақпараттық- телекоммуникациялық желілерінде орналастыру;
3. ақпараттық қоғамдық қолжетімді орындарда орналастыру;
4. қолданушыларды құжаттармен таныстыру;
5. азаматтар мен ұйымдар өкілдерінің алқалық органдар жиналыстарына қатысуы;
6. тапсырыс бойынша ақпарат ұсыну.

Бүгінгі күні елімізде мемлекеттік аппарат қызметін жетілдірудің басты бағыттарының бірі болып оның тұрғындар алдындағы ашықтығы саналады. Бұл функция азаматтарға мемлекеттік және стратегиялық бағдарламалардың жүзеге асырылуына қатысу, әрекеттесу мүмкіндігін береді. Осылайша, әр мемлекеттік орган қызметінің ашықтық деңгейі өлшенеді. Қызмет ашықтығы, мөлдірлігі бірінші басшылардың баяндамаларын, мақалаларын, белгілі бір мерзім ішінде атқарылған жұмыстар туралы

есептерді және тағы басқа БАҚ пен мемлекеттік органдардың интернет- ресурстарда (веб-сайттар) жариялау арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттің мәлдірлігі, ашықтығы және есептілігі мемлекеттік органдар иелік ететін құпия болып табылмайтын кез келген ақпарат азаматтарға қолжетімді болуы тиіс. Аталған ереже «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңында бекітілген. Оның әзірленуі Ұлт жоспарында айтылған болатын. Жаңа заң 2015 ж. қабылданып, «Ашық үкіметтің» енгізілуінің құқықтық негізіне айналды. «Ашық үкімет» порталдары орталық мемлекеттік органдардың мәліметтер базасының онлайн- қолжетімділігі туралы айтылатын Ұлт жоспары қадамдарының іске асырылуын қамтамасыз ететін электронды ресурс болып табылады.

«Ашық үкімет» бес құрамдас бөліктен тұрады: ашық мәліметтер, ашық нормативті құқықтық актілер (НҚА), ашық диалог, ашық бюджеттер мен мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау.

Қазіргі кезеңде 723 мемлекеттік қызметтің 548-і (76 %) «Азаматтарға арналған үкімет» арқылы көрсетіледі. Бұл көрсеткіш жақын арада мемлекеттік корпорацияның үлесі тағы 70 қызмет берілетіндіктен, ары қарай 85 %-ға дейін арта бермек.

Алайда бүгінгі таңда барлық мемлекеттік органдардың ресми парақшаларында мазмұндық толықтырулар жағынан кемшіліктер кездеседі. Барлығына ортақ талаптар көп жағдайда толық дәрежеде сақталмайды.

Осылайша, барлық орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ресми сайттарын бір порталда біріктіретін ақпараттық ресурстардың Бірыңғай платформасын құру туралы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің шешімі орынды және мезгілді. Аталған шара мемлекеттік органдардың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етуге, ресми сайттарының мазмұнды толықтырылуына мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдар үшін ортақ мәселелер қатарында орналастырылатын ақпараттың жаңартылмауы немесе толық еместігі, белсенді емес сілтемелердің болуы, навигациялық қолжетімсіздік, шындыққа сай емес ақпарат, нашар көретін адамдарға арналған қызметтің толық мөлшерде жұмыс істемеуін атауға болады. Сонымен қатар қазақ тілдегі нұсқада ақпараттың толық болмауы. Аталған мәселелердің барлығының шешім табуына және ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету үшін кешенді шара қолдану қажет.

«Ашық НҚА» порталы азаматтардың нормативті-құқықтық актілер жобалары мен заң жобаларының тұжырымдамаларын қарау кезінде қатысуды қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда бұқаралық талқылауға 420-дан астам құжат берілген, ал былтыр 7 мыңнан астам НҚА жарияланған болатын.

Азаматтар түсінігінде мемлекеттік «бюджет» ұғымын қалыптастырып, бюджет қаржысының жұмсалыуы барысына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында «Ашық бюджет» порталы қосылды. Бүгінде онда 13 мыңнан астам бюджеттік бағдарламалар жобалары мен аяқталған қаржы жылы ішінде олардың жүзеге асуы туралы есептері жарияланды.

Мемлекеттік органдар тарапынан порталдарда орналастыруға арналған ақпараттың жеделдігі мен шынайылығын қамтамасыз ету мемлекеттік органдар тиімділігін бағалаудың жаңа жүйесінде ынталандыру факторына айналады. Яғни мемлекеттік құрылымның ақпараттық ашықтығы оның тиімділігі факторларының бірі ретінде белгіленген кезде мемлекеттік қызметшілердің өздері оны қамтамасыз етуге мүдделі болады, себебі бұл олардың жеке бағасына, нәтижесінде еңбегінің бағалануына тікелей әсер ететін болады.

Мемлекеттік органдардың қолданыстағы веб-ресурстарына жүргізілген салыстырмалы талдау кезінде ақпараттық толықтыру туралы Ереженің талаптарына сәйкес, мемлекеттік органдар сайттарының сапасын арттыру мақсатында ұсыныстар әзірленді.

Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың сайттарын зерттеу барысы мемлекеттік органдардың ақпараттық ашықтығын қалыптастыру кезінде белгілі бір тенденция мен заңдылықтарды көрсетті.

Мемлекеттік органдардың веб-сайттарын талдау кезінде ең әлеуметтік қажет салалар таңдалынды: білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғау. Себебі аталған салалар ел тыныс-тіршілігінің негізі болып табылады. Сонымен қатар 3 (ШҚО, Қызылорда облысы мен Алматы қаласы) жергілікті атқарушы органның сайттары таңдалды.

Талдау жүргізілген мемлекеттік органдардың интернет-ресурстары ішінде Қызылорда облысының сайты неғұрлым контенттік мазмұны толық, үлгі ретінде қолдануға болады.

Қазақстан Республикасының нормативті-құқытық актілерін зерттеу негізінде мемлекеттік органдардың *web-ресурстарына салыстырмалы талдау бойынша* ұсыныстар беріледі. Мемлекеттік органдар сайттарына ұсыныстар негізгі тараулар бойынша жүйелендірілді.

#### **Берілетін ұсыныстар:**

- техникалық деңгейді, сайт әзірленуін жетілдіру жұмыстарын жалғастыру, навигациялық кестеге назар аудару;
- мөлшері жағынан сайтты оңтайландыру;
- ақпараттық сәулетті жетілдіру жұмыстарын жалғастыру;
- ақпарат іздеу ыңғайлығын күшейті мақсатында жоғары және басты менюда қосымша тармақтардың әзірленуіне назар аудару;
- сайттың мазмұнды толықтырылуын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізу;
- өзекті жаңалықтарға көңіл бөлу және сайтқа тез арада орналастыру;
- жаңалықтарды бір сөйлемге дейін қысқартпай, толығымен орналастыру;
- сайттың барлық тілдік нұсқаларында ақпараттың бір мезгілде жаңартылуы және орналастырылуы;
- сайттың кеңестік тарауларында мәтіндердің түсінікті тілмен жазуылуы;
- кері байланыс алу айдарларында «барлық хабарламалар» тетігінің болуын қамтамасыз ету, бұл сұрақтардың қайталануын алдын алады;
- мемлекеттік органдар электронды қызмет көрсету орталығымен жұмысты реттегені дұрыс, ЭҚКОмен жұмыс стандарттарының және мерзімдерінің сақталуына мән беру, мақсатты топтар арасында ЭҚКО-ның танымалдығын арттару жұмыстарын жүргізу;
- интерактивті дауыс беру сауалын тұрақты түрде өзгертіп тұру;
- интерактивті дауыс беруді әлеуметтік зерттеулер, түрлі сауалнамалар мен қоғамдық пікірді анықтау кезінде қолдануға болады және т.б.

Мемлекеттік органдар тарапынан транзакциялық қызметтердің көрсетілуі «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электронды санды қол қою арқылы жүргізілуі тиіс.

Шешім ретінде Ақпарат және коммуникациялар министрлігі тарапынан Ұлыбритания тәжірибесіне сәйкес мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының Бірыңғай платформасын құру ұсынылып отыр. Бұл, өз кезегінде, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын бірыңғай платформаға біріктіруге мүмкіндік береді. Азаматтар үшін ыңғайлы «бір терезе» сервисі интернет-пайдаланушысына бір парақшадан барлық ақпаратты табуға көмектеседі.

Мемлекеттік органдардың ресми парақшаларының, веб-сайттарының басты мақсаты — «пайдаланушы бағытталу» қағидасы бойынша жетілдірудің нақты тетіктерін дамыту жолы арқылы қызметтің ашықтығы мен мөлдірлігін қамтамасыз ету болып табылады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы / Қ. Д. Жоламан, А.Қ. Мұхтарова, А.Н. Тәукелев. — Алматы: ҚазМУ баспа орталығы, 1999. — 154 б.

2. Эффективное государственное управление: материалы III Акад. симпозиума. (Астана, 25 ноября 2011 г.). — Астана: Акад. гос. упр. при Президенте РК, 2011. — 101 б.
3. Указ Президента Республики Казахстан за № 954 «О системе ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, городов республиканского значения, столицы» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://akorda.kz/>.
4. Қапаров С.Ф. Қазақстандағы мемлекеттік қызметті жетілдіру / С.Ф. Қапаров. — Астана: Алем–Астана, 2010. — 184–185-б.
5. Национальный доклад о состоянии государственной службы в Республике Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://kyzmet.gov.kz/>.
6. План нации — 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева (май 2015 г.) [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://akorda.kz/>.
7. Министерство национальной экономики Республики Казахстан. Официальная статистическая информация [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://stat.gov.kz/>.
8. Мониторинг состояния кадров государственной службы по состоянию на 1 января 2018 года: материалы официального сайта Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://kyzmet.gov.kz/ru/pages/monitoring-sostoyaniya-kadrov-gosudarstvennoy-sluzhby-po-sostoyaniyu-na-1-yanvaryaya-2018-goda> (Дата обращения: 21.04.2018.).

## ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ

**Жангелді Е.Д.**

**Научный руководитель: Р.Т. Бржанов**

Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова  
г. Актау, Казахстан

**Аннотация.** В статье приводятся условия существования инноваций в строительстве, описаны преимущества современных технологий, внедряемых и применяемых в строительной отрасли.

**Ключевые слова:** Инновации, строительство, технологии, разработки.

Внедрение передовых технологий, инновационных разработок и современного технического оснащения необходимо для реформирования производства и инновационных технических решений в строительстве. Строительство является отраслью материального производства, продукцией которой являются здания и сооружения. Инновация в строительстве – это не каждое новшество, а такое, которое существенно увеличивает результативность строительно-монтажных работ. Инновационная строительная технология и материалы, применяемые в строительстве, должны соответствовать одному или нескольким из критериев: процесс строительства делать проще и быстрее; уменьшать стоимость строительства; увеличивать энергоэффективность объекта; повышать жизненный цикл здания и сооружения. Описание некоторых инновационных технологий в строительстве приведены ниже.

- **Прозрачное дерево**

Из пробкового дерева после обработки химическими реагентами и эпоксидной смолой получился уникальный материал: прочный, биоразлагаемый, экологически чистый. Инновационная технология будущего, разработанная шведскими учеными, делает древесину на 85 % прозрачной. Специалисты считают, что такой материал может составить серьезную конкуренцию стеклу. Кроме того, из него можно производить ячейки солнечных панелей. В перспективе прозрачное дерево может стать основным элементом для возведения экологичного жилья.

- **Вертикальные фермы**

В странах с высокой плотностью населения и недостатком пахотных земель возникают проблемы с выращиванием пищевых культур в достаточном количестве. Вертикальные фермы стали настоящей находкой для Японии и Сингапура, а также других островных государств, испытывающих дефицит территорий для классического земледелия.

Рынок сити-фермерства активно развивается, его считают перспективным многие венчурные фонды. Вертикальное расположение грядок не только экономит место и ресурсы, но и служит толчком к развитию инновационных технологий полива и подкормки растений.

- **Умное стекло**

Жидкокристаллическая пленка, к которой подключен ток низкого напряжения, помещается между двумя слоями стекла. В результате получается материал с переменной прозрачностью: в неактивном состоянии он матовый, а при включении кристаллы упорядочиваются, и сквозь стекло становится все видно.

Окна и перегородки из смарт-стекла позволяют обходиться без штор и жалюзи. Пленки могут быть любого цвета, что дает дизайнерам простор для фантазии: они могут

создавать интерьеры в различных цветовых гаммах. Кроме того, такое стекло защищает от ультрафиолетовых лучей, сберегает тепло и может использоваться как проекционная плоскость.

#### **Энергосберегающие кирпичи**

Американские ученые придумали, как наделить распространенный строительный материал свойствами суперконденсатора – устройства, которое очень быстро запасает и отдает энергию, но не способно ее сохранять длительное время, как аккумулятор.

Кирпичи обрабатывают особым реагентом при высокой температуре, а сверху покрывают эпоксидной смолой. Это новые технологии будущего, которые открывают доселе невиданные возможности для архитекторов.

Если подключить такой кирпич к источнику энергии, например, ветряку, можно использовать его для освещения внутренних помещений здания. Пока 60 кирпичей могут питать энергосберегающую лампу почти целый час, но в процессе работы над изобретением могут быть достигнуты более весомые результаты.

#### **• Самовосстанавливающийся «живой бетон»**

В научной лаборатории Университета штата Колорадо разработали инновационный материал, соединив песок и гидрогель и поместив туда цианобактерии. Получилось подобие бетона, который способен восстанавливаться при повреждении.

В процессе роста бактерии поглощают углекислый газ, а после отмирания превращаются в карбонат кальция – основной ингредиент в производстве бетона. Около 14 % организмов выживает, и при создании подходящих для размножения условий способны заполнить трещины и сколы.

Американские исследователи уверены, что эти особенности «живого бетона» помогут людям осваивать Арктику, африканские пустыни или поверхность Марса и Луны.

#### **• Графен**

За изобретение этого революционного материала 21 века русские ученые Новоселов и Гейм, работающие в Университете Массачусетса, получили Нобелевскую премию.

Графен – самый прочный, легкий и электропроводящий вариант углеродного соединения. Он может использоваться в суперконденсаторах и батареях, которые будут быстро заряжаться. Из него можно делать гибкие дисплеи, солнечные батареи, антикоррозийные краски и покрытия. Как только будет найден способ производства графена в промышленных масштабах, начнется новая эра промышленности.

#### **• Тепловые насосы**

Современные технологии будущего востребованы и в коммунальной сфере. Почти четверть потребляемой человечеством энергии тратится на обогрев зданий в холодное время года. При этом сжигается колоссальное количество нефти, угля или газа. Ученые постоянно ищут альтернативные способы поддерживать в помещениях комфортную температуру. Один из наиболее перспективных вариантов – тепловые насосы.

Основной принцип работы такого устройства схож с тем, что лежит в основе функционирования любого холодильника, только в обратном направлении. Тепловой насос собирает тепло из окружающего пространства и высвобождает его внутри обогреваемого помещения [1].

Из наиболее доступных уже в данный период деятельности являются следующие инновационные решения в строительстве [2]:

Описание некоторых инновационных технологий в строительстве приведены в табл. 1.,2.,3..

Таблица 1. Технологии возведения зданий, считающиеся в России инновационными

Технология	Суть инновации
Полносборное крупнопанельное	Принцип конструктора LEGO –

домостроение нового типа	комбинирование типовых конструкций для создания различных по структуре сооружений
Сочетание сборных заводских конструкций с монолитным домостроением	Использование стеновых панелей и других заводских заготовок, опираясь на монолитный каркас
Монолитно-каркасное строительство	Возведение монолитного бетонного каркаса с использованием съемной опалубки – создание единой, целой конструкции
Несъемная опалубка	Заливка бетона в армированную несъемную опалубку из полистирола или древесины
Домокомплекты для строительства малоэтажных жилых домов	Полный набор материалов и комплектующих для строительства индивидуальных и многоквартирных жилых домов «под ключ»
6. «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығы)

7. Yan'an Cai, Dong Li, Yuhai Liang, Huiping Zeng, Jie Zhanga (2014) Autotrophic nitrogen removal process in a potable water treatment biofilter that simultaneously removes Mn and  $\text{NH}_4^+\text{-N}$ , Bioresource Technology, 172:226-231. DOI:10.1016/J.BIORTECH.2014.09.027

**УДК 550.812.14**

## **ТЕҢІЗ МҰНАЙ КЕН ОРЫНДАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ**

**Орынбасаров Н, Эрисбаев Н, Сұңғатов Ж**

**Ғылыми жетекші: Джумашева К. А**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг  
университеті Ақтау қ., Қазақстан.

**Андатпа.** Бұл жобада өндірістің қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштері көрсетіледі және күкірттің әсері қарастырылады. Теңіз мұнай кен орнының географиялық орны және теңіздегі мұнай кеніштерін барлау жұмыстары көрсетіледі. Бастапқыдан жүргізілген теңіз ортасындағы мұнай кен орындарын барлау және теңізден өндіретін мұнай компанияларының барлау жұмыстары мен процестердің жиынтығы қарастырылады. Геологиялық барлау жұмыстарының көлемі бойынша ұсыныстар әзірлеуді көздеуді және теңіз мұнай кендерінің іздеу-барлау жұмыстарын, мұнайының қасиеттерін, құрылымдарын көрсетеді. Экономикалық бөлімінде Теңіз кен орнының экономикалық көрсеткіштері беріліп, ұңғы өнімін дайындау мен жинау жұмыстарына арнайы экономикалық есептеулер жүргізіледі.

**Түйінді сөздер:** қоршаған ортаға әсері, географиялық орны, теңіз мұнай кендерінің іздеу-барлау жұмысы, статистика, геологиялық барлау.

Бүгінгі таңда дүниежүзілік мұнай және газ кәсіпшілігінде континенталді қайраңда мұнай және газ ресурстарын меңгерудің аса күрделі және маңызды мәселелері тұр. Бұл мәселенің маңыздылығы энергияның көзіне деген қызығушылық өсіп келе жатқан дүниежүзілік сұранысқа байланысты болып отыр, ол ең алдымен жанар-жағармай және химиялық шикі заттарға деген сұраныс. Теңіз қайраңында көмірсутектердің қорларын меңгеру жақын арадағы он жылдықта бүкіләлемдік энергетикалық қажеттіліктерді қамтамасыз етуде өте маңызды рөл атқарады.

Теңіз мұнай-газ кен орындарының өзіндік спецификалық шарттары – кең көлемдегі аса ерекше: кен орынды игерудің принциптік сызбасын таңдаудан бастап, өндірілетін өнімнің көлемін есептеуді орындағанға дейін және оның физикалық-химиялық қасиеттерін, гидрометеорологиялық шарттардың қаталдығын, олардың жағажайдан алыстығын, теңіздің тереңдігін, жағажайлық инфрақұрылымының игерілу дәрежесін, өндірілген өнімнің бағытталуы және т.б. факторларға байланысты кешенді сұрақтарға жауап беруді талап етеді. Меңгерудің технологиялық сызбанұсқасы үшін геологиялық-техникалық жобалаудың, шоғырдың пішіні мен өлшемі туралы аса сенімді мағлұматтардың жана әдістері қажет болады; сонымен қатар бұрғылау темпі қондырғы объектілерін енгізу реттілігімен есепке алынады. Дүниежүзілік мұхиттың жалпы көлемі барлық ғаламшарымыздың төрттен үш бөлігін алып жатқаны белгілі, оның ішінде шамамен 10%-ы материкті еңіске тиесілі, ол континентальді қайраң деп аталады. Дүниежүзілік мұхит акваториясының шөгінді жынысты бассейндерінің ауданы шамамен алғанда, 55 млн км<sup>2</sup> құрайды. Онда мұнаймен газдың 2500 кен орындары ашылған, мұнда өндірілетін мұнай қорының көлемі 130 млрд. т және газ қорының көлемі 70 трлн м<sup>3</sup>. Қазақстан басқа мемлекеттермен салыстырғанда, континентальді қайраңның аздаған ғана бөлігін қамтиды. Мұнда Әлемдік мұхитқа қарайтын көмірсутектердің дүниежүзілік қорының бір ғана бөлігі болжаланған.

Теңіз мұнай кен орны — Әлемдегі алып мұнай кен орындарының бірі. Теңіз кен орны 1981 жылы ашылған, № 1 ұңғымасынан мұнайдың фонтанды ағыны алынған. Кен орнының ең бірінші технологиялық схемасы Гипростокнефть институтымен 1986 жылы құрастырылған және КСРО Миннефтепроммен бекітілген.

Теңіз кен орны 1991 жылдың сәуірінде тәжірибелі - өндірістік эксплуатацияға енгізілді, ал 1993 жылдың 6 сәуірінен бастап кен орынды «Тенгизшевройл» компаниясы игере бастады.

**Кен орын туралы жалпы мәліметтер:** Әкімшілік жағынан алғанда Теңіз кен орны Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Жылыой ауданында орналасқан. Географиялық жағынан кен орын Каспий маңы бассейнінің оңтүстік – шығыс бөлігінде орналасқан. Осы аймақтағы барланған мұнай қорының негізгі бөлігі бойынша палеозой кимасының тұз асты бөлігіне кіреді. Бұл жерде Теңіз кен орнынан басқа тұз асты қабатына жататын бірнеше мұнай, газ және конденсат кен орындары бар. Оларға Қарашығанақ, солтүстіктегі Оренбург, Кеңқияқ және солтүстік-батыстағы Жаңажол, батыстағы Астрахань сияқты кен орындары және жақында ашылған Каспий теңізі шельфінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Қашаған кен орны жатады. Теңіз кен орны диаметрі 500 км болатын ірі шеңбер тәрізді карбонатты құрылым кешенінің бөлігі болып табылады және бұл құрылымға Королев, Каратон, Тәжғали, Пустынная және Қашаған кен орындары кіреді.

**Климаттық жағдайы:** Рельефтің орташа абсолюттік белгілері минус 25 м құрайды. Шөл далаға лайықты, земля өсімдіктері кедей және тікенекті. Жантақ, жусан көп тараған әр жерде қамыста кездеседі. Өсімдік әлемінің кедейлігіне тәуелді жануар әлемі де аса байлығымен ерекшеленбейді, жануарлар әлемінің басым бөлігін кемірушілер тобы құрайды. Өзендер жүйесі жоқ. Аймақ климаты күрт континентальді қысы суық (-300С дейін), жазы ыстық (+ 450С дейін). Әдетте қар қарашаның ортасына таман түсіп, наурыздың аяғына дейін сақталады. Топырақтың қату тереңдігі 1,5-2 м жетеді. Жауын шашын негізінен көктемгі және күзгі мезгілдерінде жауады, оның жылдық орташа көлемі 200 мм аспайды. Аймақ күшті желдермен сипатталады: қыста шығыс және солтүстік-шығыс бағытындағы, жазда батыс және солтүстік батыс бағытындағы желдер басым болып келеді. Қыста қарлы борандар, жазда құрғақ желдер және құмды борандар жиі болып тұрады. Жақын елді мекендер - пос. Каратон мен Сарықамыс, Теңіз кен орнынан сәйкесінше солтүстік-шығысқа 35 шақырым және оңтүстік-шығысқа қарай 27 шақырым жерде орналасқан. 150 шақырым жерде облыс орталығы-Атырау орналасқан.

**Теңіз кен орнының қалыптасу тарихы:** Теңіз мұнай кен орнынегізінен 1979 жылыашылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болған Жолдасқали Досмұхамбетов, Бөлекбай Сағынғалиев, БолатЕламанов, Асабай Хисметов, Құмар Балжанов,Валентин Авров, Махаш Балғымбаев, Орынғазы Исказиев Теңіз кен орнын алғашқы ашушыларболып табылады.1991 жылғы 6 сәуірде мұнай - газ кешені- Теңізмұнай-газ өңдеу зауыты мен кәсіпшілігіпайдалануға берілді, бұл осы кен орнындаөнеркәсіптік өндірудің негізін қалады.

Кен орынның игеруінің бірінші технологиялық сызбасы 1983 жылы «Гипровостокнефть» институтында құрылды. 1985 жылдың қарашасында КСРО-ның Мұнай өнеркәсіп Министрлігі ОРК (ЦКР) I нысанның игеруіне бірінші кезектегі 50 ұңғының орналасуыбекітілді,яғни жоғарғы бөліктерін белгіледі: ортаңғы карбон жабындысынан тульқабатының жабындысына дейін, II нысанға туль қабаты жабындысының өнімдіқалыңдығының қалған бөлігінбелгіледі.

**Құрлымының сипаттамасы:** Теңіз кен орны жалпы девонды карбонатты негізде орналасқан жәнеерте ортаңғы таскөміркезеңінің карбонатты массивтерінен тұратынкарбонаттыплатформа болып келеді. Теңіз-Қашаған платформаларының пайда болуы мен түзілуі қазіргі Оңтүстік-Ембі еңісі аймағында кейінгі франк-ерте визей уақытында дамығантектоникалық үрдістермен байланыстыруға болады. Карбонатты резервуардың таралу аймағы коллектор болып келмейтін жәнесенімді латериальды сұйық жабыны ретінде рөль атқаратын тереңсулы саздарбассейніменшектелген. Мұнай кенішінің сыртқы қабат рөлін төменгі перм дәуірінің қалың қабаттары қызмет атқарады, оның құрамына артинск-москва дәуірінің саздыкарбонатты қабаттарынан тұратын шөгінділер және қалыңдығы 465-1655 мболатын кунгур ярусның сульфатты - галоген

тектес қабаттары кіреді. Кен орынның геологиялық құрылымын толық зерттеу үшін кен орынды 3 негізгі объектілерге бөлген.

**Теңіз кен орны мұнайының қасиеттері:**

- ✓ Көрсеткіш - Шамасы
- ✓ Мұнай тығыздығы - 797 кг/м<sup>3</sup>
- ✓ Бастапқыдағы коллектор қысымы -(4250 м) 80,8 МПа
- ✓ Еріген газ кезіндегі газ факторы -450 м<sup>3</sup>/м<sup>3</sup>
- ✓ Қабаттық көлем коэффициенті -2,306
- ✓ Қанығу қысымы - 24,7 МПа
- ✓ Мұнай тұтқырлығы - 0,22 мПа. с

**Теңіз кен орны және оның қорлары:** 1993 жылы Қазақстан Үкіметі «Шеврон» Компаниясымен бірлесіп Теңіз мұнай кен орнын игеру үшін «Теңізшевройл» БК ЖШС құрды. Бүгінде төрт компания серіктес болып табылады: «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ(20%), «Chevron Overseas» (50%), «Exxon Mobil» (25%) және «ЛукАрко» (5%). Теңіз Қазақстандағы мұнай қоры бойынша (Қашаған кен орнынан кейін) 2-ші орын алады. Кен орнының алынатын қорлары мұнайдың 750 млн. - нан 1 млрд. 125 млн. тоннаға дейін бағаланады Геологиялық қорлардың болжамды көлемі 3 млрд. 133 млн. тонна мұнайды құрайды. Ілеспе газдың қоры 1,8 трлн. м<sup>3</sup>.

**Қабат қысымын ұстап тұру жүйесі:** Осы бөлімде теңіз кен орнын игерудің төрт нұсқасы қарастырылған: - Бірінші нұсқа-Алғашқы мұнай шығару немесе табиғи режимде игеру. - Екінші нұсқа-Газды айдау. - Үшінші нұсқа-Суды айдау(көлденеңдік айдау). - Төртінші нұсқа-Суды айдау(төменнен жоғары). Жылына 32 млн.т. дейін мұнайды қайта өңдеп шығару қуатын минималды тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылды. Газды айдау нұсқасы өзінің экономикалық тиімділігі жағынан табиғи режимде және суды айдау нұсқасынан жақсы болуымен бекітілуге ұсынылады.



**Теңіз кен орнындағы мұнай құбырлары:** Әрбір ұңғының тізбекбасы кондырғысынан өндірілетін сұйықтықтар шығару тізбектерінің манифольдтары арқылы мұнай құбырларына жеткізіледі. Мұнай құбырлары, негізінен, екі параллельді құбырдан тұрады, оларға өндірілетін сұйықтықтар барлық шығару тізбектерінен келеді (манифольдтар арқылы). Мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 33,4 км. Мұнай құбырлары негізінен он бөлікке бөлінген: бесеуі шығыс бөлігіндегі құбырда және бесеуі батыс бөлігіндегі құбырда.

**Қорытынды:** Сонымен бұл жобада өндірістің қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштері көрсетілген, әсіресе, күкірттің әсері қарастырылған. Экономикалық бөлімінде Теңіз кен орнының экономикалық көрсеткіштері беріліп, ұңғы өнімін дайындау мен жинау жұмыстарына арнайы экономикалық есептеулер жүргізілген. Қорытындылай келгенде, Теңіз кен орнының ұңғы өнімін жинау мен дайындау жүйесі жыл қосқан сайын белгілі бір өзгерістерімен ерекшеленеді, бұның барлығы өндіріске жаңа технологиялардың ендіруімен және өндірістің ұлғаюымен түсіндіріледі. Ал өндіріс көлемінің ұлғаюы жаңа нысандардың, оның ішінде ұңғы өнімін дайындау мен жинаудың жаңа технологиялық жүйелерінің қалыптасуына әкеледі.

### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Технологическая схема разработки нефтяного месторождения Тенгиз. Отчёт Д. ОК 24921, ОАО Гипрвостокнефть. Руководители: Пономарёв А.Г., Немков А.С., Ковалёва Г.А., Самара, 2005, 347с.
2. Анализ текущего состояния разработки месторождения Тенгиз. Отчёт 27521, ТОО Каспиан Энерджи Ресердч. Руководитель Шаукенова Д.Е., Атырау, 2007, 269 с.
3. Технологическая схема разработки и технико-экономическое обоснование коэффициента извлечения нефти месторождения Тенгиз Каз. ССР. Отчёт 86.2529, Гипрвостокнефть. Руководители: Сазонов Б.Ф., Колганов В.И., Пономарёв А.Г., Житомирский В.М., Куйбышев, 1986, 217 с.
4. Проект опытно-промышленной разработки месторождения Тенгиз. Отчёт СП 6/97, НИПИмунайгаз. Руководитель КушEROва Л.Е., Актау, 1999, 187 с.
5. Подсчёт запасов нефти, растворённого газа попутных компонентов месторождения Тенгиз. Отчёт ТШО, Каспиймунайгаз, КазНИГРИ. Атырау, 2002
6. Единые правила разработки нефтяных и газовых месторождений Республики Казахстан, утв. Пост. Правительства РК от 18.06.1996 г. №745
7. Программа работ на месторождении Тенгиз, скорректированная с учётом оценки и подготовки запасов нефти в девонских отложениях объект для представления в ГКЗ РК «Девонская программа», ТОО ТенгизШеврОйл, Атырау, 2008, 18 с.
8. Реконструкция системы сбора продукции скважин I очереди опытно-промышленной эксплуатации Тенгизского нефтяного месторождения. Проект-Комплекс Д-8361. Генеральный ГИП Куропаткин А.Н. Гипрвостокнефть, Самара, 1992 г.



## МЕТОДЫ ОЦЕНКИ УРОВНЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕГИОНА

Абдылкәрім Т.Е.

Научный руководитель: Омарова А.И.

Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова  
г. Актау, Казахстан

**Аннотация:** Экономическая безопасность региона выражается в результативном применении естественных, трудовых, вещественных, а также финансовых ресурсов и в ускорении экономического подъема, увеличении свойства изготавливаемой продукции, услуг и конкурентоспособности производства. Вышеизложенные определяющие факторы устанавливают значимость этой проблемы, что приурочена к установлению экономической безопасности района и раскрытию воздействия опасностей на экономическую безопасность региона.

**Ключевые слова:** экономическая безопасность, регион, индикатор, анализ, эффективность, экономика

Процесс оценки того, в каком состоянии находится региональная экономическая безопасность базируется на формировании общей базы данных.

На текущий момент наиболее популярным для оценки является метод индикаторов. Индикативный метод оценки базируется на сопоставлении индикаторов фактических с их пороговым значением. Главный плюс этого способа оценки заключается в его простоте, а также в том, что он является достаточно наглядным и доступным.

Использование данного метода помогает процессу оптимизации администрирования безопасности на всех уровнях.

Анализ частных показателей безопасности экономики даёт возможность найти элементы экономики, которые являются самыми неустойчивыми и нуждаются в том, чтобы к ним были применены управленческие воздействия. В литературе нашего времени можно встретить огромное количество подходов, которые заключаются в формировании концепции индикаторов, показывающих уровень безопасности экономики в регионах.

Большинство авторов, а также ученых в своих работах и исследованиях применяют концепцию показателей, которые показывают положение в обществе и экономике конкретного региона. Данные показатели должны быть сгруппированы по различным сферам. Но, спектр данных показателей является очень большим.

Например, по мнению таких авторов, как Карпова В.В., а также Кораблева А.А. [1] спектр этих индикаторов должен обладать универсальным характером, а применять его возможно абсолютно для всех регионов вне зависимости от их территориального месторасположения.

Концепция, которая включает в себя основные показатели безопасности в регионах была сформирована в результате исследования и учитывает главные показатели конкретных сфер общества.

В качестве главных индикаторов в процессе своей работы Логинов К.К. [2] применял сформированные центром исследований финансов, а также банков Института экономики РАН показатели, которые демонстрируют различные сферы регионов.

В различных работах авторы работают над анализом целого блока показателей, которые показывают, как именно развивается регион с инновационной точки зрения [3].

Интерес авторов обусловлен тем, что инновации играют значительную роль в экономической безопасности в регионе, а также в улучшении всей сферы экономики региона и страны в целом. Кроме того, некоторые авторы считают, что большую роль

играет экология. В работах таких ученых как О.М. Дюжилова, а также И.В. Вяткина описан подход, который базируется на оценках доходностей, а также рисков для различных сфер экономики в регионах [4].

Данный подход даёт возможность определить главные зоны для развития региональной экономики, а также найти ряд проблем, которые могут повлиять на то, что региональная экономическая безопасность будет под угрозой.

. Данные составляющие можно наблюдать на рисунке 1.



**Рисунок 1. Составляющие экономической безопасности региона**

Мы полагаем, что региональная экономическая безопасность является определенной величиной, которая является всеобщим отражением состояния различных сфер государства: производство, техника, инвестиции, наука, общество, а также того, какая обстановка в том или ином регионе

В первую очередь, региональная экономическая безопасность является определенной величиной. Её уровень возможно определить тем, в каком состоянии находится макроэкономика в различных сферах региона: производство, наука и техника, общество, демография, а также инвестиции.

На основании этого, анализ и процесс устранения различных проблем в каждой сфере должен быть рассмотрен в виде инструмента, который помогает достигнуть наиболее безопасного уровня ситуации экономики, которая существует в регионе.

Кроме того, связь и зависимость среди различными составляющими безопасности экономики говорят об их совместном анализе.

Процесс исследования безопасности экономики в конкретном регионе основан на основных индикаторах. Их список должен быть доступными для всех, а также достаточно небольшим. К данным индикаторам принято относить следующие:

- общественные и демографические. Они показывают качество, а также уровень жизни, который имеется в регионе;
- экономические. Показывают то, на сколько экономика региона способна осуществлять свою деятельность при условии увеличенного воспроизводства;
- различные индикаторы, которые показывают, какая ситуация в определенном регионе с продовольствием;
- индикаторы, которые показывают инвестиции;
- финансовые, показывают результат работы институциональных изменений, а также какой уровень управляемости у экономики.

Те индикаторы, которые демонстрирует степень безопасности региона с точки зрения экономики, а также их значения продемонстрированы в таблице 1.

Таблица 1 – Индикаторы оценки уровня экономической безопасности региона и их пороговые значения

<b>Показатель</b>	<b>Пороговое значение</b>
ВРП на душу населения	100% от среднего уровня
Доля в промышленном производстве обрабатывающих производств	Не менее 70%
Степень износа основных фондов	Не более 60%
Доля инвестиций в ВРП	Не менее 25%
Доля расходов на НИОКР в ВРП	Не менее 2%
Доля населения с доходами ниже прожиточного минимума	Не более 7%
Отношение среднедушевых денежных доходов населения к прожиточному минимуму, раз	Более 3,5
Уровень безработицы	Не более 8%
Условный коэффициент депопуляции	Не более 1
Удельный вес лиц старше 65 лет в общей численности населения, %	Менее 7 %
Уровень преступности (количество преступлений на 100 тыс. населения)	Не более 5 тыс.

Данные индикаторы, в случае необходимости, возможно дополнить также и другими.

На основании всего выше описанного можно заключить, что комплексный анализ региональной экономической безопасности должен основываться на концепции индикаторов, которые показывают основные аспекты того, в каком состоянии находится производство, наука, техника, инвестиции, общество, а также демографическая обстановка в регионе. Данный подход даст возможность наиболее результативно находить основные угрозы общественного и экономического развития в регионе, а решения, которые будут приниматься на уровне региональных органов власти, будут иметь цель того, чтобы устранить угрозы, которые существуют перед экономикой региона.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Кораблева А. А., Карпов В. В. Индикаторы экономической безопасности региона // Вестник Сибирского института бизнеса и информационных технологий. - 2019, № 3, 36-42 с.
2. Логинов К.К. Анализ индикаторов региональной экономической безопасности // Вестник СибАДИ. - 2020, № 2, 132-139 с.
3. Митяков С. Н., Митяков Е. С., Романова Н. А. Экономическая безопасность регионов // Экономика региона. - 2020, № 3, 83-91 с.
4. Дюжилова О.М., Вякина И.В. Анализ рисков и угроз экономической безопасности региона // Региональная экономика: теория и практика. - 2019, № 14, 53- 64 с.

## АНАЛИЗ ОСЛОЖНЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С СОЛЕОТЛОЖЕНИЯМИ В НАЗЕМНОМ НЕФТЕПРОМЫСЛОВОМ ОБОРУДОВАНИИ

Сарсенов Т.Ж.

Научный руководитель: Тогашева А.Р.

Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова  
г. Актау, Казахстан

**Аннотация.** Дебит скважины во многом зависит от проницаемости продуктивного пласта, которая меняется в процессе эксплуатации скважины. Коллекторские свойства неизбежно ухудшаются вследствие набухания глин, выпадения солей из пластовых вод, образования стойких эмульсий, отложения смол, парафинов и продуктов коррозии в фильтровой части ствола. В статье рассмотрено применение ингибиторной защиты глубинного и поверхностного нефтепромыслового оборудования скважин. В зависимости от состава пластовых вод подбирается марка ингибитора солеотложений индивидуально для каждой группы пластовых вод.

**Ключевые слова:** Месторождение, нефтепромысловое оборудование, солеотложения, ингибитор, коллектор, разработка, анализ, реагент, соляно-кислотная обработка.

Месторождение Жетыбай в тектоническом отношении приурочено к Жетыбай-Узеньской тектонической ступени, осложняющей северный борт Южно-Мангышлакского прогиба.

На месторождении Жетыбай коллекторами нефти и газа служат мелкозернистые песчаники, заметно обогащенные алевритовым и глинистым материалом, крупнозернистые алевролиты и реже среднезернистые песчаники.

Характерным для песчано-алевролитовых коллекторов продуктивной толщи является их неоднородность, выражающаяся как в сложном характере распространения пластов-коллекторов по площади и по разрезу, так и в значительной изменчивости их литолого-физического состава.

Обобщение результатов исследований пластовой и дегазированной нефти, растворенного газа месторождения Жетыбай за весь период разработки выполнялось при составлении Подсчета запасов нефти и газа [1] и Уточненном проекте разработки [2].

Для анализа состояния разработки месторождения и эффективного регулирования процесса разработки большое значение имеет наличие информации о характере и степени выработки продуктивных пластов. Состояние выработки запасов оценивается по результатам комплексного анализа всех видов исследований действующих скважин в совокупности с данными о начальном состоянии пластов и залежей, текущего состояния разработки.

Для определения количества потенциально извлекаемых запасов и величины остаточных запасов при существующей системе и технологии разработки, были построены характеристики накопления по методике В.Д. Лысенко [3], зависимость удельного месячного отбора нефти и жидкости на одну пробуренную скважину от их накопленных объемов, по объектам эксплуатации.

Для достоверности результатов, полученных по методике В.Д. Лысенко [3], были построены и проанализированы характеристики вытеснения по различным эмпирическим методам, анализ результатов которых показал хорошую сходимость.

Процесс добычи нефти на месторождении сопровождается отложением твердых осадков неорганических веществ, накапливающихся на стенках скважин и подъемных

труб, в насосном оборудовании и наземных коммуникациях систем сбора и подготовки нефти.

Главным источником выделения солей является вода, добываемая совместно с нефтью. В этой связи процессу солеотложения подвержены скважины и наземное оборудование, эксплуатирующиеся в условиях обводнения добываемой продукции.

Основное условие солеотложения - это образование перенасыщенных растворов попутной воды. Причинами выпадения солей в осадок служат следующие процессы: смешение несовместимых вод, изменение общей минерализации воды, растворение горных пород и газов, испарение, дегазация воды, изменение термобарических условий.

Необходимо учитывать и то, что солеотложение проходит в сложных гидротермодинамических условиях в присутствии нефтяных компонентов, газовой фазы и механических примесей, оказывающих влияние на интенсивность процесса, характер и свойства осадков, формирующихся как в призабойной зоне пласта, так и в нефтепромысловом оборудовании.

Следует отметить, что в процессе проведения проводится удаление солеотложений путем разбуривания. Проанализирована работа скважин до и после проведенного мероприятия путем сравнения средних значений технологических показателей работы скважины за три месяца до и после проведения работ без учета влияния других возможных ГТМ.

Результаты очистки добывающих скважин от солеотложений представлены в таблице 1.

**Таблица 1** - Результаты очистки от солеотложений в добывающих скважинах за 2013 г.

№ п/п	№ скв.	Дата проведения	Параметры					
			Qн, т/сут		Qж, т/сут		Обв., %	
			до	после	до	после	до	после
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>
1	934	15.01.13-01.02.13.	1,2	8,4	6,3	10,3	77	18
2	2375	31.12.12-27.01.13.	0,5	12,1	0,8	24	35	50
3	2351	19.03-10.04.13.	12,2	14,6	47	45	74	77
4	1318	04.02.2013	6,2	10,9	13	36	52	70
		<b>Итого</b>	<b>5</b>	<b>11,5</b>	<b>16</b>	<b>28</b>	<b>59</b>	<b>53</b>

Как следует из представленных данных, от проведенных работ получена технологическая эффективность - дебит нефти в среднем увеличился в 2,3 раза.

Так же на месторождении применяется ингибиторная защита глубинного и поверхностного нефтепромыслового оборудования скважин. В зависимости от состава пластовых вод подбирается марка ингибитора солеотложений индивидуально для каждой группы пластовых вод.

В работе [4] приведено, что эффективность ингибирующего действия большинства органических соединений определяется их адсорбционной способностью при контакте с поверхностью металла.

Как правило, эта способность достаточно велика из-за наличия в молекулах атомов или функциональных групп, обеспечивающих активное адсорбционное взаимодействие ингибитора с металлом.

Такими активными группами могут быть азот-, серо-, кислород- и фосфорсодержащие группы, которые адсорбируются на металле благодаря донорно-акцепторным и водородным связям.

С целью выбора экономически выгодного и эффективного реагента для защиты нефтепромыслового оборудования от солеотложений на месторождении в декабре 2012г. проведено ОПИ ингибитора парафиноотложений «Рандим - 4021».

Диспергаторы минеральных отложений марок «Рандим-4021» представляющие собой композиционные составы на основе неорганических и поверхностно-активных веществ, растворенных в органических растворителях, и предназначены для защиты труб, резервуаров и технологического оборудования от отложений солей неорганического типа.

Для предотвращения солеотложений на месторождении применяется технология ингибиторной защиты с применением химреагентов «Додискейл-2780К» и «Рандим - 4021».

Ингибитор подается на вход замерной установки или на вход технологических печей с помощью электронасосной дозирочной установки (УДЭ), состоящей из дозирочного насоса и емкости для реагента, оборудованной указателем уровня и линейкой для контроля за расходом ингибитора. Суточный расход реагента составляет 30-50 г/м<sup>3</sup>.

Технология применения реагента проводится путем постоянной дозировки ингибитора в затрубное пространство 10-ми скважинами: 226, 314, 439, 787, 881, 1016, 1126, 1537, 2290, 3206.

Результаты закачки реагента ингибитора представлены в таблице 2.

**Таблица 2 - Результаты защиты оборудования ингибитором от слеотложений**

№№ п/п	№ скв	№ ГУ	Марка доз. насоса	Дата уст. доз. насоса	Тех. реж. за 1-кв.	МРП (сут.)		Количество ПРС	
						2012г.	2013г.	2012г.	2013г.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	226	19	УДС	25.06.07г.	30/10/60	363	83	1	4
2	439	13	УДС	11.06.12.	20/12/30	66	365	5	1
3	787	6	УДС	13.02.12г.	50/4/90	49	48	7	4
4	881	7	УДС	06.06.07г.	12/2/80	90	158	4	2
5	1016	13	УДС	04.02.11г.	60/1/98	66	338	5	1
6	1126	11	УДС	21.11.11г.	30/7/70	175	360	2	-
7	1292	22	УДС	08.05.13.	40/5-85.	130	195	3	2
8	1537	3	УДС	08.07.10г.	40/10/70	176	176	2	2
9	2290	7	УДЭ	28.02.13г.	50/21/50	359	354	1	-
10	3206	13	УДС	23.02.10г.	22/5/70	40	319	6	1
<b>Среднее</b>						<b>152</b>	<b>240</b>	<b>Σ 36</b>	<b>Σ 17</b>

Как следует из представленных данных: реагент от солеотложений способствовал увеличению МРП с 152 сут. до 240 сут., количество ПРС снизилось с 36 ремонта в 2012 году до 17ремонтов в 2013 году.

Для предотвращения отложений неорганических солей в системе сбора нефти на месторождении применяется технология ингибиторной защиты с применением химреагентов Додискейл -2870К и Рандим-4021. Ингибитор подается в шлейф наиболее обводненных добывающих скважин на вход замерной установки или на вход технологических печей с помощью блочной установки, состоящей из дозирочного насоса и емкости для реагента, оборудованной указателем уровня и линейкой за контролем расхода ингибитора. Защита трубопроводов и оборудования обеспечивается непрерывной закачкой ингибитора в систему. Защитой наземного оборудования охвачено 28 объектов, в том числе по ЦДНГ-1 – 17 объектов, по ЦДНГ-2 – 11 объектов. В связи с вышеизложенным рекомендуется продолжить применение ингибитора «Додискейл-2870К» и Рандим-4021 для защиты нефтепромыслового оборудования от солеотложений. Применение ингибитора солеотложений Додискейл-2870К и Рандим-4021 позволило увеличить МРП в 1,6раза. Необходимо регулярно проводить мониторинг эффективности



работы ингибитора солей отложений и своевременно в достаточном количестве подавать ингибитор солей отложений. Проведение СКО способствует очистке призабойной зоны от загрязнений,

- для добывающих скважин рекомендуется использование комплексных технологий, включающих предварительную промывку забоя скважин от АСПО углеводородными растворителями и в последующем кислотную обработку или применение кислотно-углеводородной эмульсии.

- для увеличения приёмистости нагнетательных скважин рекомендуется использование соляной кислоты, глиноукислоты или кислотных составов, разработанных для терригенных коллекторов.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Единые правила по рациональному и комплексному использованию недр при разведке и добыче полезных ископаемых РК. Постановление Правительства Республики Казахстан от 10.02.2011 года № 123.

2. РД 39-0147035-202-87. «Методические указания по проведению геолого-промыслового анализа разработки нефтяных и нефтегазовых месторождений» -

3. Лысенко В.Д. «Проектирование разработки нефтяных месторождений»; Недра, Москва, 1987 г., 247 стр.

4. Хайдарова Г.Р. «Ингибиторы коррозии для защиты нефтепромыслового оборудования» Журнал «Современные проблемы науки и образования». – 2014. – № 6

**ӨРКЕНИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИАТРЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІНІҢ  
ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ – ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ПАРАДИГМАСЫ**

**ГАРМОНИЗАЦИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИСТИЧЕСКИХ АСПЕКТОВ  
ЦИВИЛИЗАЦИИ-ПАРАДИГМА СОВРЕМЕННОЙ НАУКИ**

**ӘОЖ 821.512.122**

**БИІК ОЙЛЫ ҒҰЛАМА...**

**(Оразмағамбет Тұрмағамбетұлына)**

**Досмағамбетова А.**

**Жетекшісі: Қожа-Ахмет Дүйсенов**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

Маңғаз мекен- сан алыпты бесігінде тербеген,  
Бұл мекенде өскен қыран көкке қанат сермеген.  
Туған жердің топырағына өшпес ізін қалдырған  
Талай ақын, ғұлама бар есімдері өлмеген.  
Қилы заман сұм соғыстар елге маза бермеген,  
Жан болмас-ау сол сәттердің қиындығын көрмеген.  
Қарамастан неше түрлі қыспағына тағдырдың  
Ілім қуған кемеңгер көп, үміт оты сөнбеген.  
Қалам алдым бір ғалымға арнасам деп ізгі өлең,  
Бос өткізбей әр уақытын ғылым, білім іздеген.  
Білерме екен мына халық оның ұлы есімін?!  
Еленерлік еңбегі көп келешегін үзбеген.  
Мың сегізжүз сексен бірде ашып дүние есігін,  
“Оразмағамбет” деп атап ұлы ғалым есімін.  
Қызылсуда өсіп-өніп, білім қуып ер жеткен,  
Болмысынан зерек ұлдың Тәңір берген несібін.  
Алты алаш Адай рулы Бәйімбеттен тараған,  
Жастайынан алғыр бала бар шаруаға жараған.  
Әкесінің мектебінен ашып алғаш сауатын  
10 жасында Үргеніште білім жолын жалғаған.  
Жетік біліп қыр-сырларын араб, парсы тілінің,  
Хиуа мен Бұқарада жалғастырды ілімін.  
Бомбейдегі инженерлік оқу орнын аяқтап,  
Түркия,Иран, Германияда жетілдірді білімін.  
Озық ойлы, алғырлығы көрген жанды таң қылды,  
Елге оралып ауылдағы білім жайы жаңғырды.  
Дәріс беріп, ағартушы қызметін атқарып,  
Қызылсуда білім берер медресе салдырды.  
Сауаты мол ел ішінде сыйлы жанға айналды,  
Өжет, қайсар мінезімен бар шаруаға қайралды.  
Дін жағынан басқалардан білері көп болған соң  
Түпқараған болысының Иمامы боп сайланды.  
Дін жолында оның алған әр білімі еленген,  
Үйрететін сұрағанға бар білгенін тереңнен.  
Одан тіпті Арабтардан дін өкілдер жөн сұрап,  
Қанша жанға дәріс беріп, алғысына бөленген.  
Оразекең- қасиеті бар, бір әулие жан еді,  
Ол жайында ел аузында бір әңгіме бар еді.

Хиуадан елге оралып, бір жиында отырса  
Сол ауылдың үлкендері сынағандай сөйледі,  
Сөйлегенде сөздерімен оны ортаға сүйреді:  
-Қандай оқу оқығаның, не туралы ол?,-деді.  
Кідірместен Бала Ораз екі қолын жайды да  
Жай сыбырлап іштей дұға оқығаны сол еді,  
Айналада жылан қаптап , алған дейді зәрені:  
-Доғар, балам, түсіндік,- деп таңғалысты үлкендер  
Бұл әңгіме Бала Ораздың қасиетінің дәлелі.  
Халық айтса, қалып айтпас тарихы бар кешегі,  
Көз көргендер ол жайында “тұңғыш геолог” деседі.  
Кен байлығын , жер байлығын зерттеп жүріп қыр-сырын  
Жер астында не тұрғанын топырағынан сезеді.  
Болмысынан болжап білер қасиеті бір бөлек,  
Берері мол, байлығы көп жер шарына дөңгелек.  
Білімі мен ақыл- ойын ұштастыра білетін  
Әлі қанша ол жайында біз білмейтін тың дерек...  
Өзгелерден дара туған бір ерекше жан еді,  
Ұқсамайтын басқаларға таңғажайып әлемі.  
Бір бойынан табылатын ұшан-теңіз білімі  
Адалдық та, ізгілік те бір өзіне тән еді...  
Өтен деген бір азамат осы өлкенің тұрғыны:  
-Соғыс кезі,- деп бастады әңгімесін бір күні.  
Жақын туыс- ағайынның ауылында жатқанбыз,  
Ойнап жүріп көрші үйдің төбесіне шыққанбыз,  
Көзім түсті бір жәшікке есеңгіреп қалыпты  
Почта екен, ішін ашсам біреуге хат салыпты.  
Профессор Антоновқа арналыпты жолдама  
“Жіберуші- Оразмағамбет” деп атын жазыпты.  
Сол жәшікте жатыр екен біраз түрі тастардың,  
Көргенімді, білгенімді ағама айта бастадым  
-Айтпа оны,-деді де ағам қолын бір-ақ сілтеді  
Мен өзімше пайымдадым бұл жағдайдың астарын...  
Оразекем ұстаз болып атқарса да жұмысын,  
Зерттеп жүріп жер байлығын кеңейтіпті тынысын.  
Іздеп тапқан минералын Ленинградқа жіберіп,  
Еңбектеніп барын салды, алға қойып бұл ісін.  
Маңғыстауда дамып содан барлаушылық кен ісі,  
Уран барын бұл өлкеде естіп бүкіл ел іші.  
Мәскеуге де арнайылап соғыс үшін алдырған  
Мұның бәрі бір тынымсыз ізденістің жемісі.  
Баярунас, Лупповтармен бірге зерттеу жүргізген,  
Жер байлығын зерттеп жүріп көп жаңалық енгізген.  
Бір-біріне жөн көрсетіп, білімдерін алмасып  
Сыйлас болып, бір кездері ақ боз тұлпар мінгізген.  
Баярунас бір жиында бір әңгіме қозғады,  
Таңғалыпты бір жағдайға, ұзақ сөйлеп созбады:  
-Түркіменнің біраз жерін зерттеп жүрген уақытта,  
Жау жағадан басқыншылар басып ала жаздады,  
Шабуылын тоқтатпақ боп жолдарынан бөгедім,  
Зияным жоқ ешкімге деп, түсіндірдім себебін,  
Мен сендерден шыққан ұлы Ораз деген ғалымның

Сөз байласқан, жақын, сыйлас серігімін , -деп едім,  
Қарсыласпай құлақ асып, шырылдаған үніме,  
Үндеместен айналды да кете барды жөніне.  
Естіген жұрт елең етер Оразекем жайында  
Тандандырды сонша сыйлы болғандығы еліне...  
Одан қалған әрбір сөздің ұғынарлық мәні бар,  
Бір бойынан он адамға тән қасиет табылар.  
Түрлі дертке дәру болар шөптен дәрі жасақтап,  
Адам жанын емдеп жазар емшілігі тағы бар.  
Ауру-сырқау адам жанын салып ауыр қысымға,  
Дәрі -дәрмек табылуы қиын заман тұсында.  
Баярунас деген досын емдеп жазған сырқаттан  
Дәрі жасап пайдаланған, Шопан ата тұзын да.  
Тұзды судың кереметі жанға шипа болатын,  
Халық сонда бір кездері ем алуға баратын.  
Жаздың ыстық шілдесінде адамдарды қабылдап,  
Үйін тігіп, Оразекем тұз басына қонатын.  
Кірісетін шаруасына бозарып таң атқаннан,  
Өзі солай тұзға жиі түсіп дерттен сақтанған.  
Судан шығып: “ жаңа туған баладаймын анадан”, -  
Деп айтатын сөздері де ел жадында сақталған.  
Оразекең шипасы бар бұл “Күкіртті бұлақты”  
Елге берер пайдасы мол қасиетін ұнатты.  
Мал терісі, түйенің де қотырына жараған,  
Тері ауруын емдеуге де пайдаланған тұрақты.  
Баймағамбет ақсақалдың әңгімесін жалғайын:  
-Бұл емшінің шеберлігі жайында сөз қозғайын,  
Он бес жасар бала едім, жазым болып бір күні  
Отқа құлап, күйді қолым, қиындады жағдайым.  
Үйдің іші улап-шулап уайымдары үдеді,  
Жанға батар азабын да күйген адам түсінеді.  
Шыдап-төзіп тырыссам да қояр емес сыздатып  
Мұның емін білсе біреу- Оразекем біледі.  
Ораз деген ғұламамен ауылымыз бір еді,  
Үйдегілер тартты солай табылар деп бір емі.  
“Ештеңе де жасамандар, шыдай тұрсын әзірге”, -  
Деп айтты да шаба кетті , ерттеулі аты тұр еді.  
Төрткіл еді барған жері, келді асып қыратты,  
Мені көріп: “мықты екенсің, жарадың”, - деп жұбатты,  
Түсі ұнға ұқсас келген бір ұнтақты септі де  
Тану үшін күйік бетін шүберектер сұратты.  
Сол ұнтақты сепкен сайын ауырсыну болмады,  
Бір жетіде жарақаттың ізі мүлде қалмады.  
Оразекең- қолы алтын, жүзі жылы жан еді,  
Жеңілдеді басқа түскен бір азаптың салмағы.  
Оның елге жасап жатқан игі істері көп еді,  
Мұқтаж жанның барлығына тиді біраз көмегі.  
Бір кездері жаппай қыру саясаты басталып,  
Арпалысқан тағдырының тауқыметін көреді.  
“Діндар молда”, “Халық жауы” деген айып тағылды,  
Қаншама рет бос күдікпен темір торға жабылды.  
Баярунас сыйға тартқан радиосын ескеріп,

“Өзге жақпен байланысы бар екен”,- деп танылды.  
Голощекин саясаты елді тыныш қоймады,  
Еш кінәсіз адамдарды абақтыға айдады.  
Амалдары таусылған жұрт бұл азапқа төзбеді,  
Өзге елге көшеміз деп белді бекем байлады.  
Сасқан халық аңтарылды білмей қайда барарын,  
Иран жерін бағыттады, басты солай қадамын.  
Туған жердің топырағымен қимастықпен қоштасып,  
Көп қиналды табамыз деп күн көрудің амалын.  
Мәжбүр болды жасауға да қолдан келген жұмысты,  
Ораз болса, Бендер-шахта ұстаздыққа кірісті.  
Мұндай білім иесінің өзге елде жүргенін  
Естігендер құрығына түсіруге тырысты.  
Ирандағы қазақтардан екі-үш жансыз жіберді,  
Осыдан соң бар өмірі темір торға тірелді.  
Ақтық демі қалғанынша қорлық көрген ғалымның  
Жарқыраған жарық күні көз алдында түнерді.  
Бостандықтың кереметін аңсауменен күн өтті,  
Жалаң кешіп дүниені табанынан сыз өтті.  
Тамақ болмай қатқан нандар, жайлы болмай ұйқысы  
Қара жұмыс, қара түнек қалжыратып жүдетті.  
Жасы жетіп тұл бойында күш-қуаты қалмады,  
Қартайғанда өмірінің қызығына қанбады.  
Қош айтысып дүниемен, кетті келмес сапарға  
Туған жерге жетем деген орындалмай арманы.  
Денесін де өзге елдің топырағына жерледі,  
Соңғы демі қалған сәтте отбасын да көрмеді.  
Қос ұлдары- Ебжан, Шарғый жалғастырар ұрпағын,  
Қалды артында үміт еткен үш қызғалдақ гүлдері.  
Ел алдында сыйлы жанның биік еді беделі,  
Терең ойлы кемеңгердің жақұт тұнған кемелі.  
Орындалмай ой түбінде кеткен біраз арманы  
Елге берер асыл, құнды қазынасы көп еді...  
Енді қайтып туылар ма дәл өзіндей бір ғалым?!  
Сезіп тұрмын туған өлкең өзінді аңсап тұрғанын.  
Жарық бердің қазағымның қараңғы еді ғұмыры,  
Бағыт берер ұрпағыңа жүріп өткен жолдарың.  
Жер қойнына жасырылған аманатың табылды,  
Түсінгенге кітаптарың қазына ғой кәдімгі.  
Бізге жеткен баға жетпес құны биік жәдігер  
Еске салар нұр бейнеңді, жадыраған жаныңды.  
Кете бардың келешекке өлмес мұра қалдырып,  
Өзің жайлы естеліктер тұрар жылда жаңғырып.  
Ұлы дала перзентісің білімнен көз ашпаған,  
Елің барда жоғалмайтын есімің бар мәңгілік.

**МАҢҒЫСТАУДЫҢ ДАРА ПЕРЗЕНТІ ОРАЗМАҒАНБЕТ  
ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ**

**Бөпежан Р.**

**Ғылыми жетекші: Өтесова Г.Е.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Мақалада Маңғыстау өңірінен шыққан атақты дарынды азамат, білімдар ахун, ғалым геолог, емші, ағартушы халқымыздың ойлы перзенті ел есінде жан-жақты қабілетімен танылған халық қамын ойлаған, жас ұрпақты оқытып тәрбиелеген прогресшіл, діни, ғылым және қоғам қайраткері болған Оразмағамбет Тұрмағанбетұлының өмірі мен қызметі, қоғамдық-саяси қайраткерлігі кең көлемде сөз болады.

**Түйінді сөздер:** Қызылсу, ағартушылық, өлке, зерттеулер, мектеп.

Өлкемізде оқу ағарту ісінің қалыптасуы мен дамуының тарихы өз алдына бөлек үлкен тақырып. Өлкеміздің оқу ағарту тарихы ісінің даму тарихы сонау түркі дәуіріндегі және ислам дәуіріндегі білім, XV-XIX ғасырдың бас кезінде оқу ағарту ісі, мешіт медреселердің көбеюі, Бекет Мырзағұлұлының ағартушылық қызметі, өлкеміздің әр жерінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде діни сауатты қайраткерлердің дәріс беруі, Кеңес үкіметі тұсындағы өлкеміздегі білім берудің ерекшелігі мен бүгінгі таңдағы білім беру ісінің дамуы ерекшеліктері туралы көп айтуға да жазуға да болады. Маңғыстаудағы білім беру ісін қарастырған кезде Қызылсу жерінде мектеп ашып, бала оқытқан көрпе Оразмағамбет Тұрмағанбетұлының есімін ерекше атаймыз. Кезінде Оразмағамбет Тұрмағанбетұлы туралы өлкемізден шыққан Ә.Кекілбаев, М.Әбдіхалықов, Қ.Сыдиықовтар және тағы басқа жандар көптеп жазды. Маңғыстау топырағынан шыққан белгілі Оразмағамбет Тұрмағанбетұлы Маңғыстау кен-орнын зерттеуші геолог, ағартушы, үлкен діни қайраткер және өз заманының озық ойлы адамы болған. Оразмағамбет Тұрмағанбетұлының өлкенің кен орыны байлығын зерттеуіне қосқан үлесімен қатар ерекше айтылатын тұсы оның өлкеміздің ағарту ісіне қосқан үлесі өз алдына бір төбе. Қазіргі Қызылсу жерінде мектеп ашып, бала оқытқан Оразмағамбет Тұрмағанбетұлының әкесі де өз кезегінде Қызылсудағы Ащыағардың бастауында орналасқан ауыл балаларының бәрін жинап, салт атпен әудем жерге шығып шарифат заңдылықтары туралы көкейлеріне білім нәрін сепкен жан болған. Зерек әрі нәрсенің сырын білуге ұмтылған ұлының қабырғасы қатайғасын оқуға жіберуді ойлаған ол Маңғыстауға келіп жер асты байлықтарын іздеп жүрген Андрусовпен кездеседі. Оның Қызылсуды негізгі тұрақ етіп қалдырып анда-санда жан жаққа барлай жұмыстар жүргізбекші екендігін білген ол оған ұлы Оразмағамбеттің ойы зерек, білігі көптеу екенін айтады. Мұсылманшылыққа, шарифатқа қатысты мен білетін ілімді алдымда отырып алған деуіне қарағанда Оразмағамбеттің алғашқы діни сауатын өз әкесінен алғанын байқаймыз. Менің ойым жетпес, санамның қабылдауы қиын жер-су құпиясына тым әуес. Байқаймын, сенің де қызметің сондай сияқты. Қасыңа ал, білгенінді үйрет. Өрістен атыңды әкеліп, әр жерден терген тастарыңды салған дорбанды арқаласа да зияны тимес. Оның үстіне осы күз түссе алыс елге оқуға жіберуде ойымда еді. Ата-анасынан жырақ, өзге мілләттің ортасында жүруге де үйрене берсін, деуі баласының білім алуын қалаған ізгі ниеті екенін аңғарамыз. [3.68] Оразмағамбет Шығыс Маңғыстаудың тау тасын кезген Андрусовтың қасында болған. Ол жер қыртысын зерттеген жер асты байлықтарын айыру туралы мағұлматтарды Н.Н. Андрусовтан білсе, ғалым еліне қайтар кезінде оның әкесіне дарынды баланы білімнің тағы бір саласына бағыттаған да дұрыс сияқты. Жазда менің қасымда болған

баланың ұмтылысынан соны байқадым. Бұған әлі де оқу керек және де білімнің негізі ертеден қаланған біреуіне, айталық Үндістан сияқты елге жібергенің мақұл.

Өйткені ол жерге ғылымы, мәдениеті дамыған ағылшындардың зор ықпалы болды. Сонымен қатар Оразмағанбет онда мен айтқан жер қыртысы туралы ілімнен басқа, сенің көкейіңде әлі игере алмады ау дейтін мұсылмандық оқуды да қоса жалғастырар еді деп кеңес береді [3.68] Оразмағанбеттің Үндістанда Бомбейдегі университетте тау-кен инженері мамандығы бойынша бітіргені жайлы дерек Турмен ССР ОГПУ басқармасының архив құжаттарында баяндалған. Оразмағанбеттің әкесі 1918 жылы өмірден озады. Ол 1918 жылы әкем бақилық болды. Әкем өмірден өткеннен кейін шама шарқым келгенше ұстаз болып елді сауаттандыру жұмысына кірістім деп жазады. Осы әкесі салған мектепте ұстаздық етіп, өлкемізде сауат ашу ісін дамытуға кіріседі. Осы Оразмағанбет мектебінде сабақ берген алғаш ұстаздың бірі, менің атам – Өтес Қарабалаев болатын. Өтес Қарабалаев 1920 жылдан 1935 жылға дейін Қаңға, Түбіжік пен Ақшоқы жерінде ұйымдасқан ауыл мектебінің оқытушысы болып қызмет атқарған. Өз уақытының өте сауатты оқымысты адамы болса, оны 1927 жылы Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы арнайы келіп, Қызылсуда ашылған мектебіне бала оқытуға өзімен бірге ала кеткен. Бұл туралы әкемнің үлкен апасы Бақтылы менің бала кезім жаз мезгілі киіз үйде отырғанымызда ауылымызға салт ат мінген адамдар келді. Үлкендер жөн сұрасып біліскеннен біздер бұл кісінің Оразмағанбет екенін білдік. Киіз үйде өрбіген әңгіме үстінде әкемнің өлкедегі Меккеге қажыға барған діни сауатты адамның ұрпағы екенін және терең білімді адам екенін тілге тиек ете отырып, өзінің Қызылсудағы мектебіне ұстаздық қызметке шақыратындығын айтты. Әкем білімді, сауатты адам ретінде Қызылсуда бала оқытуға келісетін айтып, көп ұзамай Оразмағанбет мектебінде сабақ беріп бастады деп айтып отыратын. Бұл 1927 жыл болатын десе, Оразмағанбет Маңғыстауға келген ғалым М.Баярунаспен бірлесе жұмыс жасағанда, әкем Өтес мектепте ғылымның салалары бойынша сабақ өткізген. Өтес әкемнің өзі тарих, география, әдебиет және арифметиканы жетік меңгер жан еді. Осындай адамдарды өзінің мектебіне сабақ беруге арнайы келіп шақыруы көп нәрсені аңғартса, әкем Оразмағанбетті терең ойлы жан жақты білімді адам еді айтып отырушы еді дейді. Оразмағанбеттің шәкірті Мұқан Алақөзов 1928 жылы Қызылсу мектебінде жиырмадан астам бала білім алғанын, ұстаздарының арабшамен бірге басқа пәндерге де ерекше мән бергенін және балаларға дәріс беруге атам Өтесті шақыртып алып, екеуінің бірге мұғалімдік жұмыспен айналысқандығын жазады. Кейін осы Оразмағанбет мектебінде дәріс алғандар Кеңес дәуірінде сауаттылар тобынан табылып, ұжым, ел басқару істеріне, ұстаздық етуге қатысқан.

Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының ауылына келген атақты жыршы Сүгір Бегендікұлы Оразмағанбеттің бес сиырға арғымақ сатып алғанын естіген Сүгір соған құтты болсын айтуды ниет етеді.

- Ассалаумағалейкі -ім

Берекет берсін қырқарға,-

дегенде оның сөзін аяқтатпай Оразмағанбет іліп әкетіпті

- Уағалейкім, әумин,

Иманың болсын қырық арба,-

деп Сүгірге көлденең бұрылады.

- Қайырлы болсын және айтам,

Бес сиырға алған тұлпарға, - деп Сүгір жыршы да бас изей толғайды.

Оразмағанбет :

Әзірлеп бізде жатырмыз,

Бәйгені шауып құртарға,-

деген жауабымен сөзді доғарса, бұл оның ақындық, шешендік қырын танытатын тұсы болса керек, оқығаны мол ақындық қасиеттің бір ұшқынының бойында бар екендігін көрсетеді. [2.94-95 ]

Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының Иран шахына жазған хатында «Мен жасымнан ғылым кудым. Өз аймағымда, сосын Бұқара мен Хиуада оқыдым. Сұпылық зікір салуды, әрі үйретуді Үргеніш қаласында хазірет Мұхаммед Зия ибн Зәкіржаннан үйрендім. Сондай-ақ тәфсир ғылымын, жағрафия, илаһи хикмет, биология, астрономия, геометрия оқыдым» деп жазуы оның ғылымның барлық саласынан хабары бар жан жақты жан екенін аңғартады және оның халық арасында ағартушы, шипагер, жер асты байлықтарын зерттеуші ғалым, үлкен діни қайраткер ретінде танылуы заңды құбылыс.

Ол діни-идеологиялық, логикалық кітаптарды, ислам және дін тарихы, араб тілінің грамматикасы туралы кітаптарды, тағы басқа дінтану кітаптары мен діни көркем әдебиеттерді оқып меңгерген шейх болғандығы мәлім. Оның діни сауатты терең ғұлама болғандығы соншалықты одан дін таратқан араб елінің ғұлама дін өкілдері келіп дәріс алған. Тіпті, бұқаралықтардың «Бұқарада білім қалған жоқ, бәрін бір қазақ көтеріп кетті» деуі де Оразмағанбеттің ғұламалығын тәптіштей айтудың өзі де артық сияқты.

Орамағанбет дәрігердік, емшілік қызметпенде айналысқан. Ел ішіндегі түрлі ауруларды қалай емдеп жазғаны жайлы әңгімелер өз алдына. Солардың қатарында Оразмағанбет өз досы, әріптесі М.В. Баярунасты емдеп, сауықтыруы да бар. Жер ананың түрлі шөбін, топырағы мен тасын ауруларға қарсы қолданудың жолын жақсы білген. Ирандағы ұрпағы өз үйлерінде Оразмағанбеттің Иран жерінде өмір сүрген бірер жыл ішінде аптекаларға дәрі алуға рецепт жазып бергенін, олардың кейбірінің көшірмелері сақталғанын тілге тиек етеді. [2.21]. Көнекөз қарттардың қуаттауынша Оразмағанбет Маңғыстаудың ой қыры ғана емес, өсімдік және жануарлар дүниесін де жетік білген. Жеті қараңғы түнде де адасуды білмеген. Бағыт бағдарды сол тұрған орнының шөбіне, топырағына қарап дәл айта алатын болған. Қай жерде қандай қазба байлық жатқанын жеткілікті жоба жорамалдармен келтіріп отырған. Өзінің тапқан минералдарының үлгісін сол кездегі Ленинградтағы оқымыстыларға жолдап та тұрған.

Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы уақытысында халық қамын ойлаған, жас ұрпақтарын оқытып тәрбиелеген прогесшіл, діни ғалым және қоғам қоғам қайраткері болған. Сталиндік жазалау кезінде жазаға ұшыраған, кейін айыпсыздығы анықталып, ресми түрде ақталған. Атақты, дарынды азамат Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы Маңғыстаулықтардың мақтанышы және өлкенің дара тұлғасы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дәуір бел – белестерінде Ө.Озғанбай Алматы, 1996
2. Оразмағанбет Ө. Озғанбай ,Т.Шадықұл Алматы, 1997
3. Сыбызғы сыңсып жылайды О.Көшбайұлы Алматы, 2008



**Жумамуратов Н. А.**

Жаңаөзен қалалық білім бөлімінің «№3 орта мектеп» КММ мұғалімі, гуманитарлық ғылымдар магистрі

**Аңдатпа.** Мақала Маңғыстау өлкесінің біртуар ұлдарының бірі Оразмағамбет Тұрмағамбетұлына арналған. Мақаланың негізінде О.Тұрмағамбетұлының қоғамдық қызметі, алаш қайраткерлерімен байланысы, халқына жасаған қызметі жатыр. Автордың мақсаты – Оразмағамбеттің сол кездегі Кеңестік қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болғанын көрсету.

**Тірек сөздер:** Оразмағамбет, түлға, қуғын-сүргін, алаш қайраткері.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Қызылсу ауылында 1871 жыл дүние есігін ашқан кемеңгер ұл Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының халық үшін жасаған ерен қызметін бүкіл ел біледі. Қызылсудағы мектепте қазақ балаларын оқытып, ағарту ісіне сүбелі үлес қосқан асыл ер 1937 жыл айлакерлікпен ұсталып, түрмеге қамалып, кешегі зобалаң дәуірдің құрбаны болған.

Оның қамауға алынып, сотталуына не себеп болды? Неге құрбан болды? Қайда, қашан қайтыс болды?

Бұл сұрақтарға жауап іздеп, Сұлтан Балқаевтың «Озық ойлы Оразмағамбет» кітабында берілген мұрағат құжаттарына үңілдік [1, 4 б.]. Бұл құжаттарды оқи отырып, Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының өмірін баяндайтын және тергеу ісінен мәлімет беретін тұстарды кездестірдік. Әбілқайыр Спанов «Көрпе Оразмағамбеттің тергеу ісі» атты мақаласында №8754 санымен, соңынан 2 4966 санымен белгіленген «өте құпия» белгісі бар, бір томнан тұратын құжаттармен танысқандығын және көшірмелерін алғандығын жазған [2, 116-129 б.]. Мұрағат қорындағы №8754 іс түгелімен Оразмағамбет туралы екен. Біз Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының үстінен іс қозғау ісі, Ашхабад қаласында 1937 жыл қыркүйектің 1 күні шыққан «Қаулы», «Анкета» (№8754-істің 32-33 б.), түрмедегі тергеудегі сұрақ-жауаптар, 1937 жылғы 3-4 қыркүйектегі тергеу протоколы, 1937 жылғы 10 қыркүйектегі тергеу протоколы, 1937 жылғы 13 қыркүйектегі тергеу, 1937 жылғы 19 қыркүйектегі жүздестіру протоколы (№8754-істің 306-308-б.), 1937 жылғы 22 қыркүйектегі тергеу (№8754-істің 362-б.), 1937 жылғы 28 қыркүйекте өткен СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының көшпелі мәжілісінің дайындық протоколы (№8754-істің 364-б.), 29 қыркүйек 1937 жылғы СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының жабық сот мәжілісінің протоколы (№8754 (49466)-істің 348-б.) т.б. құжаттармен танысып, талдау жасауға тырыстық [3, 70 - 91 б.].

XX ғасырдың басында «Қазақ халқын қайтсем биік өркениетке жеткіземін?» деп сан қилы заманды басынан кешіріп, талай қиындықты көтерген, озық ойлы Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы бар ғұмырын халық игілігіне арнаған азамат. Оразмағамбеттің түлғалық бейнесін ашу үшін төмендегі сұрақтарға жауап іздеуді жөн көрдік.

Қуғын-сүргіннің құрбаны болған Оразмағамбеттің саяси-әлеуметтік жұмыстармен айналысуына қандай жағдайлар әсер еткен? Біріншіден, Оразмағамбет Хиуа, Бұхара, Бомбей, Уфа, Орынбор т.б. қалаларда және Ресей, Ауғанстан, Иран, Пәкістан, Үндістан, Түрікменстан т.б. мемлекеттерде болған. Екіншіден, Ресейдегі және Қазақстандағы зиялы азаматтармен қарым-қатынас жасаған. Үшіншіден, сол кездегі өлкедегі атақты Шайқы ахун, Ержан хазірет, Аққұл ишан, Тобанияз Әлниязов т.б. адамдармен достықта болған. Төртіншіден, XX ғасырдың басындағы елеулі оқиғалар болған 1905, 1917 жылдардағы төңкерістер дәуірінде жасады. Бесіншіден, Ресейден «Правда» газетін алдыртып, үзбей оқып отырған және орыс ғалымы Баярунас сыйлаған радиоқабылдағыштан әлем жаңалықтарын естіп отырған. Алтыншыдан, сол кездегі саяси аренаға шыққан алаш

қайраткерлерінің идеяларын қолдап, өлкеде насихат жұмыстарымен айналысқан. Алаш идеясымен сусындаған Оразмағамбет халықтың санасын ояту үшін халықты сауаттандыру керек екенін түсініп, осы жолға бар күш-жүгерін салды. Сондықтан, Қызылсудағы мектепте жастарға білім беріп, халық арасында үгіт-насихат жүргізді [4].

1917 жылдағы төңкерістен кейін Оразмағамбет қандай қоғамдық істермен айналысты? Маңғыстау түбегіндегі әрбір жаңалыққа құлағын түріп, әкесімен бірге мектеп ашып, бала оқытты. 1926 жылы 9 қараша күні Уфа қаласында емтихан тапсырып, Адай уезінің имамы болды [3, 13 б.]. Түпқараған болысы және Адай уезіне бас имам болып, ел-жұртын алаңдатқан мәселелерді шешіп, болып жатқан жаңалықтар және дүние үстіндегі төңкерістер туралы, Алаш қайраткерлерінің істеп жатқан іс-әрекеттері туралы халық арасында насихат жүргізді. Тергеу барысында өз аузымен берген жауаптар бұл істерге дәлел бола алады. Ашхабад қаласы, 1937 жылдың 19 қыркүйегінде жазылған «Жүздестіру протоколында»: «Мен «Алашорда» ұйымына 1926 жылы кірдім, өйткені осы ұйымның мақсаты мен міндеттері дін жолын және мұсылмандарды қорғауға бағытталған екен. Мен соған түсіністікпен қарадым. Батыс Қазақстанда өмір сүрген 1919 жылдан Қазақ ұлттық (контрреволюциялық) ұйым орталығы Ақтөбеде бола тұра, негізінен, «Әлім» тайпасының қазақтарын қамтыған, ал 1926 жылдан өзінің ел арасындағы ықпалын ұлғайту мақсатында өз өкілдері Бақытжан Қаратаев, Тобанияз Әлниязов арқылы Маңғыстау Жартыаралын мекендеген Адай тайпасы қазақтары арасында өз филиалдарын құру жөнінде көптеген жұмыстар өрістетті» деп Оразмағамбет жауап берген [2, 40 б.]. Бұдан көретініміз, 1917-1930 жылдар аралығында қоғамдық мәселелерді шешуде белсенділік танытқан.

1925 жылы КСРО Ғылым академиясы жанынан құрастырылған С.П. Швецовтың экспедициясының құрамында болған Әлихан Бөкейханов Маңғыстау өлкесіне келіп, зерттеу барысына басшылық жасады. Бұл туралы археолог Әлкей Марғұлан өз естелігінде жазып кетеді. Сондай-ақ Ә.Бөкейхановтың осы экспедиция барысында жазған «Казахи Адаевского уезда» деп аталатын еңбегі де дәлелдейді [3, 12 б.]. Алаш қайраткері бұл еңбегінде Маңғыстау қазақтарының тұрмыс-түршілігі, шаруашылықтары, халық саны, Адай уезінің ерекшеліктері т.б. талдап жазған. Біздің ойымызша, халық мүддесі үшін жасалып жатқан істер туралы айтып, алаш қайраткерлерінің жасап жатқан игі істерін таныстырған. Әлихан Бөкейханов пен Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының кездесуі жайлы тарихи деректер жоқ, бірақ саяси көшбасшыға тән қасиеттері көп. Бірақ Әлиханды көзі ашық Оразмағамбеттің қолдағаны анық.

Алаш идеясын қолдап, халықтың демократиялық көзқарасының қалыптасуына, елдің болашағын ойлауға Оразмағамбеттің де ықпалы болды. Оған дәлел, жоғарыда өз сөзінде айтып өткендей Бақытжан Қаратаев, Тобанияз Әлниязов сынды тұлғалармен араласқан. Сондай-ақ, сол кездегі Маңғыстау түбегін зерттеген озық ойлы орыс ғалымдарымен тығыз байланыста болған. Мысалы, М.В.Баярунаспен бірігіп жұмыс жасауы. Кезінде екі дос бір-бірімен ақпарат алмасып отырған. Оразмағамбет Баярунас арқылы «Правда» газетін алдыртып оқыған. 1929 жылы орыс ғалымы Оразмағамбетке радиоқабылдағыш сыйлаған. Бұл туралы М.В.Баярунастың шәкірті, ғалым Н.П.Луппов өз естелігінде жазған [3, 14 б.].

Жоғарыдағы сұрақтарға жауап бере отырып, Оразмағамбеттің өз заманында интелгенция өкілдерімен байланыста болып, қоғамдық мәселелерді шешкен тұлға екеніндігін көреміз. Сол себепті Сталиндік қуғын-сүргін басталған уақытта өлкеде қара тізімге Оразмағамбет те ілікті. 1937 жылдың 29 қыркүйектегі СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының жабық сот мәжілісінің протоколында: «...ол «Алашорда» ұлтшыл-көтерілісшіл ұйымының мүшесі бола жүріп, жапон барлаушыларының тапсырмасы бойынша Түрікмения территориясында шпиондық-бүлікшіл жұмыстарды ұйымдастырды және басшылық етті, басқаша айтқанда, Түрікмен ССР қылмыстық істер кодексінің 54-1, 54-2, 54-6, 54-9, 54-11-баптары бойынша қылмысты деп танылып, ең жоғары жазаға-ату жазасына кесілді» деп жазылған [1, 34 б.]. Осы құжаттарға сүйене келе, Оразмағамбеттің Түрікменстан жерінде атылғаны белгілі, бірақ қай жерде жерленгені белгісіз.

Қорытындылап айтқанда, Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының саяси-әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуына, қоғамдық қызметіне мұрағат құжаттары арқылы талдау жасадық. XX ғасырдың басындағы елеулі оқиғаларды басынан кешіріп, саяси аренаға шыққан алаш қайраткерлерімен байланыста болғанын білдік. Ел тәуелсіздігі үшін күрескен алаш қайраткерлерімен тізе қосқан Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының ел үшін жасаған қызметі үлкен. Азаматтық парызын орындаған тұлғадан өнеге алайық!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сұлтан Балқаев. Озық ойлы Оразмағамбет.-Алматы: Республикалық оқулық баспа орталығы, 2005. - 256 бет.
2. Өмірзақ Озғанбай, Тәжіназар Шадқұл Оразмағамбет: Оразмағамбет туралы мұрағат деректері, ел есіндегі әңгімелер, мақалалар мен, очерктер, естеліктер мен хат-хабарлар. – Алматы, 1997 ж., 177 бет.
3. Көшбайұлы О. Дала данасы. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2007. – 256 с.
4. Ақмаржан Бақытова. Оразмағамбеттің өмір айдыны ( О.Тұрмағамбетұлы туралы қарымды қалам тербеген Отыншы Көшбай ағамен сұхбат). / Маңғыстау газеті. №65-66/10142/ 23 маусым 2022 ж.

**«Аңыздың ақыры» романының лирикалық, романтикалық сипаты**

**Б.А. Каримсакова**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында халық жадында сақталған ескі аңыздарды жаңғыртып, мифтік-фольклорлық сарын көрініс табады. Ә.Кекілбаев туындылары көбінесе бүтіндей мифтік-фольклорлық сюжетке құрылады. Жазушы аңыз әңгімелер арқылы өткенге, тарихи оқиғалар сілеміне көз жібере отырып, мәңгілік мәселелерді шешуге ұмтылыс жасаған. Романда Әмірші, кіші ханша мен шебердің арасындағы шарпысқан ішкі психологиялық сезім-күйлері мен жан дүниесіндегі толғанысы, ой арпалысы шеберлікпен суреттеледі.

**Түйінді сөздер:** әдебиет, жазушы, тарихи роман, аңыз әңгімелер, Әмірші, ханша, шебер, махаббат пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатыгездік, бақ пен тақ.

Тарихи шығарма – тек халықтың тарихын, шежіресін, кескілескен шайқастарды ғана суреттеумен шектелсе көремдік сапасына нұсқан келер еді. Белгілі зерттеуші Герольд Бельгер: «Ә.Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осында — ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол аңыз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігінің бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек» [3,27].

Ә.Кекілбаев өз шығармаларында халық жадында сақталған ескі аңыздарды жаңғыртып, көне сюжеттерді көбірек бағдар тұтады. Ә.Кекілбаев романтизмінің көркемдік жүйесін толықтыратын сипат шығармаларында мифтік-фольклорлық сарынның, аңыз-әңгімелердің жиі көрініс беруі болып табылады. Ә.Кекілбаев туындылары көбінесе бүтіндей мифтік фольклорлық сюжетке құрылады. Жазушы аңыз әңгімелер арқылы өткенге, тарихи оқиғалар сілеміне көз жібере отырып, мәңгілік мәселелерді шешуге ұмтылыс жасаған. Осы сипаттағы шығармаларының бірі – «Аңыздың ақыры» романы.

Тарихи дәуірлер мен оқиғаларды, тарихи адамдардың өмірін көркем бейнелеп елестеткен, дүниетанымдық ізденістері жоғары шығармалардың қатарына Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романын жатқызуға болады.

«Аңыздың ақыры» романы Әбіш Кекілбаевтың бұрыннан жазғандарынан сыры да, сипаты да мүлде бөлек, жазушының шығармашылық тың табысы, өсу, іздену эволюциясының жаңа қыры дерлік, өзіндік концепциясы бар дүние. Жазушы мұнда өзінің ойшылдығы мен парасатты суреткерлігін көрсеткен десек асыра айтқандық емес [4,42].

«Аңыздың ақыры» романы тарихи тақырыпқа жазылып, тарихта болған Ақсақ Темір өмірінің бір сәті көрініс бергенімен, бұл – үйреншікті мағынадағы дерекке негізделген тарихи туынды емес. Жазушы тарихи аңыз шеңберінен шығып, қаламгерлік қиялын қоса отырып, дербес психологиялық шығарма тудырған. Мұнда тарих – фон, кезең колориті ғана. Сыншы С.Әшімбаев романның тарихи негізін баса айта отырып: «шартты түрде болса да оқиға қай ғасырда, қай жерде болып еді, Әмірші деп отырғанымыз кім, қай елдің ханы деген сұрақтың бетін ашу керек сияқты» [5,12] – деген пікір білдіреді.

Ә.Кекілбаев үшін романда оқиғаның қай ғасырда, қай жерде болғаны маңызды емес. Мәселе, оқиғаның қашан және қалай болғанында емес, болған оқиғаның адамгершілік философиялық мәнінде. Сюжетке өткен дәуір оқиғасы арқау болғанымен,

ішкі мазмұны махаббат пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатыгездік, бақ пен тақ, бақыт сияқты жалпыадамзаттық мәні бар мәңгілік мәселелерді қозғайды.

Романның негізгі сюжеті шығыс елдерінің ежелгі аңыздарының негізінде алынған. Тарихта болған дерек пен шығармашылық қиял, фольклорлық бастау мен реалистік баяндау осы шығармада ерекше жымдасып кетеді де, халықтың әр қилы аңыз әңгімелерін өзінше қызғылықты түсіндіретін автордың көркемдік философиялық концепциясы барынша толық, айқын танылады.

«Аңыздың ақыры» романының лирикалық, романтикалық сипаты мол. Романның сюжеті үш кейіпкердің (Әмірші, ханша, шебер) төңірегінде өрбитін тарихи аңыз-әңгімеге құрылған. Жазушы өзіне таныс аңыз-әңгімені жалаң баяндаушы емес, ол аңыздық желіні жаңаша түсіндіріп, жаңғыртып, сол арқылы адам жанының терең иірімдерін ашқан композициясы күрделі, психологиялық салмағы бар дербес туынды жасайды. Әмірші, кіші ханша мен шебердің арасындағы шарпысқан ішкі психологиялық сезім-күйлері мен жан дүниесіндегі толғанысы, ой арпалысы шеберлікпен суреттеледі.

Романның бас кейіпкері – Алмас хан. Шығармада Алмас хан өмірінің соңғы айларында болған оқиға баяндалады. Ол өз халқын толық бағындыруда да, оны басқаруда да, оған жаңа жетістіктер қосуда да табысқа жеткен әмірші. Бірақ ол халқына өз философиясын уағыздауда жеңіліске ұшырайды. Сондықтан автор кейіпкердің ой жүйесін, сезіну, түйсіну өрісін, оның құбылыстарын, суреттеуге ерекше көңіл бөледі. Әміршінің мінез-құлқы – романның негізгі желісі.

Хан кезекті жорығынан оралғанда, кіші ханшаның өзінің құрметіне салдырған биік мұнарасын алыстан көзі шалады. Мұнараны салушы жас шебер ханшаға ғашық болып, оған деген құмарлығы мен іңкәр сезімін, махаббатын өз өнері арқылы бейнелейді. Ханға суық хабар өзегін құрт жеген алма арқылы беріледі. Қызғанышы оянған Хан шебер мен ханшаға қаһарланып, жас жігіттің көзін ойып, тілін кесіп, қатал жазалайды. Ханша мен шеберді қатаң жазалағанымен, хан олардың жүрегіне әмір ете алмайды. Өйткені байлық пен биліктен тыс, оларға бағынбайтын махаббат, сезім құдіреті бар. Нағыз өнер туындысына тән сұлулық пен нәзіктік тек шынайы махаббаттың әсерінен туындайды.

Әміршінің бейнесін жасағанда Ә.Кекілбаев тарихи материалдарға сүйеніп, қазіргі болмысқа сәйкес әлеуметтік-психологиялық модель жасаған. Эгоцентризм мен өзін ғана сүюдің жалғыздыққа, рухани азшылыққа ұшырататынын көрсеткен. Жазушы шеберлігі Жаппардың өзімен өзі сөйлескен монологын беруде ерекше көзге түседі. Жасынан сәулетшілік өнер бойына дарыған Жаппарға (әкеден берілген қабілеттілік) дүние жүзінде теңдесі жоқ мұнара салу ісі тапсырылады.

Кіші ханшаға ерекше ықылас, құмарлық сезінген сәулетші мұнараны салудың жаңа түрін ойлайды. Оның ойынша мұнара ендігі жерде өзінің ұлылығымен емес, адамдарда басқа адамдарға деген сенім, сүйіспеншілік сезімін туғызуы керек. Осы ойын іске асыру үшін сәулетші аса көп жұмыс істейді. Алғашқыда сәулетші хан бақшасының ішінде жас сұлуды жиі көру мүмкіндігі бар кетікті бекітпеді. Енді сәулетші қалайда жас сұлуды өзіне қарату үшін, оның өзіне деген сүйіспеншілік сезімін туғызу үшін мұнараны ерекше ықыласпен әшекейлеп сала бастайды

Жер бетіне өзінің әмірлігін, үстемдігін жүргізіп, ашса алақанында – жұмса жұдырығында ұстай білген Әмірші «мұнара бейнелеген асқақ махаббаттың иесі кім, ол кімге деген ақ сезім» деп іздеумен болады.

Романда мұнара – шебер махаббатының символындай. Шығармада мұнараның атқаратын қызметі ерекше. Ол үш кейіпкерді, ханды, ханшаны және шеберді өзара байланыстыратын, бір қазыққа байлайтын ортақ желі. Романдағы романтикалық сарын да осы мұнара бейнесімен байланысты. Ол жанданған кейіпке еніп, адам әрекетіне, адамға тән мінезге, қылыққа ие. «Мұнара күніне бір мінез шығарады. Бір күні жас майсадай үлбіреп, жас сәбидей мөлдіреп тұрса, ертеңіне-ақ жан-жағына ойнақы нұр таратып, жайнақтап шыға келеді. Бірде терезенің алдынан ет жүрегінді елжіретіп, үн-түнсіз телміріп тұрып алса, артынша-ақ төбесімен көк тіреп аспандап шыға келеді» [4,134].

Мұнара бірде «күледі», бірде «мұнаяды», бірде «сұстанады», бірде «алыстан ым қаққандай» болса, бірде «жалбарынады». Шығарманы мұқият оқып шықсаңыз, мұнараның мұндай «мінезінің» сан қырына куә боласыз. Шығармада мұнара романтикалық бояумен бейнеленген. Оның қасиетін суреттеуде әсірелеу де басым. Мұнараға қараған жанның барлығы қайран қалады. Ол шаһардағы басқа мұнараларға атымен ұқсамайтын ерекше бір сипаты бар, сиқырлы мұнара. «Әмірші сан-сапат жорықтарында талай мұнаралар мен сарайларды көре-жүре, тап мынадай сиқыр сұлулықты бұрын-соңды ешқайдан жолықтырған емес. Бірақ көзін жібермей, көңілін тұзақтап, тұсап-матап тастаған өзгеше көріктің сиқырына түсіне алмай келеді» [4,40]. Романда мұнараның қасиетін айқындауда «сиқыр» сөзі онымен жиі қатар айтылады. Мұнараның сиқыры – шебердің ханшаға деген махаббатын бейнелеуінде, тіпті сол махаббаттың өзіне айналуында.

Кіші ханша әміршінің алдында жалғыз-ақ күнә істепті. Онда да өңінде емес, түсінде күйеуінің көзіне шөп салыпты. Бірақ сол жалғыз қылмысының өзін әміршінің қырағы көзі қалт жібермепті. Әміршінің мына монологына көңіл бөлейік: «Ханымның сол жолғы түсінде құшқан еркегі басқа ешкім де емес, энеу күнгі монтаны жігіт. Ханым онымен өңінде болмағанымен түсінде табысты. Ендеше сол бір жайнақ көз жігітпен өмірінде болмағанмен, көңілінде әлдеқашан қауышқан. Көңілінде ол ханымға бұдан гөрі әлдеқайда жақынырақ...» [4,172].

Шығармада жазушы тек Әміршінің ғана қатыгездігін орынсыз кінәлай бермейді, оның іс-әрекеттерін төтелеп даттай да бермейді, автор адамшылық қасиетті, адамның жеке басын аяққа таптайтын зорлық пен зұлымдықтың, билік құмарлықтың шірік философиясын әшкерелеуге назар аударады. Қаншалық қаһарлы, қайратты болғанмен, Әміршінің өзі де, шынтуайтқа келгенде көрсоқыр, қатыгез. Ол өзгелерді қайғы-қасыретке ұшыратумен бірге, өзі де шектеусіз биліктің құрбаны болады.

Шын мәнінде, Ә.Кекілбаев қазақ тарихи романдарындағы аңыздық желілер өмірлік шындыққа ажар бітіріп, мазмұнын тереңдетеді, философиялық мән-маңыз береді. Қаламгердің сюжет желісі түгелдей аңыздан арна тартқан «Аңыздың ақыры» романы – саф күмістей таза тарихи роман. Мұндағы тарихи деректердің барлығы көркемдік шешімін үйлесімді тапқан туынды екенін Ә.Кекілбаев туындыларынан анық байқауға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Герольд Бельгер «Қазақское слово.» Астана, 2001
2. Кекілбаев Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалары.– Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. – 400 б.
3. Сыншы С.Әшімбаев «Шындыққа сүйіспеншілік». Әдеби-сын мақалалар, портреттер, эссе. «Жазушы», 1993;

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПОЭМАЛАРЫ

Е.Базарбаев

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Ә.Д.Қабылов

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан. Фил-20-1 тобының студенті

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың поэмалары қарастырылады. М.Жұмабаев қазақ лирикасын дамытуға үлкен үлес қосумен қатар, ұлттық әдебиетімізде поэма жанрының қалыптасуына да зор мүмкіндіктер көрсетіп берген ақын. Оның поэмаларында эпикалық кең тыныс, драмалық тартыс пен лирикалық тереңдік қатар көрініп отарады. Автор ақынның «Ертегі», «Қорқыт», «Оқжестестің қиясында», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертегі», «Қанышбай қыссасы», «Толғау», «Токсанның тобы» сияқты поэмаларын жан-жақты талдап, олардың идеялық-көркемдік ерекшеліктерін пайымдап, өзіндік тұжырымдар жасайды.

**Түйінді сөздер:** қазақ поэзиясы, поэма жанры, тақырып, идеялық-көркемдік ерекшелік, эпикалық дәстүр

Мағжан Жұмабаев – қазақ әдебиетіндегі поэма жанрын дамытуға да елеулі үлес қосқан ақын. Ол – қазақ поэмасының баяндау стилін, шешендік мәнерін өзгерту қажет екендігін алғаш айтқандардың бірі. Сондықтан оның өзі бастап қазақ поэмасын суреткерлік жаңа арнаға бұрды. С.Мұқановтың өзі оны «поэмалар жазудың желісін қаққан адамдардың біреуі болды» деп бағалады «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде [1,209].

XX ғасыр басындағы қазақ поэмасының бұрынғы дастандардан елеулі ерекшеліктері болды десек, «Бұлардың фольклорлық, романдық эпостардан айырмашылығы баяғының күйін күйттеумен шектелмейді. Тіпті өткенді жырлап отырса да, бүгінгі заман толғағын толғайды, қоғамның, ұлттың ділгір проблемаларына меңзейді. Сол себепті көркемдік бейнелеу құралдары өзгереді. Кейіпкер тұлғасы тұманданбай, көз алдында тұра қалады. Ол жер басып жүрген адам болып шығады. Саған іштей де, сырттай да таныс-бейтаныс. Бұл проза емес, бірақ өлеңдегі повесть, роман жанры іспетті. Өзіне тән сюжет бойынша оқиғаны баяндау я суреттеу барысында сол оқиғаның мән-мағынасын лирикалық қаһарман әсері, сезім, ой толқындары арқылы ашады» [2,242-243].

Ол кездегі Мағжан, Сұлтанмахмұт секілді ақындардың әдеби поэмаға бет бұру себебі кейбір өлең тақырыптары шағын форманың аясына сыймады. Қазақ қоғамы оянып, адамдардың ой-санасы өсіп, жеке тұлғаға айналған шақта лирикамен қатар эпостық құлаш-қарым да қажет болды. Ал лирика мен эпостың құймасындай поэзиялық жанр поэма болатын. Әдеби поэманың қазақ әдебиетіндегі үлгісін Абай мен Шәкәрім жасады. Абай азаматтық проблемаларды толғаса, Шәкәрім ғашықтық лирикаға публицистикалық әр беріп, патриархалдық-рулық қоғамға тарихи кесімді үкім шығарды. Мағжан поэмаларының негізгі өзегі – ұлт-азаттық тақырыбы болды.

Мағжан жиырмамыншы жылдардан бастап айналасы бес-алты жылдың ішінде «Ертегі», «Қорқыт», «Оқжестестің қиясында», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертегі», «Қанышбай қыссасы», «Толғау», «Токсанның тобы» сияқты поэмалар жазды. Олардың ішіндегі аңыз-ертегіге негізделгені де, заманәуи материалға сүйенгені де қазақ ұлтының тағдырын толғайды.

Ақынның алғашқы поэмасы – «Ертегі» (1922). Поэма эпикалық сарында басталып, ертегімен ақталады. Бас кейіпкері – Сыздық, Кенесарыдан кейін отаршылдарға қарсы қаруын тастамай соғысқан, бірақ көп қиындық көріп, соңына адам ерте алмаған батыр. Поэманы автор өз жайынан көңілсіз сыр қозғаудан бастайды. Ол ашынған жан болса да,

тек қиялын тербеген тәтті ертегіге елітіп, соны жұбаныш етеді. Сөйтіп қазағын қорғамақ болған Сыздықты есіне түсіреді. Ел-жұртын жауға қарсы майданға шығара алмаған Сыздық ішқұсалықтан елден безіп, Бетпақдаланы кезіп жүреді. Осы сәттен ертегі басталады. Жапан далада от жағып отырған Сыздыққа бір әйел жолығады. Ол жезтырнақ болып шығады. Батырдың жезтырнақты қалай өлтіргенін автор тартымды суреттейді.

Поэманың ұтымды жақтарымен қатар сәтсіздіктері де жоқ емес. «Есіл елді, есіл ерді жат алды...», «Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ...» деп қапаланған батыр қу далада бабасы Абылайды еске алып, аш бөрідей ел торып жүр. Еліне жол көрсететін ерлер қайда? Оған қолдау білдірер халық өкілдері де көрінбейді. Автор әу бастағы идеясын жүзеге асырып, осы мәселенің көркемдік шешімін таба алмаған. Сөйтіп ұлт-азаттық тақырыбы жеріне жеткізіле ашылмай қалады. Поэмаға автордың өзінің де көңілі толмаған секілді. Өйткені поэма автордың кеңестік кезеңде жарық көрген екі жинағына (Қазанда және Ташкентте шыққан) да еңбеген. Алайда бұл шығарма ақынның поэма жанрындағы алғашқы тәжірибесі ретіндегі ізденістерінің бастауы болды.

«Қорқыт» поэмасында (1922) ақын «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген ежелгі аңызды өткір памфлетке айналдырады. Қорқыт – сахара жұртының пайғамбары есебіндегі жүрегінде сақталған ақыны, күйшісі, ойшылы. Ш.Уәлиханов «Следы шаманства у киргизов» деген еңбегінде Қорқыттың қазақтарды тұңғыш рет қобыз тартып, сарын айтуға үйреткенін жазады. Сонымен қатар өлімнен қашып құтылу идеясы ислам дініне қайшы келетінін біле тұра, қазақтар тағдыр жазмышынан сытылып кетуге тырысатынын ескертіп өтеді.

Поэмада бас кейіпкер Қорқытпен қатар тағы бір кейіпкер – осы заманның ақыны, автордың өзі көрінеді. «Қайда барсаң да, өлімнен қашып құтыла алмайсың» деген жалпыадамзаттық проблеманы толғайды. Автор талайына тап болған заманы мен қоғамының тас бауыр мейірімсіздігін ереурінмен аңдатады. Мұны алғаш аңғарғандардың бірі С.Мұқанов болды. Ол: «Партия жолына түскен еңбекші жастар Қазақстаннан қашқан Мағжан, Мұхтар сықылды қашақтарды қужай бастады. Баспаны қолдарына ала бастады. Міне, осындай қысымшылықтың тепкінін көрген Мағжанға, шынында да, қайда барса Қорқыт көрі кездесті», – деп жазды [1,265-266].

Шығарма сюжеті үш арнада өрістейді: Қорқыттың ажалдан қашып құтылмақ боп дала кезуі; Алтай еліне оралып, қарағайдан қобыз жасап, төңіректі күймен күңірентуі; Қобызбен көрге кіруі. Автор да сайын далада тың тыңдап, өзін Қорқытқа балайды. Соған сәйкес философиялық ой түйеді:

Өткен күн ертегі ғой, тамаша таң,  
Ойласаң өткен күнді жұбанар жан.  
Байқасаң, адамзатта болған ба ақын,  
Қорқыттай атасынан бата алмаған?!

Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,  
Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей.  
Қиялы, жан жүрегі – ойнаған от,  
Ақынды аласұртар тыныштық бермей.

Поэмада ішкі құса, мұң басым. Романтизм сарынында жазылған шығарма философиялық лирикамен өрілген. Өмір мен өлім, адам тағдыры мен өткен тарих туралы толғамдар оқырманды терең ойға жетелейді. Ақыры қобыз күйіне табынған Қорқыт өлімімен тәмамдалғанмен, автор шерлі күйді енді өзі аңыратады. Өткен мен бүгіннің арасына ойша көпір салып алған ақын поэманың идеялық-көркемдік тұжырымын түйеді. Тіршілікті талақ еткендіктен емес, өмірін көрге айналдырушыларға кекті наразылықтан, өшпенділіктен Қорқытша сарнай, зарлай көрге кірсем дейді:

Өмірде арманым жоқ Қорқытқа ерсем,  
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.  
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,



Құшақтап қобызымды көрге кірсем.

«Қойлыбайдың қобызы» поэмасы (1923) белгілі аңызға құрылған. Найманның бір асында асып-тасып еріккен жұрт Қойлыбай бақсының кедейлігін тәлкек еткендей, бәйгеге неге қатыспайсың, қосатының болмаса, қобызыңды қос дейді. Бұған намыстанған бақсы қобызын бәйгеге қосуға бел байлайды. Бір баланы ат шабатын жердегі жартасқа шыққан сексеуіл бар, соған қобызды байлап кет деп жұмсайды. Содан кейін ғажайып оқиға басталады. Ақын бақсының ойынын, Қақаман бастаған жындарды шақыруын, бұтағына қобыз байлаған сексеуілдің ербендей ойнақтап, бәйгенің алдын бермей келуін жанды етіп керемет суреттейді. Поэманың соңында аңызды метафоралық тенеуге айналдырып, айтайын дегенін тура айтып салады:

Айырылдық балпаң басқан батырлардан,  
Аузынан уыз төгілген маңғаз байдан.  
Құдай-ау, албастының ойнағындай,  
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?  
Шіркін-ай, кер заманды күл қылар ем,  
Бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан!

Эпикалық сарында жазылған «Оқжетпестің қиясында» поэмасы (1923) қазақ тарихының ең бір шоқтықты кезеңін бейнелейді. Шығарма желісіне бодандыққа қарсы көтерілген Кенесары көтерілісі арқау болған. Тарихта із қалдырған ірі оқиғаны үлкен көркемдік идеяға көтеруде бұл поэманың орны ерекше. Поэмада автор елім деп еңіреген ерлерді үлкен азаматтық дәрежеге көтеріп, әдебиетімізге мұндай тұлғалы кейіпкерді алғаш әкелген. Шығармада тарихи тұлға романтикалық сюжет арқылы көрінеді. Ал автор арқылы баяндалатын тұстары реалистік мәнерде орындалған. Кенесары ханның Наурызбайда жанына алып, отаршыларға қарсы ойран салғаны, Үйсін, Дулат, қырғызбен қол ұстасып, Қытаймен қатынас жасауға тырысқаны – тарихи шындыққа сәйкес келеді. Поэмада ханның мақсаты неге жүзеге аспай қалғаны да жақсы талданған. Кенесарының қанын бауырлас елге жүктемейді, «Біле алмай надандықпен ердің ойын, Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды», – деп, Кенесарының ажалы ұлтаралық дау-шардың объектісіне айналмауын көздейді.

Кенесары – Мағжан үшін ерліктің идеалы. Кенеге лайықты орда – Көкшетау. Ер мен елдің арасы ажырамай, автордың бейнелеуінде тұлға мен орта ажырағысыз бірлік табады. Поэманың соңында ақын жүрегі ызаға булығып, былайша көңіренеді:

Содан бері бірталай заман өтті,  
Алашты улай-улай жаман өтті.  
Тұлпар – тулақ, ер арып аруақ боп,  
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.  
Жолбарыстар жортатын сар далада  
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.

Батырлар бейнесін жасау, оны келешекке үлгі етіп ұсыну – Мағжан поэмаларының темірқазығана айналды. Сондай поэмаларының бірі – «Батыр Баян» (1923). Бұл – Мағжанның ақындық қуатын, суреткерлік талантын мейлінше танытқан шығарма. Эпикалық поэма ел тағдырын шешкен оқиғаға құрылған. Халықтың рухани қайрат-жігерін, отанға сүйіспеншілігін, намысын жібермейтін ерлігін танытатын шығарма. Поэма ақынның өз күй сезімін толғаудан басталады:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп жанады да.

Абылай самсаған қолмен батыр Баянды күттіріп қойып, «бұл қайда жүр?» деп уайымдауы да Баянның қандай адам, кім екеніне ынтықтыра түседі. Одан кейін Баянның қалмақтан қыз алып келуі, сол қызға ғашық болып, одан тиісті жауап ала алмаған соң, қарындас қып ерік беруі, сұлудың ақыры Ноян атты інісін азғырып, екеуінің қалмаққа

кашуы, Жолдыөзек бойында екі жастың қыршынынан қиылуы суреттеледі. Қалмақ аруы Толқыншаштың портретін әр қырынан ашып, кереметтей көз алдымызға әкеледі.

Ноян – көңіл қоймасы жұтаңдау, балаң жігіт, сезімнің құлы, «бір күйіп, бір суып, бір елжіреп» жанұшырады. Айналасын тұман басып, бір қыздан өзгені көрмейді. Ал Толқыншаш Ноянға қарағанда күрделі характер. Оны «сұм сұлу» деп бекерге атамаған. Ішкі есебі бар екендігі оның әбден ойлап пісіріп алған жүйелі сөзінен көрінеді. Жас жігітке сүйетінін білдіріп, Ноянды есінен тандырғандай болады да, «қалауым бар» деп іле жік-жапар болады. Шынында жігітпен шартқа отырып тұрғандай. Өзінің тарихын, ата-анасының зарлап-жылап қалғанын жыр ғып айтып, бір жағынан Баянның өзін сүйетінін білдіріп, оған да жаны ашығансып, алды-артын ойламаған албырт жасты айтқанына көндіреді.

Қашқын екі жастың артынан қуып жеткен Баянды көргенде істер амалы жоқ Ноян еріксіз қарсы жүреді. Балаң жігіт ашулы ағасына қарап күледі. Осы детальдық ерекше маңызы бар. Ноянның күлгені – ағасынан кешірім сұрағаны. Қателігін мойындағаны. Бір ғана психологиялық деталь арқылы көпсөзділікке салынбай, соңыра есіне түсіргенде Баянның өкініп, іші қан жылайтындай әсерлі көрініс бере білген. Жүрегіне садақтың жебесі қадалып, бүктетіле құлағанда Ноянның: «Жан көке, аға!» деп ышқына шыққан даусы құлағымызға келеді. Осы жерде Мағжанның психологизмі тереңдей түседі.

Екі жас аттарынан ұшып түсті,  
Түскенде бірін-бірі құшып түсті.  
Жүректен атып ыршып шыққан қанмен  
Жалғыз-ақ «Аһ» десті де, «Жаным!» десті.  
Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып  
Асығып екі жастың қанын ішті.

Күлдей қу, тұнжыраған түндей болып,  
Жия алмай, құр теңселіп, ақыл-есті,  
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,  
Атынан есі ауғандай құлап түсті.

«Батыр Баяндағы» тартыстың бірі – жеке мүдде мен Отан мүддесі арасындағы қайшылықта жатыр. Ол қайшылықты шешу барысында адамның моральдық-құлықтық қасиеттері сынға түседі. Баян тағдыр тәлкегімен адам шыдамастай сынға ұшырайды. Туған інісі мен сүйген қызын өз қолымен жазалауға мәжбүр болады. Мағжан осы поэмасы арқылы қазақ реалистік психологиялық поэмасының негізін қалады.

«Жүсіп хан» поэмасында (1925) Аббас ханның жұлдыздарға қарап бал ашатын балшысы оныншы күннің таңында тақта отырсаңыз – қаза табасыз деген соң, хан амалы жоқ, он күнге тағын басқа біреуге бере тұрмақ болады. Бірақ уәзірлерінің ешқайсысы оған келіспейді. Сонда манағы балгердің есіне хан мен бай атаулыны ұдайы сынап, сыбап отыратын Жүсіп деген шебер түседі. Ханға тағыңызға сол Жүсіп отыра тұрсын дейді. Оған Жүсіп қуана-қуана келісімін береді. Таққа отырғаннан кейін Жүсекең бір күн болса да, халық әділдікті көрсін деп, өңшең залым бай-манаптарға қырғидай тиеді. Айыбы хан демесең, кеңес үкіметі қанаушыларға не істесе, бұл да соны істеп отыр. Тарихи принцип тұрғысынан мұның сәкеттігі болмағанмен, адамгершілік тұрғысынан тек қанаушы болғандықтан жұрттың бәрін қыра беруді ақтап алу қиын. Мағжан әдейі солай баяндап, өз тұсындағы Сталиннің әпербақан саясатын сынап отырғаны анық.

«Жүсіп ханнан кейін Мағжанның «Өтірік ертегі», «Қанышбай қыссасы», «Токсанның тобы», «Толғау» поэмалары жазылды. «Өтірік ертегі» (1926) поэмасының мазмұнында Шираз қаласындағы бір тышқан жүзім шарабына тойып алып, бойына күш біткесін құсасын сездіріп қоюы, мысықтың мешітке барып, сәжде киіп, тышқандармен келісімге келемін деп алдауы, сыйлық алып келген тышқандарды қан-жоса етуі, тышқандардың жабылып мысықты байлап тастауы, дарға асайын деп жатқанда босанып кеткені, ақыры тышқандардың өз ханын құртып барып, ханды, мысықты елден аластауы –

Ресейде болып өткен оқиғалардан хабар береді. Мұндағы автордың көздеген мақсаты – қуғыншылардың «бұйрық солай», байды байытатын құл деген философиясын әшкерелеу.

«Қанышбай қыссысы» поэмасы (1926) – ақынның жаңа дәуір тақырыбына жазған алғашқы шығармаларының бірі. Автордың суреттеуінде Қанышбай – дорба сақал, тырбақ тапал адам. Мінезі де оңбаған. Доғал да ұрысқақ. Тоқал алып, онысын ұл таппадың деп кінәлап, ақыры таяққа жығып өлтіреді. Өлтірген тоқалы түсіне қарақұрт болып еніп, жәбірлеуші байдың өзін шағып, жарық дүниемен қоштастырады. Поэманың негізгі идеясы – тоқал алуға қарсылық. Тақырыбы мен шешімі Мағжанның қарымына сай емес бұл шығарма ақынның тағдырдан соққы жеп, сүлесоқ кезінде жазылғанын көрсетеді. Ондағы қарадүрсіндікке ақын емес, оның заманы кінәлі болатын.

«Толғауда» ақын төңкеріс және азамат соғысы жылдары өз басынан қандай күй кешкенін жасырмайды. «Жапанда жалғыз күңіреніп, Мен ойыма ергемін», – дейді. Оның себебін: «Тебіренген толқын бетінде, Бұзықтар болды көргенім», – деп көрсетеді. Колчактың бір өзі қаншама әлек әкелді. Елдің айдарлысын құл қылып, тұлымдысын тұл қылып жатқанда мен қалай бейтарап қалам деп ағынан жарылады. Сол бұзықтарға бола: «Ат-тонымды ап безбедім, Сұрадым тоқсан саулығын», – деп еңбекші тапқа іш тартқанын жазады. Кеңес өкіметін жақтауға ойысқанын әйгілейді.

«Тоқсанның тобында» Құмдықөл басына жиналған қалың жұртты кеңес құрғызып қойып, өз кезіндегі қазақ қауымының әлеуметтік портретін жасайды. Құмдықөл кеңесіне кедей-кепшіктердің келгенін айтып, ал бай-манаптардың қатыстырылмай отырғанын көрсетеді. Оларға бағасын: «Еңбексіз жейтін ит те жоқ, Бейнетсіз жейтін бит те жоқ», – деп бейнелейді. Көпшілікті жақтаған ақын: «Сонау оннан мен аулақ, Мен тоқсанмен біргемін», – деп өзінің кедейлердің жағында екені айтып, жар салады.

Осылайша, ақын шабытына қайта мініп «Тоқсанның тобы» мен «Толғау» поэмаларын жазды. Публицистикалық поэма үлгісін дүниеге әкелді. Бірақ бұл талабы қасарған жаулыққы кезікті. Кеңестік саясат оған сенімсіздікпен қарады.

Жалпы, Мағжан поэмаларының негізінде өзі өмір сүріп отырған қоғамға деген көңілі толмаушылық, ыза мен кек астарланып жатады. Мысалы, «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында» поэмаларында өз кезіндегі оқиғаларға көңілі толмай, өткенді аңсау, ұлы даладағы баяғы батырлар мен байлардың ерлік пен елдік, жомарттық қасиеттерін, ұлттық салт пен сананы аңсау сарыны байқалады. «Қол емес тіл кісендеулі» заманға наразылығы көрінеді. Ал соңғы «Тоқсанның тобы» мен «Толғау» поэмаларында кеңес өкіметін мойындап, соған қызмет ету талабын білдіреді.

Содан кейін ақын поэма жанрына қайтып оралмады. Қорыта айтқанда, Мағжан аз жыл ішінде бірнеше поэма жазып, қазақ әдебиетіне осы жанрдың қазығын қақты деуге болады. Солардың ішінде, «Батыр Баян» – қазақ поэзиясын жаңа бір белеске көтерген шығарма болды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім. (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі). «Қазақстан» баспасы, 1932.
2. Елеуқенов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі. Алматы. Санат, 1995.

МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК  
КЕСТЕЛЕР

Ноғаш А.

Ғылыми жетекшісі: Отарова А.Н.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Андатпа.** Маңғыстау өлкесінде де сан рет жер үшін, су үшін атамекенін жауларынан қорғау жолында қырғын ұрыс, шапқыншылықтар көп болды, ел басынан небір нәубет кезеңдер өтті. Сондай оқиғаларды суреттейтін Нұрымның «Тоғыз ауыл», Қалнияз Шопықұлының «Ер Қармыс», «Балуанияз», Ақтанның «Ерлік жыры» сияқты ерлік дастандар туындап, ел арасында жырланып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Мақалада ежелгі халық жырларындағы ел қорғау идеясы дәстүрін ақындар жырларында орнықтыра түсу дәстүрі мысалдар, дәлелдемелер арқылы пайымдалған. Тарихи жырлардағы теңеу, эпитет, мадақтау, арнау т.б. де айшықтаулардың көркемдік қолданыстары жырлар мәтінінде көрсетіледі.

**Түйінді сөздер:** эпикалық әсірелеу, толғау, жыраулық дәстүр, ерлік жыры, батырлар образы, ерлік рух, эстетикалық талап, эпитет, теңеу, әлеуметтік шындық.

Маңғыстау өлкесі фольклорының атап өтерлік ерекшелігі: көптеген жанрларға ерлік жырларын толғаудың эпикалық дәстүрінің елеулі ықпал еткендігі дер едік. Мұны тұрмыс-салт жырларының өзінің көркемдік кестесінен де байқаймыз. Эпикалық дәстүрдің батыс аймағы поэзиясындағы табиғаты жайында Е.Ысмайылов былай деп ой қорытындылайды: “Ерлік жырларының асқақ рухымен жырлау, ерекше екпінмен өлең құрылысындағы (динамикасындағы) дәл осы жортуыл жорықтың сарыны... Қазақстанның батысында туған поэзияның бейне бір көркемдік өрнегіне айналып кеткен, яғни көркемдеу құралдары жоқтан пайда болмайды. Онда әрбір дәуірдің ізі, түсінігі мен эстетикалық талап-тілектері тоғысады” [1, 207 б.].

Маңғыстау ақын, жыраулары сомдайтын батырлар образында даралық қасиеттен гөрі көркемдік жинақтау арқылы жасалатын дәстүрлі типтік батыр бейнесінің сипаты басым келеді.

Себебі, “батырлар арқылы халық характерінің ерлік сипаты танылатындықтан, халықтың арман-аңсары, мұраты батыр образына жинақталады. Сондықтан да батырдың іс-әрекеттері кереметтей әсіреленіп беріледі, фольклор шығармаларына өміршеңдік қасиет дарытатын да дәл осындай эпикалық әсірелеу тәсілі” [2, 15-16 бб.].

Кейіпкерлер іс-әрекеті мен оған қатысты барлық жағдайлардың әсіреленіп суреттелуі – зерттеу нысанына алынған фольклорлық туындылардың барлығына ортақ сипат. Өйткені әсірелеу – фольклордың ежелден келе жатқан көркемдік әдісі. Ол жөнінде С.А.Қасқабасов былай дейді: “Әсірелеу жалпы фольклордың жанрлық төркінінен туып, қарапайым және керемет нәрселердің, шалқыған қиял мен тіршілік жайттардың аралас келуін байқататын көркемдік әдіс. Әсірелеу эпикалық образ жасауда негізгі рөл атқарады, халықтық кейіпкердің ерекшелігін айқындай түседі” [3, 251-252 бб.].

Мысалы, батыр мен оның тұлпарын әсірелей суреттеудің бір ғана мысалы төмендегідей сипатта көрініс табады:

Балуанияз қасқайып,  
Төтеп тұрған мылтыққа  
Бір қайыспайды жасқанып...  
Алпыс кісі ұрысып,  
Екі жүзін женгесін

Әрі-бері мақтайын  
Сөзді неге таппайын  
Алла тілек бергесін. [4, 106 б.].

Ал батыр тұлпарының сипаты:

Мініп батыр құла атқа  
Шауып шықты қыратқа...  
Қамшы басып шу деді,  
Шу дегенде гуледі,  
Табаны тасқа тимеді [4, 106 б.] , - деп суреттеледі.

Аймаққа тән тарихи жырларда эпитет басқа бейнелеулерге қарағанда молынан қолданылады. Әсіресе киім-кешек атауларына байланысты эпитеттер кеңінен қолданыс тапқан, әрі олар тұрақты болып келеді де бояуы қанық, сан алуан, мағыналы киім атаулыны барынша көркем етіп суреттейді. Мәселен, аймақ фольклорында байырғы заманғы батырға тән киім үлгілері атауларының дәл сақталуы да аймақ фольклорының ерекшелігін танытады. Мысалы, Қалнияз жыраудың «Ер Қармыс» жырында батырдың киімі - дәстүрлі көне ұғымдармен беріледі:

Жарлыққа Алла, жолымнан  
Астымдағы күрең ат,  
Қара асым деп мінгенмін.  
Үстімдегі сұр сауыт  
Кебінім деп кигенмін.  
Солқылдаған ақ найза  
Басыма сайғақ болсын деп,  
Оң қарыма ілгенмін. [4, 116б.]

Немесе, «Аралбайдың Қашағанға мұңын шағуында»:

Мен бір тұрған *ақ сауыт*  
Әдіре қалып сөгілген.  
Қасы сары жолдай  
Кірпігі *оқтай* тізілген [4, 304б.]

Талданған шығармаларда ел намысын ту ғып ұстап, қарақан бастарын қатерге тігіп, жасанған жауға шапқан ер жүрек батырларды эпостық дәстүрмен мадақтау кең көрініс табады.

Қалнияз жыраудың «Ер Қармыс» жырында:

Он бес жасар ер Төлеп  
Жауды қуып ентелеп,  
Жалғыз шауып келеді.  
Сұр бұлғтай тырысып,  
Жон арқасы құрысып,  
Езуінде егіз оқ  
Садағында сегіз оқ...  
Қой мойынды күрең ат  
Жау ішінде ойнады...  
Әнетті ұлы ер Төлеп  
Ер Шабаймен бірігіп,  
Көрсетті сонда зайырды... [4, 123б.]

Немесе, Нұрымның «Байбоз- Жанбоз» дастанында:

Доспанбет, Төлен бас болып,  
Дұшпанымен қас болып,  
Қуып шыққан қырық жігіт  
Ат құйрығын сүздіріп,  
Қатын, бала, қараорман  
Қалғанына күдер үздіріп

Байбоз -Жанбоз екі ауыл.[4, 225б.]

Рухы мықты ерлерді кейде тура мағынасында, кейде метафоралық ауыстыру мен символдау түрінде мадақталып, хан-сұлтандарға қарсылық еткен батырлардың рухани күшін басқаларға үлгі етеді.

Мысалы, Нұрымның «Байбоз- Жанбоз» дастанында:

Ол ұрыспай не ғылсын  
Ардақтап өскен ұл үшін  
Арулап сүйген қыз үшін .... [4, 225б.]

Немесе, Қалнияздың «Балуанияз» дастанында :

Ежелден құдай қалаған  
Аш арыққа қараған,  
Сырлы аяқтың түбінен  
Бал сыпырып жалаған.  
Жасынан ақ жау көріп  
Ат құйрығын тараған.  
Бір өзінің дәл басын  
Мың кісіге балаған.... [4, 99б.]

Эпостағы батырдың жеке өз басының ержүрек, батыл болғаны жеткіліксіз, оның сол ержүректігі мен батырлығы ел игілігіне, әділетсіздіктен жапа шеккендер мен жаудан зәбір көргендерді құтқаруға жұмсалуды тиіс. Бір сөзбен айтқанда батырдың батырлығы ел тағдырына қатысты маңызды оқиғалармен ғана өлшенеді.

Осындай маңызды мәселелерге назар аудартуда қайталаулардың атқаратын қызметі зор.

«Фигураның бір түрі - қайталау - сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу қайталаулар - жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау немесе анафора және кезекті қайталау, эпифора болып бөлінеді» [5, 229 б.]-деп пайымдайды ғалым З.Қабдолов.

Мәселен, Қалнияздың “Ер Қармыс” дастанында ел қорғаған батырларын, елдің бейбіт өмірін аңсау сарынында “қайда ” сөзіне салмақ түсіру, қайталау арқылы ел, жердің мамыражай өмірі шынайы жырланады.

Қармыс сынды ер қайда?  
Айдын айдын көл қайда?  
Жағалай қонар ел қайда?  
Маңғыстаудай жер қайда?  
Алпыс басты ақ орда,  
Айбарақты көрсетіп,  
Төске тігер күн қайда? .[4, 111б.]

Қалнияздың осы дастанындағы әрбір өлең жолының соңғы сөзін (“қайда”) қайталау арқылы жыршы идеясы айқындала түседі.

Ал, Досан батыр жырында:  
Жаны ашитын екі жоқ,  
Батырлықтың кемі жоқ,  
Өзіне тайлас теңі жоқ.  
Патшадан қорқып бытырап  
Еріп жүрген қасында  
Жолдасының көбі жоқ – деп беріледі. .[6, 362б.]

Демек қайталау фольклорлық суырып салып айту дәстүрінің бірден-бір қажетті әрі аса маңызды шарты болған. Бұл әдіс көлемді мәтінді есте сақтауға мүмкіндік беретін бірден-бір көркемдік әдіс.

Ақтанның “Менің сөзім қошемет ” - дейтін толғауында “белгісі” сөзі 11 рет қайталаанады. Өлеңнің әр жолы, әрбір ой ағыны бір сөзбен аяқталады.

Яғни, фольклорлық шығармалардың туып, даму эволюциясындағы елеулі орын алатын көркемдік әдіс – қайталау (формулалық) әдісі біз таңдаған фольклорға тән көркемдік тәсіл.

Бұл жөнінде академик Р.Бердібай: “Формулалықтың бір тобы қысқаша тілдік тіркестер, тұрақты эпитеттер мен теңеулер. Эпостағы ауыспалы сөздер мен тіркестердің енді бір парасы қайталанып келетін жолдар... Бұл үлгідегі формула қайталаулардың кемі бір жол, молырағы бірнеше жолға ұласады. Қазақ эпосындағы жиі қайталанып отыратын тіркестердің қатарында эпикалық сандарды да көруге болады”, - деп тұжырымдайды [7, 177 бб.].

Жырлардағы кейіпкерлердің ой-сезімін ашып көрсетіп, іс-әрекетін даму үстінде көрсету үшін – диалогтық тәсілдердің атқаратын рөлі зор. Ол кейіпкерлердің өзара сөзбен жауаптасуы я болмаса батырдың жауымен сөз қағысуы арқылы көрінеді. Мысалы, “Балуанияз” жырында Балуанияздың өзге батырлармен диалогы:

Тәмам батыр, ер- дейді,  
Билікті маған бер,- дейді,  
Билікті маған бермесеңіз,

Жапыралық, “кел”- дейді – [4, 104б.] деп батырдың негізгі айтайын деген ойын жұртқа айқындап береді.

Ал Досан батырдың ел-жұртпен диалогында немесе Досан мен жолдасының диалогында ел басына төнген қауіп-қатер мен қуғын көрген батырлар тағдыры көрінеді:

Ел қайда, батыр, ел қайда?  
Туып-өскен жер қайда?  
Ойнап-күліп бір жүрген,  
Қатар-кұрбы тең қайда?  
Шетке кеттік шығындап,  
Бұл жүрістен не пайда? .[6, 362б.]

Сондай-ақ батырлық жекпе-жек алдындағы сөз қағысулар да диалогтық формада көрінеді.

Яғни, кейіпкерлердің ой-сезімін, мақсаты мен мінез-құлқын ашуда диалогтың мүмкіндігі кеңінен қолданылады.

Ал монолог - арнау түрінде келетін лирикалық формула. Монологта эпос кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесі ашылады. Баяндау бұл міндетті атқара алмас еді. Талданған шығармаларда монолог көп жағдайда баяндаудан көбірек көрінеді. Жалпы кейіпкерлерді сөйлету - қазақ эпосының ғажап табысы.

Монолог, диалогтарда дәстүрлі қайталаулармен қатар ұйқастардың өздері де әр алуан болып бірде лепті, енді бірде сұраулы сөйлемдер арқылы беріледі. Мұның қай-қайсысы болса да кейіпкердің ойы, психологиялық жай-күйімен тікелей байланысты:

Хан ұлына қас болып,  
Қара ұлына бас болған

Ер Қармыстың монологы сол замандағы батырлардың жай-күйін толық сипаттайды, мысалы:

Мен анамнан туған күн  
Өлерімді білгенмін.  
Жорықта ал деп жанымды  
Аллаға тілек салғанмын  
Мың жәумітті бір қырған  
Он тоғыздағы жасым-ай  
Сол күндерім келсейші  
Осы күні басыма-ай, .[4, 118б.]

Мәселен тарихи өлеңдердің кейіпкерлері өзінің сезім күйін білдіруде әлеуметтік теңсіздік пен зорлық-зомбылықтың себебін, оған деген өзінің қарсылығын өлең өрнегіне түсірген:

Патшаға бір қылмысты болып көштім,  
Көзіне уезнойдың найза түйреп –  
деп айтылса, ...Досан батыр патшамен  
Өле өлгенше қастасып  
Қарсы болған заңына,  
Алты жылдай аңдысып  
Қара қанға батысып  
Оңайлықпен түспеді...  
Алындар менің дұшпаннан  
Ала алмай кеткен кегімді... [6, 368б.]

дейтін жолдарда намысты ердің іс-әрекетін тудырған себептің әділетсіз сипаты, жан шыдатпас ауырлығы батырдың ең соңғы шешімімен өрнектеледі.

“Фигураның бір түрі - шендестіру, яки антитеза (грекше antitheses - қарама қарсылық) бір-біріне кереғар құбылыстардың мән-мағынасын әр тарап ұғымдарды, түрлі-түсті әр түрлі нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау, аңғарту, елестету”[5].

Бұл туралы А.Байтұрсынов: “Екі нәрсе қатар яки қарама-қарсы келгенде арасындағы айырым көзге көбірек түседі. Биік пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде, араларындағы айырмасын көреміз” [8, 370 б.] – деп тұжырымдайды.

Ақындардың сан-алуан көрікті сөздерді құбылта ойнатып, ой-мағынасын үстей, әсер-ықпалын күшейту үшін осы шендестіру әдісі кеңінен пайдаланылған:

Мен – мұхит жатқан тереңмін,  
Шамшырақ жанған түбімде.  
Сен бір - жабы, мен - тұлпар,  
Сен - қарға да, мен - сұңқар,  
Торыңды шайқап бүлінбе.  
Сен өзенде жүрген бөлдірке  
Мен теңіздегі кемемін,  
Басармын да кетермін,  
Батарсың да кетерсің. [4, 393 б.]

Немесе:

Менің сөзім - сары алтын,  
Сенің сөзің - қола, мыс,  
Сен - бір есек, мен - тұлпар.  
Адай түгіл, Алшынға  
Естілген дүбір дүрсілім. [4, 392 б.]

“Жер, мекен, туған табиғат халықтың тіл құрамында, сөйлеу нақышында өзінің сурет таңбасын, із-бедерін жұпар иісін қалдырған. Сондықтан да сөйлеу тілімізде болсын, немесе әдебиет тілінде болсын, мекен мен мезгілдің иісі сіңген, ең жазира жер мен талай заманның таңбасы түскен дәстүрлі, бедерлі сөз халықтың туған тегін, тіршілік жайын, тарихын аңғартатын паспортпен тең”[9, 131 б.].

Көркемдік әдіс-тәсілдердің кейінгі замандарға ұласып, өзгеру, жаңғыру заңдылықтарының мысалдарын жыраулар шығармашылығынан айқын аңғаруға болады. Себебі, көркемдік амал-тәсілдер бір заманда туып жоғалып кетпейді, жалғасын тауып жаңғырады.

Жинақтай келгенде елдің біз талдау нысаны еткен мұраларындағы ең басты образ – ел үшін елеулі іс атқарған ерлердің бейнесі деген қорытынды жасауға болады. Бұл ежелден келе жатқан халық аңсарының жалғасы. “Тарихи тұлғалардың (мысалы, Исатай, Махамбет, Досан т.б.) өзін жырлауға фольклорлық көркемдік амал-тәсілдері арқылы жырлау – негізгі әдіс болып табылады. Өйткені кейіпкерлерді тартымды етіп бейнелеуде



эпос стилі мен әр түрлі көркемдік тәсілдердің мәні ерекше, себебі көркемдік бейнелеу құралдарының қолданылуы бір жағынан, шығарманың жанрлық, идеялық-тақырыптық өзгешеліктерімен байланысты болса, екінші жағынан, олардың сол шығарманың стильдік өрнектерін де айғақтайды” [49, 70 б.].

Жоғарыда талдау нәтижелері көрсеткендей, аталмыш өңірдің фольклорлық шығармаларының поэтикалық бітімі жалпы қазақ фольклорына тән заңдылықтардан көп алшақ кетпейді. Дегенмен, елдің басынан өткерген тарихи оқиғалар сипатының ерекшелігінен, тұрмыс-тіршілік пен кәсіптің өзгешелігінен туындайтын өзіндік өзгешеліктері де жоқ емес оларды мүмкіндігінше талданып отырған өлкедегі фольклорлық дәстүрдің пайда болуы мен оның кейінгі замандарға дейін үзілмей жалғасын табуы күні бүгінге дейін жеткен үрдіс. Ол жыршылық, ақындық өнер арқылы көрінуде. Мұның өзі фольклордың өміршеңдігін танытатын басты белгілердің бірі болса керек. Демек, Маңғыстау аймағындағы ақын-жыршылар да өздерінің шығармашылық өсу жолында осындай кезеңдерді өткергені айқын көрінеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысмайылов Е. Жаңа белеске. А., 1962. 300 б.
2. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. А., 1989. 360 б.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. А., 1984. 450 б.
4. Сыдиыұлы Қ. Ақберен. ХҮ111-Х1Х ғасырлардағы қазақ ақын жыраулар шығармалары.- А., «Нұрлы әлем», 2007. 576 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1979. 480 б.
6. Жанғабылұлы С. Аманат. «Ер -дәулет», 1996. 386 б.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. А., 1972. 355 б.
8. Байтұрсынов А. Шығармалар. 3-т. А., 2005.
9. Базарбаев М. Өлең - сөздің патшасы сөз сарасы. А., 1973. 330 б.

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ**

**Мұрат Айзада**

*Ш. Есенов атындағы. КТИУ ҚТӘ-19-1 тобы студенті*

**Ғылыми жетекші-Ақмарал Нұрғожақызы Отарова,**

*Ш.Есенов атындағы КТИУ, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

**Андатпа:** Мақалада аса көрнекті ақын әрі жазушы, публицист, сыншы, шебер аудармашы және ұстаз Мағжан Жұмабаевтың ақынның азаматтық үні, ұлттық болмысы, өз заманының өрелі де келелі мәселелерін көтерген еңбектері, ұлт руханиятына қосқан үлесі жан-жақты ашылады. Ұлы тұлға ойлы мақалаларымен аласапыран уақытта бұқара халықтың ең күрделі, басты мәселелерін көтерді. Оның барлық туындылары (өлең, әңгіме, публицистика, әдеби-сын, ғылыми еңбектері) қазақ халқының ой, сана-сезіміне әсер ететін дүниелер ретінде талданып көрсетілген. Өзіндік көркем қолтаңба, бояу, сөз кестесі суреткер стиліне тән ерекшеліктер де екшеліп көрсетілді.

**Тірек сөздер:** ұлт тағдыры, ұлттық құндылық, әдеби дәстүр, қазақ мектебі, оқу құралдары, мұғалім, тәрбие мәселесі, тілін дамыту, тарихи тұлғалар, жан дүниесі, мақал-мәтелдер, афоризмдер, озық педагогика, психология, тіл тазалығы

Мағжан Жұмабаевтың қаламынан туған өлең, поэма, әңгіме, мақала, зерттеу еңбектерінің ішінде әлеуметтік өмір, мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, ұлт тағдыры сияқты келелі мәселелер ерекше назар аудартып отырады. Оның шығармаларының қай-қайсысынан да халық басынан кешкен деректі оқиғалар, оларға қатысқан тарихи тұлғалар жайлы мәліметтер көптеп кездеседі. Ол өз халқының жарқын, не қайғылы кезеңдерін жырға қосып, оларды өмірде болған күйінен де әдемілеп, сырлап, шындыққа сыйымды болатындай, өз қиялымен толықтырып, жаңа бір бейне туғызып отырған. Мағжан Жұмабаев еңбектері халыққа ұнағанымен орыс отарлық саясатының өңін өзгертіп, жалғастырушы кеңестік дәуірден жақсы баға ала алмады.

Мағжан Жұмабаев тек қазақ халқының сол кездегі өмірін жырлап қана қоймай, арғы ата-бабалар тарихына үңіліп, ежелгі Түрік еліміз деп, тереңнен толғады. Түрік халықтарының тарихын зерттеуші белгілі ғалымдар Гумилев, Бартольдпен таныстығы, Ахмет Байтұрсынов, ғалым Әлихан Бөкейхановтардың пікірлерін тыңдап, олармен жақсы қарым-қатынаста болғаны тарихтан белгілі.

Оның «Орал тауы», «Алыстағы бауырыма», «Түркістан», «Тұранның бір бауында», «Орал», «Күншығыс», «Тез барам» деген тағы басқа өлеңдерінен түрік тақырыбын ең басты нысана қылып алғаны байқалады. Қазақтың ертеде түрік халықтарымен біртұтас мемлекет болғандығын, қазақ ұлты тарихта өнері, мәдениеті дамыған ел екендігін алға тарта жырлаған. Бұл туралы белгілі әдебиеттанушы-ғалымдар Шериаздан Елеукенов, Бақытқамал Қанарбаева өз зерттеулерінде жан-жақты айтқан.

Ол қазақ елінің байырғы тарихын қозғай отырып, халықтың толғанысы мен күйзелісінің тоқ етерін білдіріп отырды.

Ғалым Рымғали Нұрғали М.Жұмабаев туралы: «Ол бір тақырыптың, бір кезеңнің, тіпті бір таптың жыршысы болып кетпей, уақыттардың желі құлата алмайтын алтын дінгек, әлемдік, планетарлық әуез-сарындармен тамырлас өлмес туындылар берген ұлттық ақын, интернационалист суреткер болып қала береді» [1, 105] деген пікір айтады. Ұлттық түп-тамыр, ұлттық дүниетаным, көшпелілер тұрмыс-тіршілігіндегі рухани және мәдени бірлікті Мағжан Жұмабаев шығармаларынан айқын көруге болады.

Сондай-ақ сан ғасырлардан бері келе жатқан халықтың тілін, ой-пікірін, сенім-арманын – барлығын қамтып, халықтың бас-басына бөлініп, тарап кетпей бірігуіне,

топтасуына шапағаты тиген қазақ әдебиеті дәстүрлерін Мағжан Жұмабаев одан әрі жалғастырды.

Мағжан Жұмабаевтың ағартушылық сипатта жазылған мақалаларының бірі «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз». 1921 жылы «Бостандық туы» газетінің № 4 санында жарияланған. Мақала Қазақстан үкіметінің ағарту комиссариатының қаулысына ескерту сын түрінде жазылған. Мақалада автор мектеп туралы соның ішінде қазақ мектебі, қазақ оқулығы қандай болу керектігіне назар аударған.

Мағжан Жұмабаевтың педагогика, психология салаларының білімді маманы екенін осы мақаладан байқауға болады. «Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» [2, 318]. «Баланы жастан» демекші, Мағжан Жұмабаев та әр ұлттың өзінің салт-дәстүрі, таным-түсінігі өмірге көзқарасы болатыны сияқты қазақ мектебінің де өз ұлттық тәрбиесі болуы керектігін айтады. Мақаланы әйгілі педагог-ғалымдар Ребле, Мунн, Каменский, Рубинштейн, Гансберг, Блонский т.б. еңбектерін пайдалана отырып жазған. Алайда шетел ғалымдарының қағидаларына жығыла салмай, олардан керектіні ала отырып, мәселенің түйінді тұсын ұлттық тәрбиеге әкеп тірейді. Өзге елдің ілім-білімін қазақ ұғымына сай «икемдеп» барып, қолдану керектігін ескерткен.

Оқу құралдары да мектепке сай болуы қажет. Оны да автор ұмыт қалдырмайды. «Оқу құралдарын жаздырып жатқан ағарту комиссариаты, жазып жатқан азаматтар бұл оқу құралдары қандай мінезді мектепке арналады, сол туралы ой жүгіртсе игі болар еді деген үміт. Кең қазақ мектебіне негіз іздегенде, таза пән кезінен, яғни мектеп құрылысының қазақ жанына қабысуы жағынан келу дұрыс болар еді деген ой» [2, 321]. Қалай дегенде де, болашақ ұрпақ тағдырына аса қатты алаңдаған қаламгер ел ішіндегі мәселелердің бәріне өз көзқарасын шынайы дәлелді түрде жеткізіп отырған. Бұл мақалалардан оның нағыз ұлтжанды азаматтық келбеті айқындала түседі.

Мағжан Жұмабаевтың зерттеу мақалаларының негізгі арнасы – өткен замандағы тарихи тұлғалар, ұлтымыздың өнер өрісіндегі ойшылдары Базар туралы да, Ақан туралы да мақалалары тіршілікпен тұтасып жатқан өміршең дүниелер. 1922-27 жылдардағы шолақ белсенділер, елді қорқытып-үркіту, қуғын-сүргін, қазақ жерін отарлау саясаты және тағы басқа келеңсіз оқиғалар оны қатты тіксіндіргені белгілі. Ол - бұл бопсаға бүкіл жан-дүниесімен қарсы болған, ұлт тәуелсіздігін мұрат тұтқан күрескер қаламгер болды.

Бұл туралы Б.Кәрібаева «Алғаш сері шығармашылығына көңіл бөліп, ел аузынан өлендері мен өмірі жайлы ізін суытпай деректер жинаған Мағжан еді. Соның негізінде мақала да жазып үлгерді (Ақан сері 1916 жылы қайтты. Мағжан мақаласы 1922 жылы жарық көрді)» [3, 17], – деп Мағжан Жұмабаевтың ыждағаттылығына назар аударады.

Мағжан Жұмабаевтың Базар жырау, Әбубәкір Диваев, Ақан сері Қорамсаулына арналған еңбектеріне зер салғанда, кейінгі ұрпақты өзі туып-өскен елді сүйіп, бабалар жолын құрметтеуге, туған елге деген сүйіспеншілікті, махаббатты, өнерді, білімге құштарлықты түйсінуге шақырғандығы анық байқалады. Бұл мақалалар Мағжан Жұмабаевты ақын-жазушылығымен қатар, қарымды публицист ретінде де танытады.

Ағартушы М.Жұмабаев ұрпақ тәрбиесіне арнап көптеген оқулықтар жазғаны мәлім. Оның «Бастауыш мектепте ана тілі» деп аталатын әдістемелік нұсқау еңбегінің алғашқы басылымы 1923 жылы Ташкент қаласындағы Түркістан мемлекеттік баспасында, кейін 1925 жылы Мәскеу қаласындағы «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» деген атпен жарық көрген.

Еңбекте қазақ бастауыш мектептерінде ана тілінің болмағандығы, қазақ балаларын ана тілімізде оқыту керектігін айтқан. Ол «Ұлт тілі ұлт мектебіне ана болуға тиісті», «Ана тілі мектептің дәл төрінен әлі орын ала қойған жоқ» [2, 6], – деп өз заманындағы қазақ мектебінің тағдырына алаңдаушылық білдіреді.

Мағжан Жұмабаев төрт жылдық бастауыш мектепке арнап бала тілін дамыту үшін жаттығулар жүйесін жасап ұсынады.

Мәселен, баланың өлең, мысалдарды дұрыс, ашық айтуы, оқи білуі, дұрыс сөйлеу, атын жазып, сурет салу, сауатты көшіре білу, адам аттарын жазу, мұғалім түсіндірген оқиғаны қайта жеткізу, ертегілерді сахналық көрініске айналдыра білу т.б. бастауыш мектеп балаларын қалай оқыту керектігін зерттеп, өз әдіс-тәсілдерін ұсынады. Әр сынып сайын, оқытуды күрделендіріп дамытып отырудың үлгісін жасайды. Ұсынылған тапсырма, жаттығулардың бәрі бала сана-сезімін, бала тілін қалыптастыруға құрылған.

Тіл дамыту бағытында оқытушыға қажетті әдістемелерді ұсына отырып, автор «бала не нәрсемен айналысса да, ісіне ынталы болуын, мұғалім барлық білімге ана тілін негіз қыла білгенін, болмаса, тілі түзелмеген, ойын сөзбен ұқтыра білмейтін, сөз болып жарыққа шыққан ойды ұға білмейтін балаға ешбір білім беру мүмкін еместігін» ескертеді.

Әл-Фарабиден бастау алған педагогика, психология ғылымдары шын мәнісінде 20-30-жылдарда басқа қоғамдық ғылым-білім салаларынан бөлініп, дербес ғылым болып қалыптаса бастаған еді. Кейін ағартушы-ғалымдар Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Н.Құлжанова тағы басқалар ұлттық тәлім-тәрбие ілімінің негізін қалады. Осы кезеңде педагогика, психология саласында өзінің соны да сындарлы пікірлерімен көрінген М.Жұмабаевтың орны ерекше. Бұл тұрғыда М.Жұмабаевтың тәлім-тәрбиелік көзқарастары қақында ғалым-зерттеушілер Ш.Елеуенов, Қ.Жарықбаев, К.Құнантаева, И.Халитова, Т.Мешітбаев, Е.Асқаров, М.Қараев, Р.Көшенова, А.Қыдыршаев тағы басқалардың жарияланған зерттеу мақалаларының орны айрықша.

«Педагогика» оқулығындағы автордың арнау сөзінде: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жұлдызымыз бір, жолымыз бір қазақ мұғалімдері, қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылдым» деп жазылған [2, 23].

Мағжан Жұмабаев ұстаздық өнерді барынша дәріптеп, ұстаз есімін ардақ тұтуды, елдің өсіп-өркендеуі жолында ұстаздың еңбегі ұшан теңіздігіне назар аударған.

Кітап негізгі он бес бөлімнен тұрады. Бір-бірімен тығыз байланысты екі пән. Педагогика мен психологияның келелі мәселелері сабақтастырыла баяндалады. Дене тәрбиесі мен рухани тәрбие («Жан тәрбиесі») жан-жақты талданып, қамтылады. Ежелгі Шығыс ғұламаларының гуманизмімен үндестіре, Абай тұжырымдарымен байланыстыра тарих тереңін қозғай отырып, ұлттық педагогика, ұлттық психология негіздерін жасайды.

Еңбекте автор «Тәрбиені» алдыңғы қатарға қойып, адам өмірге келгеннен бастап тәрбие алуы тиіс деп есептейді. Сөйтіп, ол, тәрбиені кең ұғымда қарайды. Еуропаның тәрбие туралы ғылымына сүйеніп, бір жақты кетпей, Шығыстың да, қазақтың да тәрбиеге көзқарастары барлығын еңбекте ұмыт қалдырмайды. Адам баласына тәрбие қажеттігін айта отырып «бала тәрбиесі бір өнер, сондықтан ол жеке ғылым болуды тілейді, бұл ғылым педагогика ғылымы» деп түйін жасаған.

Алғашқы бөлімде тәрбие ұғымы, оның түрлері мен мақсаты, педагогика пәні мен оның бөлімдері, зерттеу объектілері, т.б. жайында сөз болады. «...тәрбия төрт түрлі: дене тәрбиясы, ақыл тәрбиясы, сұлулық тәрбиясы, һәм құлық тәрбиясы. Егерде адам баласына осы төрт тәрбия тегіс берілсе, оның тәрбиясы түгел болғаны...» дей келе автор «Тәрбиядан мақсұт адамды һәм сол адамның ұлтын асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлты бақытты» [2, 36], - деп бала тәрбиесімен ұлт мәселесін, ұлт тағдырын алға тартады.

М.Жұмабаев педагогика туралы айта отырып, оған жәрдемші дене туралы пәндер: анатомия, физиология, гигиена, гимнастика, жан туралы пәндер: психология, логика, этика сияқты адам жаратылысына қатысты барлық саланы тәрбиемен байланыстырады.

Еңбекте М.Жұмабаев әлемнің алдыңғы қатарлы педагогикасын, мәдениетін меңзей отырып, халықтық педагогиканы да естен шығармаған. Бала тәрбиесі үшін ұлттық педагогиканың ерекше рөлін, ұлттық тәрбиенің құнды жақтарын сараптап алуды айтады.

Мағжан Жұмабаев педагог қана емес, ол адамның көңіл-күйін, ішкі жан сезімін терең білетін психолог. Оның еңбектерінің ерекшелігі де осында. Мағжанның жазғандары ұсақ-түйек болып көрінгенімен, түсіне оқи білген адамға үлкен ғибрат та. Оқулықтың «жан тәрбиесі» деген бөлімінде жалпы психология пәні туралы, жан көріністерінің түрлері, жан тұрмысының түзу болу шарттары, жүйке қызметі, ми, жан тұрмысының бірлігі туралы мол мағлұмат алуға болады. Автордың үлкен психолог, сыршыл екендігі де осы бөлімде анық көрінеді.

М.Жұмабаев дінді, оның тарихын терең меңгерген. Оған осы бөлімдегі «жан» туралы пайымдаулары мен басқа да еңбектеріндегі ойлары дәлел.

«Жанды ешкім көрмесе де, жанның барлығында дау жоқ» [2, 24], – дейді автор. Осы жерде автордың Абай, Шәкәрім пікірлерімен де таныстығы, үндестігі байқалады. Абай да, Шәкәрім де «жан», «жан қуаты» сияқты ұғымдар төңірегінде ой өрбіткендері анық.

Ш.Құдайбердіұлы «Үш анық» атты зерттеу еңбегінде былай деп жазған-ды: «Мен жанды былай түсінемін, біз дененің түп негізін тексергендей жанның да түбін тексерсек, жан да дене сияқты басынан бар болып табылады. Дене негізін тексерушілердің сила вещества (қуатты дене) дегендегі қуаты осы жан...Ғылым жолында әлденеше түрленіп өзгерсе де, дененің ешнәрсесі жоғалмаған сияқты, жанның да ешнәрсесі жоғалмайды» .

Шәкәрім тұжырымдарынан көргеніміздей, Мағжан да «Жанның» барлығына күмән туғызбайды. Олардың ой-пікірлерін құптай отыра, тарқатып айтуды жөн көрген.

Жан туралы 3 түрлі көзқарасқа автор өзінше тоқталып, өз қорытындыларын жасайды. «Жан бар. Барлығы сол: оның істері, көріністері бар» деп, баланы тәрбиелеу үшін «жанын» ұстамай-ақ, көрмей-ақ, іс-көріністерін тәрбиелеу қажеттігін айтқан.

Автордың ұлы данагөйлердің тәлім-тәрбиелік еңбектерімен таныстығы алдына, өз зерттеуін Абай, Шәкәрім шығармаларымен, жалпы қазақ нақыл сөздерімен байланыстырып отырады. Осыдан келіп, М.Жұмабаевтың аталған еңбегінде қазақ ділінен, қазақ ой-өрісінен, қазақ мәдениетінен, қазаққа тән тәрбиеден, жалпы халық педагогикасынан ен алшақтап кетпегендігі анық байқалады. «Ал нақтылы тақырып төңірегінде ой өрбітсек, М.Жұмабайұлының тәрбие туралы өзіндік көзқарас, танымы бар» [4, 117] деген ғалым Т.Кәкішев пікірін қостай отырып, Мағжан Жұмабаев тәрбиеге ерекше мән беріп, өмірінің ақырына дейін өзінің ағартушылық міндетін терең сезінгендігін көреміз. Ол осы еңбегінде ойларын жалпылама айтпай, саралай бөліп, салалай жіктеп көрсетуге ерекше ден қойған. Автор тәрбие мақсаты мен қуатына зор маңыз береді, ол адамды бұзатын да, түзейтін де тәрбие екеніне көптеген мысал-деректер келтіреді, бұрынғы білімпаздар ой-пікірлеріне ден қояды. Адам өмірінің қалыптасуына эстетикалық талғамның әсері мол. Автор эстетикалық тәрбие туралы жан-жақты айта отырып, бала жаратылыс, табиғат сұлулықтарымен қатар өнерден де мол тәлім алып өсуі қажет деп қорытындылайды.

«Қазақ баласы математикаға емес, әдебиет, тарих, жағрафия, жаратылыс сықылды ғылымдарға зерек болуға тиісті. Дәлелім, қазақ баласының жаратылысы осыны тілейді. Баланың атаға тартуы рас болса, сыйқырлы даланың баласы – қазақ баласы да қиял құмар болуға тиісті. Яғни ол әдебиет, тарих сықылды қиялды көп керек қылатын ғылымдарға ұмытылуға тиісті» [2, 57].

Келешек ұрпаққа ата-баба, туған жер тарихын, әдебиетін, мәдениетін оқытуға жете көңіл бөлу қажет. Ауыз әдебиеті, оның ішінде ертегіні балаға оқытудың рөлі айрықша.

«Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды, ертегіге шын көңілімен нанады... Қысқасы, балаға ертегі тым қымбат нәрсе», - дейді автор.

М.Жұмабаев еңбегінде тәлім-тәрбиелік психологияның іргелі проблемалары болып саналатын әдет пен дағдыға машықтану, оқу, білім беру, баланы әртүрлі адамгершілік қасиетке баулу, ұстаз бен ата-ананың тәрбие жолындағы іс-әрекеті қазақ тұрмысынан алынған тартымды деректермен, көркем тілмен суреттеледі.

Кітапта автордың өзі айтқандай «Әрбір тәрбиеші... ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті Мектебіміз таза, берік, һәм өз жанымызға қазақ жанына үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» дейтін негізгі қағиданы сезінесің. М.Жұмабаев өзінің ұлттық тәрбие туралы жасаған тұжырымдарында әр этностың, әр ұлттың тұрақты да, тұрлаулы болатындығын, сондай-ақ, олардың біртіндеп қалыптасуына оның өскен ортасы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы (тіл, дін, өнер, табиғат, т.б.) әсер ететіндігін, ұлттық қасиеттердің, олар баяу болса да, өзгеріп отыратындығын зер сала бажайлай баяндайды. Ғалым Қ.Жарықбаев Мағжан еңбегі туралы «Мағжанның 1922 жылы «Педагогика» атты (Ташкент, Орынбор) кітап жазуы өмірде сирек кездесетін, тек аса талантты, данышпан адамдарға тән қасиет» [5, 111], – деп қаламгер еңбегін жоғары бағалайды. Міне, осыдан келіп Мағжан нәр алған білімінің түпқазығы қаршадайынан алған тәлімі мен тәрбиесінде жатқандығы білінеді.

Абай он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», – деп жазады. Ал, Мағжан Жұмабаев Абай ойын педагогика ғылымымен байланыстыра: «...адам баласы туғанда өте әлсіз, зағип, осал боп туады... адам баласы туғанда інгәлаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінекей, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігін, оның денесіне, жанына азық беріп өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды» [2, 6], – деп өмірге келген сәбиді тәрбиелеу арқылы адам қатарына қосуға болатындығын айтады.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында түрлі оқу құралдарын пайдаланғанымен қоса, Абай Құнанбаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Шәңгерей Бөкеев пен Міржақып Дулатовтың шығармаларын, халық ауыз әдебиеті туындыларынан: ертегі, аңыз, дастандардан үзінділер, бесік жыры, мақал-мәтел, ойындарды мазмұнына қарай үйлестіре пайдаланғаны, кітаптың идеялық-көркемдік қызметін арттыра түскен. Сондықтан кітап тек ұстаздарға ғана емес, көпшілік ата-анаға да көмекшілік құрал болатындай деңгейге көтерілген. Мысалы, «Баламды безбенге сал», «Атыңның басы тиіп, жорғасы қалып па?», «Ауру – астан», «Жасыңда қылжақ болсаң, өскенде мылжың боларсың», «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады», «Ұрлық түбі — қорлық» деген сықылды мақал-мәтелдер мен афоризмдерді жиі қолданады. Келтірілген мысалдардың бәрі қазақ ұғымына түсінікті.

Түйіндей айтқанда, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ ағартушылары А. Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың негізгі мақсаттары - мектеп, мұғалім, тәрбие мәселелерінің ұлт өмірінде айрықша рөлі болатындығын, ұрпақ тәрбиесі ешқашан мәні мен маңызын жоғалтпайтын негізгі мәселе екенін жан-жақты зерттеп, дәлелдеуі, Мағжан Жұмабаевтың ұшқыр ой, даналық көзқарасымен жазылған ағартушылық еңбектері ұлттық құндылықтарды сақтап, дәріптеуде алар орны өлшеусіз зор дер едік. М.Жұмабаевтың зерттеу еңбектері мен мақаларының негізгі жетістігі де, айтар ойы да ұлттық рух, ұлттық тәрбие, оның келешегі және де оны жоғалтпаудың айқын жолы болып қала бермек

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрғалиев Р. Телағыс. Алматы: Жазушы, 1986 – 440 б
2. Жұмабаев М. Шығармалары. 3 томдық шығармалар жинағы. ІІ-ІІІ том Алматы білім, 1996 – 512 б
3. Көрібаева Б. Қара өлең және лирика. Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2001 – 173 б
4. Кәкішұлы Т. Мағжан – Сәкен. Алматы: Қазақ университеті, 1999 – 449 б.
5. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. Алматы: Қазақстан, 1996 – 160 б.

## ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН НЫШАНДАР

**М.Қызылбаева**

**Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Ә.Қабылов**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан. КЯЛ-19-3 тобының студенті.

**Андатпа.** Мақалада қазіргі маңғыстаулық жас ақындардың шығармашылық ізденістері қарастырылады. Тәуелсіздік жылдарында поэзияға келген жастардың шығармаларындағы өзіндік жарқын нышандар, көркемдік ізденістер олардың шығармаларының көркемдік-идеялық ерекшеліктері тұрғысынан талданады. Маңғыстаулық жас таланттар Г.Дәуітбаева, Н.Маулина, Г.Дүйсенбаева, Т.Қайболлаұлы, Ә.Бимағамбет, Б.Жайлау т.б. ақындардың жекелеген өлеңдері арқылы олардың ізденістеріндегі негізгі арналар мен тенденцияларға әдебиеттану тұрғысынан баға беріледі.

**Түйінді сөздер:** ақындық шығармашылық, жастар поэзиясы, тақырып пен идея, идеялық-көркемдік ерекшелік, тәуелсіздік әдебиеті

Қазіргі жас ақындар – тәуелсіздік кезеңінің перзенттері. Олардың көпшілігі кеңестік кезеңнің соңғы онжылдығында дүниеге келсе де, ес біліп, өлең жазуға араласа бастауы сол 90-жылдардағы тәуелсіздік шұғыласынан басталады. Сондықтан, олардың өлеңдерінің тақырыптары да, көтерген идеялық нысаны да, бағыт-межесі де соған сай, уақытына лайық болуы заңды. Кеңестік цензурадан арылып, алыс-жақын елдердегі, жалпы өркениеттік жаңалықтардан хабардар, әдеби әдіс-тәсілдер мен ағымдарға жол ашылған тұста, жастардың да сондай жаңа үрдістерден үйреніп, қаламдарын ұштай түсуі орынды. Алайда, жас ақындардың шығармаларын шолып шықсақ, олардың шығармашылығында ұлттық негіздің молырақ жатқанын айқын аңғарамыз. Әсіресе, ауыз әдебиетінен басталатын ұлттық сөз өнерімізде терең тамыр жайған бейнелеу тәсілдері, тақырыптың қамтылу аймағы, ақын-жыраулар үлгісі мен классикалық және заманәуи белгілі ақындардың шығармашылық мәнеріне еліктеу, солардан үлгі алудың үлесі басым болып келеді.

Қазіргі маңғыстаулық жас ақындар туралы: «Оларды ашып оқи бастағаннан-ақ кілең бір айтатынын бүкпей, аңғардан соққан желдей боп аңқылдап сөйлейтін, ешкімді де тосырқамай, айтатынын ағыл-тегіл ақтара салатын нағыз маңғыстаулық мінезден тұратын жырларға тап болдым. Табиғатпен астасып, тіршілікпен қабысып, жан-жүрегіңмен етене жақынындай боп қабысып кететін ол жырларды оқығанда таң жарығын көрген салбұрындай сілкініп кететінім рас», – деп жазған болатын көрнекті ақын Т.Медетбек маңғыстаулық жас ақындардың «Маңғыстау мақамдары» атты жыр жинағына жазған алғысөзінде [1,3].

Қазіргі маңғыстаулық ақындар поэзиясының тақырыптары әр алуан. Поэзияның мәңгілік тақырыптары бар да, әр кезеңде әдебиетте алға шығатын өзекті тақырыптар болады. Ол сол кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік жағдайларына, азаматтық қоғамның даму бағдарына, қоғамдағы басым құндылықтар мен ықпалды тенденцияларға байланысты орын алады. Біздің өмір сүріп отырған кезеңіміздің де ортақ тақырыптары жетерлік десек, солардың қай-қайсысына да жастардың қалам сілтері айқын.

Ғасырлар бойы ұмтылып, күреспен жеткен тәуелсіздіктің жолы бөлек. Сол себепті тәуелсіздік тақырыбының поэзияның басында тұруы – заңды құбылыс. Бұл туралы көрнекті ақын, әдебиетші ғалым Ш.Сариев: «Қазіргі қазақ ақындары – тәуелсіз елдің ақындары. Ақын жүрегі – халқын, ел-жұртын, Ұлы Отанын жан-тәнімен сүйетін жүрек. Бізге тәуелсіздік алып берген бостандық – ұлтжандылық идеясы. Сондықтан қазір ұлтын

сүйген ақын үшін Тәуелсіздік туымызды ардақтап, ұлтымызды ұлағатқа бастарлық, халқымызға қайрат-жігер берерлік поэзияның туын көкке көтеретін шақ. Әрбір жанды шуаққа бөлеп, тірліктің тауқыметінен арырарлықтай күш-қуат берерлік ұлттық рухтағы поэзияның заманы. Тәуелсіздікті нығайта беру жолында өжет ұрпақты жігерлендіретін поэзияның дәуірі», – деп жазған еді [2,326-327.].

Тәуелсіздік тақырыбы – жас ақындардың қай-қайсысының да өлең-жырларына ортақ болғанмен, оларды жырлау мәнері, мәселеге зер салу орайы, шымырқанған көңіл ауанын көркемдікпен алып шығуы әрқалай. Десек те, ортақ ой, ортақ тілек, ортақ мақсат бір арнаға құйылып, бір нүктеге түйісіп жатады. Ол – тәуелсіздіктің қуанышы, оны баянды қылу жолында елді бірлікке, ынтымаққа шақыру, тәуелсіздікті қадірлеу, оның мәңгілігі жолында аянбай еңбек етуге үндеу идеясы.

Гүләйім Дәуітбаеваның «Тәуелсіздік жыры», «Бұғау. Желтоқсан. Азаттық», Аллаберген Қонарбаевтың «Отан», «Республикам менің», Шынар Түйешиеваның «Қазақстан – бейбітшілік отаны», Асылбек Сүлейменовтің «Мен – қазақпын», Алмас Алтайдың «Азаттықтың ақ таңы», Мұхаммедберді Сүйітовтің «Тәуелсіздік күні құтты болсын» секілді өлеңдерінде Қазақстан секілді Отанның ұлылығын, оның Тәуелсіздікке қол жеткізген қуанышын шабытпен жырлаған.

Мысалы, Алмас Алтай тәуелсіздікті:

...Қазақ барда өшпек емес аттары,  
Бірлік барда белгілі ғой бақ бары.  
Барлық Қазақ біріккенде атқанын  
Ұмытпайық!  
Азаттықтың ақ таңы! [3,193] –

деп, тәуелсіздікті қуанышын арғы аталарымыздың арман етуінен бастап, қол жеткен қуанышпен бөліссе, Мұхаммедберді Сүйітов:

Бұл күнді күтіп батырлар жанын қиысты,  
Бостандық алып күмбірлеп кетті күй ішкі.  
Ержүрек ұлы, қайсар қыздары бар қазақ,  
Мәңгілік азат халық болуға тиісті, [3,225] –

деп азаттық алған Қазақ елінің қуанышына ортақтасып, оның мәңгілікке орнауын қуанышпен тілеп паш етеді.

Тәуелсіздіктің ең бір шешуші оқиғасы – Желтоқсан оқиғасы да жас ақындардың назарынан тыс қалған жоқ. Нұргүл Маулина «Желтоқсан көтерілісіне қатысушылармен кездесуде», Еділ Бекмұратов «Желтоқсан», Аллаберген Қонарбаев «Сексен алты. Желтоқсан», Гүлсім Дүйсенбаева «Желтоқсан жыры», Мұхамбетберді Сүйітов «Желтоқсан» т.б. өлеңдерінде желтоқсанның халық тарихында қалдырған орны мен ұлт жанына салған таңбасын өзінше өрнекпен таңбалап, тарихи оқиғаға естен кетпес ескерткіш соғуға талпынады.

Мысалы, сол жылы өмірге келген Гүлсім Дүйсенбаева «Желтоқсан жыры» өлеңінде Алматыда болған осы оқиғаны «қасиетін қалқалап қанатына, қасіретін көтерген қасқалдақ ән» деген образбен суреттейді. Көкіректе сыздаған ізі қалған сол күндердің құнын кім қайтарар? Осыны жөргекте жатқан жас сәбидің жүрегімен сезінгені өлеңде ерекше тебіреніспен беріледі:

Пейіш-нұрдан жаралып...  
Мен сол уақыт...  
Періште оймен сезіндім жөргегімде.

Ақын сол бір суық күндердің жүректерге салған мұңымен қатар, еліміздің болашағына не әкелерін пайымдаған уайымы мен шүкіршілігі сабақтаса келіп, жарқын үмітке жетелейді:

Шүкір, шүкір,  
Таңы атты еркіндіктің,  
Азат ұлдың айнымас сертін күттім.



Жан жарасы жазылар...

Уақыт – өлшем,

Ар жарасы... айықпас дертінді ұқтым [3,116].

Жас ақын Талғат Қайбұллаұлының өлеңдерінің көпшілігі осындай саяси-патриоттық тақырыпта болып келеді. Оның «Көк байрақ», «Елтаңба», «Бірлік», «Тәуелсіздік», «Отаным» деген өлеңдерінде Тәуелсіздік пен оның рәміз-нышандары туралы өзінің ыстық сезімін өлеңмен өрнектейді. Мысалы, «Тәуелсіздік» өлеңінде:

...Бейбіт күн бе едің еліме,  
Бұлт шалмаған аспаным?  
Арманы ма едің елімнің  
Жетіп бір тұрған шаққа бұл?  
Талайлар тіккен бастарын,  
Біледі бүгін жастарым.  
Мәңгі орна елдің басына,  
Тәуелсіздік ақ таңым! [3,113] –

деп балаң тәуелсіздіктің маңызын айшықтай отырып, оның мәңгі болуын, өміршеңдігін жырлайды. Талғаттың бұдан да басқа тәуелсіздік бастауында тұрған Ел Президенті – Елбасы мен сол тәуелсіздік жылдарындағы ерекше саяси оқиғалар мен оның атрибуттарын ұлықтайтын «Елбасыға арнау», «ЕҚЫҰ саммиті», «Астана – бас қала», «Азияда – ақ айдын», «Нұр-Отан» секілді де өлеңдері бар.

Туған жер – әрбір адам үшін қымбат ұғым әрі ерекше ыстық сезім тудыратын кеңістік. Қазақ оны «атакүлдік», «атамекен», «ата жұрт» деген секілді сөздермен атап, барлық жерден артық көреді, жоғары қояды. «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген мәтел де бар. Туған жер ұғымының ауқымы да кең. Өзіңнің дүниеге келген жеріңнен бастап, өткен ортаң, сен өмір сүретін ауыл, қала, аудан, облыстан асып, Ұлы Отанмыз – Қазақстан Республикасы – әрбір қазақ үшін, әрбір қазақстандық үшін туған жер болып табылады. Жас ақындардың туған жер туралы тебіреніспен жазған жырларының да орны бөлек.

Ә.Бимағамбеттің «Қазақстан. Астана», Г.Дәулетбаеваның «Маңғыстау», «Шерқала», Б.Жайлаудың «Маңғыстауым бұл менің», «Оғыландыға барғанда» өлеңдері осындай туған мекенге деген алғаусыз махаббаттан туған.

Г.Дәуітбаева «Каспий – достық теңізі», өлеңінде:

...Жалғыз теңіз – ортақ дәу жүрек дейін,  
Шаттығыңды шырқайық дір етпей үн.  
Татулыққа қосармын соңғы демді  
Кетіп бара жатсам да жүдеп кейін [3,107-108], –

деп бірнеше елге ортақ ырыс болған Каспий теңізін жырға қосып толғанады, оның халықтар достығының мекені болғанын мақтаныш тұтып, сол достыққа өзінің де қолдан келгенінше үлес қосқысы келетін перзенттік махаббатын өлеңімен паш етеді.

Б.Жайлау «Әке бейітіні басында» өлеңінде өмірден жас кеткен, алақанының жылуын сезініп үлгерсе де, азамат боп қалыптасуын көре алмай кеткен әкеге деген сағынышын:

Сын шығар бәлкім бұл маған,  
Ол үшін артпан мұң саған.  
Көшімді жүре түзетіп,  
Күшімді жұмсап шыңдалам [4,29], –

деп әкесіз өмірдің адам жанына салар жарасын ишаралап, өмірдегі әкенің орнын ешбір нәрсе алмастыра алмасын оған деген ыстық сағынышпен өрнектейді. Ол енді бірде әке портретіне қарап, аяулы асыл әкенің жансыз бейнесімен сырласады («Әке портретіне»)

Ал «Мен солдаттың саркытымын» деген өлеңінде:

Мен соғыстың не екенін бесіктен  
Белім шығып, ес кіргеннен есіткем.

Қаһарлана атам ылғи айтушы ед  
Неміс жайын біздің елге өшіккен.., –  
деп соғыс жайын майдангер атасынан естіген әңгімелер арқылы таныс екенін айта келіп:  
...Болашаққа жалғайтын ата үмітін,  
Орнында бар адамның арты бүтін.  
Майданда осы күнді армандаған  
Мен өзім сол солдаттың сарқытымын [4,40-41], –  
деп түйіндейді. Бұл – ақынның ата-бабалардың ерлік дәстүрін жалғастыруға бекінген перзенттік махаббатының көрінісі.

Жас ақындар жырларында халқымыздың жадына мәңгі өшпес із қалдырған тарихи тұлғалар, ұлт мақтаныштары да асқақ көрініс тапқан. Олардың тарихи еңбектері, ерлік істері мен өнегелі аманаты сол еңбектері мен істерінің ауқымында реалистікпен бейнеленеді. Г.Дәуітбаеваның «Ер Махамбет арысым», «Сүйінғара сыбаға», Б.Жайлаудың «Сармыс батырдың сөзі», С.Құдайбергеннің «Махамбеттің түсі», Ә.Бимағамбеттің «Оғыланды жырлары», «Мұстафа Шоқай неге жылады?», А.Қонарбаевтың «Заңғар тұлға», «Бекет Ата» т.б. өлеңдерінде қазақ тарихында өлмес із қалдырған Махамбет, Сүйінқара, Сармыс батыр, Бекет Ата, Мұстафа Шоқай, Д.Қонаев секілді ұлттың ұлы тұлғаларына деген халықтың сүйіспеншілігі жырланған.

Г.Дәуітбаева «Сүйінғара сыбаға» өлеңінде Адай елінің атақты батыры Сүйінғараның намыскер болмысын, ол туралы аңызда айтылатын «сыбаға» дәстүрін жырға қосса, «Күйініш» балладасында Әбілқайыр ханның өлімі үшін кек қуған Бопайдың төркіндерін бастап келген Шотан батырдың Барақ сұлтаннан кек қайтаруын бейнелейді.

Б.Жайлау «Пір Бекет Ата немесе кедергісіз кеңістік һәм уақыт хақында» атты өлеңінде Пірдің соңы Бекет Атаның қасиеттерін «қажет жерінде әп-сәтте табылатұғын, Қимылы жүйрік жарықтың жылдамдығынан» деп образбен бейнелейді. Таңғы намазын Оғландыдан Мекке, Хиуаға барып оқитын Атаның қасиетіне бас иеді:

Ілім жолында арнаған сауғаға жанын,  
Әруағыңнан айналдым, уа, Пәруана Ғалым!  
Тылсымы терең танымың – мен білсем, Ата,  
Пірдің соңы Өзің мен Аллаға мәлім! [1,187].

Жастықтың жалынды жыры – ол, әрине, жастық шақ, махаббат сезімінің де жастар шығармашылығында елеулі орын алуы заңды. Бұл тақырыпта өлең жазбайтын ақын жоқ деуге болады. Әйтсе де, әр ақынның махаббат пен достықты түсінуі мен қабылдауы, бағалауы мен қадір-қасиетін жырлау мәнері өзіндік ерекшелігімен көрініп отырады. Мысалы, А.Жаңбырбай:

...Сен кешігіп жанғансың жұлдызымдай,  
Тұрмайтынын білсең де түн бұзылмай.  
Сен кешігіп жазылдың мұңды жырдай,  
Ақын болып кеттік қой сырды жырлай [1,72], –

деп кешіккен махаббаттың жайын, жүрекке жүк түсірген сезім ғаламатын ақындықтың күдіретімен ұштастырса, Ж.Демесін:

... Қап-қара мөлдір қараған көздер-ай ғажап,  
Қаралық керек сияқты қолаң шашыңа.  
Отырмын сұлу бейнеңді көзбен аймалап,  
Жете алмай, әттең, қасыңа [1,84], –

деп ғашығының сұлу бейнесін суреттей отырып, жанына жақындай алмаған сағынышымен өрнектейді, ал Ф.Мұсаев:

Тау жолықпай таумен ғана өтеді,  
Тағдыр жазса, бақыт іздеп жетеді.  
Жолығармыз, кім біледі, біз мүмкін,  
Рас болса жер дөңгелек екені [1,144], –

деп армандаған қиялындағы ғашығымен кездесеріне сенім білдіреді. Бұл жыр жолдарының қай-қайсысы да жас жүректің ғашық жанға деген іңкәр сезімін алғаусыз адалдықпен, арманшыл албырттықпен бейнелеуде өлеңге өзінше өрім жасауға тырысуымен құнды. Жас көңілдің осынау кіршіксіз сезімдерін жырлауда ақындар өзіндік жол іздейді.

Бір көңіл бөлетін жағдай – жас ақындардың қай-қайсысы да поэзия тақырыбын ескерусіз қалдырмай, қайта көбінесе өлең құдіретін, поэзияға құштарлығын қашан да жырлап отыратыны. Шынында да, шын ақын болу – поэзияға деген адалдықты сезінуден басталса керек. Өйткені, олар өлеңді өнер деп қана емес, жаратылыстан бітетін ерекше қабілет, сондықтан оны ерекше қадірлеп, тәңірдей табынып қана музаға жақын бола аласың, сондықтан поэзияға адал болу парыз деп біледі.

Гүлсім Дүйсенбаеваның «Өлеңнен сұра» деген туындысында бұл маңызды жайды:

Мен – Өлеңмін!  
Өмірмін. Мәңгілікпін.  
Суына да батпадым сорқұдықтың.  
Менде зары, мұңы бар Бозінгеннің,  
Менде сазы, үні бар сал жігіттің [3,117], –

деп өлеңнің құдіретін мойындап, оны тірліктегі барлық рухани құндылықтың басына қояды және поэзияның ақын жанымен егіз екенін, халықтың барлық мұң-зары мен тарих-талайын бойына жинайтынын ерекше екпін, жоғары пафоспен жырлайды.

Г.Дәулетбаева «Қоңыр өлең», «Жыр дәуір», «Жырым – менің жан айнама», «Қаламға табыну» өлеңдері де поэзия тақырыбына арналған. Оларда ақын мен өлең егіз ұғым ретінде сипатталып, ақынның өлеңмен ұдайы сырласып отыратыны, екеуінің сыры мен мұңының астасып жататыны әдемі бейнеленеді. Мысалы, «Қаламға табыну» өлеңінде:

Көңілге кірлі жат салмақ толып,  
Күлуге мүлде жарамай барам.  
Жүректің шерін ақтармақ болып,  
Ұстадым сені, қарағай қалам [3,59], –

деп көңілдің қандай мұңды-сырлы кезінде де, қуаныш пен қайғының жайын толғап, жүректің сырын ақтару үшін ақынға ең жақын нәрсе – осы өлең екенін, сондықтан оған адал болатынын айтып, қаламға серт бергендей болады.

Ақындық шығармашалықта лирикалық кейіпкердің орны мен маңызы ерекше болады. Өлеңде өз атынан сөйлеуші кейіпкер – негізінен осы лирикалық кейіпкер ретінде оқырманымен сырласады, өзінің ішкі ғаламындағы жан сырын жайып салады. Г.В.Гегель айтқандай: «Бейнеленетін нысанаға (объектіге) суреткердің шынайы субъективтік қызығушылығының бір қыры – оның өзін танытқысы келуі. Оған дайын күйіндегі шығармадан гөрі жаңадан туатын субъект арқылы өзін-өзі танытатын шығарма жазу артық» [5,50].

Ақындар заман мен қоғам жайлы жыр толғағанда, осылайша өз атынан сөйлегенмен, В.Г.Белинский айтқандай, «ақын өзі туралы айтса да, ол жалпы халықтың атынан сөйлеуге бейім» [6,234] екенін көреміз. Өйткені, ақынның толғайтыны – жеке өзінің ғана емес, жалпы қоғамның жайы, адамдардың тағдыры. Сондықтан маңғыстаулық жас ақындар да қоғамның бүгінгі жайын, түрлі проблемаларды жырлаудан жалығар емес.

Г.Дәулетбаева «Маңғыстауға мұң шағу» өлеңінде:

Ей, Маңғыстау!  
Сенде тудым – бұл мәңгілік мәртебем,  
Меншігімдей көрінеді әр төбең.  
Жүрегімнің жыр-қауызын жарғызып,  
Дәл өзіндей туса деп ем мәрт өлең! –

деген туған өлкеге деген перзенттік махаббатын поэзияға іңкәрлік сезімімен сабақтастыра бастайды да, Маңғыстаудың қазіргі жайын – дархан даланың ен байлығының қызығын

жергілікті тұрғындарына бұйырмай, келімсектердің қойны-қонышын толтыра  
комағайлана ұрлауына ренішін жеткізіп, туған даласына мұң шағады:

...Бауырыңа келімсектер таласар,  
Өле кетсем, – жоқ қимасым санасар.  
«Тірлігінде жылымады бойы» деп,  
Бір-ақ уыс топырағыңмен жаба сал [3,116], –

деп элегиялық-мұңды әуенмен аяқтайды.

Тәуелсіздік жылдарындағы жас ақындарымыздың ерекше ұлықтап, құрметпен  
жырлаған тақырыптарының бірі – халқымыздың ана тілі, салт-дәстүрі. Бұл тақырыптың  
аса жылылықпен аталып, жоғары көтере жырлануының өзіндік себептері бар. Өйткені,  
кешегі кеңестік кезеңде орыстан басқа аз халықтардың тарихы мансұқталып, олардың тілі  
мен діні, салт-дәстүрі құрметтелмей, қайта ұмыттыруға тырысқаны белгілі. Тәуелсіздік  
алғаннан кейін әр ұлт өзінің өткеніне көз жіберіп, ұлт болып қалу үшін өзінің тарихын  
біліп, ана тілі мен салт-дәстүрін сақтап, дамыту керектігін түсініп, сол мақсатта әрекет ете  
бастады. Рухани саладағы барлық бірінші кезектегі іс-шаралар осы мәселеге бағытталды.  
Мұны жас талапкерлер де жақсы ұғынып, балғын таланттарын осы мәселеге арнауы  
заңды.

Жинақтап айтқанда, қазіргі поэзиямыздағы жас ақындардың көтерген тақырыптары  
сан қилы: олар адам баласына тән ең жақын жандары мен құбылыстарға мән береді,  
ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлықтайды, сұлулық пен поэзияның  
алдында адалдық танытады, заманы мен қоғамына назар аударады, мәңгілік мәселелердің  
қай-қайсысы да оларға жат емес. Солардың бәріне өзінше үн қосып, поэзияның сырлы да  
тылсым күдіретімен баршасын құшағына сыйғызып, құлашын кең жайып, сөз күдіретімен  
жырлауға ұмтылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау мақамдары. Маңғыстау облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы. Дәстүр, 2013.
2. Абай дәстүрі және тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ лирикасы // Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы. Арда, 2009.
3. Жастар жырлайды. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. – Алматы. ҚАЗАқпарат, 2013.
4. Жайлау Б. Кедергісіз кеңістік. – Алматы. Нұрлы әлем, 2010.
5. Жармұхамедов М. Сарбаз поэзия. – Алматы. Қазақстан, 1981.
6. Белинский В.Г. Избранные сочинения. Том 5. – М., 1984.

## МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ЖАС АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ НЫСАНЫ

Г.Шырдабаева

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Ә.Қабылов

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан. КЯЛ-19-1 тобының студенті

**Андатпа.** Мақалада қазіргі қазақ поэзиясының көшін жалғастырып келе жатқан жас буынның бір тармағы – маңғыстаулық бір топ жас ақындардың шығармашылығы талданады. Тәуелсіздік кезеңі әдебиетке алып келген бұл буын – жаңа кезеңнің сөз бұйдасын ұстар талантты топ. Олардың қатарындағы С.Құдайберген, Ә.Бимағамбет, Г.Дәуітбаева, Ж.Демесін секілді ақындардың қай-қайсысы да болашағынан үлкен үміт күттірер таланттар. Олардың жырларындағы оң талап, озық үлгілерді, идеялық-көркемдік үрдістерді автор өзіндік қолтаңба ретінде қарастырып, теориялық тұрғыдан бағалайды.

**Түйінді сөздер:** поэзия жанры, тәуелсіздік әдебиеті, идеялық-көркемдік ерекшелік, тақырып пен идея, дәстүр мен жаңашылдық

Тәуелсіздіктің ақ таңы атқаннан бері елімізде үлкен өзгерістер орын алғаны белгілі. Әсіресе, әлеуметтік саладағы, рухани жаңғыру бағытындағы іргелі істердің орны бөлек. Кеңестік саясаттан, коммунистік идеологиядан құтылып, еркіндік алғаннан кейін әдебиеттегі цензура да жойылып, ұлттық мұраларымызға терендей үңіле бастадық. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері ашылып, күні кеше айтуға тыйым салынып, шығармалары алты құлыптың артында жатқан рухани мұралар дүниеге қайта келіп, халқымен қуана қауышты.

Кезінде көрнекті ақын Т.Медетбеков өзінің «Алтынкөпірліктер» деген көлемді мақаласында Тәуелсіздік бастауында әдебиетке келіп, ұлттық поэзияның өрісін кеңейткен, оқырмандар көңілінде үлкен үміт сәулесін оятып және сол үдеден шыға білген талантты жастар шығармашылығына оң баға берген болатын: «...Ол толқын сол бір сапырылысы да, алыс-жұлысы да көп, бүкіл ел тауқыметті, таршылық заманды басынан өткеріп жатқан тұста, көп ақын-жазушыларымыз не істерін білмей абдырап, дағдарып, қаламы мен қағазынан көз жазып қалғандай болған кезеңде ұлы Мәртебелі поэзияның кешегі жағалауын ертеңге, яғни бүгінгі жағалауға қосқан көпір міндетін атқарды. Шын мәнінде алтын көпір бола білді», – деп жазған еді ол [1,197].

Маңғыстаудай таланттарға бай өлкеде Тәуелсіздік жылдарында ақындардың тұтас бір буыны өсіп жетілді. Олардың алды қырықтан асып, бірлі-жарым жинақтарын да шығарып үлгерді. «Жас ақындар» деген атауымыздың да өзі шартты түрде болмақ. Өйткені, ақынның шеберлігі мен жетілуі жаспен өлшенбесі белгілі. Сондықтан жоғарыда атап өткен Сабыр, Светқали, Рахаттардан кейінгі әдебиетке келген толқынды осы санатқа қосып, солардың шығармаларын қарастыруды, олардың поэзиясындағы шығармашылық ізденістерге өзімізше баға беруге талпыныс қылып отырмыз.

Маңғыстау өлкесіндегі қазір көпшілікке танылып, болашақ үлкен ақындық жолда жүрген, алды тұңғыш кітаптарын шығарып, тіпті бірлі-жарым шығармашылық кештерін де өткізіп үлгерген, поэзиясындағы жарқын үндерімен үлкен үміт күттіріп келе жатқан жас ақындар баршылық. Олардың қатарында Ә.Бимағамбетті, С.Құдайбергенді, Н.Маулинан, А.Жаңбырбайды, Ж.Демесінді, А.Қонарбаевты, Ш.Түйешиеваны, Ф.Мусаевты, А.Талысованы, А.Алтайды, М.Сүйітовті, С.Шортанованы, Г.Дәуітбаеваны, Н.Мусаевты, Б.Жайлауды т.б. атауға болады.

Маңғыстау өңіріндегі қазіргі жас ақындардың алды, жұртшылыққа ақындығымен танылып қалған Сұлтанбек Құдайберген өлеңдері өмірге ынтық жастың іңкәр сезіміне

толы. Ол туған жер, жастық шақ, іңкәр сезім, адам мен табиғаттың үйлесімі мен бірлігі, тарихи тұлғаларға арнау, адамның кейбір мінездері туралы өлеңдерінде алған тақырыбына өзінше барып, айтар ойын ерекше сыршылдықпен жеткізуге шебер.

Сұлтанбек өлеңдерінде тарихқа бойлап, елге еңбегі сіңген тұлғалармен рухани тілдесу арқылы олардың есімін ұлықтау, елге өнеге етіп ұсыну – ақындық шабыттың қайнары болып келеді. Ж.Досмұхамедовке арнаған «Жаһандық аңсар» өлеңінде:

Білдім, көкем, бостандық таңы атарын...  
Азат күнді мен қазір жаратамын?  
Хан-жиында кеңсеге басым шұлғып,  
Ал, жырымда... сені іздеп баратамын! [2,11] –

деп ұлы тұлғаның болмысына қарата мінәжат етеді. Ал «Ақұнмен тіл қатысу» деген О.Тұрмағамбетұлына арнаған өлеңінде:

...Қызылда-жасыл шаһарда тұрмын,  
Көңіл – пітінә, діл тапшы.  
Мен бүгін тағы саһарда тұрдым,  
Сахардан маған үн қатшы! [3,13] –

деп, ахун рухымен тілдеседі. Атақты дін ғұламасының елдің иманын оятып, имандылыққа тәрбиелеу жолындағы істерін айтып, бүгінде ұрпағының соның жолымен азат елде өмір сүріп жатқанын танытады.

Сұлтанбек өлеңдерінде адам мен табиғаттың бірлігін параллель суреттеу, әсіресе, жастық көңілдің тылсым сырларына табиғаттың ғажайып суреті арқылы еніп, уақыт пен кеңістіктің сабақтастығында ойға шому жиі кездеседі. Мысалы, «Құм қызына» деген циклді жырларында жастық шақтың іңкәр тілегін табиғатты суреттеу жолымен, сол табиғат аясындағы атакүлдік, құмды ауыл, жыл мезгілдері аясында әдемі суреттейді:

...Қытығым кеп, тұра алмай ұшқалақтап,  
Құшағыма қалқамды қысқам аппақ.  
Қара түннің сиясы түгесіліп,  
Таң да кірді Шолпаннан ұстап аттап [4,4].

Махаббат лирикасы – классикалық поэзия үрдісінен бері жалғасып келе жатқан көне жанр. Ақын ғашықтық сырды құм қызына деген іңкәрліктің қысқаша тарихын баяндай отырып, нәзік лирикалық мақаммен дамыта баяндайды. Ақындық жүректің тылсым сырларын байлап, шағын оқиғаны кірістіре келе, ғашық жанның өлең өріміндегі кейіпкерге бағытталған риторикалық сұрақпен әрлей түседі:

Адасандай басымның бағы мұнда,  
Осыны ойлап берілем тағы мұңға.  
Тыртық-тыртық жүректің беттерінен  
Құмның қызы, өзінді таныдың ба?

Шағын бес бөлімнен тұратын оқиғалы-лирикалық өлең шымыр ширатылып, әр бөлімінің айтар ойы, жұмбақ сырлары лирикалық кейіпкердің ішкі тынысымен сабақтасып жатыр. Өлеңдегі сол бір тұрақты кеңістік (құмды ауыл) жыл мезгілдерінің алмасуымен өзгеріп отырса да, лирикалық кейіпкердің құм қызына деген сезімінің өзгермейтін тұрақтылығымен сабақтасып жатыр. Шағын ауылдағы қыз бен жігіттің арасындағы нәзік сезім ауылдастарының арасында аңыз болып, жұмбақ тудырса да, оның шешімін таптырмайтын құпиялығымен қымбат.

Әнуарбек Бимағамбет те жыр додасына ерте араласып, мектепте оқып жүрген кезінен өлеңдерімен көзге түсе бастады. Оның өлеңдерінде адамгершілік пен имандылық мәселесі басты орында тұрады. Ата-баба жолына адалдық, ел тарихына құрмет, ана тілі мен ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу секілді тақырыптар Әнуардың қаламына тән өршіл ырғақпен, сырлы бояумен ерекшеленеді. Діни таным арқылы дүние сырларына көз жіберіп, адамдық пен адалдық ұстындарын шабыттана жырлайды. Мысалы, «Зиярат» өлеңінде:

...Өмір осы...

Басы қара...  
Соңы аппақ..  
Өлім де хақ,  
Өте алмайсың оны аттап.  
Құйтақандай зұс баласы шырлап тұр  
Құлпытасқа тұнған суға қонақтап... [3,94].

Отан мен отаншылдық, ұлтшылдық пен елшілдік – Әнуарбек шығармаларындағы басты тақырыптардың бірі. Қазақтың кешегісіне құрметпен қарап, бүгінгісіне ой жүгірту, болашағына жақсылық тілеу – ақын қаламының айнымас қағидасы болып келеді. Ақын үшін «қазақ» пен «Қазақстан» егіз ұғымдай өріледі. Оның болашағы бірлік пен татулықта деп біледі. Сондықтан елжандылық, ұлтшылдық – дамудың алғышарты. Отанды шын сүймей тұрып, ел мен жер, оның тағдыры туралы ойлану, сол үшін өзіңнің жауапкершілікті сезініп, қызмет ету мүмкін емес.

Ақынның туған жер туралы жырларында ұлтты ұйыстырушы бірлік пен ынтымақтың орны қашан да жоғары тұрады. Сонымен қатар, автор кеңестік жылдардағы солақай саясаттың салдарын, халыққа сенімсіздік көрсетудің лаңын да сыншылдықпен әшкерелеп, бір халықтың арасына сына қаққан, рушылдық тудырған жайттарды сынға алып отырады. «Маңғыстудағы мұңаза» өлеңінде:

...Адайым, нар едің ғой, сабыр сақта..  
Қайғыға көрт шыдамас, нар шыдасын.  
Ақ таңы ақиқаттың аз-ақ қалды,  
Жазған-ай, сәл шыдашы, сәл шыдашы! –

деп Маңғыстаудағы адай елінің басынан өткен қиын кездерді, жауласушылықтың салдарынан батырлығымен аты шыққан халыққа патша өкіметінің, кейін орыс билігінің сенімсіздік танытқанын, сол салқын ызғардың әлі күнге дейін сақталып келе жатқанына назаланады. Бұл жерде, мәселе бір руға баға байланысты емес, елді жік-жікке бөліп, ағайынның арасын суытып, бірін-біріне айдап салып, «Бөліп ал да, билей бер!» деген принцип ұстаған солақай саясатты айыптап отыр.

Әнуарбектің «Оғыланды жырлары» – ерекше қасиет иесі, Адай руының ұраны болған Пір Бекеттің аруағына арналған өлеңдердің тұрады. Автор Атаның қасиеттерін еске түсіріп, рухына тағзым жасайды.

Ата,  
Сені пенделері ақырдың  
Жоқ дегенде абыз қашты, би тайқып,  
Жіберші өзің осыны айтқан кәпірдің  
Аузы-мұрнын қисайтып, –

деп Атаның қасиетін мойындамай, аруағына тіл тигізген жердегі пенделердің әрекетіне налиды. «Атыңды атап жер қорғаған батыр да, Атыңды атап ел қарғаған байғұс та», – деген жыр жолдарымен жақсыға да, жаманға да дем беріп, қамқоршы болған қасиет иесінің алдында кішіпейілдікпен кешірім сұрап, аруағына бас иеді. Осы топтамадағы екінші бір өлеңде:

Мен ол жерге шөлдеп барам,  
Қаталап,  
Таппай қалып жүрегімнен нұр түк те.  
Жер бетінен мен іздеген махаббат  
Тамшы болып шығар сонда кірпікке [3,34], –

деп, Атаның басына тәу етіп, мешітіне келетіндердің атынан әулиенің аруағына деген құрметін паш етеді. Қазақтың ұлттық танымындағы аруақтарды құрметтеу, қасиет иелерін мойындау, ата-бабалар аманатына адал болу, салт-дәстүрге беріктік Ә.Бимағамбет жырларында маңызды орын алады.

Маңғыстаулық дарынды ақын қыздардың бірі Гүләйім Дәуітбаева өлеңді жүректен шығарып жазуға тырысады. Ол үшін не болса соны өлең қылу – өнер емес, шынайы

поэзия жазбасына қоймайтын дүние сырларын өзектен өткізіп барып жазу керектігін жақсы ұғынады. «Өлең патшалығына бас ұру» өлеңінде әуелі өлең өлкесін барлап, поэзия деген ұлы өнердің жалын ұстауға тайсақтаған жандай еміне енген көңілін Мұқағалиша мақаммен, Фаризаша мәнермен:

Поэзия!  
Жартысы болшы жанымның,  
Жаршысы болшы ар-үннің.  
Жүрегім – сенің баспанаң,  
Билігім сенде, бағындым! –

деп поэзиямен туысып кеткенін паш етеді әрі осы өлкеден жаны жай тауып, әрі өлеңнің алдындағы жауапкершілігін сезінген поэзия жауынгерінше адалдыққа ант беріп, музадан медет сұрайды.

Гүләйім – қашан да поэзияға адалдықты жоғары қоятын, сондықтан да өзіне талап қоя білетін ақын. Оның «Қаламға табыну», «Қоңыр өлең», «Жыр-дәрі», «Жырым – менің жан айнама» сияқты өлеңдерінде өлеңмен тілдесе отырып, көңілдегі қуанышы мен күдігін, сыры мен мұңын бөлісуге әзір екенін білдіреді. Мысалы, «Қаламға табыну» деген өлеңінде:

...Көңілге кірлі жат салмақ толып,  
Күлуге мүлдем жарамай барам.  
Жүректің шерін ақтармақ болып,  
Жығылдым саған, сәуегей қалам? [5,60] –

деп шын сырын ақтарады.

Гүләйімнің жастық шақ, махаббат туралы толғанысты жырларында, «Қыз дегенің – өмір сәні құлпырған», «Жүрек үні», «Жастық шақты аңсау», «Жылама, құрбым» сияқты өлеңдерінде жастық шақтың алуан сырлы күйлері, сәулелі сәттері мен мұңды шақтары түрлі поэтикалық реңкпен, өзіндік өрнекпен жырланады.

Гүләйім – қоғамдық-саяси тақырыптарға да еркін қалам тартатын ақын. Ел өміріндегі елеулі оқиғаларға үн қосу, тарихтың кейбір ұтырлы кезеңдері мен оның ел есінде қалған іздері туралы жазған өлең, баллада, поэмалары бар. Оның туған жер тақырыбына жазылған «Тәуелсіздік жыры», «Астанаға», «Ақтау», «Қара маржан», «Отпанда» сынды өлеңдері бүгінгі тәуелсіз еліміздің қарыштап дамуын, азаттық жылдардағы ел өміріндегі өзгерістерді, туған дер мен атакүлдік мекенге деген перзенттік махаббатты паш етіп, өзіндік мәнерімен тебіренетеді.

«Бұғау. Желтоқсан. Азаттық» өлеңінде 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысып, шейіт кеткен батырлар рухына арналған. Ақын желтоқсан көтерілісінің себептерін берідей алмай, өткен ғасырда жүргізілген отаршылық саясаттың әлі тоңы жібімеген ықпалынан іздейді. Өлеңнің басында келтірілген тарихи құжаттан алынған цитата осыны меңзейді. Түркістан өлкесіндегі отаршылдықты қалына келтіруге байланысты қазақтардың үштен бірі қырылғанын еске ала отырып:

Соңында шұбырынды жолым қалып,  
Қырылды қынадай боп момын халық.  
Қазақтың кең даласын еркін жайлар  
Кешегі азат тірлік жойылды анық, –

деп өткен күндерге көз жібере отырып, кеңестік кезеңнің көбесін сөгіп, алып империяны ыдыратып тынған кезеңнің айтулы оқиғасы – желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың рухына жырмен тағзым етеді:

Желтоқсан – айдың аты ызғары бар,  
Сен десе, жүрегімнің сыздары бар.  
Кешегі көтеріліс бесігі өзің,  
Және сен – Тәуелсіздік, ұжданым, ар! [5,74].

Ақынның «Махамбет» өлеңінде ер Махамбеттің рухымен сырласа отырып, халықтың бүгінгі өмірімен байланысты іздейді. Батырдың ел үшін «ерулі атқа ер салып,



егеулі найза қолға алып», теңдік іздеп жорытқан заманы мен бүгінгі тәуелсіздік алып, азаттыққа жеткен кезеңнің айырмашылығы болса да, қараша халықтың Махамбетше ойын батыл айтып, теңдік сұрайтын қауқары болмай отырған қазіргі халына пұшайман болады. Махамбеттік ерлік жолдарын еске түсіріп алады да, соңында:

Жүрегім болды мұң-таспа,  
Қаһарман ата, Сіз басқа.  
Көңілдеп өтер күндері  
Шерменде болған біз – қасқа, –

деп тұжырымдайды.

Ақын Жандос Демесіннің өлеңдері өзінің мазмұндық байлығымен, тақырыптық әр алуандығымен, автордың өзіндік ізденіс-қарымымен ерекшеленеді. Ақын өлеңдерінде пәлсапалық ойлар, бейнеленген құбылыстың астарынан сыр іздеп, оны дүние-табиғат сырларымен, адамның танымдық ойларымен сабақтастыра қарау тән. Мысалы, «Жұлдыздар аққан түн» өлеңінде «Әр жұлдызда адамның ғұмыры бар, жұлдыз аққан сайын бір адам өмірмен қоштасып жатады» деген ел аузындағы әңгімеге орай, өзіндік жорамалын топшылайды:

...Жан бар ма екен ұйқысыз бүгін мендей,  
Мына түннен бір қауіп білінгендей.  
Үш айтуға «жұлдызым жоғары» деп,  
Осы түнде отырмын тілім келмей [3, 85].

Жандостың балалық шақ, ана, достық пен махаббат тақырыбындағы жырлары да оқырман көңілін жылы шуаққа бөлейді. Баланың анаға деген шексіз махаббаты («Қымбат емес алтын тәжі хандардың, Ана, сенің аппақ орамалыңнан»; «Қара жер мен көк аспанның арасын, Мейірім мен нұрға бөлеп жүресің»), ғашық жанға деген іңкәр көңілдің назы («Сен тұрғанда өзге жанмен ісім не, Мұң түсірмен сендей сұлу мүсінге»; «Арнадым өзіңе тағы жыр, Қиналған жанымның зары бұл»), бақытты балалық шақты аңсау («Сақа-уақыт атылып енді өзіме, Балалықтың шығарды шеңберінен»; «Балалығы – адамның бақыты екен, Есейіп ержеткен соң соны ұғындым») секілді әсерлі сезімдер ақын жырларында ерекше жылылықпен өріліп отырады.

Жандос түрлі тақырыптарға қалам сілтеп, оны әр қырынан, тіпті адам күтпеген қырынан жырлай алады: «Ескендірдің соңғы сөзі», «Қазақтың басы», «Мендік өмір», «Далалық пен қалалық», «Мұстафа Шоқай неге жылады?», «Маскүнем жайлы жыр», «Залымдық пен заңғарлық» секілді өлеңдерінің тақырыптары әр түрлі болса да, оларда автордың мазмұнның тура мәнімен қатар, астарына бүккен терең ойы бар. Мысалы, «Ескендірдің соңғы сөзі» өлеңінде жарты әлемді тігіренткен Ескендір Зұлқарнайынның өлер алдындағы соңғы сөзін келтіре отырып, дүниеде шексіз билік жүргізіп, жарты әлемнің байлығын жиса да, бұл өмірден құр қол кетіп бара жатқанын мысалға келтіре келіп:

Тәмамдасам осылай хақ жырымды,  
Өлім солай жеңді патша ғұмырды.  
Болса деймін бұл бір өлім шын үлгі,  
Елді билеп тұрғандарға бүгінгі, –

деп, қазіргі ел билеушілердің көзі тоймайтын тоғышарлығын, елдің бүкіл байлығын ұрлап, кем күндік байлығына мастанып, халықтың қарғысын арқалап жүрген масқара кейпін әшкерелейді.

«Қазақтың басы» деген өлеңінің өзегінде де жүректі өртер ащы шер бар. Кешегі қатыгез қиын кезеңдерде де, бүгінгі азат, бейбіт заманда да қазақтың басының құнсыз кетіп жатқанын өкінішпен жырға қосады. Жәңгір ханның өкімімен Ықылас сұмның Махамбеттің басын кесіп алғаны сияқты, қаншама ғазиз қазақтың басы жендеттің қолынан шабылып кетті!? Осылайша «қазақтың басы қара бақырға татымай қарақшылардың қолынан» үзіле бере ме? Өлеңнің түйінінде осындай өксікті өкініш, зарлы

сұрау бар. Ақынның елжанды жүрегі, ұлтшыл болмысы осындай өзекті сұраққа жауап іздейді:

...Неліктен шындық ақырып тіл қатпайды екен,  
Неліктен заман жасырып бұлғақтайды екен.  
Фәни базарда бағасыз қазақтың басы  
О дүние жаққа барғанда қымбаттай ма екен?

«Қалалық пен далалық» өлеңінде өмір бойы шопан боп мал баққан Берденнің сол еңбегі үшін кешегі күні еленіп, талай атақ-марапатқа ие болғанын, сол даңқ биігінде өмірден өткеннен кейін оның аманаттап кеткен малын келін-баласының сатып, ақша қылғанын, енді қалаға көшіп кеп, жайлы тұрмысын түзеп, қалалық боп шыға келгенін айтады. Сол баланың «далада өскен» қыр баласы екенін ұмытып, енді біреулерді «қойшысың» деп мазақтап жүргенін жазады:

...Ол шопанның баласы еді, міне, енді,  
Қалаға кеп, төбе көкке тірелді.  
Кеше көрдім Берден шалдың баласын,  
Қойшысың деп мазақтап жүр біреуді [3,96].

Жинақтап айтқанда, Маңғыстау өлкесінде қазақ поэзиясын өз үлестерімен байытуға талпынып жүрген жастар баршылық. Әрине, олардың барлығын бір деңгейге қойып, көркемдік шеберлікке жету мен тақырыпты игеру, өзіндік машық пен шығармашылық шындалу орайын теңестіруге болмайды. Олардың алды ақындығымен мойындалып, бірлі-екілі кітаптарын шығарып, тіпті шығармашылық кештерін өткізіп, елге танылып үлгерсе, енді бірқатары жазу өнеріне деген талабымен енді-енді көрініп, өлең өлкесіне бет алған талапкерлер. Алайда оларды біріктіретін – өлеңге құштарлық, жүректен жарып шыққан шуақты ойларын поэзияға айналдыруға машықтана бастаған сәтті қадамдары. Сондықтан, «бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, мұндай таланттарға назар аударып, шығармаларын бағалай білу парыз деп білеміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Медетбек Т. Алтынкөпірліктер // Жұлдыз. № 9, 2019.
2. Маңғыстау мақамдары. Маңғыстау облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы. Дәстүр, 2013.
3. Жастар жырлайды. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. – Алматы. ҚАЗАқпарат, 2013.
4. Құдайберген С. Бәну көктем. – Алматы. Жазушы, 2007.
5. Айнахан Есет. Гүлнар Науырша. Гүләйім Дәулетбаева. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. – Алматы. ҚАЗАқпарат, 2013.

## СӨЗ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТІЛДІК ТҮЛҒА САБАҚТАСТЫҒЫ

**А.Атамурадова**

**Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Исакова А.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Андатпа.** Тілдік құралдарды жетік меңгерген элитарлы тілдік тұлғаның жоғары интеллектуалды, шығармашылық және адамгершілік әлеуеті нормаға сәйкес емес сөздерді қолданбайды. Мұндай тілдік тұлғаны тәрбиелеудің стратегиясы екі бағыт бойынша жүргізілуі керек: 1) нормадан тыс сөздер тілдік құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс; 2) нормадан тыс сөздерді нормадағы тілдік құралдар арқылы ығыстыру.

**Түйінді сөздер:** сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тілдік тұлға, студенттің тілдік тұлғасы т.б.

Қоғамда тұлғалардың жекелік қасиеттерге ұмтылуы одан әрі дамиды, қоғамның әрбір мүшесі басқалардан өзгешелене береді, ал бұл дегеніміз тұлғааралық қарым-қатынаста қиындықтар саны өсе береді деген сөз. Осыған сәйкес барлық салада адамдар арасындағы қарым-қатынаста кедергілер бола бермек. Осымен байланысты ғалымдар әр түрлі әлеуметтік топтардың қарым-қатынас ерекшелігіне баса назар аударып отыр. Мұның өзі сөйлеуші адамның коммуникативтік қиындықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Әр түрлі кәсіп иелерінің тілдік тұлғаларын, қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін зерттеумен қатар, филолог студенттердің тілдік тұлғасын, сөз мәдениетін зерттеу өзекті. Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын зерттеу білім беру және мәдени салада филолог мамандардың қоғамдағы маңыздылығымен, сөз мәдениеті мен қарым-қатынас жасау нормаларын сақтау, жетілдіру саласындағы филологтардың рөлімен түсіндіріледі. Бұл қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Қазіргі кезде дүниені танудың құралы ретіндегі тілдің рөліне ерекше назар аударылады. Тіл ақпаратты жинаушы, сақтаушы, өңдеуші және жеткізуші ретінде адамзат дамуының қозғалғыш күші. Қоғамдағы тұлғалық фактордың рөлінің өсуі ерекше әлеуметтік-психологиялық стереотиптің пайда болуына алып келеді. Осындай жағдайда тілді меңгеру, әсіресе ол жоғары лауазымды қызметке үміттенетін болса, тұлғаның маңызды компоненті ретінде қарастырылады.

Оқытудың кез келген үлгісі, әсіресе тілді үйрету тілдік тұлғаның құрылымын, оның нақты өмір сүріп отырған ортасын, қарым-қатынасына терең үңілмейінше сәтсіздікке ұшырап отырды. Осыған байланысты қазіргі заманғы философтар мен лингвистер екі маңызды әдіснамалық талаптарды атап көрсетеді:

1. Адамды тану оның тілін зерттеусіз мүмкін емес;

2. Тілдің табиғатын түсіну және оны түсіндіру тек қана адам арқылы, оның дүниетанымы арқылы мүмкін болады. Homo loquens ең алдымен тілде және тіл арқылы өмір сүреді, сонымен бірге тіл – «адамды адам етушінің бастамасы» (В.Гумбольдт).

Индивидтің тұлғаға айналуы: 1. Адамның қоғамдағы әлеуметтік рөлі; 2. Белгілі бір этнотілдік мәдениеттің нормасы бойынша белсенді ақыл-ой әрекетін іске асырушы; 3. Халықтың әлеуметтік психологиясын меңгеруден көрініс табады. Аталған соңғы екі аспекті тілдік тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл атқарады, өйткені ұлттық мәдениетті меңгеру үдерісі мен әлеуметтік психологияның қалыптасуы тек қана тіл арқылы мүмкін болады. Айтылған аспектілер шындық өмірді бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге оларға баға беруді де қамтиды. Нәтижесінде тілдік тұлға өзінің тілдік санасында бүтіндей

қоғамның, аймақтың, әлеуметтік топтың немесе жеке ерекшеліктеріне байланысты бірнеше типтерге бөлінеді. Жекелеген тілдік тұлғаның маңыздылығы оның жеке басының ерекшелігінде, қайталанбастығында емес, керісінше оның санасындағы дүниенің тарихи қалыптасқан этнотілдік бейнесінің кеңдігіне, тереңдігіне, сөйлеу мәнерінің, өзін ұстауының сол халықтың мәдениет үлгілеріне сәйкестігімен бағаланады. Тілдік тұлға этностың коммуникативтік мәдениетінің белгілі бір түрін меңгеруі мүмкін: халықтық, көпшілік және элитарлық (Н.И. Толстой).

О.Б.Сиротининаның пікірінше, орыс тілі сөз мәдениетін барынша бөлшектеуге мүмкіндік береді: диалектімен сөйлейтіндердің тілінде белгілі бір дәрежеде сақталған халықтық сөз мәдениеті; әдеби тілдің нормасын бұзып сөйлейтін білімдері таяз тұрғындардың қарапайым сөз мәдениеті; элитарлық сөз мәдениеті – ауызша және жазбаша түрде функционалды стилдердің барлық түрлерін мақсатты түрде қолдану, әдеби тілдің барлық мүмкіндіктерін еркін пайдалана білу; соңғы кездері өзіндік сөз мәдениеті ресми қарым-қатынаста кең қолданылып жүрген әдеби-ауызекі және фамилярлы-ауызекі сөйлеуді көп кездестіруге болады. Сөз мәдениетінің соңғы типтері қоғам дамуының белгілі бір деңгейін және радио, теледидардың басымдығымен, газет, журнал, көркем шығармалардың мәтіндеріне деген талаптың төмендеуімен байланысты болса керек. Осының барлығы филологтарды мазалайды, өйткені тіл мәдениетінің ғасырлар бойы қалыптасқан нормаларының бұзылуына әкеледі, нәтижесінде сөздік қорымызда нормаға қайшы келетін сөздер пайда болады. Лингвистердің нормаға сәйкес емес сөздерге берген бағасына қарамастан, оларды кез келген тілдің сөздік қорының ажырамас бөлігі деп және олардың қырыққа жуық қызмет атқаратындығын айтуға болады. Атап айтар болсақ, нормаға сәйкес емес сөздер сөздік агрессияның құралы (В.И. Жельвис).

Тілдік тұлғаның түріне байланысты ақпарат түсіндіріледі, жүйеленеді, сақталады, жаңа білімді толықтыру жүзеге асады. Сөйлеушінің тілдік білімі санада Ю.Н. Карауловтың теориясы бойынша үш түрлі деңгейде бейнеленеді:

1. Вербалды-семантикалық код, мұнда дүние концептуалданады. Вербалды-семантикалық өріс концептуалды өрісті мозайка сияқты жауып тұрады (И.Трир), шындыққа сәйкес келмейді (Б.В. Якушин, А.А. Залевская), ұғымдық және лингвосемантикалық өріс бірліктерінің бір-бірімен толық сәйкес келмейді деген пікір кең тараған. Вербалды-семантикалық кодты ұйымдастырудың категориалды және тақырыптық (А.И. Новиков, Е.И. Ярославцева) деп аталатын дүниенің концептуалды бейнесі мен заттық дүниенің белгілерімен байланысты екі тәсілі бар. Тұлғаның тілдік санасындағы шағын жүйелер түріндегі ішкі лексиконының көп қырлылығы осымен түсіндіріледі (лексико-семантикалық өрістер, лексико-семантикалық топтар, синонимдік, антонимдік, омонимдік қатарлар, тақырыптық топтар). Сөздің мағынасы белгілі бір өрістің жүйесінде және семантикалық-сөзжасамдық байланыста және грамматикалық қатынастарда ашылады;

2. Лингво-когнитивтік деңгей «дүниенің бейнесі» немесе дүние туралы білімдер жүйесі бейнеленген тұлғаның тезаурусы ретінде көрінеді. Тілдік тұлғаның қалыптасуының алғашқы кезеңінде тезаурус меңгерген сөздік бірліктердің санына тең болады, одан әрі қарай тілдік тұлға оны толықтыра береді;

3. Мотивациялық немесе әрекеттік-коммуникативтік қажеттілік деңгейі тұлғаның прагматиконын бейнелейді, яғни оның мақсатының, бағытының, бағдарының жүйесін көрсетеді.

Әрбір нақты жағдайда тілдік тұлғаның аталған үш деңгейінің бір-бірімен астасып жатуы себепті олардың арасындағы айқын шекараны, алшақтықты көрсету қиынға соғады.

Тілдік сананың құрылымдық компоненттері тілдік тұлға феноменінің негізгі компоненттері – лексиконымен, тезаурусымен, прагматиконымен өзара байланысты болғандықтан олар көбінесе тілдік тұлғаның қалыптасуының кезеңдерін анықтайды.

Тілдік тұлға ұғымының өзі оны сипаттаудың лингво-психологиялық аспектісін білдіреді, соған сәйкес тілдік тұлғаның қалыптасуы лингвистика, психология, педагогика және тағы да басқа бірқатар пәндердің тоғысында өтуі мүмкін.

Тұлғаның тілдік даму мәселесінің аспектісі ретінде өзара байланысты екі бірліктен тұратын тілдік қабілет: орта, оқу, тәрбие және табиғи алғышарттар, мидың және жүйке жүйесінің туа біткен анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері, қарастырылады.

Тілдік қабілеттің тілдік, сөйлеу және интеллектуалдық компоненттерді қамтитын өзіндік құрылымы болады. Алғашқы екі ұғымды тілдік сезгіштік деп атайды, ал бірқатар зерттеушілер (Д.Н. Богоявленский, Л.И. Божович) оны санасыз түрде жалпылау десе, басқалары (Н.С. Рождественский, М.Т. Баранов, В.И. Капинос) – тілдік сезгіштіктің екінші түрін – тілдік ереже мен норманы білуге негізделген, саналы түрде жалпылау деп қарастырады.

Тілдік сезгіштікке деген мұндай көзқарас тұлғаның бүкіл өмір бойында оның дамуын және тілдік тұлғаны оқытуға әсер етудің мүмкіндігін көрсетеді. Осыған сәйкес, тілдік қабілет биологиялық жолмен емес, қарым-қатынас үдерісінде қалыптасатындығы белгілі болады (А.А. Леонтьевтің мектебі).

Біз қазір қарапайым сауатсыздық жағдайында өмір сүріп отырмыз. Бұған бірқатар себептер бар. Бүгінгі студент кешегі мектеп оқушысы. Сондықтан мектеп қабырғасында оқытылатын пәндердің тілдік тұлғаны қалыптастырудағы орны ерекше. Осыған сәйкес, мектептегі қазақ тілі пәнінің мазмұны, мақсаты мен міндеттері айқын емес және сауатты тұлғаны қалыптастыра алмайды, сондықтан да 1) «мектепте бала өзінің не істегенін саналы түрде сезінуге үйренбейді» (Л.С. Выготский); 2) мектеп оқушылардың сөйлеу әрекетін қылыптастырмайды және дамытпайды, тіл дамыту сабақтары осы тұрғыдан алғанда жеткіліксіз; 3) қазақ тілі курсына оқушының жалпы мәдени деңгейін көтеру мақсатында болса да тіл білімінің жекелеген теориялық элементтері берілмейді. Өздеріңіз көріп отырғандай, аталған үш аспектінің үшеуі де тілдік қабілетті дамытуға, соған сәйкес элитарлы тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан да тілдік тұлға концептуалды негізге айналуы тиіс, оның айналасында тек қана қазақ тілін оқыту әдістемесі емес, басқа да пәндер шоғырлануы тиіс.

Тілдік тұлғаны тілдік қабілет, білік, дайындық жиынтығының көп қабатты және компонентті құрылымы және сөйлеу әрекетінің (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) және тілдік деңгейлердің Г.И. Богин көрсетуінше, (фонетика, грамматика, лексика, синтаксис) барлық түрінде әр түрлі деңгейдегі қиындықтағы сөйлеу әрекетін іске асыратын адам ретінде түсіну бәрінен бұрын тілді үйретудің тиімді үлгісін жасауға, тілдік қабілеттердің қалыптасу кезеңдерін айқындауға, ғылыми білімнің әр түрлі салаларын біріктіруге мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде берілетін қазақ тілі курстары тілдік тұлғаны теориялық тұрғыдан сипаттау ғана емес, белгілі бір дағды мен білікті қалыптастыруға, басқа да пәндерден алынған білімді бір жүйеге түсіруге ықпал етуі тиіс.

Филолог студенттердің тілдік тұлғасының дамуы оның өлшемдеріне сәйкес төмендегідей болуы мүмкін: – филолог студенттердің лексиконы мен тезаурус деңгейінің негізі отбасында, мектепке дейінгі мекемелерде, бастауыш мектепте, орта мектепте қаланады. Дәл осы кезеңдерде оның сөздік қоры қалыптасады, негізгі грамматикалық нормаларды меңгереді. Осы кезеңдерде оның жазбаша дағдылары мен ауызша дағдылары қалыптаса бастайды; – бұдан әрі қарай әр түрлі ақпарат көздерінің әсерінен және сөйлеу әрекеті үдерісінде тілдік тұлға өзінің күнделікті мәдени, тарихи, дүниетанымдық, рухани білімдерін толықтырады. Алынған мәліметтерді талдау, ой елегінен өткізу, курстастарымен пікір алысу арқылы ойлау әрекеті дамиды. Сөйлеуді стилистикалық тұрғыдан ұйымдастыру дағдылары қалыптаса бастайды, сөздік қоры молая түседі, сөздік қоры күрделеніп, мәтін құрастыру ережелерін меңгере бастайды. Егер осы кезеңде филолог студенттер берілген тапсырмаларды, өздік жұмыстарды орындамай, сабаққа келмей жүрсе немесе сабақтар өз деңгейінде өткізілмесе, ондай студенттердің тілдік

тұлғасы жоғарыдағы бірінші деңгей көлемінде қалып қояды, тілдік тұлғасының дамуы баяулайды.

Филолог студенттерге қиындық туғызатын тағы бір мәселе орта мектепте қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері, олардың жіктелуі өз деңгейінде, толық берілмеуі. Функционалды стильдерді таңдаудың ерекшеліктері, ауызша және жазбаша сөйлеудің айырмашылықтарын білмеу студенттерге қарым-қатынас жасау барысында үлкен қиындық туғызады.

Тілдік тұлғаның қылыптасуының үшінші кезеңінде алынған білімді бекіту, прагматиконды жетілдіру, өзіндік жеке стиль қалыптасырумен аяқталады. Барлық дарынды, ұлы тұлғалардың жеке стилі болады: жазушылар, публицистер, ғалымдар, мұғалімдер, тілшілер т.б. Жеке стиль ерекше ойлау қабілетімен, белгілі бір сөздердің, троптардың, үлгілердің, грамматикалық құрылымдардың басымдығымен сипатталады.

Өкінішке орай, үшінші кезеңде тілдік тұлға қазақ тілі пәні жоғары сыныптарда жүрмейтіндіктен оған арқа сүйей алмайды. Қазақ әдебиеті сабақтары мәтіндерді тақырыптарына байланысты талдауға, идеологиялық аспектіде қарастырумен шектеледі. Әдебиет адамзаттың қарым-қатынас жасайтын ғылымы ретінде, сөз шеберханасы ретінде мектепте қарастырылмайды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылым. докт. ... диссер. - Алматы, 2007. - 328 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы: Санат, 1997. - 223 б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1999. - 448 б.
4. Ұйықбаев К.И. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. - Алматы: Білім, 1969. - 24 б.
5. Қалиев Б. Тіл мәдениеті және ұлттық сана //Жетісу. - 2004. № 3.
6. Сыздық Р. Бүгінгі жазу-сызу мәдениеті //Егемен Қазақстан.- 2004. № 9.
7. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 470 б.

## ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

**М. Мұхтарова**

**Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Исакова А.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Андатпа.** Филологиялық ой-өрісі кең мамандарды даярлау іске аспай отыр, ал бұл болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің тілдік тұлғасының қалыптасуына және дамуына кедергі келтіреді.

Мұғалімдердің тілдік тұлғасын қалыптастыру олардың ақыл-ойының, шығармашылық қабілеттерінің, ойлау еркіндігінің дамуы үшін аса қажет. Тек қана элитарлы тілдік тұлға болып қалыптасқан оқытушы ғана сондай болашақ элитарлы тілдік тұлғаны даярлай алады.

**Түйінді сөздер:** сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тілдік тұлға, студенттің тілдік тұлғасы т.б.

Тілдік тұлғаның шығармашылық қызметі де өз деңгейінде қарастырылмайды, мұның барлығы тілдік бірліктерді қолданудан, қарым-қатынас жағдаятына байланысты бейімделуден, сол ортаның сөз мәдениетіне сай қарым-қатынас жасау нормаларын сақтаудан көрінеді.

Тілдік тұлғаны ұйымдастырудың ең жоғары прагматикалық деңгейі тіл білімінде де, әдістемеді де әлі толық зерттеліп болған жоқ.

Тілдік тұлғаның бұл деңгейін қалыптастыру тек қана тілдік пәндерді ғана емес, барлық басқа пәндерді біріктіріп барып іске асады деп қорытынды жасауға болады.

Тілдік тұлғаның жоғары деңгейі өмір бойы қалыптасады. Дәл прагматикон «жалпы алғанда тұлға туралы ұғымды тереңірек түсінуге, толықтыруға, қосымша мазмұнмен байытуға» (Ю.Н. Караулов) көмектесетін тілдік тұлға туралы көзқарасты қалыптастырады. Осыған байланысты тілдік тұлғаны қалыптастыруға арналған жұмыстар мектеп қабырғасымен шектеліп қалмауы тиіс, әсіресе кез келген адам өзінің кәсіби мамандығы бойынша элитарлы тілдік тұлға болуға міндетті. Бұл ең алдымен мұғалімдерге, оқытушыларға және басқа да көптеген мамандықтарға қатысты, өйткені адамның сөз мәдениетінің жоғары болуы, оның ана тілін жақсы меңгеруі – «бұл әрбір адамның қоғамдық өмірі мен шығармашылық әрекетіндегі ең маңызды сүйеніші, ақылшысы болып табылады» (В.В. Виноградов).

Жоғары оқу орындарында тілдік тұлғаны жетілдіруге бағытталған курстарды енгізудің уақыты жетті.

Мұндай курстар филологиялық білім арқылы дүние туралы білімді тереңдетуге көмектеседі, адамзаттың қарым-қатынасы саласындағы ең маңызды сөйлесу мәселесіне арналады. Филолог студенттерге және филолог студент еместерге арналған бағдарламаның негізгі компоненттері қазіргі тілдік жағдаят, қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері болғаны дұрыс. Теориялық курс тілдік тұлғаның дамуына, тілдегі бекітілген қоғамдық-тарихи тәжірибені және халықтың адамгершілік кодексін меңгеруге, шығармашылық қызметті дамытуға және байытуға бағытталуы тиіс.

Практикалық сабақтар студенттердің әдеби тілдің нормаларын және қарым-қатынас жасау нормаларын белсенді меңгеруге ықпал етуі тиіс. Кәсіби сөйлеу әрекетін қалыптастыру кезінде тілдік тұлғаға қарым-қатынасқа бейімделуге, икемделуге тура келеді, яғни өз ойын жеткізуге және айтылған ойына, адресатқа және қарым-қатынас жағдаятына қатысушыларға деген өзінің көзқарасын білдіруге, ондағы өзінің орнын көрсетуге тырысуы тиіс. Тілдік тұлғаның дамуы қарым-қатынас жағдаятына сай тілдік

бірліктермен қарулануды және оны мақсатты түрде бұзуды, мысалы, потенциалды сөздерді қолданғанда, әртүрлі стильдің элементтерін араластырғанда т.б. білдіреді.

Филолог студенттердің тілдік тұлғасын тәрбиелеу тілдің қолданысын, қызметін оқытуға ерекше назар аударуды білдіреді. Өкінішке орай, қазіргі лингвистикалық білімнің тең жартысы қазіргі қазақ әдеби тілінің дерексіз, функционалды ажыратылмаған, шартты түрде алынған деректерді оқытуға арналады. Тілге деген «құрылымдық» көзқарас оның дамуын зерттемейді, тілдік құралдарды тілдік және тілден тыс факторларға сүйене отырып таңдау заңдылықтарын қарастырмайды.

Мұның барлығы тілді функционалды аспектіде қарастыратын пәндерге деген немқұрайлылықтан туындап отыр. Қазақ әдеби тілінің тарихы (дәріске берілген сағат саны әдеби тілдің даму жылдарына берілген сағат санынан аз), мәтінді лингвистикалық талдау, стилистика және тіл мәдениеті (соңғысы оқу жоспарынан алынып тасталады, бірде қайта қосылады).

Филолог студенттердің – болашақ қазақ тілі мұғалімдері – шаршы топқа сөзбен әсер ету туралы ғылым – шешендік өнер туралы түсініктері болуы керек. Бұл пән соңғы кездері жаңа типтегі мектептер мен лицейлерге, гимназияларға, колледждерге енгізіліп жатыр. Филолог студенттер арнайы мектептер мен гимназияларда жүргізілетін сөз мәдениеті, қарым-қатынас жасау әдебі, қарым-қатынас жасауға кіріспе сияқты курстарды жүргізуге дайын емес.

Мәдениеттану мен тарих курстарын айтпағанда тіл мен әдебиеттану ғылымдарын кіріктіріп сабақ өткізуге филолог студенттердің кәсіби құзіреттері жетпей жататын жағдайлар да кездеседі. Салық саясаты, математиканың тарихы сияқты курстарды енгізу басымдық танытады.

Филологиялық ой-өрісі кең мамандарды даярлау іске аспай отыр, ал бұл болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің тілдік тұлғасының қалыптасуына және дамуына кедергі келтіреді.

Мұғалімдердің тілдік тұлғасын қалыптастыру олардың ақыл-ойының, шығармашылық қабілеттерінің, ойлау еркіндігінің дамуы үшін аса қажет. Тек қана элитарлы тілдік тұлға болып қалыптасқан оқытушы ғана сондай болашақ элитарлы тілдік тұлғаны даярлай алады.

Ю.Н. Карауловтың пікірінше, тілдік тұлғаны қалыптастырудағы маңызды аспектілердің бірі – туған тіліне деген махаббат немесе тілдік тұлғаның өзіндік ерекшелігі ұлттық мәдениеттен көрініс тапқан тілімен анықталады. Өкінішке орай, жалпы қоғамдағы тілдік ахуал, қазақ тілінің мәртебесі, тіл мен мәдениеттің байланысы, студент жастардың ана тіліне деген көзқарастары әлі де ойлануды керек етеді.

Қазақ тілі ғылым тілі емес, қазақ тілі кәсіби қарым-қатынас тілі бола алмайды деген жаңсақ пікірлер тілдің дамуына, оның мемлекеттік мәртебесіне кері әсерін тигізіп отырғанын айту қажет. Міне, осыған байланысты ғасырлар бойы қалыптасқан диалектілер, көнерген сөздер тасада қалып, қазақ әдеби тілінің сөздік қоры толықпай отыр. Тілдегі көрініс тапқан жаңа сөздерді, жаңа қолданыстарды теріске шығарып, олар туралы баспасөз беттерінде сыни мақалалар жазу ғасырлар бойы қалыптасқан сөз мәдениетіне, әдебіне деген сенімсіздікті туғызып, тіл сөйлермендерін дағдарысқа тірейді. Нәтижесінде сол тілді қолданушы адам да сөз мәдениеті төмен, тілдік тұлғасы қалыптаспаған болып шығады.

Қазіргі кезде ұлттық мәдениетті, ұлттық сананы жаңғыртушы және дамытушы құрал ретінде қазақ тіліне барлық жағдай жасалынуы тиіс, тіліміздің тазалығына, сақталуына мемлекеттік деңгейде қорғау, қолдау қажет.

Жеке тұлға сөйлеу өнерін меңгерудің қажеттілігін сезінуі тиіс, өзі қарым-қатынас жасайтын, араласатын адамдардың арасындағы өз орнын білуі, өзін көрсете білуі тиіс. Қазіргі жариялылық жағдайында тұлғаның қарым-қатынас мәдениеті оның қауіпсіз және ыңғайлы өмір сүруінің кепілі болуы тиіс.



Сөйлеуші, сондай-ақ тыңдаушы айтылған ойды қабылдау үдерісінде тілдік тұлғаны ұйымдастырудың үш деңгейіне сәйкес лексико-семантикалық, грамматикалық, когнитивтік әрекеттерді жүзеге асырады.

Олардың жұмысқа деген ынтасы мен жұмыс бастылығына байланысты тілдік тұлғаның біліктілігі анықталады. Жұмыстың деңгейі тұлғаның қажеттілігіне, оның тіліне және қоғамның құндылық әлеуетін пайдалана білу мүмкіндігімен байланысты болады.

Психолог мамандар тұлғаның қырым-қатынас үдерісіндегі қажеттілікті адамдармен байланысты, өзін-өзі таныту, жақсы көрушілік, үйірлік, ақпарат алу, араласу, ықпал ету деп түрліше жіктейді. Бірақ, тілдік тұлғаның дамуы адамдардың «өзара қажеттілік» (В.М. Бехтерев) жағдайында ғана мүмкін екені белгілі, ол коммуникативтік қажеттілікті өтеуге алып келеді.

Біздің ойымызша, тілдік тұлғаны дамытуды осы тұрғыдан қарастырған дұрыс, өйткені бүгінгі жоғары оқу орындарында осы мәселе назардан тыс қалып отырған тәрізді.

Тілдік тұлғаның лингвистикалық деңгейдегі қарым-қатынас қажеттілігі бәрінен бұрын мәтіндер арқылы іске асуы тиіс. Тілдік тұлға дегеніміз «тілдік шығармаларды (мәтіндерді) жасайтын және қабылдайтын адамның қабілеттері мен сипаттарының жиынтығы:

- а) құрылымдық-тілдік қиындық деңгейінен,
- ә) шындық өмірді бейнелеудің тереңдігі мен дәлдігінен,

б) белгілі бір мақсатқа бағытталғандығынан көрінеді (Ю.Н. Караулов). Басқаша айтқанда, жеке тұлға өзінің жасаған мәтіндерінің жиынтығынан тілдік тұлғаға айналады.

Кез келген ауызша немесе жазбаша сипаттағы монолог, диалог түріндегі мәтін тілдік тұлғаның сипаты, оның қарым-қатынас қажеттілігінің, қабілетінің іске асу өлшемі болып саналады.

Сөз бен оның мазмұнын бірлестікте қарағанда, қарым-қатынастың мақсаты мен жағдайына байланысты осы мазмұнды адресатқа бағыттайтын және жеткізетін тілдік тұлға анықталып қана қоймай, сонымен бірге ол дамиды, өзінің жекелік, қайталанбас сипатын алады.

Мәтін тілдің өмір сүру феномені ретінде (А.Л. Горшков) мектепте, жоғары оқу орындарында барлық пәндерді оқытатын негізгі түйін және соңғы нәтиже болуы тиіс.

Әрбір мәтіннің сыртында тілдік жүйе тұрады, біздің ойымызша, әрбір мәтіннің сыртында тілдік тұлға тұрады десек дұрысырақ болатын сияқты.

Г.О. Винокурдың пікірінше, тіл «қолданғанда ғана тіл» және лингвистикалық зерттеулер мен қорытындылардың, тұжырымдардың дереккөзі жазбаша және ауызша мәтіндер болып табылады.

«Тіл-сөйлеу-мәтін» үштігінде көптеген қайшылықтар мен түсініспеушіліктер кездеседі, дегенмен тілді қолдану – бұл белгілі бір этностың тілдік бірліктерді таңдап, іске асыруы, оларды қарым-қатынас жағдаятына сәйкес композициялық жағынан тұтас мәтінге айналдыруы екенін мойындауымыз керек.

Тіл бізге мәтіндер арқылы беріледі. Мәтіндер – бұл «айтылған және түсінілгендердің барлығының жиынтығы» (Л.О. Щерба), жекелеген тілдік құрылымдардың бір сапалы бүтінге бірігуі. Мәтіндерде тілдік тұлғаның қалыптасуы, дамуы көрініс табады.

Өкінішке орай, қазіргі мәтін деңгейіндегі лингвистикалық зерттеулер қазақ тілінің шешендік өнері арқылы жүзеге асатын өзінің бұрынғы бай дәстүрін жоғалтты. Мәтіннің тілдік бірліктерін зерттеу тәсілдері анықталмаған, стилистика мен сөз мәдениеті «мәтін» ұғымына жеткілікті дәрежеде сүйенбейді.

Ғалым В.В. Виноградов мәтінді филология ғылымының ерекше нысанына айналуға лайық деп есептеген. Қазіргі кезде мәтін тіл білімінің бірнеше саласында қарастырылып келеді:

- стилистика функционалды стильдер жүйесіндегі мәтіндерді зерттейді;

- көркем әдеби мәтіндердің ерекшелігін қарастыратын көркем әдебиет тілі туралы ғылым;
- әдеби тілдің дамуын мәтін деңгейінде зерттейтін қазақ әдеби тілінің тарихы;
- тілді зерттеудің үш деңгейін қамтитын сөз мәдениеті: тілдік бірліктер деңгейі, мәтін деңгейі және тілдік деңгей.

Элитарлы типтегі тілдік тұлғаны тәрбиелеу үшін сөз мәдениетін кең көлемде меңгерту қажет болғанмен, тек тіл мәдениеті ғана тілдік тұлғаның дамуына қажетті деңгейді толық қамтамасыз ете алмайды. Тілдік тұлғаны дамыту үшін таза лингвистикалық білімді халықтың өзіне тән әдеп нормаларымен, жалпы адамзаттық құндылықтармен бірлікте беру қажет.

Демек, коммуникативтік тұлға «сөз мәдениеті» сияқты арнайы курста әртүрлі мәтіндер арқылы, оның ішінде өзі жасаған мәтіндері арқылы көрініс табады.

Жоғары мектептегі кез келген пәннің мазмұны мәтін арқылы берілгендігіне қарамастан, мәтінде көрінетін сезім, ойлау және сөз мәдениеті өкінішке орай, жоғары оқу орындарында қажетті деңгейде оқытылмайды, егер өз дәрежесінде оқытылса, сол мәтіндерді меңгеру және талдау арқылы филолог студенттердің тілдік тұлғасы қалыптасар еді.

Ұсынылып отырған тілдік тұлғаның нобайы қазіргі теориялар деңгейінде тіл мен тұлға мәселесінің күрделілігіне байланысты толық деп айту қиын. Жалпы тілдік тұлға феноменінің қалыптасуы мен өмір сүруі, дамуы күрделі мәселелер қатарына жатады. Дегенмен тілдік тұлғаның үлгісінің кейбір сызықтары – тілдік тұлға қалыптасуының ерекшеліктерін талдау – жоғары оқу орындарында филолог студенттердің тілдік тұлғасын тәрбиелеуге қатысты бірқатар әлсіз тұстарды анықтауға мүмкіндік береді және қалыптасқан жағдайды түзетудің мүмкін бағыттарын ұсынуға жетелейді. Ол бағыттар төмендегідей:

- жоғары оқу орындары оқытушыларының тілдік тұлғасын дамыту немесе К.Д. Ушинскийдің сөзімен айтсақ, «тәрбиелеуде барлығы тәрбиешінің жеке тұлғасына негізделуі тиіс, себебі тәрбиелеу күші адамның жеке тұлғасынан алынады». «Тілдік тұлғаны тәрбиелеудегі үлкен жауапкершілік оқытушыға жүктеледі, олардың барлық шығармашылық және педагогикалық әрекеттері тұлғаны қалыптастыруға бағытталады» (В.Гумбольдт).

- «сөз мәдениеті» курсы басқа пәндермен біріктіре жүргізу тәжірибесін енгізу.

- жоғары оқу орындарында жүргізілетін пәндердің барлығының коммуникативтік әлеуетін арттыру;

- филолог студенттердің сабақтан тыс уақыттарындағы әрекеттерін элитарлы тілдік тұлғаны қалыптастыруға бағыттау.

Сонымен, біз жоғарыда тілдік тұлға барлық оқыту үдерісінің құрамдас бөлігі және білім берудің концептуалды негізі ретінде қазіргі ғылымның әртүрлі фактілерін біріктіруге, оларды дүниенің бүтіндей бейнесіне айналдыруға және барлық ғылыми күштерді адамға бағыттауға мүмкіндік беретіні туралы айтылды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 470 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы: Санат, 1997. - 223 б.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылым. докт. ... диссер. - Алматы, 2007. - 328 б.
4. Қалиев Б. Тіл мәдениеті және ұлттық сана //Жетісу. - 2004. -253 б.
5. Сыздық Р. Бүгінгі жазу-сызу мәдениеті //Егемен Қазақстан.- 2004.
6. Павлов И.П. О русском уме //Литературная газета. - 1981.
7. Головин Б.Н. Основы культуры речи. - М., 1988. - 320 с.
8. Вайсгербер Л. Родной язык и формирование духа. - М., 1993. - 59 с.

## МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

А. Шораева

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Исакова А.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Тілдік тұлғаның тағы бір белгісі – шешендік өнер. Жалпы сөз мәдениеті, мәнерлі сөйлеу туралы ілім Еуропа елдерінде көне грек, көне рим заманынан бастау алады. Ғылымға белгілі болғанындай, шешендік өнердің алғашқы теориясы мен практикасын жасаушылар көне грек ілімпаздары – Аристотель, Георгий, Трасимах, Сократ, Платон, Теофраст т.б. Олар жазу мен сөйлеу стилінің сыртқы белгілеріне: анықтығы, тазалығы, әсемдігі, қысқалығына тоқталып, бұл белгілерді адамды сендірудің әдіс-тәсілдері ретінде қарастырады.

**Түйінді сөздер:** сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тілдік тұлға, студенттің тілдік тұлғасы т.б.

Шығыстың ғұлама ғалымы, ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби «Бақытты болу, кәмілетке келу, қоғамдық тіршілікті жақсарту – барлығы да білімділікке байланысты. Зиялылық адамның жақсы мінезінен, білім, дағдысынан, имандылық қасиетінен туындайды» – деп білім мәртебесін жоғары марапаттайды. Қазақстанды дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен орын алуға және еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси қалыптасуына ықпал ететін бірден-бір күдірет – білім болып саналады, сол себепті мемлекетіміздің түрлі саласында білікті маман дайындайтын жоғары оқу орны жүйесіне ерекше талап қойылады. Оның үстіне, еліміздің тәуелсіздігі жоғары оқу орындарының университет атағына ие болуы, университеттегі оқыту жүйесінің көп сатылы үздіксіз білім беру деңгейіне көшуі – студент-филолог дайындау ісін аса маңызды әрі өзекті проблемаға айналдырды.

Шешендік өнер халықтың мәдениеті мен тарихында үлкен орын алады. Филолог студенттерді әлемдік шешендік өнер тарихымен таныстыру нәтижесінде, олардың тапқыр жауап айтуға ынтасы артады. Сондықтан Ежелгі Греция, Ежелгі Рим, Ресей шешендік өнері жайында білгендері дұрыс.

Аристотель: «сөздің басты сапасы – анықтығы», – дейді. Ол сөздің қадірін *нанымдық* жағына қарай бағалады. Сөйлеуге көркемдік сипат беретін жайлар: қалыпты емес, тың сөздерді (көнерген не жаңа сөздерді) және метафораларды қолдану деп есептеді. Әрине, бұлар сол кездегі сөз қолдану талғамын білдірсе керек. Теофраст сөйлеудің төрт қасиетін көрсетеді: тазалығы, анықтығы, айтылып отырған жайға не айтушыға сәйкестігі және жағымдылығы. Платон сөздің шын ғылыми мәнге ие болуын және қысқалығын жақтайды.

Қазақ тарихында шешендік өнер жақсы дамығаны, атақты билер мектебі болғаны белгілі. Алайда шешендікті ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру, сөз талғамы, тіл мәдениеті мәселелерін зерттеу қазақ ғылымында ХХ ғасырдың екінші жартысынан басталады.

Тіл мәдениеті мәселелерін талқылаудың жай-күйі тілдің құрылымын ғылыми зерттеудің жай-күйіне, тілдің әртүрлі стильдік салаларының даму жағдайына, нормаларының қалыптасу дәрежесіне, қызмет ету аясының кеңею мүмкіндіктеріне және қоғамның тілге деген практикалық қажеттіліктерінің деңгейіне байланысты болады.

Көркем әдебиет саласынан орын алатын қазақ халқының сөз өнерімен танысу филолог студенттердің жан дүниесін байытады. Тіліміздегі «жүзден біреу – шешен, мыңнан біреу – көсем» деген мақалдан шешендік өнерге үлкен көңіл бөлінетіні

аңғарылады. Ерекше шешендік қабілеті бар кісілер елді аузына қаратып сөйлеген. Халық оларды ұйып тыңдаған. Әрине шешеннің де шешені бар. Қазақта ондай адамдарды «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып, қас шешендер сөз айтар» десе, енді бірінде «Үйде шешен – дауға жоқ, үйде батыр – жауға жоқ» делінеді. Шешендік өнер қазір де жоғары бағаланады. Тіл өнеріне, сөйлеу мәнеріне қойылатын талаптар шешендік өнерге де қойылады. Шешендік өнер тіл мәдениетінің ең жоғарғы сатысы.

Біздің заманымызға шешендік өнер билер сөздерімен жетсе, қазіргі шешендермен салыстырғанда атқаратын қызметі жағынан ерекшеленеді. Бұл айырмашылық шаршы топ алдында айтылатын сөздердің түрлі мазмұнда болуымен тығыз байланысты.

«Шаршы топ дегеніміз көпке арналып сөз айтылатын жер, яғни сол сөзді тыңдайтын адамдар тобы. Шаршы топ алдындағы сөз (публичная речь) аз болсын, көп болсын әлеуметтік мәні бар, жұртшылық назарына ұсынылған, қоғам мүддесіне арналған әңгіме болуы керек ... Мұнда көзделетін мақсат – көпшіліктің тыңдауына арналған сөздің жатық, ұғынықты болуы, әңгіме желісінің дұрыс құрылуы болмаққа керек» [2, 23 б.] дей келе, академик Р.Сыздық шешендік сөздерді жұмсалатын орындарына қарай бірнеше топқа жіктейді.

Зерттеу нысанына сәйкес академиялық шешендікке де назар аударылды. Оған оқу орындарындағы дәрістер, ғылыми баяндамалар, диссертация қорғау т.б. шаралары жатады. Жоғары оқу орындарында дәрісті лектор жүргізеді. Демек, лектор-оқытушының шаршы топ алдындағы сөзі мінсіз болуға тиіс. Мәселен, жергілікті сөздер (диалект, жаргон, арго т.б.) кейбір қолданыста жоқ, әдеби нормаға жатпайтын сөздерді жиі қолдану:

1 *Келгемді, айтқамды*

2 *Келгентұғым, айтқантұғым*

3 *Кесей, айтсай*

4 Аудитория жағдайында дәл емес, тұспалдап жеткізуде бірқатар сөздердің беретін мағынасын дұрыс айтпау. Мысалы, *маса-муха, көл-река, қайың-береза, шаң-плесень* т.б. студенттерді де, тыңдаушыны да жалықтырады.

Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері де жағымды болады. Анық, дәл айтуға керекті сөздерден қайтсем дұрыс сөйлем құраймын деумен қатар, оны қалай айтсам өзгеге түсінікті, нанымды, әсерлі болады дегенді де ойлау керек. Сол себептен әрбір ойын әдемі әуенмен, әрбір сөйлемді өзінің сазына келтіріп қолданады. Кейде «әңгіме не жайында айтылғаны емес, қалай айтылғаны» маңызды болуы мүмкін. Дұрыс айтылған сөз Абай атамыз айтқандай «құлақтан кіріп бойды алады...». Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын кісіні «сөзі мірдің оғындай екен» деп таңданады. Ал қабілеті жоқ адамды «аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұр» деп сынайды. Сөйтіп, сөзді қалай болса, солай айта салмай, сөйлеуде оның мазмұнына үйлесімді ырғақ, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің мәні ерекше.

Сөйлеуде дауыс ырғағының құбылмалы қасиетін ескеріп, жазуда ол құбылыстарды тиісті тыныс белгілермен таңбалаймыз. Мысалы, хабарлы сөйлемнен кейін нүкте, сұраулы сөйлемнен кейін сұрау белгісі, бұйрықты, лепті сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады. Сөйлемдегі қаратпа, одағай сөздер, бірыңғай сөйлем мүшелері үтірмен ажыратылады.

Сөз шеберінің қаламынан шыққан әрбір шынайы шығарманың жеке сөйлемдері, сөз өрнектері белгілі бір мақсатқа лайық құралады. Талантты ақын жазушының қолынан шыққан шығармаларда артық сөз, қалай болса солай құрай салған сөйлем болмайды. Көркем шығарманың тігісі жатық сөз тіркестерінен құралған сөйлем де, кескін жасауда көркем суретті, эстетикалық әсер етудің белгілі формасы болады. Сөз өнері деген ұғымға сөздерді дұрыс таңдап, сөйлемдерді шебер құру ғана емес, олардың әрқайсысының қисынын тауып, өз әуеніне келтіріп айту, оқу жатады. Жұрт алдында көркем сөздің жақсы үлгілерін келістіріп оқу ісіне қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері ерекше назар аударған. Көркем шығарманы қызықты, тартымды етіп оқу өнеріне қойылатын бұл талаптар ондай өнерге талабы, қабілеті бар адамдардың алдына қойылады. Жалпы тіл өнеріне, шешендік

өнерге, дұрыс сөйлеу, дұрыс оқу өнеріне үйрететін орынның бірі – мектеп пен жоғары оқу орны.

Тіл мәдениеті – адамның сөйлеу тіліндегі тәсілдерді қолданудағы ізеттілік, сауаттылық дәрежесі, әрі әлемдік өркениетті мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ана тілін жақсы білу, сол тілде таза сөйлеу де мәдениеттілік. Ана тілін, оның байлықтарын бағаламау, қарым-қатынас жасаудың, ойды айтудың, жеткізудің құралы тілді бағаламау деген сөз. Таза сөйлеу деп – сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмай сөйлеуді айтамыз. Жөн-жосығы, тіпті керегі жоқ жерде өзге тілдің сөздерін пайдаланып сөйлеу, айтайын деген ойды түсініксіз етеді. Тілдегі орашалақтық, оспадарсыздық – ой жүдеулігінің белгісі. Өкінішке орай, ойы саяз адамның көпшілігі бос сөзді, күңгірт ойлы. Көмескі, күңгірт сөз – желді күнгі қаңбақ секілді, ешкімнің көңілінен қоныс таппайды.

Н.К. Бакланованың «Личность в профессиональных видах деятельности и общения» атты еңбегінде кәсіби шеберлік психологиялық феномен ретінде зерттеліп, оның пәні мен құрылымы, кәсіби шебер жеке тұлғаның қалыптасуы (жеке адамның іс-әрекеті, жеке адамның қарым-қатынасы) көрініс тапқан. Сөйлеудің психологиялық мінездемесімен қатар ойлау негізі, сөйлеудің түрлері қарастырылады. Ауызша сөйлеудің мәнерлі негізі, сөйлеудің әсері болып табылады. Сөз мәдениеті және сақналық шеберлікке келетін болсақ, сөйлеу операцияларын, сөздің мән-мағынасын түсіну мәдениет үшін функционалды-стистикалық факторларды игеру. Филолог студенттер аудиторияда сөйлейді, ол тек ойы мен сезімін жеткізіп қоймай, тыңдаушылардың ойы мен сезіміне әсер етуі қажет, олардың қызығушылығын арттыра отырып, психологиялық байланыста болуға міндетті.

Сөйлеу өнерінде көңіл бөлу психологиясы мен тыңдау психологиясына басты назар аудару керек. Сөздің негізгі қызметі – қатынас, мәдениет пен этика сұрақтарын талқылайды. Эффективті тыңдаудың шарты – сөйлеу қарым-қатынасының негізгі белгілерін көрсетеді. Қатынас жасаудағы саналы және санадан тыс ақпарат алмасудың үш түрі – шынайы тіл, образды ойлау, сенсориканы ұстанады. Филолог студенттердің тыңдаушысына эффективті әсер етуі үшін ақпарат алмасудың үш түрін ылғи негізге алып отыруы керек.

Ауызша сөйлеудің негізгі принципі – қарым-қатынастық бағыт. Л.Н. Скворцовтың айтуынша: «В основе обучения устной речи должно быть общение, необходимость в общении, возможность общения, практика общения» [1, 173 б.]. Сөйлеу әрекеті тілдік тұлғаның қалыптасуына пайдалы. Өз ойын айту және біреуге жеткізу – филолог студенттердің ойлауының қалыптасу негізі. Филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру барысында жоғары оқу орындарының мақсатқа бағытталған қарым-қатынас техникасын меңгеруі қажет.

Қарым-қатынас жасау қоғам тірегі болады. Қарым-қатынассыз жеке адам дамуы, тілдік тұлға қалыптастыру арасындағы қатынас, басқару, қызмет ету, ғылыми және басқа іс-әрекеттер мүмкін емес. Қарым-қатынас мәселесі көп аспектілі. Ол көптеген ғылымның зерттеу көзі: философия, әлеуметтану, лингвистика, этнография, психология, педагогика т.б. Философияда қарым-қатынас «Специфический для субъектов способ взаимных отношений способ бытия человека во взаимосвязях с другими людьми» яғни қатынас жалпы өмірлік іс-әрекет деген түсінік [1, 122 б.]. Оның әлеуметтік мәні мәдениет және қоғамдық тәжірибенің негізгі тасмалдаушысы болуында жатыр. Әлеуметтануда қарым-қатынас «особая форма взаимодействия и межличностных отношений людей».

«Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру» курсы қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, оның лингвистикалық және мәдени қасиеттерін тануды көздейді. Филолог студенттердің бірінші курстан бастап сөйлеудің барлық түрлерін меңгеріп, филолог мамандығына даярлығын күшейтеді. Тіл мәдениетіне қатысты түрлі жаттығуларды орындай отырып, ғылыми әдебиеттер мен анықтағыштарды пайдалана білу жолдарын үйренеді, топ алдына шығып сөйлеуге дағдыланады.

Бағдарламада оқытушының кәсіби сөз мәдениетін қалыптастыру және жетілдіру тәсілдері қарастырылады. Бірінші бөлімде мәтіндер мен ауызекі сөйлеуде кездесетін төл дыбыстарды жете меңгеру; сөздерді дұрыс айту үшін лингвистикалық әдебиеттермен жұмыс істеу сөз болады.

Лингвистикалық дәстүр сөйлеудің қызметін, мағыналық түрлерін үшке бөліп қарастырады: баяндау, хабарлау, талдау.

Баяндау «характеристику предметов, явлений в статическом состоянии, осуществляемую путем перечисления их индивидуальных или видовых качеств, количественных признаков, структурных или функциональных особенностей, создающих цельное представление об этих предметах или явлениях» [2, 102 б.]. Баяндауды құрудың логикалы композициялық принципі жалпыдан жалқыға не жалқыдан жалпыға қарай бағытталу.

Хабарлау – көбіне шағын немесе жинақталған хронологиялық бірізділікпен баяндау үрдісі. Мұнда деректерді баяндаушылардың жеке көзқарасынсыз беру. Талдау логикалық нәтиже жасау формалары арқылы жаңа білім мен мәлімет алу тәсілі. Талдау үш компоненттен тұрады: тезис, аргументация, нәтиже.

В.И. Свинцовтың сөйлеу типтерін жіктеуі қызық. «Логические связи между отдельными частями текстовой конструкции, рассматриваемые как простые или сложные высказывания» [1, 177 б.]. Монолог материалды түсіндіруде жиі қолданылады. Түрлі қарым-қатынас аймағы мен түрлі сөйлеу формаларының арасындағы айырмашылық мәнері сөйлеуші деңгейінен көрінеді. Диалог – тіл ұстартудың белсенді түрлерінің бірі. Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру үшін диалог жүргізудің маңызы туралы айта кеткен жөн.

Диалогтық қарым-қатынастың бір түрі – тақырыптық әңгіме. Тақырыптық әңгіменің проблемалық пәні белгілі бір тақырыптан тұрады. Көбіне бір тақырып төңірегінде сөз болады, сол арқылы диалог тақырыптық әңгімеден ерекшеленеді. «Диалог – это форма общения, в которой находит выяснение неизвестный говорящему элемент темы» [1, 42 б.].

Тақырыптық әңгіме бірнеше диалогтық бірліктен тұрады. Тақырыпты ашудан диалогтық бірліктердің орналасуы анықталады. Әңгімеге екі не одан да көп адам қатынасады. Ол ғылыми тілде полилог деп аталады. Эллипсис, қайталау, сұраулы сөйлемдер монолог элементтеріне жатады. Филолог студенттердің бойында өз сөзін биязылықпен жеткізу, өзгенің сөзін қабылдауда шыдамдылық болғаны жақсы.

Оқытушының сөз мәдениетіне тән қасиеттері сұраулы сөйлемдерді кең көлемде қолдану, студентке өз ойын жеткізуге мүмкіндік береді. Диалог арқылы сөйлеу дегеніміз – филолог студенттердің сөйлеуі кезінде тыңдаушы оны қалай қабылдауы мен түсінуін көрсететін мәлімет.

Оқытушы басқарушылық қызметі арқылы студенттердің әрекетін ұйымдастырады. Ол үшін оқытушы шындық жағдайды идеалды жағдаймен салыстырады. Бұл оқытушы білімінің шындық іс-әрекетті талдай білу әдісі мен оны тәжірибеде қолдана білуін қажет етеді. Оқытушының кәсіби сөз мәдениетін қалыптастыру механизімін ұтымды іске асыру үшін студенттерді психология-лингвистикалық тұрғыдан тану, олардың кәсіби бағыты мен икемділігін арттыру, тақырыптың мақсат, міндеттерін анықтау, филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру техникасын білу өте қажет талаптардың бірі.

Қорыта айтқанда, филолог студенттердің тілдік тұлғасының көрсеткіштері жеке адам құндылықтарын (іс-әрекет, шығармашық) мойындау, сөз мәдениетінің қажеттіліктен туындауы, рухани баюға талпыну, шебер сөйлеудің мәнін түсіну, сөздердің лексикалық байлығын пайдалану болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Скворцов Л.Н. Норма. Литературный язык. Культура речи //Актуальные проблемы культуры речи. - М., 1970. - С. 81
2. Игісінова А.А. Мектеп оқушыларының сөз мәдениеті: филология ғылым. докт. ... диссер. автореф. - Алматы, 1999. - 30 б.
3. Виноградов В.В. Саясаттың тарихы туралы. - М., 1996. - 265 с.
4. Жинкин Н.И. Интонация речи в связи с общими проблемами экспрессии: дисс. ... канд. псих. наук. - М.: Инс. психологии, 1947. -458 с.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 1986. - Т. 10. - 512 б.
6. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. - Алматы: Ғылым, 1976. - 199 б.
7. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. - Алматы: Мектеп, 1983. - 232 б.

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СИМВОЛИЗМ ТАБИҒАТЫ

Қ. Арзенов

Ғылыми жетекші: профессор Қобланов Ж.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Символизм – теориялық тұрғыдан терең зерттеуді қажет ететін әдебиет тарихының ең үлкен салалық бағытының бірі. ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы символизм мәселесі – қазақ әдебиетінің тарихында әлі терең зерттелмеген тың тақырып. Қазақ әдебиетінің тарихи дамуында, өмір шындығын көркем бейнелеу жолында ХХ ғасырдағы әдебиеттің маңызды болғаны баршамызға аян. Аталған кезең шын мәніндегі ізденістер кезеңі болды. Бұл қазақ әдебиеті тарихында сан алуан идеялық-эстетикалық арналар қалыптаса бастаған, соған орай әр түрлі әдеби бағыттар мен ағымдар көрінген күрделі кезең.

Мақалада қазақ поэзиясындағы символизмнің өзіндік сипаттары, ерекшеліктері, талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

**Түйінді сөздер:** символизм, лирика, өлең, эпикалық жанр, арнау өлең.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті жайлы көптеген еңбектер жазылды. Б.Кенжебаев, С.Қирабаев, М.Базарбаев, Ш.Елеуқенов, Р.Нұрғали, Т.Кәкішев, Ә.Дербісалин, З.Бисенғалиев, Б.Майтанов, тағы басқа осы кезең әдебиеті туралы арнайы ғылыми-зерттеулері бар. «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті» атты еңбекте:

«ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті жаңа басталған күрделі кезеңнің көркем сөзбен жасалған жайын ұқтыратын шежіре сыпаттас» [1,20] - деп бағаланды. Бұл кезеңдегі әдебиет тұлғалы есімдерге толы болды.

ХХ ғасыр басындағы қоғамдағы түрлі өзгерістер әдебиетке тың сарын, жаңа тақырып әкелді. Осы кезеңдегі қазақ поэзиясы - қайшылығы мол күрделі жылдар поэзиясы. Қазақ поэзиясы әркілі шығармашылық тағдырды бастан кешірді. Әдебиет тарихының аталмыш кезеңіндегі тұлғаларға әр түрлі дәрежедегі саяси айыптаулар тағылды. Әдебиетіміздің дамуына үлкен үлес қосқан Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды қаламгерлер осы кезең әдебиетінде айырықша із қалдырды. Олар ғасыр басындағы шытырман оқиғалардың бәріне куә болды.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ әдебиетінің тарихында романтикалық бейнелеу тәсілі ондаған қаламгерлер шығармашылығынан орын алған болатын. Мәселен, романтикалық шығармаларында өлеңнің түрі саласында бірқатар ізденістер жасаған Мағжан сынды ақынның бұл бағыттағы суреткерлік тәжірибелері символизм тұсында кеңейді. Өзіндік өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін қалдырған ақындар Мағжан Жұмабаев пен Бернияз Күлеев қазақ поэзиясына жаңа бағыт беріп, оған жаңа серпін әкелді. Түр, поэтикалық пішін сонылығы тұрғысынан келгенде аталған ақындар өлеңдерінің өзегінде қазақ тілінің мол мүмкіншіліктері өркендетіле дамытылды. Өлеңді дыбыстық жағынан үйлестіру - қазақ поэзиясына Мағжан әкелген жаңалық. Қаламгер ақындығы жөнінде алғаш құнды пікір айтып, үлкен баға берген кемеңгер тұлғаларымыздың бірі Жүсіпбек Аймауытов: «Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды» [2, 428]- деп жазған еді. Ж.Аймауытовтың бұл пікірі жоғарыда айтылған сөзімізге дәлел болмақ. Символизм арқасында қазақ өлеңінің бұған дейін ашылмаған қырлары ашылды. Символизм ойды бейне арқылы жеткізудің жаңа тәсілдерін алға тартты. Атап айтқанда, поэзия мен



музыканы жақындастырды. Екі ақынның көркемдік түр саласындағы жеміс ізденістері - арнайы әңгіменің арқауы.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы аз жазылған жоқ, белгілі әдебиет зерттеушілері Б.Кенжебаев, С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Б.Майтановтың осы кезең әдебиеті туралы арнайы еңбектері де бар. Ұлттық әдебиет тарихындағы өркендеу дәуірі осы екені баса айтылып, «алтын ғасыр» деген жоғары баға берілген еді. Белгілі себептермен айтылмай, жарияланбай келген ақтандақ беттері әлі де жарық көруде.

Қай заманда да, қай қоғамда да қаламгердің өзіндік қотанбасын, өнердегі өзіндік бағытын айқындау – қандай ағымда немесе қандай көркемдік әдіс тұрғысынан қалам тербегендігімен тікелей байланысып жатады. Әлемдік әдебиетте қалыптасқан жүйеге назар аударатын болсақ, әрбір әдеби ағымның, көркемдік әдістің туу, қалыптасу тарихы бар. Мәселеге осы қырынан келгенде, біз әңгіме еткелі отырған Мағжан символизмінің түп-тамырын танып-білудің маңызы зор. Дегенмен, Мағжан ақын ден қойған ағымның Европада пайда болып, Ресей арқылы қазақ топырағына қанат жайғандығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Осынау ағымның қыр-сырына терең үңілген әдебиеттанушы ғалым, академик З.Қабдолов: «Олар оқырман көңілін оңай босататын иен дала, иесіз жұрт, жас қабір, құлаған қыстау... секілді көріністерді суреттеуге, әіресе, құштар болатын»[3,345] – деп жазады. Ал, Мағжан поэзиясын жан-жақты зерттеген ғалым Ш.Елеуқенов былай дейді: «Өткен ғасырдың аяқ шенінде дүние жүзі және орыс әдебиетінде декаденттік ағым күшейді. Оның көрнекті өкілдері – Батыста Стефан малларме, Эмиль Верхари, Морис Метерлинк, Ресейде Константин Бальмонт, Димитрий .Мережковский, Федор Соллогуб, жас Александр Блок өз туындыларындағы жаңалыққа символизм атын қойды. Символистер ақиқат ауылын реальды дүниеден іздеу адасқандық деп жар салды. Олардың пікірінше, көркем шығарма шындықтың құпия сырын ашуға тиісті. Нәзік, қас-қағымда жалт етіп өте шығатын сезімдерді қағып алып, сөз кестесіне түсіре алсаң, біліктің ар жақ бетіндегі бейтаныс тылсым дүниеден хабар алуың: эне, нағыз шындағың сонда, - дейді. Тағы бір шарты – жаңа сезімнің символын таба білу» [4,199].

Міне, Мағжан осы ақындарға еліктеді. Бірақ оның еліктеуі жалаң емес, жалпы символдық поэзия өнері атаулыға тән қасиеттерін ала отыра, оны ұлттық эстетикалық бейнелеу жүйесіндегі таза сипаттармен тығыз байланысты ра ұстайды. Сөйтіп екі арнаның асыл қасиеттерін өз өлеңдерінің табиғатына терең үйлестіріп, өзіндік өрнегін таба білді. Мағжан поэзиясының сыршылдығы мен сырлы әуезінің бар құпиясы осында жатыр.

Европа ақындарының бейнешілдік ағым-әдісінің ішкі әлемінде, сыртқы түрін де, тез қабылдап, өзінің бағытын айқындайтын мектеп ретінде таныған ақын туған халқының тағдырымен ұштасып жатқан терең толғанысты, мұңлы сарындағы өлеңдерді көптеп жазды. Көп ретте ақынның өмірден түңілуі ретінде қабылданған бұл өлеңдер шындығында ұлтының басына түскен сергелдең кезеңдердің ақын жүрегінде шемен болып қатып, поэзия арқылы зарлы саз болып төгілуі еді. Ақынның символисттік ағымды таңдауына өскен ортасы мен алған білімінің әсері де аз болмаса керек.

Қоғамдағы сан алуан саяси, әлеуметтік өзгерістер, әдебиетке жаңа идеялар, тың тақырыптар әкелді, яғни жаңаша мазмұн дарытты. XX ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі сан қилы өзгеріс-төңкерістер әдебиетке, оның ішінде поэзияға да әсерін тигізді. Мағжан Жұмабаевтың құрған «Алқа» ұйымының «Табалдырық» платформасына зер салсақ, сол кездегі әдеби жағдайдан хабар береді: «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол. Қазақ әдебиетін осынау мың жолдың торабына әкеліп аңыртып тұрған – тұрмыс, қазақ тұрмысы орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Еуропа тұрмысымен соқтығуы, қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінің екпініне, орыс әдебиеті арқылы әдебиетінің екпініне кез келуі «таспен жапалақты ұрсаң да, жапалақпен тасты ұрсаң да жапалақ өледінің кері». Әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, қазақ әдебиеті өлмек. Бірақ, бізге молда болатын

әдебиетінің өзі бір молда емес, мың молда. Алыстағы Еуропаны қоя-қоялық, көршіміз орыс әдебиетін алайық. Оның да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күн дәуірін алайық. Осы күнде пролетариат төңкерісі дәуірінде, кеңес үкіметінің өзінде орыс әдебиетінің мың бағыты бар. Бәрінің жалауы - қызыл, ұраны - төңкеріс, алды - ортақшылық. Алайда, искусство, һәм оның бір саласы әдебиет туралы түрлі бағыттың ұғымы бар. «Искусство бар, ән болмақ» деген бағыттан бастап, «искусство жоқ, ән болмақ емес. Бұрын болсадағы бұдан былай болмақ емес» деген бағытқа дейін бар» [5,56] деп Мағжан өз заманындағы әдебиетке бағасын берген еді. Ал осындай аласапыран кезеңдегі өнер адамының, қалам иесінің ұстанар бағыты, атқарар міндеті қандай болуы керектігі туралы да ақын нақты айқындап береді.

«Оның үстіне біз дүние астан-кестен болған заман адамымыз. Жұмыр жердің бетінде шірік қауды өртеп, өрттен шығару үшін қылыш, найзаны қолдан түсірмей майданда жүрген әскердейміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс ісі осыны тілейді. Бірақ майдандағы әскердің әрбір тобының, әрбір тобының да өз міндеті бар.

Қазақтың жазушылары да осы әскердің кішкентай бір қанаты. Үркердей бір тобы. Олардың мойнында жалпы әскерлік міндеттен басқа бес міндет бар. Жазушылықтың, ақындықтың өз міндеті бар. Жазушыларымыз әскерлік міндетті біліп, ақындық міндетін білмесе, атқара алмаса-ақын емес... Әсіресе, ақындық міндетін біле алмай жалпы айғайдың екпінімен кетіп қалуы мүмкін. Әдебиетті айғай ғана деп біліп, ақындықты үгіт-насихат деп ұғуы мүмкін. Мысалы, әдебиет діншілдік бәуіл немесе дінсіздік» жай бәуіл деп ұғуы мүмкін. Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының біріне, тұрақсыз бір тарауына, не «барса келмесіне», не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуге мүмкін. Осы мүмкіндіктердің шет пұшпағын көріп әдебиет қазынаның бір пұшпағына жармасып жүрген бір тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуды борышымыз деп білдік» [6,57] - деген ақын сөздері қазіргі айтылып жүрген ХХ ғасыр басындағы ағым үрдістерден хабар береді.

Ғасырлар қойнауынан тартқан бай тарихы, алуан стильдік тармағы бар әдебиеттің даму жолына тыңнан соқпақ қосу-кез-келген дарынды деген қаламгердің қолынан келмейді. Ақын-жазушының баршасы бірдей дарынды бола бермейтіні секілді, сөз өнеріне айтарлықтай соны сүрлеу қоса алмасы аян.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде жазба әдебиет дәстүрі жоғары көркемдік деңгейге көтерілген кез. Осы кезеңдегі қазақ поэзиясында ұлттық сипаттағы таза символ мысалдары көрініп, символизмге бой ұру байқалды. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркем символдарды зерттеу барысындағы ізденістердің бастауы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» табылады. А.Байтұрсыновтың терминологиясына жүгінсек, символды бернелеу деп атағанына куә боламыз.

«Қазақтың бернемен сөйледі деуінің өзі иә, пердемен жасырып сөйледі, иә, бернемен суреттеп сөйледі дегеннен шыққан боларға керек. Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуының ықтималы мол, өйткені бернемен сөйледі деп қазақтар сөздің өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенді айтады. Бернелеу - сол мағынасы жасырын сөздің өзі. Бернелеу біткеннің бәрінің лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады. Бернелеу өте ұзақ болса, айтушы баяндап береді, ия болмаса ұшығын көрсетіп қояды. Қырық мысалдағы мысалдардың көбінде-ақ бернелеудің астыртын мағынасының баяндауы, шешуі бар» [3,349].

Ал, З.Қабдолов символды «астарлау» деп беріп, «бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру» [3,219]- дейді.

Символизм ең алғаш қазақ әдебиетінің классиктері Мағжан Жұмабаев пен Бернияз Күлеевтің мұраларында көрініс тапты. Осы орайда Б.Майтановтың «Мағжан Жұмабаевтың басқа қаламдастарынан ерекшелігі- ақындық, азаматтық болмысындағы қиялшыл, асқақ, түпсіз мұңға толы жаратылыс – бітімінде, өлең сөзінің келісті

саздылығы мен әсем айшығында»[7,18]-деген пікірі еріксіз ойға оралады. Қазақ поэзиясындағы жаңа өрнегімен көзге түскен Мағжан өлеңдері терең ой мен сұлу суретке толы. Башқұрт халық ақыны Сәйфи Құдаш айтқандай, «оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуезді жыры бар» [8, 295].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. -Алматы: Ғылым, 1997. - 485 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1989. – 312 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 328 б.
4. Елеукенов Ш. Мағжан. –Алматы: Санат, 1995, -384 б.
5. Қамзабекұлы Д. «Алқа» айқындамасы. Алматы: Руханият, 1997. – 218 б.
6. Байтұрсынов А. Ақ жол. -Алматы: Ана тілі, 1991. – 364 б.
7. Майтанов Б. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы. -Алматы: Қазақ университеті, 2001. -181 б.
8. Бес арыс. Естеліктер, әсерлер және зерттеу мақалалар (Құраст. Әшімханов Д.). -Алматы: Жалын, 1992. -291 б.

## ПОЭЗИЯДАҒЫ ЛИРИКА ЖАНРЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

Шораева Ақмарал

Ғылыми жетекші: профессор Қобланов Ж.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Көркем сөз өнеріндегі лирика дегеніміз ақынның ішкі құпия сезім қалтарыстарына, нәзік ой тұңғыығына жетелейтін ерекше жанр. Осы жанрдағы туындылар әр ақынның дүниені танудағы, сезінудегі өзіндік ерекшеліктерін айшықтап, жеке шығармашылық тұлғаның дара болмысын ғана танытумен шектелмейді. Сонымен қоса, олар тұтастай әдеби даму үрдісіндегі лириканың жанрлық құбылу, өсу, өркендеу, құлдырау жолын дәуірлік сипатта анықтауға мүмкіндік береді.

Мақалада қазақ поэзиясындағы лирика жанрының өзіндік сипаттары, ерекшеліктері, талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

**Түйінді сөздер:** эпос, лирика, сатиралық өлең, эпикалық жанр, арнау өлең.

Әдебиеттегі үш жанр – эпос, лирика, драма. Әр жанрдың, әрине, өзіндік ішкі болмысы, өзгеге ұқсамайтын табиғаты, жеке тынысы бар. Мәселен, эпос неғұрлым кең құлашты оқиға желісін баяндауға негізделіп, соған сәйкес көркемдік жүйе құратын болса, драма қою тартысқа, сахнадағы шешуші іс-әрекеттерге арқа сүйейді. Ал лирика жанрының өз алдына ерекшеліктері бар. «Лирика – адамның дүниетанымы мен көзқарасын, ішкі сезімі, сүйініш-күйінішімен ұштастыра жырлау және ешкімге ұқсамау», – дейді Қ. Жұмалиев [1,67]. Ғалым сөзіне тереңірек зер салсақ, лирика дегеніміз – ішкі эмоционалдық-экспрессивтік көңіл-күй әуенін ашуға деген ақынның ұмтылысы және өз сезімін өзгені қайталамайтындай айрықша соны құбылыс ретінде жеткізуі. Мұндай ерекше сезімді түрлі жағдайлар тудыру мүмкін. Қандай жағдаятта болмасын, ақынның өзіндік көзқарас білдіруі, өмір құбылыстарын өзінше жеке позициядан тұжырымдауы субъективті ой-сезімнен тамыр тартады. Поэзияның өзге түрлерінен лириканы ерекшелейтін осы қасиет екені белгілі.

Жалпы лирикалық туындылар тақырыбына, мазмұнына байланысты бірнеше топқа бөлінеді:

- махаббат лирикасы. Мұнда лирикалық қаһарманның басынан өткен ғашықтық сезім басты өзекке айналады да, өмір, жаратылыс, болмыс жайлы философиялық толғаныстардың өзі осы негізде өрнек табады. Бұл өлеңдер лирикалық қаһарманның тіршілікте кешкен тағдырлық оқиғаларына байланысты бірде қайғылы, бірде шаттық күйді суреттейді;

- табиғат лирикасы дегеніміз – табиғаттағы әр алуан құбылыстарды ақынның жеке дүниетанымы тұрғысынан суреттеуі. Мұнда лирикалық лепті үстейтін фактор табиғаттың әсем көрінісі ғана емес, ақынның оны өз жан дүниесімен астастыра өрнектеуі. Ақын айналадағы ортадан нақты жағдаяттағы өз көңіл-күйіне туыс, жақын көріністі іздейді. Я болмаса, қоршаған ортадағы табиғи құбылыстардың өзі ақын көңілінде ерекше бір сезімді оятып, шабыт сезіміне бөлеуі мүмкін. Қай жағдайда болмасын, басты мәселе лирикалық қаһарман көзімен танылатын әлем келбетінің өзі ғана емес, оны қабылдаушы субъектінің өзіндік зердесі, әлемді сезіну, қабылдау қасиеті болмақ;

- саяси-азаматтық лирикада ақынның негізгі толғаныстары әлеуметтік мәні зор ірі мәселелерді арқау етеді. Мұндағы лирикалық белгі ақынның айтар ойының субъективтивизмге бағытталғандығынан, қоғамдық, саяси құбылыстарға жеке-дара көзқарас танытуынан байқалады. Лириканың бұл түрі қазақ поэзиясында кеңінен дамыған;

- философиялық лирика ақынның өмір, тіршілік, әлем жайлы кесек ойларын қамтып, осы тұрғыдағы дара көзқарасын өрнектейді. Философиялық лириканың бір ерекшелігі туындының көркемдігінен гөрі идеялық, мазмұндық жағына баса назар аударылады.

Біз талдау нысанына алатын туындылардың көпшілігі табиғат лирикасына жатады. Олар – *жаз, күз, қыс, теңіз, тау, орман, тоғай* тәрізді әр алуан табиғат құбылыстарын жырлауға арнаған лирикалық өлеңдер. Лирикалық өлеңдердің мазмұны да, оларда байқалатын көңіл-күйлері де, әрине, ақынның өмірге көзқарасымен байланысты болып келеді. Алайда тікелей табиғат суреттемесіне арналмаған лирикалық өлең-жырлардан да ақынның ішкі бір нәзік сезім иірімдерін, ой қозғалыстарын бедерлеуге бағышталған ұлттық дәстүрлі образдарды кездестіруге болады.

Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының, жанрының бірі, басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысды. Оған тартымды қуат-күш дарытатын терең оймен суарылған, нәрленген жалынды сезім, әсерсіз, құрғақ қағида-тұжырымдар оқырманды тебіrentпейді. Өмір, дүние, адам тағдыры туралы үлкен толғаныстан тұмаған, жәй сезімшілдік лириканы жандандыра алмайды. Лирикаға жан беретін сезімнің отты нәзіктігі. Лириканың басқа жанрлардан, айталық, сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, қоғамдық тұрмыс-шиеленісті баяндайтын көлемді, оқиғалы шығармалардан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да – міне осында.

Егер эпикалық жанрдың ең басты ерекшелігі уақиғаны қалай баяндалып, суреттелетініне байланысты болса, лирикалық шығарманың күші, қуаттылығы алдымен адамның көңіл-күйін, өмірдегі жағдай-құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасып жатады. Адамның жан-сезімін, көңіл-күйін тікелей, лирикаға тән ерекше сыршылдықпен айтып жеткізудің ұтымдылығы өмір құбылыстарын, табиғатты айрықша сергектік, сезімталдықпен қабылдаудан, сезім-әсер байлығынан туады.

Лирикалық шығармада негізінен алғанда жеке адамның көңіл-күйі, сезімі суреттеледі. Ақын көбінесе өз жайын, өзінің айналадағы өмірге, әр түрлі құбылыс-жағдайларға көзқарасын сипаттайды. Бірақ ақын өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын, қуаныш сезімін жыр етсе де, ол қалайда халықтың тағдырын, қайғы-мұңын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек мақсаттарын көрсетеді. В.Г. Белинскийдің «Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке басы туралы айтса да, көптің тағдырын, адамзат жайын сөз етеді» деуі тегін айтылмаған.

Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Лирикалық қаһарманның ой-сезімі, тағдыры өз заманының арман-мүддесі, тілек-талаптарымен неғұрлым терең байланысты суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады.

Лирикалық шығарма ақынның ой-сезімін, толғанысын көрсету арқылы жалпы адам баласына, қоғамға тән сипаттарды, заман, дәуір келбетін танытатын қасиет-ерекшеліктерді жақсы аңғартады.

«Лирикалық жанрға ауыз әдебиетіндегі өлеңнің барлық түрлері – еңбек туралы, төрт-түлік туралы өлеңдер, тұрмыс-салт жырлары, нақыл-өсиет жырлар, тағы басқалар, терме, толғау, тақпақ секілді нұсқалар жатады. Жазба әдебиет өркендеген кезде жаңа түрлер – саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл-күй лирикасы, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы қалыптасып, дамиды. Лирикалық шығармалар тақырыбы, құрылысы жағынан да сан-алуан. Кейде, айталық, арнау өлең, сатиралық өлең-жырлар, немесе, хат түріндегі лирикалық шығарманың бөлекше үлгілері ретінде қарастырылады»[2,217].

Сыншы, әдебиеттанушы ғалымдар лирикадағы елгезек сезім мен сыр жайын, олардың тұтастығы мен тұнықтығы, шынайылығы тұрғысынан алғанда, өлеңді қимылсыз кейіпте қарастырмаған жөн деген пікірді қолдайды. Лирикалық өлеңдегі әрбір лексикалық

бірлік лирикалық қаһарманның қас пен көздің арасындай көз ілеспес бір мезеттік жалт етіп жоғалатын сәулелі сырын арқау етеді. Бірақ оның бейне бір суретке басып алғандай үздіксіз үдерістің тек бір ғана көрінісі екенін ұмытпаған абзал. Мұндай құбылысты академик Зейнолла Қабдолов «лирикадағы адамның жан диалектикасы» деп атаған еді.

«Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де, тәрбиелік күші де айрықша үлкен. Себебі бұл арада өлеңді жазған адам, оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның көңіл-күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді. Ақын оқшау образ жасап, оқырманға «содан үйрен, не жирен» дегендей тенденциямен ғана тынбайды, оған тура өз басындағы сезім мен сырды тұтас көшіре салады. Сонда ақын көкірегіндегі сезім – оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сыр – оқырман сыры болады да шыға келеді», - дейді З. Қабдолов [3, 310].

Лирика өзінің табиғатында сезім мен ойдың поэтикалық нәтижесі болып табылады. Көркем туындының тарихы адамның сезімімен үнемі тікелей қарым-қатынаста болады. Сондықтан осы лирикалық жанрды талдап зерттеу саласында осы жайт үнемі ескеріліп отыруға тиіс. Мұны кейде өнердің өзіндік бір табиғи ерекшелігі деп те атайды.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ лирикасының эстетикалық сипаты мәселесі – поэзияны, эстетиканы зерттеушілердің көкейкесті сауалдарының бірі.

Лириканы алдымен, өнер туындысы сапасында зерделейтін болсақ, оның көркемдік, құрылымдық ерекшеліктерін саралаудың бүгінгі әдебиеттану аясында қаншалықты маңызды екенін байқауға болады. Себебі өнерде қол жеткізілген жетістіктер санмен емес, сапамен өлшенеді. Және мұның өзі өзгелер үшін абстрақтылы, тек тар аяда ғана өзекті мәнге ие.

Қазіргі лириканың көркемдік қыры поэтикалық кейіпкер сомдау жағынан кемшін соғады. Белгілі ақын Қадыр Мырзалиев бұл туралы былай дейді: «Ал, егер бүгінгі бірқатар жырларымызда бір жетпесе, өмірдің өзін білу, әсіресе еңбек адамдарының қат-қабат жан дүниесін білу жағын жете меңгермегендіктен, жетіңкіремейді. Кәнеки, өмір есігін енді-енді ғана ашқалы тұрған жасөспірім бозбала жігітке, жаңа-жаңа бой жетіп келе жатқан қарындас – қыздарымызға үлгі-өнеге боларлық қандай әдеби кейіпкерлеріміз бар... Расын айтсақ, ондай поэтикалық көркем персонаждар жоқ» [4,4].

Шындығында, лириканың даму барысы әдебиеттегі ағым-бағыттардың шеңберінде жүзеге асады. Яғни жалпы саяси-қоғамдық аяда орын алған хал-ахуал жеке ақынның лирикасынан да көрініс табады. Себебі, М. Шаханов айтқандай: «Ақын – қоғамдағы көңіл-күй барометрі». Кейінгі кезеңде лирик ақындарымыздың шығармашылығында әсіре жекешілдік сипаттағы көңіл-күй ауанынан шыға алмаушылық, құлазыған сезім-әсер эмоциясына берілушілік байқалады. Мұның өзі соңғы жылдардағы әдеби ағымдардың салдары деп білеміз. Сюрреализм, модернизм, постмодернизм сынды қоғамдағы хал-жағдайды боямасыз, жеткізуге тырысатын ағым-бағыттар көп жағдайда жеке тұлғаның, лирикалық қаһарманның даралануын, күйректікке салынуын өрнектейді. Жалпы жеке адамның ұсақ күйбеңін, болмашы құлазуын күйттеп, соның шеңберінде қалып та басқа ешкімге ұқсамауға болады. Бізге ондай даралық керек емес. Жеке адамның көңіл-күйін даралап, шынайы жеткізе отырып, сол арқылы мындардың сезімін шарпыса, даралай отырып жинақтаса, біз соны қалаған болар едік. Бірақ, жинақтаудың да жинақтауы бар. Лирикалық қаһарманның өзіндік сезім толғанысын ашпай, құр жалпылама кетушілік пен көркем жинақтаудың айырмасы жер мен көктей.

Бұл мәселе жөнінде Зәки Ахметов мынадай дұрыс пікір айтқан: «Поэзияда қорытындылап жинақтау мен даралау, ортақ сипаттар мен жекелік сипаттар ұштасып, ұласып жатады. Осы екі жағы тұтасып бірігіп келгенде ғана көркем образ, көркем бейне туып, өмірдің көркем суреті жасалады» [5,8].

Қашанда көркем образ бен поэтикалық тілдің түп қазығы – идея. Мазмұннан түрді бөліп қарауға болмайтыны сияқты жазушы, ақын шығармашылығын зерттеу үстінде оның идеялық-тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерін ғана қарастырып қоймай, көркем тіліндегі табыстары мен жетістіктеріне де тоқталу шарт.

Көркем шығарманың бейнелеу тілінде толып жатқан нақыш өрнектері болады. Мұны біз көркемдік құралдар деп атаймыз. Қалай болғанда да әдебиет өзінің ең негізгі мұратына – өмірді көркем бейнелеп көрсетуге осы құралдар арқылы жетері анық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969.
2. Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі – Алматы: Ана тілі, 1998.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
4. Мәшһүр-Жүсіпов К. Өлең-сөздің патшасы. – Алматы: Жазушы, 1991.
5. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973.

## Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨНЕР АДАМДАРЫ

**Б.А. Каримсакова**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау», «Күй» повестері қарастырылады. «Күй» повесін автор Абыл күйші аруағына ескерткіш дейді. Шығарманың негізгі идеясы – бейбітшілік пен адамгершілік үшін күрес. Әбіш оны күй өнерінің құдіретімен шеше білген.

«Шыңырау» повесі арқылы Еңсептің бойындағы туған елге, Отанға деген сүйіспеншілігін тереңінен насихаттау. Повестің мазмұны мен идеясын дәріштеу. «Шыңырау» повесі арқылы қазақ жастарының рух жігерін оятып, туған жерге, Отанға, табиғатқа, Жер Анаға деген махаббатын, сүйіспеншілігін жандандыру мақсаты көзделеді.

**Түйінді сөздер:** ақын, сыншы, прозаик, күй, күйші Абыл, домбыра, құдықшы Еңсеп, кейіпкер, қазақ әдебиеті, повесть.

Ә.Кекілбаевты біздің қазақ оқырманы, қазақ қоғамы ең алдымен ақын, жазушы ретінде таныды. Кекілбаев толғанса – роман, көсілсе көсемсөз туады деп айтушылар да көп. Туындыларының көрінісі көркемдігімен, кейіпкер бейнелері шежірелі шешендігімен, оқиғасы тарихи деректілігімен қатар өріліп, астарлы сөз, ой дариясының тұңғығына шомылдырады.

Прозалық шығармаларында «Шыңырау», «Күйші» повестерінде өнер иірімінің өресі мықты екені байқатады.

Ә.Кекілбаев 1971 жылы «Шыңырау» повесін жариялады. Бұл шығарманың атына заты сай, адам жанының тұңғығына терең үңілетін, оқырманға өмірдің қатал шындығын тағы да еске салатын аса бір ойлы туынды екені даусыз.

Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» атты шығармасында да құдықшы Еңсеп арқылы рухы биік, тілек-ниеті таза адам болмысын танимыз. Бар өмірін қыр қазағы үшін қат нәрсе - құдық қазу өнеріне арнаған Еңсеп бейнесі жүрекке жақын, оқырманына жылы ұшырайтын бейне.

Қаламгер бұл повесінде сирек кездесетін ауыр кәсіптің адамдары – құдықшылар әулетінің тағдырларын алға тартады... Бұл ауылдан шыққан Дәріжан құдықшының да өмірі осы құдық қазумен өтіп еді... Осы шығармасының өзі де жолды суреттеумен басталады. Кейіпкердің бар өмірі жол үстінде, нәпақасын табу мақсатында алыс шалғай жерлерге жол жүріп, елдерге құдық қазумен байланысты екенін көрсетіп кетеді.

«Құдықшының қырантопан қызыққа белшеден батқан берекелі өмірі жоқ. Түксиген сыз қабырғалар мен су қиыршық топырақтан басқа, екі иінінен аждаһадай айқара басқан көрқараңғыдан басқа көргені де шамалы. Біраз оның осы қара көр қуыс пен бір шөкім сұрқай өмірінен бөгде ойлайтын да ештеңесі жоқ еді» [1,12].

Дегенмен Еңсеп өз еңбегінің ертеңгі ұрпақтың кәдесіне жарарына, өзі қазған құдықтан су ішкен жамағаттың мейірі қанып рахаттанатынын іштей көз алдына елестетін Еңсеп еңбегінің елі үшін еш болмайтынына сенеді. Ол үшін осыдан асқан рахат, бұдан асқан бақыт жоқ. Мал үшін өлермен тіршілік кешкен көшпелі жұрттың ертең-ақ Еңсепті ең жақын кісісіне балап, қазған құдықтарын «Еңсеп қазған», «Еңсеп құдығы» деп атарына да шүбә келтірмейді. Жастайынан жетім көкірек болып өскен Еңсеп еңсесін көтеріп азамат болғанда осы кәсібімен елге қол ұшын беруді ойлаған.

«Автор образы оның сюжеттік – фабулалық, композициялық деңгейлердегі эмоционалдық көрініс беру сәттері оның әр алуан текст қабаттарын мағыналық реңктермен безендіруі және әңгімеші кейіпкер әлеміне ұтымды көше білу нәтижесінде қалыптасады. Әңгімеші –



кейіпкер атынан сөйлегенде жазушы өз көзқарасынан айни соқпайды да, бейтарап қалыпта болғанды персоналдарды субъективтендіру арқылы әдеттегі белгілі объективтілік тұрғысынан көтеріледі» [2,87], - профессор Б.Майтанов.

Жазушы да өз кейіпкерінің өткен өміріне үнілдіре отырып, оқырманын да «асылы, адам көңілі өмірдің көп өткіншісі шұбырып жататын айдау қара жолының үстіндегі қайыршының кетік тостағаны сияқты; өткіншілердің біреуі у тамызады, біреуі бал тамызады; өңшең у болса, әлдеқашан жер қабар едің, аз да болса, анда-санда бір тамса да, жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп, таңдайыңды татытып кететін балы бар ғой тағы да. Адамның есінен қанша таңғанымен, есірік дәмеден қол үзбей, ылғи әлденеге тырмысып, арам тер боп жүретіні де сондықтан шығар» деп ойға шомдырады, тіршілік тағылымына түйін жасайды.

Еңсеп тағдыры - қайғылы. Ол өзі қазған шыңыраудың «Еңсеп қазған» емес «Еңсеп өлген» аталарын сезбеді. Десе де, суреткер пайымында Еңсеп қайта тіріліп, қайта құдық қазатындай әсер қалдырады. Бұл түсінікті де. Жазушының өз сөзімен айтқанда: «Еңсептің де жастық дәурені – алыс жолда ай батқанша жүріп-жүріп кеп, тек таң алдында ғана бел шешпей сұлай кетіп, көз шырымын алған суыт жүргіншінің таң ұйқысындай тым тәтті, тым қысқа болды» [1, 15].

Еңсеп сол қиыншылықтарға мойымай, аянбай еңбек етіп, артында өшпестей мұра қалды. Ол қазған құдық киелі құдық, және солай болып қала бермек.

Еңсептей рухы биік, жаны таза, ниеті түзу, кісілігі мол азамат қоғамның қымбат қазынасы.

Сондай-ақ күй өнерінің, күйші өнерінің өнегесін, ғибратын, өмірлік маңызы мен мәнін танытуда Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесінің орны бөлек. Шығармада ерекше дараланып көрінетін шындық құбылыстардың қатары күйшінің күйшілік өнері арнасында суреттеледі.

«Күй» повесінде негізінен жеті жұртты ел қылған, «жеті жұртты жер қаптырған» Маңғыстаудың атадан балаға кететін талай өшпенділік оқиғасы сөз болады. Қазақ пен түрікпенге татулық жетпей, иен далаға таласқан кер заманның бейнесін көресің.

Қазақ күйшісінің түрікпендердің қолына тұтқын болып түсуі, одан өрбіген оқиғалар желісі, тұтқын болған күйшінің күйінен төгілген күйдің құдіреті, өмір шындығына негізделген оқиғалар өзегі арқылы терең ашылады.

Повесте геодезиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жатқан топпен бірге болған Құрбан қарттың сол жердің тасын да, құмын да тіпті, керек десеңіз қабірдің де тарихын жетік білетін қария ретінде танылады. Жасы жетпістен асса да, қимылы ширақ, сөз жүйелі, терең, оның үстіне асқан күйші.

Повестің басты оқиға желісі осы Құрбан қарттың дутарда ойнаған күйінің сарынында жатқан тарихқа негізделген. Күй сарынынан қазақ пен түрікпен батырларының арасындағы тартыс пен талас байқалады. «Бәрін де көріп, бәрінен де торығып, бәрінен де сырт айналып, іргеге қарап бүк түсіп жатып алған кәрі дананың үй ішінде өзінен басқа адам қалмаған бір сәтте көкірегін кеулеп, жүрегін сыздатқан мұң-наланы бір лықсытып оңаша күрсінгендей, өткен мен кеткенді, дәл қазір қасында кәрі жүрегін тілімдеп жатқан пәтуасыз көп күйбеңді, не күлдіретіні белгісіз, ен бүлдіретіні белгісіз беймәлім ертенді ойлап күрсінгеніндей, ыңылы баяу, лебі ыстық күй сазы шымыр-шымыр өніп, бірте-бірте ширығып барады. Күй көкірегі өрепкіген сайын түрі жоқ, тілі жоқ мынау мақау дала бетінде әдемі әшекейі болмаған соң ешкім көзіне ілмей, оқып та көрмей, бір шетке ысыра салған көнетоз сұңғыла кітап сияқтана түсті. Сиқыр күй мелшиіп жатқан меңіреу даладан таң атқалы бұның қиялын әр саққа сабылтып жүрген көмескі елестерді қайта тірілтті» [1,56].

Күйді тербеле тыңдаған барлау экспедициясының маманы Сырымның көз алдына иен далада арпалысып, көк сүңгісін көтеріп, жер түбінен айбат шегіп келе жатқан қалың қол елесі көрініс бергендей болады.

Бірі түрікмен, бірі қазақ екі батырдың өзара егесіп, бірінің аулына бірінің шабуыл жасауы, ашық далада бетпе-бет кездесуі, кездесудің жекпе-жек шайқасқа ұласуы,

шайқаста қазақ батыры Дүйімқараның түрікмен Көкбөрі батырды жеңіп, тірідей көрге көміп кетугі – ыза мен кекті жандандыра түседі.

Бұл оқиға көрші отырған екі ауылдың арасын өршіте түседі. Қарымта қайтаруға шыққан түрікмен иесі сайлауыт қолға өзінің күйші баласын басшы етіп қосады. Сол жолғы жорықта күйші батыр мерт болады. Осыдан түрікмендердің қайғысы да, кегі де күшейе түседі. Тұтқынға түскен қазақтардың басына түйенің терісін қаптап, естен тандырады, мәңгүрт етеді, тұтқынға түскен ару қыздарды күнге айналдырады. Дегенмен де түрікмендерге орны толмас қаза, жанды жеген жаза көңілдерін баса береді. Баласының өлімі ауыл иесін қатты қайғыға, азаға салып кетті. Өлген ұлдың өтеуіне тұтқынға алынған қазақ жігіті де күйші болып шықты. Өлеріне көзі жеткен күйші айналасына айтарын күймен жеткізгісі келеді. Домбыраның шанағынан күйшінің тұтқында отырып көрген қорлығы, азабы мен мазағы, ащы ызасы мен айыбы, өкініші, күйініші сендей соғылысып шығуда.

Күйшінің көңілі де, домбыраның сазы да қырық құбылып құйқылжиды. Ақырында көңіл де, күйде бір арнаға түсті. «Күй тынды. Күйші домбырасын сылқ еткізіп тізесіне тастай берді. Тәкаппар батыр көзінен ыршып кеткен түйдек жасты сұртуге арланды. Екі айғыз жас мұртының шалғайына ілігіп, одан тамшылап сақалына құйылды. Қаршығадай шүйліккен күйші де еңсесін түсірген жоқ. Маңдайына шып-шып шыққан терін сұртпеді» [1,58].

Жазушы күй сазының мазмұны арқылы ашылатын өмір туралы, өмірдің мәні туралы ұсынып отырған ойына үлкен тереңдік, теңдессіз жасампаз күш сыйғызады. Бұған дейін өмірдің, жалпы тіршіліктің мәнін күштен, өзгеден айбынын асырудан, мерейінің үстемділігін сол арқылы жүргізуден тауып келген, өзінен кейінгі ұрпағына да осыны ғибрат, өсиет етіп келген, өмірінің саналы кезеңін түгел осы мақсатқа жұмсап келген Жөнейіт күй сарынында айтылған сыр мен мұңнан басқа көзқарасты ұғады.

Күй сазы Жөнейіттің көз алдына өзінің батырлық намысқа шапқан тоңмойындығынан өнер жолын тастап, батырлық жолға түскен, сөйтіп сол жолда мерт болған жалғыз баласының қазасын, сол қазадан көкірегін шаншып, тұмшалап алған азасын, баласымен қатар күй жарыстырып келген күйшінің өз жарлығы бойынша көрге тірідей көмілуінен, жан түршігерлік өлімінен алған әсерінің күй сарынымен тереңдеп, мұның бүкіл жан-дүниесін, жұлын-жүйкесін тұтас баурап, билеп алған бебеулеген наласын санасына терең сіңіреді.

Күй сазы мұның көз алдында тірі елеске, бейнеге айналып, санасын сарылтады, ұйқысын қашырады, еңсесін езеді. Ақыры өмірінің, ісінің таным тұрғысының баянсыз, алдамшы, өткінші дақпыртқа бола құрбандыққа шалғанын кеш ұққан жайына күйінуді күйде ол көз жұмады.

Ә.Кекілбаев өткір оқиғалар негізінде кейіпкер болмысына терең үңіле білді. Ол – адам табиғатының зерттеуші психологы. Мәселен, осы повесте жазушы Жөнейіттің басындағы психологиялық тартысты қорытынды түйін ретінде көрсеткен. Қанша баскесер, әділ, қатал қол басы болғанмен ол да пенде. Оның пендешілігін ашуға бір оқиғаның өзі жетіп жатыр. Қазақтың күйшісін жазалау Жөнейіттің өз басын да жұтады. Оның өнер қуған баласын жорыққа аттандыруы да жалған намыстың көрінісі. Атақты батыр тұқымының жын-ойнақ қуып кеткені оны қатты мазалайды. Алайда ел-ел болып жорыққа аттанып, кек қайыратын шапқыншылық заманның өтіп бара жатқанын ол сезбейді. Күйшіні жазалау да оның дұшпандарына жасаған сес көрсетуі еді. Бұл оны кек қайтару деп түсінеді.

Сөйтіп күйшіні жазалау Жөнейіттің өз басына сор болып жабысады. Жан дүниесіндегі арпалыс оны күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырады. Көзін жұмса, көретіні – бір түс. Ол – күйшіні тірідей көмгенінің өкініші. Жазушы повестің басынан соңына дейін осы түсті қайталайды. Себебі, ол – негізгі шешуші деталь. Түсінде ол қу бастан қашып келе жатып шошып оянады. Төсектен атып тұрып, қос құлағын қолымен баса

есікке қарай қашады. Әлденеге сүрініп, маңдайын есіктің маңдайшасына ұрып алған ол табалдырық үстінде жан тапсырады.

Жазушының қазақ, түрікмен елдерінің әдет-ғұрпын салыстыра суреттеуі де тартымды. Өлікті шығару рәсіміне қатысты екі елдің әдет-ғұрпын бүге-шүгесіне дейін суреттеу – оның өмірді жақсы білетіндігінің көрінісі.

Ә.Кекілбаев «Күй» повесінде екі бауырлас ел түркімен мен қазақ арасындағы қарымқатынасты жазған десек-дағы сол шығарма барысында оның сюжетіне жанама түрде басқа да мәселелерді қосып жібереді. Сол повестегі «мәңгірттер» көрінісі немесе «тұтқын қазақ күйшісінің өнеріне түрікмендердің сүйсінер сәттері», міне, осындай оқиғаларды араға кіргізіп, шебер қиюластырып, сол арқылы белгілі бір көкейде жатқан маңызды проблемаларды, идеяларды беріп отырады.

Ә.Кекілбаев шығармасына тән айта кетер тағы бір жай жалпылықтан көрі нақталай суреттеуге жақындығы бірінші орынға лирикалық кейіпкер шығып, оқиға соның төңірегінде өрбіп жатады. Әсіресе, кейіпкер жан дүниесіндегі лирикалық толғаныстар басым. Қаһармандар монологын суреттеуде жазушы шеберлігі әр қырынан көрінеді. Бірде кейіпкер монологы авторлық баяндауға ұласып жатса, енді бірде авторлық баяндауды монологке ұластырып, жігін білдірмей жібереді. Кей сәттерде оқырман авторлық баяндау мен монологты ажырата алмай қалатын кезеңдері де болады:

«Осы бір ұқсастықты, мәнсіз абыр-сабырды адамдар өздеріне өздері қасақана ойлап шығарғандай. Мынау ұлан-асыр шалқар болмыста әрқайсысы алды алдына шалқайып жүруге жер жетпегендей бір-біріне соқтыға-қақтыға жөңкілетін әне біреу сүрлеулерді, кеңістікті кеңірдегінен алып қылғындыратын жолбарыстай көріп, төрт жағына төрт тас жақтаумен қоршап, қыспаққа алып тұратын әне бір тас табыттарды тауып алыпты, сондай бірінен-бірі аумайтын тас қорапшалар арасында, сұрықсыз сұрқай илеуде біріне-бірі соқтығып, құмырсқаға құжынап жүріп бір-бірімен атақ таластырып әлек болады. Осынау мәнсіз илеу біріне-бірі соқтыққан құмырсқаларын да мәңгірттіп жібергендей. Әйтпесе, мынау ұлан-асыр кеңістікте бет-бетіне ыдырап жүрмес пе еді, сонда олардың әрқайсысын жекежеке қуып жүріп өлтіретін кім бар дейсің? Ал мынандай бажынап жатқан илеуді бір жайпап кетуге қай жау қызықпайды. Өзге илеулерді аямай таптап жүрген атақты билеуші өз илеуін жылдан-жылға құжыната түсуде. Тап осы салып жатқан мұнарасының қажеті қанша... Көлденең көк аттының көзіне түртіп, екі аяқтылардың тағы бір илеуі бар деп жау шақыруға ма... Әлде, мынадай қапас илеуге жуымаңдар, маң түзден айырылмаңдар деп ел үркітерге ме... Неге керек?.. Не үшін керек?.. Оны өзі де білмейді» [3,25].

Мұнда кейіпкер даусымен қатар автордың ойы да қоса баяндалып, үнемі ауысып келіп отырады. Бірін-бірі толықтырады. Жазушы кейіпкер ішкі жан сезімін терең толғап жеткізе біледі. Кекілбаев кейіпкер жан әлеміндегі психологиялық алуан құбылыстарды тап басып, дәл баяндап беруге шебер. Өнердің негізгі мақсаты «адам жаны туралы шындықты жай сөзбен айтып жеткізе алмайтын жүрек құпияларын суреттеу табылады. Өнер микроскоп тәрізді, оның тетігін біліп туралай алған автор ғана адамның ішкі жан дүниесін, айшықтай алады» [4,33], - деп жазады А.Н.Толстой.

Жазушы өнер жолын түрлі деңгейде танытады. Оқиға желісінде білектің күшіне өнердің күші қарсы қойылады, білектің күші жеңе алмаған құдыреттің өнердің күшіне бас иген жайы неше алуан сырға жетелейді. Өнер жолының баяндылығы арқылы билік жолының баянсыздығы, жалғандығы туралы үлкен ой түйінделеді.

Ә. Кекілбаев қазақ әдебиетінде күй мен күйші тақырыбын жаңа шығармашылық биікке көтеріп, жаңа бір белес танытқандай. Жазушы өзінің қай шығармасында болсын кейіпкерінің болмысынан адамшылық сәулесін іздеп, басын жауға да, тасқа да ұрып дегендей титтей тапқанын насихаттауынан мұрат етіп, марапаттауға жанын салады, адам бойынан асыл қасиеттерді аз ба, көп пе таба білсем деп таусылатын қаламгер.

1. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. - Алматы: Жазушы, 1989. - 352 б.
2. Майтанов Б. Зерттеу. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. - 232 б.
3. Қабдолов З. Жебе.Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы: Жазушы, 1977. -199 б.
4. Толстой А.Е. Собрание сочинений. Т. 53. стр. 94.

## ӘНГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ ДӘУІР КЕЙІПКЕРІ

**М. Мұхтарова**

**Ғылыми жетекші: профессор Қобланов Ж.Т.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Әңгіме – көркемдік мүмкіндігі бай жанр. Проза жанрының өз тарихы, даму жолдары бар және оның өмірге келуі, қалыптасуы әр ел әдебиетінде әрқилы. Ұлттық салт-дәстүрдің, ұлттық ойлау жүйесінің (менталитет), ұлттық тұрмыс-тіршіліктің көріну деңгейіне баға беру, соны сараптау, саралау бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі.

Мақалада қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрында ұлттық мінездің бейнеленуі талданып, оның көріну деңгейіне ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

**Түйінді сөздер:** ұлттық характер, образ, әдеби дәстүр, дәуір кейіпкері

Ұлттық мінездің көркем әдебиеттегі көрінісі де көркем шығармамен қабат өріліп, біте қайнасып жатыр. Суреткер образ жасап, характер, ұлттық характер сомдағанда шығармашылық әдіс қолданғанда өзіне дейінгі әдеби дамуға дәстүрге сүйеніп, даралық жолына түседі.

Әдебиет – ұлттық топырақтан нәр алып, көркем өскінге айналған асыл сөз қазынасы. Халық ауыз әдебиетімен бой көтерген. Қазақ әдебиеті де орыс, шетел әдебиетінен бұрын алдымен ұлттық әдеби дәстүр негізінде тамыр жайған. Ал ұлттық әдеби дәстүр дегеніміз басқа халықтардың көркемдік әлемінен айырықшаланатын мазмұн мен пішін.

Ғаббас Тоғжановтың анықтауынша: «ұлт дегеніміз ...тілі бір, жері бір, ғасырлар бойындағы тіршілік күресінен, тұрмыс салтынан, жиі қатынасынан туған мінез-жан сипаты бір жұрттардың қосылуы, бір жұрт болуы» [1,6]. Қаншама қиын-қыстауды басынан өткерген, кері кетсе де болмысын жоғалтпауға тырысқан ұлтымыздың түпкі таным-түсінігі «ұлтты жоғалтпау» идеясынан бастау алғандығын көруге болады. «...Әрбір халықтың өзін өзгеден айрықшалайтын дара мүсінін, дербес мінезі мен мәдениетін танып-түйсінуі ең әуелі этникалық төркін-тамырын бажайлаудан бастау алатыны белгілі» [2,8] екендігін ескерсек, Кеңес өкіметі тұсындағы сөз зергерлері Бейімбеттің, Сәкеннің, Мұқтардың, Ғабиттің сомдап жасаған типтік тұлғалы кейіпкерлерінің ізін басып, заман төріне ентелей ұмтылған, өз арамызда күнделікті иық қағысып, елеусіз ғана ғұмыр кешіп жүрген кейіпкерлер екенін аңғарамыз.

М.Әуезов:«...жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек» [3,234],- деп айтқан пікірінің Мүсірепов әңгімелерінен көріну дәрежесі бағаланды. Суреткердің әдебиеттегі айрықша қолтаңбасы, сол түп қазық арқылы қазақ әңгімесіндегі тартыс пен дәуір кейіпкері айқындалды. Ғ.Мүсірепов, Әуезовше айтқанда «қазақтың негізгі мінездерін айқындайтын тип» кескіндеуді мұрат тұтқан. Әңгіме жан тазалығына бас иген. Әңгіме тартысы осыған құрылған. Кейіпкер ойы арқылы еліміздің кешегісі мен бүгінгі тарихына назар аудартатын астарлылық суреті келісті берілген. Әңгіменің компоненттік құрылысы естелікті әңгімелеушінің баяндауы арқылы байланыстырылған. Бұған: «...жазушыны кейіпкерінің мінез-құлқы ғана емес, мұнымен қоса, сол мінездеменің ішкі қабаты, яғни, түйіні қызықтырады, себебі мінез-құлық нәтижесінде олардың тарих, саясат, қоғамдық ортадағы қарым-қатынасы және т.б қалыптасады және ықпалы басқа әрекеттерден көрінеді» [4,144], - деген пікір дәлел.

Дулат Исабековтың шығармашылық шығармашылық ізденістерінен осы ерекшеліктерді көреміз. Қазақтың мінін жазған Абайдан тақырып пен идеялық бағытты айқындап, ақын дәстүрін өзіне сара жол еткен. Абай адам мінезінен образ жасаған. Ал Дулат Исабеков характерден типтік мінез жасаған. Жазушы Абай жасаған ел мінезінен қоғамның өгей жандарын айырып алып, бөлектеді. Абай бес дұшпанға (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашу) бес асыл істі (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) қарсы қойса, Дулат әлді мен әлсізді шендестіре суреттеп, мінез бен әрекет қақтығысын тудырады.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ұлттық таным, ұлттық рух талап еткен фольклорлық сарын қазақ әдебиетіне жаңа леппен, соны сарынмен қайта оралды.

Жазушы Дулат Исабеков өз әңгімелерінде қазақы ауылдың тұрмыс– тіршілігін бейнелей отырып, отбасы құндылықтарына да мән беріп, үлкен мәселелерге бой ұрады. Оның шығармаларының ерекшелігі де сонда: көңілге сондай жылы тиетін, таза бұлақ суындай мөлдірлік астарынан ұлттық мінезді, психологияны байқай аласыз. «Шалдар» әңгімесіндегі Қарекен қарттың баласы – Ерғабылдың ойда жоқта апыр-топыр үйленуі қарттың көптен діттеп жүрген ойының күл-талқанын шығарады. Ол ойы – көрші ауылда Ерғабылға айттырғалы жүрген, өзі әкесін жақсы танитын сын-сымбаты мен мінез-құлқы келіскен қыз бар еді. Бұрынғы ата–баба ізімен сол қызды баласына «күдай қос көрсе, жекжат боламыз түбі» деп алып бермекші болып жүрген Қарекен мұраты орындалмады. Дегенмен де бұрынғының салтымен Қарекен көрші колхоздағы құдасының үйіне жол тартты. Қазақы салт-дәстүр жолымен құдасы Молдабайдың алдынан өтуі, екі құданың бір-бірімен сыйластығы – бәрі-бәрі сәтті баяндалған. Жазушы қазақы мінез-құлықты, ұлттық психологияны, отбасы ғұрпын шынайы жеткізген.

Ал, жастар бойындағы сезімсіздік, аңғарымсыздық, ата-ана тілегін аяқасты ету бір шаңырақтың шайқалуына алып келді. Отбасының бұзылу себебін ашудағы қарттың мына пікіріне үлкен мазмұн сыйдырылған. «Келіндерінің өз үйлерінен неге кеткенін Қарекен мен Бибінұр ауылдағы кейбір жас жігіттерден есітті. Олардың ажырасу себебін естігенде Қарекен күйіншітен өртеніп, шоқ болып кетті. «Ойбай-ай, ойбай ғана ақымақтар-ай! Не дерсің, не дерсің бұларға енді. Сол инедей нәрсе үшін... Пай-пай-пай, тентектер-ай! Кісіні жерге тірідей көмесіңдер-ау! – деді ол ауыл сыртындағы төбеде отырып. – Бала тәрбиелеу жөніндегі екеуінің пікірі қайшы кепті! О, тоба, бұл не бұл, осындай да жанжал, осындай да талас бола ма екен? Үлкен, ер қабырғасы қайысатын нәрсе болса бір-сәрі-ау» [5, 332].

Ата-баба абыройын, отау құрудың салмағын, ата-ана алдындағы борышты терең сезінген ұл мен қыз қоғам игілігі үшін пікірдің қайшы келуінен шаңырақты шайқалтпайтыны анық. Бұл сол кездегі ұрпақтың басында ұлттық санадан гөрі қоғамдық сананың басым жатқанын аңғартады.

Жазушының «Кемпірлер» атты әңгімесі таза ұлттық болмысқа, қазақы мінезге құрылған. Әдемі өрнектеліп, табиғи өрбіген диалог пен іс-әрекет астарынан ұлттық қасиет пен ұлттық психология мәнмұндалап жатады. Ең бір сүйсінетін жайт – жазушы ауыл кемпірлерінің бір-бірімен әңгімесі арқылы қазақы мінез-құлықты тап басып, шынайы көрсете алған. Немересімен қалған кемпірдің мінезі табиғилығымен, нанымдылығымен көңілден шығады. Автор әңгіменің басынан-ақ кемпірдің тілегі арқылы халқымыздың небір қазақы салт-дәстүрін тамсана суреттейді. Оның шығармаларындағы ізденістің бірқатары – жеңіл тілмен-ақ игілік пен ізгілік, мейірімділік пен бауырмалдық, тәубешілдік, барға қанағат, жоққа нысап сияқты қазақ халқының бойындағы тамаша қасиеттерді оқырман көңіліне жеткізеді. «Үй болып, түгін құрып отырғанымызға шүкір. Балам өліп, келінім кетсе де, жалғызымның көзіндей болып немерем қалды. Ішіме құса болып, өзің тіл тигізген кезім болса, кешіре гөр жаратқан, қуартып, қу басымды қалдырсаң қайтер едім. Немере сүйдіріп, ит асыратқаныңа, оны шәуілдетіп үргізіп қойғаныңа құлдық...» [6,337].

Кейуананың осы ризашылық көңілін қазақ ұлтына тән тәубешілдікпен аузына салады және мұнда ауыл әжелерінің, отбасы болып бір-бірімен араласуы жарасымды

әңгімеленген. Суреткердің арнасынан асқақтамай, қысқа да жинақы жазылған шағын жарында адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдық өзгерістер шынайы беріледі.

М.Айымбетовтің «Қара шаңырақ» атты әңгімесінің де негізгі тақырыбы болып табылатын туған жер, туған үй мәселесін – ежелгі жердің өзгермеуінің, мәңгіліктілігінің, тұрақтылығының символы ретінде келісті өрген. Онда туған жердің тауы мен тасы, өзен суы – бәрі де киелі қасиетке ие. Ол «қара шаңырақты» – адамның кесір күштерден қорғанатын панасы, саясы деген ұғымға жинақтайды.

«Әжемнің маған түсіндіруінше, «қара шаңырақ» аталуымыздың себебі – атам мен екеуінің бізбен бірге тұратындығынан екен. Сәрсет көкем мен Бәтиса жеңешем олардан тиесілі еншісін алып, бөлек үй болып кеткен, яғни өздерінің шаңырағын көтерген»[7,374].

Шығарманы оқып отырғанда үйдің адам өміріндегі маңызы жайлы ежелден келе жатқан таным-түсініктердің, әдет-салттардың сипаты танылады.

Осы орайда жазушының «Шел» әңгімесін айтуға болады. Әңгіме өтпелі кезеңдегі қазақ қоғамының интелегенциясына арналған. Жазушы зиялымыз деп жүрген интелегенттер өмірін, олардың өсу баспалдақтарын кестелі тілмен көркем суреттеген.

Байқасақ, Т.Әбдіковтың «Қонақтар» әңгімесіндегі Ерғабыл қарт, «Ата» әңгімесіндегі Бекең, Айымбетовтың «Қара шаңырақ» әңгімесіндегі Шөмішбай бейнелері ұлттық таным белгілері ретінде көрінеді. Себебі, аталған туындыларда өзінің сөзі мен ісі арқылы өткенді қадірлеп, бүгінгіге баға беретін, болашаққа деген сенімі мен күдігі аралас келетін қарттар бейнесі айқын сомдалған. Адам тіршілігінің бар мәні бүгінгі мен болашағында, артқа қарайлаудың қажеті жоқ деген жалаң ұранның, желбуаз ойдың өткінші екенін біле тұра бала тәрбиесінде қателік жіберіп алған қарттар бейнесі – М.Айымбетовтың «Шел» әңгімесіндегі Тәнттей шалдың бейнесімен мағыналас. Қариялардың қай-қайсысы болмасын жалғыз емес, арттарынан ерген тұяқ бар. Балаларының бәрі де оқып білім алған саналы жандар.

Қарттардың басындағы трагедия – ұлт трагедиясы деуімізге болады. Сапабек, Баған, Есіркеп, Меліс ауыл тәрбиесін көрген, ана тілінде тілі шыққан жастар. Өсе келе қала салтын көреді, қалада білім алып, қызмет істейді. Сөйтіп жүріп, бұл ұрпақтардың ұлттық танымнан күннен күнге жырақтап, алыстап кететіндігі, жалпы, жоғарыда аты аталған көркем туындыларда шебер бейнеленген. Онда авторлар өз кейіпкерлерін үлкен адамгершілік сынына түсіреді. Жайлы пәтер, жоғары қызмет, сұлу жар, ғылыми атақ кез келген адамның армандайтын, қол жеткізгісі келетін мақсаты болып табылады. Ал сол мақсатқа жету жолында кімді, нені құрбан етуіміз мүмкін. Міне, бұл әңгімелерде осы мәселе төңірегінде сөз қозғалады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. -208 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Қабдолов З. Жебе (әдеби толғаныстар). – Алматы: Жазушы, 1977. – 236 б.
4. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 491 б.
5. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.2.- Алматы: Жазушы, 1993. - 496 б.
6. Кекілбаев Ә. Дала балладалары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 206 б.
7. Ысқақ Қ. Қара орман. – Алматы: Жазушы, 2005. – 368 б.

## ТҮРКІ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ «ҚОЖА» СӨЗІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРДЕГІ ЛЕКСИКА СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

**А.Жұмабаева**

**Ғылыми жетекші: оқытушы Спатаева С. Т.**

. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Қазақстан мен Орталық Азияда дүниеге келген шежірелік сипаттағы жазба мұралардың ономастикалық бірліктерінде сақталып қалған көне тарихи ақпараттарды, тілдік бірліктерді анықтап, олардың қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларын зерттелді. Жазбалардағы ономастикалық бірліктерді лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық және олардың шығу тарихы, көне түркі жазбаларымен байланысын сөз ете отырып, қазақ тілінің түркі тілдері арасындағы орнын анықтап, өзімізге қатыстысын жинақтап алу бүгінгі күн талабы. Сондай-ақ, ономастикалық бірліктердің сол кезеңге тән грамматикалық заңдылықтарға сәйкес, яғни түбір сөзден жасалуы мен грамматикалық категориялар арқылы жасалуына назар салынды.

**Түйінді сөздер:** Ономастика, антропоним, этноним, топоним, лексика, семантика, түркі есімдері, қазақ есімдері, шежіре т.б.

Ертеректе жазылған шежірелер – қазақ халқы мен Орта Азия елдері тарихынан құнды мәліметтер беретін негізгі дерек көздерінің бірі. Осы шежірелерде кездесетін ономастикалық белгілер – мол мәдени ақпаратқа ие, өзіндік уәжділігі бар, шығарманың маңызды құрамдас бірлігі.

Шығармалардағы «қожа» сөзі ономастикалық бірліктермен тіркесіп келіп, әр түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, антропонимдермен тіркесіп, сол кезеңде өмір сүрген Орта Азия халықтары, анығырақ айтқанда, мұсылман халықтарында білгілі-бір «атақ, дәреже» ретінде қолданылған. Мәселен, Қожа Рашидаддин Фазлаллах Қожа Баһааддин Накшбанды, Қожа Мұхаммед, Жүсіп Жақып, Қожа Абдоләзиз, Жәми Қожа Абдолла, Қожа Абдолхак, Қожа Салих, Қожа Хасан, Қожа Шариф Қашкари т.б. (Тарихи Рашиди), Қожа Жүсіп, Қожа Камал, Қожа Ұбайдолла, Қожа Құмайын бек, Қожа Ахмед Дарзи, Қожа ағзам т.б. (Бабырнама), Әли Қожа Бұхари, Илияс Қожа, Хәзір Қожа, Токқұл жожа ұғлан, Той жожа ұғлан, Жожа Ғабит, Жожа Мұхаммед, Назар жожа т.б. (Түркі шежіресі) есімдеріндегі «қожа» сөзінің мағынасы ерекше. Мырза Хайдардың «Тарихи Рашидиінен» алынған Қожа Рашидаддин Фазаллах. Қожа Баһааддин Накшбанды оқырманға бұрыннан таныс «Жам-и ат-Тауарих» [1, 172 б.], «Макам» [1. 410 б.] еңбектерінің авторлары. Аталған есімдер әлемге әйгілі оқымыстылар, көзі ашық, мұсылманша жоғары білімді, хат таныған, сопылық жолдағы тұлғалар болған. Мырза Хайдардың «Тарихи Рашиди» еңбегінде: «Ханның (Саид хан туралы) дәруіш болуы үшін хандық тағынан бас тартқысы келетіндігі жайында және ол шешімін қалай өзгерткені жөнінде әңгіме» деген 71-тарауында ханның Қожа Ахмет Иассауи шейхтарын құрмет тұтатыны және оның уағыздарын орындайтындығы, соның қағидасын ұстанып жағымсыз тағамдардан сақ болатындығы жөнінде айтылған. [1, 410 б.]. Яғни, «қожа» сөзі бұл жерде «сопы, дінді уағыздаушы» деген мағынада қолданылып отыр. Осы уақытқа дейін жинақталған тарихи-этимологиялық деректер бойынша «қожа» сөзінің араб-парсы атау ретінде «дін уағыздаушы» деген мағынасына қоса, түркі сөзі ретінде де өзіндік мағынасының бар екенін байқауға болады. Әйгілі шығыс тарихының білгірі, ғұлама ғалым Фазлаллах Рашид-ад-диннің «Оғызнама» атты еңбегінде осы сөзге былай түсінік берді: «Среди этих стариков был один весьма дальновидный, умный, бывалый, постигший все житейские



премудрости, которого звали нуши Ходжа (что на тюркском языке означает «пожилой человек», а на монгольском языке «Калсынку»). На тюркском языке пожилых называют «ходжа». Ибо слово ходжа в действительности тюркское, но не персидское или арабское» [2, 32 б.], сондай-ақ, Ахмет Йүгінеки өзінің «Ақиқат сыйы» атты кітабында «хожа» сөзін «қарт, қария» мағынасында қолданған: «Йигит хожа блур, йагы ескирур» [3, 30 б.]. Бұл жыр жолын Берікбай Сағындықұлы: «Жас қартаяды, жаға ескіреді», - деп аударған. Байқағанымыздай, ХҮ-ХҮІІ ғ.ғ. жазбаларындағы ономастикалық бірліктермен тіркесіп қолданылған «қожа» сөзінің мұсылман дініне байланысты «дінді уағыздаушы, сопы, білімдар адам» деген мағынасымен қоса, түркі халықтарында «қарт, қария, ақсақал» мағынасында да қолданылған екен. Бүгінгі күнде де «қожа» сөзі Түркияда кәсіпқой дін иесіне, сонымен қатар, ұстазына құрметтеп атағанда айтылады;

Екіншіден, ХҮ-ХҮІІ ғ.ғ. жазбаларында ономастикалық белгілер құрамында кездесетін «қожа» сөзі адам есімі ретінде де қолданылған. Қожа Пір Бақауыл, Қожағұл, Қожағабит, Қожамұхаммед, Қожа қалан деген кісі есімдері;

Оған дәлел Меңдіқожа (Меңліхожа) есімі. Меңді түркі есімі. Меңді, меңі бар деген мағынадағы есім. Меңді сөзімен түркі тілдерінде көптеген есімдер жасалған. Көне замандарда баланың бойындағы «мең» бақыт әкеледі деген сенім болған, сондықтан бойында меңі бар балаға «бақытты болады» деген түсінікпен, меңді компоненті бар есім қойылған. Кейде нәрестенің бойындағы меңді туғаннан кейін біршама уақыт өткенде байқаған жағдайда, оның есімін өзгертіп, меңді компоненті бар жаңа есім қоятын кездер де болған. Мең, меңді сөздері сонымен қатар әдемілікті, сұлулықты да білдірген [4,267]. Ал, есімнің екінші компоненті «қожа» парсы сөзі. Бұл сөздің сөздіктерде: 1. Қожайын, еге, мырза. 2. Зор білім иесі, насихатшы, ұстаз. 3. Асыл текті, ақсүйек, пайғамбардың ұрпағы деген мағыналары көрсетілген. Көне түркі тілінде бұл сөздің мағынасы «ходжа» - ақсақал, қарт [4,233].

Үшіншіден, «қожа» сөзі ономастикалық белгілер құрамында жер-судың, қала, елдімекен атауы ретінде қолданылған. Қожа Рабат, Хожа көлі, Қожажанқала, Қожа Дидар қамалы, Қожа Риг-и қыраты, Қожа Се-Яран бұлағы т.б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «қожа» сөзін: «Белгілі бір заттың, нәрсенің иесі, бастығы» деген мағынада қолданылады [4, 507 б.] деп жазылған. Яғни, мұндағы «қожа» сөзі қожа өмір сүрген жер болғандықтан, қожа қаласы, қожа көлі мағынасында, сонымен қатар жер-судың құрамындағы «қожа» сөзі үлкен, таза деген мағыналарда қолданылып тұруы мүмкін.

Қазақ ономастикасы – тіл білімінің іргелі саласы ретінде қалыптасып орныққан ғылыми арна. Қоғамның қазіргі даму барысы – ономастика ғылымының күн тәртібіне ауқымды міндеттер қойып отыр. Қазақ ономастикасы – ұлт мәдениетінің мәйекті де мәнді бөлігі ретінде мемлекеттік деңгейдегі қамқорлықты қажетсінетін, ортақ мұраға қосар үлесі мен тәрбиелік мәні зор, мейлінше бай халықтық рухани қазынамыз. Ономастика белгілі бір тілдегі лексиканың ажырамас бөлігі ретінде қоғам өмірімен тығыз байланыста болады да, тарихи-элеуметтік, қоғамдық-экономикалық әрі мәдени-элеуметтік факторлармен тығыз ұштасып жатады.

Сондықтан ономастикалық бірліктердің лексикалық құрамын жіті зерттеп, ғылыми талдау жасау, олардың әр дәуірге тән қабаттарын анықтау күрделі де маңызды мәселелердің бірінен саналады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дулати М.Х. Тарих-ии Рашиди. Алматы.: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003.-616 б.
2. «Огуз наме», Баку, «Элм», 1987 ж.
3. Ахмет Йүгінеки. Ақиқат сыйы. – Алматы, 1995.
4. Түркі есімдері: қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт. I том / даярлаған «Алаш» мәдениет және рухани даму институты. – Астана: «Астана полиграфия», 2012. 1 том – 320 б.

## ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ

**Ж. Бақтығұл**

**Ғылыми жетекші: оқытушы Спатаева С. Т.**

. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Андатпа.** Түркі тілінің тарихын зерделеу қазіргі уақытта өте маңызды ғылым саласының бірі екені жасырын емес. Мақалада түркі тілінің сонау ерте ғасырдан бері қалыптасып өзге тілдерге тигізген ықпалының зор екендігін ізденістері арқылы көрсетілген.

Түркілер жазуының әріптік-иероглифтік жазуы (арамей әріптеріне ұқсамайтын, түркілердің төл жазуы) сонау шумер заманынан бастау алады. Ассирия кезеңінде пайда болған(VII-V ғасыр), яғни алғашқы түркі жазу ескерткіштеріне Есік қорғанынан табылған жазу, Ертіс өзені жағасынан табылған жазулар және т.б. жазулар жатады. Оғыз дастандарын, ассирия хроникасын, Геродоттың «Тарихын» байланыстыра отырып, біз «Тарихи-мәдени ұғымға» ежелгі түркілерге қатысты орасан зор түзетулер енгізе аламыз. Сонымен, түркілер өз алфавитін б.з.д мыңжылдықтың ортасында Ассирия-Вавилон иероглифтік жазу базасында толықтырып жасаған.

**Түйінді сөздер:** этимология, көне түркі кезеңі, Орхон-Енисей, Талас, Хазар, Протобұлғар, Протоқыпшақ, Ассириялық кезең

Қазақстан мен Орта Азия халықтары ежелден бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі, дәстүрлері бойынша ортақ болып келеді. Түркі халықтары о баста өрбігенімен, оның этникалық құрамы бір текті емес, әр түрлі ру-тайпалардан, тайпалар одағынан тұрған. Олардың тілдерінде де белгілі бір ерекшеліктер болған. Түркі халықтарының тарихына бір сәт көз жүгіртер болсақ, ежелгі сақ, ғұндар сияқты ертедегі түркілер тарих сахнасына зор күрес жүргізу арқылы шықты. Осы күрестердің арқасында олар айналасындағы жерлерді жаулап алған. Олар көптеген халықтарға сіңісіп, араласып жатты. Ежелгі түркілердің жерлерінің шығысы Қытай, батысы Италия, оңтүстігі Парсы, солтүстігі Сібір болды. Олар өмір кешкен жерлеріне өз ықпалын тигізіп отырған. Олардың мәдениетіне, тіліне, тұрмыс-салтына өздерінің әсерін тигізіп, әлемдік өркениетке үлкен үлес қосқан.

Түркі мәдениеті мен өркениеті өте бай болғанының дәлелін сол ұлы түркілердің қазіргі мұрагерлерінің мәдени тұрмыс-салтынан көруге болады. Бұл мәдениеттің негізі - мыңдаған жылдардан құралған ата- бабаларымыздың басынан өткізген тәжірибесі болды.

Мәдениеттің жоғарғы дамығандығының басты белгісі – жазу мен тіл. Тіл арқылы біз сөйлеп қана қоймаймыз, тіл тарихын зерттей отырып, халықтың тарихын, тілін, тұрмыс-салтын анықтап білуге болады. Ал енді түркілердің тілі мен жазу тарихына шолу жасайық.

Шумерлерден кейін түркі тарих сахнасында сақтар пайда болады. Сақтар б.з.б VII ғасырдан бастап б.з.б II ғасырға дейін өмір сүрді. *Бірақ, ғалымдар сақтарды иран тілдес деп есептейді. Олай еместігіне көптеген дәлелдер бар. Меніңше сақтар бір тілдес халық болмаған, олардың арасында түркі тілдес сақтар да болған.* Мысалы: Әмударияның ескі аты Окс (түркіше өгіз-өзен), Есік қорғаннан табылған, сақ заманына жататын күміс табақшадағы жазудың өзі түркі тілінде жазылғаны белгілі болып отыр. Ассирия деректеріндегі ишкуз скифтер деп отырғанымыз, іш оғыз (түркі тайпасының бірі) сақтары екені анық. Мінеки, біздің ата- бабаларымыз бастауын б.з.б. IV мыңжылдықтан алады. Сол – кездің өзінде түркі тілі халықаралық қолданысқа түсіп, әдеби тілдердің біріне

айналған еді. Осыншама ғасырлар бойы өмір сүрген түркілер, айналасындағы көрші елдерге ықпалын тигізіп отырған.

Ал түркілер жазуының тарихына көз салсақ, ең алғаш Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін Полтавадан кейін жер аударылған швед офицері И.Страленберг кездейсоқ жағдайда ашқан еді. Бірақ бұл жазба ескерткіштер 2 ғасыр өз зерттеушілерін күтті. Тек фин ғалымдарының «Бұл сібір жазулары финдер тарихына қатысы бар» деген болжамынан кейін зерттеле бастады. [1]

Орхон-Енисей жазулары Скандинавиядан табылған тастағы жазуларға ұқсас болғандықтан руна атанды. Ал Скандинавия халықтарының ішінен тек финдер ғана Азиядан шыққан, мүмкін, тас жазуларды солтүстікке апарған солар болар? Финдер алғашқы болып сібір руналарын зерттей бастады. Бұған Скандинавияның бүкіл палеографтары назар аударды. 1893 жылдың 15 желтоқсанында дат ғалымы В.Томсен алғашқы болып тас жазулардың кілтін тауып, жазуды оқыды. Жазу түркі тілінде жазылған болып шықты. Бірақ бұл хабар ғалымдарды қуанышқа бөлеген жоқ, олар түркі жазуына қызығушылық түсірмей теріс қарады. Түркілер жазуын күрделі ғылыми зерттеусіз иран (соғды) жазуынан тарады деген жалған пікір айтты. Бұл пікір бара-бара аксиомаға айналды. Сөйтіп ресми ғылымда көшпенділер «Мәңгілік Тағы» тұрпатында көрінді.

1970 жылы қазба жұмыстардың нәтижесінде Есік қорғанынан археологтар көптеген қазынаға тап болды. Қорғаннан табылған күміс тостағанда ойып жазылған Орхон - Енисей әріптеріне ұқсас 26 таңба болды. Қорған б.з.д V-VI ғасырға белгіленді. Жазуды алғашқы болып түркі тілінде оқыған О.О.Сүлейменов болды. Бірақ ғалымдар түркілердің сол кездерде өмір сүруі мүмкін еместігін айтып, наразылық білдірді. Оған қарамастан кейінгі ғалымдардың да есік жазуын түркі тілінде жазылған деп өз аудармаларын көрсетті. Ғалымдар түркілер жазуын тек б.з V-VIII ғасырға белгіледі. Бірақ көптеген қазба жұмыстарынан табылып жатқан жазба ескерткіштер бұл пікірдің негізсіз екенін көрсетеді. [2]

Түркі жазуының ерте формаларына Талас даласынан табылып отырған таяқшадағы жазулар жатады. Одан басқа Ферғана, Қой-Қырылған-Қала елді-мекенінен (IV-III) табылып отырған құмыралар мен күзелердегі шағын руникалық жазбалар.

Түркі жазуы Солтүстік Кавказдан Дунайға, Шығыс Еуропа далаларына да таралған. Бұл жазулар IV-V ғасырларда ғұндар мен бұлғарлар арқылы келген. Бірақ ғұн және бұлғар руналары толық зерттелмей, толық сыры ашылмаған. Бұл жазулар славян халықтарының жазуына әсерін тигізген. Бірақ бұл жазу славяндардың христиандана бастаған кезінде жойылып, грекше редакцияланды. Бірақ түркі алфавитінің әсері XII ғасырға дейін сақталды. Сондықтан да кириллицаның басқа еуропа алфавиттерінен айырмашылығы Орхон-Енисей жазуының жүйелеріне ұқсас, яғни « жуан- жіңішке» әріптерінің сингармоникалық тіліне сәйкес, ал мұндай жүйе славяндарға тән емес. Славистер тарихи кириллицада неге екі д ( добро-дервь), екі з(зелo-земля), екі ызың (ша-ща) әріптері бар екенін ойламайды. Оның үстіне – жіңішкелер Орхон-Енисейдегідей жасалады. Мысалы: S зело, 7, земля ( төңкерілу, жіңішкелікті білдіретін тілік), Ш-ша, Щ-ща( жіңішкелік тілік).

Бұлғар жазу негізінде хазар жазуы да пайда болды. Ал хазар жазуы венгр жазуына ықпал етті. Дон, Кубан, Дунай, Солтүстік Кавказ, Румыния, Еділ-Кама аймақтарынан табылған руна тектес жазулардың түркі тілдес бұлғар, сувар, хазар тайпаларының тілінде жазылғанына күмән жоқ. [3]

Егер түркі жазуын арамей жазуымен салыстырсаңыз, шынында да ұқсастықты байқайсыз, бірақ - ассириялық кезеңіндегі алфавитімен сәйкес келеді (VII ғасыр). Екі-үш ғасырдың өткеннің өзінде арамей алфавитінің өзгергендігі соншалықты түркі жазуымен салыстыруға келмейді. Мүмкін, түркі оғыздар арамейлермен кездескенде шығар.

Б.з.д VII ғасырдың ассириялық хроникаларында мынадай дерек бар. Онда Каспий маңы жағасынан Темір Қақпа ( Дербент) арқылы өтіп, Мидияны бағындырып, Ассирияны

жаулап алып, оны 28 жыл бойы басқарған өздерін ишкуз деп атаған көшпенділер туралы айтылады.

О.О.Сүлейменов өзінің «Саз кітапша» атты поэмасында ишкуз сөзін ич огуз, ішкіуз атауымен байланыстырып этимологиясын береді. Оғыздардың «Деде Қоркут» атты дастанында оғыздар екі үлкен тайпаға бөлінетін жайында айтылады. Олар ич-огуз ( ішкі тайпа) және таш-огуз(сыртқы тайпа, бөтендер). Иш-огуз сөзінде «о» әрпі Семиттер тілінің заңдылығына байланысты түсіп қалады. Мысалы: арабтар огуз сөзін гуз деп айтады. Сонымен, атақты ишкуздар б.з.д VII ғасырда өмір сүрген иш оғыз немесе ішкі уз атты түркі тайпасы екен. Бұл сөзге әйгілі скиф атауы да жақын. Геродоттың еңбегінде "EKUO" ( скиз, скис) жазылған. Әзербайжанның жас ғалымы Гасанов ишкуз және скиф этнонимін оғыз атауымен салыстырып, үш сөздің төркіні оғыз сөзінен бастау алатын корсетті. Гасанов EKUO ( скиз) деп оқудың орнына латынша оқу тәсілімен EKUO ( скуз) оқыды. Жас ғалым қателік жіберген еді, себебі грекше U-и мағынасын береді, ал латынша U-у әрпінің мағынасын береді еді, бірақ бұл қателік ұлы жаңалықтың ашылуына алып келді. О.О.Сүлейменов (U) әрпінің генезисімен айналысып, кезінде (U) әрпінің грекше де «у» мағынасын білдіргенін, бірақ грек алфавитінің б.з.д V ғасырында ауысқанында (U) әрпі «и» мағынасын бергендігі жөнінде толық дәлелдеп берді. Сонымен "EKUO" (skuth> skyth> skyf) болған. Міне, скиө< ишкуз болды. Бұл мәселе сколоттарға да тән. СондасКОЛОТ<ISKI-Olot (ішкі ұлт, олот, улут, улт). Гректерде ызың дауыссыздар болмайды, сондықтан олар «ш» әрпінің орнына «с» әрпін қолданған және «і» әрпі түсіп қалған.

Сонымен, түркілер өз алфавитін б.з.д мыңжылдықтың ортасында Ассири-Вавилон иероглифтік жазу базасында толықтырып жасаған.

Түркі руникалық алфавиті:

1. Орхон-Енисей.
2. Талас.
3. Хазар.
4. Бұлғар.
5. Қыпшақ
6. Ассириялық кезең (Есік, Ертіс, Сырдария және т.б.) бөлуге болады.

Осы қалдықтарды жинап, бүкіл түркі жазуларын қосып жандандыру біздің басты борыштарымыздың бірі. Сонда ғана біз көпжылдық еңбегіміз жемісті болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. О.О. Сулейменов "Язык письма" 1998.
2. И.Тасмағанбетов "Байырғы түркі өркениеті: жазба ескеркіштері" 2000.
3. А.С.Аманжолов "История и теория древнетюркского письменности" 2000.

## Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ» ХИКАЯТЫ ТУРАЛЫ

А. Шарманова

Ғылыми жетекші: оқытушы Спатаева С. Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Зерттеу жұмысы қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтің 1966 жылы жазылып, жиырма бес жылдай жарияланбай келген, көзі тірісінде «Жұлдыз» журналының 1991 жылғы № 4 санында ғана жарық көрген «Ергежейлі еліне саяхат» хикаятын салыстырмалы түрде талдауға арналған. Фантастика жанрына жататын бұл шағын шығармада кеңестік кезеңнің ащы шындықтары ертегілік сипат арқылы бейнеленеді.

**Түйінді сөздер:** Бердібек Соқпақбаев, хикая, қазақ әдебиетінің классигі, шығарма, басылым, балалар әдебиеті, көркемдік ерекшелік.

Қазақ әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтің қаламынан шыққан ең соңғы туынды және өмірден өтерден сәл ғана бұрын жарық көрген шығармасы – «Ергежейлі еліне саяхат» хикаяты болып табылады. Бұл шығарма 1965-1966 жылдардың аралығында фантастика жанрында жазылған. Кезінде баспа орындары оны жариялаудан бас тартады.

Бұл шағын хикаят қиял-ғажайып оқиға ретінде жазылса да, онда сол кездегі кеңестік қоғамның көкейкесті мәселелері емеуірін арқылы берілген. Мысалы, ол кезде СССР-де атом бомбасы аса құпия түрде ауада ашық сыналып жатқан болатын. Сол оқиғаны жазушы ертегі ретінде баяндайды.

Бір өкініштісі, ұзақ жылдар бойы жарияланбай келген бұл туынды туралы әдеби ортада ешқандай сыни пікір болмай келді. Жазушының ерлігін көрсететін бірден бір шығарма осы болатын. «Қайта құру» мен тәуелсіздіктен ширек ғасыр бұрын жазылған бұл шығарма қазақ әдебиетінің тарихынан өзінің орынын алуға тиісті шығарма еді.

Жазушыны осындай фантастикалық-сатиралық туындыны жазуға алып келген шығармашылық психологиясын ашу үшін оның өмір жолы өзінің замандастары мен жақындарының естелігі мен пікірлері арқылы сабақтастырыла берілді.

Зерттеу барысында Б.Соқпақбаевтің өмірі мен шығармашылығына қатысты материалдар барынша жинақталып, жылнамалық тұрғыдан іріктеліп алынды. Содан кейін барып «Ергежейлі еліне саяхат» хикаятына талдау жасалды.

Ғылыми жобаның алдына қояр негізгі мақсаты – қазақ балалар әдебиетінің классигі Б.Соқпақбаевтың өмір жолы мен шығармашылығына жасөспірімдердің назарын аудару, қаламгердің шығармашылығына арналған пікірлерді жүйелеп беру арқылы жазушының қазақ әдебиетінен алатын орны мен көркемдік ерекшелігін кеңінен таныстыру, көрсету, оның көпшілікке кеңінен таралмаған «Ергежейлі еліне саяхат» атты хикаятын талдау – болып табылады.

Хикаят, Бердібек Соқпақбаевтің барлық шығармасы сияқты өте қарапайым әрі болмашы нәрседен басталады. Алғашқы сөйлемнің өзінен-ақ шығарма өзіне тартып ала жөнеледі. Жазушының үй-іші демалысқа кетеді. Ол әдеттегісіндей балконда жатады. Осы арадағы қарапайым пайымдаулар мен баяндаулар «Менің атым – Қожадағы» кейіпкердің өзін-өзі таныстыруын еске салады. Тіпті мұндағы кейіпкердің аты – Бердібек, яғни, жазушының өзі. Алғашқы кездесуден-ақ автор мен кейіпкер арасында жылылық, түсіністік орын алады.

Кейіпкеріміздің аты – Елдесер екен. Ол өзінің қандай тапсырмамен келгенін, жазушымыздың үйіне қалай тап болғанын бастан-аяқ баяндап береді. Ергежейлі елінде

сол кездің өзінде космостың ерте қолға алынып, оны зерттеу жұмыстарының әлде қайта дамып жатқанын көрсетеді.

«Ергежейлілер еліне саяхат» ертегі-хикаясында шындық пен әділет салтанат құрған, өмір-тіршілік мүлде басқа. Парақорлық пен ұрлық-қарлық атымен жойылған. Халық ешнәрсеге мұқтаж емес. Балалар мен қарттарға жасалған қамқорлықта шек жоқ. Тіпті ергежейлілер елінде әскер мен қару-жарақ та жоқ. Барлық мемлекеттермен тең құқықта қарым-қатынас жасап, өзінің салт-дәстүрін қатаң сақтайтын бейбітшілік сүйгіш ел туралы ертегі-хикая осылайша шалқар ойға шақырады.

Капиталистік елді мақтай отырып, олардың техникасы дамығанын көрсете отырып, совет үкіметін сынап отыр. Ал шығармадағы елдің техникалық дамуы мен олардың әр ісіндегі тәртіп, әр тұлғаға деген құрмет жазушының қиялының шығарма желісінде шындыққа айналуы.

Автор сол кезеңдегі екі үлкен империя Совет одағы мен АҚШ-ты сынай отырып, советтік идеологияның өз қол астындағы елдерге тигізген зардабын да астарлап жеткізуді ұмытпайды.

Қаламгердің өз елінің бостандық алып, қару-жарақсыз, егемен ел болып, өз тілінде сөйлеп, өз салт-дәстүрін сақтаған қазіргі тәуелсіз менің елім сияқты азат елді армандап, оған сол кездің өзінде-ақ қиялында азаттық беруі былай суреттеледі: «Кеңестік дәуірде президентті коммунистік партия тағайындайтын. Олар оның халыққа деген жанашырлығын емес, елді қатаң тәртіпте ұстай алуына баса назар аударатын. Қатаң тәртіп пен саяси сатқындықтан қажыған ел мен оның жанашырлары совет өкіметі кезінде елімнің болашағы, тілім, дінім, салт-дәстүрім деп зарлады. Олардың бар арманы бостандық болды». Советтік заманның әр отбасына тигізген кері әсері орасан зор. Халық санының азаюы, демографиялық ахуалдың төмендеуіне наразы автор менің елімде осылай болса екен деген тілегі бар.

Қаламгер Кеңестік идеологияның жазушылардың қаламына да тұсау салып, жазған әрбір шығармасының астарынан мін іздеп, жазушыға еш еркіндік бермей, тәртіпке бағынбағандарын ебін тауып құртып отырған саясатқа кереғар ергежейлілер елінің жазушыларының өмірін суреттейді.

Автордың атом бомбасына деген ішкі қарсылығын, кеңестік саясаттың кесірінен зардап шегіп, адамдарға жасалған эксперименттің кесірінен қырылған адамдардың жан күйзелісі, құраған дала мен тартылған өзендер, сиқы кеткен қала.

Мато бомбысының салдарынан бір империяның жойылып кету себебін көрсетеді.

Автор хикаяны осылай аяқтайды. Әрине оқырман қауымда неге деген сұрақ болуы заңды. Жалпы шығарманың желісі фантастикалық сипатқа құрылғанымен жазушы өз елінің сол кезде басынан өткеріп жатқан жағдаймен аяқтайды. Жазушы көріпкел емес. Сондықтан ол елінің болашағын болжай алмайды. Шығарманың бұлай аяқталауы оқыған адамға осындай ой салар деп ойлаймын.

Б. Сокпақбаевтың «Ергежейлілер еліне саяхат» атты хикаятын оқымай жатып мен атом бомбасы жайлы ештеңе білмейді екенмін. Бұл не нәрсе, не үшін пайдаланылады, оның қандай қасіреті, қайғысы бар – мені ойландырылмаған жайт еді. Мато – атом қаруы гүлдей жайнап тұрған 3 млн. халқы бар ергежейлілер мемлекетінен ешқандай тамтық қалмағанын білген соң, осы қару туралы зерттеулер жүргізіп, денем түршігіп кетті. Атом бомбасының қасіретін 1945 жылы Жапония мемлекеті басынан өткергенін, оның қасіреті әлі де жалғасып келе жатқанын білдім...

60 жылдары менің елімде, ұлы Абайдың бесігі тербетілген, өлеңдері жырланған Семей даласында да атом сынақтары жүргізілгенін білдім.

Сол сынақтың қасіретін халқымыз өткен ғасырдың 90 жылдарына дейін басынан кешкенін білгенде, төбе шашым тік тұрды.

Қазақ әдебиеті өз дамуында сан қырлы жолы өткеріп келеді. Сол сияқты қазақ елі де. Осындай өмірдің сан бұралаң жолдарымен жүріп өз оқырманына сан қырлы қызықты

шығармаларды ұсынған жазушы Б.Соқпақбаев. Қаламгер тек шығарманы жазып қана қойған жоқ, ол сол шығармалары арқылы жас оқырмандарды кітап оқуға шақырды.

Жазушы өз шығармалары арқылы заманның ащы тұстарын астарлай отырып жетесіне жеткізе отырып сынады. Әлі де болса шығармаларының ішінен талдауды қажет етіп келе жатқан «Ергежейлі еліне саяхат» атты фантастикалық хикаяты. Мен өзімнің ғылыми мақаламда «Ергежейлі еліне саяхатты» жалпылай талдап шығуға тырыстым. Бұл шығарманың идеясы, бағыты, мазмұны, тақырыбы ерекше талдауды қажет етеді.

Балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаев шығармалары қазақ оқырмандарының жүрегінде мәңгілік сақталып қалады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа: Повесть, роман / Құраст. Р.Мәженқызы.- Алматы: Елорда, 1999.-466 б.
2. Соқпақбаев Б. Өзім туралы повесть.-Алматы.-1957.- 164 б.
3. Соқпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат: Повесть, роман.- Алматы: Балауса, 1992.- 528.
4. Соқпақбаев Б. Жекпе-жек.- Алматы, Жалын, 1962.- 204 б.
5. Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер.- Алматы, Білім.-2005.-208 б.
6. Соқпақбаев Б. «Ергежейлілер еліне саяхат» хикаят.- «Жұлдыз» журналы.-1991.- №4.- 3-25 беттер.
7. Бердібек Соқпақбаев туралы мақалалар// Жұлдыздар отбасы.-2011 жыл, №2.-27-37 беттер.
8. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы,-2006.-9 б.
9. Бердібек Соқпақбаев: Қаламгер альбомынан // Қазақ әдебиеті.-1992.- 3 қаңтар
10. Ергөбек Қ. Шырынын алып шындықтың // Қазақ әдебиеті.- 1994.- 22 шілде.- 14 б

## СТАНОВЛЕНИЕ КУЛЬТУРОВЕДЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Джайкиева А.

Научный руководитель: Акопова Е.С.

Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова  
г. Актау, Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматривается становление культуроведческой компетенции на уроках иностранного языка, что подразумевает обогащение лингвистических, эстетических и этических знаний. Изучение истории, традиций, культуры страны, изучаемого языка является сутью культуроведческой компетенции и становится важным элементом обучения, знакомит не только с культурой стран изучаемого языка, но путем сравнения оттеняет особенности национальной культуры, знакомит с общечеловеческими ценностями.

**Ключевые слова:** компетенция, культура, интерактивные технологии, традиция, речевой этикет, терпимость.

В современном мире человек все больше сталкивается с необходимостью сотрудничества и общения с представителями других стран. В настоящее время иностранный язык играет доминирующую роль в коммуникативной сфере мира, одним из основных предметов для изучения из-за его международного значения. Естественно, все еще существует много проблем, стоящих перед изучением языка, и предлагаются различные способы их решения. Образовательная система улучшила методы обучения и изменила свои основные цели. Как известно, ведущей целью преподавания иностранного языка является формирование коммуникативных навыков и социокультурной компетенции на основе страноведческих и социокультурных паттернов.

Понятие «социокультурная компетенция» рассматривается, как формирование умений представлять родную культуру и культуру иностранного языка в межкультурной коммуникации, усвоение национально-культурного компонента при изучении иностранного языка как основного условия приобщения учащихся к культуре страны изучаемого языка. Компетентность характеризуется возможностью, умением или желанием применять знания и навыки в реальной жизни, проявляя лучшие личностные качества.

Социокультурная компетентность это сложное явление и включает лингвистический, социолингвистический и культурологический компоненты. Лингвокультурологический включает знание лексических единиц с социокультурной семантикой (например, приветствие, формы обращения и прощания в устной и письменной речи).

Социолингвистический включает знание языковых особенностей социальных классов, разных поколений, полов, социальных групп. Культурный компонент включает знание культурных особенностей страны изучаемого языка, их привычек, традиций, стандартов поведения, этикета и умение понимать и надлежащим образом использовать их в процессе общения, оставаясь при этом носителем другой культуры

При изучении языка важно не только хорошо владеть лексическим и грамматическим материалом, но и выходить за рамки языковых форм и знать национальные особенности языка. Учащимся необходимо знать об истории, литературе, обычаях, традициях и культуре для того, чтобы легче понимать иностранцев, признавать их ценности и развивать любовь к изучению иностранного языка [1].



Обучение иностранному языку включает формирование иноязычной коммуникативной компетентности, определяя знание психологических, страноведческих, социальных факторов, определяющие использование речи в соответствии с социальными нормами поведения. Межкультурный диалог становится возможным благодаря владению иностранными языками. Обучение языку должно основываться на уважении, понимании и принятии культурных различий, что является необходимым условием для достижения цели межкультурной коммуникации.

В настоящее время существует огромная возможность для формирования социокультурной компетентности и расширения кругозора учащихся. Благодаря Интернету и современным технологиям используются аудиовизуальные методы обучения, которые также являются лучшим способом вдохновить на изучение иностранного языка, выполняя различные проектные работы в поисках интересной информации, фотографий или видео.

Основным фактором формирования социокультурной компетенции является применение новых технологий обучения. На протяжении всей истории различные методы всегда развивались и совершенствовались, что сегодня играет очень важную роль в обучении иностранным языкам. На самом деле основная цель обучения иностранным языкам является научить говорить, писать, а также общаться, что позволит учащимся поддерживать контакт с другими культурами и развивать дух терпимости по отношению к другим. Однако культурная компетентность считается одним из основных компонентов коммуникативной компетенции наряду с лингвистической и дискурсивной компетенцией благодаря появлению коммуникативного подхода [2].

Овладевая социокультурными умениями, обучающиеся расширяют свои лингвострановедческие и страноведческие знания, изучая тематику страны изучаемого языка, ее науку, культуру и традициях, реалиях и известных людях, применяя различные виды речевой деятельности: говорение, аудирование, чтение и письмо.

Для обучения аудированию можно использовать тексты, носящие информационно-справочный материал: аудиоинформация на выставках и музеях, путеводители для туристов, объявления в аэропорту, вокзале, в транспорте

Помимо этого, обучающимся можно предложить тексты, встречающиеся в повседневной, реальной жизни, при посещении или обучении в стране изучаемого языка, а также прогноз погоды, новости, спортивные репортажи, инструкции, интервью.

Говоря о социокультурной составляющей в содержании обучения, важно выделить и культурную составляющую. Это знание социальных реалий, основ модели поведения в стандартной ситуации, важных исторических событий и крупнейших деятелей литературы, искусства и медицины. Для этого на занятиях используются тематические тексты, знакомящие студентов с реалиями жизни страны изучаемого языка. Развитие социокультурной компетенции невозможно при работе только с одним текстом - иностранной культуры или принадлежащим к культуре, которая является для студента родной. Поэтому при изучении одной и той же проблемы необходимо обращаться к двум и более текстам [2].

При изучении иностранного языка формируется культура мира в сознании человека. Изучаются и сравниваются языковые явления, обычаи, традиции, искусство, образ жизни народов. Изучая пословицы, например, мы сравниваем, как одна и та же мысль передается разными средствами на разных языках, обращаем внимание на такие моменты, что народная мудрость, выраженная в пословицах, интернациональна.

Формированию социокультурной компетенции способствует и речевой этикет. Речевой этикет иностранного языка имеет особое значение для воспитания личности в целом. Это важный элемент культуры народа, продукт культурной деятельности человека и инструмент его деятельности, является составной частью культуры поведения и общения человека. В выражениях речевого этикета зафиксированы социальные отношения той или иной эпохи [3].

Одним из интересных способов развития социокультурной компетентности является использование видеофильмов, благодаря которым можно увидеть пейзажи и достопримечательности страны, наблюдать за процессом праздника, церемонии, моделью поведения людей в повседневной жизни [4]. Активное внедрение интерактивных технологий обучения приумножает дидактические возможности, обеспечивая наглядность, аудио и видео поддержку и контроль, что в целом способствует повышению уровня преподавания. Поскольку информационные технологии играют все возрастающую роль в повседневной и профессиональной жизни, возникает необходимость использования информационных технологий для развития межкультурной компетенции.

Изучение иностранного языка направлено не на формирование определенных навыков и развитие языковых навыков обучающихся, а на формирование личности студента, способного использовать язык для представления самобытности своей культуры, готового к межкультурной коммуникации и взаимодействию на изучаемом иностранном языке и готового применять эти навыки в профессиональной деятельности [5].

Новые технологии открывают большие возможности, дают хорошую техническую поддержку и оптимизировать процесс обучения. Это безграничный банк информации. Процесс целенаправленного и системного подхода к овладению языком должен основываться на коммуникативном подходе, формировать языковую личность, способную к межкультурному взаимодействию, развивать языковые навыки, т. е. свободно, спонтанно и правильно выражать мысль на иностранном языке.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Воробьев Г.А. Развитие социокультурной компетентности.
2. Фокина К.В., Тернов Л.Н., Методика преподавания иностранного языка
3. Милруд, В.П. Компетентность в изучении языка.
4. Сафонова В.В. Культурология в современном языковом образовании.
5. Гусейнова, Л. А. Межкультурный подход преподавания иностранного языка

## КРЕАТИВНОСТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЯ КАК ОСНОВА РЕАЛИЗАЦИИ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Беков А.

Научный руководитель: Акопова Е.С.

Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова  
г. Актау, Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматривается творческая деятельность учителя при изучении языков на уроках в школах, которое вносит отличие от привычных традиционных уроков. Преподавание - это процесс, включающий деятельность учителя и учащихся. Творческие преподаватели используют свои знания по предмету при создании творческих уроков и уделяют большое внимание развитию творческих способностей учащихся, их познавательных потребностей и интересов.

**Ключевые слова:** креативность, методы, творческая личность, навык, проект, критическое мышление

Урок иностранного языка предоставляет множество возможностей для развития критического мышления и творческих процессов. В связи с тем, что позиция иностранного языка в мире как средство международного общения все больше укрепляется, и нет существенных тенденций, чтобы остановить или замедлить этот процесс, проблема создания эффективной методики преподавания иностранного языка является чрезвычайно важной.

Преподавание иностранных языков предполагает приобретение навыков и умений владения иностранными языками. Важную роль в этом процессе играет методика изучения иностранного языка, которая выражается в необходимости организации профессионального общения. Большое внимание необходимо уделять структуре урока, его логике, характеру заданий и организации работы учителя и учеников, которые приобретают черты естественного общения. В современных условиях необходимо уделять большое внимание разработке методов и приемов преподавания иностранного языка, важнейших составляющих образовательного процесса.

На современном этапе обучения важно подчеркнуть важность развития творческих способностей учащихся. Для развития креативности необходимы такие навыки, как беглость, гибкость, оригинальность, проработанность, любознательность, сложность, готовность к риску и воображение. Творческие навыки можно развивать, задавая простые или сложные вопросы, используя различные игры или задания, а также повседневные события, с которыми сталкиваются учащиеся. При этом необходимо отметить важность применения различных стратегий и методов обучения, которые развивают критическое мышление, креативность.

Владение иностранным языком - один из важных навыков будущего специалиста. Невозможно достичь высокого уровня владения иностранным языком без фундаментальной языковой подготовки. Преподаватели должны овладеть различными методами и приемами преподавания иностранных языков. Важно знать современные методы преподавания иностранного языка, специальные методы и приемы обучения, чтобы выбрать тот или иной метод обучения в соответствии с уровнем знаний, потребностями и интересами учащихся. Рациональное и мотивированное использование методов обучения на уроках иностранного языка требует творческого подхода со стороны учителя, потому что «педагогика - это наука и искусство одновременно, поэтому подход к выбору методов обучения должен основываться на творчестве учителя» [1].

Творческие виды деятельности требуют от обучающихся самостоятельной работы, а также учат их пользоваться языковым материалом для выражения своих мыслей, как в диалогической, так и в монологической речи, способствует развитию личностных качеств. Приоритет непрерывного и последовательного развития креативности обучающихся заключается в том, что учащиеся в дальнейшем смогут самостоятельно добывать знания и выстраивать личную стратегию в освоении английского языка, что указывает на актуальность данного направления в методике иноязычного образования.

Мы живем в мире результатов человеческого творчества: открытий, изобретений, художественных произведений и литературных текстов, технических средств и информационных систем и много другого. Способность к творчеству, преобразованию природы, созданию новой, не существовавшей до сих пор реальности, может быть, главная особенность, отличающая человека от животных.

Творчески мыслящие люди способны перестраивать, пересоздавать среду с тем, чтобы она соответствовала их интеллектуальным нуждам и потребностям. Смена приоритетов в системе образования, ориентация на формирование творческой личности приводит к интенсивному поиску нового содержания и наиболее эффективных средств образовательной деятельности, способствующих раскрытию возможностей личности.

Иностранный язык, как общеобразовательный предмет, может и должен способствовать развитию творческих способностей учеников. Изучение иностранного языка имеет образовательный, воспитательный и развивающий потенциал для развития творческих способностей обучающихся, которые могут быть развиты только в ходе реализации практической цели образования. Другими словами, если учащийся занимается коммуникативной и познавательной деятельностью на иностранном языке (слушает, говорит, читает, использует письмо), он расширяет свои общеобразовательные горизонты, развивает их критическое мышление, память, эмоции и чувства [1].

Важно отметить, что в выборе нестандартных уроков нужна мера. Ученики привыкают к необычным способам работы, теряют интерес, успеваемость заметно понижается. Место нетрадиционных уроков в общей системе должно определяться самим учителем в зависимости от конкретной ситуации, условий содержания материала и индивидуальных особенностей самого учителя.

Одним из важнейших условий правильно организованной творческой деятельности является непрерывность творческого процесса. Она может вызвать интерес к конкретной выполняемой работе, активизировать познавательную деятельность во время ее выполнения, может даже способствовать возникновению проблемной ситуации. Но эпизодическая творческая деятельность никогда не приведет к развитию творческого отношения к труду, стремления к изобретательству и рационализации, экспериментаторской и исследовательской работе, т.е. к развитию творческих качеств личности.

При подготовке к урокам в школе учитель старается предусмотреть задания, ориентированные на различные виды восприятия учащихся: зрительную опору, озвучивание, письмо и практические действия. Особенно важно такое сочетание при изучении нового материала. Учебная деятельность становится ведущей, именно она определяет развитие всех функций школьника: памяти, внимания, мышления, восприятия и воображения. При этом дети не теряют интереса к игре, которая формирует положительное отношение к иностранному языку [2].

На занятиях по иностранному языку креативность обучения в основном проявляется через продуктивные навыки говорения и письма. Важно поощрять учащихся к свободному разговору на различные темы, такие как их опыт, проблемы, идеи, мечты и т.д. Парная работа, групповая работа, ролевые игры, моделирование, завершение незаконченных историй являются подходящими методами для практики в речевой деятельности. Учащиеся старших классов могут практиковать творческое письмо в форме самостоятельно придуманных историй, эссе, стихов, планов, изобретений. Разработка

проектов - отличный метод для развития креативности и мышления высокого уровня. Однако необходимо учитывать возраст и уровень квалификации.

Развитие навыков мышления является дополнительной целью в обучении иностранному языку в дополнение к развитию коммуникативных и межкультурных компетенций. Дискуссии, дебаты, критика являются основными методами развития мышления в преподавании иностранного языка, что значительно повышает уровень владения языком. Методы, используемые для развития мышления должны развивать индивидуальное принятие решений, способность решать проблемы, анализировать, синтезировать.

Тема использования нестандартных форм урока звучит особенно актуально в современных условиях. Отмечается снижение познавательного интереса учеников к процессу обучения, а изучение иностранного языка как обязательного учебного предмета общеобразовательной школы вызывает особые сложности. Именно проведение нестандартных уроков (с элементами занимательности) позволяет более легко, незаметно для школьника, преодолеть языковые преграды [3].

*Alpha box* – это техника, при которой учитель записывает на доске тему, вопрос или термин. Ученики делятся на группы и пишут в алфавитном порядке любые слова, комментарии, вопросы, убеждения и т.д., которые связаны с основной темой. Этот метод может быть использован во всех возрастных группах и на всех уровнях владения языком. Это полезно для повторения словарного запаса и расширения тем для проведения различных дискуссий. Ученики могут работать индивидуально или в небольших группах.

Учащиеся должны обладать хорошими базовыми знаниями, на основе которых можно применять навыки мышления более высокого уровня. Они должны работать проявлять творческий подход при разработке идей и применять мышление для получения положительных результатов.

*Analysis of certain features* - это метод, который побуждает учащихся сравнивать особенности известных, менее известных или неизвестных явлений. Эта методика подходит для учащихся старшего возраста с достаточно хорошим знанием английского языка. Он подходит для групповой работы, но может быть выполнен индивидуально в качестве домашнего задания и особенно подходит для межкультурного обучения.

Преимущества данной методики обучения заключаются в обсуждении, выражении мнений и принятии решений. Ученики развивают не только навыки мышления на более высоком уровне, но и креативное мышление, когда им приходится различать ответы.

*In/out technique* – развивает способность учащихся выбирать в соответствии с критериями, а также способность общаться, приводить аргументы или на компромиссы. Ученики выбирают слова в рамках критериев и общаются, приводят аргументы и идут на компромиссы по поводу того, что «внутри», а что «снаружи». Они работают со словарным запасом. Эта методика подходит для всех возрастных групп и уровней владения языком, но особенно подходит для учащихся младшего возраста [4].

Учащимся предлагаются темы или группы слов, которые необходимо связать слова с темами, разделить слова на «входящие» и «исходящие». Учащиеся работают индивидуально или в группах с темами и словами, которые они должны связать.

Преимуществом данной методики обучения является развитие критического мышления и навыков мышления, анализа и оценки. В парной или групповой работе личные качества развиваются путем обсуждения и выражения мнений [5].

Принцип творчества прочно поддерживается этой методикой обучения. Ученики проявляют творческий подход к составлению подробных описаний. Рассматриваются такие навыки общения, как обсуждение, сотрудничество и выражение мнений. Кроме того, развивается творческое мышление, предоставляя множество возможностей и новых идей.

Использование нестандартных форм урока влияет на развитие познавательного интереса к стране изучаемого языка, его культуре, традициям; вызывает потребность в

практическом использовании языка в различных сферах деятельности, способствует формированию более прочных речевых умений и навыков, тем самым помогает более эффективному решению образовательных, развивающих и воспитательных задач.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Ричардс, Дж. Си и Роджерс, Т. С. Подходы и методы в обучении языкам.
2. Шукин А.Н. Методы и технологии обучения иностранным языкам.
3. Бим И.Л. Обучение иностранному языку. Поиск новых путей
4. Розер Р.У. и Пек С.С. Образование в области осознания: Самооценка, мотивация и саморегулируемое обучение в созерцательной перспективе
5. Панов Е. М. Основы методики преподавания иностранного языка

## ҰЛТ ҰСТАЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МОРФОЛОГИЯСЫ

Жадыра Қ. Қ.

С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті,  
Гуманитарлық факультет. Астана қ, Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада ұлт руханиятының көсемі А.Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне сіңірген еңбегі, сөз таптары және сөздің түрлері жайлы қазақ тілі морфологиясына арналған мәселелерін түйіндеудегі тұжырымдары, ғалымның сөз таптарын таптастырып, олардың табиғатын анықтау барысында қазақ тілінің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, олардың жалпы теориясына сүйенгені баяндалады.

**Түйінді сөздер:** ұлт ұстазы, қазақ тілі, сөз таптары, морфология, атауыш сөздер, шылау сөздер, одағай сөздер, шырайлар

Биыл қазақ тіл білімі үшін зор еңбек етіп, оның әр аласына зерттеу еңбектер жазып қалдырған ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл. Ұлт ұстазының грамматиканың морфология саласына сіңірген еңбегі көп. Бұған «Тіл – құрал» еңбегі дәлел бола алады. «Тіл – құрал» оқулығының 1 бөлімі қазақ тілі морфологиясын жан-жақты талдап көрсеткен алғашқы жұмыс. Бұл – бүгінгі күні Ахмет Байтұрсынұлының бұдан бөлек зерттеу бағытын қарастыратын еңбектерімен жинақталып шығарылған. А.Байтұрсынұлы жазған оқулықтарында алдымен оқытуға көбірек көңіл бөлген.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ тілінің морфологиясына арнап орыс миссонерлері еңбектер жаза бастады. Олардың қатарында Н.Ильминский, П.Мелиоранский, В.Катаринский, М.Терентьев бар. Сөздердің түрленуі мен жаңа сөздердің жасалу жолдарын ғана қамтығандықтан, бұл еңбектерде қазақ тіл білімінің, соның ішінде морфология мәселелері қамтылмады. Олар қазақ тілі морфологиясын туралы сөз қозғағанда орыс тілі морфологиясын негізге алып жазды. Ал олар қолданған терминдер қазақ тілі фонетикасына сай келмеді. Десе де, бұл зерттеушілердің еңбегі қазақ тіл білімінің дамуының алғашқы бастамасы болып, оның дамуына үлес қосқанын естен шығармау керек.

Ал Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде сөздерді таптастыру, сөйлем мүшелері және сөйлемнің түрлеріне тоқталады. Енді тіл білімінің жалпы мәселелерін кеңінен баяндап көрсетуі бөлек зерттеуді қажет етеді.

Еңбекте сөз таптары және сөздің түрлері жайлы қазақ тілі морфологиясына арналған мәселелер «Сөз жүйесі мен түрлері» деген бөлімінде берілген. Бөлім басында А.Байтұрсынов сөздерді «таптастырып», 3 түрін бөліп көрсетеді. Олар:

- Атауыш сөздер;
- Шылау сөздер;
- Одағай сөздер.

Осы жердегі атауыш сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістікті жатқызса, жалғаулықтар мен демеуді сөз табы ретінде қарастырып, үстеу екеуін шылау сөздердің қатарына қосады. Одағай сөздерді сөз табы деп қарастырса, еліктеу сөздерді жеке сөз табы ретінде қарастырмайды.

Ғалым зат есімге: «Кім? Не? деп сұрауларға жауап болып айтылатын һәм нәрселердің атын көрсететін сөздер» [1, 57] деген анықтама көрсетеді. Зат есімді «тегіне» қарай бөліп көрсетіп, оларға деректі, дерексіз және жалқы, жалпы есімдерді жатқызады. Сондай-ақ, бұл сөз табын мағыналық жағынан қарастырғанда «зат есімде екі айырыс бар» [1, 58] деп анықтама беріп, жеке және көптік түрлерінен хабардар етеді. Бұл атаулар бүгінгі күні де қолданылып келеді. Әрі бұл сөз табының жай және тәуелді қалыптары бар екенін көрсетіп, оңаша, ортақ тәуелденуге кеңінен тоқталады.

А.Байтұрсынұлының осылай бөліп көрсетуінен, сөздерді тәуелдеп көрсеткенінен бүгінде зерттеу еңбектерінде жүрген анықтамадан алшақтық байқалмайтынын көреміз.

«Тіл – құрал» оқуылығында жалғауларға көптік, тәуелдік және септікжалғауларды жатқызады. Өзгешелік септік жалғауларында. Автор септік түрлеріне 6 түрін жатқызады. Яғни, көмектес септік түрлеріне қосылмаған. Басқа түркі тілдерінде көмектес септік қарастырылмаған. Қазіргі морфологиядағы көмектес септік – тек қазақ тіліндегі ерекшелік. Бұл – А.Байтұрсынұлының көмектесті бұл категорияға жатқызбауы заңды дүние дегенді білдіреді.

Тағы өзгеше тұсы – түбір зат есімге «түпкі» деген ат беріп, 22 түрлі жұрнақты көрсетуі. Қазір бұлар «рең мәнін тудыратын жұрнақтар» ретінде қарастырылады.

Келесі сын есімнің ерекшелігіне тоқталып, «нәрсенің тегін көрсететін» [1, 60] тек сыны және «нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін, яғни түрін, түсін, тегін көрсететін» [1, 60] сыр сыны деп бөледі. Алғашқысы – қазіргі зерттеу еңбектеріндегі сын есімге айналған зат есімдер (қағаз ақша, күміс қасық), екіншісі – сапалық (тоқ, аш, семіз, арық, көк, ) сын есім.

А.Байтұрсынұлы сын есімдегі шырай категориясын 3 топқа бөледі. Олар: жай шырай, талғаулы, таңдаулы шырайлар. Қазіргі қазақ тілінде тек шырай аттары өзгеріске түскен. -рак/-рек жұрнақтары арқылы жасалған талғаулысы – салыстырмалы болса, тап, тым және басқа да сөздері қосылып жасалатын таңдаулы шырай күшейтпелі шырай деп қолданылады.

Сөз таптарының үшінші түрі – сан есім. А.Байтұрсынұлы сан есімнің мағыналық ерекшелігіне қарай есептік және реттік, темілдік деп үш түрін атап өтеді. Соның құрамындағы есептік сан есім жай есептік және жадағай есептік деп екіге бөліп қарастырылған. Жадағай есептік қазір жинақтық сан есім деп қолданылады. Жинақтық сан есім есептік сан есімнің құрамында емес, дара мағыналық түрге ие болған. Осы жерде «темілдік сан» дегені – бөлшектік сан есім. Демек, қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің мағыналық түрлеріне жататын болжалдық және топтау сан есімдер А.Байтұрсынұлының «Тіл – құралында» қарастырылмаған.

Келесі сөз табы есімдікке анықтамасы бүгінгі күндегі анықтамаға сәйкеседі. Енді осы есімдіктің мағыналық түрлеріне танықтық есімдігі қосылған. Бүгінгі күні жіктеліп жүрген есімдік түрлерінен айырмашылығы – жалпылау, белгісіздік және өздік екінші мәрте аталған жіктеу есімдікке кіреді. Жоғарыдағы «танықтық» – болымсыздық және болжалдық есімдіктер. Бұл дәнеме, һешкім, һешбір, һештеме, әлдекім, біреу, әлдене мысалдарынан көрінеді.

Күрделі сөз табы ретінде танылатын етістікке «заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер» [1, 63] деген анықтама келтірілген. А.Байтұрсынұлы еңбегінде етістіктегі етіс, рай, есімше, көсемшелердің ерекшелігіне, болымды және болымсыз етістіктерге тоқталған. Автор етіс категориясына 10 түрлі етісті жатқызады. Өзгешелігі – етістіктің мағыналық түрлеріне бөлінетін сабақты және салт етістіктер автор еңбегінде етіс деп қарастырылған. Десе де, ол етістіктердің анықтамасы сабақты және салт етістіктердің екі түрінің де мағынасына толық келіп тұр. Беделді етіс мағынасы, тұлғасы жағынан өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ етіс түрлеріне сәйкеседі. Ғалым бөлім көрсеткен етіс түрлерінің қалғаны мағынасы жағынан бүгінгі морфологияға арналған еңбектерде негізгі түрлері ретінде көрсетіліп жүр.

«Тіл – құрал» еңбегінде райдың 15 түрі көрсетілген. Бұл тұстағы ашық, шартты, қалау райлар мағынасы мен жасалуы жағынан қазіргі рай түрлеріне сәйкеседі. Қалау райының құрамында теріс рай мен сенімді рай қолданылса, билік – бұйрық райдың жасалу жолына сәйкеседі. Әйткенмен, ашық және шартты, билік және қалау райдың анықтамалары бүгінгі күні маңыздылығын жоймай келеді.

А.Байтұрсынұлы есімше мен көсемшені де қарастырған. Оларды іштей бірнеше топқа бөліп көрсеткенімен, жасалу жолы, мағыналық жағынан алғанда бүгінгі морфологиядағы зерттеулермен сәйкес.



Шылау сөздерді таптастырғанда үстеуді, демеуді және жалғаулықты 3 топқа бөледі. Бірақ нықтаулық үстеудің құрамына қарасақ, қазіргі мақсат, сын-бейне, күшейту үстеулеріне сәйкес келетіні байқалады. Мөлшер үстеуі А.Байтұрсынұлы жітеуінде «өлшеулік үстеу», сын-бейне үстеуі «сынаулық үстеу деп аталған. Әрі қазіргі грамматикадағы топтау үстеулері бар. Дегенмен, үстеу және түрлерінің атаулары демесе, қазіргі қазақ тілінде берілген үстеудің мағыналық түрлерінің барлығы да қамтылғанын көреміз. Ал шылаудың демеу және жалғаулықтарындағы мысалдарынан сұраулық – демеулік шылау түріне, ыңғайластық, себеп-салдар және талғаулы – жалғаулық шылауларына сәйкес.

Соңғы одағай сөздерге анықтама келтіре отырып, олардың ілездік, еліктеу және шақырыс одағай деген түрлерін көрсетеді. Өзгешелігі – ілездік және еліктеу одағайлары бүгінгі таңда еліктеу сөздің түрлері – еліктеуіш пен бейнелеуіш сөздерге жатады.

Жалпы алғанда ғалым әр сөз табының теориялық тұжырымын бергеннен соң, қорыту мақсатында дағдыландыру жаттығуларын қосып отырған. Бұл әдіс бүгінде практикумға арналған еңбектерде кеңінен қолданылып жүр.

Ахмет Байтұрсынұлы сөз таптарын таптастырып, олардың табиғатын анықтау барысында қазақ тілінің өзіне тін ерекшелігін ескере отырып, олардың жалпы теориясына сүйегені байқалады. Еңбек қысқаша түрде баяндалса да, морфологияға қатысты барлық мәселеде көрегендік танытқан. Ал оның енгізіп кеткен терминдері бүгінгі күні еш өзгеріссіз қолданылуда.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының морфологиялық көзқарастарында өз кезеңіне тән ерекшеліктер болғанымен, сөз таптарының анықтамасы әрі түрлері, олардың жасалуы жайлы келтірген тұжырымдары қазақ тілінің морфология саласының бастау көзі. Қазақ тілі морфологиясын зерттеу А.Байтұрсынұлының еңбектері әрі көзқарастары басшылық болатыны анық.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Павлодар, 2008. – 172 бет.

## ӨМІР ҚАРАҰЛЫНЫҢ БАТА-ТІЛЕК ЖЫРЛАРЫ

Жеткізгенова М. Т, Қорғанбаева А. Ж.

Химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі, Ақтау қ, Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада Өмір Қараұлы жырларындағы бата-тілекке өрілген жолдар арқылы ұрпаққа ұлағат ұсынар түйіндерге мысалдар келтіреді. Ұлттық сөз өнерінің имандылық кеңістігіндегі мұсылманшылық көзқарасын өлеңге орайластыра өріп, философиялық түйін жасап отырады. Қазақ ақын-жыраулары шығармашылығы туралы әдебиет пен фольклор дәстүрін саралаған еңбектерге шолу жасалады.

**Түйінді сөздер:** бата, жырау, жыр, рухани, әдеби-мәдени мұралар, ғылыми

Бата – бабаларымыздың ұлағат өрілген қастерлі сөз түйіндерінің екшеліп, ақыл елегінің сүзгісінен өткізіліп, өмір тәжірибесінің жоғары сана деңгейінде қорытындыланып, даналық мәйегі тұнған, адамгершіліктің ереже-қағидасы болып саналатын қасиеті мен киесін бойына жиған рухани байлығы. Бата-тілек жырларын халықтық психологиялық көзқарастары танылатын, ғасырлар бойы жинақталған ұлттық дәстүрлер негізінде этнографиялық мәселелер көрініс беретін, тәрбиелік-тәлімдік ізгі ойлардың түйдек-түйдегімен төгіліп, бейнелі сөз өрнектерімен өріле жырланып, сөз бен саз тоғыса ұйқас, әуезділік құдіреті басым көрінетін философиялық-дидактикалық шығарма деп көрсетуге болады.

Этнопедагогикалық өлеңдер тобындағы нақыл-өсиет, насихат, қонаққәде, дидарласу-сәлемдесу жырларымен салыстырғанда магиялық әсері мықты шығарма. Себебі, бата сөзінің мән-мағынасы, құрылымы адам жанын серпілтіп, көңілін марқайтып, талабын қанаттандыра ақ тілек түзеді.

Ақын-жыраулар мұрасындағы батаның ерекше орын алатындығы осында. Сапарға дайындығы бар жанның бас амандығы мен, жол жеңілдігін қалап, қадірлі тұлғалардан, ауыл ақсақалдарынан бата сұрап, үлкен мән беруі де халқымыздың тыныс-тіршілігіндегі мықтап орныққан құбылыс.

Осы орайда Маңғыстау ақын-жыраулары қатарында рухани әдеби-мәдени мұралар жасауда өзіне тән айрықша қолтаңба қалдырған Өмір Қараұлының шығармаларында бата-тілек жырларының үздік үлгілеріне назар аударуды жөн санадық.

Өмір Қараұлы 1856 жылы Маңғыстаудағы Тұщыбек мекенінде дүниеге келіп, 1918 жылы сол өңірде өмірден озған. Бейігі Тұщыбекте. Ауылының жазғы қонысы – Мырзайыр, Басқұдық мекендері болған ол ауыл молдасынан сауат ашып, білім алған. Жасөспірім шағынан-ақ жиын, тойға қатысып, ақындық, зергерлік, сәулетшілік өнер жолына түскен. Өлеңді жазып шығарған Өмір қазақ өлеңінің гармониялық үйлесімін, әуездік байлығын толық сақтаған. Ит жылғы (1910) жұттан кейін Жаңғақ ойына (Түрікменстан) көшіп барып, жұтқа ұшырап, тұрмыс таршылығын көріп, Маңғыстауға қайта оралады. Ел арасына тараған, ұрпақтарының қолында сақталған басты шығармалары: «Терме», «Беташар», «Қара өлең», «Тойбастар», «Атасы барда арман жоқ», «Тойбастар» (екінші түрі), «Ит жылғы жұт», «Шалбар Оспанға», «Мұхаммедия Кентаевқа», «Штатқа», «Біздің халық әуелде», «Аппаққа», т.б. өлең-толғаулары.

Өмір ақын мұраларын тиянақтап жинақтап, зерделеуде И.Ұйықбаев, Қ.Сыдиықұлы, Ж.Жылқышыұлы, Ә.Мәткерев, М.Ақмырзаев, Б.Нұрдәулетова, Ж.Қобланов, Е.Еміл, С.Құдайберген, А.Өтешов, т.б. зерттеушілер мен жыршылар көп еңбек сіңірді. Әсіресе, ақын шығармаларына текстологиялық талдау жүргізіп, шығармаларындағы тілдік ерекшеліктерді саралаған ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.И.Нұрдаулетованың ғылыми еңбегін айрықша атауға болады.

Жалпы, Өмір Қараұлы шығармашылығына қатысты ғылыми мақалалар қатарына ғалымдар Қ.Сыдиықұлының «Сәулетші, ақын, Қырымқұл Өмір Қараұлы»,

Ж.Қоблановтың «Ақсұңқар құстың сойы едің...», Ә.Т.Жеткізгенованың «Тойынды базар ду қылып...», «Өмір Қараұлы шығармашылығындағы қонаққәде жырлары», Поэтические произведения (стихи), связанные с культурой гостепреимства, в творчестве Омира Караулы» және танымдық мақалалар қатарына І.Шыртановтың «Ескерткіш жайлы бірер дерек», журналист С.Құдайбергеновтің «Зайырлы тұқым сойынан», Өмірдің немересі З.Назарованың «Сәулетші» еңбектерін атауға болады. Сонымен қатар арнайы зерттеу нысанына айналдырмаса да Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшелігін зерделеген ғалым Б.Нұрдаулетова «Маңғыстау ақын-жырауларының тіліндегі ерекше сөздердің түсіндірмесі», «XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшеліктері», «Көне күннің жыр күмбезі», «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуальдық бейнесі», «Когнитивті лингвистика» атты монография, оқу құралдары, оқулықтар, жинақтар арқылы ақын шығармашылығының ғылыми айналымға түсуіне көп еңбек сіңіргендігін баса айтқан жөн.

Символикалық сөз-образдарға бай Өмір Қараұлының шығармалары Ұзақбай Қазжанұлы, Асан Әминұлы, Әбдірахман Қожақұлов, Дәнебай Нұржанов, Өткелбай Ұзақбайұлы, Қайролла Әбдіұлы, Ниязхан Қоңырбайұлы, Жеткізген Сейітов, Амандық Көмеков, Ақылбек Өтешов, Аманбек Сәуірбаев, Болат Бисенқұлов, Измұрат Молбаев, Изжан Қалқанов, Сәттіғали Нұрдәулет, Бердібай Тойғұлиев, т.б. жыршылармен орындалып, олардың репертуарынан тұрақты орын алған.

Өмірдің бізге жеткен әдеби мұраларының ішінде екі түрлі батасы бар. Екеуі көлемі мен мазмұны жағынан біршама ерекшеленеді.

Бірінші батасы көлемі – 116 жолдан, 7-8 буыннан, екінші батасы 16 жолдан 11 буынды өлшемнен тұрады.

Бірінші батасы мұсылман діні шежіресінен мысалдар келтіру арқылы, адамзаттың даму тарихындағы өмір сүру кезеңдерін санамалап, адамның ана құрсағына пайда болған күнінен бастап дүние есігін ашып, ата-ана қамқорлығында болған сәті, жетілу жас кезеңдеріндегі қимыл-әрекет, мінез-құлық ерекшеліктері тізіледі. Бала шағынан болашағына дейінгі рухани қажеттіліктерді ойшылдық тағылыммен өре отырып, өмірбаяндық бағытта жырлап өтеді. Кеше мен бүгінді, болашақты тұтастыра жырлаған ақын бұл өмірдің өткіншілігін, адамзат ғұмырының өлшеулі уақыт аралығында келер ұрпағына тағылым болар сөз қалдыруды көксейді.

Мұны естіген адамдар,

Бізбенен болсын тілектес.[1, 86]

деп, сөз өнерінің құдіретін игерген ақын оқырманына қорыту, жинақтау, түйсіну жолдарымен шығарманы қабылдану арқылы адами қадір-қасиеттің салмақтылығын ұғындырады.

Адами абзал қасиеттер қатарынан саналатын :

Шеберлік берсең шенсіз бер,

Дүние-мәшінді айналтып,

Халыққа үлгі бергендей

Билік берсең берекет –

Жер көгерткен жауындай.

Ерлік берсең – есепсіз –

Толықсып соққан дауылдай.

Жұпты берсең – сұлу бер –

Сүюге жанның сауында-ай.

Перзент берсең – жүздеп бер –

Қатар шықсын сауырлай[1, 87], -

деп, бата-тілек түрінде жалғаса береді. Осы бата өлеңінде Өмір пенденің тойымсыз, қанағаты кетіп, дүниені ұмытып, байлық қуып кететін ашкөз қасиетінен сақтанып, өлең жолдарында «Дәреже берсең – өлшеп бер, Мұқату үшін жауымды-ай, Дәулет берсең – шақтап бер, Қиямет күні ауырды-ай» деп ескертеді. Ғалымдық, абырой, бақ, тақ, сабыр,

ақыл, сана, шапағат ұғымдарын жалаң тізбей, қажет тұстарын, парасатпен өлшейтін шамаларына қарай беруін сұрайды. Ең бастысы, рухани баға жетпес қазына – иман тілейді. Ұлттық сөз өнерінің имандылық кеңістігіндегі мұсылманшылық көзқарасын өлеңге орайластыра өріп, философиялық түйін жасап отырады.

Өмір Қараұлы тағылымының дүниетанымдық мәні зор екендігі бата-тілек берер алдындағы кіріспе бөлімінде жалпы адамзатқа қарата айтылған ойларының имандылық иірімдеріне қосыла үндесуінен-ақ көрінеді.

Баянсыз пәни-дүние,  
Берсең де қанша тоймадық.  
Әлі күнге мен жүрмін  
Нәпсіні жеңіп, тия алмай  
Ақылым жетіп, жия алмай.  
Ақыреттің азығын  
Аллаға көп-ті жазығым [1, 86], -

деп, пендешілік жолмен сана таяздығынан, жан-дүниеміздің ұсақтық, тоғышарлық, екіжүзділік, опасыздық, дүниеқоңыздық қасиеттер бұғауында тұралап қалмай, Алланың алдына ар тазалығымен баруды, кейінгі ұрпақ жадында тәрбиелік мазмұнға толы рухани бай мұра қалдыруды мақсат етеді. Ақын осы тұста авторлық ойының бағытталу, арналу нысанын жеке адамға, яғни өзіне қарата, өз бойына таңа отырып, жалпы көпшілік бойындағы мінді тізбелейді.

Ақын-жыраулар әдеби мұрасындағы осындай авторлық адресат мәселелері турасында Т.Тебегеновтің: «Ақындық ойдың белгілі бір адресатқа арналуында авторлардың лирикалық қаһарман қалпында Жаратушыға бағытталатын арнау өлеңдерін арнайы атауға болады. Лирикалық қаһарман – жалпыадамзаттық эстетикалық, философиялық-гуманистік ойлау жүйесіндегі пайымдауларды авторлық қорыту арқылы аңғартатын күрделі бейне. Сондықтан ақындар авторлық, лирикалық толғаныстарын адресатқа бағыттауда жеке ұғымдардың жалпылық-жинақтаушылық мәнмен айтылуына ерекше назар аударады. Авторлық ақындық өнер шығармаларында Жаратушыны (Тәңірі-Алла-Құдай) адресаттық нысан бағдарында алып жырлауы – жеке ұлттық және әлемдік әдеби дамудың ортақ дәстүрлер арнасындағы үндестіктерін танытатын ерекшелік» [2, 125 ]- деген пікірімен Өмір Қараұлының бата-тілек жырларындағы ой тұзулеріне тұжырым жасауға болады,

Сондай-ақ, ғалым ұлттық поэзиямыз тарихындағы автор ойы бағытталатын нысан түрлерін санамалай отырып, жырлаушы ақын өзінің шығармашылық мұратындағы айтылған ойларына, сөздерінің көркемдік-эстетикалық қуатына сене, тыңдаушыларына (адресатына) сенім білдіре жырлайтындығын саралаған болатын [2, 124].

Өмірдің бата-тілек жырларының мазмұнында тапсырма талабы басты орынға қойылып отырады. Бата беру арқылы кемшілік-қателіктерді түзету, тыңдаушысын сыннан өткізе отырып, жан сарайынан адамгершілік қасиеттерге орын беру, халық үлгісімен, тіршілік ережесінен ауытқымай, тура жолмен жүру талаптары міндеттеледі.

Ал екінші батасы:

Ойында Маңғыстаудың Шақпақ ата,  
Берейін қолыңды жай, саған бата [1, 89], –

деп басталып, «Қарағым менің батам қабыл болса, – Жылына қысырақты жүзден мата. Ауылдың қонған жері жүлгелі сай, Астыма мінген атым кертөры тай. Шырағым менің батам қабыл болса, Боларсың жыл айналмай мыңғырған бай...» болып тізіледі. Алғашқы батадан соңғы батаның ерекшелігі мұнда негізгі мазмұн мал-дәулеттің молаюына арналған. Шындығында бастан-аяқ бата мазмұны тұтасымен төрт түліктің көбеюі, берекелі болуымен баяндалады. Ата-бабамыз көшпенді өмір салтында төрт түлік малды күнкөріс көзіне айналдырғаны, тірліктің жалғасуы, материалдық қазынаның бірден-бір көзі – осы төрт түлік екені ақын өлеңінде ерекше жарасыммен өрілген. Бұған қоса Маңғыстаудың табиғат ерекшелігінен орай бағуы қолайлы түйе түлігінің: «Ақ отау – әкең

берген тозбасын-ай, желінде – үш жүз інген боздасын-ай» басы өссін деген тілегі көрініс береді.

Ақ отау – баспана, киелі ұғым, ұрпағың жалғассын, басың көбейсін, ата-баба салтын жалға, жолдан тайма деген тілектің атауы. Ақын ең алдымен қажетті баспана, тұрақ-жайдың маңыздылығына айрықша мән бере жырлаған.

Бата берудің небір тамаша үлгілері қырғыз фольклорында да аз емес екендігін көрсеткен зерттеуші Б.Уахатов ұсынған бір үлгіні мысалға көрсетуге болады:

Бата башы дың-дың,  
Малды берсин миң-миң.  
Жылқы берсең ала бер,  
От жақалай бала бер.  
Жүктөрүнө төө бер,  
Жүктөп алып жүре бер.  
Саарына бээ бер,  
Сааған сайын ие бер.  
Желеңдин ал учу менен бул учуна  
Ат чуркаса жетпесин,  
Қас санаған душманың,  
Келерки ушул убаққа жетпесин [3, 81]

«Тегінде бата беріп, ақ тілеу айтып, алғыс білдіру ежелгі ата-бабалар дәуірінен келе жатқан түркі халықтарының ескілікті дәстүрі екені ақиқат. Бұл мазмұны мен мақсаты жағынан да көшпелі түрік тайпаларының ортақ тірлігінен туған.

Ақ тілеу айтып, бата беру қазақ секілді қарашай, татар, алтайлықтарда да бар. Олар мұны «алғыс» дейді. Алғы бірде жаңа түскен жас келінге айтылса, тағы бірде алыс сапарға аттанып бара жатқан жолаушыға, иә, жаңа өспірім жас балаға қаратып айтылады. Мысалы қарашайларда жаңа түскен жас келінге берілетін» [3,80]

Б.Уахатов бата берудің татар фольклорындағы үлгісін де ұсынады:

Қазаның өреле булсын,  
Китмәскә килерең булсын.  
Чүмергәнең май булсын,  
Ашағаның бал булсын,  
Семьяң ишле, бай булсын  
Абзарың тулы мал булсын  
Күңелең кенә тотмасын! [3, 80]

Ғалым осы шығарманың татарлар арасында «арбау» деп те аталатынын және жаңа түскен жас келінге айтылатын татар арбаулары қазақтың беташар өлеңдеріне мазмұн, формалары жағынан өте жақын екендігін атап көрсетеді.

«Алқышлар – татарша ізгі тілектер. Алқышлар – адам тұрмысындағы белгілі бір қуанышты оқиғаларға байланысты айтылады. Мысалы, той қуанышына арнап «Яңа туй булсын, чәкчәк күңелле булсын, һәммәгез де озын гомерле булсын» десе, жас келінге «Алғы итәгеңне бала бассын, арт итәгеңне мал бассын» дейді. Алғысты сахалар (якуттар) «алғыс тылларға» деп атайды» [3, 80].

Қазақ ақын-жыраулары шығармаларындағы «Той бастар», «Беташар» жырларының құрылымында да бата-тілек мол кездесетіндігі. «... той бастар өлеңінің қорытынды бөлімі – ұзатылғалы отырған қызға ақынның бата-тілек жыры. Жұбайлық-жұптық тұрмыстың байлыққа, молшылыққа, сән-салтанатқа, берекеге толы болуын тілей жырлаған ақын жыры – халық көңіліндегі ойларды қорыта жеткізген тілектер» [2, 147] деп ғалым Т.Тебегенов халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрін саралаған еңбегінде атап өтеді.

Міне, Өмір ақынның шынайы ақындық зердеден туған, зергерлікпен тоқыған сөз саптаулары әсерлі, тартымды шыққан. Көркем қазына-байлығымыз бата-тілек өлеңдерін кейінгі толқынға жеткізу үшін эстетикалық талғаммен жеткізген. Жалпы, Өмір

шығармаларынан ащы, уытты, ызалы, ауыр тіркестерді кездестірмедік. Ақын кез-келген ойын асқан сақтықпен, мәдениетпен жеткізуге тырысқан. Сәулетшінің материалдық мәдени ескерткішті салу үдерісінде әр тасын жымдасып, жігі білінбей қалансын деген арманы өлендерінде де көрініс бергендей ме деп топшыладық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өмір Қараұлы. Бісміллә – сөз басы. – Алматы: «Бабамұра», 2015. – 120 б.
2. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім. 2001. – 332 б.
3. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. -160 б.

**ХАЛЫҚ АҚЫНЫ С.ЖАНҒАБЫЛОВ НАСИХАТ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДҮНИЕ,  
ТІРШІЛІК, ЖАҚСЫ-ЖАМАН ЖАЙЫНДА ҰҒЫМДАР**

**Мешітбаев Ә.**

**Ғылыми жетекшісі: Ә.Т.Жеткізгенова**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ, Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада Қазақстанның батыс аймағындағы ақындық мектептің ірі өкілі, халық ақыны С.Жанғабылов шығармаларындағы философиялық түйіндеулері арқылы пайдалы іске ұмтылу, адалдықты ардақ тұту, адамгершілік мәселесі баяндалады. Халықтық жанрдың дәстүрлі тақырыбын өз шығармасына арқау еткен ақындардың бірі Сәттіғұл Жанғабыловтың өлке тарихын, ата-баба тарихын жақсы білетін шежірешілігімен қоса, ислам тарихының да білгірі болғандығы дәлелденген.

**Түйінді сөздер:** ақындық дәстүр, насихат, қасиет-мінездер, өсиет-нақылдық, гуманизм, мұсылмандық-ағартушылық

Ақынның насихат жырларында қазақтардың дүние, тіршілік туралы таным-түсінігі, жақсы-жаманның ара жігі жайында түсінік ұғымдар жеріне жеткізіле көрініс тапқан. Жақсы әйел, тәрбиелі ұл, көргенді қыз, келін, бай, батыр, кедей, т.б бойында қандай қасиеттер болуы керектігі осы насихат өлеңдерде көрінеді. Мұнда үлгілі қасиет-мінездер мырзалық, мейірімділік, ұқыптылық, т.б мадақталып, ал жаман, зиянды, жиіркенішті құлық- әрекеттер зинақорлық, ұрлық, өтірікшілік, кекшілдік, тасжүректік, сараңдық, қонақты күтпеушілік, т. б сыналып, сақтандырылады. Насихат жырларында қазақтың имандылық пен ізгілік туралы барша таным-түсінігі алақанға салғандай анық көрініс тапқан.

Сәттіғұл шығармаларының тақырыбы әр алуан. «Насихат сөз», «Мұштарих сөз» шығармаларында тірі пендеде болатын сан қилы мінез-құлықтар, биік кісілік қасиеттер, мұсылман дінінің имандылық негіздерімен салыстырыла, дәлелдене асқан шеберлікпен жырланған. Сәттіғұлдың дін тарихынан, пайғамбарлар қауымынан, ата тегі шежіресінен мол білімін аңғартатын шығармалары 7-8 буынды жыр үлгісінде өрнектелген.

Ақын өлеңдерінің негізгі идеясы – пайдалы іске ұмтылу, адалдықты ардақ тұту, адамгершілік мәселесі.

«Насихат сөзі» мен «Мұштарих сөзінде» бастан-аяқ діни мысалдар өте бай жинақталған, туынды мұсылман діні шежіресінің нақты деректеріне сүйене жазылған. Автор толғанысқа толы жырларында адамгершілік, имандылық, әдептілік мәселелерін қозғайды. Өсиет, үгіт-насихат түрінде берілген толғауда ата-анаға бала мейірімі, адамдар арасындағы шынайы сыйластық қарым-қатынас, отбасы жарастығы, татулық, туыскандық сезімдер, тәрбие маңызы сөз болады.

«Шығыс әдебиеті дәстүр негізінде қазақтың ақын-жыраулары шығармаларында қисса-дастандар деп аталатын жанр пайда болғандығы белгілі. Әдетте, ақын-жыраулар өздері шығарған қисса-дастандарға сюжетті ежелгі мифтерден, ертегі-хикаялардан, құранның алған» [2,25].

Міне, осы аталған халықтық жанрдың дәстүрлі тақырыбын өз шығармасына арқау еткен ақындардың бірі Сәттіғұл Жанғабылов болса, ол өлке тарихын, ата-баба тарихын жақсы білетін шежірешілігімен қоса, ислам тарихының да білгірі болған. Ақынның Құран, «Қисса-сул-Әнбия» ізімен жазылған инабаттылық, парасаттылық, имандылық жайындағы діни ұғым араласқан көптеген шығармалары кеңестік дәуір кезеңінде саясат салқынына ұшырап, көпшілік назарынан сыртқары болып келді.

Бірақ, «аққа құдай жақ» дегендей, тәуелсіздік күні туып, халық арасында үлкендердің, жыршылардың жадында сақталып қалған ислам дінін насихаттау

бағытындағы «Насихат сөз», «Мүштарих сөз», «Абдолла хазіреттерге», «Әзіреті Ғалидың құл болып сатылуы» сияқты кейбір шығармалары, сондай-ақ, дін тақырыбындағы жұмбақ айтыстары табылып, оқырмандарымен табысуда.

«Ақынның «Насихат сөз», «Мүштарих сөз», «Абдолла, Әбді хазіреттерге», «Әлеумет, келдің алқалай» туындылары өсиет-нақылдық мазмұнмен жазылған өлеңдер. Аталған шығармаларында ақын бұл дүниедегі қозғалыстардың, қасиеттердің бәріне де мұсылмандық-ағартушылық танымымен баға береді» [3,14].

Ақынның насихат өлеңдеріндегі дидактикалық-ғибраттық ақыл-кеңестердің арнасында көптеген гуманистік мұраттар жырланады. Ол пәни мен бақи аралығындағы тіршілік кезеңін мағыналы, адами қалыптан ауытқымай өткізуді уағыздайды.

Ақынның «Төрт Назарға арнау сөзінде» Адай руының Жары тармағынан тарайтын Қыдыр көрген Назар аулының жақсылары мен жайсаңдары, яғни, ел қорғаны болған батырлары, тура билері мен қайырлы байлары, ауру жанға шипасы тиген көріпкел-емшілері, мұсылман дінін адал ұстанып, шайхы атанған, «ілімге көңілін байлаған» бойына ерекше қасиет дарыған қазірет, ишандары санамаланып, тарихи аңыздар, нақты деректер негізінде баяндалады.

Халық аузында айтылатын «Қыдыр көрген Назар» атауының негізі аңыздық желіні құрайды.

Арғы түбі ел аузындағы жайды Сәттіғұл ақын төмендегіше жырлайды.

Харазымның ойында  
Мәткерім пірге қол берген  
Ақиқат түзу жол көрген,  
Ең әуелі Адайда  
Атанған шайхы-пір болды,  
Бұл да бір үлгі-түр болды  
Тастемірдің Айдары,  
Пір тұтылып қол берді  
Бірқатар жұрты-аймағы,  
Медіресе, мешіт сайлады.  
Адамдарын оқытып  
Ілімге көңілін байлады.  
Тәуекел етіп тәңірге  
Тарихат жолдан таймады  
Сескенткендей серпіліп  
Шайтанға болды айбары...  
...Арғы атасы Тастемір  
Асқар таудай салмағы  
Дария екен жатқан арналы [1,67]

Мұндағы ақын туындысында сөз болатын Айдар ишан атты азамат Назардың Тастемір руының перзенті, ол 1848 жылы туып, 1922 жылы дүниеден өткен. Дін жолы мен адамгершілік жолын берік ұстанған. Бұқарада оқып, діни білім алған. Елге оралғаннан кейін мешіт ашып, балаларға дәріс береді. Оның қарақалпақ пірі Мәткерімге қол бергендігі де маңғыстаулықтар арасында айрықша әңгіме болып айтылады. Қол берудің мағынасы – өзінің жолын ұстауға бел буған жанның білімінің тереңдігін мөлшерлеу үшін пір келген кісіге әртүрлі сұрақтар қояды. Бұған қол беруші дұрыс жауап берген жағдайда ғана қол беру рәсімінің дегеніне жеткені, ықыластың қабыл болғаны болып табылады. Мұндай кісіге жоғары білімді, оқыту, үйрету шеберлігі жеткілікті делініп, шатырқат (диплом) беріледі.

Айдар ишан Сәттіғұлмен аталас туысы болып келеді. Сәттіғұлдың жұбайлары біреуі бала үстінен, біреуі ауырып қайтыс болып, өз кіндігінен тараған он екі перзенті де бірінен соң бірі шетінеп, «қайғының күшті зарпынан көңілі ауып түңілген» сәттерінде жанына жалау болып, жұбатып, иіні кеткен ақынның еңсесін көтеретін жанашыр ағаларының бірі



– Айдар ишан болған. Өле-өлгенше Сәттіғұл мен Айдар ишан бірін-бірі қатты сыйласып, туған бауырдай қадірлесіп өткен. Айдар ишанның Әли деген баласы өліп, үш жасар қызы Ақбибімен қалған жесірі Сәттіғұлға атастырылған. Қазір Ақбибінің өзі балалы-шағалы, Маңғыстау ауданы, Шетпе кентінде тұрады. Сәттіғұл өзі қайтыс боларының алдында «Айдекемнің жанына жерлерсіңдер» деп арнайы өсиет етіп, аманат айтқан екен. Айдар ишан мен ақын жерленген қорымы – Кемеш ата деп аталады. Ұлты түрікмен – Кемеш әулие Айдар ишанның түсінде аян беріп, жатқан жерін нұсқағасын, басына белгі қойып, құрмет көрсетілген екен. Қазір ауырып не болмаса қиналып, қысылған жандар тілегін айтып, басына түнейтін әулиелі қорым. Кемеш ата ауырып жаны қиналғандарға шипа берсе, Айдар ишан өмірде жолы болмай, тауы шағылған талай-талай қамкөңіл жандардың кем-кетігін толықтырып, желеп-жебеген. Сәттіғұл ақынның басына барғандар ең алдымен осы Кемеш атаның, сосын Айдар ишанның, содан кейін барып ақын аруағына тәу етеді. 1922 жылы дүниеден өткен Айдар ишанның аталары ақын жырында:

Тастемір байдың кенжесі  
Ағеділ екен аржағы  
Бұ да тахуа екен шамалы,  
Қасиетімен бір түрлі  
Өлінің халін шамдады, – [1,68]

деп айтылғандай, Ағеділден бері тараған үрім-бұтақтарына ерекше қадір-қасиет дарыған. Ағеділ – Айдар ишанның әкесі.

Аңызда Назардың бір баласы Тастемірді Қыдыр атаның «жүзі қанды екен, көзі жанды екен» деп сынап беруінің өзі жарқыраған көз арқылы таралатын нұр, энергия шуағымен берілген рух ұлылығын, көріпкелдік қасиетін меңзеп тұр емес пе? Адам жүзіне қан ерекше күш-қуат пен тіршілік таралымын, даралық қасиет пен даналық келбет дарытып тұрғанын көрсетеді. Тастемірдің көзі мен жүзіне айтылатын «қанды», «жанды» анықтауыштар оның жеке дене бітімі ғана емес, ұрпағына ұласатын қасиетін болжап берген.

Айдар ишанның баласы Әбдіжаппар діни сауатты молда болып, бала оқытқан кісі. 15 жасында әкесі Айдар ишанның жаназасын шығарған екен. Бірақ қызыл империяның қылшылдаған қылышы бұл ауылды орағытып өте алмайды. Қолында қара құманы, аузында қасиетті құраны жолдас болып Әбдіжаппар Магаданға 25 жылға айдалып кете барады. Бірақ, аман-есен елге оралғаннан кейінгі айтылған әңгімесіне қарағанда аштық-жалаңаштық көріп тарықпапты. Алланың құдіретімен намаз оқыр алдында дәрет алуға ниет етсе, темір тордың құлыбы өзінен-өзі ашылып, жол беріледі екен. Құдірет иесінің қасиетін көзбен көріп, тілдері байланып, бастарын шайқаған түрме қызметкерлері Әбдіжаппардың есігін құлыптамайтын болған деседі. Тағы бір кереметі, күнде таңмен ұйқыдан ояғанда төсегінің бас жағынан 18 сом ақша шығып тұрады екен. Сол ақшаның арқасында тамағы тоқ, дені сау болып, тарықпаған екен. Шындығында, ол елге Сібірде 18 жыл өмірін өткізіп барып, оралған екен. Демек, бұл сан оның айдаудағы өмірінің мерзімін де көрсеткен болып шығады. Туған атамекені Маңғыстауда 1986 жылы дүние салды. Бейіті Тұщықұдық аулының шетінде орналасқан тарыққанды желеп-жебейтін қасиетті қорымда жатыр.

Ақында шығыстық сюжеттердің діни тақырыпты туындылары молынан ұшырасады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанғабылов С. Ой толғау. Өлеңдер. Дастан. Айтыстар/-Алматы: Жазушы, 1986. -1126
2. Ысмайлов Е. Ақындар. -Алматы: ҚМКӘБ, 1956. -340б.
3. Сыдиқов Қ. Ақын жыраулар. -Алматы: Ғылым, 1974. -240б

## КӨРКЕМ ТУЫНДЫДАҒЫ ӨНЕР МЕН ӨНЕРПАЗ ТҮЛҒАСЫ

Жеткізгенова А.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Астана қ. Қазақстан.

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының ақындық, әншілік, күйшілік, сазгерлік, зергерлік, батырлық, палуандық өнерімен жалпақ жұртқа аты мәлім болып, елі сүйіп, еркелеткен өнерпаз серілерінің бірі – Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов бейнесінің көркем туындылардағы көрінісі баяндалады. Аталмыш туындылар Сегіз серінің тамаша туындыларға кейіпкер бола алатын тағлымды тұлға екендігін дәлел еткендігі нақтыланған.

**Түйінді сөздер:** сал-сері, туынды, проза, поэзия, өнерпаз, сұлулар, тағлымды тұлғалар, сыншы

Қазақ тарихындағы қайталанбас дара тұлғалар, серілер туралы сөз қозғалғанда өз заманында асқан сері, беделді тұлға болған Сегіз сері есімі қатар айтылады. Сандаған сал-серілік дәстүрді ұстанған өнерпаздар өзінің ұстазы Сегіз сері болғанын өз өлеңдерінде, әндерінде жиі айтып отырғандығынан да оның белгілі тұлға болғандығы белгілі. Осындай болмыс-бітімі ерекше жаралған, біртуар талантты перзентін мақтан етіп, ұрпағына ұмытылмай жетуін мақсат еткен проза мен поэзия жанрында да біршама көркем туындылар жазылған болатын. Қазақ әдебиетінің алдыңғы буын өкілі ақын Қадыр Мырза-әлидің «Сегіз сері Баһрамұлы» атты өлеңінде оның есімінің «Сегіз» аталуына дейін ерекше мән бере жырлауының өзі қатарынан асып туып, серілік қонған дарынның бойындағы айрықша қасиеттердің басымдығын аңғартқандай.

Неге сегіз?

Сегіз қырлы болмысы,

Қалай сыймақ тар қалыпқа ол кісі.

Алдыңғысы болса болар тұлпардың,

Емес бірақ сәйгүліктің соңғысы.

Шырқағанда ғашықтардың атынан,

Көкірекке ұялаған жатық ән.

Неге сегіз?

Иықтағы жалғыз бас,

Бір ғана бас сегіз басқа татыған. [1,59]

Көз тоқтатар көркі бар, ұйып тыңдар үні бар, салмағы ауыр жүктерді үйіп-төгіп тартатын күші бар, өткен-кеткен тоқтап тамашалайтын өнердің барын бойына жиған айтулы дарынның осы есімді иеленуінің өзі бойына жиған сан-салалы, ғажайып болмысының арқасы болар.

Міне, ақындық, әншілік, күйшілік, сазгерлік, зергерлік, батырлық, палуандық өнерімен жалпақ жұртқа аты мәлім болып, елі сүйіп, еркелеткен өнерпаз серілердің бірі – Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов еді. Осы өнерпаз тұлға туралы ғалым Әлкей Марғұлан өзінің «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» еңбегінде «Көкшетау мен Обаған өлкесінде бірінші жарқырап шыққан өнер иесі Сегіз сері. Ол ХІХ ғасырдың басында туып, орта кезінде қайтыс болған кісі, өмірі Тәттімбетке өте жақын. Ол атақты сері, ақын, асқан әнші, өрнекпен сұлу дүние жасаған сиқырлы зергер. Көп өнерді біріктіріп ұстаған дарынды жүйрік болған соң халық оны «Сегіз сері» деп атаған, ескі дәстүр бойынша «Сегіз қырлы» өнерпаз дегенді білдіреді» [1, 29], деп көрсетеді.

Серінің көркем прозадағы бейнесі туралы айтар болсақ, Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаяты серінің тағлымды өмірі мен шығармашылығы

туралы толымды мағлұматтар берілген көлемді еңбек деуге болады. Қадыр Мырза-Әлі Сегіз серіге арнаған өлеңіндегі деректердің барлығы да осы аталмыш еңбекте берілген.

Көмейіне құйып алған бал әнін,  
Ә, дегенше өте шыққан бала күн.  
Жендеттерге ертелі-кеш індеткен,  
Ұстатпаған сағымындай даланың.  
Маңдайға алып нағашы жұрт, батысты,  
Өкшелеген өңкей итпен атысты.  
Ел-жұрты үшін қуғын көрген қазаққа,  
Құс төсектен қымбатырақ ат үсті [2, 51]. –

деген жолдарда Сегіз серінің «Қашқын келбеті» толғауындағы жүріс бағыты, қимыл-әрекеті көрініс берген. Қадыр Мырза-Әлі осы сегіз шумақ өлеңінде серінің әнші-ақындығына қоса, мергендігін, балуандығын, жомарттығын, темірден түйін түйген шеберлігін, зергерлігін, емсектігін (Жолда қансырап өлім аузында жатқан жас сардарды құтқарып, адам қатарына қосып, кейін өзіне атқосшы етіп алғаны Т.Сүлейменов еңбегінде айтылады) толығымен сыйдыра жырлаған.

Сегіз сері әдемілікті, әсемдікті, тазалықты сүйгені аян. Ендеше ақынның шабытын жани түсін, талантын тасытқан, арманына қанат байлатып, өлең өнерінде өрге бойлатып, сандаған сұлу әндердің дүниеге келуіне себепші болған ақша жүзді, ақ маңдай арулар екендігі де белгілі. Аталмыш мақаламызда Сегіздей серіге сұлу сазды әндер тудырып, шабыт сыйлаған сындарлы сұлулардың бейнесін Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаятындағы деректер арқылы саралап көрмекпіз.

«Сегіз он төрт жасында шығарған «Арман» атты өлеңінде ержеткенде өмірінің жақсы болуын аңсайды, болашақ жарының тұлғасын, жүріс-тұрысын, мінез-құлқын көз алдына елестетіп:

Ақша жүз, бота көзді, бойы сұңғақ,  
Зайыбың шақырғанда келсе зырлап.  
Не екенін атқарар іс білу үшін,  
Сұрағын еппен қойып, күтсе тыңдап

Жан серік, қазір қымыз әкелем деп  
Қайтарса сәніменен жақсы жауап.  
Етегі қазине көйлек дөңгеленіп,  
Ауыз үйге шыққанында етсе бұлғақ, – дейді [3,18]».

«Арманына қанат қақтырып, өзіне тең түсетін жар іздеген Сегіз Омбы қаласының түбінде тұратын Ахметқали деген ауқатты кісінің Мүкәрама атты қызына кездеседі. Ол осы бір аруды көргеннен-ақ Қызылжарда оқып жүргенде шығарған өлеңінде сипатталған сұлудың бейнесін танығандай болады. Ақыры, Мүкәрамаға ғашық болып, оған өзінің ішкі сырын білдіру үшін «Арман» атты өлеңін біресе әнге қосып, біресе тақпақтап айтып жүреді» [3,19]. Бірақ, қыз әкесі Ахметқалидың қарсылығына ұшыраған жас ғашықтардың бір-біріне өмірлік жар болуға жолы кесіліп, Сегіз: «Көркем қыз шақырған соң жуықтайын, Басқаны неге саған жуытайын. Өзіңе ықыласым ауғаннан соң, Қалайша, Мүкәш, сені ұмытайын», – деп «Арман» әніне лайық деп іздеп тапқан Мүкарамасына қол жетпесіне көзі жетіп, көңілі налып, сергелденге түскен жас жүрегінің арманын «Назқоңыр» туындысымен өрнектейді.

Сегіздің бұдан кейінгі сезімін қозғаған Ақбет атты аруға арналған «Ақбет», «Қыз келбеті», «Ойлан, Ақбет», «Қош бол, Ақбет» атты шығармалары ақын репертуарына орнығады. Ақбет ару ақынға көңілі құлағанымен, екеуінің жолы екі айрыққа түсіп: «Жапан түзге бәйтерек егіледі, Жапырағы жел соқса төгіледі. Аулың алыс қалған соң, беу, Ақбетжан, Қабырғам сынбаса да, сөгіледі, – деп, ғашықтық дерті жамалған жас ақын көңілі құлазып, махаббатының мәңгі ескерткішіндей аяулы әндерін шығарады.

Сегіз серінің осыдан кейінгі ғашықтық жырларының мазмұнында өзінің отарлау саясатын ұстанған жазалаушы жасаққа сардар болмай бас тартып, патшаға қызмет етпей қашқын болған кезеңдері көрініс беріп отырады. Кезінде Омбыдағы Азиялық мектепте білім алған Сегіздің соғыс ісіне өте шебер екендігін жақсы білетін генерал Горчаковтың ұсынысына келіспегендіктен кейінгі өмірі қуғын-сүргінмен өтеді. Бірақ қашқын өмірдің ащы сыбағалы тұстары да ақын шабытына тұсау бола алмайды. Бір ғажабы, ақын алғашқы албырт сезіміне ерік беріп, өзіне іңкәр еткен Омбыда қалған Мүкәрәма сұлуды еш уақытта есінен шығармаған. Өзіне кездескен сұлулардың бойынан ұқсастық іздеп отырған. Кейін жазған «Ақ еркесі» де осы ғашығын жиі есіне алған сағынышынан туған ән екен. Мүкарамаға деген өшпес сезімі «Қашқын келбеті», «Кісем сұлу» шығармаларында да көрініс береді.

Ысық елінде өзін қадірлі қонақ еткен Истай Таймановпен үзеңгілес жүрген қарт сардар Қалдыбайдың сұлу қызы Ғайнижамалға ғашық болған Сегіз серінің атақты «Ғайни» әні осы жерде туады. Ғашықтық жүрегін жаулап алған ақын сол жерде бір әннің сөзін сан құбылта шырқайды. «Қыз сипаты» мен «Ғайни» әнінің екі нұсқасы осылайша ел аузына тарап кетеді.

Жалғанда естен кетпес Ғайни атың,  
Өртеген өзегімді перизатым.  
Көркіңді бір көруге аңсап келген,  
Ақыны Сарыарқаның Сегіз атым –

деп ән арнаған ақын сұлу қыздан жауап ала алмай отырып «Құрбыма» деген өлеңін де осы жолы шығарған екен. Өзіне деген ғашық халін ұғынған Ғайни сұлу сері жігіттің тілегін қабыл алып, жастар келесі жылы бас қоспақ боп уәделесіп, Сегіз жолдастарымен сапарға аттанып кетеді.

Бірақ уәделі күні қосылмаққа сертгескен сүйген серісін күтіп жүрген ару патша үкіметінің ел арасына шыққан жазалау жасағы халықтың жылқысы мен түйесін зорлықпен жинап, күшпен айдап бара жерінен қарсылық көрсеткені үшін оққа ұшып, қазаға ұшырайды. Жарым деп жанына балап жүрген жанның қазасы серіні ауыр қайғыға салып, «Ғайни» атты күйді шығарады.

Уәде етіп сертгесіп, қол алысқан ару Ғайнидың өмірден өтуі де сері үшін оңайға тимейді. Сергелдең күйде, өзі қашқын кебін киген жігіт сапар бағытында Тілеуқабак байдың Патшайым, Қаншайым есімді сұлу қыздары барын естіп, көруге, тілдесуге құмартып арнайы барады. Барған кезінде Патшайымды жолықтырып, Сегіздің сезіміне қозғау салып, айдай сұлу көркіне ақыл-парасаты жарасқан аруға арнаған «Патшайым», «Қара көз» әндері осы сәттерде туады. Бірақ Патшайым да серінің өмірлік серігі болуына уәдесі берік болғанымен, жас сұлуға сұм ажал тұзағын тым ерте құрып, Сегіз серіге қайғы жамай түседі.

Серінің бұдан әрі жалғасқан сапарында кездесіп, өзін мейман етіп төріне шығарған Қабыл деген бидің Айжамал есімді сұлу қызы да ақынның көзіне түсіп, «Әйкен-ай» әнін шығартады. Өзі қашқын, қонатынын сай білгеннің кебін киіп жүрген абзал ер бұл жолы да Айжамал сұлуға еншілеген аяулы әнін ескерткішке қалдырып, ілгері кетеді. Көңілі кеткен сүйгендеріне қолы жетпеген шерлі ақын бір жерге тұрақтай алмай, ел аралай береді. Оның үстіне патша үкіметінен шен-шекпен дәмектен жалбақайлардың Сегіз серіні ұстап беруге жасап жатқан әрекеттері де жанашыр жандар арқылы құлағына жетіп отырады. Сыр өңірінің шешені Бақтиярдың сұлу қызы бар дегенді құлағы шалған сері жігіт сол жаққа жетпек болып құмартады. Табиғаты сұлулықты қалаған жаны да, ажары да әсем Сегіз серінің Мақпалды көрсем деп ынтыққан көңілі алдамаған екен. «Ажары атқан таңдай, бота көз, қыр мұрында, ақша маңдай» әрі әнші, әрі шешен, әрі ақылды аруды көргенде жүрегіндегі сезім қайта бой көтереді. «Бір күні көршілес ауылда болатын келін түсіру тойына Сегіз және оның серіктерін шақырып, ән салғызып, күй тартқызады. Баһрамұлы сонда Мақпалмен кездесіп, онымен бірге алтыбақан теуіп, талшыбықтай бұралған сұлу қызбен көзімен ғана тіл қатысады. Осы жолы Сегіз сымбатты арудың сұлу көркіне тәнті

болса да, оған ғашықтығын білдіріп сөз айтпайды. Себебі, ол алғашқы сүйген жары Мұқараманы көзіне елестетіп, Мақпалға деген ыстық сезімін тежеуге тырысқан. Бірақ ақындық, әншілік, күйшілік арынына тән мінезі еркіне қоймай, Сырдың аруына ынтықтыра түскен. Сондай бір сәтте Мақпалдың қасындағы Раушан, Құсни есімді серіктерімен салтанатты түрде серуенге шығып бара жатқанын көрген сері «Гауһар тас» әнін шығарып айтады. Осы әнде Сегіз сері Мақпалды қасындағы Құсни, Раушан есімді қыздарды гауһар тасқа теңеген болса керек. Оған әннің қайырмасында ерекше сипат беріп: Беу-беу, Гауһар тас, Құсни, құрдас Раушан, – үшеуінді көргенде, Сәулем-ау, сабырым қалмас» [3,62], - ақылына көркі сай үш арудың келбетін әнге қосады. Өлең жолдарындағы «құрдас» Мақпалға арнап айтылғаны. Ақын сезіміне қозғау салып, жүрегін тербеп, тастың асылы, қымбаты гауһарға теңеген аруларға арнаған осы әдемі әні тамаша сұлу сазбен орындалып жүр. Сегіз серінің Мақпал сұлуға ынтық көңілінен туған әсем әндері жөнінде замандасы әрі досы болған Шығияз ақынның «Мақпал-Сегіз» аталатын дастанында, Өске ақында да (осы атпен «Мақпал-Сегіз» дастаны бар) айрықша атаса, өзі де серілік құрып, ән салған, сөз төркінін түсініп, киесін ұққан Жаяу Мұса «Ер Сегіз» өлеңінде:

Сүйсінді жұрт Сегіз сері әнін тындап,  
Ақынның «Мақпал» әнін көп ел құндап... –  
деп, Сегіз талантына бас иіп, «Мақпал» әнінің ерекше әсері жөнінде тоқталады.

Нұржан Наушабайұлы да «Сегіз сері» дастанында:  
Ер Сегіз сал-сері ерткен түзеп сәнін,  
Әр елдің салдық құрып татты дәмін.  
Найманда Бақтиярдың қызына арнап,

Шығарған жүз елу ауыз «Мақпал әнін» –  
деп, Мақпал сұлуға арналған әнінің бір өзі ғана Сегіздің өзгеден бөлек әнші-ақын екенін жырға қосады. Бірақ сұм ажал созған құрық Мақпал сұлуға да ілініп, Сегіз серіні ғашық еткен көркем қыз да қапыда жау оғынан жараланып, о дүниелік болады.

Бүгінгі күнге Сегіз серінің ғашық болып, қолы жетпеген сүйген қыздарына арнаған әндері: Патшайымға «Патшайым», Мақпалға «Гауһартас», Қарғаш қызға «Қарғаш». Шолпан сұлуға «Шолпан», жұбайы Ырысбикеге «Ақ бидай», «Ырысбике» әндері жетті. Күні бүгінге дейін жез таңдай, күміс көмей әншілер реперуарынан тұрақты орын алған аталмыш шығармалар – Сегіз серінің қай әні де сөзіне сазы сай тамаша туындылар болғандығының дәлелі.

Сегіз әншілік-ақындық, балуандық өнеріне қоса керемет сыншы да болғандығы жөнінде Т.Сүлейменов «Сегіз сері» еңбегінде көрініс береді.

Автор аталмыш еңбегінде Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантайдың есімін Сегіз серінің қойғаны туралы тарихи деректі келтіреді: «Жас сәбиге ат қойғызу дәстүрі бойынша Сәтбайдың келіншегі Күнсұлу құндақтаулы баласын көтеріп, күміс қақталған ер-тоқым ерттелген көк шұбар жорғаны жетектеген қалпында Сегізге сәлем етеді. Өзін сыйлап, ілтипат көрсеткені үшін сері жас келіншекке алғыс айтып баланы қолына алады. Сол сәтте Сәтбай одан ұлына ат қойып тілек тілеуін өтінеді» [214 б].

Сегіз сері жас сәбиге:  
Дәрежесі бейне хан  
Ер боп өссін балақан.  
Ат қой десең балаға  
Есімі болсын Иманжан

Жігіт болсын өнерлі  
Ел-жұртына беделді  
Қамқоры болсын халқының  
Ақылға дихан кемелді –

деп, батыр, дана, данышпан тұлғалардай болуын қалап, сәбиге талапты да талантты ғұмыр тілейді. «Кейін батыр, әнші-ақын Сегіз Баһрамұлының айтқаны келіп, Иманжан (Имантай) беделді адам болыпты. Осы Имантайдың ұлы Қаныш біздің заманымызда белгілі ғалым болғаны мәлім. Имантайдың өз тұсында елінің сыйлы адамдарының қатарына қосылғанын Сегіз өз көзімен көре алмайды Бірақ Баһрамұлы өзінің сыншылық қабілетімен Сәтбай ұрпағының бақыт иесі болатынын алдын ала білген деп ойлаймыз» [215], - деген автор тұжырымының қазба байлықты ел игілігіне жарату жолында бар қайрат-жігерін жұмсап, ақылын білімге ұластырған «ақылға дихан кемелді» дарынды ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижесі қазіргі таңда ғылымның сара жетістіктері болып саналғаны белгілі.

Сондай-ақ, қазақтың маңдайына біткен жарқыраған жұлдызы, аяулы перзенті, ғалым Шоқан Уәлихановтың да ұлт үшін ұлы істер тындырар тұлға болатындығына бата берген тұсы: «Сегіз Шыңғыстың үйінде мейман болып жатқанда, оның келіншегі Зейнеп тұңғыш баласына жас босанып, ұл тапқан еді. Әйелінің қиналмай аман-есен босанғанына, оның үстіне алғашқы нәрестенің ұл болғанына қатты қуанған Шыңғыс елін жиып, шілдехана тойын жасағанда. Жас сәбиін Сегіздің шын атымен Мұхамедқанапия деп атаған. Сегіз келгенде баласының тууын ырымдаған Шыңғыс: «Ұлым өскенде осы Сегіздей жігіттің гүлі болар ма екен» – деп ойлап, Мұхамедқанапия деген есімді қазақтың болашақ ғалымына қойған екен» [93], - деп баяндалады.

Сегіз серінің қазақ балалар әдебиетінің атасы саналатын, қазақ даласына білім шырағын жаққан тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсаринге ауған ықыласы тарихи-ғұмырнамалық хикаятта былайша өріледі: «1953 жылы жазда ел жайлауда отырған шақта Сегіз сал-серілік құрып, Балғожа Жаңбыршыұлының аулына келеді. Балғожа оны жігіттерімен жақсы қарсы алып, бірнеше күн мейман етеді. Серінің әні мен күйлерін, қисса-дастандарын тыңдау үшін Қыпшақ елінің біраз адамы жиылып әңгіме-дүкен құрады. Мәжіліс үстінде Балғожа он екі жасар Ыбырай есімді немересін нұсқап: - Батыр, осы ұлым туралы не айтасыз? – деп Сегізге тілек-сұрақ қояды» [236]. Сонда сері «Балғожаға» деген өлеңін шығарып, Ыбырайдың болашағы зор, талапты жас екендігіне үлкен сеніммен:

Балжеке, жақсы ағасыз, жасың үлкен,  
Ауызға келген сөзді несіне іркем  
Ыбырайжан бұл отырған бұбұл құсың,  
Болады халық ардағы, іске икем.  
Біріндей осы ұлың күн мен айдың,  
Сырына қанық болар әрбір жайдың,  
Тіл-көз бен сұқ сөздерден есен болсын.

Асады қатарынан Ыбырайың [237], – деген екен. Ыбырай Алтынсарин сол Сегіз серінің арманын жалғап, елінен қараңғылық пердесін түріп, ең алғаш қазақ даласында балаларды сауаттандыруға бел шеше кіріскен, «Қазақ хрестоматиясын» жазған айтулы тұлға болғандығы белгілі.

Қазақ әдебиетінің ғана емес, мәдениетінде, өнерінде, елі азаттығы үшін күрескен батырлығымен тарихында аты қалған халқымыздың асыл ұлы Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақовтың тағлымды өмір жолдары мен шығармашылығы арқау етілген көркем туындылардағы өнерпаз тұлғасы даралығымен ерекшеленген. Сегіз сері бейнесі проза саласында болсын, поэзия жанрында болсын өмірінен алынған деректермен байланыса өрнектелгені жоғарыда сөз болған шығармалар дәлел бола алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қадыр Мырзаәли. Еңіреп өткен ерлер-ай. (өлең-тарих, өлең-портреттер).-Алматы, «Арыс» баспасы,2001.-112 бет.
2. Әлкей Марғұлан. Қазақтың сал-серілік дәстүрі. – Алматы: Өнер, 1981. – 270 б.
3. Сүлейменов Т. Сегіз сері. – Алматы: Өнер, 1991. – 270 б.

## ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Каримсакова Б.А. Дүйсенова Г. Е.

ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау. Рефлексияны адам табиғатына тән болғандықтан ойлау, ес, сана сияқты танымдық үдерістерден бөліп қарауға болмайды.

**Түйінді сөздер:** рефлексия, сыни ойлау, оқушы, әдіс-тәсілдер, топтық жұмыс.

Жалпы алғанда, рефлексия зерттеу секілді: адам мұнда өзінің ішкі дүниесін жан-жақты қарастырады, яғни өзін өзі зерттейді. Бұл зерттеудің басты тақырыбы адамның өзі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда рефлексия адамның өзінің ішкі ахуалы мен өзгерістерін тануы іспеттес: адам жасап жатқан әрекеттерін бір сәтке доғарып, өзінің ішкі жан дүниесіне үңіледі, өзімен өзі әңгімелеседі, сырласады, әрекеттерін талдап, оларға баға береді, өзіне «сырт көзбен» қарайды. Осыдан кейін әрекеттеріне өзгерістер енгізеді, кемшіліктерін түзейді, оларды болдырмаудың жолдарын қарастырады, болашақта қандай істер жасайтындығын жоспарлайды. Жалпылама алғанда, рефлексияның қадамдары мынандай болуы ықтимал:

- 1) Аялдама жасау (тоқтау);
- 2) Артқа қарау: түсіну, талдау, бағалау;
- 3) Өзгерістер енгізу;
- 4) Болашақты жоспарлау.

Рефлексия сыни ойлау арқылы жүзеге асырылады, өйткені мұнда дайын жауап жоқ, оны іздеу керек, іздену қажет, жобалау мен жоспарлау керек, болжам жасап, жаңалық ашу қажет. Рефлексия күмәндану мен терең ойлануды қажет етеді, мұнда өз әрекеттерінді, ойларыңды, ұстанымдарыңды жан-жақты қарастыру керек, өзіңе өзің толассыз түрде сұрақтар қойып, оларға жауап табуға ұмтылу. Бұл туралы Дж.Дьюи «Егер пайла болған ой лезде қабылданатын болса, онда алдымызда сыни ойлау емес, мұнда рефлексия minimum түрінде болады» деп айтқан да, әрі қарай рефлексияны «затты жан-жақты зерделеу, ойлану, ойды дамытатын және оны не құптайтын, не жоққа шығаратын қосымша деректер мен жаңа жәйттерді іздестіру», - деп атайды [1,23].

Рефлексия - өзіндік тәжірибе, өзін-өзі тану мен өздігімен үйрену туралы ойлану. Ол білім алушыларға өзінің үйрену әрекеттері мен амалдарын айқындау мен нақтылау, үйренудің мақсат-міндеттерін тұжырымдау, үйрену нәтижелерін сараптап, ой елгінен өткізу мүмкіндіктерін береді.

Бастауыш мектеп оқушысының рефлексиясы – бұл ең алдымен, оқу іс-әрекетінің тәсілдерін саналы ұғыну, оның мағыналық ерекшеліктерін табу. Оқушылар орындалған іс-әрекетті саналы ұғынып қоймай, сонымен бірге оның қалай орындалғанына баға беру. Рефлексия қарастырылатын әрбір мәселе бойынша толғанып, жан-жақты зерттеп, өз түсінігін қалыптастыру, өзінді тану мен түсіну, ішкі жан дүниеге үңілу, өзінмен сырласу, өзіңе есеп беру дегенді білдіреді.

Сонымен рефлексияда адам әрекеттерін бір мезетке тоқтатып, жан-жағына байыппен қарап, өзіне мынандай сұрақтар қояды: «Мен кімін? Қандаймын? Не істеп жатырмын? Осы әрекеттерімнің мақсаты қандай? Мен қалай әрекеттенудемін? Бұл маған не береді? Мен мұны қалай қолданамын? Маған мұны қалайша өзгертуге болады? Енді не істеймін?» Бұл сауалдарға ол өз алдында бүкпесіз шындық тұрғысынан адал түрде жауап береді, басқа да сұрақтарды туындатып, оларға да жауап іздейді. Адамның өзімен өзі жасаған диалогы осылайша жалғаса береді, тіпті үздіксіз сипат алады.

А.Әлімов осыған байланысты үйрену адамның өзінің жасаған әрекеттерін есіне түсіріп, оларды нақты айқындағанда ғана іске асырылады (мән-мағынасы, қиындықтары мен оларды шешу жолдары, түрлері, құралдары, нәтижесі, т.б.), яғни рефлексия арқылы әрекеттердің реті мен мазмұны қарастырылып (адам әр қадамын өлшеп-пішіп алады), проблема шешіледі де адам

осындай тұжырымдау арқылы өзіндік пікір мен ұғым қалыптастырады. Үйрену – рефлексияның нәтижесі [2,67].

Оқушыларды әр сабақта рефлексия жасауға үйрету керек. Өйткені бала рефлексия жасай алмаған жағдайда, яғни өз әрекеттерін түсіндіріп, оларға талдау жасап, бағалай алмаса, онда оның берілген оқу әрекеттерін ғана орындап, бірақ олардың өзінің дамуындағы маңызын түсінбейтіндігі анық. Басқаша сөзбен айтқанда, рефлексия жасай алмайтын оқушы өзінің өзгерістерін де байқамайды.

Үйренуде рефлексия сабақ соңында оқушылардың тақырыпты қандай деңгейде игергендігін білуге бағытталатын қарапайым бекіту мен қорытындылау емес (мәселен, «Сонымен бүгінгі сабақта біз не өттік, білдік, қарастырдық?») секілді сұрақтар арқылы).

Рефлексияда оқушы өзінің қалай үйренгендігін (үйренудің қадамдарын, әдіс-тәсілдерін) талдап, оларды түсінуге тырысады. Ол өзінің атқарған әрекеттерін зерделеп, олардың берген нәтижелерін нақтылайды, оларды қалайша жақсарту болатындығы туралы ойланады. Мұндай зерттеу жұмысы білім алушыға жасалынған іс-әрекеттерін талдап, оларды бағалау мүмкіндігін беріп, оны сонымен бірге болашақтағы үйрену амалдарын жоспарлап, өз білгендерін арттыруға ынталандырады.

Рефлексияда адам өзімен ылғи да диалогта болады: оның психикасы екіге бөлінеді. Бір бөлігі «Мен-өзім» болады да, екінші бөлігі «Мен-басқа» рөлінде болады, немесе, М.М.Бахтин бойынша, «Мен-орындаушы» және «Мен-қадағалаушы» болып екіге бөлінеді. Адам осылайша өз әрекеттеріне сырт көзбен қарап, оларды екшейді, таразы басына салады, олардың дұрыс-бұрыстығын ажыратады. Ылғи да «Мен оның (яғни өзінің) орнында болсам, не жасар едім?» деген ой үстінде болады.

Бұл ұйғарымға сәйкес, психолог А.А.Бизяеваның өте орынды келтірген мысалдарына сүйенсек, мұғалім сабақта «Мен-орындаушы» ретінде жаңа тақырыпты түсіндіреді де, ал «Мен-қадағалаушы» рөлінде «Мен қалай түсіндіріп тұрмын?» деп өз әрекетін талдап, оны бағалайды. Осыған ұқсас шахмат ойынында шахматшы тек алдында отырған адамға қарсы ойнамай, ойша қарсыласының орнына отырып, соның жүрістерін жасап, оларға қарсы жүрістерді ойластырып отырады [3,45].

«Мен-басқа» ұғымы адамды шынайы түрде жан-жақты қарастырғандықтан, адам мұндай «қарсыласының» ескертпелерін, айқындаған қателері мен олқылықтарын алдын алып, оларды түзетуге тырысып отырады. Басқаша сөзбен айтқанда, «Мен-басқа» адамға тыныштық бермей, оны үздіксіз мазалап, тоқтатпай, оның әрі қарай жылжуына, дамуына себепкер болады. Адамның танымы (білімі) осылайша бір-біріне қарама-қарсы полюстердің қақтығысуы нәтижесінде өседі.

Рефлексия оқушының есте сақтау қабілетін, ойлауын, елесін, басқалармен қарым қатынасын дамытады. Сұрақ қоя алу, қажетті ақпаратты іздеп таба білу, оны өзгертіп пайдалану, әрекеттерге, пікірлерге сыни тұрғыдан баға беру, өзгенің және өз әрекетін бағалаудағы тәуелсіздік, дәлелдей алу үшін дәйектер іздеу, пікірталасқа бейім болу, басқалармен әрекеттесе алу – бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетінің субъектісі ретіндегі рефлексиялық дамуының көрсеткіштері. Бұларды қалыптастыруға болашақ мамандарды арнайы даярлау қажеттілігі артады.

Мұғалім оқушыға білім мазмұнын оқып-үйренудегі сын тұрғысынан ойлау технологиясын: «Оқушылар сабақта нені білу керек?», «Қалай білу керек?», «Не үшін білу керек?», – деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін меңгерте отырып, сабақты өткізу барысында: «Мен нені бақыладым?», «Ойлаған ойым жүзеге асты ма?», – сұрақтары туындаған кезде өзінің іс-әрекетіне талдау жасап, өзін өзі бақылып, өзін өзі жетілдіріп, ой қорытып, өзін өзі бағалау арқылы рефлексия жасай алуына бағытталған жұмыстарды ұйымдастыруы қажет.

Рефлексия күнделікті оқу үдерісі кезінде жүргізілген жағдайда оқушыға жеке даму траекториясын анықтауға, өз жұмыстарын өңдеуге және жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі. Ал мұғалімге оқушының материалды қаншалықты меңгергені туралы ақпарат жинақтауға, талдауға және жоспарлауға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық қабілеті оқыту үдерісінде жүзеге асады. Бұл үдеріс баланың өз бетінше білім алуымен, өзін өзі бағалай алумен, өзін өзі реттеумен тығыз байланысты. Дәстүрлі оқытуда мұғалім дайын білімді оқушыларға өзі мазмұндап айтып беретін, ал оқушы дайын нәрсені алып, рефлексия туралы сөз болмайтын. Ал қазіргі



оқыту жағдайында жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдың бірі – білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы.

Оқу әрекетіне деген рефлексивті қатынасты қалыптастыру – өздігінен білім арудың, өз бетімен ізденудің, өзін өзі тексерудің, өзін өзі бақылаудың, өзін өзі бағалаудың кешенді қамтамасыз етудің негізгі құралы болып табылады. Оқу әрекетіндегі рефлексия – оқу әрекетін жүзеге асырып субъекттің ойлау, қабылдау қабілетін жандандырады. Себебі оқу әрекетіндегі рефлексия арқылы оқушы өзінің даралығына, өз ойының дұрыстығына, өзі орындаған тапсырмаларды талдау, бағалау арқылы көз жеткізсе, оқу әрекеті өз пікірін таразылап түсінуге, өз ойын дәлелдеуге мүмкіндік алады. Оқушы рефлексия арқылы өз оқу әрекетінің тәсілін түсініп білімді саналы меңгере алады, яғни рефлексия – оқушыға алынған нәтижені талдауға, алдағы жұмыстың мақсатын анықтап, оған жету жолын өндеуге үйретеді, өзін өзі тексеріп, оқу қызметін бағалауына мүмкіндік береді. Сондықтан да рефлексия – өзін өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы.

Өкінішке орай, практикада бастауыш мектеп оқушылары өткен материалдың мәніне көп көңіл бөлмейтінін, қойылған талаптарды шала түсінетіні, тек нәтижені ғана тексерумен шектелетіндігі байқалады. Соның нәтижесінде оқушы өз әрекетін талдай, бақылай білмейтіндігін көрсетті. Өздеріне деген сенімсіздіктері байқалады. Міне, сондықтан да оқушыларда оқу әрекетіне деген рефлексивті қатынасты қалыптастыру өте қажет.

Рефлексияны тек сабақтың соңында ғана емес, сабақтың кез келген кезеңінде жүргізуге болады. Рефлексия жүрген жолыңды саналы түрде ой елегінен өткізу, байқағаныңды, ойларыңды, түсінгеніңді жинақтау деген сөз. Рефлексия арқылы оқушы сабақтағы өз әрекетін бақылап, бағалап қана қоймайды, сонымен бірге өзінің қабілетін басқалармен салыстыруға мүмкіндік алады.

Қорыта айтқанда, рефлексия бұл жерде тек сараптамалық қана емес, дамытушылық та қызмет атқарады. Бастауыш мектеп оқушысының рефлексиясы – бұл ең алдымен, оқу іс-әрекетінің тәсілдерін саналы ұғыну, оның мағыналық ерекшеліктерін табу. Оқушылар орындалған іс-әрекетті саналы ұғынып қоймай, сонымен бірге оның қалай орындалғанына баға беру. Рефлексия қарастырылатын әрбір мәселе бойынша толғанып, жан-жақты зерттеп, өз түсінігін қалыптастыру, өзіңді тану мен түсіну, ішкі жан дүниеге үңілу, өзіңмен сырласу, өзіңе есеп беру дегенді білдіреді. Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясы оның танымдық, мотивациялық және іс-әрекеттік дағдыларын дамытады.

Болашақта бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытуды балабақша тәрбиеленушілерінің рефлексиялық қабілеттерін дамытумен сабақтастық тұрғысында зерттеу керек деп санаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау, филос. док. (PhD) ... дис – Алматы, 2019. – 287 б.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО – да қолдану мәселелері: оқу құралы. - Алматы. Кантана пресс, 2013. – 447 б.
3. Бизяева А.А.. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия. - Псков, 2004. – 216 с.

## АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІ

Бүркіт А

Ғылыми жетекшісі: Қобланов Ж.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Абайдың рухани болмысын терең танып білу үшін, ақын сілтеп отырған «екі жаққа» яғни Батыс пен Шығыстың рухани ой қазыналарына барынша терең бойламайынша, оларды екшеп сусындаған ақын ойының соқпақтарымен жүре отырып зерттемейінше, көздеген нысанаға дәл жету қиын.

Мақалада Абайдың шығармашылығындағы шығыстық сарындар мәселесі талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

**Түйінді сөздер:** поэзия, шығыс әдебиеті, өлең, дәстүр, жаңашылдық.

Шығыс мәдениетінің алтын дәуірінде туған өшпес жұлдыздар: Әбілхасым Фирдоуси, Низами Ганжауи, Хожа Хафиз, Омар Хайям, Әлишер Науайылар өз заманының рухани абызы, батагөйі, ақындық қайнар бұлағы болды. Шығыс әдебиетіне еліктеп бір кезде батыс классиктері де талай-талай одалар, эпиграммалар, шығармалар жазған: Шекспирдің, Гетенің, Байронның, Монтескьенің Шиллердің, Пушкиннің, Лермонтовтың күншығыс мәдениетіне, әдебиетіне арнап жазған өлең мен шығармалары аз емес.

Уильям Шекспирдің «Отеллосы», Джон Гордон Байронның «Абидостың қалыңдығы», Александр Пушкиннің «Бақша сарайындағы фонтаны», Шарль Монтескьенің философиялық романымен жазылған «Персиялық хаттар» - француз өмірімен Персия өмірін жарыстыра отырып, романның бас кейіпкері хаттары арқылы Батыстың буржуазиялық салт-санасын, деспотизмін сынауы, Марль Француз Вольтердің күншығыс тақырыбына жазылған трагедиялық драмалары «Зайра», «Мұхамед», Михаил Лермонтовтың грузин халқының өмірінен алып жазған поэмасы: «Демон» немесе Низами Ганжауидің «Жеті ару» дастаны, Фридрих Шиллердің назарын аударған Карло Гоццидің «Турандот ханшайымының» сюжетіне кірген сияқты мысалдар келтіруге болады. Ертеде дүниежүзіне тараған Низами мен Науайының бес дастаны «Хамсасын» яғни «Ләйлі Мәжнүн», «Хұсроу мен Шырын», «Фархад-Шырын», «Ескендір-Наме», «Сырлы қазынасын», Әбдірахман Джамидің «Ескендір намесі», «Жүсіп-Злихасы», «Ләйлі-Мәжнүн», «Алтын таспиығын», «Жеті тағын», Фирдоусидің «Шах-намесін», арабтың «Мың бір түнін» білмейтін қазірде Азия мен Еуропада халық жоқ деуге болады[1,87].

Бір ғана «Ләйлі-Мәжнүн» адам сүйіспеншілігінің ұлы дастаны, ұлы романтикасы. Дүниежүзінің әдебиет қазынасы болған Шекспирдің «Ромео мен Джульетасынан», «Ләйлі-Мәжнүн» кем бе, дәлелірек айтсақ «Ромео-Джульетаның» алдында тұрған түпсіз махабаттың хикаясы туралы тамаша дастан осы ғана. Арабтың Арон Рашидтің Халифа заманында, Индияның ұлы моғолдары, Персияның Сасаниттер сельджуктер тұсында музыка, сәулет, философия дамуы өз заманының шыңына жетті, сонымен бірге үш континеттің түйісі болған Орта Азия теңізі арқылы бүкіл Еуропаның дамуына да, Шығыс әдебиеті әсер етті.

Түн дүниесіндегі тынысы ауыр медреседе болашақ ақын Абайдың оқу-тәрбиесі басталды. Айналасы - басына сәлде, үстіне ұзын шапан киіп, көзді сүрмелеп, мұртты таңқита қиып, бес уақыт намаз, ораза, тарауық иптар арасында таспиық-шаһилилмен өткен түндерін көріп, қайыр-ниязға құзғындай таласатын: кәрі қалпе, қараңғы шәкірт, соқыр хазірет болады.

Сол кезде бұл ортаға ой-сезім, қиялдарының ешқайсысы бойсына алмаған қыр баласы, жас талапкер дұғаны жаттаудың ара-арасында өз бетімен іздене бастайды. Бала

қиялын мыналар ортасынан, мыналар дүниесінен бөлегірек бір тұлғалар өзіне қарай бой ұрғызады. Жақсы жайлау, өзгеше бір қоныстың шеті тартады.

Фзули, Шамси, Сәйқали,  
Науаи, Сағди, Фирдауси,  
Хожа, Хафиз-бұ һәммаси,

Мәдәт бер я шағири фарияд![2,60] -

деп сыйынады. Өлеңіме медет бер, ұлы ақындар! Бұл жас ақынның тұңғыш тырнақ алдысы, поэзияның есігін енді ғана ашып, ақындық табалдырығынан алғаш аттауы. Ә дегенде аршылмаған жас ақындық қуаты бұғанда пір тұтып, сыйынғаны шығыс классиктері болды. Бұл өлеңді Абай 14 жасында жазған.

Сол медреседегі жылдарда ол шығыс классиктеріне бой ұрып, солардың үлгісімен ғазалдар түрінде «Әліфби», «Йүзі Раушан» деген екі өлең жазады. Бұл өлеңдерге парсының аруз өлшемін қолданған. Сонымен бірге өлеңнің өлшемі де ұйқасымен ырғағы да шығыстық шағатай үлгісімен, шағатай мәдениетінің ақындарына ұқсас жазылады. Осыған айқын дәлел «Әліфби» өлеңін Абай:

А. Әліф дек ай йүзіңе ғибрат еттім,  
Б. Би, Бәләй дертіңа Ниспат еттім.  
Т. Ти, тілімнән шығарып түрлі абият,  
С. Си, салай мәдхыңа хұрмат еттім.  
Ж. Жем жамалы қандай-ақ рузи маған,  
Х. Хи Қалайық таппадым жаным сәнән, -

деп араб әліппесіндегі жиырма тоғыз әріптің әрқайсысының атымен бастап лирикалы ғазал жазады да сөзін:

Я, - ярым қалай болар жауап сөзің!  
Мәт қасың тәштит-кірпік, сәкін көзің!

Абай белгісіз қызға арнаған осы өлеңінде араб әрпін түгел өңгеріп, леп белгілерін де қанжығасына байлап ап:

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,  
Болуға асты-үстілі көнсең өзің! [2,60]-

деген эзілқой мысқылмен бітіреді. Бұл не? Оған жауап беру үшін өзбектің XV ғасырдағы ұлы ақыны Науайының:

Шахзадаға айтты ол ғылым сүй деп,  
Ғылымның негізі сол «Әліфби» деп,  
Әліп-алам өзінше ұқты Фархад,  
Би-бала тыңдау болмас содан артық.  
Қайғы оның тал бойын билеп сүйіп,  
Алмақ болды әліпті талша иіп[3,103].

Осы сияқты Науайы, басқа парсы, өзбек, шағатай ақындарын, тек жеке әріптерді өлең арасында әлде қалай пайдаланған болса, Абай бүкіл әріпті түгел алып тамаша шеберлікпен бір сәтте жазып шығады, сөз тіркестері, жүйелері қабысып, бірімен бірі жымдасып, бір ойға, бір мақсатқа қызмет етеді, бұл әрине, оның ақындық шабытының пәрменді қуатынан. Абайдың осы қуатын біз кейінірек «Оспанға» жазған жоқтау өлеңінде көреміз, бұл әрине, сыртқы түрге бойсұну немесе жалаң әріпке күйіттеу емес, өйткені қанша сұлу жазылғанмен құр ғана әріпті айту да эстетикалық мәні шамалы, бұл керісінше ішкі рухтың жемісі, ой ағымның желімі, ақындықтың тамаша өрнегі төл үлгі, қолтума пішін, тың сарын, қазақ үлгісі. Дәлірек болу үшін өлеңді келтірейік:

Жайнаған туың жығылмай  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жасаулы жаудан бұрылмай  
Жаужүрек жомарт құбылмай.  
Жақсы өмірің бұзылмай,  
Жас қуатың тозылмай,

Жалын жүрек суынбай,  
Жан біткеннен түңілмей,  
Жағалай жайлау дәулетің  
Жасыл шөбің қуармай,  
Жарқырап жатқан өзенің  
Жайдақ тартып су алмай,  
Жайдары жүзің жабылмай  
Жайдақтап қашып сабылмай,  
Жан біткенге жалынбай –  
Жақсы өліпсің япырай!... [2,200].

«Ж» әріпімен басталып «ай» мен аяқталатын бұл жоқтау өлеңі, ақындық арынның еркіндігі, сөздің өзінен-өзі бұлақтап аққандай тігісін білдірмей жымпиып тұтасып кеткеніне дәлел. Жыр шапқан аттай жосылып жатыр. Осы сықылды Абайдың «Жалын мен оттан жаралып», «Самародный сары алтын» атты шеберліктің үлгісін көрсетерлік өлеңдері оқушыны тамсандырады. Дыбысқа күйттеп құрылған өлеңді «аллитерация» дейді. Осы үлгі Шығыс классиктерінен көбірек кездеседі. Батыс ақындарында да жоқ емес. Бірақ Абай «күйттеуі» сол 14-15 жасындағы «Әліфпи» мен барша әріпті бірақ тізіп өзгертіп әкетеді де тынады. Теріңірек қарағанда

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,  
Болуға асты-үстілі көнсең өзің!-

деген қазақы әзілмен айтып тұрса да, анығында еліктеу белгісі болып шығады. Сырты он бір буынды, қазақы төрт жолды асқақ ұйқас болғанмен де, бұл өлең де аруз өлеңмен жазылған.

Бұл сол кезде Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ырғақ, кейде ұйқас және теңеу, салыстыру суреттерінің (көзі гауһар сияқты) бәрі де өз тәркіні кім екенін танытып тұр. Ал «Оспанға», «Самородный сары алтын», «Жалын мен оттан жаралып» - бұл әріпті түгелдеуден көрі ақындықтан туған жеміс, «Әліфпи» сияқты жалаң еліктеу емес. Абай тәрізді «Әліфпиді» түгел өлең ету немесе әріппен бір ойды тұтас беру үлгісін біз кездестіре алмадық, сондықтан бұл Абайдың өзіне тән ерекшелігі.

«Әліфбиден» соң Абайдың сол жылдары Шығыс классиктеріне түрін, мазмұнын, ұйқасын ұйқастырып жазған өлеңі - «Йүзі раушан».

Йүзі раушан, көзі гауһар,  
Лағыдек бет үші әхмәр,  
Тамағы қардан һәм биһтар,  
Қашың күдірет, қолы шегә...

Бұл да сол жас кезіндегі алғашқы көрген шығыс классигінің «аруз» үлгісі. Шығыс әдебиетіндегі ғасырлар бойы адам бейнесін, қуатын, сезімін, қымбатты асыл затқа, жиһазға теңеу дәстүр болды. Сол сарынмен Абай да сұлудың көзін гауһарға, бетін «лағылдек» асыл тасқа теңейді, тамағы қардан ақ, қолы шигә дейді. Бұл өлеңді айтып тұрған ақындықтың есігін енді ғана ашқан жас Абай. Ал ержеткен, ақылы толған, кемеліне келген Абай не дейді, енді осыған келейік.

Сөз айттым әзірет Әлі, айдахарсыз,  
Мұнда жоқ алтын иек сары ала қаз,  
Кәрілікті жамандап өлім тілеп,  
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.  
«Әсіре қызыл емес»деп жиренбеңіз.

Түбі терең сөз артық бір байқарсыз. [2,145].

Бұл 1889 жылы ақынның 44 жасында үш ақынды сынап – бірі Көкбай өзінің поэмасындағы қаһарманын ескі араб әдебиетінің қаһарманы Әзірет Әлімен теңесе, екінші ақын Әріп Тәңірбергенов өзінің «Зайда» атты поэмасындағы әйелдің көркін «алтын иек, сары ала қыз, гауһар жүзді»деп суреттейді, үшінші ақын кәрілікті жамандайды. Бұл арада

Абай жалаң сөз, жылтыр теңеуді сынап, адам келбетін - затпен, табиғатпен салыстыру сияқты шығыстың ескі дәстүрінен көрі адам сұлулығын өзінен, кейіпкердің ішкі сезім дүниесінен іздегенін поэмада «әсіре қызыл» - арзан сөзден көрі, терең мағыналы сөздің ұтымды екенін айтады. Сөйтіп Абайдың реализмге мықтап ауысқанын көреміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы: Санат, 1997.- 416 б.
2. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. –Алматы, 2008. - 568 б.
3. Ә.Науаи. Таңдамалы шығармалары. - Алматы. 1948 (1968).- 221 б.

## ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ

Нигметова А. Г.

№28 жалпы білім беретін орта мектебі Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада орта және кәсіптік оқу орындарында шет тілі сабақтарында оқушылардың сыни ойлауды дамытуда шығармашылық қызметі туралы жазылады. Орта және кәсіптік оқу орындарын жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде дамудың қазіргі кезеңінде оқу орындары түлектерінің білім беру және кәсіптік, практикалық және шығармашылық білімдерін меңгеру сапасы артады. Қазіргі заманғы мектептің міндеттерінің бірі оқушының басқа адамға, оның пікіріне, дүниетанымына, мәдениетіне, тіліне, сеніміне, азаматтығына, тарихына, дініне, дәстүрлеріне, тілдеріне, әлем халықтарының құндылықтарына саналы, құрметпен және мейірімділікпен қарауын қалыптастыру болып табылады. Әлем; басқа адамдармен диалог жүргізуге және онда өзара түсіністікке қол жеткізуге дайын және қабілетті.

**Түйінді сөздер:** сөйлеу, шет тілі, даму, заман, оқушы

Шет тілі сабақтары бұл мәселені шешуге арналған. Шет тілі жалпы білім беретін пән ретінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ете алады және ықпал етуі керек. Шетел тілін оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін білім беру, тәрбиелеу және дамыту әлеуеті, олар білім берудің практикалық мақсатын жүзеге асыру барысында ғана дами алады. Басқаша айтқанда, егер оқушы шет тілінде коммуникативті және танымдық қызметпен айналысса (тыңдайды, оқиды, оқиды, жазуды қолданады), ол өзінің білім көкжиегін кеңейтеді, сыни ойлау, есте сақтау, эмоциялар мен сезімдерді дамытады; егер қарым-қатынас процесінде шет тілінде адам туралы әлеуметтік-мәдени қасиеттер қалыптасса: дүниетаным, моральдық құндылықтар және сенімдер, мінез белгілері. Біріншіден, шет тілі пән ретінде әлемге кең "терезе" болып табылады, бұл өмірдің, ғылымның, өнердің әртүрлі салаларында білім алудың құралы, Жалпы білім алу үшін не қажет, бұл әр түрлі салаларда жұмыс істеуге көмектесетін құрал және қоғамдық өмір [1,23].

Шет тілі сабақтарында студенттер көптеген білім мен идеяларды тереңдетеді және кеңейтеді. Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мынадай міндеттерін атауға болады:

- Оқушының бойына тілдерге деген қызығушылығын, оны үйренуге құштарлығын сіңіру;
- жеке тұлғаның заман талабына сай өмірге икемделуіне бағыттау және оның басқа елдің тілін, мәдениетін, тарихын және әдет-ғұрпын танып білуіне ықпал ету;
- Оқушының сезімтал, шығармашыл, әлеуметтік, танымдық және тілдік қабілеттерінің дамуына жағдай жасай отырып, оның жалпы дамуына едәуір үлес қосу;
- бастауыш сынып оқушыларын шетелдік құрдастар әлемімен, әндермен, тақпақтармен, оқулық және ертегі кейіпкерлерімен таныстыра отырып, тілді тез меңгеруге және өздерін еркін сезінуге көмек тигізу.
- оқушылардың алған теориялық білімін практикалық жұмыспен ұштастыра білуді меңгерту, оларды ұлттық үрдіске тәрбиелеу, баланың білім деңгейін саралап, шығармашылық жұмысқа тарту; оқушының жұмысына бақылау жасау, баға беру, әр оқушыға жеке әдіс амал қолдану.

Оқыту барысында тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдылары біртіндеп дамиды. Тыңдауға үйрету мүмкіндігінше барлық сабақтарда жүреді, оқушы мұғалімнің, достарының айтқанын тыңдап түсіне алады. Сөйлеу көбіне жұптық, топтық жұмыстар кезінде іске асады.

Бағдарлама бойынша 1 сыныпта ауызша кіріспе курсы жүреді, оған ең негізгі деген тақырыптар таңдалып алынды. Мысалы: Жанұя, түр-түс, 1-10 дейінгі сан, жануарлар, ауа-райы, спорт, дене мүшелері ең жиі кезігетін етістіктер, модалды етістік, «болу» «бар болу» етістіктерін қолдану. Ал 2 сыныптың бірінші жарты жылдығында өткен сынып материалдарын қайталау болып табылса, екінші жарты жылдықта әріптерді танып, жазуға үйренеді, сөздік қорын кеңейтеді. Келесі сыныптарда тақырып ауқымы кеңіп, грамматикалық материалдар қосылып білім аумағы кеңейе береді.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың қызығушылығын ояту - басты мәселе. Шетел тілін меңгеруде көп қиыншылықтар кездеседі. Бұл қиыншылықтарды жеңу үшін пәнге деген ынтасын әуестігін арттыру керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету. Ағылшын тілін үйрету барысында музыканың ықпалы зор. Ән тілідік қарым-қатынас құралы ретінде жаңа сөздер мен сөз тіркестері құралып оқушының сөздік қорының көбеюіне ықпал етеді. Ән, өлең тыңдау кезінде таныс лексика оқушы есінде тез жатталады. Шет тілінде ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екпін қояды. Әнмен жұмыс барысында оқушының көңіл күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі. Сабақ барысындағы әндер мұқият жас ерекшелігі ескеріліп тандап алынуы керек. Сонымен қатар электронды оқулықтардың пайдасы өте зор. Сабақта электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденісін ұлғайтуға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға машықтануына негіз қаланады.

Электрондық оқулықта тәжірибелер мен басты кейіпкерлердің өмірі, анықтамалық сөздік, әр тарау бойынша тестік сұрақтар бар. Бұл мәлімет оқушылардың өзіндік ізденісін тудырады және осы бағытта жұмыс істеуге дағдыландырады.

Қазіргі заманғы жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейінде пәнаралық байланыстарды тереңдетуге мүмкіндік туады. Бұл оқушының ақпаратты, қоғам жағдайында ойлау қабілетін арттыра түседі. Осындай бағыттағы білім оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілікке, достық пен ынтымаққа баулиды [2,56].

Оқушыларының оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, танымдық іс-әрекет белсенділіктерін арттыру үшін, көрнекі құралдар, техникалық құралдарды жиі пайдалану қажет.

Мұнда оқушыда кез-келген ақпаратты алғаннан кейін немесе мәтінді алғаннан кейін сол мәліметке қатысты өзіндік көзқарас туындайды. Яғни, адамның ішкі жан дүниесінде сезімдік, эмоционалдық із қалдырады, сол себепті мұғалім берілетін ақпараттарға жағымды қатынас туындатып, білімнің негізін қалайды. Бастауыш сынып барлық білімнің қалануының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең соны санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын өте тез игеріп алуға болады [3,48]. 3 тұғырлы тілді алға ұстаған қазіргі кезде біздің мектебімізде ағылшын тілі бірінші және үшінші сыныптан бастап өтуді негіз етіп отыр. Балдырғандарымыз тіл жағындағы қадамын нық басса, алдағы болашақта нұрлы жолға қадам тастауына негіз қаланады еді. Бастауыш сынып оқушыларының тілі толық дамып жетілмегендіктен әрине, ағылшын тілі басында қиынырақ сезілгенімен, соңына келе біртіндеп қалыптасып, жаттық әрі әдемі ағылшын тілін сөйлеуіне болады. Бастауыш сынып оқушылары ауыр сабақ жүгін алып жүре алмайтындықтан біз балаларды ағылшын тілінен жалқпауы үшін көбінесе жаңаша үйретіу тәсілдерімен тәрбиелеуіміз қажет. Елдің

болашағы келешек ұрпақтың қолында, яғни олар мұратты, мөралды, тәртіпті болумен қатар мықты білім иесі болуы тиіс. Бұнымен қоса дүниенің қай бұрышында болмасын өзін алып шығатын қабілетке ие болулары керек емеспе?

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектептегі шет тілі, 2006 ж. №2
2. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. 2008 ж. №5
3. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы. – Алматы: 2019, №5



## КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ – ПОПС ӘДІСТЕМЕСІ

**Бүркітбаева А.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Академиялық бағытта студенттерге оқылым әрекетін жүзеге асыруда материалды өздерінің таңдауына ұсыну, кәсіби сала бойынша тақырыптық мәтін талдап, осы тақырыпқа қатысты ПОПС әдістемесін қолданады. ПОПС әдісін кәсіби қазақ тілінде қолдану тілдік дағдыларды еркін қолдана отырып, студенттердің сыни тұрғыдан ойлануын, өзіндік бағалауын, тиісті ақпаратты меңгеруіне жол ашады.

**Түйінді сөздер:** ПОПС әдістемесі, студенттер, оқылым, жазылым, сыни ойлау.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді инновацияландыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсете отырып, білім беру жүйесіне, оның құрылымына, заман талабына сай жаңа реформалар енгізу қажеттігін алға тартады [1].

Жаңартылған білім беру заңына сай студенттердің еркін қарым-қатынас жасап, өзгелермен пікір алмасып, көзқарасын, пікірін нақты жеткізуіне, оқыған ақпаратын сараптама арқылы талдауына жол ашатын тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдысын қалыптастырудың маңызы зор. Бұл турасында ғалым Ф.Оразбаева осы дағдыларды қамтитын тілдік қатынас ұғымына мынадай анықтама береді: «Тілдік қатынас тіл арқылы байланыс сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу яғни адамзаттың тіл арқылы сөйлесім әрекетін меңгеруі тілдік қатынас дегенді білдіреді» [2,43].

Кәсіби қазақ тілі сабағының мақсаты – білім алушыны мамандыққа байланысты тілдік материалдармен практика жүзінде таныстыра отырып, мамандыққа қатысты оқыту, өз саласына қатысты термин сөздерді игерту болып табылады. Осы пәнді оқыту барысында коммуникативтік дағдылардың түрлерін қолдану студенттің сөйлеу және ойлау әрекетін, түрлі сала мен қарым-қатынас жағдайында тілді еркін игеруді қамтамасыз ететін коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды, тілдік өзара әрекет пен өзара түсінісу қабілеттерін дамытуға, сөйлеу тілін жетілдіруге бағытталған. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар.

Тыңдалым дағдысы бойынша:

- негізгі ойды түсініп, қабылдау;
- ақпаратты табу;
- түсінгенін практикада жеткізе білу шеберлігі;
- ақпаратқа өз көзқарасын білдіру;
- ой қорыту, нәтиже шығару.

Айтылым дағдысы бойынша: тақырыпқа қатысты пікірін білдіру; өз көзқарасын дәлелдеу; шешім шығару, қорытынды пікір жасау; зерттеушілік (анализ, синтез);

Оқылым дағдысы бойынша:

- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білу;
- астарлы ойды анықтау;
- шығарма кейіпкерлерін салыстыра білу;

- зерттеп оқу;
  - сыни тұрғыдан бағалай білу дағдылары.
- Жазылым дағдысы бойынша:
- тақырыпты аша білуі;
  - өз ойын сыни тұрғыда дәлелдеуі;
  - қорытынды шешім шығаруы;
    - өз көзқарасын дәлелдеуі;

Кәсіби қазақ тілі пәні-университет студенттеріне оқылатын негізгі пәндердің бірі. Мамандыққа сай мәтіндермен жұмыс жасай отырып, төрт дағды бойынша тапсырмаларды орындау студенттердің білік деңгейлерін арттырып қана қоймай, сауатты болып қалыптасуына негіз болады.

Академиялық бағытта студенттерге оқылым әрекетін жүзеге асыруда материалды өздерінің таңдауына ұсыну, кәсіби сала бойынша тақырыптық мәтін талдап, осы тақырыпқа қатысты ПОПС әдістемесін қолданады. ПОПС әдісін кәсіби қазақ тілінде қолдану тілдік дағдыларды еркін қолдана отырып, студенттердің сыни тұрғыдан ойлануын, өзіндік бағалауын, тиісті ақпаратты меңгеруіне жол ашады.

Мәтін – білім алушыны оқуға үйретуде негізгі орын алатын қатысымдық тұлға. Мәтін техникасы туралы зерттеушілердің пікірі де сан алуан. Мәтін әрі жазбаша, әрі ауызша формада қолданыс табатын монологтік, әрі диалогтік сөйлеу түрі [3,11]. Кәсіби мәтіндер – мамандыққа қатысты лексикалық минимумдарды қамтитын, белгілі бір мамандықты игеру үшін қажет кәсіби білім беретін күрделі қатысымдық бірлік.

Кәсіби қазақ тілі пәнінде мамандық бойынша ғылыми әдебиеттерді, ғылыми журналдарды оқумен қатар, тұрмыстық, саяси-қоғамдық тақырыптар бойынша ауызша тілдесім материалдарымен жұмыс жасау да маңызды саналады. Маңыздысы-студент ойын нақты жеткізуі. Ғалым Ф.Оразбаева: «Кәсіби тілдесім – тіл үйренушілерге белгілі бір мамандықтың саласына байланысты сөйлесудің үлгілерін, мамандыққа қатысты сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету. Адамдардың бір-бірімен қандай мақсатпен, қалай сөйлесуіне байланысты тілдесім түрліше болады: ресми, бейресми, қалыптасқан тілдесім және т.б.» [2, 121 б.].

«Мәтінді сұрыптағанда мынадай факторлардың кешенді жүйесін ескерген жөн: студенттердің мамандығы бойынша актив сөздер мен түсіндірме терминдердің ауқымы; лексика-грамматикалық материалдың ерекшелігін қамтамасыз ету; мәтіннің қиындық деңгейін анықтау критерийі; мәтіннің семантикалық моделін құру мүмкіндігі; мәтінде ойлау-танымдық мәннің болуы; контекстік көркемдік пен жанрлық шектеулік; тақырыптық принцип; мәтіннің композициялық-мәндік құрылымы мен стилі» [4, 18].

Студент кәсіби мәтінді талдау барысында нені меңгереді: 1) жазба мәтін толық түсінеді;

2) тақырыптың мәтінге сәйкестігін анықтайды; 3) автордың ойын анықтайды; 5) өз ойын жеткізеді; 6) өзіндік тұжырым жасайды. 7) сөздік қорын молайтады; 8) студент мамандығына қатысты терминдермен жұмыс жасап үйренеді.

Академиялық бағыттағы мәтінді тиімді оқу үшін мәтіннің мақсатын, жазылуын және мазмұнын өзара тығыз байланыста қарастыру керек. Мәтін қайдан алады? Мәтіннің дерек көзі газет-журнал материалы, кәсіптік сала бойынша мәтіндер, оқулықтан алынады. Оқылым кезінде студенттердің мәтінді жылдам және сауатты оқу жылдамдығына, түсініксіз сөздердің мағынасын ашуына мән беру қажет.

Қазіргі таңда елімізде жаппай енгізіліп жатқан жаңартылған білім бағдарламасының негізінде де оқыту үдерісі алға ілгерілеп, қоғамнан орнын табатын сапалы маман дәрежесіне жеткізуді мақсат еткен. Сабақ үдерісінде төрт әдістің түрлерін қолданудың тиімділігі білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктеріне жол ашады. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жаңа технологияларды меңгеруге мұғалім мамандардың да кәсіби шеберлігін шыңдау мақсаты тұр. Білім сапасын арттыру мен кәсіби шеберлігін жоғары

тұлғалық деңгейге көтерудің маңыздылығы тіл мамандарының тың идеялар мен әдіс тәсілдерді тәжірибеде молынан қолдануына негіз бола алады.

Жаңашыл педагог кәсіби құзіреттіліктер шегінде студенттердің шығармашылық қабілетін дамытып, ойлауын интеллектуалдық белсенділіктің жоғары дейгейіне шығарып оқыту мен білім беруде саналы тұлғаны қалыптастырды.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде тілдік мәдени дейгейін кәсіби деңгейде креативті жүзеге асыратын кәсіби қарым қатынас құзіреті бар мамандарды шығарып оқыту мәселесі өзекті. Төмендегі кәсіби мәтіндер студенттерге ұсынылады. Өз тәжірибемнен студенттерге ұсынылған мәтіндердің ПОПС әдісімен талдауын көрсетемін.

*Бухгалтерлік есеп саласы бұдан бірнеше жүздеген жылдар бұрын пайда болған. Бухгалтерлік есеп басқару жүйесінде ең маңызды орындардың бірін иеленеді. Бұған дәлел – Біріккен Ұлттар Ұйымының 1992 жылы өткізген конференциясында «Есептей алмаған, басқара алмайды», — деген сөз. Алғаш рет бухгалтерлік есеп термині XV ғасырда Австрияда пайда болды. Бухгалтерлік есеп саласы өзінің бастауын XII ғасырдан алады. Бұл ғылым туралы түсінік шамамен 1340 жылдары Генуя қаласында пайда болған. Бухгалтерлік есептің негізін қалаушы және дамытушы француз монахы Лука Паччоли болып табылады. Ол бухгалтерлік есеп туралы 1493жылы «Шоттар және жазулар» трактатын жазды. Бухгалтерлік есеп – ұйымның қаржылық ақпаратын белгілі бір әдістер бойынша есептейтін, өлшейтін, өңдеп, тасымалдайтын ғылым. Ол – кәсіпорынның жұмысын толығымен бақылап, оны басқару үшін бағыт- бағдар беріп, алдағы уақытта істелінетін жұмысын жоспарлайды. Бүгінгі таңда бухгалтерлік есептің маңызы мен рөлі арта түсуде. Сондықтан да кез келген елде бухгалтер мамандары барынша білімді болуы керек. Осыдан да болар, ғалым Дж. Мэйдің «Бухгалтерлік есеп эрасы басталды»,—деп айтуы тегін емес.*

Есепші мамандығында білім алушыларға мәтін ұсынылады. Белгіленген уақыт ішінде ПОПС формуласын қолданып, мәтіндегі ақпаратқа өз көзқарасын білдіре алады.

***Менің ойымша, бухгалтерлік есеп бірнеше жүздеген жылдар бұрын пайда болған. Себебі мен оны 1493 жылы трактат жазған Лука Паччоли есімімен байланыстырамын. Оны мен Паччолидың жазған «Шоттар мен жазулар» атты трактатын мысал ретінде айта аламын. Осыған байланысты мен бухгалтерлік есеп – ұйымның қаржылық ақпаратын белгілі бір әдістер бойынша есептейтін, өлшейтін, өңдеп, тасымалдайтын ғылым. Ол – кәсіпорынның жұмысын толығымен бақылап, оны басқару үшін бағыт- бағдар беріп, алдағы уақытта істелінетін жұмысын жоспарлайды деген шешімге келдім.***

Медицина саласындағы студенттер талдаған келесі мәтінді ұсынамын.

Медицина — адамдардың денсаулығын сақтау мен нығайту, сырқаттарды емдеу мен аурудың алдын алу, денсаулық және жұмысқа қабілеттілік жағдайында, адамзат қоғамында ұзақ өмір сүруге жетуді көздейтін тәжірибелік іс-әрекеттің және ғылыми білімдердің жүйесі. Медицинаның зерттеу пәні ретінде адам организмінің қалыпты және патология жағдайында құрылымы мен тіршілік етуі; халық денсаулығы жағдайына әлеуметтік және табиғи ортаның әсері; адам аурулары, аурудың алдын алу, түрлерін анықтау және емдеу тәсілдері мен құралдарын пайдалану туралы мәселелері алынады. Медицина адамтанумен бірегей байланыста бола тұра жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдардың барлық түрлерінің жетістіктерін ескереді. Медицинаның зерттеу мәселелерінің шеңбері адам өмірінің сан қырлы көріністерін қамтиды. Бұл медицинаны денсаулық туралы және адамның жеке басының және қоғамдық өмір сүру жағдайы туралы ғылымның нақты жүйесіне айналдырады. Қазіргі кезеңде медицина адамның биологиялық жаратылысын жетілдіру мүмкіншілігінің айқындылығын дәлелдеді. Мұнда әр адамның генетикалық және физиологиялық процестеріне әсер ету арқылы адам организміндегі үйлесімсіздік пен үйлеспеушілікті жою арқылы адамның физиологиялық және психикалық мүмкіншілігін дамытуға және оны сауықтырып, өмірін ұзартуға болатыны анықталды.

Менің ойымша медицина адам денсаулығын сақтап, нығайта алатын үлкен сала. Себебі мен оны былай түсіндіремін, медицина — адамдардың денсаулығын сақтау мен нығайту, сырқаттарды емдеу мен аурудың алдын алу, денсаулық және жұмысқа қабілеттілік жағдайында, адамзат қоғамында ұзақ өмір сүруге жетуді көздейтін тәжірибелік іс-әрекеттің және ғылыми білімдердің жүйесі. Оны мен қазіргі кезеңдегі медицинаның адамның биологиялық жаратылысын жетілдіру мүмкіншілігінің айқындылығын дәлелдеуімен, әр адамның генетикалық және физиологиялық процестеріне әсер ету арқылы адамның физиологиялық және психикалық мүмкіншілігін дамытуға және оны сауықтырып, өмірін ұзартуға болатындығы туралы фактілермен дәлелдей аламын.

Осыған байланысты мен медицинаның көмегіне жүгініп денсаулықты алыпты жағдайда ұстау арқылы адам өмірін ұзартуға болады деген шешімге келдім.

Осы айтылғандарды қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

Кәсіби қазақ тілін пәнін өткізу барысында мұғалім ескеруі қажет қағидаттар:

- сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтиже анық болу керек;
- тілдік төрт дағдыны (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) дамыту;
- белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы қажеттілігін арттыру;
- мұғалім мен студент арасындағы кері байланыс;
- оқу жетістігін критериалды жүйе арқылы бағалау.
- Студенттердің кәсіби терминдерді түсінуі, мағынасын ашуы;
- ПОПС әдісімен кәсіби мәтіндерді талдай алу мүмкіндігінің болуы.

Қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын **басты мақсаты** – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда инновациялық технология әдістерін қолдана отырып, сапалы білім беру, студенттердің ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіре отырып, танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, студенттің жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу – **басты мақсат** болып табылады.

Қорыта айтқанда, ПОПС әдістемесі негізінде кәсіби қазақ тіліндегі өтілетін сабақ түрлеріне қолданудың тиімділігі мынадан көрінеді:

1. Әр студенттің шығармашылығы артады.
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады.
3. Студенттің жеке қабілеті анықталады.
4. Студент топ жаруға ұмтылады.
5. Студенттің ойлау қабілеті дамиды.
6. Әр студент өз деңгейімен бағаланады.
7. Сабақтың маңыздылығы артады;

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы». 27 шілде 2007 жыл.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. Алматы: Print-S, 2005.- 145 бб. 7
3. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы. Орал, 2008.- 148 б.
4. Жақсылықова К. Мәтінмен жұмысты ұйымдастыру // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. – № 5.

## ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ

Нигметова А. Г.

№28 жалпы білім беретін орта мектебі Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада орта және кәсіптік оқу орындарында шет тілі сабақтарында оқушылардың сыни ойлауды дамытуда шығармашылық қызметі туралы жазылады. Орта және кәсіптік оқу орындарын жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде дамудың қазіргі кезеңінде оқу орындары түлектерінің білім беру және кәсіптік, практикалық және шығармашылық білімдерін меңгеру сапасы артады. Қазіргі заманғы мектептің міндеттерінің бірі оқушының басқа адамға, оның пікіріне, дүниетанымына, мәдениетіне, тіліне, сеніміне, азаматтығына, тарихына, дініне, дәстүрлеріне, тілдеріне, әлем халықтарының құндылықтарына саналы, құрметпен және мейірімділікпен қарауын қалыптастыру болып табылады. Әлем; басқа адамдармен диалог жүргізуге және онда өзара түсіністікке қол жеткізуге дайын және қабілетті.

**Түйінді сөздер:** сөйлеу, шет тілі, даму, заман, оқушы

Шет тілі сабақтары бұл мәселені шешуге арналған. Шет тілі жалпы білім беретін пән ретінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ете алады және ықпал етуі керек. Шетел тілін оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін білім беру, тәрбиелеу және дамыту әлеуеті, олар білім берудің практикалық мақсатын жүзеге асыру барысында ғана дами алады. Басқаша айтқанда, егер оқушы шет тілінде коммуникативті және танымдық қызметпен айналысса (тыңдайды, оқиды, оқиды, жазуды қолданады), ол өзінің білім көкжиегін кеңейтеді, сыни ойлау, есте сақтау, эмоциялар мен сезімдерді дамытады; егер қарым-қатынас процесінде шет тілінде адам туралы әлеуметтік-мәдени қасиеттер қалыптасса: дүниетаным, моральдық құндылықтар және сенімдер, мінез белгілері. Біріншіден, шет тілі пән ретінде әлемге кең "терезе" болып табылады, бұл өмірдің, ғылымның, өнердің әртүрлі салаларында білім алудың құралы, Жалпы білім алу үшін не қажет, бұл әр түрлі салаларда жұмыс істеуге көмектесетін құрал және қоғамдық өмір [1,23].

Шет тілі сабақтарында студенттер көптеген білім мен идеяларды тереңдетеді және кеңейтеді. Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мынадай міндеттерін атауға болады:

- Оқушының бойына тілдерге деген қызығушылығын, оны үйренуге құштарлығын сіңіру;
- жеке тұлғаның заман талабына сай өмірге икемделуіне бағыттау және оның басқа елдің тілін, мәдениетін, тарихын және әдет-ғұрпын танып білуіне ықпал ету;
- Оқушының сезімтал, шығармашыл, әлеуметтік, танымдық және тілдік қабілеттерінің дамуына жағдай жасай отырып, оның жалпы дамуына едәуір үлес қосу;
- бастауыш сынып оқушыларын шетелдік құрдастар әлемімен, әндермен, тақпақтармен, оқулық және ертегі кейіпкерлерімен таныстыра отырып, тілді тез меңгеруге және өздерін еркін сезінуге көмек тигізу.
- оқушылардың алған теориялық білімін практикалық жұмыспен ұштастыра білуді меңгерту, оларды ұлттық үрдіске тәрбиелеу, баланың білім деңгейін саралап, шығармашылық жұмысқа тарту; оқушының жұмысына бақылау жасау, баға беру, әр оқушыға жеке әдіс амал қолдану.

Оқыту барысында тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдылары біртіндеп дамиды. Тыңдауға үйрету мүмкіндігінше барлық сабақтарда жүреді, оқушы мұғалімнің, достарының айтқанын тыңдап түсіне алады. Сөйлеу көбіне жұптық, топтық жұмыстар кезінде іске асады.

Бағдарлама бойынша 1 сыныпта ауызша кіріспе курсы жүреді, оған ең негізгі деген тақырыптар таңдалып алынды. Мысалы: Жанұя, түр-түс, 1-10 дейінгі сан, жануарлар, ауа-райы, спорт, дене мүшелері ең жиі кезігетін етістіктер, модалды етістік, «болу» «бар болу» етістіктерін қолдану. Ал 2 сыныптың бірінші жарты жылдығында өткен сынып материалдарын қайталау болып табылса, екінші жарты жылдықта әріптерді танып, жазуға үйренеді, сөздік қорын кеңейтеді. Келесі сыныптарда тақырып ауқымы кеңіп, грамматикалық материалдар қосылып білім аумағы кеңейе береді.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың қызығушылығын ояту - басты мәселе. Шетел тілін меңгеруде көп қиыншылықтар кездеседі. Бұл қиыншылықтарды жеңу үшін пәнге деген ынтасын әуестігін арттыру керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

5. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
6. Сабақты түрлендіріп өткізу;
7. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
8. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету. Ағылшын тілін үйрету барысында музыканың ықпалы зор. Ән тілідік қарым-қатынас құралы ретінде жаңа сөздер мен сөз тіркестері құралып оқушының сөздік қорының көбеюіне ықпал етеді. Ән, өлең тыңдау кезінде таныс лексика оқушы есінде тез жатталады. Шет тілінде ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екпін қояды. Әнмен жұмыс барысында оқушының көңіл күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі. Сабақ барысындағы әндер мұқият жас ерекшелігі ескеріліп таңдап алынуы керек. Сонымен қатар электронды оқулықтардың пайдасы өте зор. Сабақта электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденісін ұлғайтуға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға машықтануына негіз қаланады.

Электрондық оқулықта тәжірибелер мен басты кейіпкерлердің өмірі, анықтамалық сөздік, әр тарау бойынша тестік сұрақтар бар. Бұл мәлімет оқушылардың өзіндік ізденісін тудырады және осы бағытта жұмыс істеуге дағдыландырады.

Қазіргі заманғы жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейінде пәнаралық байланыстарды тереңдетуге мүмкіндік туады. Бұл оқушының ақпаратты, қоғам жағдайында ойлау қабілетін арттыра түседі. Осындай бағыттағы білім оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілікке, достық пен ынтымаққа баулиды [2,56].

Оқушыларының оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, танымдық іс-әрекет белсенділіктерін арттыру үшін, көрнекі құралдар, техникалық құралдарды жиі пайдалану қажет.

Мұнда оқушыда кез-келген ақпаратты алғаннан кейін немесе мәтінді алғаннан кейін сол мәліметке қатысты өзіндік көзқарас туындайды. Яғни, адамның ішкі жан дүниесінде сезімдік, эмоционалдық із қалдырады, сол себепті мұғалім берілетін ақпараттарға жағымды қатынас туындатып, білімнің негізін қалайды. Бастауыш сынып барлық білімнің қалануының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең соны санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын өте тез игеріп алуға болады [3,48]. 3 тұғырлы тілді алға ұстаған қазіргі кезде біздің мектебімізде ағылшын тілі бірінші және үшінші сыныптан бастап өтуді негіз етіп отыр. Балдырғандарымыз тіл жағындағы қадамын нық басса, алдағы болашақта нұрлы жолға қадам тастауына негіз қаланады еді. Бастауыш сынып оқушыларының тілі толық дамып жетілмегендіктен әрине, ағылшын тілі басында қиынырақ сезлігенімен, соңына келе біртіндеп қалыптасып, жаттық әрі әдемі ағылшын тілін сөйлеуіне болады. Бастауыш сынып оқушылары ауыр сабақ жүгін алып жүре алмайтындықтан біз балаларды ағылшын тілінен жалқпауы үшін көбінесе жаңаша үйретіу тәсілдерімен тәрбиелеуіміз қажет. Елдің

болашағы келешек ұрпақтың қолында, яғни олар мұратты, мөралды, тәртіпті болумен қатар мықты білім иесі болуы тиіс. Бұнымен қоса дүниенің қай бұрышында болмасын өзін алып шығатын қабілетке ие болулары керек емеспе?

#### ӘДЕБИЕТТЕР

4. Мектептегі шет тілі, 2006 ж. №2
5. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. 2008 ж. №5
6. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы. – Алматы: 2019, №5

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Бүркітбаева Г.

№ 17 Жалпы Білім беру орта мектебі Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнында әлемдік білім беру жүйесінің көшінен қалмай, дамудың басым бағыттарын негізге ала отырып, өркениетке аяқ басу білім беру жүйесіндегі жаңарулар, ең алдымен, жастардың мәдени, эмоцияналдық, зияткерлік, әлеуметтік және рухани жағынан даму мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталу барынша өзекті мәселеге айналғандығы айтылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушыларды инновациялық білім көкжиегінде жаңа әдіс тәсілдерді қазақ тілінде сабағында түрлендіріп қолдану, сындарлы оқыту негізін басшылыққа алады.

**Түйінді сөз:** ұрпақ, білім, сапа, мұғалім, оқыту, ізденіс.

Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болып бірігіп қолға алатын маңызы күшті, жауапкершілігі мықты аса ауыр міндет. Бүгінгі оқудың сапасын қалай арттырамыз дегенде бірінші кезекте сабақ үрдісін жаңалау, жетілдіру, жаңашыл ойлайтын саналы тұлғаны қалыптастыру керектігін алға тартамыз.

Қазірде ғаламдық жаңалықтармен қоса қабат еніп жатқан білімдегі өзгерістердің баланың сана сезіміне лайықталып, тиімді білім алуын қадағалауымыз қажет. Білім арудың қиындығын, білім алушыдан көп еңбек пен ізденістің қажеттілігін ұлылар сөзі де растайды. «Білім еске сақтау арқылы емес, өз ойының күш салуымен алынғанда ғана білім»(Л.Н.Толстой), «Егер біздің балаларымыз шын мәніндегі білімді адам болғысы келсе, олар өз беттерімен шұғылдану арқылы білім алуға талпынуы тиіс» (Н.Г.Чернышевский) [1].

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінің жаңаша формациясында оқушылардың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымын қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін дамытуға ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру маңызды мәселе. ҚР «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Осы орайда білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің жаңа үрдістерін енгізіп, қазақстандық білім беру жүйесінің сапалы көрсеткіштерге жетуімен басымдық танытады. Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқу бағдарламасының сөйлеу әрекетінің төрт түрін, жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылымды негізге алуы мол тәжірибені қажет етеді. Қазақ тілі сабағында мұғалімнің шеберлігін арттыра отырып, оқушылармен білімді функционалды және шығармашылық негізде қолдану арқылы жаңартылған білім бағдарламасындағы күтілетін нәтижеге қол жеткізуге болады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы оқушы мен мұғалімнің сыни тұрғыдан ойлай отырып, қабілет дағдыларын дамытуын, топпен, жеке жұмыс жасай білуін, бағалаудың критериалдық жүйесінің енгізілуімен айқындалады. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың ойлау, логикалық қабілетін дамытып, ғылыми жұмыспен шұғылдануына, коммуникативті қарым-қатынасқа түсуіне, функционалды сауаттылығын арттыруына жол ашылады [2].

Қазақ тілі сабағында оқушылардың ізденімпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін арттыруына жол ашуымыз керек. Осы бағытта қазақ тілі сабағында жүргізілетін тпотық, жеке жұмыстардың маңызы, оны оқушыларға ұйымдастыру ғана емес, олардың жеке тұлға болып қалыптасуына жол ашатындай



форматта ұсынудың маңыздылығы шығады. Жалпы тіл сабағына ынтасын арттыру үшін қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез тарауы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру бағытында мынадай мақсат-міндеттерді қойып отыр:

- қазақ тілінен білім сапасын арттыру;
- әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
- оқушылардың қазақ тілі сабағында интернет жүйесін қолданыуы;
- электронды оқулықтармен жұмыс жасау.

Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда төмендегідей талаптар орындалуы тиіс. Біріншіден, мультимедиялық мүмкіндіктерді пайдалану, анимациялық, слайд шоулар жасап үйрену, екіншіден, мұғалім өз ойын, көзқарасын, өз кезегіндегі материалдық ұсынылым, әртүрлі аудиторияларға бір ғана оқу мәліметін ұсынуға мүмкіндік алады.

Қазақ тілінен кесте, кроссворд құрастыру үшін дербес компьютерді қолдану арқылы грамматикалық және оқу материалдарын өңдей алады. Жаңартылғаноқу бағдарламасы негізінде интерактивті оқыту әдісінің басты мақсаты- сыни ойлауын қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс арқылы әрекет арқылы оқыту жүйесі негізге алынса, қазақ тілі сабақтарында оқу үдерісіне терең ойлану, өз идеясын айту, талқыға салу, ақпаратты қабылдап, жеткізе білу, пікірталастарда өз ойын жеткізіп, пікірін дәлелдеп шығуды мақсат етеді. Бұл мақсатқа бірлескен топтық, жұптық, ұжымдық жұмыстары арқылы, рөлдік ойындармен, тренинг, интервью, презентация, сауалнама әрекеттері арқылы орындалады. Қорыта айтқанда, қоғамның сұранысына лайықты технологияларды, әдіс-тәсілдерді меңгерген мұғалім білім беру мазмұны бойынша, ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты тұлғаны қалыптастыра алады [3].

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тәрбие хрестоматиясы. Құрастырғандар: С.Қалиев, Ш.Майғаранова., Г.Нысанбаева. Алматы, 2001.-331 б.
2. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық.-Астана, 2017.
3. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

## МЕНИҢ АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Сұлтанмұрат Г.

Ғылыми жетекші: Жеткізгенова А.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ақтау қ., Қазақстан.

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстанда болуға тиісті құндылықтар қатары сараланып, бәсекеге қабілеттілер заманында ең алдымен терең білім, зиялылық қажеттілігі аталады.

Жаңа Қазақстан құрылымына игілік әкелетін зиялы топ бойынан табылуға тиісті қасиеттер деп ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, салт-дәстүрімізден алшақ кетпейтін, өткен мен келешекті орайластыра, байланыстыра білетін білімділер құратын болашақ Қазақстан үшін руханиятты ортаны атайды.

**Түйінді сөздер:** жаңа Қазақстан, азамат, білім, жастар, зиялы орта, дамыған ел

Мен күнделікті таңғы ауамен терең тыныстай, көңіліме ерекше қуанышты күй сыйлай, жайқалған жасыл қалашық ішіндегі білім ордасына асыға жетемін. Мені өзіне тартып, сиқырдай баурайтын бір күш бар осы қалашықта.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 65 жылдығына орай ашылған «Ардагерлер аллеясына» бір топ университет ардагерлерімен қоса, 1 курс студенттері атынан мен де тал егу құрметіне ие болған едім. Күнделікті сабаққа келе жатып, екен талыма соғып, сүйсіне амандасып кетуді әдетке айналдырыппын.

Сол тарихи сәт арманымға қанат байлап, Қазақстаным дамуы үшін қандай үлес қоса аламын, жас буын ретінде менің тарапымнан қандай талпыныс қажет болар екен деп үлкендерше ойланатын болып жүрмін.

Аяғын тәй басқан жас сәбидей Қазақстанымға материалдық демеумен қоса рухани қолдау аса қажет. Отыз жылдан аса көш бағытын тәуелсіздікке бұрған жас мемлекетімізді көркейту мақсатында сансыз жұмыстар атқарылды.

Қаншама қиын сәттер мен қилы кезеңдерді бастан кешті мемлекетіміз. Қиындыққа төзіп, іргесі сәгілмей, көші бұзылмай, керуені жолынан жаңылмай ілгері жылжып келеді.

Адамзат атаулының әлімсақтан-ақ арманы – жайлы қоныс, құт мекен, берекелі тірлік емес пе?

Ендеше, менің арманымдағы Қазақстанда болуға тиісті құндылықтар қатарына нелер жатады?

1. совершенствование правового регулирования государственной службы как на республиканском, так и на региональном уровнях, посредством принятия соответствующих правовых актов по перечню должностей государственной службы, по которому может устанавливаться особый порядок оплаты труда, порядок увольнения (освобождения от должности) лиц, замещающих государственные должности в связи с утратой доверия;

2. применение регионального механизма ротации кадров, оценка показателей эффективности и результативности служебной деятельности государственных служащих;

3. внедрение программ профессионального развития государственных служащих, основанных на инновационных образовательных технологиях в области государственного управления;

4. совершенствование организационных механизмов профессиональной служебной деятельности государственных служащих.

Профессионализм государственного служащего обнаруживается в эффективной реализации в соответствии с действующим законодательством государственной власти в различных сферах общественной жизни в целях выполнения задач и функций государства и эффективным выполнением им в качестве основного вида деятельности специальных полномочий. От профессионализма государственного служащего зависит уровень и объем реализации компетенции государственных органов, включая обеспечение функционирования государственных органов [14].

В качестве особенностей профессионализма именно государственного служащего можно выделить следующие: присутствует личностный аспект понятия государственной службы, так как обязанности принадлежат не государственной службе, не должности, а самому государственному служащему. Государственный служащий воспринимается как реальный представитель государства. По уровню его деятельности судят о государстве в целом; государственный служащий воспринимается как «ставленник» государства со всеми вытекающими последствиями.

Профессиональная деятельность государственного служащего является комплексом: а) конкретных способностей и склонностей к данному виду деятельности; б)

наличия специфических знаний, умений и навыков; в) профессионального образования; г) определенных личностных качеств, позволяющих на высоком уровне реализовывать профессиональную деятельность, понимая, что «государственный служащий – лицо и представитель государства.

Так, под профессиональными знаниями на государственной службе понимается целостная и систематизированная совокупность знаний (в области государства и права, науки управления, экономики, социальных закономерностей, психологии) о деятельности по реализации полномочий органов государственной власти. Эти знания обязательно и прежде всего включают знание государственным служащим своих задач, функций, прав и обязанностей по замещаемой должности, способов и средств ее исполнения [iii].

Под умениями на государственной службе понимаются профессиональные знания, воплощенные в решении конкретных служебных проблем по замещаемой должности. Например, умение государственного служащего вникнуть в суть управленческой ситуации, проанализировать её и предложить законное и целесообразное решение. Под навыками на государственной службе понимаются умения государственного служащего, осуществляемые им автоматически в режиме реального времени. Навыки приобретаются в процессе практической служебной деятельности в условиях типичных управленческих ситуаций. Они позволяют экономить служебное время, сводить до минимума ошибки и просчёты.

Профессиональные знания, умения и навыки – показатели профессионализма государственного служащего. Они определяют профессиональную пригодность государственного служащего, его способность осуществлять служебную деятельность как в штатных (обычных), так и в экстремальных условиях.

Профессиональные знания, умения, навыки носят конкретно исторический характер. Их надо постоянно обновлять, пополнять и совершенствовать в соответствии с требованиями времени. В ином случае государственный служащий оказывается профессионально непригодным. Профессиональное развитие можно охарактеризовать как двойственный социальный процесс: с одной стороны это развитие личности госслужащего, накопление и использование профессиональных знаний, умений, навыков; с другой стороны – это такое совершенствование социально-профессиональной структуры в рамках института государственной службы, которое позволяет подбирать госслужащих, чтобы они правильно реагировали на происходящие изменения в обществе, принимала необходимые управленческие решения в условиях происходящих социально-экономических изменений.

Социальный механизм социально-профессионального развития включает в себя реализацию институциональных требований, которая заключается в следующем:

1. функциональное обеспечение государственной службы квалифицированными кадрами: потребность в кадрах, совокупность учреждений (соответствующие органы управления персоналом и образовательные учреждения); создание нормативной базы: со стороны органов государственного
2. управления – правовые нормы, моральные нормы и технические нормы (профессиограммы, должностные инструкции);
3. со стороны образовательных учреждений – соответствующие образовательные программы и технологии обучения.

Эффективность профессиональной подготовки госслужащих определяется с помощью сравнения результатов управленческой деятельности госслужащих в регионе и затрат на их подготовку. Результаты управленческой деятельности выражаются в таких показателях, как уровень и качество жизни населения в регионе, характер и результаты проводимых преобразований в разных сферах социальной жизни, стабильность, т.е. низкий уровень социальной напряженности, доля выполняемых управленческих решений, принятых в государственных структурах региональной власти. Средствами по совершенствованию подготовки госслужащих могут быть: более тщательный отбор

абитуриентов при поступлении в вуз (тестирование, профессиограмма); учет потребностей в квалифицированной управленческой элите; введение возможностей профессионального продвижения «но диагонали», при которой госслужащий имеет возможность работать в государственных структурах, в управлении бизнесом, чтобы набирать опыт и профессионализм [iv].

Существует три условных типа госслужащих, выделенных по таким критериям, как мотивы профессионального развития, взаимосвязь результатов профессионального обучения с профессиональным продвижением, социально-демографические (личностные) характеристики. Классификация предложена в таблице 1:

Таким образом, государственные служащие – представители органов государственной власти – представляют отдельную социально профессиональную группу с потенциальной восходящей мобильностью. От правильного подбора управленческой элиты в регионе зависит возможность решения многих социально-экономических проблем города региона и результаты социальных преобразований.

Таблица 1 - Условные типы госслужащих

Название типа	Характеристики типа
«Целерациональный» тип	госслужащие, нацеленные на профессиональное развитие, поскольку это дает возможность повысить статус, сделать карьеру
«Ценностно-рациональный» тип	госслужащие, относящиеся к профобучению, знаниям, как к средству повышения профессионализма, своей собственной и организационной культуры
«Традиционный» тип	пассивно относящиеся к профессиональному обучению, поскольку для них это – своеобразная традиция, которая никак не отражается на профессиональной карьере»

Специфика города региона накладывает свои особенности на профессиональное развитие госслужащих, так как они составляют важную часть регионального социума (важность определяется именно их отношением к власти и к распределению ресурсов). Она определяется по следующим показателям: бюджетное финансирование; валовой региональный продукт; процессы миграции; социокультурная среда (система непрерывной подготовки, ее внедрение, востребованность специалистов с высшим образованием на рынке труда); перспективы существования субъекта РК с учетом тенденции к созданию округов. Существует определенная корреляция между социально-экономическими условиями жизни в регионе, количеством госслужащих и качеством их подготовки.

Исследователи данного вопроса следующим образом представляют, как может выглядеть цикл развития государственного служащего. В ходе подготовки молодых специалистов, обладающих высоким потенциалом, должны использоваться все доступные и возможные методы профессионального развития, включая инструктаж на рабочем месте, ротацию и обучение с отрывом от производства. При этом специалистам кадровой службы необходимо следить за служебными перемещениями и формами подготовки будущих лидеров.

Подготовку необходимо начинать с момента поступления в организацию молодого специалиста, то есть с самого начала его профессионально-трудовой деятельности. Необходимо тщательно подойти к назначению молодого специалиста на первую должность, поскольку именно от этого будет зависеть темп и уровень раскрытия профессионального потенциала служащего. Будущие лидеры в процессе своей профессиональной деятельности приобретают опыт взаимодействия в группах, принимают участие в обсуждении задач и целей, в оценке деятельности подразделений и исполнителей. На этот период будущему лидеру необходимо предоставить широкие

возможности для того, чтобы он мог выбирать направления повышения квалификации. Огромным значением обладают квалифицированные советы наставников. Программа развития будущих лидеров должна предоставлять служащим возможность максимального проявления своих способностей в практической деятельности. По мере того, как у государственного служащего накапливается управленческий опыт, необходимо переходить к более сложным и тонким методам (способам) оценки навыков. Программы внутренней организационной подготовки можно дополнить внешними формами обучения будущих руководителей. Немаловажным значением на данном этапе обладают «горизонтальные» перемещения, позволяющие сформировать более «объемное» представление о деятельности организации.

После достижения служащим значительных постов возникает риск сосредоточения усилий на частных, более узких, задачах. На данном этапе требуется специальная подготовка, позволяющая сформировать у молодого специалиста стратегическое видение, чувство ответственности за состояние дел не только в отдельном подразделении, но и во всей организации. Периодическая оценка развития молодых специалистов с потенциалом проводится высшим руководством при участии кадровой службы. В ходе проведения такой оценки упор должен делаться на том, каким образом служащий развивает и проявляет свой потенциал, а не только на конкретных результатах работы на текущей должности. Данная оценка проводится в ходе аттестации служащего. Немаловажным значением обладает и самооценка служащих, позволяющая им проводить периодическую оценку достижимости и привлекательности целей, предлагать собственные варианты улучшений стиля управления и деятельности организации. Такой подход, при котором осуществляются двусторонние оценки служащего, обеспечивает их направленность на дальнейшую, перспективную деятельность, а не только на прошлую.

В итоге хочу отметить, важность выделения сотрудников – инноваторов<sup>[У]</sup> в кадровом резерве определяется необходимостью активизации и повышения социально-экономической продуктивности инновационной деятельности государственных служащих в условиях выхода РК на новый уровень развития. Управление этими процессами требует включения всех организационных ресурсов, прежде всего, социального, направленного на формирование инновационного настроения не только деятелей системы государственного управления, но и коллективов предприятий, учреждений, а также представителей гражданского общества, повышения вклада их деятельности в социальную сферу жизнедеятельности людей. Современное общество отличается от прежних периодов развития человечества быстротой изменений. Эти изменения диктуют настоятельную потребность в постоянном уточнении соответствия системы государственного управления потребностям общества.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Боган И. Индивидуальный план развития//Управление развитием персонала №1. -2009. - с. 48-61.
2. Государственная служба: правовые основы и практика организации / под общ. ред. Ю.В. Агибалова, 2014. - 168 с.
3. Левин Ю.А., Павлов А.О. Закономерности и базовые методологические принципы развития национальной инновационной системы / Ю.А. Левин, А.О. Павлов // Право и управление. XXI век. - 2014. - № 4.
4. Чазова, И. Ю. Оценка эффективности системы государственного управления / И.Ю. Чазова // Евразийский союз ученых. – 2020. – № 1-4(70). – С. 53-59.
5. Инновационная подготовка кадров государственной службы. Издание второе, стереотипное/ Подобщ. ред. В.Л. Романова, Л.А. Василенко. - М: Изд-во РАГС, 2009. - 140 с.

## ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ШЕШУ

**Ғылыми жетекшісі: Нигметова Г.Н.**

**Г.А. Еркінбеков 6В01501 – Математика БББ білім алушысы,  
Ш.Есенов атындағы КТИУ, Ақтау қ., Қазақстан**

**Аңдатпа:** Бұл мақалада математика үшін маңызды болып табылатын функционалдық теңдеулер мен оларды шешу әдістері қарастырылады және бұл әдістердің шешу алгоритмі салыстырылып, қайсысы тиімді есені анықталады.

**Кілт сөздер:** функция, функционалдық теңдеулер, айнымалыны ауыстыру әдісі.

Белгісіз функция белгілі функциялармен композициялық операциясының көмегімен байланысты болатын теңдеулерді теңдеулерді функционалдық теңдеулер деп атайды. Мысалы,

$$f\left(\frac{2x+1}{x-1}\right) = x^2 + 2x, \quad (x \neq 1) \quad (1)$$

теңдеуі функционалдық теңдеу болып табылады. Бұл жерде ізделініп отырған функция белгілі функция  $x^2 + 2x$ - пен,  $f(x)$ -ке күрделі функцияны құрасытыру амалын қолдану арқылы, яғни  $f(x)$  -тегі  $x$ -тің орнына  $\frac{2x+1}{x-1}$  өрнегін (функциясын) қою арқылы байланысып отыр.

Келтірілген анықтамадан мыналар келіп шығады:

1. Функционалдық теңдеулердің шешімдері сандар емес, өздерін анықтап көрсетуді қажет ететін қандай да бір белгісіз функциялар.

2. Функционалдық теңдеулердің шешімдері болып табылатын белгісіз функциялар мен белгілі функциялар, күрделі функцияны құрастыру амалы арқылы байланыста болады.

3. Функционалдық теңдеулердің шешімі деп, оларды теңбе-теңдікке айналдыратын функцияларды айтады.

Мысалы, (1) теңдеудің шешімі

$$f(x) = \frac{3x^2 - 3}{(x-2)^2}, \quad (x \neq 2) \quad (2)$$

функциясы болып табылады. Бұған көз жеткізу үшін (2)-дегі  $x$ -тің орнына  $\frac{2x+1}{x-1}$  - ді қойып келесі теңдікті аламыз:

$$f\left(\frac{2x+1}{x-1}\right) = \frac{3\left(\frac{2x+1}{x-1}\right)^2 - 3}{\left(\frac{2x+1}{x-1} - 2\right)^2} = x^2 + 2x \quad (3)$$

Бұдан әрі (1) теңдеудің сол жағына (3)-ті қойсақ, онда  $x^2 + 2x \equiv x^2 + 2x$  теңбе-теңдігі келіп шығады. Олай болса (2) функция (1) функционалдық теңдеуінің шешімі.

Функционалдық теңдеулерді шешуге берілген есептер «Математика в школе» және «Квант» журналдарындағы есептердің ішінде, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі математикалық олимпиадаларда ұсынылған есептердің ішінде де жиі кездеседі.

Функционалдық теңдеулер ұғымы жалпы орта мектептегі математика курсының оқытудың бағдарламасына енгізілмеген.

Күрделілігі орташа, қарапайым функционалдық теңдеулерді шешу үшін мектеп математикасының шеңберінен шығатын білімдер талап етілмесе де, жоғарыда айтылған себептерге байланысты, аталмыш теңдеулерді шешу мәселесі оқушылар мен жас мұғалімдерге белгілі бір дәрежедегі қиындықтар тудырады.

Бұл мақалада берілген теңбе-теңдікті қанағаттандыратын функцияның жалпы түрін анықтауға немесе жалпы түрде берілген белгілі немесе белгісіз функция бойынша кейбір теңдеуді немесе теңсіздікті шешуге берілген есептерді қарастырайық. Мұндай есептер математикалық олимпиадада жиі кездеседі. Әдетте мұндай есептерді шығаруда есептің шартында берілген функция мен оның аргументінің түрі және қасиеттері қолданылады. Функционалдық теңдеулерді шешудің айнымалыны ауыстыру, шекке көшу деп аталатын және т.б. әдістері бар. Сол әдістердің ішіндегі ең қарапайымы – айнымалыны ауыстыру әдісі болып табылады. Функционалдық теңдеулерді осы әдіс арқылы шешуге оқушыларды баулу аса қиындық тудырмайды. Функционалдық теңдеулерді шешуде қолданылатын негізгі әдістерді төмендегі мысалдарда қарастырайық.

**1-мысал.**  $f$  функциясы нөлден басқа барлық нақты сандар жиынында анықталған. Бұдан басқа,  $f(a) = 0,5$  болатын саны бар нөлден басқа барлық  $x$  және  $y$  үшін  $f(x) - f(y) = f(x) \cdot f\left(\frac{1}{y}\right) - f(y) \cdot f\left(\frac{1}{x}\right)$  теңдігі орындалады.  $f(-1)$  -ді табу керек [1].

**Шешуі:** Берілген теңдікте  $x = \frac{1}{y}$  - ді қойып табатынымыз:

$$f\left(\frac{1}{y}\right) - f(y) = f^2\left(\frac{1}{y}\right) - f^2(y)$$

у үшін  $f(y) = 0,5$  болсын.  $y$ -тің осы мәнін жоғарыдағы теңдікке қойып алатынымыз:

$$\left(f\left(\frac{1}{y}\right) - \frac{1}{2}\right)^2 = 0 \text{ немесе } f\left(\frac{1}{y}\right) = 0,5.$$

Енді берілген теңдікке  $x = -1$ , ал  $f(y) = 0,5$ -ті қойып анықтайтынымыз:

$$f(-1) - 0,5 = 0,5 \cdot f(-1) - 0,5 \cdot f(-1) = 0,$$

яғни  $f(-1) = 0,5$ .

**Жауабы:**  $f(-1) = 0,5$ .

**2-мысал.**  $5f(x) = 3f\left(\frac{1}{x}\right) + \frac{1}{\sqrt{x}}$ , мұндағы  $x > 0$  теңдеуін қанағаттандыратын  $f(x)$

функциясын табу керек.

**Шешуі:**  $x$ -ті  $\frac{1}{x}$ -пен ауыстырып табатынымыз:

$$5 - f\left(\frac{1}{x}\right) = 3f(x) + \sqrt{x},$$

мұндағы  $x > 0$ .

Бұл теңдеуді берілген теңдеумен  $f(x)$  және  $f\left(\frac{1}{x}\right)$ -ке қарағанда теңдеулер жүйесі ретінде шешіп табатынымыз:

$$\begin{cases} 5f(x) - 3f\left(\frac{1}{x}\right) = \frac{1}{\sqrt{x}}, \\ 3f(x) - 5f\left(\frac{1}{x}\right) = -\sqrt{x}. \end{cases}$$

Жүйенің бірінші теңдеуін 5-ке, ал екінші теңдеуін 3-ке көбейтіп, одан кейін оларды мүшелеп қоссақ, онда

$$16f(x) = \frac{5}{\sqrt{x}} + 3\sqrt{x}, \quad x > 0,$$

бұдан  $f(x) = \frac{5+3\sqrt{x}}{16\sqrt{x}}$  болады.

$$\text{Жауабы: } f(x) = \frac{5+3\sqrt{x}}{16\sqrt{x}}$$

**3-мысал.**  $f(x)$  функциясы  $x$  барлық нақты мәндерінде анықталған және барлық  $x$ -тер үшін  $2f(x) + f(1-x) = x^2$  шартын қанағаттандырады.  $f(x)$ -ті табыңдар.

**Шешуі:**  $1-x = y$  болсын. Сонда берілген теңдеу мынадай түрге келеді:

$$2f(1-y) + f(y) = (1-y)^2$$

және ол  $y$ -тің кез келген мәндерінде орындалады. Мұндағы  $y$ -ті  $x$ -пен ауыстырып, мынадай теңдеу аламыз:

$$2f(1-x) + f(x) = (1-x)^2.$$

Бұл теңдеуді берілген теңдеумен қосып шешіп, мынаны табамыз:

$$f(x) = \frac{x^2 + 2x - 1}{3}.$$

Бұл функция берілген теңдеуді қанағаттандыратындығына көз жеткізу оңай.

$$\text{Жауабы: } f(x) = \frac{x^2 + 2x - 1}{3}$$

**4 - мысал.**  $f(1) = 1$  және кез келген натурал  $x$  және  $y$  үшін  $f(x+y) = f(x) + f(y) + xy$  теңдігі орындалатын барлық  $f: N \rightarrow N$  тізбегін табыңдар [2].

**Шешуі:**  $f(x+y) = f(x) + f(y) + xy$ .

$$x, y \in N; f(1) = 1,$$

$$f(2) = f(1) + f(1) + 1 = 3,$$

$$f(3) = f(2+1) = f(2) + f(1) + 2 = 6,$$

$$f(4) = f(2+2) = f(2) + f(2) + 4 = 10,$$

$$f(4) = f(3+1) = f(3) + f(1) + 3 = 10.$$

Индукция әдісі бойынша  $f(k) = \frac{k(k+1)}{2}$  екенін дәлелдейік. Бұл барлық  $k \leq n$  үшін дәлелденілген болсын.  $n+1 = l+m$  ( $1 \leq n, m \leq n$ );

$$\begin{aligned} f(l+m) &= f(l) + f(m) + lm = \frac{l(l+1)}{2} + \frac{m(m+1)}{2} + lm = \\ &= \frac{l^2 + 2lm + m^2 + l + m}{2} = \frac{(l+m)(l+m+1)}{2}. \end{aligned}$$

Демек, берілген шартты қанағаттандыратын тек бір ғана тізбек бар:  $f(n) = \frac{n \cdot (n+1)}{2}$ .  
**Жауабы:**  $f(n) = \frac{n \cdot (n+1)}{2}$ .

Оқушыларды функционалдық теңдеулер және оларды шешу мәселесімен таныстырудың алдында, оларға жоғарыда айтылған жайларды жете түсіндіру қажет, сондай-ақ күрделі функцияны құрастыру амалына қатысты есептерді қарастыру өте тиімді.

Қорыта айтқанда, математикалық олимпиадаға оқушыларды дайындау үшін күрделі түрдегі функционалдық теңдеулерді шешудің түрлі әдістерін дұрыс таңдау керек.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. А. Қарабаев Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал жасайтын стандарт емес есептер. - Жезқазған: ЖезУ, 2002. - 200 б.
2. Л.М. Лихтарников Элементарное введение в функциональные уравнения.- СПб.: «Лань», 1997. -160.
3. Я.С. Бродский, А.К. Слипенко Функциональные уравнения. - К.: Вища школа, Головное изд-во, 1983. -96 с.
4. С.Л. Евсюк Математика Решения задач повышенной сложности.- Минск: «Мисанта», 2003. -224 с.



**МАҢҒЫСТАУ АҚЫНДАРЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫП ПЕН ИДЕЯ БІРЛІГІ:  
ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ ТҮРҒЫСЫНАН**

**Бүркітбаева А.С**  
филология ғалымдарының кандидаты

**Бекібай Назира**  
**Ш.Есенов атындағы КТЖИУ**  
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, 3 курс

**Аңдатпа.** Мақалада Маңғыстаулық жас ақындардың поэзиядағы тіл ерекшеліктеріне талдау жасалады. Жас ақындар поэзиясында поэтикалық тіркестер, теңеу, әсірелеу, метафора, синекдоха сияқты көріктеу тәсілдерін, мақал-мәтелді, фразалық тұрақты тіркестерді орынды қолдана білгеннен ақын-жазушының туындылары жанға қуат, өмірге азық бола алады. Кейде солардың бірі жоқ жайдақ ұйқастардан құралған өлеңдер де кездеседі. Сондықтан жәстүр мен жалғастық тұрғысынан мақалаға сыни тұрғыда баға беріледі.

**Кілт сөздер:** көркемдік, теңеу, тақырып, идея, ақын, ұйқас

Ақындардың көркемдік шеберлігі мен поэзиялық мәдениетінің деңгейін танытатын көрсеткіштердің ішіндегі көрнектісі бейнелеу құралдары болып табылады. Асылбек Жаңбырбайдың тіліндегі психологиялық иірім, Гүлсімдегі тереңнен ойлау, Мұхамбетбердідегі өрелі талғам, Асылбек Сүлейменовтегі өршіл пафос, Фархадтағы кербез, сырлы сурет, Райхандағы нәзік сезім, Еділ жырларындағы ұлттық сипат, Әлібектегі зеректік, Кларадағы балғын сағыныш- ақындардың қазақ өлеңінің жаратылыс болмысын қалыптастыруда өзіне тән өрнек, өзіндік тәсіл табуға деген ізденісін танытады.

Барлық ақынға тән ортақ ерекшелік, үндестік-көмекей жырдан дәмелену, ата-бабасынан, туған жерінен күш-қайраттану. Өзгешелігі-ақынның біріндегі ой екіншісінде қайталанбайды. Сөз, ой, дыбыс қайталаушылықтары кездеспейді.

Ақындарда басты тақырып-туған жер, мекенге деген сағыныш сезімі. Еділдің «Қазыналы өлкем Маңғыстау», «Мен боламын Отпандағы дегелек», «Желтоқсан» өлеңдерінде туған жер тақырыбы қозғалады. Туған жерге деген осыншалық арман аңсароны үнемі алға жетелейтін күш. Еділдің өлеңдерінен дәстүрлі Батыс өлкесі ақындары Қалнияз мен Нұрым, Абыл жырларынан рухтанған-ерлік үні сезіледі. Нақыл сөздерді, афоризмдерді қолдану-Еділ өлеңдерінің ұтымды жағы.

Жеті бұлбұл, жеті қайқы ән салып

Ел жадында жеті нандай сақталған.

Еділдің жырларында жергілікті колорит үйлесімді сақталған. «Туған ел деп боздап жүрген бота», «Шыныменен болмағанда желтоқсан// Жойылар ма ек қайнап ұшқан будай боп», «Желтоқсанда шықпаса егер жастарым // Біз ендігі жоқ болар ма ек жоңғардай» тәрізді сөз айшықтауларынан-желтоқсандағы жастарының ерлігінен қуаттанған, бүгінгі елдігіне сын көзбен қараған ұрпақ үні естіледі. «Қазыналы өлкем Маңғыстау»-өлеңі таныстыру мақсатында жазылған. Маңғыстауды сұлу қыз, мәуелі баққа теңеу бар.

Қазына деп айтқаным ол шалдарым,

Шалдарым деп айтқаным ол ар жағым,-

деген жолдарда градациялық (дамыту) тәсілі қолданылған.

Фархад өлеңдерінің негізгі лейтмотиві-ауылды сағыну, туған жерге деген ыстық сағыныш. Фархадтың жырлары Маңғыстаудың өткені мен бүгінгіне шолу жасаған Сәттіғұл

мен Түмен жырларына сабақтасады. Бір ерекшелігі-Фархадтың өлең шумақтары интонациялық сарынға, яғни музыкалық екпінге құрылған.

Жігіттер бар, жігіттер бар ол жақта  
Қара нары абыроймен намыстың  
...Ауылға бар, ауылға бар достым-ау,  
Адалдықтың патшалығын іздесң.  
...Ауылға бар, ауылға бар бауырым,  
Көргің келсе сұлу сөздің дидарын.

Фархад-айтыс ақыны. Сондықтан мұндай қайталамалардың кездесуі заңды. Бұл қайталамалар өлеңнің мазмұнын тереңдету, оқырманға ой тастау үшін әдейі алынған деп ой түюге болады. Фархадтың 8 шумақ өлеңінен тұп-тұтас шағын елді мекеннің күнделікті тірлігі көз алдыңнан өте шығады.

Алып қашу дәстүрі де сақталған,  
Ол ауылда ағам менен жеңгем бар,  
Үйленген соң махаббаты басталған,-  
деген ойнақы жолдар өлең әсерлілігін арттыра түседі. Бас-аяғы бүтін өлең. Ақын қорытындысы біреу:

Бір білгенім-қала жақтың мың күні,  
Бір күніне жетпейді екен ауылдың.

Нағыз қазақы психология. Жүрегі «ауылым» деп соғатын әрбір қазақтың жүрек түкпіріндегі сезімін дәл тауып айтқан.

Ұйқас-өлеңнің басты компоненті. Фархадтың ұйқастары жалаң емес, өлеңнің ішкі мазмұнымен туыстық тапқан ұйқастар. Туған жер тақырыбынан сәл ойысып, сезімді жырлаған Фархадтың «кей сәттері шын сүюге қорқамын» атты өлеңінің астарында үлкен базына сыр бар. Арманда өткен ғашықтардың мұңды халін бере отырып, ақын махаббат атты ұлы сезімнің алдында қорқыныш танытады. Астарлы ой негізінде Қозы мен Баянның, Төлеген мен Қыз Жібектің шынайы сезімі мен бүгінгі жастардың арасындағы махаббат мәселесін салыстыру бар. Осылайша ақын «кей сәттері шын сүюге қорқамын» дегенде өзінің ғана емес, тұтас ұлтының қамы үшін, болашақ ұрпақтың гумандық, моральдық тәртібі үшін жауапкершілік болса ғой деген ниетін де сезіндіріп қояды. Бір ғажабы-Фархадтың өлеңдері астарлы сөзбен басталып, салмақты ой тастайды.

Бірақ-тағы қалт етпеді бір нәрсе,  
Ол-махаббат ұстап тұрған ғаламды.

Ақындардың тақырыптық арнасы сан алуан. Клара мен Әлібектің өмірдің өтпелілігі турасында жырлаған өлеңдерінде жабырқау мұң бар.

Кларада:

Жақсын, жақпасын дүниенің құны бір тиын,  
Жүрген соң мынау бес күнде бәрін сағынып.

Жақсын, жақпасын, айттың, айтпадың-тәрізді контрасты ашық антонимер арқылы берілген. Дыбыс қайталаушылықтары-аллитерация қолданылған. Көшкі күн, ертегі өмір, ертегі елес тәрізді сирек ұшырасатын метафоралы тіркестер кездеседі.

Адам баласының өміріндегі аяулы жандар-ана мен әке тақырыбына арналған жыр топтамалары да кездеседі. Сандуғаштың «Кешір, апа» өлеңінде анаға сыр ашу үлкен ойға құрылмаса да, сезіммен өрілген. Гүлсімнің «Әке» атты өлеңінде ұйқастарды талғампаздықпен алу, өлеңге образдылық дарыту ерекше байқалады. Таңдаған өмір жолының сүрлеуін оқырманға жеткізеді.

Отырмын. Жо, жоқ, ұшып жүр жаным...

Көктемін.

Өмірде әлі алар-берерім көп менің.

Шаттансам шалқып, шаршы әлем кетер шарықтап,

Шөлейтке жауған асыр да тасыр төкпемін.

Жырға құмартқан, ынтығы-жыр болған ақын қыздың кептер жырларының, жалт еткен нұрлы ойының әлі де талмай қанат қағуын тілейміз.

Табиғатпен үйлестік іздеп, сезім гармониясын құрау Райханда да кездеседі.

Шілдедегі шарпыса молынан леп,

Найзағайсыз кей-кейде торығар көк.

Мен де жүрдім селдеткен сезімдермен,

Ақ махаббат бір күні жолығар деп.

Дыбыс үйлесімі, яғни инструментовка жақсы сақталған. Фонетикалық және стилистикалық мән-мағынасына сай, әр сөз өлеңге жағымды тембр, эмоциялық бояу, нәр қосып отыр. Адам психологиясының түрлі иірімдерінен хабар беретін шумақтарда- іздеу, күту, жабығу, кездесу, кешігу- бәрі бар. Реалистік психологизмге құрылған өлең деуге болады. Бақтыбай мен Райхан өлеңдеріндегі жан дүниесінің ішкі әлемін табиғат, жаратылыс көріністерімен атастырып, сабақтастырып, тұтас бірлікте алудан сапалы психологиялық егіздеу жасалынған. Енді бірде ақын:

Теріс қабақ тағдырым танытқанда,

Жан жүрегім жабырқап жабыққанда.

Шілімгірі шілденің өзекті өртеп,

Жырақтадым шау тартқан шабыттан да.

Махаббатына әлі жолықпаған жабырқау ақынның мұңы. Бірақ басқа мұң. Шабыттан қашқан ақынның көңілі «жаймашуақ күзде кіріп келген» бейнемен бірге өзгере салады. Ал табиғатпен етене сырласқан Мұхамбетбердінің «күзгі қоштасуында» күз-маусымдық ерекшеліктен гөрі адамның сезімін аңғартады. Күз, қоштасу, жанып біткен шылымдай күл сезім-күзден бақытын күткен ақынның сезімі астан-кестен. Күзге тіл бітіріп, оған бұйыра тіл қатады: Бақытымды қайтар күз! Өлеңнің мәнін ашып тұрған, ерекше экспрессия қосып тұрған -осы соңғы тармақ. Мөлтек сыр, тұнған лиризм, оқырманның жүрегін дір еткізетін мөлдір жыр.

Балалыққа әсем саяхат Асылбек Жаңбырбайдың өлеңдерінде жасалады. «Тандыр нан». Өлеңде көркемдік айшықты сөздердің көп болуы, суреттемелердің қалың, бояуының қанықтығымен қатар қарапайымдылық, ықшамдылық та жарасымды. Бір ғана деталь тандыр нан арқылы ақын оқырманының алдына балалық дәуреннің, ауыл баласының «тәтті» балғын тірлігінен суретті картина түзе қояды.

Тағдырдан көрсем де қаттылық,

Сәттер көп санамда жаңғырған.

Балдарым жесін деп, тәтті ғып

Пісіріп беруші ең тандыр нан.

Керемет астарлы сөз болмаса да, тілі қарапайым, оқуға қызық, есің кетіп, балалығыңа елтисің. Өлеңде балғын балалықпен қоса мұң да бар-жүректегі сағыныш, көңілдегі жетімдік, жеке мұң. .

.. Нұр төгіп толған Ай тұр көкте,

Тандыр нан сияқты сап-сары.

Сап-сары тандыр нан, Нұр төккен Ай-ақынның өз бояуы.

Қуанасың, ананың ыстық жылуына ерисің, қызығасың, бір сәтке көңіліңе кірбің аласың да қайтадан жадырап шыға келесің. Міне, қаншама көңіл-толқыныстарын кешесіз!

Ақынның ұйқы көрмей жыр күзетуі қандай табиғи болса, Мұхамбетберді мен Маринаның жырында да өлеңге табынушылық, түннен шабыт тілеу сондай жарасымды өрілген. Мұхамбетберді:

Соқыр шамның сәулесі әлі өшкен жоқ.

Мен отырмын әсер алып кештен көп.

Мынау ауыл ұйқтап қалған, тып-тыныш...

Ал көңілім тырналардай көшкен кеп,-

деп түнді жырына серік етсе, Марина өлеңімен бірге өмір кешеді. Сырласады, күйінеді, сағынады, қуанады, жылайды-түрлі эмоциялық әсерге беріледі.

Қасқайып тұрам қайғыны жеңіп,  
Қамықпай қарсы ап қиындық мұңын,  
Өйткені өрт боп өлеңім келіп,  
Қайтарып тұрад тағдырдың сынын.

Асылбек Сүлейменовтің «Жырлап қал» өлеңі монорим-өлең ұйқасын көптеген тармақтарда өзгертпей сақтап қалу, ұйқасатын сөздерде жасандылық болмай, әдейілеп тізіп қойғандай көрінбей, ұйқас сөздер мейлінше еркін алынып, өзінің табиғи келісімімен үндесіп жатады. Өмір сыры, өткінші дүние, жастық ғұмыр, ертеңгі болашақ- өлең шумақтарына үндесе жымдасқан. Өлең шумақтарын оқып қарасаңыз-тілі қарапайым, бірақ шағын тармақтарда үлкен ой айта білу-оңайлық емес.

Асылбектің «Екінші өмір басталды» атты арнау өлеңі өмірден озған ақын Амангелді Бұғабаевқа арналыпты. Өлеңде жоқтау элементтері кездеседі.

Өлең ғана өлмейді, ел кезіп жүр  
Аға, сенің арғымақ жырларыңа  
Екінші өмір басталды өлмес өмір.

Астарлы, символмен ой айта білу-Асылбек қаламына тән.

Бүгінгі жыр керуенінің бастау-бұлағының бірі-жергілікті ақындар сапы. Сабыр, Светқали, Рахат, Есенғали, Анар, Мэлс, Нұрланның ізін жалғаған көш «Жанартаулықтарға» дария білім, үздіксіз ізденіс, тынымсыз еңбек сияқты ұлы қасиеттер тілеймін.

Жұмагүл Мұрсалова - талантын ерте мойындатқан сөз саңылағының бірі.

Оның қаламынан туған өлең-жырларының барлығы дерлік жантебіреністі, ұшқын сезім мен туған жерге, елге деген махаббатты дәлме-дәл суреттейді.

Ақын өлеңдерінің басты негізгі тақырыбы лирика жанрында. Оған дәлел: «Ғашықтық ғаламаты», «Ғашық болып қалмандаршы», «Астана мен ару қыз», «Жанар мен жүрек жайы осы» өлеңдерін мысалға келтіре аламыз.

«Алдырдым ақылға бой, сезімге бой,

Жүректің жарқылы да көзінде ғой,

Мен сені көп ішінен көп іздедім,

Себебі ойлы жанар өзінде ғой»,- деген 1 шумақтың өзінде ғашық адамның жай-күйі суреттеріліп тұр.

Мұрсалова тек махаббат төңірегінде ғана шектеліп қалмаған. Ол

«Өмір деген – орға жығар өтіріктің ордасы,

Шындық шырақ жақпағасын болар тіпті сор басым»,- деп өмір иірімдерін боямасыз түрде жеткізген.

Көркемдік талдау жағынан қарайтын болсақ оның 11 шумақтық «Жерұйық» атты өлеңінді эпитет, гипербола өте көп кездеседі. Мысалы:

Эпитет: «жер ана», «тамылжыған табиғат», «туған жер», «аңызак жел», «қара жер», «қара алтын», «көк теңіз», «жайлы жерұйық», «шын сезім».

Эпифора: «көнелер», «бөленер», «төбелер», «кермиық», «жерұйық».

Метафора: «Тағдыр тілі».

Гипербола: «Алып-ұшып жер-ананың жүрегі»;

«Аққу жырды қондырамын Каспийге»;

«Тауқыметтің талқысында тоқырап»;

«Сыр ұрлаған келбетінен көркінен»;

«Кербез далам керіледі кермиық».

Бұдан бөлек сауытты қаламгердің «кейіптеу» тармағына келгенде ада қалмаған. Оны «Шабытымның шымылдығын түреді»;

«Қонақ қылар өлең деген басты үйге»;

«Аққу-жырды қондырамын Каспийге»;

«Сыбырлайды аңызак жел Ақтау деп»;  
«Таңмен бірге оянады төбелер»;  
«Бұл мекенге кие қонған бақ дарып»;  
«Айран болып отырады ел ұйып» деген тіркестерден анық байқай аламыз.

Бірегей ұйқасқа құрылған шығармаларында «қара өлең» және «кезекті ұйқасты» кеңінен қолданған.

Ақын Гүлай Дәуітбай өлеңдерінің сарыны мен сазы да өзгелерден ерек. Жүрегі нәзік қыздың бойынан осынша рух, туған жерге сонша махаббат қалай сыя алды екен?! Шығармаларының бірінші шумағынан-ақ көркемдік құралдарды іздеп әуре болмайсың. «Мерекеңмен Қазақстаным» өлеңі:

Сен - тұтас ағза, біз - мүшелерің, бірінсіз бір - жетім!  
Сен – тұғыр, біз – саған табан тіреген күш!

Басталғанынан қандай сезімде болдыңыз? «Қалай тауып айтылған сөздер?» болды, менікі. Әр жолында кездескен метафоралық бейнелеуге елітіп отыра бересің.

Тұлпар мінез текті халықтың көңілінен ерекше орын алған «адай жылқысына» арнап шыққан туынды «Көкмойнақ». «Жәннат бағы жоғалтып ап пырағын» деп әспеттеген жануарды:

«Көкмойнағым мекен еткен таңдап ап,  
Маңғыстаудай жер үстінің жұмағын»  
-деп, тек тұлпар емес, туған жер мерейін үстем етті.

Елдігі мен ерлігін мақтанышпен қатар жырлаған «Желбіре көк ту». Елге шексіз адал махаббаттың бейнесін:

Көк байрағым, серт етемін мәңгілік-,  
Өзіңменен кеудемдегі жан егіз.  
жолдарымен жеткізген.

Жырларынан сезім мен сенім, рух пен күш табылатын жанның шабыты бәріне қалай үлгереді дерсің. Кімнің қалай жауап берерін білмеймін, Гүләйша айтса:

Пендесіне пәрменімен беретін,  
Шабыт деген- ақ Құдайдың рұқсаты.

Іңкәр көңіл, жүрек сыры-қыз жанының бір бөлігі болса, оны сөзбен сазын келтіре суреттеу ақын қыз шеберлігі. Жұмада туған гүлдің жылы лебі, мұз көңілге жаз сыйлары анық. Өзін «Мен кімінде?» «жұмадағы гүл мен нұрға, жырға» теңеген Жұмагүл Мұрсалдың өзіндік әлемі бар.

Араласып, құраласып жүрем де,  
Мен бәріне ұнап қалам бір күні

-деп жырлайды «Ғашық болып қалмаңдаршыда». Әрине, ақын ару кімге ұнамасын, тек өзі айтқан «Мықты болсаң, сол Адайдан бөліп ал!».

Ғашықтықтан қалам шаршамасының дәлелін « Ғашықтық ғаламатынан» байқатқан тәрізді.

Жігіт көп гүл ұсынған құшақ-құшақ,  
Сезімі бас идірген сен ғанасың.  
\*\*\*\*\*

Осынау «өзіншелеу» болмысыммен  
Ұнайды еркелеген саған ғана.

Әдетте ашылып сезім кілтін бермейтін ерке қыздардың есір де есіл сезімін епті жеткізгені ғой, бұл.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Алматы, Ғылым, 2001 ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 2007ж.

## СЕГІЗ СЕРІНІҢ СЫРЛЫ ӨМІРІ

**Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы**  
С.Сейфуллин атындағы КазАТУ,  
филология ғылымдарының кандидаты  
**Бәлкен Толқын Қорабайқызы**  
С.Сейфуллин атындағы КазАТУ,  
педагогика магистрі

**Аңдатпа:** Сегіз серінің көркем прозадағы бейнесін сомдаған Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаяты серінің тағлымды өмірі мен шығармашылығы туралы толымды мағлұматтар берілген көлемді еңбек. Ақын Қадыр Мырза-Әлі Сегіз серіге арнаған өлеңіндегі деректердің барлығы да осы аталмыш еңбекте берілген.

Сегіз серінің өмір жолы, шығармашылығы Жаяу Мұса, Нұржан Наушабайұлы, Өске Торқаұлы, Шынияз Жұбатов туындыларында да айрықша келісіммен өрілген.

Аталмыш туындылар Сегіз серінің тамаша туындыларға кейіпкер бола алатын тағлымды тұлға екендігін дәлел еткен. Қаламгерлер таланты тек ән-жырымен көрінбей, ел азаттығы үшін күрескен, шен-шекпеннен ел мүддесін жоғары қойған Сегіз серінің аяулы бейнесін шебер суреттей білген.

Қазақ халқының ақындық, әншілік, күйшілік, сазгерлік, зергерлік, батырлық, палуандық өнерімен жалпақ жұртқа аты мәлім болып, елі сүйіп, еркелеткен өнерпаз серілерінің бірі – Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов еді. Сегіз сері. ХІХ ғасырдың басында туып, орта кезінде қайтыс болған, атақты сері, ақын, асқан әнші, өрнекпен сұлу дүние жасаған сиқырлы зергер. Көп өнерді біріктіріп ұстаған дарынды жүйрік болған соң халық оны «Сегіз сері» деп атаған, ескі дәстүр бойынша «Сегіз қырлы» өнерпаз дегенді білдіреді.

**Кілт сөздер:** сал-сері, проза, поэзия, өнерпаз, сыншы

Қазақ тарихындағы қайталанбас дара тұлғалар, серілер туралы сөз қозғалғанда өз заманында асқан сері, беделді тұлға болған Сегіз сері есімі қатар айтылады. Сандаған сал-серілік дәстүрді ұстанған өнерпаздар өзінің ұстазы Сегіз сері болғанын өз өлеңдерінде, әндерінде жиі айтып отырғандығынан да оның белгілі тұлға болғандығы белгілі. Осындай болмыс-бітімі ерекше жаралған, біртуар талантты перзентін мақтан етіп, ұрпағына ұмытылмай жетуін мақсат еткен проза мен поэзия жанрында да біршама көркем туындылар жазылған болатын. Қазақ әдебиетінің алдыңғы буын өкілі ақын Қадыр Мырза-әлидің «Сегіз сері Баһрамұлы» атты өлеңінде оның есімінің «Сегіз» аталуына дейін ерекше мән бере жырлауының өзі қатарынан асып туып, серілік қонған дарынның бойындағы айрықша қасиеттердің басымдығын аңғартқандай.

Неге сегіз?

Сегіз қырлы болмысы,

Қалай сыймақ тар қалыпқа ол кісі.

Алдыңғысы болса болар тұлпардың,

Емес бірақ сәйгүліктің соңғысы.

Шырқағанда ғашықтардың атынан,

Көкірекке ұялаған жатық ән.

Неге сегіз?

Иықтағы жалғыз бас,

Бір ғана бас сегіз басқа татыған. [1,59]

Көз тоқтатар көркі бар, ұйып тыңдар үні бар, салмағы ауыр жүктерді үйіп-төгіп тартатын күші бар, өткен-кеткен тоқтап тамашалайтын өнердің барын бойына жиған айтулы дарынның осы есімді иеленуінің өзі бойына жиған сан-салалы, ғажайып болмысының арқасы болар.

Міне, ақындық, әншілік, күйшілік, сазгерлік, зергерлік, батырлық, палуандық өнерімен жалпақ жұртқа аты мәлім болып, елі сүйіп, еркелеткен өнерпаз серілердің бірі – Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов еді. Осы өнерпаз тұлға туралы ғалым Әлкей Марғұлан өзінің «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» еңбегінде «Көкшетау мен Обаған өлкесінде бірінші жарқырап шыққан өнер иесі Сегіз сері. Ол ХІХ ғасырдың басында туып, орта кезінде қайтыс болған кісі, өмірі Тәттімбетке өте жақын. Ол атақты сері, ақын, асқан әнші, өрнекпен сұлу дүние жасаған сиқырлы зергер. Көп өнерді біріктіріп ұстаған дарынды жүйрік болған соң халық оны «Сегіз сері» деп атаған, ескі дәстүр бойынша «Сегіз қырлы» өнерпаз дегенді білдіреді» [1, 29], деп көрсетеді.

Серінің көркем прозадағы бейнесі туралы айтар болсақ, Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаяты серінің тағлымды өмірі мен шығармашылығы туралы толымды мағлұматтар берілген көлемді еңбек деуге болады. Қадыр Мырза-Әлі Сегіз серіге арнаған өлеңіндегі деректердің барлығы да осы аталмыш еңбекте берілген.

Көмейіне құйып алған бал әнін,  
Ә, дегенше өте шыққан бала күн.  
Жендеттерге ертелі-кеш індеткен,  
Ұстатпаған сағымындай даланың.  
Маңдайға алып нағашы жұрт, батысты,  
Өкшелеген өңкей итпен атысты.  
Ел-жұрты үшін қуғын көрген қазаққа,  
Құс төсектен қымбатырақ ат үсті [2, 51]. –

деген жолдарда Сегіз серінің «Қашқын келбеті» толғауындағы жүріс бағыты, қимыл-әрекеті көрініс берген. Қадыр Мырза-Әлі осы сегіз шумақ өлеңінде серінің әнші-ақындығына қоса, мергендігін, балуандығын, жомарттығын, темірден түйін түйген шеберлігін, зергерлігін, емсектігін (Жолда қансырап өлім аузында жатқан жас сардарды құтқарып, адам қатарына қосып, кейін өзіне атқосшы етіп алғаны Т.Сүлейменов еңбегінде айтылады) толығымен сыйдыра жырлаған.

Сегіз сері әдемілікті, әсемдікті, тазалықты сүйгені аян. Ендеше ақынның шабытын жани түсін, талантын тасытқан, арманына қанат байлатып, өлең өнерінде өрге бойлатып, сандаған сұлу әндердің дүниеге келуіне себепші болған ақша жүзді, ақ маңдай арулар екендігі де белгілі. Аталмыш мақаламызда Сегіздей серіге сұлу сазды әндер тудырып, шабыт сыйлаған сындарлы сұлулардың бейнесін Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаятындағы деректер арқылы саралап көрмекпіз.

«Сегіз он төрт жасында шығарған «Арман» атты өлеңінде ержеткенде өмірінің жақсы болуын аңсайды, болашақ жарының тұлғасын, жүріс-тұрысын, мінез-құлқын көз алдына елестетіп:

Ақша жүз, бота көзді, бойы сұңғақ,  
Зайыбың шақырғанда келсе зырлап.  
Не екенін атқарар іс білу үшін,  
Сұрағын еппен қойып, күтсе тыңдап

Жан серік, қазір қымыз әкелем деп  
Қайтарса сәніменен жақсы жауап.  
Етегі қазине көйлек дөңгеленіп,  
Ауыз үйге шыққанында етсе бұлғақ, – дейді [3,18]».

«Арманына қанат қақтырып, өзіне тең түсетін жар іздеген Сегіз Омбы қаласының түбінде тұратын Ахметқали деген ауқатты кісінің Мүкәрама атты қызына кездеседі. Ол осы бір аруды көргеннен-ақ Қызылжарда оқып жүргенде шығарған өлеңінде сипатталған

сұлудың бейнесін танығандай болады. Ақыры, Мүкәрамаға ғашық болып, оған өзінің ішкі сырын білдіру үшін «Арман» атты өлеңін біресе әнге қосып, біресе тақпақтап айтып жүреді» [3,19]. Бірақ, қыз әкесі Ахметқалидың қарсылығына ұшыраған жас ғашықтардың бір-біріне өмірлік жар болуға жолы кесіліп, Сегіз: «Көркем қыз шақырған соң жуықтайын, Басқаны неге саған жуытайын. Өзіңе ықыласым ауғаннан соң, Қалайша, Мүкәш, сені ұмытайын», – деп «Арман» әніне лайық деп іздеп тапқан Мүкарамасына қол жетпесіне көзі жетіп, көңілі налып, сергелденге түскен жас жүрегінің арманын «Назқоңыр» туындысымен өрнектейді.

Сегіздің бұдан кейінгі сезімін қозғаған Ақбет атты аруға арналған «Ақбет», «Қыз келбеті», «Ойлан, Ақбет», «Қош бол, Ақбет» атты шығармалары ақын репеутуарына орнығады. Ақбет ару ақынға көңілі құлағанымен, екеуінің жолы екі айрыққа түсіп: «Жапан түзге бәйтерек егіледі, Жапырағы жел соқса төгіледі. Аулың алыс қалған соң, беу, Ақбетжан, Қабырғам сынбаса да, сөгіледі, – деп, ғашықтық дерті жамалған жас ақын көңілі құлазып, махаббатының мәңгі ескерткішіндей аяулы әндерін шығарады.

Сегіз серінің осыдан кейінгі ғашықтық жырларының мазмұнында өзінің отарлау саясатын ұстанған жазалаушы жасаққа сардар болмай бас тартып, патшаға қызмет етпей қашқын болған кезеңдері көрініс беріп отырады. Кезінде Омбыдағы Азиялық мектепте білім алған Сегіздің соғыс ісіне өте шебер екендігін жақсы білетін генерал Горчаковтың ұсынысына келіспегендіктен кейінгі өмірі қуғын-сүргінмен өтеді. Бірақ қашқын өмірдің ащы сыбағалы тұстары да ақын шабытына тұсау бола алмайды. Бір ғажабы, ақын алғашқы албырт сезіміне ерік беріп, өзіне іңкәр еткен Омбыда қалған Мүкәрама сұлуды еш уақытта есінен шығармаған. Өзіне кездескен сұлулардың бойынан ұқсастық іздеп отырған. Кейін жазған «Ақ еркесі» де осы ғашығын жиі есіне алған сағынышынан туған ән екен. Мүкарамаға деген өшпес сезімі «Қашқын келбеті», «Кісем сұлу» шығармаларында да көрініс береді.

Ысық елінде өзін қадірлі қонақ еткен Истай Таймановпен үзеңгілес жүрген қарт сардар Қалдыбайдың сұлу қызы Ғайнижамалға ғашық болған Сегіз серінің атақты «Ғайни» әні осы жерде туады. Ғашықтық жүрегін жаулап алған ақын сол жерде бір әннің сөзін сан құбылта шырқайды. «Қыз сипаты» мен «Ғайни» әнінің екі нұсқасы осылайша ел аузына тарап кетеді.

Жалғанда естен кетпес Ғайни атың,  
Өртеген өзегімді перизатым.  
Көркінді бір көруге аңсап келген,  
Ақыны Сарыарқаның Сегіз атым –

деп ән арнаған ақын сұлу қыздан жауап ала алмай отырып «Құрбыма» деген өлеңін де осы жолы шығарған екен. Өзіне деген ғашық халін ұғынған Ғайни сұлу сері жігіттің тілегін қабыл алып, жастар келесі жылы бас қоспақ боп уәделесіп, Сегіз жолдастарымен сапарға аттанып кетеді.

Бірақ уәделі күні қосылмаққа серттескен сүйген серісін күтіп жүрген ару патша үкіметінің ел арасына шыққан жазалау жасағы халықтың жылқысы мен түйесін зорлықпен жинап, күшпен айдап бара жерінен қарсылық көрсеткені үшін оққа ұшып, қазаға ұшырайды. Жарым деп жанына балап жүрген жанның қазасы серіні ауыр қайғыға салып, «Ғайни» атты күйді шығарады.

Уәде етіп серттесіп, қол алысқан ару Ғайнидың өмірден өтуі де сері үшін оңайға тимейді. Сергелдең күйде, өзі қашқын кебін киген жігіт сапар бағытында Тілеуқабак байдың Патшайым, Қаншайым есімді сұлу қыздары барын естіп, көруге, тілдесуге құмартып арнайы барады. Барған кезінде Патшайымды жолықтырып, Сегіздің сезіміне қозғау салып, айдай сұлу көркіне ақыл-парасаты жарасқан аруға арнаған «Патшайым», «Қара көз» әндері осы сәттерде туады. Бірақ Патшайым да серінің өмірлік серігі болуына уәдесі берік болғанымен, жас сұлуға сұм ажал тұзағын тым ерте құрып, Сегіз серіге қайғы жамай түседі.



Серінің бұдан әрі жалғасқан сапарында кездесіп, өзін мейман етіп төріне шығарған Қабыл деген бидің Айжамал есімді сұлу қызы да ақынның көзіне түсіп, «Әйкен-ай» әнін шығартады. Өзі қашқын, қонатынын сай білгеннің кебін киіп жүрген абзал ер бұл жолы да Айжамал сұлуға еншілеген аяулы әнін ескерткішке қалдырып, ілгері кетеді. Көңілі кеткен сүйгендеріне қолы жетпеген шерлі ақын бір жерге тұрақтай алмай, ел аралай береді. Оның үстіне патша үкіметінен шен-шекпен дәмектен жалбақайлардың Сегіз серіні ұстап беруге жасап жатқан әрекеттері де жанашыр жандар арқылы құлағына жетіп отырады. Сыр өңірінің шешені Бақтиярдың сұлу қызы бар дегенді құлағы шалған сері жігіт сол жаққа жетпек болып құмартады. Табиғаты сұлулықты қалаған жаны да, ажары да әсем Сегіз серінің Мақпалды көрсем деп ынтыққан көңілі алдамаған екен. «Ажары атқан таңдай, бота көз, қыр мұрында, ақша маңдай» әрі әнші, әрі шешен, әрі ақылды аруды көргенде жүрегіндегі сезім қайта бой көтереді. «Бір күні көршілес ауылда болатын келін түсіру тойына Сегіз және оның серіктерін шақырып, ән салғызып, күй тартқызады. Баһрамұлы сонда Мақпалмен кездесіп, онымен бірге алтыбақан теуіп, талшыбықтай бұралған сұлу қызбен көзімен ғана тіл қатысады. Осы жолы Сегіз сымбатты арудың сұлу көркіне тәнті болса да, оған ғашықтығын білдіріп сөз айтпайды. Себебі, ол алғашқы сүйген жары Мұкараманы көзіне елестетіп, Мақпалға деген ыстық сезімін тежеуге тырысқан. Бірақ ақындық, әншілік, күйшілік арынына тән мінезі еркіне қоймай, Сырдың аруына ынтықтыра түскен. Сондай бір сәтте Мақпалдың қасындағы Раушан, Құсни есімді серіктерімен салтанатты түрде серуенге шығып бара жатқанын көрген сері «Гауһар тас» әнін шығарып айтады. Осы әнде Сегіз сері Мақпалды қасындағы Құсни, Раушан есімді қыздарды гауһар тасқа теңеген болса керек. Оған әннің қайырмасында ерекше сипат беріп: Беу-беу, Гауһар тас, Құсни, құрдас Раушан, – үшеуінді көргенде, Сәулем-ау, сабырым қалмас» [3,62], - ақылына көркі сай үш арудың келбетін әнге қосады. Өлең жолдарындағы «құрдас» Мақпалға арнап айтылғаны. Ақын сезіміне қозғау салып, жүрегін тербеп, тастың асылы, қымбаты гауһарға теңеген аруларға арнаған осы әдемі әні тамаша сұлу сазбен орындалып жүр. Сегіз серінің Мақпал сұлуға ынтық көңілінен туған әсем әндері жөнінде замандасы әрі досы болған Шығияз ақынның «Мақпал-Сегіз» аталатын дастанында, Өске ақында да (осы атпен «Мақпал-Сегіз» дастаны бар) айрықша атаса, өзі де серілік құрып, ән салған, сөз төркінін түсініп, киесін ұққан Жаяу Мұса «Ер Сегіз» өлеңінде:

Сүйсінді жұрт Сегіз сері әнін тыңдап,  
Ақынның «Мақпал» әнін көп ел құндап... –

деп, Сегіз талантына бас иіп, «Мақпал» әнінің ерекше әсері жөнінде тоқталады.

Нұржан Наушабайұлы да «Сегіз сері» дастанында:

Ер Сегіз сал-сері ерткен түзеп сәнін,  
Әр елдің салдық құрып татты дәмін.

Найманда Бақтиярдың қызына арнап,  
Шығарған жүз елу ауыз «Мақпал әнін» –

деп, Мақпал сұлуға арналған әнінің бір өзі ғана Сегіздің өзгеден бөлек әнші-ақын екенін жырға қосады. Бірақ сұм ажал созған құрық Мақпал сұлуға да ілініп, Сегіз серіні ғашық еткен көркем қыз да қапыда жау оғынан жараланып, о дүниелік болады.

Бүгінгі күнге Сегіз серінің ғашық болып, қолы жетпеген сүйген қыздарына арнаған әндері: Патшайымға «Патшайым», Мақпалға «Гауһартас», Қарғаш қызға «Қарғаш». Шолпан сұлуға «Шолпан», жұбайы Ырысбикеке «Ақ бидай», «Ырысбике» әндері жетті. Күні бүгінге дейін жез таңдай, күміс көмей әншілер реперуарынан тұрақты орын алған аталмыш шығармалар – Сегіз серінің қай әні де сөзіне сазы сай тамаша туындылар болғандығының дәлелі.

Сегіз әншілік-ақындық, балуандық өнеріне қоса керемет сыншы да болғандығы жөнінде Т.Сүлейменов «Сегіз сері» еңбегінде көрініс береді.

Автор аталмыш еңбегінде Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантайдың есімін Сегіз серінің қойғаны туралы тарихи деректі келтіреді: «Жас сәбиге ат қойғызу дәстүрі

бойынша Сәтбайдың келіншегі Күнсұлу құндақтаулы баласын көтеріп, күміс қақталған ер-тоқым ерттелген көк шұбар жорғаны жетектеген қалпында Сегізге сәлем етеді. Өзін сыйлап, ілтипат көрсеткені үшін сері жас келіншекке алғыс айтып баланы қолына алады. Сол сәтте Сәтбай одан ұлына ат қойып тілек тілеуін өтінеді» [214 б].

Сегіз сері жас сәбиге:

Дәрежесі бейне хан  
Ер боп өссін балақан.  
Ат қой десең балаға  
Есімі болсын Иманжан

Жігіт болсын өнерлі  
Ел-жұртына беделді  
Қамқоры болсын халқының  
Ақылға дихан кемелді –

деп, батыр, дана, данышпан тұлғалардай болуын қалап, сәбиге талапты да талантты ғұмыр тілейді. «Кейін батыр, әнші-ақын Сегіз Баһрамұлының айтқаны келіп, Иманжан (Имантай) беделді адам болыпты. Осы Имантайдың ұлы Қаныш біздің заманымызда белгілі ғалым болғаны мәлім. Имантайдың өз тұсында елінің сыйлы адамдарының қатарына қосылғанын Сегіз өз көзімен көре алмайды Бірақ Баһрамұлы өзінің сыншылық қабілетімен Сәтбай ұрпағының бақыт иесі болатынын алдын ала білген деп ойлаймыз» [215], - деген автор тұжырымының қазба байлықты ел игілігіне жарату жолында бар қайрат-жігерін жұмсап, ақылын білімге ұластырған «ақылға дихан кемелді» дарынды ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижесі қазіргі таңда ғылымның сара жетістіктері болып саналғаны белгілі.

Сондай-ақ, қазақтың маңдайына біткен жарқыраған жұлдызы, аяулы перзенті, ғалым Шоқан Уәлихановтың да ұлт үшін ұлы істер тындырар тұлға болатындығына бата берген тұсы: «Сегіз Шыңғыстың үйінде мейман болып жатқанда, оның келіншегі Зейнеп тұңғыш баласына жас босанып, ұл тапқан еді. Әйелінің қиналмай аман-есен босанғанына, оның үстіне алғашқы нәрестенің ұл болғанына қатты қуанған Шыңғыс елін жиып, шілдехана тойын жасағанда. Жас сәбиін Сегіздің шын атымен Мұхамедқанапия деп атаған. Сегіз келгенде баласының тууын ырымдаған Шыңғыс: «Ұлым өскенде осы Сегіздей жігіттің гүлі болар ма екен» – деп ойлап, Мұхамедқанапия деген есімді қазақтың болашақ ғалымына қойған екен» [93], - деп баяндалады.

«Сегіз он жеті жасында қазіргі [Қостанай облысының](#) "Құсмұрын" деген жерін қоныс етіп отырған аға сұлтан [Шыңғыс Уәлихановтың](#) ауылына қыдырып келеді. Серінің жан-жақты өнерін тамашалаған Шыңғыс дүниеге жаңа келген сәбиіне соған ұқсап өсер ме екен деген тілеумен Мұхамедқанапия деп азан шақыртып ат қояды. Шоқанның [шілдехана](#) тойын арнайы шақырылған Сегіз сері бастады деген дерек бар». (Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет).

Сегіз серінің қазақ балалар әдебиетінің атасы саналатын, қазақ даласына білім шырағын жаққан тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсаринге ауған ықыласы тарихи-ғұмырнамалық хикаятта былайша өріледі: «1953 жылы жазда ел жайлауда отырған шақта Сегіз сал-серілік құрып, Балғожа Жаңбыршыұлының аулына келеді. Балғожа оны жігіттерімен жақсы қарсы алып, бірнеше күн мейман етеді. Серінің әні мен күйлерін, қисса-дастандарын тыңдау үшін Қыпшақ елінің біраз адамы жиылып әңгіме-дүкен құрады. Мәжіліс үстінде Балғожа он екі жасар Ыбырай есімді немересін нұсқап: - Батыр, осы ұлым туралы не айтасыз? – деп Сегізге тілек-сұрақ қояды» [236]. Сонда сері «Балғожаға» деген өлеңін шығарып, Ыбырайдың болашағы зор, талапты жас екендігіне үлкен сеніммен:

Балжеке, жақсы ағасыз, жасың үлкен,  
Ауызға келген сөзді несіне іркем  
Ыбырайжан бұл отырған бұбұл құсың,  
Болады халық ардағы, іске икем.

Біріндей осы ұлың күн мен айдың,  
Сырына қанық болар әрбір жайдың,  
Тіл-көз бен сұқ сөздерден есен болсын.  
Асады қатарынан Ыбырайың [237], –

деген екен. Ыбырай Алтынсарин сол Сегіз серінің арманын жалғап, елінен қараңғылық пердесін түріп, ең алғаш қазақ даласында балаларды сауаттандыруға бел шеше кіріскен, «Қазақ хрестоматиясын» жазған айтулы тұлға болғандығы белгілі.

Қазақ әдебиетінің ғана емес, мәдениетінде, өнерінде, елі азаттығы үшін күрескен батырлығымен тарихында аты қалған халқымыздың асыл ұлы Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақовтың тағлымды өмір жолдары мен шығармашылығы арқау етілген көркем туындылардағы өнерпаз тұлғасы даралығымен ерекшеленген. Сегіз сері бейнесі проза саласында болсын, поэзия жанрында болсын өмірінен алынған деректермен байланыса өрнектелгені жоғарыда сөз болған шығармалар дәлел бола алады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қадыр Мырзаәли. Еңіреп өткен ерлер-ай. (өлең-тарих, өлең-портреттер).-Алматы, «Арыс» баспасы,2001.-112 бет.
2. Әлкей Марғұлан. Қазақтың сал-серілік дәстүрі. – Алматы: Өнер, 1981. – 270 б.
3. Сүлейменов Т. Сегіз сері. – Алматы: Өнер, 1991. – 270 б.

## ЫНТЫЗАР ӘБІШЕВТІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Ә.Қабылов

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау,  
Қазақстан,

E.mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz

**Аңдатпа.** Мақалада қасқа ғұмырында артына әдеби мұра қалдырған ауыр тағлыр иесі, есімі енді ғана көпшілікке белгілі болып отырған ақын Ынтызар Әбішевтің (1941-1970) шығармашылығы қарастырылады. Ұрпақтары артында қалған әдеби шығармаларын жинап, жақында баспадан шыққалы отырған ақынның өлең-толғаулары мен мақалалары туралы әдеби тұрғыдан талдау жасалады. Автор ақынның қолда бар шығармаларын жанрлық, тақырыптық-идеялық және көркемдік тұрғыдан талдай отырып, алпысыншы жылдар әдебиетінің беймәлім жаңа бір талапкер ақын өкілінің шығармашылығы туралы ой толғайды.

**Кілт сөздер:** ақындық мұра, қазақ әдебиеті, поэзия, проза, тақырып, идея, көркемдік әлем.

Жасындай жалт етіп өте шыққан қысқа ғұмырында артына жақсы аты мен жайсаң жырларын қалдырған ақын Ынтызар Әбішевтің (1941-1970) өмірі қаншалықты қасіретті болса, өлеңдерінің тағдыры да аянышты. Жар құшып, бала сүйіп те үлгермей, небәрі отыз жасқа жетер-жетпесте айықпас ауыр дерттен қайтыс болған қайран ақынның артына қалған шығармашылық мұрасы да ардан безген әркімнің талапайына түсіп, жинақталмай қалған екен.

Ынтызар Әбішев 1941 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданының Энгельс совхозында (қазіргі Қожабақы ауылы) дүниеге келіпті. Бала кезінен оқу-білімге құмартып, алғыр да зерек болып өскен ол мектепте қатарластарынан озық боп, ерекше қабылетімен көзге түседі. Әсіресе, әдебиетке деген ынтасы зор болып, көптеген ақындардың өлеңдерін жаттауды әдетке айналдырыпты. Кітапқұмарлығы сондай, күнұзаққа колхоз кітапханасында отырып, әдеби кітаптармен қатар, газет-журналдардағы өлеңдерді қалт жібермейтін болған. Сол кездегі ақындардың жарыққа шыққан жаңа кітаптарын іздеп жүріп тауып, бас алмай оқитын талапты жастың өзі де ақындыққа ерте бастан талап қылған сияқты. Әзіл-қалжың аралас қысқа арнаулары мектепте жүргеннен-ақ ел ішінде тарайды. Кейін көптеген өлеңдер жазған, олар аудандық, республикалық газеттерде жарияланып, «Қазалының Пушкині» атанады.

Жетіжылдықты бітіргеннен кейін Өркендеу училищесінде оқып, киномеханик мамандығы бойынша білім алады. Осы оқу орнының комсомол комитетінің хатшысы болып, ауылдағы белсенді жастарды комсомол қатарына тартады. Ол тек киномеханик мамандығымен шектеліп қалмай, әр жылдары шопан, зоотехник, радиомеханик секілді мамандықтарды да игеріп, осы салаларда еңбек етеді. Өркендеу совхозы құрылғанда (1968) комендант болып та қызмет атқарады. Ауылдағы автоклубқа киномеханик болып жүріп, ауыл тұрғындарына мәдени қызмет көрсетуді ұйымдастырады, өнерпаздардың басын қосып, көркемөнерпаздар ұжымының жұмысын жолға қояды. Өзі де концерттік бағдарламаның жүргізушісі болып, өлең оқып, осы шаралардың қайнаған ортасында жүреді. Талантты сазгерлермен шығармашылық бірлестікте бірнеше әндерді де дүниеге әкеліп, олардың елге таралуына себепші болады. Қандай жұмыста, қай істе болса да, Ынтызар ағамыз еңбегімен көптің көңілінен шығып, елдің мақтанышына айналады. Өкінішке орай, болашағынан көп үміт күттірген талантты жас жиырма жеті жасында айықпас дертке шалдығып, дәрігерлердің емінен шипа таба алмай, ақырында 1971 жылдың 20 наурызында Ялтадағы диспансерде ауыр науқастан көз жұмады. Ақынның

әдеби мұрасын Н.Мықтыбай мен Н.Әбдуәли жинақтап, кітап қылып шығаруға дайындауда.

Ы.Әбішевтің шығармаларының әзірге жиналғаны, қазіргі қолда бары небәрі қырық бес-ақ туынды екен. «Оның өлеңдері жазылған 4-5 қалың дәптері (общая тетрадь) болды. Ішінде төрт жүзге жуық өлеңі болатын», – деп жазады құрастырушылар. Демек, бұл – ақын шығармаларының оннан бір бөлігіндейі ғана деуге болады. Әйтсе де, соның өзінен-ақ автордың ақындық талантын, оның адамдық болмыс пен дүние дидарын көркем бейнелеудегі өзіндік шеберлігін тануға болады. Алдағы уақытта да ақынның беймәлім туындылары табылып, әдеби мұрасы толығы түседі деп сенеміз. Әзірше, қолда бар шығармаларын қанағат тұтып, ақын мұрасының әдеби-көркемдік сипаты туралы аз-кем пікірімізді білдіре кетпекпіз.

«Ақынды танығың келсе, оның өлеңдерін оқы» дегендей, Ынтызар ақынның өлеңдері – өз кезеңінің айнасы, сол жылдардағы жалын-жастың көңілге түйгендері мен арман-мұратының көркем көшірмесі десек болады.

Ғұмырымда көп қиянат көрсем де,  
Сенем, бірақ, сеніп қарап ертеңге.  
Ажалға да қиянатым жоқ еді,  
Мен өмірді сүйе берем өлсем де! –

деген өлең жолдарынан аз ғұмырына көз жіберіп, бойды бұған ауыр дерттің қайғысы мен ойдағы арман-аңсарға деген іңкәрліктің шарпысуынан туған, алайда үмітсіздікке бой алдырмай, өмірге деген ғашықтықты жырлауға бейіл оптимистік сарынды көреміз.

Ақын жырларының арқауы – шынайылық, мейірімділік пен бауырмалдық. Ұлы Отан соғысы жылдарының ұрпағы, сол соғыстың зардаптарын жойып, кемел келешек орнатамыз деп өмір сүрген жетпісінші жылдар жастарының бойындағы болашаққа деген сенім, өмірге іңкәрлік, адамға деген мейірімділік пен отанға деген адалдық ақын өлең-жырларынан айқын сезіліп отырады. Бұл жинақтағы өлеңдердің дені алпысыншы жылдардың соңы, дәлірек айтсақ, жетпісінші жылдары жазылған секілді. Ақындықты еңбек деп түсінетін автор оны өмірлік мақсат, азаматтық парызбен сабақтастыра қарайды:

...Армандап өсіп, арманмен бірге түледім,  
Бәйгеге қосар тұлпары жырдың жүрегім.  
Алау боп шабыт тұтатса өлең шырағын,  
Қаламым, сенсің, мінетін жүйрік пырағым.

Әрбір күннен жақсылық күткен елдің шаттығы мен қуанышын шабыттана жырлайды. «Жаңа жыл» секілді өлеңінен жұртының қуанышына ортақтасып, жүректерге жаңа үміт пен сенім ұялататын көңіл құсының шарықтауын кереміз:

...Қыраудан ақ гүл тағып қайың-талдар,  
Жас түгіл жайраңдап жүр кемпір-шалдар.  
Жаңа жыл төріме шық, құрметтімің,  
Жаюлы мерекелік дастархандар.

Қай ақынның да ең бір шабыттана жырлайтын тақырыбы – туған жері, өскен ортасы. Ынтызар ақынның жырларынан да туған жерге деген адал махаббатты, атамекеннің сұлулығы мен қымбаттығын тебірене жырлай отырып, келешегін гүлдентуге үлес қосуды мақсат еткен перзенттік парызды сезінеміз. Ақынның қай өлеңінде де лирикалық кейіпкері ақындық алғаусыз көңілімен жан сырын бүкпесіз жайып салып, тілектестікпен тебіреніп отырады:

Туған жердің кең даласы кербез сылқым көсілген,  
Өн бойымды балқытады жұпар атып төсінен.  
Жауқазын гүл шешек атып ару сынды бұралған,  
Ақын ұлын тынысыңнан шабыт алған, жыр алған.

Енді бірде сәулеті мен дәулеті жарасқан туған жері Қазалысын жырға қосады, бұл шумақтарда қаласы мен даласының әсем көрінісі – табиғатпен біте қайнасқан көрікті өлке, сол кеңістіктегі еңбектің базарына бөленген адамдар тұрмысының тынысы әдемі бейнеленген:

...Даласында күріштік,  
Сырдың сұлу аруы.  
Қонған бақыт, ырыс-құт,  
Сап-сары алтын бауыры.

Қайсы бір жер болмасын,  
Қызу еңбек базары.  
Таныса бер, жолдасым,  
Осы біздің Қазалы!

Ынтызар ағаның өлеңдері қысқа да нұсқа, аз сөзге көп мағына сыйғызатын мағыналы да мәнерлі болып келеді. Ақын, әсіресе, табиғатты суреттеуде ерекше шеберлік танытады. Ол «Көктем», «Қоскөл», «Күз желі», «Сыр құсы», «Апрель», «Таң», «Күн» т.б. өлеңдерінде табиғат суреттерін өзіндік шеберлікпен кескіндейді. Оларда табиғат көрінісі жалаң суреттелмей, көбінесе жаратылыстың құрамдас бөлігі ретінде адамзатпен, жан-жануарлармен етене араласып, күрделі гармония құрайды. Мысалы, «Көктем» өлеңінде:

Бал бұлақтар бал бөбектей анасына асыққан,  
Сырдарияның ақ көңілін арнасынан тасытқан.  
Жарқылдаған диқан досым аппақ алмас кетпені,  
Күтіп алды күріштіктен Сұлу, Сырбаз Көктемін, –

деп табиғаттың ғажайып мезгілі – көктемді суреттеуде Күн мен Қырды қыз бен жігітке, Сырдариясына асыққан бал бұлақтарды Ана мен баланың қауышуына балап, әдемі метафоралық суреттеме жасайды. Осындай табиғаттың сұлу мезгілін елге ырыс әкелетін диқанның әрекетімен байланыстырады.

Табиғат суреттері ақын өлеңдерінде ерекше суреттілігімен, жанға жақын шынайылығымен, тілге жеңіл тартымдылығымен ерекшеленеді. Мысалы, «Қоскөл» өлеңінде айнадай жарқырап жатқан қос айдынның жеңіл толқынмен ырғалып, тереңінен көтеріліп ыршыған балықтарының қимылы мен бетінде жүзген үйрек-қаздарының дауыстарына дейін жанды сурет боп бейнеленеді. Қанатын тарап желпінген аққулары, «ботаның тұнық жанарындай» келбеті, «той болып жатқан ауылдай желпінген» думанды көрінісі әсерлі суреттелген, ақынның көріктеу құралдары оқырманын жетелеп отырады:

Аққулар сыңсып, қанатын желпіп тарады,  
Қоскөлім менің, ботаның тұнық жанары.  
Той болып жатқан ауылдай дулы желпінген,  
Айналдым сенің көгілдір жібек көркіңнен.

Ы.Әбішев поэзиясының тақырыптары әр алуан. Олардың қай-қайсысынан да ақынның өмірге құштарлығы көрінеді, айналадағы дүниеге ерекше бір махаббатпен қарап, дүниенің әрбір құбылысынан әсер алып, шабыттана жырлайды. «Анама» деген өлеңінде асыл ананың қазасына егілген бала-жүректің қайғысын лирикалық кейіпкердің ана рухымен сырласа отырып, тағдырдың қаталдығын мойындауға бекінген жан сырымен ашады:

Бұрынғыдай алақаның сипамады шашымды,  
Сағыныштың уы жайлап төктім көзден жасымды.  
Жан анашым, іздегенмен келмесіңді білемін,  
Сұм тағдырдың қаталдығын ұқшы мұңды жүрегім.

Ақынның махаббат тақырыбындағы өлеңдері де жастық көңілдің ынтазарлығын нәзік сыршылдықпен тербей отырып, иба мен әдеппен әдіптелген сыршыл лирикамен өріледі. «Сол бір түн», «Махаббатым өзіңсің», «Алысқа кетсең сағындым», «Ағамын», «Арманымды іздеймін», «Сырда туған махаббат», «Ұқшы сырымды», «Сағыныш» секілді

өлеңдерінде махаббаттың тілсіз тылсымы, ғашық жанның тереңнен толқыған жан сезімі, іңкәр тілекті сабырлы ақылға жеңдірген ұлттық әдеп секілді сол кездің адамына тән асыл қасиеттермен астастыра бейнелейді.

Ақын өлеңдерінде сол кездегі ауыл көрінісі, еңбек ырғағы, адамдардың шатшадыман тұрмысы мен интуиизмы шынайы суреттеледі және солардың бәрі идеялық тұрғыдан заманының тынысын көркемдікпен айқын елестетеді. Мысалы, «Автоклуб» өлеңінде жайлауға барып, елді аралап концерт қойып жүрген үгіт бригадасының бір сапарын көркемдікпен баяндайды. Алты шумақтан тұратын өлеңде өнер ұжымының мақсаты да («Ән-күйді тиіп алып автоклуб, / Жайлауға малшы ауылына кетті жүріп»), жазғы даланың ғажайып көрінісі де («Кең дала, кербез дала көсіледі, / Дөңінде асыр салған ойнап киік»), шопандардың көңіл күйі де («Астында асау тайы аулын сілтеп, / Жас шопан жарысады сақ-сақ күліп»), әсем табиғат аясында үйлесім тапқан ауыл келбеті де («Ақ үйлер тізіліпті сәніменен, / Жағасы бал-бұлақтың қалы кілем»), еңбек адамдарының ықылас-пейілі де («Қуанып қарсы алып жүр бүкіл ауыл, / Даланың дарқан пейіл жаныменен»), мал ауылдағы жазғы көңілді кеш те («Күн бата қоңыр салқын жан тербеді, / Көңілді шопан ауылын ән тербеді»), саяси үгіт пен оның халыққа әсері де («Лектордың әңгімесі аралап жүр, / Сүйсінтіп, тебірентіп әр кеудені») – бәрі-бәрі үйлесіммен кестеленіп, идеялық-көркемдік тұрғыдан керемет жарасым тауып тұр. Автор соның бәрін айта келіп, өнер ұжымы еңбегінің нәтижесін жинақтап түйіндейді:

...Жүздерін қуаныштан нұр қаптады,  
Дүниенің тұрғандай-ақ жырлап бәрі.  
Өнерлі коллективке алғыс айтты,  
Даланың еңбеккері – саңлақтары.

Ынтызар ағаның көптеген өлеңдері арнау түрінде болып келеді. «Ағаларға», «Достарға», «Ақсұлуға», «Насрадинге», «Махамбетжанға», «Тұрғанбайға», «Қартқожаққа» сияқты өлеңдерінде автордың ағаларына, Айсұлу қарындасына немесе достарына деген риясыз ақ көңілі мен үлкен құрметі көрінеді. Сонымен қатар, өзіне мезгілсіз жабысқан ауыр дерттің жанды қинаған ауыр азабын айтып мұң шағады, бірге өткізген қызықты өткен күндерді еске алады, кейде қоштасу сөзін арнап, кейінгілерге саулық пен бақыт тілейді. Оларда:

Ақсұлу, ізіме ерген жалғыз қарғам,  
Тәтенді сандалтты ғой дүние жалған.  
Кеш қудым денсаулықты бармақ тістеп,  
Кеудеме қаптап өсті қайғы орман,.. –

деп келетін элегиялық көңіл күй ауаны автордың жан жарасын бейнелейді.

Ы.Әбішевтің қажет жерінде сатираның сын соқпағын да қажетінше қолдана білген ақын болғанын көреміз. «Темірбай Емешевке», «Маған берші көрейін арағынды», «Арықтағы алты ағаш қыл көпірдің жобасы» секілді өлеңдерінде зілді сықақ мен мәнді мысқылды да тиімді пайдаланғанын байқауға болады. Мысалы, «Темірбай Емешевке» деген арнауында екі сөйлеп аярлық танытатынан, кісіні менсінбей төрешілдікке салынатын Темірбай секілді атқамінерлер мен оның Асқарбай сияқты қолшоқпарларын сын тезіне алса, екі-ақ шумақтан тұратын мына өлеңі – ауылдағы көпірді дұрыс жобаламай, шаруашылыққа қырын қараған басшыларды сөзбен түйреген, өлеңмен жазылған шағын фельетонның тамаша үлгісі:

Арықтағы алты ағаш – қыл көпірдің жобасы,  
Еске түсер шофердың осы жерде «тобасы».  
Жел тербеген қайықтай, қалт-құлт етіп тұрғаны,  
Қателессең кішкене, онда Құдай «ұрғаны».

Ы.Әбішев аудандық газеттің тұрақты авторы ретінде ара-тұра мақалаларын да жариялап тұрыпты. Бізге жеткен «Атшабар» және «Құрылыстағы қарқын» деген екі туындысы замандас еңбек адамының образын жасаған, социалистік еңбектің озаттарын

үлгі еткен репортаж, очерк сипатындағы шығармалар. Олар стилі мен баяндау тілі әбден қалыптасқан көсемсөзшінің қолтаңбасын танытады.

Қорыта айтқанда, Ы.Әбішевтің шығармашылық мұрасының бір бөлігінің ортамызға оралғаны құптарлық іс болды. Оны толықтыра түсу – алдағы күндердің еншісінде. Осы іске жанашырлықпен кірісіп, табандылық танытқан азаматтарға ризашылығымызды білдіреміз.

Жан мен арды бір кеудеге бөлеймін,

Сонда ғана үстем болар мерейім.

Тұла бойда жан тұрып, ар болмаса,

Жақсылыққа, адамдыққа шөлдеймін, –

деп азаматтықты ту қып көтерген, Ар алдындағы адалдығынан таймай, оны өмірі мен өлеңінің өзегіне айналдырып өткен асыл азамат, арқалы ақын Ынтызар Әбішевтің ақындық әлемі оқырмандарына жол тартты. Ардақты ақынның рухы шат, жаны жәннатта болғай!

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбішев Ы. Өлеңіммен – тірімін. Өлеңдер, мақалалар. (Қолжазба)



## АТАЛАР МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Ә.Қабылов

Ш.Есенов атындағы Касейі технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау,  
Қазақстан,

E.mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz

**Аңдатпа.** Мақалада биыл жарық көрген жергілікті қаламгер, қоғам қайраткері Базарбай Әбдірахмановтың «Аталар аманаты» кітабының маңызы, ондағы ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтардың мәні, ислам дінінің имандылық маңызы жайлы ойлар баяндалады. Кітаптағы қазақтың салт-санасы мен дәстүр-танымына қатысты мәліметтер мен ұсыныстардың жастар тәрбиесіне қосар маңызы пайымдалады. Автор әсіресе, еңбектегі қазақ тілі, әдебиет, тарих, дін жайлы, жалпы руханият мәселесіне қатысты ойлардың өміршеңдігіне тоқталып, оның танымдық және тәрбиелік жағына назар аударуды ұсынады.

**Кілт сөздер:** руханият, ана тілі, ұлттық салт-дәстүр, тарих, әдебиет, жаһандану, ұлттық бірегейлік.

Қазіргі кезде жастар тәрбиесіне қатысты айтылып жатқан сындар мен көпшілікті алаңдатып отырған жайлар аз емес. Жаһандану процесінің шапшаңдығы мен қоғамда орын алып отырған жаңа үрдістер жас ұрпақтың дамуына прогрессивтік ықпал етуімен қатар, халқымыздың ұлттық, діни болмысына кереғар, кейбір жағымсыз тенденцияларды да тықпалауда. Әр ұлттың болашағы жастардың қолында десек, жастарымыздың бүгінгі келбеті, алған бағыты, рухани болмысы ешкімді де бейжай қалдырмақ емес. Ана тілінен жерініп, жат тілдің жетегінде кету, ұлттық салт-дәстүрден қол үзу, ата-ананы сыйламау мен ағайынмен араласпау, мейірімсіздік пен қаталдыққа бару оқиғаларының жиілеуі, жалқаулық пен бойкүйездікке салыну секілді жайларды жиі кездестіріп жүрміз. Әсіресе, діннің атын жамылып жасалатын дәстүрлі менталитетімізге жат әрекеттер жастарымыздың бойынан көрініп қалатыны жасырын емес. Жат діни ағымдардың әсерінен болып жатқан мұндай жағдайларға көзіміз үйреніп, жаппай қоғамдық сипат алып отырғаны алаңдатады.

Осындайда бүкіл қоғам болып жұмыла әрекет етудің, әсіресе аға буын ұрпақ өкілдері, ақсақалдар қауымының өмірлік тәжірибесі мен білім-білігіне негізделген бәтуәлі сөзі керек-ақ. Жақында жарық көрген (Алматы, «Орхон» баспа үйі, 2022) белгілі қоғам қайраткері әрі қаламгер Базарбай Әбдірахмановтың «Аталар аманаты» кітабын оқығанда, аталар аманатын арқалаған ақсақал ағамыздың осы мақсатта көп еңбектенгенін көріп қуандық. Өйткені, кітаптың өнебойы тұнып тұрған тәлім мен тәрбие, жастарымызды имандылық жолына бастайтын рухани қазына екен.

Базарбай Әбдірахманов – гидрогеолог және заңгер мамандығын игерген әрі сол салаларда өмір бойы қызмет еткен қадірменді ақсақал. Дін жолын ұстанып, бірнеше рет қажылыққа барып келген діндар. Ол – отыз жылдың үстінде діни тақырыптарды зерделеп, мерзімді баспасөз беттері мен ғылыми-практикалық конференцияларда мәселе көтеріп, имандылық тақырыбында жазып жүрген қаламгер. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен рухани қазынасын зерттеп жүрген оның қаламынан «Маңғыстаудың жер асты мешіттері», «Бекет-Атаның сұпылық жолы», «Қаражанбас», «Абыздар» секілді бірнеше кітаптары жарық көрген.

«Аталар аманаты» еңбегінде автор қазақ халқының ұлттық салт-санасын ислам дінінің дәстүрлі құндылықтарымен сабақтастықта қарастырады. Кітаптың алғысөзінде автор халқымыз үшін киелі саналатын «Аманат» ұғымының мәніне терең ой жүгіртеді. «Аманат» сөзін ұлттық ұғыммен әрі ислам діні негізінде түсіндіру арқылы адам өмірі мен

қоғамдық қатынастағы маңызын көрсетеді. Оның пайдасын айта отырып, көпшілік мән бере бермейтін аманаттың түрлерін де атап өтеді: Алла түсірген дінді толық ұстану, дене мүшелері мен ағзаларды сақтау, Арды сақтау – ұятты болу, иелігіңе аманатпен қарау, қызмет аманаты, сыр сақтау аманаты, сөз – аманат, жанұя – аманат, тапсырылған затқа, тапсырмаға аманат т.б. Міне, осы алғысөзінен-ақ кітаптың мазмұн-мәйегін, мән-мазмұны мен мақсатын байқауға болады.

Бұл кітапты қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен рухани қазынасының автор көзімен саралануы деуге болады. «Тіл құдіреті» деген бірінші тарауда қазақ тілі, тіл мен руханияттың сабақтастығы, халық салт-дәстүрлерінің сыры, ислам дінінің таным-түсініктері, қасиетті күндер мен түндер, Ережеп, Шағбан, Рамазан, Зұлхижжа, Мухаррам айлары мен Мәулет күнінің, ислам мерекелерінің маңызы туралы кеңінен әңгімеленеді. «Аталар ұстанған дін» бөлімінде қазақ жеріне ислам дінінің таралуы мен исламның негізгі шарттары қысқаша түрде қарапайым түсіндіріледі. Сенім мен ақылдың діни нанымның қайнар көзі болып табылатынын айтқан автор: «Дін бір нәрсені өзінше түсіндірумен шектелмейді, ол дәстүрге айналып, наным қалыптастырып, табыну мен құлшылық секілді нақты іс-қимылдар арқылы ұлт пен жеке адам болмысы мен тұрмысына ықпал етіп отырады», – деп тұжырымдайды [1,65].

Автор тіл мен руханият сабақтастығының арқасында қазақ халқының рухани қорында сақталған тәрбиелік мәні зор жыр-дастандар, ертегілер, әңгімелер, насихат сөздер түркі халықтарының ішіндегі ең молы екендігіне де назар аударады. Осы сөздер қасиетті аталарымыз, ақ жаулықты аналарымыз көрегендіктің, мәрттіктің, тәлім-тәрбиенің небір жақсы жол-жобасын, жөн-жосығын айқындап кеткен дейді.

Автор былайша ой түйеді: «Түркі халықтарындағы фольклорды сараласақ, онда халық прозасы, халық поэзиясы, халық драмасы бойынша қарау қисынды. Халықта сақталған миф, эпсана, хикаят, ертегілері бәрінде де бар. Көпшілігінің сюжеті бір-бірімен сәйкестік танытады. Аспан мен жер, табиғат пен жаратылыс, адам мен қоғам, махаббат пен достық туралы таным-түсініктері ортақ екендігі көзге бірден шалынады. Керек болса, белгілі бір сюжеттер қаз-қалпында, жолма-жол қайталаанады. Оның басты себебі ерте дәуірдегі тыныс-тіршілігіміз, салт-дәстүріміз бір екендігін білдіретін түркі бірлестігі, түркілік дүниетанымымызда жатыр. Ауызша сөз өнеріндегі ертегілердің өзінен-ақ әр халықтың мекендеп отырған жерінің қадір-қасиетін, ондағы өсетін өсімдіктер, мекендейтін аңдар мен құстар жөнінде мол мағлұматтар алуға болады».

«Руханият» тарауында халықтық руханияттың негізі болып табылатын діннің орны туралы айтылады, мұнда Маңғыстаудағы мешіт-медіреселер мен елді имандылыққа ұйытып өткен хазірет, ахундар, ишандар, сұпылар, молдалар туралы көптеген мәліметтер бар. Кітаптың сұпылық жол туралы, Бекет Атаның өмір жолы мен Қазақ жерінде өмір сүрген Бектұрлы ишан, Нұрпейіс хазірет, Абдолла қазірет, Досжан қазірет, Ержан қазірет, Құлболды ишан, Марал ишан, Аппақ ишан, Ыбырайым ахун, Оразмағамбет ахун, Айдар ишан сияқты т.б. көптеген руханият уағызшылары туралы мәліметтері өте құнды. Олардың ұстанған жолы мен өмірдегі қызметі, халық үшін атқарған еңбегі зор ілтипатпен баяндалады.

«Маңғыстау тарихына үңіле қарайтын болсақ, – деп жазады автор, – ғасырлар бойы оны мекендеген халықтың рухы мықтылығын көресің. Сан рудан құралған қазақтың Кіші Жүз тайпалары осы жұрттан екі кетіп, екі келсе, көнекөз қариялардың айтуынша, «Маңғыстауды жеті жұрт мекен еткен». Барынша табиғаты қатал, маңғаз шөл даланы аңсап сүйіп, оны жаулардан қорғап, өзінің тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, атаның салт-дәстүрін жаратылыстың заңымен ұштастырып отырған. Осы ұлағатты істерді ұрпағына мирас етіп жеткізу, мәдениетін келешекке ұластыру – рухтың биік талғампаздығын көрсетеді».

Кітаптың «Маңғыстаудың жер асты мешіттері» тарауында өңірімізде орын тепкен көптеген жер асты ғимараттарының, оның ішінде Қараман-Ата, Шопан-Ата, Шақпақ-Ата, Масат Ата, Сұлтан Үпі, Бекет-Ата секілді жер асты мешіттерінің ерекшеліктерін, оларға

қатысты аңыз әңгімелер мен тарихи деректерді келтіре отырып, әсерлі әңгімелейді. Бекет Атамыздың Көк Асасының тарихын, ол туралы ел аузындағы әңгімелерді оқырманның қаперіне ұсынады. Автор кітаптың мазмұны туралы өзге тілді оқырманға мәлімет беруді де назардан тыс қалдырмай, «О книге «Заветы предков» деген мақаланы кірістіруі де орынды болған.

Автор тақырыпқа қатысты бірталай ғылыми еңбектердің материалдарын пайдаланған, өмірде дәмдес-сұхбаттас болған көптеген адамдардан естіген деректерді келтірген, өз өмір тәжірибелерінен түйген ой-пайымдарын ортаға салған. Мұның бәрі кітаптың ғылыми-танымдық әрі практикалық маңызын көрсетіп тұр. Кітаптың соңында «Рухани терминдер» деген атпен глоссарий берілген. Ол кітапты оқып шыққан оқырман үшін діни терминдерді түсініп, мағынасы мен қолданысына мән беруге көмегін тигізері сөзсіз.

Қазіргі кезде халқымыздың дәстүрлі танымы мен исламның хақ дініне тіл тигізушілер, дін мен ғылымды бір-біріне қарсы қойып елді адастырғысы келетіндер, дәстүрлі дінімізді жоққа шығарып басқа бір ағымдарды негіздеп болып ауажайылушылар шығып жүр. Оларға тойтарыс беріп, жас ұрпақты Алланың хақ жолы мен ұлттық танымға тәрбиелеуде мұндай еңбектердің маңызы зор деп білеміз. Сондықтан Базарбай ағамыздың кітабына құтты болсын айта отырып, оқырмандарына кеңінен тарап, олардың имандылық жолындағы ықылас-ниеттеріне жолбасшы болғай деген игі тілегімізді білдіреміз!

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбдірахманов Б. Аталар аманаты. Алматы. «Орхон» баспа үйі. 2022.

## ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

Ш.Есенов атындағы каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
«Педагогика және психология» 2 курс магистранты Утепова Альфия

Жетекші: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Сапарбайқызы Ш.  
sholpan\_saparbay@mail.ru, 87013959864

**Аңдатпа** Мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысын, жаңа сапалық деңгейге тезірек қол жеткізуге талпынысын, қазіргі таңда жасалынып жатырған реформалар даму институттарының қалыптасуын, өмірдің барлық саласында шығармашыл тұлғаның мәртебесін көтеруге жасалынып жатырған қадам деп түсінген дұрыс. Мақалада болашақ педагог бойында жаһандық білімге қатысты құзыреттіліктер қалыптастыру өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Ғалымдардың еңбектеріндегі жаһандану және жаһандық білім беру ұғымдары талданып, болашақ педагогтың кәсіби құзыреттіліктерінің түрлері, қызметтері, сипатталды және жалпыадамзаттық демократиялық және гуманистік құндылықтарға негізделген білімді, саналы азамат тәрбиелеу міндеттері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** жаһандану, болашақ педагог, құзыреттілік, білім жүйесі, технологиялар

Білім беру жүйесіндегі қазіргі таңдағы жаңғыру үдерістері ең алдымен жаңа ғасыр тұлғасы мен оларды тәрбиелейтін педагогтардың ұлттық және трансұлттық білімдік кеңістіктердегі орны мен роліне, жаһандану жағдайында халықаралық өзара әрекеттестікке дайын болу тұрғысынан жүргізілуде. Осыған орай, педагогтар алдында жалпыадамзаттық демократия мен гуманистік құндылықтарға негізделген дүниетанымы, жаңаша ойлау, бәсекеге қабілеті жоғары, білімге құштар, отансүйгіштік қасиеті қалыптасқан, мәдениетті тұлға тәрбиелеу міндеттері тұр.

Барша әлемді қамтып бара жатырған: ғаламдану, жаһандасу үдерісі бүгінгі әлемдегі технологиялық инновацияларды енгізудің шапшаңдығымен, қашықтықтан басқару мүмкіншілігінің басымдығымен, мультимедия-лығымен, интерактивтілігімен, электронды медианың басымдылығымен ерекшеленіп, бәсекелестікті арттыруда. Американдық зерттеуші Т.Фридманның тұжырымдамасына сүйенсек, «жаһандану» - «ұлттардың, мемлекеттердің, технологиялардың, нарықтың бірігуі, ол жеке тұлғаларға, корпорацияларға, ұлт - мемлекеттерге бұрын-соңды болып көрмеген жылдамдықпен әлемнің кез-келген нүктесіне жылдам әрі арзан жетуге мүмкіндік береді» - делінген [1]. Біздің елімізде қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандық үдерістің ықпалынан тыс қала алмайтындығы белгілі.

Қазіргі таңдағы оқытудың барлық деңгейінде білім мазмұны қайта қаралып, технологияларының жаңғыртылуы сапаға бағытталу мен нәтижеге ұмтылуы және болашақ педагогтардың жаһандық білімді игеру құзерттіліктерін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл мәселерді тиімді шешудің нормативтік - құқықтық жолдары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [2], Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [3], Қазақстан Республикасы жоғарғы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы [4], Қазақстан

Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары [5] мен қаулы, қарарларында қарастырылған.

Сонымен қатар алғаш жаһандану және жаһандық білім беруді ұйымдастыру қажеттілігі туралы американдық, батыстық зерттеушілер Р.Хенви, Дж.Коэн, М.Мелин, Е.Морри, И.Ф.Кефели, Д. Браун, Д. Прайсверк, М.Сэнд, И.Стокко, А.Янг, Д.Девлин-Фолтс, ресейлік В. Лысенко, А.П.Лиферов, И.Ю.Алексашина, Г.Ф.Шайдуллина, В.С.Кукушин, Е.С.Устинова т.б. т, отандық ғалымдар С. Борбасов, А. Арыстанбекова, Г.Ә. Омарбекова, К.О.Оразбаева т.б. өз еңбектерінде әр қырына қарастырылған.

Жалпы жаһандану үдерісі қоғамның барлық саласы бойынша халықаралық бәсекелестікті артыра түсуде. Профессор И.Ф.Кефели жаһанданудың көп қырлылығын атап өте отырып, оны – мәдени-тарихи тұрғыда ұлттық мәдениеттің барлық түрін қамтитын жалпы адамзаттық мәдениет ретінде қарастырады [6]. Әлемдік педагогикада жаһандық білім берудегі тұжырымдаманың негізін қалаушы американдық философ Р.Хенвидің еңбектерінде жаһандану үдерісіндегі білім берудің төмендегідей бес ұстаным қарастырылады: дүниенің біркелкі еместігін қабылдау; ғаламшардың жай-күйін мойындау; басқа халықтардың мәдениетін түсіну; жаһандық динамиканы білу; адамның саналы таңдауы.

Айрықша көңіл бөлген *бірінші мәселе* - дүниені қабылдаудың біркелкі еместігін мойындау. Біз өзімізді қоршаған орта туралы бала кезімізден айтылып жүрген пікірлер арқылы ғана білеміз. Сол себепті әр түрлі ой-пікірдің болуы, дүниені әртүрлі қабылдау - біз жаһандық деп толықтай айтуға болатын сананы қалыптастыру маңызды саты болып табылады [7. 29]. Көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша «жаһандану» ұғымы «өзара тәуелділік», «интеграция немесе кірігушілік» деген мағына береді және халықаралық экономикада, әлеуметтік және саяси салада жүйенің жаңа даму кезеңін сипаттайды. Олар жаһандануды әр текті, бірақ әлемнің біртұтастыққа айналу логикасымен біріктірілетін өзгерістердің жиынтығы деп түсіндіреді.

Білім беру жүйесін әлемдік дамыған инновациялық технологиялармен жабдықтау, білім мен ғылымның халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу - бүгінгі қоғам сұранысына жауап беретін білімді, бәсекеге қабілетті тұлға даярлаудың басты шарты ретінде қарастырылатын болса, онда болашақ маманның ерекше құзыреттілікке ие болуын талап етеді. Шапшаң қарқынмен даму үстіндегі инновациялық экономиканың негізгі тетігі білімде десек, бүгінгі қай салада болсын маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша кәсіби шеберлігін, өмірге бейімділігін, кративті ой-пікірін, білімін пайдаланып қана қоймай, оны үнемі толықтырып отыруды қажет етеді. Қоғамдағы ең жоғары құндылық – білім. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту талап етіледі.

Соңғы кездерде дамыған елдердің оқу жүйесінде толықтай айналымға енген «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» терминдері отандық білім беру жүйесінде де кеңінен қолданыла бастады. Негізі «құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізген. Философиялық энциклопедиялық сөздікте құзыреттілік «компетенция» - сөзінің француз (competence- құзыретті, хабардар), латын (competentia - әділ, дұрыс қорытынды; competere - дегеніне жету, сәйкес келу, жақын келу) тілінен келгендігін, әмбебаптық тұрғыда қолданылатын термин екендігі көрсетілген. Өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған, негізгі ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды белгілі бір саладағы құзыреттіліктерді меңгерген деп есептеуге болады.

Педагогикалық әдебиеттерде «құзырет», «құзыреттілік» терминдері жиі қолданылады және белгілі дәрежеде ретке келтірілген. Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін В.А.Сластенин, И.А.Зимняя, А.В.Хуторской, В.И.Байденко, А.К.Маркова, Н.В.Кузьмина, А.П.Тряпицына, т.б., қазақстандық С.Ж.Пралиев, К.С.Құдайбергенова, К.М.Беркімбаев Б.А.Тұрғынбаева, Г.Ж.Меңлібекова, Б.Т.Кенжебеков, және т.б. ғалымдар өз еңбектерінде талдау жасап,

зерттеген. Э.Р.Саитбаева өзінің еңбегінде ғалымдардың құзыреттілік түрлерін 3-тен 37-ге дейін бөліп көрсеткендігін айтады [8]. Бұл ұғымдардың кеңінен қолданылуы білім беру жүйесін жаңғырту қажеттілігіне байланысты негізделген. Э.Шорт, Дж.Равен, т.б. шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде «құзыреттілік» жеке психологиялық қасиет ретінде түсіндіріліп, оның құрамында дербестік, коммуникативтік, тәртіптілік, өзін-өзі дамыту сапалары қарастырылады [9].

Қазақстандық ғалым К.С.Құдайбергенова «құзыреттілікті» педагогика-каның категориясы тұрғысынан жан-жақты зерттеп, талдаған. Оның пікірі бойынша, педагогика саласындағы мұғалімнің құзыреті – нені білуін, нені түсінуін, меңгеруін немесе неге қабілетті екендігін көрсетуі, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығаруы [10].

Зерттеушілер (А.К.Маркова) құзыреттілікті: арнайы құзыреттілік (өндірістік үдерістерді жоспарлау, компьютермен жұмыс істеу мүмкіндігі, офистік техника, техникалық құжаттаманы оқу, қолмен жұмыс істеу дағдылары); жеке құзыреттілік (өз жұмысын жоспарлау, оны басқару, шешімдерді өз бетімен қабылдау мүмкіндігі; стандартты емес шешімдерді табу, икемді теориялық және практикалық ойлауды, проблеманы көре білу қабілеті, жаңа білімдер мен дағдыларды өз бетімен меңгеру қабілетті); тұлғалық құзыреттілік (жетістікке ұмтылу, табысқа жету ресурсы, өз жұмысының сапасын көруге ұмтылу, өзін-өзі ынталандыру қабілеті, өзіне сенімділік, оптимизм) деп қарастырады.

Маманның кәсіби құзыреттілігі – күрделі де көпқырлы категория. Бұл – философияда, психологияда, педагогикада, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесінде, еңбек психологиясында т.б. гуманитарлық ғылымдарда әр қырынан қарастырылып зерттелуде.

Қай саланың маманы болмасын адам кәсібилігінің қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Кәсіби құзыреттіліктің заманауи бағыттары және түсіндірмелері тіптен әртүрлі. Қазіргі кезде шетел әдебиеттерінде бар кәсіби құзыреттілік анықтамалары, яғни ана тілімізге «терең білім», «тапсырманы барабар, сәйкесінше орындау күйі», «қызметті сапалы орындау қабілеттері» деп аударылып қолданылуда. Алайда олар да басқа да қолданыстағы түсініктер бұл ұғымның мазмұнын толық нақты түсіндіре алып отырған жоқ деуге болады.

Кәсіби құзыреттілік қандай болмасын маманның дайындық сапасының сипаттамасы, еңбек қызметінің тиімділік әлеуеті ретінде қарастырылады. Педагогикада бұл категория «жалпы мәдени құзыреттіліктен» туындаған өнімді компонент ретінде немесе «маманның білімділік деңгейі» ретінде қарастырылады. Егер кәсіби шеберлік деңгейлер жүйесінде құзыреттілік орнын анықтайтын болса, онда ол орындаушылық пен кемелдену арасында орналасқан.

«Кәсіби құзыреттілік» – кәсібиліктің маңызды құраушысы мен оның жоғары деңгейінің көрсеткіші. Кәсіби құзыреттілік осы құзыреттілік түрлері негізіне жататын белгілі бір бағыттағы кәсіби міндеттерді табысты шешуде көрініс береді [10,б.67].

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдама-сында педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат деп көрсетілген және ол төмендегідей құзырет-тіліктерді игеруі тиіс деп белгіленген: арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет, әлеуметтік құзыреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті, білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Құзыреттілікті дамыту – студенттердің шығармашылық қабілеттерін аша отырып, ойлау жүйесінің, интеллектісінің өсуіне, өзінің осал тұстарын білуге, сол арқылы іздене түсуге бағыттап, нәтижесінде жоғары біліктілік деңгейіне жету деген зерттеушінің пікірімен қосыла отырып, болашақ педагогтардың жаһандану жағдайына байланысты

кәсіби құзыреттілік-терінің мәнін түсінуге болады.

Қорыта айтатын болсақ, жоғарыдағы талдаулардан түйгеніміздей құзыреттілік деп жаһандану жағдайында еңбек ететін педагог әлеуетін құрайтын: өз пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті және ғаламдық жауапкершілікті сезіну қабілеттілігін жатқызуға болады.

Жалпы білім берудегі құзыреттілік түйіні нәтижелерге жетуді көздейді. Бұл жаһандық жаңарулар жағдайында болашақ педагогтардың қажетті сапасын дамыту мәселесін шешеді деп санаймыз. Болашақ педагогтардың жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттіліктерін дамыту өте ауқымды, күрделі мәселе екені белгілі. Соған орай болашақ педагогтарды заманауи тұрғыда қалыптастыруда интеграциялық үдерістерді жетілдіру, ғаламдық тұлға тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық аспектілерін зерттеу өзінің жалғасын табады деп сенеміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фридман Т. Педагогический опыт глазами психолога. - М.: Педагогика, 1997.- 224 с.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319 -III ҚРЗ. – Астана: Ақорда, 2007, шілде - 27.
5. Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. -2012, тамыз - 23.
6. Кефели И.Ф. Глобализм на перекрестке мнений //Социально-гуманитарные знания. - 2003. - №2. - С. 1-3.
7. Сайтбаева Э.Р. Направления работы кафедры управления образованием по повышению уровня профессиональной компетентности руководителей системы образования // Методист. - 2007. - №6. - С. 2. [35,36].
8. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. - М.:Когито-Центр, 2002. - 396 с.
9. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: пед. ғыл. док. дис. - Алматы, 2010. - 336 б.
10. Шамуратова Қ.Ш. Педагогтердің кәсіби құзыреттіліктері құрылымының кейбір ерекшеліктері // <https://infourok.ru>

## РОМАНДАҒЫ ҚАЛАМГЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

**А.Н.Отарова** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: **akmaral.otarova@yu.edu.kz**

**Андатпа:** Мақалада көрнекті жазушы М.Әбдіхалықовтың «Сүйінғара» романындағы тарихи тұлғалар бейнесі мен заман шындығының арасындағы терең сабақтастықты көркем бейнелеудегі суреткер стиліне тән ерекшеліктер, атап айтқанда, монологтың түрлері, диалог, деталь, мінездеу, авторлық баяндау, композициялық үйлесімдер көркемдік таным аясында жан- жақты қарастырылады.

**Тірек сөздер:** заман шындығы, характер, стильдік ерекшелік, юмор, монолог, психологизм, пейзаж.

Қоғамдық-саяси мәні зор проблемалардың идеялық-эстетикалық шешімін табу жолында қаламгер тарихи романында қаламгер көп ізденген. Құнарлы өмірлік материалдарға, оның ішінде тарихи деректерге сүйеніп көркемдік жинақтаулар жасайды. Жазушы романда авторлық баяндау, кейіпкерлердің диалогын, лирикалық шегіністерді, табиғат көріністерін көркемдік мақсатта өте ұтымды пайдаланады. Бұл әрине заман шындығын тұтастықта, тартымды бейнелеуге негіз болады. Романда диалогтар кейіпкерлердің характерлік ерекшеліктерін даралауға пайдаланылған. Кейіпкерлері аз сөйлесе де сөз астарларында терең мағына-мән, күрделі әрекет, шынайы сезім бар. Бұның өзі – жазушы шеберлігінің бір қыры.

Романның нағыз халықтық үні, яғни стильдік бояуы оның тілінде жатыр. Бұдан жүз жылдар бұрын өткен өмір шындығын көрсетуде жазушы суреткерлік талантын танытқан десек болады. Мысалы: би, батыр сияқты сол кезеңдердің “лауазымды” адамдары қатардағы көптен ақыл-парасаты, жүріс-тұрысы, сөйлеу үрдісі жағынан бөлектеу, жоғарырақ тұруға тиіс болғаны даусыз, әйтпесе ел билеуші төре, хан, ақыл-үкім айтушы би бола ала ма? Сондықтан Сүйінғара да, Тұрыш би, т.б. шешен сөйлейді.

Романның тіліне байланысты тағы бір ерекшелік – шығарманың өн бойында тұтаса өрбіп жатқан зілсіз, әсерлі юмор. Суреткер әрбір деталь, штрихты кейіпкер болмыс-бітімін, қимыл-әрекетін көрсетуде ұтымды қолдана білген. Мына бір эпизодқа назар аударайық: "Қара домалақ бала жылып етіп суырылып, найзаны алды. Алғашында жеңіл деп ойласа керек, ұшынан ұстап еді, салмақты найза құлаған теректей ауып барып шаңға жалп ете түсті. Бір тәуірі ешкімге зақым келтірмеді. Бала ұмтылып оны көтергенше, ересек екі адам оны қатар ұстады. – Ой, балшыққа батқыр, балшыққа бат. Ол саған үйге түскен түйені қуатын қорағаш емес қой, – деп Мәмбетнияз ат үстінен айқайлады. [1, 95 б.]. Шаңға көмілген найзаның бауынан ұстады. Кешегі шошандай келген көк найза бүгін Мәмбетнияздың ерінің қасына бауымен ілініпті. Түйреймін деп ұстанған ер қаруы емес, қорағаштай быландап сүйретіліп кетіп барады. Соған қарап тұрған Сүйінғара оның кез келген сәтте көтеріліп, кісіге айбар шегіп, сұстанып, сүйретіліп шыға келетін өлім қаруына кететінін ойланып, шошынып кетті. Шығармадан келтірілген бұл эпизодтан Өлім руы мен Адайлардың арасындағы алауыздықтар, дау-дамайды қол бастап ұрысқа шығу арқылы шешуге бел буған Мәмбетнияз батырдың Сүйінғараға келіп ақылдасқаннан кейін райынан қайтқан жайын көреміз. Қорағаштай сүйретіліп бара жатқан батырдың найзасы – деталь ретінде алынған.

Романның жүрекке жылы тиген тағы бір сыры – оның жанрлық шеберлік үнінің нағыз қазақшылығында. Әрбір тараудың эпиграфы етіп халық ақындарының өлеңдерінен



бір-бір шумағын келтіріп отырғанының өзі – жазушының стильдік табысы, эпиграфқа алынған өлең жолдары шығарма тармақтарының мазмұнын түйіндеп тұр.

“Сүйінғара” романының “Тұнық теңіз” деп аталатын бірінші бөліміне Абыл Тілеуұлының “Сүйінғараны жоқтауы” деп аталатын 4 шумақ өлеңінен төмендегі жолдары эпиграф түрінде алынған:

Сен барда сүйеулі еді арқам жарға-ай,  
Қатепті қайыспайтын қара нардай.  
Алдында байтақ жұрты анталаған,  
Сүйекем сөйлер еді-ау қарқуардай.

Батыр қазасы кезінде айтылған жыр шумақтарында ақынның батырға деген ерекше ілтипатын, Сүйінғараның өмірінде бірегей тұлға, халықтың қолбасшысы, көпті артына ерте алған баһадүр екендігін көрсете алған. Романдағы барлық оқиғалардың дамуы, әрекет, өмір құбылыстары – негізгі қаһарман Сүйінғараның көзқарасымен, соның ой елегімен байланысты дамитындығын көрсетеді. Осы тұрғыдан да Сүйінғараның есімі роман аты болуға лайықтылығын танытқандай.

“Аңдысу” деп аталатын екінші бөліміне Ы.Шөрековтің “Исатай-Махамбет” поэмасынан үзінді келтірілген.

Бұл жаулықты бастаған,  
Ел намысын тастаған,  
Тар қонысқа таласқан.  
Бір кемпір-наз өкпе еді.

Бұл бөлімнің негізгі сюжеттік желілерінің жыр жолдарына қатыстылығын оқиға барысынан аңғарамыз. Қазақтың ру арасындағы алауыздық, жауласушылықтың жеңімпазы болмаған. Себебі қайда да жеңіліс тауып сорлаған қазақтың өзі. Романда суреттелетін сондай келеңсіз оқиға – ешкімге абырой бермеген, жер- су үшін таласып, кейіннен бітімге келген Әлім мен Адай рулары арасындағы қақтығыстар.

Белгілі жырау Нұрым Шыршығұлының (1831-1908) “Тоғыз ауыл” дастанынан (Байбоз-Жанбоз) үзіндіні “Шапқыншылық” бөліміне эпиграф ретінде алған.

Ол ұрыспай неғылсын,  
Ардақтап өскен ұл үшін.  
Арулап сүйген қыз үшін.

Дастанның тақырыбы – ерлік, ел қорғау, халықтың басқыншыларға қарсы тәуелсіздік күресі. Дастан оқиғасы бойынша XVIII ғасырдың алпысыншы жылдарында Маңғыстау қазақтарына – Адайдың Байбоз, Жанбоз руының тоғыз ауылына – Хиуа жендеттері қаныпезерлік, қарақшылық әрекеттер етіп, мыңғырған малды айдап, көптеген адамды тұтқын етеді. 250 шапқыншыға Адайдың 40 жігіті Борқұдық деген жерде жетіп, мал- жанын жау қолынан айырып алады. Осы оқиғаға байланысты Нұрым “Тоғыз ауыл” дастанын шығарады. Қаламгер Нұрымның дастанынан үзінді ала отырып, роман оқиғасындағы “Шапқыншылық” туралы, Сүйінғараның да жау қолында кеткен бала-шаға, мал-жанын алып қалуға бел буған, жау табанында қалмауды ойлаған ерлігін сипаттайды. Жоғарыдағы эпиграф ретінде алынған жыр-жолдары романның идеясын аша түседі.

Тағы бір атап айтарлық жәйт – жазушының романда образ жасауда пайдаланған тәсілдердің бірі – монолог. Бұл туралы “Монолог та диалог секілді кейіпкердің өзіндік болмыс-бітімін танытады. Мұнда қаһарманның дүниетанымы, көзқарасы, ішкі рухани дүниесі көрініс табады. Адамның ішкі сырын ойлап білу, жүрегін, жанын сөйлету, жан диалектикасын меңгеру – психологиялық талдаудың қызметіне жатады...” [2, 116б], – дейді ғалым Р.Бердібаев. “Характер – шығарманың жаны. Екінші сөзбен айтқанда, жазушының айтпақ болған идеясының көрінісі” [3, 11б], – деп тұжырады ғалым М.Атымөв. Сонымен жазушының сомдаған характерінің сәтті шығуына монологтың тигізер пайдасы зор.

Характердің ішкі жүйесін ашуда, оның психологиясын танытуда қаламгердің көбірек қолданатын көркемдік тәсілдерінің бірі – ішкі монолог. Ішкі монологтың көркем

прозадағы қызметі – адам жанының сырт көзге сезіліп, байқала бермейтін ішкі “қайнарларын”, құпия қалтарыстарын, жұмбақ сырларын шынайы да сенімді түрде бейнелей білу.

“... Шығарма идеясының небір нәзік тұстары, кейде автор мақсатының басты дәні көп ретте ішкі сөздер ағымымен бейнеленеді. Ашық тілдесулердегі тәрізді үнсіз ой жүйелерінде де образдың даму логикасына сәйкес психологиялық дәлелдемені керек қылатын сюжеттік композициялық бастаулар жатады”, – дейді ғалым Б. Майтанов [4, 291 б.].

Демек, ішкі ой-толғақ – адамның өзіне-өзі арнаған сөзі. Монолог адам баласының ішкі жан дүниесіне қатысы бар мынадай психологиялық құбылыстарды білдіреді: Кейіпкердің бей-берекет шашыраңқы ойын, логикалық жағынан жүйелі пікірін, екі түрлі “дауыстың” қарама-қарсылығына құрылған толғанысы мен естелігінің ағымын т.б. ішкі монолог эпикалық баяндауда характерлер табиғатын ашуда тиімді көркемдік құралдардың бірінен саналады.

Автор бас кейіпкерлердің образдарын сомдағанда, олардың рухани жан-дүниесінің айнасы – ой ағымын көбірек бейнелеуге тырысады. Монолог– кейіпкерлердің нақтылы бір жағдайға байланысты туындаған ой мазмұнын жеткізуімен де құнды. Романда Сүйінғараның алдағы болатын жорық, сыртқы саясат ахуалын ойлау-толғамдары, қобалжу толқулары монологпен мазмұндалады. Кейіпкер бойындағы ел билеушілік, батырлық таланттарын ерекшеленуде де монолог қызметі дараланады. “Сүйінғарадағы” ішкі монолог көп жағдайда оқиғаның шиеленіскен сәтіндегі қаһарманның қиналысы, өткенді саралап, келешекті бағдарлау мақсатында көрініс береді. Елдік мәселені қалай шешудің мүмкіндігін іздеген қайраткердің кесімді ой толғанысы, Сүйінғараның алдағы күндерге үміт артқан асыл арманы да көрінеді. Демек, бұл – логикалық монолог. Монологта Сүйінғараның әр елдің саясатын ойлап, өзіндік бір байламға келуі былайша көрініс табады: “Мұсылман, мұсылман!” деп кеңірдек жырта айқайлайтын Хиуа ханының мұсылманшылық рақымы шамалы ғой. Бегінің де бегіленінің де аялағаны – Адайдың малы. Қанша елді қан қақсатты. Зекеті мен пітірі бітер емес...

Мынау орыс кісі мұны бекер іздемеген болды. Егер тиісті алым-салығын алып, елді тек өзіне өзін билетсе, одан қашуға бола ма! Май - шекері, ұн-астығы, киім-кешегі болса, басқа не керек?... Мал-мұлын, тері-терсегін бермей ме ел. Анау саудагердің жылмаңдауы бекер емес! Жоқ, бұл жерде енді ойланатын жай жоқ!.. Орыс елі көп дейді. Білімі бар, көргенді, оқулы көрінеді. Ақыры біреуге қол арту керек болса, осыларға арту керек” [1, 108 б.]. Бұл – психологиялық толғаныс. Өзін мазалаған сауалға іздеген жауабын тапқан кейіпкердің қалың ойдан арылуы – нақты, берік байламға келуімен қабысады. Бұл – бір жағынан ішкі монолог. Монологта кейіпкер күрделі өмірлік мәселелерді шешудің бағыттарын іздестіреді. Сүйінғараның Хиуа хандығына байланысты ойы осылай сипатталған. Автор осылайша кейіпкер ойын тереңдете таратып ерлік мүддені алыстан ойлаушы көреген қайраткер тұлғасында биіктетеді. Терең толғаныстағы ішкі монологтан Сүйінғараның алдағы заманның жайын батыл болжаудан туған мақсаткерлік болмысы байқалады. Осы монологтың өзінде психологиялық талдаудың әр қырын пайдалануы арқылы шығарма көркемдігін арттырумен қатар, тарихи бейнені шынайы сомдай білген.

Автор кейіпкер әлеміндегі жан толқыныстар, ішкі ой-түсініктерін монолог сияқты психологиялық көркемдеулермен берумен қоса, кейіпкер атынан да ой тұжырымдайды. Бұндай тұжырымдаулар романда тарихи кезең шындығын ашатын тұстарда орынды теңеулермен, кейіпкерлер көңіл-күйін, сыртқы портреттерін баяндайтын тұстарда көбірек кездесіп отырады.

Құрылымы мен формасы жағынан аса күрделі романдық характердің психологиялық сарасын танытатын ішкі монологтың тағы бір түрі – монолог-естелік. “Орта Азияға Персияға, тіпті Кавказдың шығыс бетімен қатынас жасау үшін Каспий теңізі керек. Оның жағасынан бүкіл айналаға ортақ мықты порт салуымыз дұрыс іс. Ал, міне, сол порттың орнын таңдау Карелинге жүктеліп отыр. Яғни анау Аракчеевтер мұны менсінбей, қудалай

берсін, бірақ қазіргі кезде Россияға, империяға бірден-бір қажет адам мына өзі Григорий Силыч Карелин! Жас талшықты түбінен қиып түскен Аракчеев бейнесі көз алдына келгенде бүкіл Петербургтің чиновниктерін құртып жібергісі келеді....

Бірақ, ол 1825 жылдың желтоқсанындағы сенат алаңындағы оқиғалар жайын естіп, сол туралы ойлағанда тұла бойы дір ете түседі. Олардың әрекетін бұл түсінбейді. Сонда олар жеңе қойғанда бүкіл империяны құртып жіберуі мүмкін бе?.. Ал, империя болмаса Россияның өзі жоқ болып кетуі ықтимал емес пе?..” [1, 946.]. Карелин осылайша өзімен-өзі ұзақ сырласады. Автор бұл монолог-естелік арқылы тарихтың біраз жеріне шолу жасай отырып, Карелиннің де өмірінен мағлұматтар беріп, өткен оқиғалар арқылы оның характерін, ой-мүддесін аша түседі. Ішкі монологтың өте қысқа, үзік пікірлер түрінде көрініс беруі әңгімелесіп отырған адамдардың бір-бірінің “ойын оқу” немесе қарсыласы жөніндегі көзқарасын “іштей айту” формасында келеді. Автор баяндауларының не диалогтарының арасында кейіпкерлердің ішкі сыры, пікірі ретінде ұшырасып отырады. Мысалы Сүйінғара мен Тұрпаев арасындағы ішкі шарпысулар осыған толық дәлел. Романда кейіпкер характерлерін типтендіруде ерекше рөл атқаратын көркемдік құралдардың бастауларының бірі ретінде өзіміз байқаған кейбір қырларын ғана сөз еттік. Қаламгер негізінен бас қаһармандарының характерлерін ашуда ішкі монологты жиі қолданады. Оның өзі романда көрнекті формалық реңктерге ие бола алған.

Маршал романынан көзге түсетін бедер – жазушы қолданған табиғат пейзаждарының тілі көркем, шебер болып келуімен, оқиға характеріне орай кейіпкерлердің ішкі жан дүниесімен үндесіп, психологиялық жағынан қатарласып, жалғасын тауып жатуы.

Сүйінғара характеріндегі ұлттық қасиеттер оның табиғатпен сырласатын оңаша шақтарында молырақ кездеседі. Туған жерге деген зор сүйіспеншілік –романдағы сюжеттің шымыр болуын қамтып, жымдастырып тұрған орамды ойлардың бірі. “Сүйінғараға Отпан қазір өзі басында тұрған шоқыдан да биік болып көрінді”. Шіркін,соның басына көтеріліп төңіректі шолар ма еді. Шаршаған қарттай сұлап жатқан Қаратау табан астында қалып Ұшауыз бен Қошақ, аппақ қардай жарқыраған ақ тұмсық қол астында тұрғандай болар еді. Әттең ұшарға қанат жоқ!”... Осылайша ол көңілімен оңды да, солды да қайта шолып өтті. Дүниесін түгендеп, көңілі жайланған адамдай езу тартты. “Е,бұл не желік десем, туған жерді қызықтаудың желігі екен ғой. Сонау бір жатқан түбек төрінен, Бозашының теңізге астасқан кішкентай пұшпағынан не көрінуші еді. Міне, енді көрдім ғой. Ар екенсің ғой, Аймағым!” деп дауыстап жібере жаздады” [1, 786.]. Романдағы туған жер туралы ой- толғауларынан өз еліңді, өз халқыңды қалтқысыз сүю арқылы ғана өзге халықты, бүкіл адамзатты сүюге болатындығын түсінеміз, автордың осы ойын айқындай аламыз. Суреткер табиғатты көркем шығармада әр түрлі пайдаланады. Бірде оқиға алаңын немесе жыл мерзімін көрсетсе, кейде қатал долы күш табиғатқа төтеп беретін характерді ашу үшін алады. Қандай жағдайда болмасын табиғат көрінісі поэтикалық, психологиялық мағынаға ие болып тұруы керек. Онсыз көркем табиғат көрінісі жасалмайды. “Сүйінғара” романында табиғат көрінісі өзіндік образдық, адам өміріне қатысты мәнде де кездесіп, романның сюжеттік оқиғалық желісімен жарысып отырады. “Табиғат көрінісіне жан бітіріп, оны жан-жануар, адам бейнесінде суреттеушілік – әдебиет тарихында ауыз әдебиетінен бері келе жатқан дәстүр. Бірақ, бұл белгілі бір жағдайда ғана. Табиғатқа мағына беру – оны адам іспетті жандандыру емес, кескіні жағынан адам мен қоғам өміріне ұқсату” [5, 1616.]. Мәселен, Аллақұл ханның бейбіт отырған Сүйінғара ауылын шабуға келе жатқан қанды қолы Бәшен мен Күсепке алдағы өлім апатын меңзеп аңдататындай, ордалы жыландардай болып елестейді. “Әскер алды, жаңа ғана бұлар асып түскен биіктің басына көтерілді. Бірақ, кідіріп тұрмады. Таудан төмен құлаған топан судай төмен құйылып, шұбап келе жатты. Алды етекке жайылып, арты әлі көрінбейді. Жоғарыдан төмен ағылғандай жойқын күшке қарай қалған Күсеп есіне бала кезінде естіген бір аңызы түсті... Жыландар жортуыл жорығына түскенде біреуі жер бауырлай сумаңдап, екіншісі мойнын қақита омыраулап, тіпті, үшінші біреулері шоршып-шоршып секіре ұмтылып, ілгері қаптайтын көрінеді. Мынау, әскер де

сол шұбырған ордалы жыландардан айнымайды. Төбелері шошаң етіп, біреуі арасында жортақтап алып, қайта атының басын тартып, екіншісі астындағы көлігін ойнатып, ауыздығымен алыстыра аспанға қарғып, ілгері сұғынып келеді. Ешбір кідіріс жоқ” [1, 227б.] – деп бір жаманшылықтың болатынын сездіреді.

Табиғат көрінісі бұл арада “мифтегідей” жанды бейнеде жанасып, қисынды қолданылған. Сондықтан да, түр тұлғасы мифтікке жақын келгенімен, шығарма мазмұн, мағынасы шынайы, реалистік мағынадан айнымайды. Ордалы жыланның сұсты, зәрлі бет-әлпеті анық болғанымен, ол Күсеп пен Бәшей тағдырларының қыршындарының қиылуы, Сүйінғара ауылының шапқыншылыққа ұшырауының белгісі ғана емес, Хиуа хандығының бүтін бір билігінің ендігі жерде бұл түбекке жүрмейтіндігінің, өткелі келе жатқан бүкіл бір заман шындығының да белгісі.

М. Әбдіхалықов қаламына тән рухани ой мен іс-қимылдың, табиғат пен адамзат тіршілігіндегі психологиялық пейзаждың параллелизм элементтерін де байқаймыз.

“Озбыр күштің зорлықшыл қиянатын көргісі келмегендей, күн шарасы қан жылай ақырын қозғалады. Қызыл сәуле қандай шашырап, түнерген қара бұлттардың етегін алқызылға бояйды. Анау дөңгелек қызыл шар қанға толып кең далаға иек артса жарылып, бүкіл далаға қан төгілгендей. Табиғаттың құдіретіне амал жоқ. Күн көтерілуге тиісті. Бүкіл аспанды торлаған шудалы қара бұлттар қара жамылған қатындардай, анау күн көрінсе, шағынып зарлай жөнелетіндей.

Бүкіл жылаған табиғаттан тақырда қалған қос қыршынның хабары жоқ. Өңдері боп-боз, тып-тыныш. Құлап бара жатқан Бәшкейді ұстаймын деп, Күсеп оның үстіне құшақтай құлаған-ды. Енді екі құрдастың құшақтары жазылмай, мәңгі бірге айқасқан, жұп-жұмсақ даланың майда желі, оларды аялап, шаштарынан сипайтын секілді. Қоңыр майда желдің өтінде ақырын желбірейді... Тіршілік тоқталмады” [1, 236б.]. Жазушы тіршіліктің мәңгіліктігі, әдеттегі өзгерместей сипатымен адам өмірінің аумалы-төкпелі қасиетін шендестіру арқылы ассоциативті түрде контрастылық параллелизм жасайды, терең астарлы философиялық мәні мол пейзаждық детальды пайдаланады.

Сонымен қоса кейіпкердің көңіл-күйі, жан дүниесінің құбылыс сәттерін табиғатпен қатарластыра суреттеу арқылы психологизмді терең жеткізу– ең жиі қолданатын тәсілдердің бірі. Осы тәсіл романда әр қырынан көрінеді. Табиғатты жандандыра адамға тән белгілерімен бейнелеу тәсілдеріне куә боламыз.

“Ертеңгілік теңіз беті, түгіне дейін майланып кеткен жалпақ жондай жалт-жұлт етіп, көзді қариды. Көл-көсір болып көктен әлдекім төге салған сынап секілді. Күн нұрында ойнақшып, су беті сан құбылады.

Құмақты жағаға жеңіл толқын жылп-жылп соғылып, еріккен баланың шырт-шырт түкіргені сияқты.

Жағалық жуыла-жуыла бір кездегі көкшіл өңінен өзгеріп, қуқыл тартқан жұқа шүберектей елестейді. Одан әрі көгістеніп, көк нілмен беті бұзылғандай болады. Көкжиекке қарай көгере түсіп керіледі. Теңіз тұнық жатыр [1, 30б.].

Мұнда жазушы пейзажды адамға тән сипаттармен жандандыра теңеу арқылы оның әсерлілігін күшейтеді. Тып-тыныш жатқан теңіз пейзажының әсерлі бояуын әрі сыршыл жүреппен, әрі өзінің туған жерінің табиғатын тамашалаған сезіммен жеткізеді. Осылайша романда жазушы шеберлігінің нәтижесінде пейзаж жан-жақты ашылады. Адам ой санасындағы жаратылыс сырлары, табиғат құбылыстарын таным процесі арқылы көркемдік тәсілмен жеткізе отырады.

“Бір жусанды жерге келгенде атынан түскен қара жерге шалқалай жата кетті. Өзін не мазалап, не тыныш бермейтінін түсінбейді. Ауылына жетіп, үйінің төрінде де осылайша шалқалап жатса болар еді. Бірақ үйінің іші тар секілді сезініп, жұрт оның ойын аңдып, жан-жағынан анталап тұрғандай. Ал мынау оңаша, дамып жатқан кең дала қандай рахат! Тынысыңды мол алып, қалай аунаса да көтереді.

Сүйінғара заңғар көкке қарады. Аспанда алашабдар жұқа бұлт қана бар. Ол қанша тесіле қараса да, оның түбі көрінер емес. Сол ғаламат алдында, өзін тым әлсіз, тым кіші сезінеді” [1, 102б.].

Роман тілі шұрайлы, нақтылығымен ерекшеленеді. Белгілі бір уақиғаны не бір адамды суреттеуде жазушы оның бет бейнесін көзге көрінер түр-тұлғасын кеңінен сипаттамай-ақ сол оқиғаның, пейзаж не портреттің негізгі детальдарымен ғана кейде, тура, кейде жанама теңеу, мінездеулері арқылы оқырманға жеңіл, қарапайым тілмен жеткізуге тырысады.

Романдағы күн, зеңгір аспан, бозторғай, дала жусанының бейнесінен жазушы үшін кейіптеу, символикалық салыстыру тәсілдерінің жат еместігін дәлелдейді. (Жусанхалықтық ұғымымызда туған жердің, бозторғай-еркіндік, бостандыққа ұмтылудың символдары).

Роман сюжеті тарихи мотивте болғанымен, композициясы тұрғысынан қарағанда кейбір кейіпкерлер бейнесінің шығарма соңына дейін көздеген іс-әрекеттер бастауында қалып қойғандығын жазушы талантының кемдігінен емес, шығарманың аяқталмай, қаламгер өмірінің мезгілсіз үзілуінен деп түсінгеніміз жөн. “Сүйінқара” романының аяқталмай қалғанының өзі автордың көп мүмкіншілігін жарыққа шығара алмаған.

Романның негізгі қаһармандарын жазушы күрес үстінде жетілдіріп, шыңдай алды. Жазушы тарихи дамудың беталысын, прогресс жолын, адам тағдыры жолындағы күрестің мән-мағынасын жан-жақты аша білді. Әдебиетші ғалым З. Бисенғали сөзімен айтқанда: “Сүйінқара романы әдебилігінен гөрі, тарихи астарымен құнды. Өйткені, бұл романның объектісі – жеке тұлға емес, империялардың арасындағы қақтығыс. Хиуа хандығы мен Адай жұртының арғы жағында Ресей патшалығы мен Индия арқылы Азияға ауыз салған Ағылшын корольдігінің арасындағы Еуропадан бастау алған бақталастық тұр. Ендеше, М. Әбдіхалықовтың бұл әдеби туындысы бүгінгі жаңа мың жылдықта да маңызын жоймаған Геосаяси ахуалды жүк етіп көтеріп тұр”[6, 5б.].

М.Әбдіхалықов бұл басты шығармасын жазуға бірден кіріскен жоқ. Ол алдымен шығармашылық түрлі ізденістің үлкен мектебінен өтті. Романдағы кейіпкерлердің жан-жақты тұлғалана, әрқайсысының өзіндік характер ерекшелігімен көрінуі М. Әбдіхалықовтың ұзақ жылғы суреткерлік ізденісінің заңды нәтижесі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдіхалықов М. Сүйінқара. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 275б.4
2. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.
3. Атымұмов М. Қазақ романының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1975. –312 б.
4. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1994. – 336 б.
5. Тұрбеков А. Реалистік роман және типтік характер. – Алматы: Ғылым, 1970. – 203 б.
6. Бисенғали З.Ғ. // М.Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы және рухани-тәрбие мәселелері. М. Әбдіхалықовтың 70 жыл толуына арналған республикалық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Ақтау, 2007. – 25 маусым. -4-8 бб.

## Сөз өнеріндегі ерекше құбылыс

**А.Н.Отарова** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: **akmaral.otarova@yu.edu.kz**

*Аңдатпа.* Маңғыстау өңірі тек территориялық тұрғыдан немесе тарихи күрделі оқиғалардың орны өткен мекен ретінде ғана емес, фольклорлық дәстүрдің алтын арқауы үзілмеген аймақ ретінде де бағалы. Олай дейтініміз: болған оқиғаны эпикалық тұрғыдан жырлап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін жырау, жыршылар бір күнде туылмайды. Ол үзілмей келе жатқан игі дәстүрдің құнарлы топырағында ғана өсіп-өне алады. Күні кешеге дейін жалғасқан Мұрын жырау бойындағы ұзақ көсіліп жырлау қасиеттері фольклорлық-творчестволық тұлғаға тән синкреттіліктің белгісі.

Мақалада Маңғыстау өңірінде туған фольклорлық мұралардағы – ерлік жырларының молдығы мен эпикалық сипатының басымдығы туралы ғылыми зерттеулерге тоқталады. Эпикалық дәстүрдің үздік туындысы Қырымның қырық батыры жыры, оны бүгінге жеткізуші тума талант, жүйрік жырау Мұрын жырау Сеңгірбекұлының сөз өнеріндегі ерекше құбылыс екендігі әдеби – теориялық тұрғыдан зерделенеді.

*Кілт сөздер:* жырау, жыршылар, ақындық дәстүр, фольклорлық дәстүр, тарихи дерек, суырып салмалық, эпикалық дәстүр, мәдени құндылық, ғұмырнамалық тұтастану, философиялық ой, батырлық жырлары, Мұрын жырау құбылысы

Халық әдебиетін тудырушы және сақтаушы, қазақ халқының өзі болғанымен, халық творчествосын жарқыратып көрсетушілер: өлеңшілер, халықтың суырып салма ақындары және халық билері. Шешендікпен өз ойын ырғақ әуенмен жеткізу қабілеті күллі қазақ халқына тән қасиет. Бұл тұрғыдан, әсіресе, өлеңші, ақын, халық билері ерекше көзге түседі. Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар, халық әдебиетін жасаушы бұлардың есімі көп жағдайда ұмыт болған, әйтсе де, қайсыбір шығармаларының туу тарихы белгілі бір есімдермен байланыстырылады.

Халық ақындары өз туындыларын әрқашан табан астында суырып салып шығарады. Және әдетте оны өздері хатқа түсіре қоймайды. Бұл суырып салған шумақтар сол бойда жатталып, белгілі бір адамның туындысы ретінде біреуден-біреуге жеткізіледі. Қайта айтушының өзгерістер енгізетіні, авторы неғұрлым ертеде өмір сүрсе, соғұрлым өзгерістердің де көп болатындығы, әрине, табиғи құбылыс. Сондықтан да қазіргі кезде белгілі ақын атына таңылатын шығармалардың да фольклорлық сипаты басым.

Белгілі халық жырлары, поэмалары, т.б. кімнің аузынан тұңғыш рет жазылып алынса, соған таңылады немесе кейбір ақындар қайсыбір нұсқаның соңғы жеткізушісі өзі болғандықтан, авторлықты өздеріне иеленеді.

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі халық өміріндегі ішкі-сыртқы шиеленісті жағдайларының бәрі оның фольклорына сәулесін түсіреді. Халықтың дәстүрлі ел қорғау идеясын қайта жаңғыртып, ел қорғаған ерлер жайлы бұрынғы жырлар кең жайылумен қатар, өз дәуірінің ержүрек ұлдарын дәріптеген жаңа сипатты ерлік жырлары туады.

Жыршылар жөнінде белгілі фольклортанушы Ә.Қоңыратбаев: “Олар асқан импровизатор, теңдесі жоқ күйші (домбыра, қобыз), яғни музыка өнерінің білгірі, ғажайып орындаушы, заман, ел жайын толғайтын, ойшыл, ұстаз,” [1,46] - деп анықтама береді. Қазақ фольклорын төңкеріске дейін жинап бастырған орыс ғалымдарының еңбектерінде жергілікті ерекшеліктерге мән берілмеген, олар жалпы қазақ фольклорын сипаттап тұтас тұрғыдан түрлі пікірлер тұжырымдаған. Мыс: В.В.Радловтың халық шығармашылығының ұзақ даму жолынан өткендігін, кейінгі кітаби ақындардың ауыз әдебиетіне әсерін байқаған

тұжырымдары бағалы. Бірақ ғалым қазақ фольклорының барлығын түгел қамти алмауы себепті Маңғыстау өңіріндегі эпикалық дәстүр жайлы пікір білдірмейді. Маңғыстау өңірінде туған фольклорлық мұралардағы – ерлік жырларының молдығы мен эпикалық сипатының басымдығы басым белгі екенін қазақ ғалымдары өз зерттеулерінде түрлі дәрежеде тілге тиек еткен. Бірақ кең ауқымда сөз етуге заман қысымының ықпалы кедергі келтірген.

Белгілі ғалымдар: С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов бұл дәстүрді ел басынан өткерген ірі оқиғалардың себебімен байланыстырады. Сондай-ақ өлкеде ерлік жырлары көп пайда болып, оның халық арасына кең таралып, жетуіне қызмет еткен дәстүрлі ақын-жыршылар ортасының өз дәстүрін ұзақ уақыт үзбеуі де себеп болған.

Мысалы, Қ.Жұмалиев Абылды қазақ жерінің батыс аймағындағы әдеби ортаның ірі өкілдерінің бірі деп бағаласа, М.Әуезов үздік ақын ретінде, Е.Ысмайылов творчестволық дәстүрлері өз заманындағы ақын-жыршыларды үнемі қызықтырып отырған асқан жүйрік импровизатор ақындардың қатарында атайды.

Халық ақындарының дені суырып салмалық қасиетке ие. Импровизациялық өлең айтуда творчестволық үлкен жауапкершілік бар, бұл қасиет ақынның жаратылысында сүтпен кірген, сүйекке сіңген қасиетпен бірге бұрынғы машықты үздіксіз үйренуге, бұрынғы дәстүрді дамытуға төселуге байланысты туып, дамып шыңдалатын өнер. Талапқа қарай, талғам, тақырыпқа қарай білім керек. Өмірден бейхабар, аймағынан басқа алысты көрмейтін адамнан қанша құйма құлақ зейінді болса да, арқалы ақын шықпайды. Білген адамға көңілінде, творчестволық қиялында толғағы жетіп, күйіне келіп жүрген тақырып болса, ол туралы сұлу да мінсіз, ойлы да өрнекті өлең шығару қиынға соқпайды”. Батыс өңіріндегі ақындардың көпшілігі жазбаша сауаты бола тұра импровизацияға сүйенген. Мысалы, Қашаған өзінің шәкірттеріне “қолма-қол ағыт” деп талап қойса, Ақтанның: “мен – бөгесе бөгет бермейтін Қаратаудың ақпары”, Насихаттың: “арнасы бөгет бермейтін ақпалардың көзімін” деуі, Нұрым мен Аралбайдың, “қолыма қалам алып хат жазғанмын” дегенімен негізгі туындыларын төкпелік дәстүрмен шығарғандығы анық байқалады.

Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» Маңғыстау өлкесінде тау өзеніндей тасқынды жыр төккен ақпа ақын – жыраулар, олардың сөздерін ел арасына таратушы не бір жыршы – термешілер, дәулескер күйшілер, дауысын алты қырдан асырған әншілер өткен. Әр шығармашылық тұлғаның өзіндік құлақ күйі, қол қағысы, музыкалық қолтаңбасы болған. Бірде асқақтап, биік шығатын, бірде сорғалап төмен күйылатын сөз ақын жырының мықты сүйенішіндей. Мысалы, Қалнияз, Мұрын жыраулар Батыс Қазақстан, Ақтөбе маңының, Атырау жағалауының ақындарына тән жорық жырларының сарынын беретін екпінді, атойлы күйлерді тартқан. Мұндай жыр сазын Маңғыстау елінде “жыр күйлер” қарақалпақ, түрікмен жеріндегі қазақтар “жыр сарыны” деп атаған.

Осы жолдардың ішінде ақындық пен жыршылық мұрасы өз алдына бір төбе: Абыл мен Нұрым, Айтуған (Тайұлы) мен Ақтан, Қашаған мен Аралбай, Қалнияз бен Өскенбайды ерекше атағанымыз жөн. Біріншіден, олардың шығармалары халықтық әуенмен көбірек жаттанды болып қалыптасты. Екіншіден, ноғайлық жыр-қиссаларды біздің бұрынғыларға жеткізушілер болды. Суырып салмалық ақындығымен, асқақ жыршылығымен айтыста болсын, сөз өнерін сынасатын алқалы топта болсын халық сынағынан сүрінбей өтуімен осы ақын-жыраулар ерекше бағаланады.

«Қазақтың батырлық эпосын айтып таратушы Ақтан, Нұрым, Қашаған жыраулар осы соңғы аталған дәстүрдің өкілдері. Желілі жырларды желпіте, дамыта айтқандықтан халық бұларды жырау деп те, жыршы деп те атап кеткен». ,” [2,85] - Бұл жүйедегі жырауларда заманды тұспалдай айту жоқ, бұлар негізінен ел аузында жатталып келе жатқан, тарихқа байланысты батырлық бейнелерді өзінің сынынан, ой елегінен екшеп өткізіп алып айтатын болған. Жырау бойына тән қасиеттердің көп белгісі маңғыстаулық жыраулар шығармашылығында көрініс тапқан. Жыраулық өнердің мүлде жоғалып кетпей, ақындықпен немесе жыршылықпен сабақтаса дамып, бір кісінің бойынан табылатынына біздің заманымызға дейін жеткен Сәттігүл жырлары дәлел.

Батыс өңіріне ғана емес, қазақтың эпикалық дәстүрінде оқшау орны бар Мұрын Сегімбаев (1860-1952) батыс өлкедегі жайлаған адай еліндегі, көрші қоныс тепкен түрікпен Қарақалпақ елдерінде аты шығып, даңқы жайылған ақындардан жыраулардан, жыршылардан көп тағылым алған. Мұрынның рухани тәлімгері Абыл болғанын, ал Абылға жеткен жырлардың түп-төркіні Сыпыра жырауда жатқанын Қ.Сыдиықов айтады: “Өлең жылқы секілді еді, шын жүйрік саулағанда жанға шалдырмайтын... Сөздің мәнісін жыршы біледі. Сен бізден кейін елге жыршы боларсың” [2,125] депті деп Абылдың Нұрымға сенім білдіруі дәстүрді жалғастыруға жауапкершілікпен қарағанын көрсетеді.

Мұрын жыршы ғана емес, өз жанынан тың тақырыпқа өлең шығарып айтқан. Оның үлкен қасиеті – желілі жырларды ұзақ уақыт бойы талмай айтқан және уақығаны шашыратпай, мазмұнын жинақылап, жүйелей, логикалық тұрғыдан бұзбай шебер орындаған. “Мұрынның жыршылығы мен жыраулығы қатар келісімін тапқан, өнердің бір-біріне ұқсас екі басын тең ұстайтын телегей адам еді”.

1942-1943 жылдары Мұрыннан “Қырық мың жол Қырымның қырық батыры” мен Нұрпейіс Байғаниннен “Қобыланды”, “Құбығұл”, “Төрехан” сияқты дастандар жазылып алынған. Бірақ ол кезеңде жыршының талант қуатының жан-жақты ашылуына мүмкіндік те болмаған.

“Қырымның қырық батыры” кейде “Ноғайлы жырлары” деп аталады. Бұл эпостағы кейіпкерлердің көпшілігі Алтынорданың ыдырау, Қырым хандығының орнауы кезіндегі адамдар екендігі жайлы құнды пікірлерді алғаш айтушылардың бірі – М.Ғабдуллин мен Қ.Жұмалиев.

Яғни Сонау Асан, Сыпыралар негізін салып, олардың мұрагерлері ұзақ жылдан дамытқан ата-баба аманаты Мұрын арқасында бүгінгі ұрпаққа жеткен. Ол телегей теңіздей мол дүниені сан жылдар жадында сақтап, ерекше шеберлікпен жүйелі орындайтын біздің дәуірімізге жеткен бірден-бір үздік жыршы болды. Алайда, кеңес үкіметі тұсында жазып алуға әрекет жасалғанмен өз дәрежесінде нәтижелі болмаған. Себебі: Нұрпейісше айтсақ: “Түйдектелген, ақындықтың ажары болған түйінді сөз жүйрік ат сияқты тобырлы жерден шығады”. Мұрын жанынан өлең шығарған ақпа-төкпе ақын емес. Ол көбінесе басқа атақты ақын- жыраулардан естіп үйренгенін жүйелей, дамыта айтатын айтулы жырау болған. Сала-сала батырлар жырын ұзақ уақыт шебер орындайтын үздік жыршылығы үшін халық оны жырау атаған. Әрине, сонша мол дүниені үйрену, ұзақ жырларды сан жылдар есінде сақтау үшін де ғаламат қабілет, жаттағанын ұмытпайтын зеректік керек. Осы қасиеттің бәрі Мұрын жыраудан табылған.

Сондай-ақ ақындық шабыт пен көңіл-күй, түрлі ахуал да ақынға әсер етеді. “Суырып салма ақынның өлеңі аққан өзен сияқты ағады, кетеді, айтқан кезімізде тоқ еткізіп жазып алмаса, ойдан бір шыққан өлең енді қайтып ақынға соқпайды”

Қазіргі таңда зерттеушілер бұл тарихи-қаһармандық эпостың әлемдік деңгейдегі Гомердің “Илиадасы” мен “Одиссеясы” шығыс халықтарының “Мың бір түні”, қырғыздың “Манасы” тәрізді адамзаттың мәдени құндылықтары қатарынан орын алуы тиіс екендігін айтуда. Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Н.Сауранбаев, Е.Ысмайлов, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Қ.Сыдиықұлы, С.Қондыбай т.б. еңбектерінде «Қырымның қырық батыры» жыры әр қырынан зерттеледі. Ғұмырнамалық тұтастануға түскен жыр В.М.Жирмунский, Е.М.Мелетинский еңбектерінде талданған.

Аты аңызға айналған атақты жырау халқымыздың сан ғасыр бойы жинаған асыл мұрасы – рухани қазынасын жаңғырта, жасанта жырлап, кейінгі ұрпаққа жеткізді. Сонау заманда Сыпыра жырау негізін салған «Қырымның қырық батыры» жырлары кезінде батыс Қазақстан, Атырау бойы өңірінде кең тарап, оны жүйелі жырлау дәстүрі ғасырдан ғасырға ұласқан. Бұл дәстүр әр дәуірде дарынды жырауларды дүриеге әкеліп отырған. Жоғарыда аталып өткен жыршы- жыраулар осы дәстүрдің дамуына үлес қосқан өнерпаздар. Сол дәстүрді дамытып, біздің дәуірімізге жеткізуші – осы Мұрын жырау.



Ұлы жырау қазақ қоғамының басынан өткен тарихи оқиғалардан әбден құлағдар боп өскен. Ал ХІХ ғасыр белесінде Маңғыстау өлкесі, Орта Азия, Қазақстан аумақтарын қамтыған қоғамдық өмірдің күнгейі мен беткейі жыраудың жан-жүрегінен, ақыл-ойынан өтіп, қорытынды жасалған. Міне, осындай дүниежүзілік тарихи орта Мұрын жыраудың да азамат, ақын, күрескер ретінде қалыптасу ортасы болған. Бірақ, жырау естіп білгендерін бір құлағына кіргізіп, екінші құлағынан шығарып салушы жай ғана көптің бірі емес. Ол бұларды ақыл елегінен өткізіп, ақылына ақыл қосуға ұмтылған. Сол арқылы ұлы Абайдың “Болмасаң да ұқсап бағына” жүгініп, абыз аталарға ұқсап бағуға ұмтылған. Мұрын батырлық жырларды қандай ұзақ болса да, бір-екі айтқаннан-ақ ауызша үйреніп, жаттап алатын аса зерек, қабілетті кісі болған. Оны өзінше дамытып, тыңдаушыға қызықтыратындай сан түрлі саз-әуенмен жырлап отырған. Ол жыр айтып көптеген жерлерді – Маңғыстаудың ойы мен қырын, Атырау алқабын, Қарақалпақ, Өзбек, Түрікпен елдеріндегі қазақ ауылдарын аралайды. Мұрын өзі айтқандай Хиуа, Бұқар, Байрамалы, Теджент, Көне Үргеніш, Нөкіс секілді отыздан астам қалаларда болып, жыр айтып, атағы жайылған. Мұрын қырық жасқа келгенде жыр айтуды азайтып, өзінің ата кәсібі зергерлік, ұсталықпен айналысады. Бұл кездерде оған Сәттіғұл, Дүйсенбай, Айткүл, Сәду, Өткелбай, Шамғұл секілді ақындар мен жыршылар келіп, жыр тыңдайды.

Қырық екі жыл бойы ұсталық, зергерлікпен айналысқан Мұрын сексеннен асқан шағында жыршылық өнерге қайтадан ден қояды. Ұлы Отан Соғысының қиын күндерінде 1942 жылы Мұрын жырау Алматыға шақырылады. Онда баласы Дәуітбай екеуі бес айдай болып, СССР Ғылым академиясының қазақ филиалының өтінші бойынша «Қырымның қырық батыры» деген жырдан отыз алты батыр туралы жыр айтып, жаздырады. Төрт батыр туралы жырды 1947 жылы жаздырып жібереді.

«Қырымның қырық батыры» жыры бас қаһарманы қырық бір батыр болатын отыз бес жырдан құралған эпикалық жырлар топтамасы. Үлкен еңбекпен жазып алынған «Қырымның қырық батыры» деп аталатын «Ноғайлы жырлары» қазір Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапханасында сақтаулы тұр. Қырық батыр туралы жырлар «Ала тайлы Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары», «Ер Қосай», «Манашы ұлы Тұяқбай», «Телағыс», «Айсаның ұлы Ахмет», «Қарға бойлы Қазтуған», «Асанқайғы», «Абат», «Тоған», «Алау», «Әмет», «Төрехан», «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Қыдырбайұлы Қобыланды» сияқты батырлар жырынан тұрады. Қырымның қырық батырында ХІҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы және одан кейінгі дәуірдегі батырлар жырланады.

Академик Н. Сауранбаев бұл жырларды қазақтың халық болып қалыптасу кезеңімен байланыста қарайды. «Қырық батыр» құрамындағы жырлар әр дәуірде туған. Ел тағдыры сыналған елеулі оқиғалар кезінде жыраулар сол жырларды қайта жаңғыртып, өткен дәуір батырларын өнеге ретінде жырлаған.

«Қырық батыр» жырларында ноғай, қазақ батырларының қалмақ, қызылбас, ыңдыс-қалмақтар басқыншылығынан елін, жерін қорғауға, өз елінің тәуелсіздігі үшін ерлік күрестері суреттеледі. Ғалым С. Садырбаев байыптағандай, «Қырық батыр» жырларында, әсіресе, батыр өмірінің туғаннан өлгенге дейінгі әр кезеңін нақты суреттейтін өмірбаяндық және тұқым қуалап, үрім-бұтағының бәрі батыр болатын генеологиялық сипат басым». [3,1056].

«Қырық батыр» жырларында өмірде болған адам, ел, жер, су аттары кездесе тұрса да, оған нақты тарихи дерек ретінде қарауға болмайды. Бұрынғы жыраулыр да, Мұрын да тарихта болған оқиғалар мен адамдарды дәлме-дәл өмірдегі қалпында, шындық тұрғысынан көзсетуді мақсат етпеген, олар баба жыраулар арқылы ұласқан көне сюжеттерді халықтың арман-мұраты тұрғысынан қиялға бөлеп суреттеген.

Профессор Р.Бердібаев батырлық жырларды зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып: «Эпостан тарихта ерекше роль атқарған дәл, нақты тұлғалар мен оқиғаларды іздемеу керек, табиғаттың мейірімсіз дүлей күші мен басқыншы жырауларды жеңген, халық ой-санасында қорытылған батырдың жинақы образын

іздеу керек»,- дейді. [4]. Бұл пікірдің халық эпосына, оның ішінде «Қырық батыр» жырларына да тікелей қатысы бар. Ғалым осы мақаласында «Қырық батыр» құрамындағы «Едіге», «Қарасай,Қази», «Орақ, Мамай», «Нәрік», «Мұсахан», т.б. жырлардың қай- қайсысы да дәл тарихи дерекке емес, аңызға, ертегілік сюжеттерге негізделгенін жазады.

«Мұрын ноғайлы оқиғасын реалдық сурет деп алмайды,- дейді Ә.Қоңыратбеу,- сол оқиғаларға қазақ еліне тән ертедегі аңыздарды қосып, эпизм стиліне сүйенеді. ... Мұрын тарих емес, аңыз қуады». Расында да, «Қырық батыр» жырларында батырларды ерекше әсерлей суреттеу, жауды да дүлей күш иесі етіп бейнелеу сияқты ертегілік, аңыздық, қиял-ғажайыптық сипаттар басым. Бұл – эпосқа тән жарасымды белгілер, жырдың көркемдік құнын әйгілейтін қасиеттер.

Жырау жасының ұлғаюы, арнайы құнттап жазып алмау нәтижесінде тізімде аталған мұралар түгелдей хатқа түсіп үлгермеген. Себебі, Қашағаннан үйренген «Көрұғлы» туралы жыр әңгіме , Нұрымнан үйренген « Оғыз», «Құлыншақ батыр туралы жырлар», «Араб елінің Рамуз патшасы немесе Қысырау патша туралы жыр, әңгімелер» мұрағат қорларында кездеспейді. Мұның бәрі өкінішті десек те, «Қырық батыр» жырының кейінгіге жетуі аз олжа емес. [5,197].

Қазақ фольклорының алтын қорына “Қырық батыр”сияқты қымбатты қазына алып келген Мұрын жырау еңбегін М.Әуезов,В.М.Жирмунский, Қ.Жұмалиев, М.Ғұмаров,Р.Бердібаев,Қ.Сыдиықов сияқты ғалымдар жоғары бағалаған.

Ол өз заманында теңдесі жоқ мол жырды зердесінде ұстай білген құймақұлақ орындаушы ғана емес, сонымен қоса үлкен диапазонның ақыны, сөз зергері, суреткер жан. Ол көбінесе басқа атақты ақын- жыраулардан естіп үйренгенін жүйелей, дамыта айтатын айтулы жырау болған. Сала-сала батырлар жырын ұзақ уақыт шебер орындайтын үздік жыршылығы үшін халық оны жырау атаған. Әрине, сонша мол дүниені үйрену, ұзақ жырларды сан жылдар есінде сақтау үшін де ғаламат қабілет, жаттағанын ұмытпайтын зеректік керек. Осы қасиеттің бәрі Мұрын жыраудан табылған. Оның бар өмірін «Қырымның қырық батыры», Көрұғлы сияқты жырларды жырлауға арнауының өзі тегін емес. Ұстаздары Нұрым, Мұрат, Қашаған сияқты жыр дүлдүлдері. Атырау, Қарақалпақ,Түрікпен аймағында Мұрын деңгейіне жетпегенмен, онымен бір кезеңде өмір сүрген Мұса мен Сүгір, Өмір мен Айткүл, Өткелбай мен Дүйсенбай сияқты жыршылар болған. Бұлар да Мұрын сияқты Нұрым мен Қашағаннан үйреніп, Қалнияз бен Қарасайлардан өнеге алған.

“Қырымның қырық батыры” туралы эпопеялық туындысы Мұрынның бүкіл өмірі бойы төккен терінің, үздіксіз творчестволық ізденісінің жемісі. Ғасырлар бойы қырық бір батыр туралы жыр ел аузында шашыраңқы күйде айтылып келсе, аса дарынды тұлға болмаса, қырық бір жыр поэмалардың бәрін біртұтас эпопеялық шығарма деңгейіне жеткізу мүмкін емес еді [6,323]. . Міне, осындай аса күрделі де жауапты міндетті орындау Мұрын Сеңгірбекұлының үлесіне тиді.

Мұрыннан кейін жырауды көрген, одан өнеге алған Шадыман мен Жанжігіт, Әлқуат пен Ұзақбай, Құмар мен Назарбек, Сәду мен Сұраубай сияқты ақын, жыршылар елге танылады. Бұл дәстүрді кейін Қобылаш пен Бүркітбай жыршылар жалғастырса, қазіргі Амандық Көмеков пен Масат Аяповтар да осы дәстүрдің ізбасарлары еді. Өмір бойы ерлік, елдікке үндеген батырлық жырлардың рухымен ерекше шабытқа бөленіп, әсем әуен, сырлы саз қанатында самғап келген Мұрын жырау феномені - әлемдік сөз өнеріндегі ерекше құбылыс, қазақ жыршылық , жыраулық дәстүрінің бірегей болмыс- бітімі деп білеміз.

Эпикалық жыр дәстүрі қарқынды дамыған өлке ретінде Қазақстанның батыс аймағы зерттеушілер назарын бұрыннан да аударып отырды. Маңғыстау жыраулары да басқа жыраулар сияқты өзіне шәкірт ерткен. Шәкірттері өз ұстаздарының шығармаларын халыққа насихаттаумен қатар басқа көрнекті ақын – жыраулардың шығармаларын,

эпостық жырларды, қиссаларды орындаған. Маңғыстауда өз алдына жыраулар мектебі бар дейтініміз де осыдан.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: 1972. –355 б.
2. Сыдиықұлы Қ. Ақберен.– Алматы: «Нұрлы әлем», 2007. 576 б.
3. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. – Алматы: 1977. – 490 б.
4. Бердібаев Р. Эпостың тарихилық мәселесі.– Алматы: 1982. –490 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Эпос және айтушылар. .– Алматы: 1994. – 450 б.
6. Сыдиықов. Қ. Бес ғасыр сөйлейді. .– Алматы: 2014. – 392 б.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

**ТЕХНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**  
**ИННОВАЦИОННЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ТЕХНИКИ И ТЕХНОЛОГИИ**

МЕКТЕПТЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ <b>Сынабаева Н.У. Ғылыми жетекші: Урбисина Г.У</b>	31
.....	
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ АШЫҚТЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДА <b>Кизимбаева А.Б., Несибеков Қ.Ж.</b>	38
.....	
ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ <b>Жангелді Е.Д. Научный руководитель: Р.Т. Бржанов</b>	44
.....	
НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ МЕТОДИКИ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫЕ УРАВНЕНИЯ» <b>Әділхан А.Ж. Научный руководитель: Диярова Л.Д.</b>	48
.....	
ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР <b>Заузанбай Е. Ғылыми жетекші: Суйменова М.К.</b> .....	53
ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ КӨТЕРМЕ ЖӘНЕ ҚОРШАМА КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ <b>Борисұлы Қ. Ғылыми жетекші: Суйменова М.К.</b> .....	55
ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ <b>Тұрсынбаев А. Б. Ғылыми жетекші: Балекова А.А.</b> .....	58
АЙМАҚТАРДЫ ДАМУ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ <b>Туркменбай А.Т. Ғылыми жетекші: Кизимбаева А.Б.</b> .....	62
РҮТНОН БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛІНДЕ КҮРДЕЛІ ТИПТІ АЙНЫМАЛЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ <b>Жамел А. Ж. Ғылыми жетекші: Урбисина Г.У.</b> .....	67
СӘУЛЕТТІК КОНСТРУКЦИЯЛАР ДАМУЫНЫҢ ТАРИХЫ <b>Есенкелді А. Ғылыми жетекші: Суйменова М.К.</b> .....	73
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНОГО ТЕСТИРОВАНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ВЫСШЕЙ МАТЕМАТИКЕ <b>Нурханов Б. Научный руководитель: Диярова Л.Д.</b> .....	75
ОЦЕНКА ТРОФИЧЕСКОГО СТАТУСА ОЗЕРА КАРАКОЛЬ ПО ИНДЕКСУ ШЕННОНА <b>Айтимова М<sup>1</sup>, Жанбаева А<sup>2</sup>, Научный руководитель: Зайцев В.Ф<sup>1</sup>,</b> <b>Айтимова</b> <b>А.М<sup>2</sup></b> .....	79

Искусственные рифы как средство улучшения состояния водных экосистем Айтимова А.М. Келеман А.....	82
--	----

**ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
ВОПРОСЫ ГЕОЛОГИИ И ОСВОЕНИЯ НЕДР**

ХАРАКТЕРИСТИКА ИЗУЧЕНИЯ КАРБОНАТНЫХ ПАЧЕК В ТРИАСОВОМ КОМПЛЕКСЕ НА МЕСТОРОЖДЕНИЯХ КАРАГИИНСКОЙ СЕДЛОВИНЫ Нұрмуханбет М. Научный руководитель: Жиенбаева Г.И. ....	85
ИЗУЧЕНИЕ КОРРЕЛЯЦИОННЫХ РАЗРЕЗОВ ПО КАРАГИИНСКОЙ СЕДЛОВИНЕ Берикбаев Р. М. Научный руководитель: Жиенбаева Г.И. ....	91
ФАКТОРЫ РИСКА ДЛЯ ЭКОСИСТЕМ СЕВЕРНОГО ПРИКАСПИЯ И ОСНОВНЫЕ ИСТОЧНИКИ ЗАГРЯЗНЕНИЯ Берикбаев Р.М. Научный руководитель: Жиенбаева Г.И. ....	97
ДЕФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ, ПРОИСХОДЯЩИЕ ПРИ ГИДРОРАЗРЫВЕ ПЛАСТА В ГОРИЗОНТАЛЬНЫХ СКВАЖИНАХ Бериков А.А. Научный руководитель: Хамзина Б.Е. ....	101
ДЕМАЛ АЛАҢЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІЗДЕУ-БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ Байдулла Н, Аманкулов С, Даулет П, Ықылас М. Ғылыми жетекші: Джумашева К. А. ....	105
ВОЗМОЖНОСТИ УДАЛЕНИЯ НЕФТЕПРОДУКТОВ ИЗ СТОЧНЫХ ВОД Тайжанова Л.С. Калибасов А.Б.....	114
ОБЗОР ОЧИСТКИ НЕФТЕСОДЕРЖАЩИХ СТОЧНЫХ ВОД Тайжанова Л.С. Калибасов А.Б.....	118
ТЕҢІЗ МҰНАЙ КЕН ОРЫНДАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ Орынбасаров Н, Эрисбаев Н, Сұңғатов Ж. Ғылыми жетекші: Джумашева К. А.....	122
МЕТОДЫ ОЦЕНКИ УРОВНЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕГИОНА Абдылқарим Т.Е. Научный руководитель: Омарова А.И. ....	125
АНАЛИЗ ОСЛОЖНЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С СОЛЕОТЛОЖЕНИЯМИ В НАЗЕМНОМ НЕФТЕПРОМЫСЛОВОМ ОБОРУДОВАНИИ Сарсенов Т.Ж. Научный руководитель: Тогашева А.Р. ....	129

**ӨРКЕНИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИАТРЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІНІҢ  
ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ – ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ПАРАДИГМАСЫ  
ГАРМОНИЗАЦИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИСТИЧЕСКИХ АСПЕКТОВ  
ЦИВИЛИЗАЦИИ-ПАРАДИГМА СОВРЕМЕННОЙ НАУКИ**

БИІК ОЙЛЫ ҒҰЛАМА...(Оразмағамбет Тұрмағамбетұлына) Досмағамбетова А. Жетекшісі: Қожа-Ахмет Дүйсенов.....	133
МАҢҒЫСТАУДЫҢ ДАРА ПЕРЗЕНТІ ОРАЗМАҒАНБЕТ ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ Бөпежан Р. Ғылыми жетекші:Өтесова Г.Е.....	136
АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫН ОРЫНДАҒАН ТҰЛҒА Жумамуратов Н. А. ....	139
«АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ, РОМАНТИКАЛЫҚСИПАТЫ Б.А. Каримсакова .....	142

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПОЭМАЛАРЫ	
<b>Е.Базарбаев. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Ә.Д.Қабылов .....</b>	147
МАҒЫСТАУ ӨЛКЕСІ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК КЕСТЕЛЕР	
<b>Ноғаш А. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф Отарова А.Н. ....</b>	153
М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРКӨРІНІСІ	
<b>А. Мұрат. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф Отарова А.Н.....</b>	158
ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН НЫШАНДАР	
<b>М. Қызылбаева. Ғыл.жетек: ф.ғ.к., проф. Ә.Қабылов.....</b>	164
МАҒЫСТАУЛЫҚ ЖАС АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ НЫСАНЫ	
<b>Г.Шырдабаева. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Ә.Қабылов.....</b>	170
СӨЗ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТІЛДІК ТҰЛҒА САБАҚТАСТЫҒЫ	
<b>А.Атамұрадова. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Исакова А.С. ....</b>	174
ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР	
<b>М. Мұхтарова. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Исакова А.С. ....</b>	178
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ	
<b>А. Шораева. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Исакова А.С. ....</b>	183
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СИМВОЛИЗМ ТАБИҒАТЫ	
<b>Қ. Арзенов. Ғылыми жетекшісі: профессор Қобланов Ж.Т. ....</b>	187
ПОЭЗИЯДАҒЫ ЛИРИКА ЖАНРЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ	
<b>Шораева А. Ғылыми жетекшісі: профессор Қобланов Ж.Т. ....</b>	191
Ө.КЕКІЛБАЕВТЫҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨНЕР АДАМДАРЫ	
<b>Қарымсақова Б.А.....</b>	196
ӨНГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ ДӘУІР КЕЙІПКЕРІ	
<b>М. Мұхтарова.Ғылыми жетекшісі: профессор Қобланов Ж.Т. ....</b>	199
ТҮРКІ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ «ҚОЖА» СӨЗІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРДЕГІ ЛЕКСИКА СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ	
<b>А.Жұмабаева Спатаева С. Т.....</b>	201
ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ	
<b>Ж. Бактығұл. Ғылыми жетекшісі: оқытушы Спатаева С. Т. ....</b>	204
Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ» ХИКАЯТЫТУРАЛЫ	
<b>А. Шарманова. Ғылыми жетекшісі: оқытушы Спатаева С. Т. ....</b>	207
СТАНОВЛЕНИЕ КУЛЬТУРОВЕДЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА	
<b>Джайкиева А. Научный руководитель: Аكوпова Е.С. ....</b>	210
КРЕАТИВНОСТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЯ КАК ОСНОВА РЕАЛИЗАЦИИ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ	
<b>Беков А. Научный руководитель: Аكوпова Е.С. ....</b>	214
ҰЛТ ҰСТАЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МОРФОЛОГИЯСЫ	
<b>Жадыра Қ. Қ. ....</b>	217
ӨМІР ҚАРАҰЛЫНЫҢ БАТА-ТІЛЕК ЖЫРЛАРЫ	
<b>Жеткізгенова М. Т, Қорғанбаева А. Ж. ....</b>	222
ХАЛЫҚ АҚЫНЫ С.ЖАНҒАБЫЛОВ НАСИХАТ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДҮНИЕ, ТІРШІЛІК, ЖАҚСЫ-ЖАМАН ЖАЙЫНДА ҰҒЫМДАР	
<b>Мешітбаев Ә. ....</b>	225

<b>КӨРКЕМ ТУЫНДЫДАҒЫ ӨНЕР МЕН ӨНЕРПАЗ ТҮЛҒАСЫ</b>	
<b>Жеткізгенова А.Т.</b> .....	230
<b>ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗДЕРІ</b>	
<b>Каримсақова Б.А. Дүйсенова Г. Е.</b> .....	233
<b>АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІ</b>	
<b>Бүркіт А. Ғылыми жетекшісі: Қобланов Ж.Т.</b> .....	237
<b>ШЕТ ТІЛ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ</b>	
<b>Нигметова А. Г.</b> .....	240
<b>КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ – ПОПС ӘДІСТЕМЕСІ</b>	
<b>Бүркітбаева А.С.</b> .....	244
<b>ШЕТ ТІЛ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ</b>	
<b>Нигметова А. Г.</b> .....	247
<b>ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ</b>	
<b>Бүркітбаева Г.</b> .....	249
<b>МЕНИҢ АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН</b>	
<b>Сұлтанмұрат Г.Ғылыми жетекшісі: Жеткізгенова А.Т.</b> .....	252
<b>ВЛИЯНИЕ СМИ НА РЕЧЬ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ</b>	
<b>Кенжитаева Ж.Л.</b> .....	256
<b>ИМЕНА СОБСТВЕННЫЕ В ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ</b>	
<b>Кенжитаева Ж., Токтасынова Г.Д.</b> .....	259
<b>КАТЕГОРИЯ СИММЕТРИИ/АСИММЕТРИИ ЯЗЫКОВОГО ЗНАКА</b>	
<b>Нургалиева А.А.</b> .....	263
<b>РЕГИОНАЛЬНЫЙ АСПЕКТ КОНЦЕПЦИИ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ</b>	
<b>Атабаева Г.Ж.</b> .....	268
<b>ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ШЕШУ</b>	
<b>Нигметова Г.Н.Г.А. Еркінбеков.</b> .....	272
<b>Маңғыстау ақындарындағы тақырып пен идея бірлігі: дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан</b>	
<b>Бүркітбаева А.С. Бекібай Назира.</b> .....	277
<b>СЕГІЗ СЕРІНІҢ СЫРЛЫ ӨМІРІ</b>	
<b>Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы, Бәлкен Толқын Қорабайқызы.</b> .....	283
<b>ЫНТЫЗАР ӘБІШЕВТІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ</b>	
<b>Ә.Қабылов.</b> .....	288
<b>АТАЛАР МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ</b>	
<b>Ә.Қабылов.</b> .....	291
<b>ЖАҢАДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ</b>	
<b>Сапарбайқызы Ш. Утепова Альфия.</b> .....	295
<b>РОМАНДАҒЫ ҚАЛАМГЕРЛІК ШЕБЕРЛІК</b>	
<b>А.Н.Отарова</b> .....	301
<b>СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ҚҰБЫЛЫС</b>	
<b>А.Н.Отарова.</b> .....	307